ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. УТЕМИСОВА

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

Жылына 4 рет шығады

№ 2 (66) - 2017

ВЕСТНИК ЗКГУ

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск

Выпуск 2 (66) шығарылым
Сәуір – Апрель, Мамыр – Май, Маусым - Июнь
Педагогика, филология,тарих
Педагогика, филология, история

Бас редактор – Главный редактор:
А.С.ИМАНҒАЛИЕВ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, профессор

Бас редакторының орынбасары –
Заместитель главного редактора
А.С.ҚЫДЫРШАЕВ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, профессор

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Т. Вюнш –	философия докторы (PhD), профессор, Пассау университеті (Германия, Пассау қ.)	доктор философии (PhD), профессор, Университет Пассау (Германия, г. Пассау)
П.М. Кольцов -	т.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.и.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г. Элиста)
А.С. Тасмағамбетов -	т.ғ.д., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
Т.З. Рысбеков -	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.С. Турчин -	психол.ғ.д., доцент, Иванов мемлекеттік университеті (Ресей, Иванов қ.)	д.психол.н., доцент, Ивановский государственный университет (Россия, г. Иванов)
В.Ю.Салов -	п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.п.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Г.И.Имашев -	п.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	д.п.н., профессор, Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
А.В. Скали –	п.ғ.к., доцент, Экономика университеті (Польша, Быдгощ қ.)	д.п.н., доцент, Университет экономики (Польша, г. Быдгощ)
К. Кайнер -	ф.ғ.д., профессор, Иоханнес Гутенберг атындағы университет (Германия, Майнц қ.)	д.ф.н., профессор, Университет им. Йоханнеса Гутенберга (Германия, г. Майнц)
А.Р. Габидуллина -	ф.ғ.д., профессор, Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина, Горловка қ.)	д.ф.н., профессор, Донбасский государственный педагогический университет (Украина, г. Горловка)
Г.К. Хасанов -	ф.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.ф.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.Г. Абуханова -	ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым Тізіміне енді.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

ISSN 1680-0761

ӘОЖ 165.242.3

Жумабекова Ф.Н. – педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: zhumabekova.58@mail.ru
Нургазиева Н.М. – педагогика және психология магистрі, оқытушы, Астана қ.
Гуманитарлық колледжі
E-mail: LNurgazieva72@mail.ru

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. *Аталған мақалада болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Әлеуметтік педагогтің және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қойылатын талаптар жеке талдап көрсетілген.*

Қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет ететіндігін ескеріп кәсіби мамандарды даярлауда олардың игеруге тиісті кәсіби құзыреттілігінің түрлеріне сипаттама жасалған.

Бүгінгі таңда қалыптасқан еңбек нарығына сай білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен біліктілігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби даярлығының деңгейін көтеру және дайындау сапасына қойылатын талаптар атап өтілген. Жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан–жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман дайындауға бүкіл қызметін осы бағытта құруы баяндалған.

Тірек сөздер: *Өзін-өзі тану, жаратылыстану пәндерімен ықпалдастыру, гуманитарлық пәндерімен ықпалдастыру, рухани-адамгершілік.*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде «Кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» - атап көрсетілген [1].

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың, арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби

үдерісін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады. Қазіргі кезде осы мәселені түбегейлі зерттеп жүрген ресейлік ғалымдар: В.А. Адольф, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Э.Ф. Зеер, В.А. Сластенин, Т.Ф. Лошакова т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады. Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби құзыреттілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырады. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көзқарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға жетелейтінін айтады. Д.Л. Томпсон, Д.Пристли кәсіби құзыреттілікті жүйелі түрде алынған білім мен жоғары моралдық нормалар мен педагогтік кодексінің нәтижесі ретінде анықтайды [2].

Қазақстанда болашақ мұғалімдерді кәсіби дярлауда жалпы және арнайы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін қарастырған Кенжебеков Б.Т., Таубаева Ш.Т., Құдайбергенова К., Тұрғанбаева Б.А. т.б. ғалымдар еңбектерінің маңызы зор.

А.В. Мудрик, В.Д. Семенов, Г.Н. Филонов, М.А. Галагузова, Е.А. Галагузова т.б осы заманның әлеуметтік педагогикасының негізін қалаушылар деуге болады. Қазіргі кезде ТМД елдеріндегі әлеуметтік педагогикалық жұмыстар мен зерттеулер аталған ғалымдармен төңкеріске дейінгі басқа да кезеңдердегі белгілі педагогтердің осы салаға тән пікірлерін негізге алуда. Осыған орай, Қазақстанда Г.А. Уманов, З.А. Кенесарина, А.Н. Тесленко, Г.Ж. Меңлібекова, И.Р. Халитова т.б. еңбектерін атауға болады [2].

Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың, арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби даярлығын көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік, рухани-адамгершілік жағынан бай адамды және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға саналады. Қазіргі кезде, педагогикалық қызмет табиғатында шығармашылықты талап ететіні барлығымызға түсінікті. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұлғаның интеллектуалды, эмоциялық, рухани потенциалының баюына, өзін-өзі жетілдіруге, танытуға ұмтылуға нақты жағдай туады. Осыған байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзіреттіліктің қалыптасу үдерісі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, ұстаздың жалпы мәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі күнделікті педагогикалық қызметте әр түрлі танылады және әр түрлі іске асады. Болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғаліміне жүктелетін жүк екі есе ауыр, себебі ол әрі әлеуметтік педагогтің жұмысын және өзін-өзі тану пәнін өткізудің білгірі болуы шарт. Бұл бір уақытта өзгертуші әрі басқарушы, әрі тәрбие беруші мамандық болып табылады. Оны

жүзеге асыру үшін болашақ мамандар құзіреттілік деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы керек және оған қойылатын төмендегідей талаптарды орындау шарт [3].

Әлеуметтік педагогтің құзыреттілігін қалыптастыруға қойылатын талаптар:

- балалардың, жеткіншектер мен жастардың түйінді құзыреттілігін (мінез-құлықтық, жалпымәдени, танымдық, коммуникативтік, тұлғалық) қалыптастыруы;
- балалардың, жеткіншектер мен жастардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын айқындау мен дамытуы;
- ақпараттық және жаңа педагогикалық технологияларды жетік меңгеруі;
- әр түрлі ақпараттық дерекнамалардан білім алудың тәсілдерін игеруге негізделген жеке танымдық қызмет аясында, мәселелерді балама тұрғыда шешуді және оңтайлы таңдауды жүзеге асыра алуы;
- еңбек нарқында жағдайларды талдау іскерлігіне негізделген әлеуметтік-еңбек іс-әрекеттері аясында, өзінің кәсіптік мүмкіндіктерін бағалау, еңбекке өзара қарым-қатынастарында нормаларға және этикаға сүйенуі;

Болашақ *өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің* кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қойылатын талаптар:

- рухани-адамгершілік білім беруде болашақ мамандардың түйінді құзіреттіліктерін үйлесімді қалыптасуына ықпал ете алатындай болуы;
- өзінің өмірлік ұстанымын анықтай алатын болуы;
- әр түрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес сындарлы шеше алуы;
- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасаайтын;
- адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсете білуі;
- өзімен өзі үндестікте өмір сүре алатын, ойымен сөзі және іс-әрекеттерінде шынайылықтың болуы;
- жасампаздық белсенділік, азаматтық және отансүйгіштік және толеранттық таныта алуы;
- адамгершілік тұрғысынан таңдауға даярлығын танытуы өз ісіне жауапты болуы;
- қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде үнемі дамытып отыруы;
- оқушылармен жұмыс жасауда, өзін-өзі тануда және өзін-өзі іске асыруда шығармашылық қажеттілігін дамытып отыруы;
- жалпыадамзаттық құндылықтардың негізін түсінуде әлемдік үйлесімділік көрінісін қалыптастыруға әсер ете алатын болуы;
- білім беруде және өмірдегі жағдаяттарда адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыра білуі;
- өзін-өзі тану үдерісінде адамның дүниетанымдық және мінез-құлықтық бағдарларын анықтай алуы;
- адамның өзін, өзгелерді, әлемді, адамзаттың рухани тәжірибесін тануға мүмкіндік беретін жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін өзіне, өзге адамдарға, қоршаған әлемге адамзаттың рухани тәжірибесіне қатысты тұлғаның жеке негізгі қасиеттерін тани білетін болуы;

- адам жанын тәрбиелеуде – баланы қайырымдылыққа, мейірімділікке, ізгілікке, әдептілікке, сүйіспеншілікке, сыпайылыққа, имандылыққа баулу - бала жанының сапасын тәрбиелелей алуы;

- өзінің жеке басында: рухани-адамгершілік қасиеті басым, адами қарым-қатынаста сыпайы, әдепті, әділетті, шыншыл, төзімді қайырымды болуы;

- баланы сүйе білетін, өзге жұрттың баласын өз баласындай жақсы көре алатын, сүйіспеншілік сезімі мол, айналасындағы адамдарға мейірімділікпен қарайтын, ата-анаға, жалпы адамзатқа сеніммен, мол махаббат сезімімен қарайтын, сүйіспеншілік пен адалдықтың, үнемі ақиқаттың ақ жолында болатын маман болуы;

- балаға қуаныш пен шаттық, жағымды көңіл-күй тудыра алатын, баланың болашағына ақ жол тілеуші, кәсіби құзыреттілік, кәсіби шеберлік деңгейіне сай келетін маман болуы;

- өзін-өзі реттей алатын, өзіне-өзі бақылау жасай алатын, кез келген іс әрекетке өзін бағыттай алатын, мақсат, міндеттерді шашуде өзінің рухани-адамгершілік қасиеттерін, жеке тұлға ретіндегі мүмкіндіктерін толық пайдалана алатын маман болуы;

- баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың ішкі және сыртқы дүние-әлемінің үйлесімді дамуында жетістікке жетулеріне көмек бере алатын, әр баланың бойында болатын қайталанбайтын өзіндік жеке талантын аша білетін, шығармашылықпен белсенді еңбек ете алатын, интеллектуалды, биік рух адамының қасиеті басым болуы шарт [5].

Болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғалімін кәсіби даярлау қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе және олардың игеруге тиісті төмендегідей кәсіби құзіреттілігінің түрлеріне тоқталамыз:

Арнайы құзыреттілік – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану саласындағы кәсіби іс-әрекеттерді жеткілікті деңгейде меңгеруі, өзінің алдағы кәсіби тұрғыда дамуын жобалай алу қабілеттілігі. Болашақ маман үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытудың модульдік, рейтингтік жүйе, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларының әдіс-тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданғаны жөн. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.

Коммуникативтік құзыреттілік – басқа адамдармен қажетті қарым-қатынасты орната алуға және қолдай білуге, түсінікті болуға, еркін қарым-қатынас жасай алуға қабілеттілігі; жоғары деңгейдегі мәдениетті меңгеруі.

Ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық технологияларды меңгеру, ақпараттардың барлық түрлерімен жұмыс істей алу қабілеттілігі; қажетті ақпаратты жеке іздестіруі, талдауы мен іріктей алуы, оларды ұйымдастыруы, жаңартуы, сақтауы және жеткізе білуі.

Зерделілік құзыреттілік – өзінің міндеттерін орындауды аналитикалық ойлау мен кешенділік тұрғысынан шешу қабілеттілігі; тұлғалық өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі дамыту амалдарын, тұлғаның кәсіптік деформациялануына қарсы құралдарды меңгеруі;

Әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік өзара әрекеттестікте тиімді өмір сүру мен жемісті қызмет етуге қабілеттілігі; рационалды және

жауапкершілікті пікір-таластарда және басқалармен келісімділікте жетістікке жетуде өзгере алуы мен бейімделуі; кәсіптік қауымдастықта дұрыс қарым-қатынаста болуы, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелеріне әлеуметтік жауапкершілікте болуы. Бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен), қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым – қатынас тәсілдерін қолдана білу. Яғни, болашақ мамандар оқушылармен қарым – қатынас тактикасын баланың жасына, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Оқушылармен жеке, топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек.

Жеке құзыреттілік – өзінің дамуы болашағын, кәсіптік талаптар мен шектеулерді, қоғамдық өмірдің сұраныстарын айқындауға, талдауға және бағалауға қабілеттілігі; өзінің дарындылығын көрсете білуі, өмірлік жоспарын жасауға және дамытуға, дене, рухани және зерделілік тұрғысынан өзін-өзі дамытудың, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі қолдаудың тәсілдерін меңгеруі, өзінің жұмысының нәтижелерін жақсартуға қабілеттілігі мен даярлығы, жекелік-тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіптік-психологиялық әлеуетін жеке пайдалану есебінде еңбек тиімділігін көтеруі, өзі, өзінің сапалары, ерекшеліктері, қажеттіліктері, мотивтері, құндылық бағдарлары туралы дұрыс түсініктерінің болуы.

Кәсіби құзыреттілігі – білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына бағытталған кәсіптік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қабілеттілігі; жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің қалыптасуы мен әлеуметтенуіне, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауы мен бірізділікпен меңгеруіне ықпал ету; әлеуметтік тәрбиенің әр түрлі амалдары мен әдістерін пайдалану; білім беру мекемелерінің әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал ету; өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі көтеріп отыру, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарына және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлеріне қатысуы, ата-аналармен (олардың орнындағы адамдармен) байланысты жүзеге асыруы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын орындауы, білім беру үдерісінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ете алуы.

Білім беру құзыреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субьектілік пен креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Құралдық құзыреттілігі: үдерісте және педагогикалық іс-әрекет нәтижесінде рефлексияға, өзін-өзі бақылау және түзетуге қабілеттілік, анықталмаған жағдайларда кәсіби-педагогикалық және тұлғалық мәселелерді шешуге дайындығы; оқу орындарында заманауи компьютерлік технологияларды қолдана отырып құқық саласындағы біліктері мен дағдылары;

Тұлғааралық құзыреттілігі: оқу және зерттеу іс-әрекетінде басымдықтарды таңдауға қабілеттілік; жеке-тұлғаға бағдарланған білім беру және тәрбиелеу жағдайында субъектілік үштік қарым-қатынасындағы (бала–ата-ана–педагог-психолог) педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру дағдыларын меңгеруі; орын алған педагогикалық жағдаяттарда дұрыс әрекет ету.

Жүйелілік құзыреттілігі: тұтас дүниені оның бөліктері мен элементтері негізінде игеру, түсіну және қабылдау қабілеті, білімді логикалық өзара байланысқан ғылыми ұғымдар жүйесі ретінде жаңғырту білігі.

Пәндік құзыреттілігі: нақты тәжірибелік жағдаяттарда құқықтық нормалар мен теорияларды қолдану; педагогикалық зерттеулер әдістері мен техникаларын қолдана отырып білім беру мәселелерін талдауға қабілеттілік; педагогикалық үдерісті басқару, диагностикалау, түзету және педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін болжау; білімділік деңгейін диагностикалау құралдарын меңгеруі [6].

Аталған кәсіби құзыреттіліктің келтірілген түрлерін болашақ мамандар өз бетімен жаңа білім, білікті игеруде және де оны тәжірибелік қызметте пайдалану арқылы нәтижеге қол жеткізуіне болады.

Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғаліміне кездейсоқ адамдар келмеуі керек. Мұндай мамандар атына лайық болуы керек. Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғалімі оқушыға қай жағынан болсын өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі, жүріс-тұрысы, киім-киісі жағынан болсын үлгі. Бұл жағдайлар да оқушының жеке адам ретінде қалыптасуына жанама әсер етеді. Оқушыларды сыйлау, олардың құқығын, ар-намысын сыйлау. Оқушының ар-намысын сыйламаған, құқығын аяққа таптайтын мұғалімді оқушы да сыйламайды, ұстаз оқушыларына тәлім-тәрбие бере алмайды. Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғалімінің өз жұмысына ықылассыздығы, жүрдім-бардым қарауы оқушыға тікелей әсер етеді. Талап қоя білмейтін, оқу үдерісін ұйымдастыра алмаған мұғалім ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмақ емес. Тұлғаны дамыту, оның жеке тәжірибесі мен мінез-құлқын байыту, әлеуметтік және жеке тәжірибенің өзара әрекеттестігі, әлеуметтік іс-әрекеттің көп қырлы түрлерінде тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, адамгершілік заңы тұлғаның өз заңы бола алатындай тұлғалық автономияны дамытуға, адамгершілік таңдау негізінде тұлға үшін маңызды мәселелерді шешу тәжірибесін қалыптастыру жан-жақты қарастырылады.

Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі кезеңдегі көңіл бөлетін маңызды мәселелерін атап өтер болсақ:

- тұлғаны әлеуметтендіру процесінің педагогикалық аспектісіндегі ғылыми білімдерді теориялық тұрғыдан терең игеріп, тәжірибеде тиімді пайдалануға дағдылануы керек;
- әлеуметтендірудің негізгі институттарының әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетінің сипаты және ерекшелігі жайлы теориялық және практикалық білімдерді студенттердің меңгеруін қамтамасыз ету қажет;
- социумда тұлғамен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың практикалық біліктері мен дағдыларын білім беру ұйымдарында, арнайы әлеуметтік орындарда пайдалана алуға үйренулері керек;
- мейірімділік, әділеттілік, басқа адамдарды түсінушілік жолдарына және барлық тірі дүниеге сүйіспеншілік түсінігін санаға сіңіруі керек;
- қоршаған ортада адамдармен қарым-қатынас жасауға үйреніп, қиындықтан өз бетінде шыға білуге дағдылануы шарт;

- адамдардың оның физиологиялық және рухани даму деңгейіне байланысты қоғамдағы міндеттері мен құқықтарын қоршаған ортаны танып – білуге құштарлығын дамытуы қажет;

- өзіне деген сенімділік пен өз мүмкіндіктерін сезінуді дамытуы;

- жолдастарымен, отбасы мүшелерімен, сыныптас және қызметтес құрдастарымен, адамдармен келіспеушілікті өз бетінше жоюға үйретуді жүзеге асыруа білуі маңызды болмақ [7].

Ойымызды түйіндей келе, әлеуметтік педагог және өзін–өзі тану пәні мұғалімі болашақта әлеуметтік бейімделуге жылдам көмек көрсете алатындай, бейімделмей қалудың алдын алуға, қоғамдық нормалардан ауытқығандарды қалпына келтіріп қатарға қосылуына, түзетуге, күйзеліске ұшыраған балалар, жастар, ересектерге көмек бере алатындай болуға психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік тұрғыдан дайын болуы шарт. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың барлық құрылымдық құрамдас бөліктері болашақ мамандардың білім беру ұйымдарындағы қызметіне, атап айтқанда, нақты педагогикалық жағдайларды шеше алу шеберлігіне байланысты болады. Мамандардың кәсіби даярлығы, яғни оның білім беру қызметі барысында иеленген білімі, тәжірибесі, жеке және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыру қабілеті оның кәсіби біліктілігін құрайды және оны өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алуымен өлшенеді. Бүгінгі таңда қалыптасқан еңбек нарығы білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен біліктілігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби даярлығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз әсерін тигізуде. Осы орайда жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан–жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс. Себебі, қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. – Астана, 2010.

2. Кенжебеков Б.Т. Маманның кәсіби құзыреттілігін зерттеудің әдіснамасы // Труды международной научной конференции «Наука и образование – ведущий фактор стратегии «Казахстан-2030». Вып. 1. – Караганда: Изд-во КарГТУ, 2004. – Б. 157-159.

3. Құдайбергенова Қ.С. Құзырлық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007. – 500 б.

4. Абдуллина Г.Қ. Болашақ психологтың кәсіби құзырлығы: Оқу-әдістемелік құрал. – Семей, 2014. – 95 б.

5. Аманова А.К. Болашақ педагог-психолог мамандарының кәсіби құзіреттілігі // Ғылым және Білім – 2015 атты студенттер мен жас ғалымдардың Х халықаралық ғылыми конференциясы. – Астана, 2015. – Б. 5336-5340.

6. Жұмабекова Ф.Н. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіру мәселелері // Тұтас педагогикалық процесс теориясы-болашақ мұғалімді кәсіби дайындаудың негізі атты халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2014. – Б.134-138.

7. Алмешова Ж. К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми - педагогикалық негіздері // Молодой ученый. – 2014. – № 4. – С. 31-33.

Жумабекова Ф.Н., Нургазиева Н.М.

Важные проблемы формирования профессиональных компетенций будущих специалистов

Выше названной статье рассмотрены актуальные проблемы формирования профессиональной компетентности будущих специалистов. Отдельно проанализированы основные требования предъявляемые преподавателям самопознания и социальным педагогам в формировании профессиональной компетентности.

Учитывая востребованность в высококвалифицированных специалистах, в связи с социально-экономическими изменениями и с изменениями в духовной сфере общества, дана характеристика формам освоения профессиональной компетентности. Названы основные требования к качественной подготовке высококвалифицированных специалистов, умеющие компетентно применять теоретические знания на практике, с творческим подходом к делу, конкуретноспособных, соответствующих современным требованиям рынка труда.

Осознавая большую ответственность высших учебных заведений, изложены основные направления его деятельности в подготовке квалифицированного, разностороннего, профессионально-компетентного, конкурентноспособного специалиста.

Ключевые слова: Самопознание, интеграция с предметами естествознания, интеграция с гуманитарными дисциплинами, нравственность, духовность.

Zhumabekova F.N., Nurgazieva N.M.

Important problems of formation professional competencies of future specialists

This article discusses the questions of formation of competence of future specialists. Requirements for formation of professional competence of social pedagogues and teachers of self-cognition were shown and analyzed.

Changes in the content and characteristics of socio-economical, moral and spiritual development and changes in requirements on quality of labor demand specialists who have high skills and qualification. In this regard characteristics of professional competence of specialists are given in article.

Improving quality of training specialists and requirements on quality are listed in article. It's important to train specialists who are suitable for the current labor market, specialists with deep knowledge, high level of creativity and able to apply their knowledge and skills in different sphere. Responsibilities of higher educational institutions and their route and actions to prepare skilled and competitive professionals were discussed in article.

Key words: Self-cognition, integration with natural sciences, integration with humanitarian subjects, moral and spirit

***

УДК 378.1

Туребаева К.Ж. – доктор педагогических наук,
профессор, Актюбинский региональный
государственный университет им. К.Жубанова
E-mail: Turebaeva_kj@mail.ru,
Досжанова С.Е. – кандидат педагогических наук,
доцент, Актюбинский региональный
государственный университет им. К.Жубанова
E-mail: sveta1108@inbox
Туребаева Ш.М. – PhD докторант
Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави
E-mail: turebaeva_shynar@mail.ru

ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОЙ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ЯВЛЕНИЕ

Стабильность развития общества, уровень его цивилизации напрямую зависит от создания и успешной реализации новой парадигмы воспитания. Это парадигма культурно – исторического и личностно-смыслового формирования личности.

Культурное наследие, его популяризация и изучение, широкое использование фундаментальных социально-гуманитарных наук Казахстана в образовательном пространстве и воспитании современной молодежи станет гарантом формирования такого поколения специалистов, которое будет иметь высокий уровень национального самосознания, личностно-профессиональных качеств, обладающими общечеловеческими ценностями.

Формирование общества с высоким уровнем гражданского участия и социальной сплоченности возможно при условии, если важнейшим приоритетным направлением государственной политики в области образования станет воспитание социально ответственной личности, обладающей чувством патриотизма и осознающей свою роль в обеспечении устойчивого экономического развития и стабильности казахстанского общества.

Сегодняшний студент – это уникальная, целостная личность, развивающаяся и самореализующаяся в процессе личностно-профессионального формирования. К общечеловеческим ценностям сейчас относятся информация, образование и самовоспитание, через взаимосвязь которых подрастающая молодежь сможет успешно принимать самостоятельные активные жизненные решения в современных сложных социальных условиях. Отсюда, воспитание становится приоритетом современного образования.

Обновление процесса воспитания нового поколения граждан, как в содержательном, так и в операциональном аспекте позволит молодежи через развитие собственных потенциальных возможностей, сосуществуя в коллективе, с коллективом и общаясь с другими лицами, решать личные и социально-общественные проблемы [1].

Педагогические и социально-психологические исследования последних лет, очерчивающие все основные уровни и диапазоны личностных ориентаций подрастающей молодежи, выявляют необходимость формирования у них готовности к выполнению общественных обязанностей и использованию своих гражданских прав. Только обладающий развитым самосознанием человек, имеющий высокую способность к саморефлексии, усвоивший общественные законы, проявляет гражданское чувство долга и ответственности. Особенно важна проблема эффективности межличностного общения в контексте осознания и осуществления своих прав и обязанностей. Важно создавать такие условия воспитания молодежи, которые способствовали бы формированию у них осознанной позиции гражданина своего Отечества.

Проблема заключается в том, каким образом содержательно и методически повысить эффективность воспитания личности молодого человека, содействовать усвоению им законов социального пространства и необходимости нормативного поведения, развить саморефлексию, тем самым реализуя его личностный потенциал в соответствии с достижением общественно-полезных целей.

Обучение в высшем учебном заведении – это не только процесс усвоения знаний, умений и навыков, необходимых для овладения будущей профессией, но и формирование гражданской позиции молодого специалиста.

Обучение правам человека и воспитание толерантности, как составным частям гражданского образования – процесс взаимосвязанный, т.к. толерантность – это особая ценность прав человека, она утверждает уважение к чужому мнению, к различным формам самовыражения и проявления человеческой индивидуальности.

Толерантность вытекает из факта уважения прав других людей. Она вырастает из убеждения, что все вправе иметь собственное мнение, веру, свободны от предрассудков, каждый вправе критиковать мысли и действия других людей и власти, а также внимательно прислушиваться к критике. Она неразрывна с признанием за каждым права на творчество, на культурную самобытность, свободный выбор нравственности, с правом иметь индивидуальный облик, вести собственный образ жизни.

Термин «толерантность» является относительно молодым в науке. Интерес к данному явлению привлекает внимание исследователей таких дисциплин как культурология, философия, социология, возрастная психология, психология личности, социальная психология и др. Нас интересует процесс формирования толерантности как социально-педагогическое явление. К настоящему моменту в зависимости от специфики дисциплин сложились различные подходы к определению термина. Изучив опыт зарубежных и отечественных исследований проблемы, дадим определение толерантности.

В психологии понятие «толерантность» трактуется, как свойство личности непредвзято оценивать людей, события, явления, обладающие различными, в том числе, противоречивыми чертами; характеризуется способностью отмечать одновременно и положительные, и отрицательные

черты, соотнося собственные взгляды со всей имеющейся информацией, не отдавая предпочтения в конечной оценке собственному отношению.

Большая часть исследователей считает, что толерантность – это не просто терпимость к другим людям, к отличиям и различающимся взглядам, мнениям. Однако следует заметить, что толерантность – не есть бездеятельное подчинение к мнению других людей, а активная нравственная позиция и психологическая готовность к снисходительности и терпимости для достижения взаимопонимания с представителями других культур, национальностей, религий, социальной среды [2].

Толерантность – признак культуры ума человека, выражается в уважении к чужим мнениям и убеждениям. Как сложная способность личности, толерантность формируется и развивается на протяжении многих лет под влиянием ближайшего окружения человека, социальных условий, сложившейся социальной ситуации, традиций. Все люди должны быть терпимы друг к другу, независимо от пола, расы, возраста, политических убеждений и сексуальной ориентации.

Толерантность – стремление к установлению и поддержанию позитивного взаимодействия с людьми, которые отличаются от нас по тем или иным признакам или не придерживаются общепринятых суждений. Толерантность проявляется в активной нравственной позиции и установке на диалог и взаимопонимание с представителями другой культурной, национальной, этнической, религиозной или социальной среды; в способности к налаживанию таких отношений, которые не причиняют вред другим индивидам при реализации собственных свобод; понимание и принятие многообразия индивидуальности других людей как самодостаточных и самоценных.

Впрочем, толерантность не всегда может быть оценена позитивной ценностью, следовательно, не может быть абсолютирована. Недопустимо требование проявления толерантности по отношению к правонарушениям, безнравственному поведению. Толерантность также может проявляться при возникновении конфликтной ситуации: избегание конфликта или разрешение спора конструктивным способом, максимальное недопущение каких-либо насильственных или оскорбительных действий.

Формирование толерантности должно быть построено на основе особенностей нашей культуры и традиций, а также с учетом собственных реалий. К тому же должна учитываться готовность людей к особенностям и изменениям объективных внешних условий.

Толерантное воспитание способствует формированию навыков независимого мышления, критического осмысления и выработки суждений у молодежи, основанных на моральных ценностях. Стремление молодежи понять и постичь причины тех или иных традиций, обычаев расширяет их мировоззрение, формирует уважение к другой культуре, развивает рефлексию. При этом следует отметить, что сам процесс взаимодействия дополняется еще и взаимодействием с преподавателями и студентами различных статусов, различных поколений, в которое они включаются как исходно равноправные [3].

По результатам современных исследований было установлено, что межличностная толерантность как целостный социально-психологический

феномен в ее конкретных проявлениях имеет существенные позитивные связи со статусными позициями студентов, выступающих в качестве значимых других в процессе группового взаимодействия. Чем выше выраженность позитивных составляющих межличностной толерантности, тем выше статус студента в группе как значимого другого.

В качестве основных психологических критериев и показателей толерантности выделяют:

- социальную активность – готовность к взаимодействию в различных социальных и межэтнических ситуациях с целью достижения поставленных целей и выстраивания конструктивных отношений в обществе;
- дивергентность поведения – способность нестандартно решать обычные проблемы, задачи;
- мобильность – способность к быстрой смене стратегии и тактики;
- эмпатию – способ понимания другого человека, основанный не на осмыслении проблем другого человека, а на стремлении эмоционально откликнуться на его проблему;
- устойчивость личности – сформированность социально-нравственных мотивов поведения личности в процессе взаимодействия с людьми иных этнических и социальных общностей.

Толерантность понимается как уважение и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявления человеческой индивидуальности. Ей способствуют знания, открытость, общение и свобода мысли, совести, убеждений. Процесс воспитания толерантности предполагает от одной или обеих сторон способность пойти на компромисс и сохранить при этом уважение друг к другу. Что, безусловно, не означает безразличного, попустительского отношения к антигуманным, противоправным проявлениям в поведении, поступках того или иного участника диалога независимо от его этнической принадлежности.

Одним из главных социальных институтов, способствующих формированию толерантной личности в современном обществе, является образование. Толерантность как личностная черта не присуща человеку изначально и может никогда не проявиться, не будучи специально воспитанной, сформированной. Социально-педагогическая цель формирования толерантности направлена на развитие признания иной точки зрения, многообразия культурных отличий, в рамках универсальных прав и свобод личности, и при этом обеспечить развитие независимого мышления, критического осмысления и выработки суждений, основанных на моральных ценностях.

Воспитание толерантной личности будущего специалиста становится одним из приоритетных направлений в социально-педагогической работе [4].

Воспитание как процесс взаимодействия, а не воздействия, сопряжен с толерантностью - с терпением и терпимостью. Это обучение таким способам поведения и реагирования, которые не наносят вреда другой личности, учитывая ее особенности и жизненные позиции.

Воспитание толерантных качеств личности - это целенаправленная организация позитивного опыта толерантности, в том числе создание условий, требующих взаимодействия с другими, «не такими как мы». В

качестве основных факторов такого воспитания предстают просвещение и обучение. Просвещение предполагает знакомство с многообразием и своеобразием этнических культур тех, кто проживает рядом с нами. Обучение толерантности - это развитие навыков толерантного поведения и, прежде всего, развитие у молодых людей способности увидеть конфликт, определить его причины и пути его решения.

В основе процесса воспитания заложена идея добровольно, осознанно выбираемого отношения к поведению и поступкам другого, т.е. толерантность. В этом случае толерантность предполагает терпение более сильного, опытного (воспитателя) к более слабому (воспитаннику), что включает умение управлять своим собственным поведением и обучение воспитанника с помощью «образа» или «образца своего поведения».

Воспитание молодежи должно быть направлено на становление гуманной личности с присущим для нее сочетанием выраженной индивидуальности с толерантной направленностью, характеризующейся осознанием своего гражданского долга, трудолюбием, ответственностью, профессиональной и гуманитарной культурой, а также культурой взаимодействия с окружающими людьми [3].

Все вышесказанное подводит к мысли о необходимости создания в структуре высших учебных заведений самостоятельного воспитательного подразделения со следующими функциями:

1. Научно-методическая функция направлена на:

-комплексное *нормативно-технологическое обеспечение воспитательного процесса* путем целенаправленной работы по созданию нормативной базы, а также банка технологий воспитательной работы, их систематизации и внедрения в высшие учебные заведения;

- научную разработку *программ социологической и психологической диагностики,* позволяющих квалифицировано осуществлять мониторинг личностного состояния студенческой молодежи и социокультурной среды ее взаимодействия;

- разработку *критериев эффективности воспитательной работы* вуза как разновидности образовательных стандартов, направленных на реальную оценку состояния воспитательной работы в конкретном вузе и сравнительный анализ ее эффективности в пределах республики.

2. Учебная функция:

- Разработка *учебно-планирующей документации* по воспитательным аспектам психолого-педагогической переподготовки и повышения квалификации педагогических работников высшей школы, а также непосредственно участвовать в их организации и проведении.

3. Информационная функция:

- *пропаганда концептуальных идей, актуальных направлений и технологий воспитательной работы со студентами* путем проведения конференций, семинаров, круглых столов, а также рецензирования и подготовки к печати публикаций по проблемам воспитания в высшей школе.

Исходя из этого, возникает необходимость выделения воспитательной работы в самостоятельное направление образовательной деятельности высшей школы, предусматривающее ее целенаправленное научно-методическое и нормативно-технологическое обеспечение.

Для правильного определения стратегии воспитательного воздействия педагогические работники вуза должны четко представлять спектр тех актуальных проблем, которые имеют место в студенческой среде.

Проблема эмоционально-психологического состояния студенчества представляется исключительно актуальной и должна стать предметом специального научного изучения, а также диктует назревшую потребность в создании в вузах службы социально-психологической помощи [5].

Повышение авторитета куратора, их психолого-педагогической подготовки с целью их влияния на личностное становление студенческой молодежи должно быть отнесено к числу важных задач воспитательной работы вуза.

Формирование гражданской позиции должно происходить в процессе овладения основными дисциплинами учебного плана, а также реализовываться в ходе внеучебной деятельности студентов. Важно определить не только содержание, но и форму подачи информации, так как старая система аргументации в пользу «дружбы народов» уже не работает.

В современной социально-педагогической науке и практике имеется богатый арсенал интерактивных подходов в воспитательной работе, которые помогают пробуждать интерес к новому через «погружение» в ситуацию, эмоциональное сопереживание происходящему. Это и творческие задания, и работа в малых группах, обучающие игры, использование общественных ресурсов (приглашение специалистов, экскурсии), социальные проекты, в том числе соревнования, спектакли, выставки, представления, концерты, мультимедийные презентации, пресс-конференции, дискуссионные клубы и т.д.

Одной из главных задач программ образования является улучшение и укрепление взаимопонимания между людьми и группами людей (этническими, культурными, социальными, возрастными, религиозными). Исходя из этого, в программу высших школ необходимо ввести должные аспекты рассмотрения данного явления.

Обучение толерантности - это совершенно особый предмет, который выходит за рамки традиционно изучаемых в высших учебных заведениях курсов. Высокая степень толерантности воплотит идеалы реального уважения личности, имеющихся ее достоинств и будет ассоциироваться с практическим гуманизмом.

Существует также множество программ, которые могут быть использованы для воспитания толерантной личности. Одна из таких программ включает в себя следующие направления работы по развитию толерантности:

- знакомство с принципом уважения человеческого достоинства всех без исключения людей;
- понимание того, что каждый человек – уникальная личность, уважение различий между людьми;
- понимание принципа взаимодополняемости как основной черты различий;
- понимание принципа взаимозависимости как основы совместных действий (совместное решение проблем и разделение труда при выполнении заданий);
- приобщение к культуре мира.

Проблема воспитания толерантности должна объединить людей разных, прежде всего, специалистов разных направлений и уровней - психологов, педагогов, воспитателей, руководителей, лидеров и рядовых специалистов, а также представителей разных возрастных групп (детей и подростков, взрослых и

молодежь). Анализ феномена толерантности позволяет сделать вывод о возрастающей его роли как фактора гармоничного развития социума и требует дальнейшего исследования с целью выявления наиболее эффективных механизмов ее формирования [6].

Таким образом, задача формирования социальной компетентности и гражданской позиции современного специалиста, формирования ценностного отношения к себе, другим и человечеству крайне актуальна, но вместе с тем и трудна. Причем, как и любая воспитательная задача, она может быть реализована только при активном эмоциональном включении обучаемых в образовательный процесс и создании нового типа развивающей среды, способствующей личностному росту; развитию социальных навыков поведения и установок на самостоятельное решение социальных проблемных ситуаций. А этого возможно достигнуть лишь через систему специально организованных условий и деятельности людей, способствующих формированию жизненных ценностей и ориентиров студенческой молодежи.

Литература:

1. Пралиев С.Ж. Актуальные проблемы формирования личности будущих специалистов // Педагогика и психология. – 2009. – №1. – С. 13-17.

2. Ганди М Идея толерантности и современности // Материалы Международной конференции «Толерантность как культурная универсалия». – Бишкек, 1996. – 192 с.

3. Шумская Л.И. Социально-педагогические основы обновления воспитательной работы со студенческой молодежью // Материалы международной научно-практической конференции «Воспитательная работа в высших учебных заведениях: теория, практика, перспективы» –Минск, 1997. – 322 с.

4. Усова Н.И. Гуманистическая воспитательная среда как условие воспитания студентов в образовательном учреждении // Материалы международного симпозиума «Воспитание современной молодежи: социальное сотрудничество»- Актобе, 2011. – 315 с.

5. Капто А. Толерантность в контексте концепции «Культура мира». – М , 1990. – С.5-16.

6. Воднева С.Н. Формирование толерантности студентов как педагогическая проблема // Вестник Псковского государственного университета: социально-гуманитарные науки. – 2014. – №4. – С. 149-154.

Turebayeva K. Zh., Doszhanova S.Y., Turebayeva Sh. M.

Education of tolerant personality of a future specialist as a socio-pedagogical phenomenon

The article discusses the issue of education of tolerant personality of a future specialist as a socio-pedagogical phenomenon. The definition of tolerance is given; psychological criteria and indicators of tolerance among students are developed.

Key words: Tolerance, tolerant person, education, interpersonal interaction.

Туребаева К.Ж., Досжанова С.Е., Туребаева Ш.М.

Болашақ мамандарды толерантты тұлға ретінде тәрбиелеу әлеуметтік-педагогикалық құбылыс

Мақалада болашақ маманды толерантты тұлға ретінде тәрбиелеу әлеуметтік-педагогикалық құбылыс мәселелері бағытында қарастырылады. Сонымен қатар, толеранттылық ұғымына түсінік беріледі, студенттер тұлғасының толеранттылығын анықтау өлшемдері мен көрсеткіштері анықталады.

Тірек сөздер: Толеранттылық, толерантты тұлға, тәрбие, тұлғааралық өзара әрекет.

***

ӘОЖ 371.3:54

Мендалиева Д.К. – химия ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Mendalieva_dk@mail.ru
Бижанов А.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: akanbizhanov@gmail.com

ХИМИЯ ПӘНІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТЫЛАТЫН СЫНЫПТАРДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. *Ұсынылатын зертханалық жұмыс химия пәнінен заманауи деңгейде табиғи объектілердің әдістерін талдауын қарастырады. Зертхананың мүмкіндігіне байланысты зерттелетін объектілерді терең зерттеп, анықтауда бірнеше әдістер келтірілген. Жоғары сыныпқа арналған зертханалық жұмыс дарынды балалардың химиядан сыни тұрғысынан ойландырып, зертханалық проблемаларды шешудегі химиялық технологиялардың мүмкіндіктерін меңгертеді.*

Тірек сөздер: *FA 1, FA 2, энтальпия, ЖОББМ, ЖОО, функционалды топты, органикалық синтез.*

Қазақстан Республикасының білім жүйесі тәуелсіздік алғаннан бері белгілі бір даму жолынан өтті. Өткізілген реформалардың септігімен ұлттық білім жүйесі жалпы белгілері бойынша әлемдік білім беру кеңістігімен үндестік тауып отыр. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы негізгі бағыт «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасын жоғарғы сыныптарда, ғылыми зертханалық немесе практикалық жұмыстарды ЖОО-ның сынақ зертханалары және өндіріс орындармен тығыз байланыстырып, көңіл бөлу керектігін атап көрсетті.

Білім беру саласында оқушыға тек қана білім, білік дағдыларын ғана қалыптастырып қоймай, алған білімін өмірлік қажеттілігіне жарата алып, оны шығармашылықпен зертханалық зерттеу жұмыстарын іске асыру жолдарын игеруді үйретіп, оқуға деген танымдық қызығушылық қабілетін арттырып, өз білімін әрқашан кеңейту қажеттілігін сезінуге жетелеуді көздейді. Осы орайда, жоғарғы сыныпқа іріктелген дарынды оқушылармен өздігінен жұмыстануға, теорияны практикамен ұштастырып, зертханалық жұмыстардың шешімін табу мәселесіне байланысты жұмыстар жүргізіліп, болашақта ЖОО-нан кейін жұмысқа орналасу жолында, зертханалық жұмыстарға терең басымдылық беруі мәселесі ең өзекті болып табылады [1, 3 б.].

Химия ғылымы-эксперименттік ғылым. Сондықтан жоғары сынып оқушылары мұғалімнің бағыттауынан химия сабақтарында химиялық эксперименттің демонстрациялық тәжірибелер, зертханалық жұмыстар, практикалық сабақтар сияқты түрлері бағдарламаға сай қолданып өздігінен жасауды қажет етеді. Химия сабағында эксперименттік жұмыстар өтуі үшін ең негізгі жағдай қазіргі талапқа сай жақсы жабдықталған химия кабинеті болуы керек. Оған бірден бір мысал Назарбаев Зияткерлік мектептері және басқада дарынды балаларға арналған мектептерді айтуға болады. Осыған

байланысты химиялық эксперименттің бірнеше міндеттерді шешуді көздейді:

- Зертханалық жұмыстарға арналған ұзақ мерзімді жоспарда сілтеме түрінде ғаламтор желісінен мәліметтерді алуға болады.
- Күтілетін нәтижесіне қарап қандай өнім алатынын біліп отырады және соған бағыт бағдар алады.
- Оқушыларды заттардың сандық, сапалық өзгерістерімен жан-жақты таныстыру, жасалған тәжірибеден заттардың қасиеттері туралы қорытынды шығарады.
- Оқушылардың кәсіптік білім алуына септігін тигізеді. Химияның өмірмен, халық шаруашылығымен байланысын, химия өндірісінің ғылыми негіздерін ашып көрсетеді.
Аннотация. *Мақалада Б.Блум таксономиясының теориялық мәселелері қарастырылған. Таксономиялық санаттар 6 деңгейлік тапсырмаларға жіктелген: бірінші деңгей – «Білім», екінші деңгей – «Түсіну», үшінші деңгей – «Пайдалану», төртінші деңгей – «Талдау», бесінші деңгей – «Жинақтау», алтыншы деңгей – «Бағалау». Блум таксономиясының мақсаты – педагогтарды үш облыста (когнитивті, аффективті, психомоторлы) ынталандыру арқылы оқытудың тұтас нысанын құру. Теориялық материалдар Блум таксономиясына сәйкес «Географияны оқыту әдістемесі» пәнінде сараланды.*

Тірек сөздер: *Оқыту технологиясы, таксономия, таным деңгейлері, когнитивті аймақ, аффективті аймақ, психомоторлық аймақ.*

Қазіргі кезеңде оқушыларда білім мен іскерлік дағдылардың қалыптасу деңгейін өлшеу және бағалау оқыту тәжірибесінің түйінді мәселелерінің бірі. Егер оқытудың мақсаты нені білу тиіс, білім алушы нені істей алу керек екенін анықтаса оқытудың міндеттері мақсатқа жетуге қалай ұмтылу керек деген сұрақтарға жауап береді. Мектеп географиясын оқыту барысында теориялық білімді терең меңгертіп, оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділіктерін арттыратын оқыту технологиясының бірі Б. Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы. Оқыту технологиясының атауы педагогикалық мақсатты айқындайтын таным деңгейлерінің алғашқы сызбаларының авторларының бірі американ ғалымы Б. Блумның есімімен аталған. Ол 1956 жылы таным деңгейлерінің таксономияның бірінші бөлімін, одан кейінгі он жылдықтарда Д. Кратвол тағы басқа ғалымдар екінші бөлігін (аффективті аймағын) басып шығарды. Бірінші бөлімі танымның мақсатының (когнитивті) аймағын сипаттайды [1].

Ғылыми әдебиеттерде «таксономия» (гректің. taxis ретімен орналастыру + homos заң) шындықтың күрделі нысандарын (тірі табиғатты, Жердің құрылысын, халықтың этникалық құрамын, тілді және т.б.) жіктеу және жүйелеу теориясы туралы ғылым ретінде сипатталады. Блум таксономиясы когнитивті (танымдық), аффективті, психомоторлы аймақтардан тұрады.

Когнитивті (танымдық) аймақ. Оған оқу материалдарын есте сақтаудан бастап бұрын алған білімді ой елегінен өткізіп жаңғыртуды, ойларды, үлгілерді, іс-әрекеттер тәсілдерін алдын ала оқып үйрену негізінде оларды жаңа жағдайда қайта құрып, өзекті мәселені шешкенге дейінгі танымның мақсаты кіреді. Таным саласына бағдарламалар мен оқулықтарда, мұғалімдердің күнделікті іс-тәжірибесінде ұсынылатын оқытудың көптеген мақсаттары жатады.

Аффективті (эмоционалық-құндылықтық) аймақ. Оған қарапайым түйсінуден, қызығудан бастап құндылық қатынастар мен бағдарды меңгеруге және олардың белсенді көрінісіне дейінгі қоршаған орта құбылыстарына эмоциялық-тұлғалық қатыстарды қалыптастыруды көздейтін мақсаттар жатады. Бұл салаға бейімділік, қызығушылық пен қарым-қатынасты қалыптастыру, оны сезіну мен іс-әрекеттегі көріністері, қандай да бір сезімдердің қозғалысы сияқты мақсаттар кіреді.

Психомоторлық аймақ. Оған қозғалыстың (моторлық), қандайда бір түрлері мен манипулятивтік әрекетті қалыптастыруға, жүйке-бұлшықеттік үйлестіруге қатысты мақсаттар енеді. Олар жазу, сөйлеу дағдылары, дене тәрбиесі мен еңбеке баулу ұсынатын мақсаттар.

Таксономиялық санаттарға білім (ақпарат), түсіну, пайдалану, талдау, жүйелеу қабылданған мақсатқа сәйкес материалдар мен әдістерді бағалау жатады. Оларды іріктелу барысында таксономияны құрушылар зияткерлік әрекеттің мүмкіндігінше дәл және барлық санаттарын қамтуға тырысты [2].

1. Білім. Бұл санат оқып-үйренетін материалды есте сақтап түрлендіруді қамтиды. Ол нақтылы дәйектен бастап тұтас теорияға дейінгі алуан түрлі мазмұнды қамтиды. Бұл санаттың жалпы белгілеріне сәйкес келетін деректерді есте сақтау жатады. Оқушы қолданатын терминдерді, нақтылы дәйектерді, негізгі түсініктерді және оларды пайдалану әдістері мен ережелерін білуі (есте сақтап түрлендіре алуы) тиіс (1, 2 - суреттер).

1 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясының білім сатысында қарастырылатын негізгі мәселелер

2 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын пайдалану барысында оқушылар меңгеруге тиісті білімнің түрлері мен меңгертудің тиімді жолдары

2. Түсіну. Оқып-үйренетін материалдарды түсіну қабілетінің көрсеткішіне материалдарды берудің бір нышаннан екіншісіне түрлендіре алуы (трансляция) немесе оны «бір тілден» басқасына ауыстыру (мысалы физикалық картада қабатты бояумен кескінделген жер бедерінің негізгі пішінінің ерекшелігін ашу үшін көлденең қима-сызба тұрғызу) жатады (3, 4 - суреттер).

3 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын түсіну сатысында қарастырылатын негізгі мәселелер

4 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын түсіріну деңгейінде оқушылар пайдаланатынып талауданатын білім көздерінің негізгі түрлері

Түсінудің көрсеткіші ретінде оқулықтағы материалдарды түрлендіруді (түсіндіру, қысқаша мазмұндау) немесе құбылыстар мен үрдістердің одан арғы даму барысы туралы болжамды атауға болады (салдарын, нәтижелерін болжау).

Мұндай оқу нәтижелері материалдарды қарапайым есте сақтаудан артық болады. Оқушы дәйектерді, ережелер мен қағидаларды түсінеді, ауызша түсіндірген материалдарды, сызба-нұсқа, графиктерді түрлендіре алады, қолында бар деректерден туындайтын болашақтағы салдарын сипаттай алады, картадағы деректерге негізделіп көлденең қима-сызба, жеке

диарграмма тұрғызады, қолында бар деректерге негізделіп белгілі бір құбылыстың болашақтағы салдарын сипаттай алады [3].

5 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясы пайдалану сатысында қарастырылатын негізгі мәселелер

6 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын пайдалану деңгейінің құрамдас бөліктері

3. Пайдалану. Бұл санат оқытылған материалдарды нақтылы және жаңа жағдайда пайдалану дағдыларын меңгеру деңгейін қамтиды. Сәйкес келетін оқыту нәтижелері материалды меңгеру деңгейінің түсінуге қағанда біршама жоғары болуын талап етеді. Оқушы түсініктер мен қағидаларды, теорияларды, заңдарды, нақтылы жаңа тәжірибелік жағдайда пайдалана алады, пайдалану әдістерін немесе ережелерді көрсете алуы тиіс (5, 6 – суреттер).

7 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын талдау сатысында қарастырылатын негізгі мәселелер



8 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын талдау деңгейінің құрамдас бөліктері

4. Талдау. Бұл санат материалды құрылымы айтқан үйлесетіндей ретпен сәйкес келетін бөліктерге бөлу дағдыларын игеруді қажет етеді. Оған тұтасты жеке бөліктерге бөлу, олардың арасындағы өзара байланысты анықтау жатады [4]. Оқушы бүркемелі тұжырымды айқындай алуы, пайымдау логикасындағы қателік пен қалып қалған сөздерді көре алуы, дәйек пен салдардың арасынадағы шектеу жүргізе алуы, деректердің маңызын бағалай алуы тиіс (7, 8 – суреттер).

9 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын талдау сатысында қарастырылатын негізгі мәселелер

10 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясындағы жинақтау деңгейінің құрамдас бөліктері

5. Жинақтау. Бұл санат жаңалығы бар тұтасты алу үшін элементтерді құрамдастыра алу дағдыларын меңгеруді қажет етеді. Мұндай жаңа өнімдерге қолда бар деректерді жүйелеп ретке келтіруді көздейтін хабарлама (баяндама), іс-әрекет жоспары, сызба-нұсқалар жатуы мүмкін. Сәйкес келетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін жаңа сызба-нұсқаларды, құрылымдарды құруға бағытталған шығармашылық сипатағы іс-әрекетті жүзеге асыру қажет [5]. Оқушы шағын шығармашылық эссе жазады, эксперимент жүргізу жоспарын ұсынады, қандай да бір өзекті мәселені шешу жоспарын құру үшін әртүрлі сала бойынша алған білімдерін пайдаланады (9, 10 – суреттер).



11 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын бағалау сатысында қарастырылатын негізгі мәселелер

12 сурет – Блумның таным деңгейлері таксономиясын бағалау деңгейінің құрамдас бөліктері

6. Бағалау. Бұл санат қандайда бір оқу материалының (тұжырымның, зерттеу деректерінің т.б.) маңызын бағалай алуды дағдыларын меңгеруді талап етеді. Оқушының пайымдауы ішкі (құрылымдық, логикалық) немесе сыртқы (алдыға қойған мақсатқа сәйкес келуі) айқын өлшемдерге негізделуі тиіс. Өлшемдерді оқушылардың өздері немесе мұғалім анықтауы мүмкін (11, 12 – суреттер).

Оқушы жазбаша мәтін түрінде материалдың логикалық құрылымын, шығарылған қорытындылардың қолда бар деректерге сәйкестігін, ішкі өлшемдерге негізделіп іс-әрекет өнімінің маңызын бағалайды Оқу міндеттерінің таксономиясы жақсы технологияланған. Әр деңгейі үшін оқу міндеттерінің тұрпаттары анықталған. Оқу міндеттерін бастауға тиісті негізгі

түсініктері, оқу тапсырмаларын орындау барысында қолданылатын негізгі іс-әрекеттер көрсетілген. Іс-әрекет дағдыларын меңгертуді көздейтін тапсырмалар барлық оқушыларға міндетті құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Оқу тапсырмалары төмендегі-дағдыларды қалыптастыруы мүмкін [6]:

- *Репродуктивтік дағдылар* – бұл іс-әрекет түрлері меңгерілген ақпараттың мағынасын бұрмаланусыз қайталау немесе түрлендіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;

- *Когнитивті дағдылар* – бұл іс-әрекет түрлері айқын немесе бүркемелі ақпараттарды түрлендіруге бағытталған танымдық дағдыларды қалыптастыру. Мұндай дағдылардың негіздері пәнді одан ары тануға немесе пәнаралық білімге түрленуге негіз болатын білім;

- *Мінез-құлық дағдылары* – бұл жеке тұлғаның сезім мақамы мен іс-әрекеті арқылы өзін-өзі, қоршаған ортаны және әртүрлі өмір жағдайларын тануына мүмкіндік беретін мінез-құлықтың сыртқы және ішкі нышандары. Мұндай дағдылардың негізі күнделікті өмірде көрініс табатын өмірлік маңызы бар білім. Репродуктивтік, танымдық және мінез-құлықтық тұрпаттағы білімнің арасалмағын мұғалім анықтайды.

Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы технологиясы бойынша өткізілетін сабақтарға қойылатын талаптар [7]:

- оқушылар бір-біріне кедергі жасамауы, сұрақтар туындағанда қолдарын көтеруі тиіс. Мұғалім қойған сұрақты мұқият тыңдап оқушыға асықпай жауап беріп, назарларын дұрыс жауапты қайдан іздеуге болатындығына аудару керек;

- әр оқушы бірінші тапсырмадан бастап сабақтың барлық бөлігінде жұмыс істейді. Келесі тапсырмаға көшу үшін оқушы қолын көтереді, мұғалім тапсырманың дұрыс орындалғанын анықтайды. Содан кейін ғана келесі тапсырманы орындауға көшеді. Ол үшін оқушылардың бірін-бірі өзара тексеруі, «шағын топтағы» бақылаушылар сияқты, т.б. көптеген тәсілдерді пайдалануға болады;

- оқушы орындайтын тапсырмалардың саны оның зияткерлік және шығармашылық қабілеттеріне байланысты.

Қорыта айтқанда, Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы технологиясын пайдалану барысында күрделі танымдық кестелермен жұмыс бұрын қалыптасқан тірек біліміне сүйене отырып, табиғи немесе әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үрдістердің арасындағы байланыстарды ашып, ой қорытындыларын шығаруға негізделеді.

Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы *біріншіден,* оқушылар логикалық ақыл-ой әрекетіне негізделіп салыстыру, ақпараттарды қайта үйлестіру, негізгі белгілерін іріктеп алу, жүйелеу, абстракциялау сияқты зиаткерлік әрекеттерді жүзеге асыруға бейімделеді.

Екіншіден, пайдалану, талдау, жинақтау бағалау деңгейіндегі тапсырмаларды орындау барысында картамен, оқулықтың мәтінімен жұмыс істеп, статистикалық кестелермен жеке диаграммалардағы маңызды деректерге талдау жасау арқылы дұрыс ой-қорытындыларын шығару, тірек сигнал жүйесін, диаграммалар мен қима-сызбаларды, сандық мәліметтерді пайдалану оқушылардың «Қазақстанның физикалық географиясы» пәнінен алған білімдерін тереңдетіп, ойлау кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік туады.

Үшіншіден, Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы техрологиясын қолдану құбылыстар мен үрдістердің арасындағы бірізді себеп-салдарлы байланыстарға сүйеніп, олардың түзілуіне әсер ететін негізгі факторлар мен табиғаттағы тепе-теңдіктің сақталу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, когнитивті оқыту, кері байланыс, кейс стади, пікір-сайыс әдістерін пайдалану «Қазақстанның физикалық географиясы» пәнінен оқушылардың оқулықтың мәтінімен өз беттерімен жұмыс істеп қарқынды ой әрекеттеріне жұмылуға, өз беттерімен ізденіп, оқушылар қабылдау мүмкіндігі мен жас ерекшеліктеріне сай география ғылымының зерттеу әдістерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Асубаев Б.Қ., Тоқпанов Е.А. Қазақстанның физикалық географиясы пәні бойынша Блум таксономиясына сәйкес жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жинағы: Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 126 б.

2. Clark D. Bloom's taxonomy of learning domains: The three types of learning. Big Dog & Little Dog's Performance Juxtaposition // Edmonds. – 2010. – http://www.nwlink.com/~donclark/hrd/bloom.html. Пайдаланған уақыты: 18.01.2017 ж.

3. Галоян С.Х. Таксономия учебных целей Б. Блума и практика современного образования // Вісник Черкаського університету. Серія «Педагогічні науки». – 2016 – № 2. – С. 23-30.

4. Бактыбаев Ж.Ш. Использование технологии таксономии Блума в учебном процессе вуза // Ярославский педагогический вестник. – 2017 – № 1. – С. 150-153.

5. Андресен Б., Бринк К. Мультимедиа в образовании: специализированный учеб. курс / Перевод с англ. яз. 2-е изд. испр. и доп. – М : Дрофа, 2007. – 221 с.

6. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. – 360 б.

7. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б. Уалиев Т.У., Асубаев Б.Қ. Географияны оқыту әдістемесі: Жоғары оқу орындары студентеріне арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2015. – 412 б.

Токпанов Е.А., Актаубаева Ж.Х., Сергеева А.М.

Методика использования таксономия Б. Блума в усвоении географических знаний

В статье рассматриваются теоретические материалы в соответствии с таксономией Блума, в которой задания классифицируются на 6 уровней: первый уровень – «Знания», второй уровень – «Понимание», третий уровень – «Применение», четвертый уровень – «Анализ», пятый уровень – «Синтез», шестой уровень – Оценивание». Цель таксономии Блума – мотивировать педагогов фокусироваться на всех трех сферах, предлагая, таким образом, наиболее полную форму обучения. Теоретические материалы рассмотрены в соответствии с таксономией Блума в рамках дисциплины «Методика преподавания географии».

Ключевые слова: Технология обучения, таксономия, уровень познаний, когнитивная область, аффективная область, психомоторная область.

Tokpanov E.A., Aktaubaeva Z.H., Sergeyeva A.M.

The technique of using taxonomy B. Bloom in the assimilation of geographical knowledge

In this article here are explored the theoretical materials in accordance with Bloom's taxonomy in which tasks are classified into 6 levels: the first level is «Knowledge», the second level is Understanding», the third level is «Application», the fourth level is «Analysis», the fifth level is « Synthesis» and the sixth level is «Assessment». The goal of Bloom's taxonomy is to motivate educators to focus on all three areas, thus offering the most comprehensive form of education.Theoretical materials are dealt with in accordance with Bloom's taxonomy of the discipline «Methods of teaching geography».

Keywords: Education technology, taxonomy, level of knowledge, cognitive domain, affective domain, psychomotor domain.

***

ӘОЖ 371.3

Ибрагим Қ.Ә. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы
бойынша педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты»
E-mail: kairat.ibragim@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалаудың негізгі терминдері мен анықтамаларына, оқушылардың оқу мақсаттары мен ойлау дағдыларының деңгейлеріне (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) жету жолдары қарастырылған.*

Түйін сөздер: *Оқу мақсаттары, критериалды бағалау, қалыптастырушы және жиынтық бағалау.*

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді... Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңеюде. Ол - пәнаралық және жобалық қызмет, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, білім беру қажеттіліктері ерекше балаларды интеграциялау және ата-аналарды консультациялық сүйемелдеу, - деп атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін дамыту мәселелері мен білім сапасын арттыруда критериалды бағалау өзекті мәселенің бірі. Білім беруді дамытуда жүктеліп отырған жаңа талаптар мен міндеттер мұғалімдерге қойылуда. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен ақпараттық технологияны

меңгерту арқылы оқушылардың оқу жетістігін дамытуда критериалды бағалаудың мәні мен маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және іздену дағдыларын бағыттау қажет», - деп орынды атап көрсеткен [2, 1-3 бб.].

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңыздысы – оқу үдерісі, оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет. Критериалды бағалау - бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, белгілі бір критерийлер арқылы бағалау болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында критериалды бағалаудың негізгі терминдері мен анықтамаларына тоқталамыз:

- Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар – оқушылардың қабілеттерін есепке алатын дифференциаланған білім беруді ұйымдастыру үшін қолданылатын әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар.
- Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістігі деңгейін анықтайтын белгі немесе өлшем.
- Балл қою критерийлері – оқушының (жиынтық бағалауда) жұмысты қаншалықты дұрыс орындағанын бағалайтын тұжырым.
- Дескрипторлар – тапсырма бойынша орындаған жұмыс деңгейінің немесе сапасының сипаттамасы.
- Жиынтық бағалау – білім алу кезеңдері мен сатылары аяқталғанда болатын бағалау, белгілі мерзім бойынша оқушының дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, бағалаудың бірыңғай критерийлерінің негізінде жүзеге асады.
- Кері байланыс – нақты іс-әрекет жасау туралы хабарлау және түсініктеме алу үдерісі, мақсатқа қол жеткізудегі белгілі іс-әрекет пен оқиғаға дұрыс баға беру негізіндегі жауап түрі.
- Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.
- Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы.
- Модерация – мұғалімдердің бағаларды стандарттау мақсатында бағалаудың әділ және шынайы болуын қамтамасыз ететін, бір пән және сынып бойынша оқушылардың жұмыстарына талқылау жасайтын үдеріс.
- Мұғалім портфолиосы - кәсіптік қызметіндегі мұғалімнің дайындық және белсенділік деңгейін, оқыту мен бағалау практикасын белгілейтін және жинақтайтын әдіс.

- Нәтижелерді тіркейтін электронды журнал – бөлім/ортақ тақырып бойынша бағалаудың және тоқсандық жиынтық бағалаудың нәтижелері тіркеліп, тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаны автоматты түрде санап шығаратын электронды құжат түрі.
- Оқу жетістіктерінің деңгейлері – білім алушылардың оқу жетістіктерінің маңыздылығы, шамасы мен дамуы дәрежесі.
- Оқу мақсаты – оқу бағдарламасына сәйкес пәннің оқыту курсы барысындағы білу, түсіну және дағды жетістігі бойынша күтілетін нәтижелерінен құралған тұжырым.
- Оқушы портфолиосы – оқушының пәндер мен бағалаудың әр түрлері бойынша оқу жетістіктерінің жеке белгілеу, жинақтау формасы.
- Ортақ тақырып – пәнде көрсетілген оқу мақсаттарына жету үшін әртүрлі пән салаларынан білім мен біліктіліктің біріктірілген құралы ретінде қолданылатын білім мазмұнының біркелкі құрамдас бөлігі.
- Рефлексия – оқушылардың сабақ барысында берілген білімді қаншалықты жақсы игергені туралы қорытындылауы және ойлауы.
- Тапсырма – оқушының құзыреттілік (пәндік, тілдік, сөйлеу) деңгейін анықтауға мүмкіндік тудыратын белгілі жағдай.
- Тест спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын анықтайтын құжат [3, 8-9 бб].

Критериалды бағалау қалыптастырушы және ішкі жиынтық болып екіге бөлінеді. Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы күнделікті сабақ беруде үнемі жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың білім деңгейін өлшеу үшін қолданады, сабақты жоспарлауда көмек көрсетеді. Қалыптастырушы бағалау үнемі жүргізіліп отырады, балл мен баға қойылмайды, мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланыс әрекеті арқылы оқыту үдерісін уақытында түзетіп отыруға, оның өлшемін анықтауға, сабақты жоспарлауға ықпал етеді. Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы керек.

Қалыптастырушы бағалауда мұғалім оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отырады. Бұл жиынтық бағалау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастырып, дамытады. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында, сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлімінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді, әрі жүйелі қолдану қажет. Формальді бағалау әдісі нақты оқу мақсатына негізделіп жүргізіледі. Дескрипторлар мен бағалау критерийлері тапсырмаға сай құрылып, оқушы білімінің нәтижесі ауызша немесе жазбаша түрде бағалау бойынша қортындыланады. Формальді емес қалыптастырушы бағалауда оқушы білімінің нәтижесі ауызша мадақтау немесе белгілі бір шартты қимыл арқылы қорытындыланады.

Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары білім алушылардың оқу бағдарламаларындағы тек өткен материалды қамтуы тиіс. Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті. Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан

бойынша жиынтық бағалауды қайта орындауға рұқсат етілмейді. Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше дайындайды және жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған тапсырмаларды пайдалана алады. Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу - жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, яғни осы жұмыстың бастауы негізгі қалыптастырушы бағалауда қолданылады.

Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр. Жиынтық бағалау мұғалімдер мен оқушыларға белгілі бір оқу кезеңін аяқтағанда (әр бөлім немесе ортақ тақырып бойынша, тоқсан соңында, триместр немесе оқу жылының соңында) оқушыға балл және баға қою арқылы оқу нәтижесінің ілгерілеуі туралы ақпарат беру үшін өткізіледі.

2016-2017 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны аясында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібі туралы нұсқаулықта: «Өзін-өзі тану», «Музыка», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Жарты жылдық соңында және оқу жылының соңында «сынақ» қойылады, - деп көрсетілген [4, 2 б.].

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің 4 түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша өткізіледі. Тыңдалым мен айтылымды бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақта жүргізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер модерация үдерісін өткізеді. Модерация отырысында мұғалімдер жиынтық жұмыстарды балл қою кестесіне сәйкес талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне өзгерістерді немесе толықтыруларды ұжымдық түрде енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады. Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жататын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ төмен балға да өзгертілуі мүмкін [4, 3 б.].

Мектепішілік бағалауда ұйымдастырылатын қалыптастырушы және жиынтық бағалау анық, сенімді, қолайлы түрде өткізіліп, сабақ беру үдерісі мазмұнын бағалау үшін жасалғандықтан, оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын қолдана отырып, сабақ беру және оқытуға оң әсерін тигізуі керек.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар барлық оқушыларға бірдей мүмкіндіктер беретін жағдайда құрастырылуы тиіс. Бұл басшылықта көрсетілген тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесінде қойылатын балдар саны мен модерация үдерістері оқу жетістіктерінің сенімді болуын қамтамасыз етеді, мұғалім мен оқушыға сабақ беру және оқыту туралы тиімді ақпарат береді. Критериалды бағалау мұғалімді сынып жұмысында қолдауға, оқыту үдерісінде оң ықпал

жасауға негізделген. Нәтижелер мұғалімге өзінің сабағына рефлексия жасауға және одан кейінгі жұмысын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сыни ойлау және зерттеу. Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

Коммуникация және рефлексия. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Бастауыш сынып оқушыларын критериалды бағалау жүйесінің жеңіл түрі алынады. Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, ББҮ кестесі (INSERT), топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осындай әдістерді пайдаланған кездерде кейде мүлдем сабаққа қатыспайтын балаларымыз өздігінен қол көтеріп, өз ойын айтып, аз да болса нақты екі үш сөйлем жазып, жеке жұмыс жүргізуге талпынады.

Қалыптастырушы бағалаудың күнделікті іс-тәжірибесі барысында, оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерілеуін анықтауда, оқыту үдерісінде төменгі әдіс-тәсілдерді «Қол сигналы», «Бағдаршам», «Қорытындылауға арналған карточка индексі», «Бір минуттық» эссе, «Сөйлеу үлгілері», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызекі баға», портфолио, журналдар, рубрикалар, сөзжұмбақтар, сұрақтар және тағы басқа түрлерін қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерін сабақтың әр түрлі кезеңдерінде: жаңа тақырыпты түсіндіруде, тапсырма орындау кезеңінде, мұғалімнің оқушыға жұмысының нәтижесін жақсарту мақсатымен кері байланыс ретінде ақпарат беру барысында да қолдануға болады. Мысалы, мұғалім оқушының жазба жұмысын тексеріп болған соң, оған баға қоймайды, әр түрлі қалыптағы сурет пен бояуларды қолданып белгілей алады. Әрбір белгі мен олардың түстері (сары, қызыл және жасыл, жұлдызша немесе қанатты белгілер) оқушының жауабындағы дұрыс немесе бұрыс орындалған жақтарын көрсетеді.

Тиімді оқыту және оқу мақсатында оқушылардың түсіну деңгейін, оқу мақсаттарына жеткендігі немесе алға ілгерілеуінің деңгейі қадағалануы тиіс. Оқушылардың оқу мақсатына жетуі тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары арқылы сипатталады. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін.

Портфолиода көптеген деректер қамтылуы тиіс: жазбаша жұмыстар (жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары); фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, сыныптағы көрме, модельдер); электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар); мұғалімнің жазбалары немесе сабақты қадағалау жазбалары; ата-аналардың пікірлері [4, 15 б.].

Оқушылардың оқу мақсаттарына жету дәрежелері Б.Блум таксономиясының ойлау дағдыларының деңгейлері білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау бойынша жүйеленеді.

Білу. Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей. Бұл деңгейде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою, анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, үдерістердің өрбу немесе орын алу тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар қолданылады. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу.

Түсіну. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Оқу материалын түсінгені ретінде келесідей әрекеттерді атауға болады: трансляция – оқу материалын бір тілден екінші тілге ауыстыру Мысалы, математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кестемен көрсету. Интерпретация – оқу материалын өз сөзімен түсіндіру, қысқаша баяндау; жормалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не болатындығы оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Қолдану. Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Талдау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

Жинақтау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары мен кестені атауға болады. Мұндай оқу нәтижелерінің жаңа мазмұны мен құрылымдарын жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Бағалау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын

білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалаудың баға қою және есеп, соның ішінде тоқсандық, жылдық баға, балды бағаға ауыстыру шәкілі (бастауыш, негізгі мектеп бойынша) төменде көрсетілген кесте бойынша ұсынылады [5, 12 б.].

1 кесте – Баға қою және есеп: Тоқсандық баға

1 бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынты бағалаудың балы	2 бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынты бағалаудың балы	3 бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынты бағалаудың балы	Тоқсандық жиынтық бағалаудың балы	Тоқсандық баға
50%			50%	100%

2 кесте – Баға қою және есеп: Жылдық баға

4 тоқсанның жиынтық бағалау балдары	Барлық тоқсандық жиынтық бағалаудың қорытындысы	Жылдық баға
50%	50%	100%

3 кесте – Балды бағаға ауыстыру шәкілі

Бастауыш мектеп бойынша		
Балдың пайыздық мазмұны	Баға көрсеткіші	Баға
0%	Бағаланбады	«1»
1%-20%	Қанағаттанарлықсыз	«2»
21%-50%	Қанағаттанарлық	«3»
51%-80%	Жақсы	«4»
81%-100	Өте жақсы	«5»
Негізгі мектеп бойынша		
Балдың пайыздық мазмұны	Баға көрсеткіші	Баға
0%	Бағаланбады	«1»
1%-39%	Қанағаттанарлықсыз	«2»
40%-59%	Қанағаттанарлық	«3»
60%-80%	Жақсы	«4»
81%-100	Өте жақсы	«5»

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз.

Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. – Астана, 2016.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдау // Егемен Қазақстан газеті. – 2017. – 31 қаңтар. – №20 (29001). – Б. 1-3.

3. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. – Астана, 2016. – 38 б.

4. 2016-2017 оқу жылында жағартылған білім беру мазмұны аясында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібі туралы нұсқаулық. – Астана, 2017. – 7 б.

5. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы, 2017. – 22 б.

Ибрагим К.А.

Возможности критериального оценивания в рамках обновления содержания образования

В статье рассматриваются пути достижения в рамках обновления содержания образования и системы оценивания учебных достижений обучающихся с использованием критериального оценивания основанных на определениях, терминах, учебных целях и задачах, употребляемые в навыках и уровнях мышления (знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка).

Ключевые слова: учебные цели, критериальное оценивание, формативное и суммативное оценивание.

Ibragim K.A.

Possibilities of criteria-based assessment in terms of updating the content of education

In article ways of achievement within of updating the content of education and system of estimation of the educational achievements which are trained with use of criteria estimation based on definitions, terms, the educational purposes and tasks, used in skills and levels of thinking (knowledge, understanding, application, the analysis, synthesis, an assessment) are considered.

Keywords: Educational purposes, criteria estimation, formativny and summativny estimation.

***

УДК 567(574)

Рустенов А.Р. – доктор сельскохозяйственных наук, профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: Rustenov_aman@mail.ru
Жигербаева А.У. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: Zhigerbaevaa@mail.ru

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ МИКРОЭЛЕМЕНТНОГО СОСТАВА РЫБ РЕКИ УРАЛ ПО ЗООЛОГИИ ПОЗВОНОЧНЫХ

Аннотация. *В научной статье рассматривается вопрос развития исследовательских навыков у студентов при изучении микроэлементного состава и физолого-биохимического состава крови рыбы реки Урала.*

Ключевые слова: *Микроэлементы, цинк,исследования, кровь, экспедиция, морфологические измерения, учебная практика, зоология позвоночных.*

Основная задача высшего образования заключается в формировании творческой личности специалиста, способного к саморазвитию, самообразованию, инновационной деятельности. Решение этой задачи вряд ли возможно только путем передачи знаний в готовом виде от преподавателя к студенту. Необходимо перевести студента из пассивного потребителя знаний в активного их творца, умеющего сформулировать проблему, проанализировать пути ее решения, найти оптимальный результат и доказать его правильность. В этом плане следует признать, что исследовательская работа студентов является не просто важной формой образовательного процесса, а должна стать его основой. Это предполагает ориентацию на активные методы овладения знаниями, развитие творческих способностей студентов, переход от поточного к индивидуализированному обучению с учетом потребностей и возможностей личности. По мнению А.В.Беляева независимо от полученной профессии и характера работы любой начинающий специалист должен обладать фундаментальными знаниями, профессиональными умениями и навыками деятельности своего профиля, опытом творческой и исследовательской деятельности по решению новых проблем.

Исследовательские самостоятельные работы показывают самый высокий уровень познавательной самостоятельности студентов. В ходе выполнения таких работ студенты постепенно освобождаются от готовых образцов, сложившихся установок, разрабатывают новые способы решения. Исследовательские самостоятельные работы приучают студентов видеть в необычных ситуациях уже известные им законы и являются серьезным шагом к привитию навыков самообразования, важность которого нужно постоянно подчеркивать студентам. Творческие работы требуют инициативы, будят мысль, заставляют анализировать, выбирать, систематизировать, обобщать и умело применять полученные знания. К исследовательским работам можно отнести задания такого типа: составление задач по исходным данным, решение нестандартных примеров и задач, доказательство теорем, самостоятельное овладение материалом, участие в экспериментальных работах и т.д. [1].

Одной из целевых установок высшего педагогического образования является создание условий для становления молодого специалиста как активного, творческого субъекта профессиональной деятельности. Предпологается что выпускник педагогического вуза активно поддерживает инновационное развитие образовательного пространства школы своей творческой индивидуальностью и деятельностными способностями. Одно из

важнейших условий, обеспечивающее достижение заданного идеала в образовательном процессе вуза, состоит в организации целенонаправленной, систематической исследовательской деятельности студентов. Поскольку именно развитие способностей к осуществлению исследовательской деятельности в студенческие годы задает необходимые основания для становления системного мышления и готовности к творческой самореализации в профессиональной педагогической деятельности. Такие исследовательские работы можно провести на примере надкласса Pisces реки Урал.

Освоение природных богатств вдоль трансграничной части реки Урал Россией и Казахстаном приводят к изменению водной среды различными остатками антропогенного воздействия, что в определенной степени влияют на жизнедеятельности гидробионтов. Происходят быстрые перестройки водных экосистем, вызванные трудно контролируемыми техногенными. В связи с этим особую значимость представляет анализ реакции ихтиофауны на воздействия, выявление механизмов поддержания численности популяций, а также поиск рациональных способов оценки состояния ихтиоценозов.

Последние годы на Казахстанской территории р. Урал стала маловодным, увеличились количество хозяйственных объектов влияющие на жизнедеятельности водных организмов. Актуальность данной исследований обусловлена тем, что микроэлементы активно вовлекаются в метаболизм рыб на протяжении всего онтогенеза и участвуют во многих физиологических процессах, а кровь является очень лабильной системой, чутко реагирующей на изменения окружающей среды. Микроэлементы являются информативными *биомаркерами* для оценки состояния рыб и р. Урал. Исследование содержание металлов в рыбах р. Урал практически не проводилась, что обусловлено теоретической и практической необходимостью получения достоверной информации о накоплении последних в крови рыб.

Преподавать по биологической науке трудно, пока не развить особый интерес к предмету. Чтобы развить интерес у студентов к биологическим особенностям различных зоологических видов и с целью развития интересов к исследовательским работам проведены изучение гидробионтов р.Урал, в частностиморфологического состояния рыб, состава их крови и содержания в них различных микроэлементов, в частности цинка.

В задачу исследовательской работы входила:

- ознакомить студентов с методикой ихтиологического исследования;
- ознакомить студентов методикой обработки гидробиологического материала;
- исследование морфологическое состояние некоторых видов рыб р. Урал;
- ознакомиться с методикой химического исследования иопределения микроэлементного состава в крови рыбы.
- провести сравнительную оценку проведение исследовательских работстудентов.

К методам исследования рыб входила:

Ихтиологические методы. Материалом для исследований служили рыбы, выловленные в акваториях реки Урал. Всего было исследовано 40 рыб. Вид рыбы определяли по атласу «Определитель рыб» (Мягков Н.А., 1994) [2].

Сбор и обработку материала осуществляли по общепринятым методикам (Правдин, 1966) [3]. Длину тела по Смитту (АС) измеряли с точностью до 0,5 мм. Для вычисления возраста у каждой особи была взята чешуя, расположенная выше боковой линии под спинным плавником. Выбирали наиболее сохранившуюся чешую с не обломанным краем и не разрушенным центром. Количество годовых колец считали по передней части чешуи.

Кровь у рыб отбирали из жаберных и из хвостовой артерии рыб пастеровскими пипетками, обработанными раствором гепарина (1:1000). Из хвостовой артерии с помощью инсулинового шприца, согласно методике В.В. Метелева (1965) не позднее чем через 15-20 секунд после извлечения рыбы из воды. Для подсчета форменных элементов использовалась методика, описанная в трудах Н.Т. Ивановой (1983)[4].

Лабораторные исследование проводилась в химической лаборатории Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова.

Полученные данные по морфобиологическим характеристикам- возраст и длина изученных рыб представлены на таблицах 1 и 2, на рисунке 1.

Таблица 1– Длина тела сазана, карася и чехни до конца чешуйного покрова водоемов реки Урал (мм)

Место вылова	река Урал					
Виды рыб	сазан		карась		чехня	
Пол (количество экз.)	♂ (2)	♀ (1)	♂ (5)	♀ (23)	♂ (13)	♀ (14)
M ± m	89,0±2,31	90,5±1,35	63,0±1,02	58,1±1,23	35,2±2,3	43,0±1,0
Общее количество	3		28		27	
$\frac{M \pm m}{2}$	89,8 ± 1,15		60,5 ± 1,1		39,1 ± 1,65	



Рисунок 1 – Соотношение возрастов карася, сазана, чехни реки Урал

Возраст рыб достоверно не различались, во всех случаях исследовали особей 2+ и 3+ лет , соотношение полов 1:1.

Содержания цинка в крови рыб в водоемах использовали методику определение цинка в крови с дитизоном по Н.А. Чеботаревой. Цинк с дитизоном образует комплексное соединение, дающее окраску, интенсивность которой зависит от концентрации элемента.

Полученные данные по содержанию цинка в крови рыб р. Урал представлены в таблице 2.

Таблица 2 – Содержание цинка в крови разных видов рыб(мг/л крови) (2016 г.)

Водоем	Содержание цинка в крови рыб			ПДК, мкг/г
	сазан	карась	чехня	
Река Урал	25,7	133,3	17,3	10,0

Анализ полученных данных таблицы 2 показывает, что содержания цинка в крови рыб показал мозаичность их накопления в живых организмах и не выявил определённой связи с антропогенной нагрузкой в связи с тем, что водные экосистемы характеризуются значительным разнообразием распределения и миграции элементов [5].

При рассмотрении закономерностей содержания цинка у разных рыб в крови выявлено, что наибольшее содержание (превышение допустимых остаточных концентраций) характерно для сазанаи карася. Так,ее содержание в крови выше по количеству превышает ПДК в 15,7, 123 раза у реки Урал.

Распределение цинка в организме чехни находится равномерно . Содержание цинкамного не превышает ПДК.

По литературным данным Шабоянц Н.Г. и др. [6] в связи с тем, что на величину концентрации элемента в организме рыб оказывает существенное влияние не только биогеохимический состав водной среды, грунтов и других источников микроэлементов для гидробионтов, но и физиологические особенности, связанные с созреванием половых продуктов, когда наблюдается не только изменение процессов накопления элементов в системе окружающей среды - организм, но и активное перераспределение накопленных в предшествующий период элементов между его различными частями в организме рыб.

Выявленные закономерности распределения металлов в крови рыб обусловлены биологией и экологией выбранных видов. Таким образом, можно отметить видовую специфику в накоплении цинка. У карася в сравнении с сазаном, обитающим здесь же, концентрация цинка в несколько раз больше. Выявленные закономерности в распределении металлов в крови рыб согласуются с литературными данными [7]. Так, в работе М.Ф. Вундцеттеля и Н.В. Кузнецовой [8] выявлено, что карась, ведущий придонный образ жизни, отличается более высоким содержанием цинка, чем сазан. Заглатывание вместе с организмами донных отложений, поедание водной растительности, в которых аккумулируются тяжелые металлы, способствуют их большей концентрации в крови придонных рыб.

Активное накопление цинка обусловлено тем, что этот элемент имеет двойную генетическую систему регуляции у рыб. Цинк входит в состав более двухсот ферментов, участвующих в метаболизме белков, углеводов, липидов и нуклеиновых кислот. Цинк концентрируется преимущественно в органах, контактирующих с внешней средой, а также репродуктивных органах.

После завершения совместного исследования было проведено опрос по вопросу «Достаточно ли на ваш взгляд, проводится лабораторных работ в курсе "Зоология"?» до проведение эксперимента по изучению морфологического состояние и микроэлементного состава в крови рыбы реки Урал и после завершение эксперимента для группы Б/п 29 и контрольной группы Б-22.

Полученные результаты показаны на таблицах 3, 4 и на рисунках 2, 3.

Таблица 3 – Ответы студентов группы Б/п 29 и Б-22 ЗКГУ им. М.Утемисова до проведения эксперимента

Ответы	Б/п 29- экспериментальная		Б-22- контрольная	
	кол-во	в %	кол-во	в %
"да"	10	67	10	67
"не знаю"	3	20	5	33
"нет"	2	13		



Рисунок 2 – Ответы группы Б/п 29 и Б-22 (в %)

По таблице 3 можно сказать, что по ответам группы Б/п 29 и Б-22 находятся почти на одинаковой уровне по отношению к предмету биология и проводимых лабораторных работ.

В таблице 4 указаны результаты после эксперимента.

Таблица 4- Ответы студентов группы Б/п 29 и Б-22 ЗКГУ им. М.Утемисова после проведения эксперимента

Ответы	Б/п 29 - экспериментальная		Б-22- контрольная	
	кол-во	в %	кол-во	в %
«да»	12	80	10	67
«не знаю»	2	13	3	20
«нет»	1	7	2	13



Рисунок 3 – Ответы студентов группы Б/п 29 и Б-22 после проведения эксперимента

По данным результатом следует, что исследовательская работа проводимые с группой Б/п 29 показали хорошие показатели по отношению к предмету «Биология», а также развило больше интереса к науке.

Опыт работы показывает, что освоение студентами умений осуществлять исследовательскую деятельность развивает у них такие личностные качества как инициативность, готовность осуществлять учебную деятельность творчески.

В заключение следует отметить, что освоение в ходе изучение определение микроэлементного состава на практике исследовательских умений полезны, а часто и необходимы при выполнении различных научно-исследовательских работ: самостоятельных, курсовых и выпускных квалификационных. Указанная методика обеспечивает мотивацию студентам для успешного сочетание практических методов обучения; сочетание индивидуальных и групповых видов организаций деятельности студентов; использование условий природной среды стимулирующей формирования исследовательских умений студентов. Замечено, что выпускники факультета успешно применяют полученные знания и умения, при организации работы зоологических, экологических, экскурсионных кружков школьников. Итак, проведение зоологических практик является важной частью подготовки учителей-биологов. Их воспитательный и развивающий эффект может быть

значительно усилен путем целенаправленной организации исследовательской деятельности студентов.

Литература:

1. Государственный образовательный стандарт высшего профессионального образования. Специальность «Биология». – Алматы, 2005.

2. Мягкова А.Н. Общая методика преподавания биологии в средней школе. – М : Посвящение, 1985. – 191 с.

3. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. – М : Пищ. пром., 1966. – 372 с.

4. Иванова Н.Т. Атлас клеток крови рыб. – М.: Лег. и пищ. пром-сть, 1983. – 110 с.

5. Усачева И.Г., Ярных А.М Ветеринарная лабораторная практика. – М.: Сельхозиздат, 1963. – 432 с.

6. Шабоянц Н.Г., Шипулин С.В., Мелякина Э.И. Сравнительная характеристика микроэлементного состава некоторых органов осетровых рыб в прудовых условиях // Вестник АГТУ. Сер.: Рыбное хозяйство. – 2010. – № 1. – С. 144-148.

7. Чупров С.М., Вышегородцев А.А., Васильева С.Г. Микроэлементы в тканях рыб как индикаторы состояния вод Красноярского водохранилища // Тез. докл. I Всесоюз. конф. по рыбохозяйственной токсикологии. Ч. 2. – Рига, 1989. – С. 194-196.

8. Вундцеттель М.Ф., Кузнецова Н.В. Содержание тяжелых металлов в органах и тканях рыб реки Яхрома // Вестник АГТУ. Сер.: Рыбное хозяйство. – 2013. – № 2. – С. 155-158.

Рустенов А.Р., Жигербаева А.У.

Студенттердің бойындағы зерттеушілік дағдыларды омыртқалылар зоологиясы курсында жайық өзеніндегі балықтардың микроэлементтік құрамын зерттеу арқылы дамыту

Ғылыми мақалада студенттердің бойындағы зерттеушілік дағдыларды Жайық өзеніндегі балықтардың қанындағы микроэлементтер мен физиологиялық-биохимиялық құрамын зерттеу арқылы дамыту қарастырылады.

Тірек сөздер: Микроэлементтер, мырыш, зертттеу, қа, экспедиция, морфологиялық өлшем, оқу сараманы, омыртқалылар зоологиясы.

Rustenov A. R., Zhigerbaeva A.U.

Development of research skills for students at study of microelement composition of pisces of the river of ural on zoology of vertebral

The article is devoted to the development of research skills in students when learning elemental composition and fizologo-blood biochemical composition of fish River in the Urals.

Keywords: Trace elements zinc, research, blood, expedition, morphological measurements, internship, vertebrate zoology.

***

ӘОЖ 37.035.6:512.1

Дүйсенбаев А.Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қазақ-Орыс халықаралық университеті
E-mail: adk7575@mail.ru

ТҮРІК ЭТНОСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМНІҢ ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫН САҚТАУДАҒЫ СОЦИОИНТЕГРАТИВТІК РОЛІ

Аңдатпа. *Ғылыми мақаланың негізгі проблемасы түрік этносы тәрбиесіндегі патриоттық сезімнің ел тұтастығын сақтаудағы социоинтегративтік ролін зерттеуге арналады. Сонымен қатар түркілік*

отансүйгіштік дәстүр негізіндегі патриоттық тәрибие берудің өзекті мәселелері жан-жақты ғылыми талданып, ғылыми-әдіснамалық бағыттары туралы сипаттама беріледі.

Тірек сөздер: *Социоинтегративтілік, Қазақстандық патриотизм, патриотизм, патриоттық сезім, патриоттық тәрбие, ата-жұрт, архетиптік діл, архетиптік діл, географиялық орта, генофонд.*

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында көрсетілгендей бүгінгі таңдағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өрлеуі мен рухани-мәдени дамуының алғы шарты, оның маңызды буыны – Қазақстан азаматтарының бойында бұрыннан тегімізде бар. Патриоттық сезімді қалыптастыру. Біз тегіміз – *түрік,* дініміз – *ислам,* тіліміз – *қазақ* этноспыз. Түрік тектес халықтардағы патриоттық сезім – елдің тұтастығы мен мемлекеттілігінің бірізділігінен, рухани-әлеуметтік саладағы тұғырлы өркендеуінен көрініп отырған. Бүгінгі Қазақстанның әлемдік жаһандану процесінен өзіндік орнын айғақтауын қамтамасыз ететін негіздердің бірі де патриоттық тәрбие болмақ. Қашан да, қандай да ұлт, немесе, мемлекет болмасын, оған алдымен ел бірлігі мен тұтастығы қажет екендігін адамзат тарихы әлдеқашан-ақ дәлелдеген. «Патриотизм ұғымының құрылымы эмоционалдық-сезімдік, саналылық (интелектуалдық) және мінез-құлықтық (әрекеттілік) бағыттардың органикалық бірлігінде көрінеді» [1, 10 б.].

Патриотизмнің функцияларының ішіндегі басты қызметі социоинтегративтілік, яғни, ұлттық ынтымақтаса бірігушілік бүгінгі әлемдік прогресс пен тарихи дамудың диалектикасын орнықтырады. Осыны жіті пайымдаған Президент – патриоттық тәрбиені қалыптастыруға баса көңіл бөліп, оның тарихи сана арқылы құрылатын қырына: «Біз тарихи жадымызды жаңғырту арқылы ұлттық мақтаныш сезімін, қазақстандық патриоттық сезімін орнықтырамыз» [2] – деп ерекше мән берген.

Ғылым тарихында патриоттық тәрбие жөнінде теориялық-әдіснамалық зерттеулер аз емес, оған философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыда берілген анықтамалар да әр түрлі. Мысалы: «Қазақстандық патриотизм дегеніміз – Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттардың отансүйгіштік сезімі мен бірлігі» [3, 13-14 бб.]. Мұнда патриоттық тәрбие мен бірлік идеясы көтеріліп, болашақтың жарқын образын барлық ұлттардың бір сезімге ұйысуымен көрсететін, Қазақстандық ел бірлігі, тұтастандыратын қастерлі феноменді құрмет тутудың ортақ мүддесі ашылады. Ал К.Н. Меңлибаевтың патриоттық тәрбие идеясы «тілді, мәдениетті және халықты, немесе, халықтың тарихын, Отанды сүю сезімдерінің жоғарылығы»,- дей келе, ұлттық рухани құндылықтарды бағалаудағы эмоционалдық сезімнің жоғары болуы қажет деп есептейді[4, 13-14 бб.]. Ал В.И. Андреев: «патриотизм – тұлғаның Отанына сүйіспеншілігінен көрінетін, ұтымды дәстүрлерді, өз халқының құндылықтарын, өзінің ұлттық мәдениетін, өзінің жерін сақтау мен күшейтуге ұмтылуы және игере білуіндегі рухани-құлықтылық, азаматтық және дүниеге көзқарастық сапалардың синтезі» деп түсіндіреді [5, 128 б.].

Патриоттық тәрбие тұлғалардың әлеуметтік сезімі мен саяси, моральдық принциптерін біріктіретін ауқымы кең ұғым. Патриоттық тәрбиенің мазмұны мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси, психо-педагогикалық,

әскери-техникалық, рухани-құлықтылық және физикалық компоненттерді біріктіреді. Жеке тұлғаның бойында патриоттық сананы қалыптастырудың теориялық деңгейін зерттеушілеріміз бүгінгі Қазақстандық патриотизм турасында оның төмендегідей бағыттарын атап өтеді:

- қазақ ұлтын, ана тілін, мұсылман дінін, туған жерін жанындай сүйетін, қорғай білетін;
- қазақ ұлтын әлемге танытатын;
- қазақ халқына деген отансүйгіштігі, бауырмалдылығы жоғары;
- отандық өнімдерді, ұлттық тағамдарды әрқашан тұтынатын;
- қазақтың ырымдары мен тыйымдарын берік ұстанатын;
- қазақтың салт-дәстүрлерін қастерлейтін және үнемі насихаттайтын;
- қазақтың отансүйгіштік әндерін тыңдайтын;
- мемлекеттік рәміздерді қасиет тұтатын және қорғай білетін;
- отансүйгіштік ой-санасы жетілген, ары таза;
- қазақ батырларының ерлігін, үлгі өсиетін өнеге тұтатын т.б.

Патриоттық тәрбие концептуализмі тарихи-мәдени түркі және қазақ халқының болмысымен бірге жасасып келе жатырған тұтастық екендігін жете түйсінген зертеушілеріміз оның генезисін шартты түрде мынадай хронологиямен сипаттап көрсеткен: «Ғұндар мен сақтар дәуіріндегі елжандылық; Түркілер дәуіріндегі ұлтжандылық; Алтын орда кезеңіндегі ел мен жершілдік; Қазақ хандығы тұсындағы ұлтын сүюшілік; Ресей бодандығы кезеңіндегі ұлттық сана; Кеңестік патриотизм; Қазақстандық ұлтжандылық» [6, 18 б.].

Патриоттық тәрбие сол ұлттың бойында мәңгілік сақталған және сақталатын этноатрибут. Бұл ұлтпен бірге жасасатын табиғи-биологиялық сипаты бар құбылыс. Сондықтан, ұлтжандылықтың басқа қырларынан бұрын бастапқы болып табылатын табиғи және биологиялық құрылымдарын ажыратып алуымыз керек.

Патриотизм өзінің құрылымы бойынша *материалдық* және *рухани* негіздерге бөлінсе, материалдық негізді: *табиғи* және *биологиялық* деп ажыратуға болады. Табиғи: тобырлық инстинкт, географиялық орта факторы, стихиялы топтасу мен қауымдасу, шаруашылық-кәсіптік орта т.б. Ал биологиялық негіз: этностық тип, генетикалық туыстық, архетиптік діл т.б. бастап, ұлттық тағамға дейін жалғасады.

Патриотизмге берілген анықтамалардың ішіндегі: «Патриотизм – елжандылық, әр адамның өз еліне, Отанына деген табиғи махаббаты»,-деген тұжырымға тоқталар болсақ, осындағы «табиғи» деген түсінік: патриотизмнің жаратылыстық заңдылық деңгейіндегі, адам эволюциясы мен ұлттардың дифференциаялануындағы табиғаттық объективті мазмұнын білдіреді. Патриотизмнің жоғарыда көрсетілгендей, жаратылыстық құрылымына тоқталсақ, алдымен тобырлық инстинкті атап айтуға болады. Биоэволюциядағы барлық тіршілік иелері: жалғыз-оқшау және топтасып өмір сүретін екі топқа бөлінеді. Олардың топтасуы бейсаналы түрде инстинкт бойынша жүзеге асатындықтан процесс ұйымдасқан түрде жүрмейді. Сондықтан, психолог-философ ғалымдарымыз адамдар мен хайуанаттарға ортақ: ұрпақ қалдыру, аналық инстинкт, өзін-өзі сақтау т.б. қатарына тобырлық инстинкті қосады. Адам да биологиялық тіршілік етуі бойынша топтасып өмір сүретін түр. Адамдардағы осы инстинктік топтасу спецификалы антропологиялық дамуға қарамастан жоғалып кетпей,

керісінше, кейінен әлеуметтік-мәдени формаға ауысады. Себебі, адам өзінің биологиялық табиғатынан алшақтай алмайды, демек, топтасу оның инстинктік бағдарында орныққан. Осы бағдарланған ұйымдасу мен топтасу актісі ұлтжандылықтың алғышарты, негізгі шығу тегі болып табылады. Бұл процестің өркендеген, генетикалық туыстыққа негізделген формасынан - ұлт, этнос пайда болады. Топтасу: табиғи-биологиялық және мәдени-әлеуметтік сатылардан өткеннен кейін, саяси-рухани деңгейге көтеріледі, бұны – қазіргі ұлтжандылық иерархиясына өту деп тұжырымдауымызға болады. Демек, қазіргі ұлтжандылықтың терең түпкірінде биологиялық топтасу инстинктісі жатыр. Бұл инстинкт стихиялы топтасу мен қауымдасу сатысынан ресми түрде саналы-парасатты деңгейдегі ынтымақтастыққа дейін көтеріледі.

Патриотизмнің биологиялық қырының тағы бір ерекшелігі – географиялық орта факторы. Яғни, белгілі генетикалық тұтастық өзіндік ортасын, тіршілік ететін аймағын белгілеп, географиялық ландшафт бойынша түзіледі. Бұл сол аймақтағы халық пен табиғи орта арасында өзара қатынас жүйесін жасайды. Мәселен, бұл принцип философия мен психологияда «географиялық детерминизм» деп аталса, әлеуметтік педагогикада – «макрофактор», «мегафактор» деген түсініктермен беріледі. Мәселен, этнопедагогика саласына белгілі деңгейде еңбек сіңірген энциклопедист ғалым Шоқан Уәлиханов та сыртқы ортаның сол жердегі адамдардың мінез-құлқына әсерін баяндайды. Осыдан сан мыңдаған жылдар бойғы сол жерде тіршілік еткен халық, немесе, ұлт жергілікті физикалық кеңістігін әлеуметтік-рухани кеңістікке, яғни, өзінің *туған жеріне* айналдырады. Міне, сондықтан да кейбір ұлтжандылықты зерттеуші ғалымдарымыз оған берген түсініктемелерінде «Туған жеріне махаббат» деген ұғымдарды да қосып отырған. «...Сахараның кеңдігі қазақтарға іс-әрекет еркіндігін берген. Еркін адам құдайға да құлшылық етуден бой тартып, әрекет еркіндігін сақтаған”, - деп тұжырымдаған ойшылдарымыз да туған жердің сүйіспеншілдігіне бағытталған негіздерін аша түседі [7, 146 б.].

Жалпы алғанда, «ғылымда қоршаған ортаның адамға тигізер әсері мол екені бұрыннан айтылып жүрген жай. Ұлы дала, оның ерекше географиялық жағдайы, флорасы мен фаунасы, оны мекендеген халықтардың өмір салтына, жалпы тіршілігіне, мәдениетіне, діни наным-сенімдеріне, дүниетанымына зор әсер еткен» [8, 24 б.].

Ұлттық өнегелілік дүниетанымда осы географиялық кеңістіктің фетиштік сипаттамасы - «Қара Жер – Көк Аспан» жұптарының құрметтелуі арқылы көрініс береді. «Қара» қасиетті, қастерлі, құрметтеуге тиісті бағалылық деген мағыналарды білдіре келіп, кейіннен ол – Жер Анаға ауысқан. Осыған байланысты қазіргі медициналық-биологиялық ғылымдар адамның сол қара жерден қуат алатындығын да атап өтеді. Сондықтан Қазақ халқының тіршілік ету дәстүрлерінде өзінің туған жері қасиетті «Дала» феноменін туғызған. Яғни, біздің даламыз – байырғы қазақ халқының ұлдары мен қыздарының тұлғалылығын қалыптастыратын адам ресурсының шарты болып есептелген. Бұларға қоса, патриоттық тәрбиені қалыптастырудың географиялық орта факторын оның адамгершілік тәрбиесімен де ұштастыратын пікірлерді мысалға алуға болады: «Сары даланы өмір сахнасы етіп, ат үстінде айшылық жерге сапар шегетін қазақтың жолшыбай ұшырасқан адаммен туысындай шұрқырасып табысып, жолшыбай

кездескен ауылға өз үйіндей еркінсіп түсуі, ең алдымен сол далада тіршілік құрудың кепілі болған. Сондықтан да бұл далада адамды жатсынбау, бауырмал болу – көшпенді өмір салтының бұлжымас заңына, бұзылмас әдет-ғұрпына айналған» [9, 35 б.].

Осы геофизикалық кеңістікті қорғауға ұмтылатындардың әрекетін патриоттық тәрбиенің нәтижесі ретінде танып, құрмет сезіммен қарау қазақ сахарасында қалыптасқан көне Зорастризмдік принциптерден бастау алатындығын әлемдік зерттеуші ғалымдарымыз да атап өтіп жүр: «Древнеиндийская эпоха с ее почти не замутненной перспективой духовного мира еще не умела развить любовь к земле. Только в Персии, под строгим водительством Заратуштры, человек научился смотреть на землю как на свою родину и ощущать труд на ней как содержание своей жизни» [10, 13 б.].

Жер мен елді құрметтеуді қазақ халқы: «Кіндік қаны тамған жер», «кіндік кескен жер», «ата-жұрт» *(ата-бабамыздың жерленген жері- авт.*) деп бағалаған. Сондықтан қазіргі педагог ғалымдарымыз да «туған жер» эмоционализмін қазақ дүниетанымындағы сакральды «Атамекен» атауымен алмастыра отырып, осы ұғым арқылы патриоттық тәрбиені қалыптастырудың теориялық, ғылыми-педагогикалық негіздерін де жүйелі саралаған [11, 26 б.].

Географиялық ортаға бейімделуден туындаған патриоттық тәрбиенің тағы бір табиғи құрылымы – кәсіптік орта болып тарихи-экономикалық түрде қалануына байланысты. Кәсіптік-шаруашылық орта ұлттың өмір сүруі мен тіршілік етуінің негізгі көзі, сондықтан қазақ халқы мал шаруашылығын өзінің этникалық дәстүріне айналдырып, ол шындығында мыңдаған жылдардан бері өзінің өміршеңдігін көрсетіп келеді.

Байырғы замандардан жалғасқан осы Жерді құрметтеу идеясы патриоттық тәрбиенің қазіргі кезеңінде геосаяси аймақ - территорияны қорғауға трансформацияланған. Демек, бұл қазақ халқындағы патриоттық тәрбиесінің ерекше бір қыры - ел мен жерді қадірлеу ұстынының көнеден сабақтастып келе жатырған өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Жоғарыда атап өтілгендей, патриоттық тәрбиенің биологиялық құрылымындағы: этностық тип пен генетикалық тұтастық ұлтжандылық сезімнің байырғы ұлт қалыптасқаннан бергі тарихнамалық негіздері бар екендігін айғақтайды. Халық даналығы бұны: «қарға тамырлы қазақ», «түбі бір түркі елі» деп қысқаша тұжырымдайды. Көптеген халықтар мен этностарда кездесе бермейтін руға жіктелу дифференциациясы, қазіргі шежірелік модельдер халқымыздың әуел баста біртұтас генофондық негіз бойынша тарамдалғандығын білдіреді. Психологтар атап өткендей, «жақынға махаббат», яғни бұрыннан қалыптасқан бауырлары мен туысқандарына деген жан ашырлық сезім мен сүйіспеншілік халық көбейген соң кеңірек өрістей бастаған. Патриоттық тәрбиенің осы бастапқы туысқандық сезім ядросының генетикалық формада жалпыланған макропериферияcы. Осы генетикалық тұтастық «қазақ» деген халықтың қалыптасуының негізгі факторы, бүгінгі замандағы Қазақстан деп аталатын мемлекеттің құрылуының биологиялық алғышарты.

Қазақ халқының генетикалық қалыптасуының тамырларына үңілген ғалымдарымыз: мәселен, Оразақ Смағұлұлы: « жиырма ғасыр бойғы жүрген процесс: европоид пен монголоидтың біріккен түрі – тураноид, оның ішінде қазақстандық нұсқа»- деп көрсетсе, Гүлнар Святова: « гендерде мутация

жүру үшін бірнеше ұрпақ алмасуы керектігін» айтады, Қ.Серікқызы: «...бір қазақтың қанын алып өмірге келген екенсің, бар қазақтан қашсаң да құтыла алмайсың. Ағзаңда жасырынған қазақы код – генді қайда қоясың»,-деп тұжырымдайды [12].

Аталған тұжырым эмоционалдық тұрғыдан айтқанда, «рухы орыс, тәні қазақ» болып табылатын, өзінің қазақ екендігіне өкінетін және мойындамайтын симбиоздық ұлт өкілдеріне қатысты жауап болса керек. Қазіргі аралас некелерде де генетика дәлелдегендей, ата-анасының қайсысының гені күшті болса, ұрпағы соның генін алады. Бұны тарихымыз көрсеткендей, көне замандардағы қытай мен ғұндар қақтығысынан бастап, монғол-татар шапқыншылығы кезіндегі олардың қыпшақтарға сіңісіп кетуі, 260 жылдай орыстардың отарлауында болған қазақтардың «қазақ» күйінде қалуы т.б. байқауға болады. Яғни, бұл биогенетикалық кодтың тұрақтылығы халықтық дүниетаным тұрғысынан айтқанда – таза қандылықтың сақталуы, мәдени-әлеуметтік негіз бойынша - ұлттық рухтың мықтылығы болып саналады. Сондықтан, қазақ халқы осы генетикалық тазалықты сақтауға айрықша мән берген: «Жеті атадан бері қыз алыспау», яғни, инцесттің болмауы. Этноэволюцияда ұлттар өзінің геникалық тұтастығын сақтауға тырысады, біздің халқымызда да ол басты құндылыққа айналған құбылыс. Осы құбылыс генетикалық бауырмалдықпен ұласып, ұлтжандылық сезімді дәйекті орнықтырған.

Осы айтылғандардың негізінде биологиядағы түрлердің сақталуы үшін орындалатын табиғи заңдылық – изоляциялық механизм принципі қоғамдағы патриоттық тәрбиенің биорегулятивті этноизолюциялық социодарвинистік жүйесімен алмастырылады деп пайымдауымызға болады [13, 288-289 бб.]. Бұл патриоттық тәрбиенің феноменінің адамзат қоғамындағы көпұлтты жүйенің табиғи түрде сақталуының өздігінен реттелетін механизмін іске асыратын құрал ретінде де айқындалатындығын көрсетеді. Демек, біз бұдан патриоттық тәрбиенің табиғи-объективті негіздері бар мәдениеттенген,
әлеуметтенген құбылыс екендігін пайымдаймыз және оны қазіргі заманғы Қазақстанда қалыптастыру мен орнықтырудың дидактикалық-өнегелілік тәсілдерін ұсынуға тиіспіз.

Патриоттық тәрбиенің биологиялық негіздерінің бірі - архетиптік діл (*менталитет*). Ұжымдық бейсаналылық теория бойынша ұлттық архетиптер, яғни, ата-бабамыздың ой-санасы бүгінгі таңда оның ұрпақтары, «біздердің» бейсанымызда жалғасын тауып отырады дегенді білдіреді. Яғни, ұлттық дүниетаным мен мәдениеттің сабақтастығы – биопсихологиялық процесс. Қазақ мәдениетінің автохтондылығы ұлттық тұтас архетиптер жүйесін құруға мүмкіндік берді. Демек, ұлттық болмыс тұтастығы бүгінгі таңда да заңды жалғасын табатын, рухпен трансформацияланатын феномен. Сондықтан байырғы протоқазақтардан жалғасқан тұтас өмірлік қағидалар бүгінгі күні де санамызда елес береді, сәйкесінше патриоттық сезім де ата-бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған мәңгілік өсиеті, бұлжымас каноны.

Себебі, Қазақ халқында бұрыннан да қалыптасқан жастарды патриоттыққа тәрбиелеу жүйесі бар, олар патриотизмнің табиғи-объективті қажеттіліктері мен негіздерін басшылыққа ала отырып, оны өнегелілік принцип бойынша ұрпақтарының санасына сіңіріп отырған. Бұның бүгінгі

көрінісі - патриоттық тәрбиенің әлеуметтік институттар мен мемлекеттік деңгейде құру, яғни мәдени-әлеуметтік сферада ұлттық идея ұстанымы бойынша, саяси кеңістікте идеология түрінде орнықтыру.

Демек, ұлттық болмыс - органикалық тұтастық, бірін-бірі толықтыратын өзіндік жүйе екендігін ескерсек, оның сыртқы географиялық ортасы, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, киім-киісі т.б. этникалық рухпен және ұлттық дүниетаныммен кіріктіріліп жатыр. Олай болса, қазақтардың азық-түлік ассортиментіне дейін ұлттық рухтың толыққанды сақталуын қамтамасыз ететін факторға жатады. Мәселен, мұсылмандық «халал» принципі, адамның психологиясы мен дүниетанымының азық-түлік арқылы қалыптасатын қырына аса мән беруден, исламдық менталитетті сақтаудан туған шара. Қазақ халқындағы осындай мінез-құлықтың детерминизмі - «жылқы мінезді», «дініне берік» деген түсініктермен қысқаша тұжырымдалады, немесе, сойылған малдың мүшесін дастарханда үлестіре білу дәстүрлерінен анық байқалады. Демек, бүгінгі таңдағы ұлттық идея қоғамдық деңгейдегі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани мәселерден бастап, ұлттық тағамдар арқылы ұрпақтарымыздың бойына сіңірілетін этникалық рух пен патриоттық тәрбие мәселелеріне дейін жалғасатындығына басты назар аудару керек деген қортынды жасауға болады.

Патриоттық тәрбиенің табиғи-биологиялық негіздерін сипаттау ұлтжандылық сезімді орнықтырудың әдіснамасы мен әдістерін, оны қоғамдағы жастар арасында қалыптастырудың концептуалды негіздерін ұсынуға шарт болып табылады. Өйткені, патриоттық тәрбие дегеніміз – табиғи-әлеуметтік негіздер бойынша қалыптасқан ұлттың тұтас болмыс-бітімін бағалау, құрмет тұту және халқына деген сүйіспеншілік пен оның болашағына ортақтаса білу сезімі.

Сондықтан оның табиғи-биологиялық негіздері өздігінен реттелетін мәдени-әлеуметтік регулятивті болғанымен, осы обьективтілікті патриоттық тәрбиенің шарттарын теориялық-практикалық түрдегі әлеуметтік шаралармен ұштастыру қажет. Осы негіздер патриоттық тәрбиенің қалыптастыру мен өрістетудің алғышарты, тұғырлы негізі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Рысбекова Р.М. Қазақ халық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру / Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 26 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық // Қазақ әдебиеті. – 2008. – №23 (3079). – Б. 1.

3. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: Особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 248 с.

4. Менлибаев К.Н. Роль национальных традиций в патриотическом воспитаний / Автореф. канд. филос. наук. – Алматы: Институт философий НАН РК, 1995. – 19 с.

5. Андреев В.И. Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития. – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – 373 с.

6. Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары / Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Атырау, 2006. – 29 б.

7. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 220 б.

8. Тайжанов А. Жабайхан Әбділдин Қазақстан философия мектебінің негізін салушы. – Алматы: Ғылым, 2003. – 39 б.

9. Қазақ: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.

10. Хуземан Ф. Об образе и смысле жизни. – М.: Энигма, 1997. – 144 с.

11. Кенжебаева Р. Оқыту үрдісінде халық педагогикасы арқылы оқушылардың Атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру / Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Шымкент, 2005. – 26 б.

12. Серікқызы Қ. Осы қазақ қай қазақ // Қазақ әдебиеті. – 2008. – №12 (3068). – Б. 13.

13. Концепция современного естествознания: Хрестоматия. 2-е изд. / Сост. З.А. Мукашев. – Алматы: Аркаим, 2002. – 362 с.

Дуйсенбаев А.К.

Социоинтегративная роль патриотического чувства в сохранении целостности страны в воспитании тюркского этноса

Основная мысль научной статьи посвящается исследованию социоинтегративной роли патриотического чувства в сохранении целостности страны в воспитании тюркского этноса. Вместе с тем всесторонне анализируется актуальные вопросы патриотического воспитания на основе тюркских патриотических традиций, дается этнопедагогическое описание о его научно-методологических направлениях.

Ключевые слова: Социоинтегративность, казахстанский патриотизм, патриотизм, патриотическое чувство, патриотическое воспитание, предки, архетипный менталитет, географическая среда, генофонд.

Duisenbaev A.K.

Socio integrative role of patriotic feelings in preserving the country's integrity in the education of Turkic ethnos

The main idea of the article is devoted to the scientific study of the socio integrative role of patriotic feelings in preserving the country's integrity in the education of Turkic ethnicity. At the same time comprehensively examines current issues of patriotic education on the basis of the Turkish patriotic traditions, given Ethnopedagogical description of its scientific and methodological directions.

Keywords: Socio integrative, Kazakhstan patriotism, patriotism, patriotic feeling, patriotic education, ancestors, archetypical mentality, geographical environment, the gene pool.

***

УДК 371.263

Нурбекова Ж.К. – доктор педагогических наук, профессор,
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
E-mail: nurbekova_zhk@enu.kz

Джарасова Г.С. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор,
Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
E-mail: yulzhan@mail.ru

Токжигитова Н.К. – PhD докторант Евразийского национального университета
им. Л.Н. Гумилева
E-mail: Nurgul287@mail.ru

ОПЕРАЦИОННЫЙ КОМПОНЕНТ МУЛЬТИ-КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ ПО ВИЗУАЛЬНОМУ ПРОГРАММИРОВАНИЮ БУДУЩИХ ИНФОРМАТИКОВ

Аннотация. *В работе приведены анализ определения операционного компонента профессионального мышления будущих информатиков по визуальному программированию, приведена структурная модель результатов обучения визуальному программированию.*

Ключевые слова: *Операционный компонент, визуальное программирование, содержание образования, результат обучения.*

В педагогических исследованиях методология воспринимается в разных определениях. Методика обычно понимается как совокупность методов, приёмов практического выполнения чего-либо или конкретизация отдельного метода, в то время как методология является научной основой деятельности.

Заметим, что результаты обучения программированию являются многомерными. Учебные достижения студентов по визуальному программированию охватывают как сформированные компетенции у студента, так и непосредственные результаты программирования - программные продукты – по которым также можно судить об уровне учебных достижений. Поэтому процесс оценивания учебных достижений должен включать разные методики и критерии для объективной оценки достижения студентов в области визуального программирования. С этой целью в мы ранее предлагали решения проблем применения мульти-критериального анализа при оценивании учебных достижений студентов [1; 2].

Тогда как типовые процессы принятия решений, реализуемые в самых различных областях деятельности, имеют много общего, поэтому в ходе оценивания учебных достижений студентов также важно учитывать некоторую универсальную «типовую» схему процесса принятия решения, устанавливающую наиболее целесообразный набор и последовательность действий. Один из видов такой схемы нами предложен в рисунке 1, эту схему предлагаем рассматривать не как жесткий алгоритм выработки и принятия управленческого решения, а как логическую и наиболее приемлемую схему действий менеджера в часто встречающихся проблемных ситуациях.

Рисунок 1 – Типовая схема принятия решений

На практике применяются различные способы оценивания учебных достижений обучающихся – текущий, рубежный, итоговый контроль, итоговая аттестация, государственная аттестация, внешняя оценка учебных

достижений. Тем не менее, большинство способов оценивания учебных достижений обладают такими недостатками, как субъективность принятия окончательного решения, негибкость (невозможность применить способ в изменённых условиях), невозможность учесть все значимые результаты обучения, а также игнорирование методов современной теории принятия решений [3], из-за чего принимаемые решения часто оказываются недостаточно обоснованными.

Качественное обучение возможно при правильном построении образовательной программы. Нами был исследованы основные компоненты обучения в подготовке будущих информатиков. Содержание образовательных программ подготовки будущих информатиков проектируется, в основном, на предметных областях информатики (табл. 1).

Рассматривая Computer Science как основную и определяющую часть информатики, совместная рабочая группа ACM и IEEE-CS в результате исследовании по рекомендациям и учебным планам по этой дисциплине выделяют девять предметных областей, в целом охватывающих всю дисциплину как науку и как область человеческой деятельности.

В целях устранения недостатков нами предлагается мульти-критериальная модель к оцениванию учебных достижений студентов, который основан на построении математической модели принятия оптимального решения одновременно по нескольким критериям, каждый из которых характеризует конкретный аспект квалификационной характеристики будущего специалиста. Мы изучали концептуальный, операционный и логический компоненты обучения в подготовке будущих информатиков.

Концептуальный компонент обучения в подготовке будущих информатиков включает содержательную часть обучения, обеспечивающую достижение образовательных целей. Логический компонент обучения в подготовке будущих информатиков составляют методы обучения. Операционный компонент обучения в подготовке будущих информатиков включает методы организации процессов обучения и контроля знаний. Изучение профессиональных функции будущих информатиков дополняет целостность рассматриваемой компоненты подготовки будущих информатиков. В соответствии с заявленной темой данной работы, мы далее опишем операционный компонент обучения в подготовке будущих информатиков касательно визуального программирования.

Исходя из того, что профессиональная компетентность представляетсобой совокупность компетентностей в различных областях науки и техники, мы зафиксировали профессиональные, а затем и предметные области, в которых будущий информатик решает профессиональные проблемы и типичные профессиональные задачи. Как известно, профессиональными областями будущего информатики является предметная область информатики.

Таблица 1 – Содержание подготовки будущих информатиков

компонен	**Цель**
	Подготовка бакалавров, способных использовать методов и процессов сбора, хранения, обработки, передачи, анализа и оценки информации для принятия решении производственных задач с применением компьютерных технологий

	Принципы обучения					Содержание обучения		Формы и методы обучения				
	Принцип проективности	*Принцип рекурсивности*	*Принцип индивидуальности*	*Принципы прочности, объективности*	*Принцип всесторонности*	Алгоритмы и структуры данных	**Операционный компонент обучения**	*Проектное обучение*	*метод виртуального моделирования*	*Диагностический метод, в т.ч. **мульти-критериальное оценивание***	*метод компьютерных технологий*	**Логическая компонента обучения**
						Архитектура						
						Искусственный интеллект и робототехника						
						Базы данных и информационный поиск						
						Человеко-машинный интерфейс						
						Численные и символьные вычисления						
						Операционные системы						
						Языки программирования						
						Методология и технология программирования						
						Иная область, изучающая проблемы исследовательского характера (математика, философия и т.п.), в т.ч. формирующие компетенции: - Умение видеть задачу одновременно на разных уровнях детализации - Умение представлять себе проектируемый процесс в динамике - Наличие комплексного мышления - Культура собственного труда - Владение интеллектуальными средствами						
	Результаты обучения Разработка систем большого объема Создание системного и инструментального программного обеспечения Разработка качественного и эффективного программного продукта Разработка программ на основе подхода открытых систем Применение системного анализа Способность определить архитектуру программы											

Очевидно, что будущие информатики должны обладать компетентностью в области визуального программирования на специализированном уровне (узкоспециализированном уровне), в смежных областях: алгоритмы и структуры данных. Архитектура, искусственный интеллект и робототехника, базы данных и информационный поиск, численные и символьные вычисления – на общепрофессиональном уровне [4]. При этом подтверждается аргумент В.И.Байденко, что компетенции меняют свое доминирующее положение, и «в зависимости от специальности компетенции «переливаются» друг в друга, «перемещаются», «смещаются» [5]. Что касается ключевых компетенций,приведем точку зрения Ю.Г. Татур [6]: «наиболее очевидным представляется, что для специалиста-профессионала надо выделять ключевые компетенции по видам егопрофессиональной деятельности, плюс предложить ввести в состав ключевых компетенцийеще ряд таких как (общенаучная, коммуникативная, социальная и др.). Но он не должен владеть этим на уровне

профессиональной компетентности. Эти знания могут стать когнитивной составляющей общенаучной или общекультурной компетентности».

Приведенные заключения позволяют нам принять в качестве приоритетныхследующие принципиальные позиции (рис. 2):

1. Основанием классификации компетенций служит структура циклов дисциплин ГОСО и типовых учебных планов специальности.

2. Ключевые компетенции будем выделять, исходя из аргумента, что, они являются универсальными, «относятся к общему метапредметному содержаниюобразования» (общему для всех дисциплин) [6], и специалист должен владетьими на уровне профессиональной компетентности, а не только и нестолько на общечеловеческом, общекультурном уровне.

Общепрофессиональные компетенции будем выделять по видам профессиональной деятельности и обобщенным профессиональным задачам, соотнесеннымис этими видами деятельности, в существующих стандартах носящихсистемный, комплексный и междисциплинарный характер.

3. Специализированные компетенции должны иметь конкретное описание врамках дисциплин профилирующего цикла.

4. С учетом того, что компетенции, проявляясь в поведении, деятельности человека, становятся, как отмечает И.А. Зимняя [7], его личностными качествами, свойствами, т.е. компетентностями, будем говорить о том, что общепрофессиональные компетентности должны отражать современное понимание основныхзадач профессиональной деятельности специалиста, а ключевые показывать пути их решения. Специализированные компетентности реализуют общепрофессиональные и ключевые применительно к специфике профессиональной деятельности специалиста конкретной специальности (по аналогии спонятиями ключевой, базовой и специальной компетентности согласно [6]).

5. Согласно существующим психологическим концепциям профессиональногоразвития специалиста в системе профессионального образования, формированиеего профессиональной компетентности происходит в четыре этапа:

Напервом развиваются ключевые компетентности в контексте будущей профессиональнойдеятельности;

На втором – обучающийся «погружается» в профессиональныезадачи, осваивает способы их решения, которые содействуют становлениюобщепрофессиональной компетентности на основе ключевой;

Натретьем – формируется специализированная компетентность на основе развитой общепрофессиональной;

и затем наступает этап, на котором развивается специализированная компетентность [6, с. 136].

При этом профессиональную компетентность специалиста будем понимать как совокупность ключевых, общепрофессиональных и специализированных (в том числе узкоспециализированных) компетентностей.

Рисунок 2 – Взаимосвязь между сопостовляющими визуального программирования и ГОСО РК (бакалавриат)

На основе данного подхода, структурную модель результатов обучения визуальному программированию будущих информатиков (в обобщенном виде) можно графически представить рисунком 3.



Рисунок 3 – Структурная модель результатов обучения визуальному программированию будущих информатиков

Структурная модель результатов обучения визуальному программированию будущих информатиков позволила нам определить перечень дисциплин, которые могут наиболее эффективно обучать студентов визуальному программированию (табл. 2).

Таблица 2 – Содержание дисциплин, ориентированных на формирование у студентов-информатиков компетенции по визуальному программированию

Название дисциплины	Результаты обучения
Теоретические основы визуального программирования	Способен написать программу на Ассемблер на основе принципов визуального программирования.
Визуальные среды общего назначения (4GL)	Осваивая общие принципы в работе компьютера и устроиств, умеет связать все програмные среды и языки программирования (MS Access, Visual BASIC, C++Builder и др.)и можеть создавать современную проектную программу в системе управления базами данных.
Специализированные визуальные среды	Применяет свои творческие способности в создании мультимедийных приложений и анимации. На основе Web языков можеть создавать программные приложения.
Интегрированные среды разработки (IDE/3GL+)	Обладает навыками создания программ для современных мобильных платформ.

Применениемульти-критериального оценивания в подготовке будущих информатиков позволяет достичь следующих целей:

- своевременное выявление сформированности базовых знаний студентов по предметным областям информатики, сохраняющих постоянства в монотонной связи с новыми знаниями;
- оценивание сформированности навыков и способностей студентов к быстрой адаптации к изменению предметной области информатики;
- анализ течения учебного процесса путем применения в качестве наглядностей образовательных ресурсов, созданных самими студентами;
- обеспечение продуктивности диагностирования учебных достижений обучающихся с применением простых к анализу материалов обучения и контроля;
- создание условий для освоения функции программистов с целью обеспечения устойчивости результатов обучения в течение всей жизни.

Литература:

1. *Tokzhigitova N., Nurbekova Zh., Jarassova G.QED'16: Technology Advanced Quality Learning for ALL: International Conference. – Sofia, 2016. – P. 88-94.*
2. *Нурбекова Ж.К., Токжигитова Н К. Студенттердің визуалды программалау бойынша қабілеттерін мульти-критериалды бақылау кезеңдері // Вестник КазНПУ. Серия физико-математические науки. – 2016. – №4 (56). – Б. 206-212.*
3. *Ларичев О.И. Теория и методы принятия решений, а также Хроника событий в Волшебных странах: Учебник. Изд. второе, перераб. и доп. – М.: Логос, 2002. – 392 с.*
4. *Нурбекова Ж.К. Теоретико-методологические основы обучения программированию: Монография. – Павлодар, 2004. – 225 с.*
5. *Байденко В.И. Концептуальная модель государственных образовательных стандартов в компетентностном формате (дискуссионный вариант) // Материалы ко второму заседанию методологического семинара. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки пециалистов. 2004. – С. 20.*

6. Литвиненко М.В. Проектирование результатов подготовки специалистов в условиях модульной системы обучения: Методическое пособие. – М : Изд-во МИИГАиК, 2006. – 60 с.

7. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М : Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 42 с.

Нурбекова Ж.К., Джарасова Г.С., Токжигитова Н.К.

Болашақ информатиктерді визуалды программалау бойынша оқытудың нәтижесін мульти-критериалы бағалаудың операционды компоненті

Мақалада визуалды программалау бойынша болашақ информатика мамандарының кәсіби ойлаудың операционды компоненті анықталып, талдау көрсетілген, визуалды программалауды оқыту нәтижелерінің құрылымдық моделі ұсынылған.

Тірек сөздер: Операционды компонент, визуалды программалау, білім беру мазмұны, оқу нәтижесі.

Nurbekova Zh., Jarassova G., Tokzhigitova N.

The operational component of multi-criteria evaluation of learning outcomes in the field of visual programming of future informatics

The paper provides an analysis of the definition of the operational component of professional thinking of future informatics on visual programming, a structural model of learning outcomes for visual programming is given.

Keywords: Operational component, visual programming, content of education, learning outcomes.

***

ӘОЖ 347.61

Ергалиева Г.А. –педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: E77ASK@yandex.ru
Конарова Б.Б. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: Bekzat.konarova@mail.ru

ОТБАСЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа. *Мақалада отбасының бала тәрбиесінде алатын орны, махаббат пен жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттердің дұрыс қалыптасуына негіз болатын бағыттары қарастырылады. Отбасы ұғымына анықтама беру, оның атқаратын қызметтерін нақтылау, отбасындағы қарым-қатынас мәселерін талдауда көптеген зерттеулерге теориялық шолу жасалаған. Сонымен бірге қарым-қатынас нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамитындығы зерттелініп, әр жеке тұлғаның қалыптасуында жетекші факторлар беріледі.*

Тірек сөздер: *Отбасы, қарым-қатынас, тұлғааралық қарым-қатынас, ізгілік, махаббат, мейірім, адамгершілік, қиянат, дұрыс әрекет, тыныштық, қайғыру.*

Отбасы баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы. Осы ортада баланың өмірдің мақсаты, оның құндылықтары, не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар меңгеріледі және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуға дағдыланады. Сөйтіп, өзінің «кім» және «қандай» екенін, басқалардың «кім» және «қандай» екенін тәжірбиеде сынап байқап көреді.

Балалар отбасында әртүрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Отбасы психологиясын зерттеушілер А.Г. Харчев, А.Н. Антонов, З.И. Файнбург, Д.Горборинко оның функцияларын ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау критерий қалыптасуымен бірге қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық ұғымдарын меңгереді деген тұжырымдар жасады.

Қазақстан Республикасының Конститутциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп, отбасының міндеті нақты көрсетілген.

«Қазақстан-2050» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі айтылған. Сонымен бірге, отбасы туралы заң жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген [1].

Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелер саны азайып, бала саны да кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени экономикалық жаңғырулар, әр түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Қазіргі аналардың көпшілігі жұмыс жасайтын болғандықтан бала уақытының көбін пассивті тәрбиешілермен өткізеді. Бала тәрбиесі қалалық отбасына тән болып отырған келесі ерекшеліктерімен шартталған: балалардың көбісі күннен күнге ұлғайып отырған айырылысулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өседі; теледидар, жеке бөлме т.с.с. өркениеттің жетістіктері балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындатады.

Қарым-қатынас адамзат өмірінде аса маңызды роль атқарады. Қарым-қатынас нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамитындығы әр жеке тұлғаның қалыптасуында жетекші факторлардың бірі болады. Қарым-қатынас барысында өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу арқылы адамдар арасында сенімді кең ауқымды эмоциялар арқылы екі немесе бірнеше психологиялық жүйе не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, өзара түсіністік, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдісі іске асады (А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, Қ.Жарықбаев, Ж.Ы. Намазбаева, С.М. Жақыпов, М.Мұханов) [2, 3-4 бб.].

Отбасы ұғымына анықтама беру, оның атқаратын қызметтерін нақтылау, отбасындағы қарым-қатынас мәселерін талдау көптеген зерттеулерде орын алған. Отбасы қызметінің ортақ топтамасы немесе жіктемесі де жетік түрде толық жасалмаған. Г.М.Свердлов және В.Л.Ресенцев (1958) отбасының маңызды қызметтерін ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету түрлерін жатқызған. Ата-ананың отбасылық ықпалы туралы өз еңбектерінде А.Ю. Гавит, Э.А. Тийт қарастырды, сонымен қоса некедегі сәйкестікке қатысты мәселелер де талданған [5].

Д.Горборино отбасын «адамзаттың тәжірибенің негізгі бірлігі» ретінде сипаттады [6, 17 б.]. А.Н. Антоновтың айтуынша, отбасы ата-ана бала қатынасын орнатады, ал неке болса ер азамат пен әйел адамның арасындағы қарым-қатынасты растайтын мойындау болып табылады. Ол отбасылық кеңістік аймағы үй, пәтер көңіл аударады, және де отбасының меншігі иен экономикалық негізі ата-аналар мен балалардың жалпы отбасылық іс-әрекетін болжайды [6, 65 б.].

Отбасылық қатынастар бойынша құрылған отбасы анықтамаларының ішінде А.Г.Харчевтің ұсынған анықтамасы бойынша – «отбасы - бұл жұбайлар арасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, оның мүшелері бір-бірімен некелік және туыстық қатынаспен байланысады, ортақ тұрмыс пен өзара адамгершіліктің жауапкершілікпен, қоғамның қажеттіліктеріне шартталынған әлеуметтік тәуелділікпен сипатталады» [1, 63 б.].

«Отбасы денелік өмір мен әлеуметтік ағза өмірінің арасында байланыстырушы звено» - деп берген А.Б.Харчевтың отбасы ұғымына анықтамасы жалпылама түрде болып табылады.Қазіргі кезде отбасы проблемаларының арасында ата-ана мен бала арасындағы қатынаста түсінбеушілік жиі орын алып, бір-біріне кешіріммен қарау процесікешеуілдеп,психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселе туындауда. Сондықтан отбасынды орын алған қиындықтарды шешуге көмек көрсету жолдарын жан-жақты зерттеу қажет болып отыр. Отбасы- адамның эмоциясы, уайымы, көзқарасы мен қатынасымен байланысты емес, ол - ерекше феномен. Отбасы феноменінің бір жолы оның құрылымын, тарихи уақыт талабына сай өзгеруін және бір отбасының өмірлік циклын логикалық түсіндірілуі. С.И. Голод (1998) пікірінше отбасы феноменінде құрылымдық өріс ерлі-зайыптылар және ата – ана мен бала қатынасы деп қарастырады. Отбасы –неке негізінде немесе қан жағынан туыстас шағын топ, олар өзара көмек көрсету, жауапкершілік алу және тұрмыстық жалпылылықта байланысады (Э.Г. Эйдемиллер, В.В.Юстицкий, 1990). Отбасы балаға ықпал етеді, оны қоғамдық өмірге жетелейді. Отбасының тәрбие институтты ретінде маңызды онда бала өз өмірінің маңызды бөліктерін өткізеді және де тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету ұзақтығы жағынан басқа тәрбие институттарына бой бермейді деп көрсетті Шужебева А.И. өз зерттеу жұмысында [6, 21 б.].

Жеткіншектердің тұлғалық дамуында ауытқулардың пайда болуының отбасы ішіндегі алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің методологиялық бағытына қарай жеткіншектерге отбасы ішілік құндылықтарды беру процесі, отбасы мүшелнрі арасындағы бірлескен әрекет пен эмоцияның өзара байланыстардың үйлесімділік механизмдерін қолдануға негізделеді.

А.Б. Харчев берген отбасы ұғымына түсініктеме неғұрлым жалпылама болып табылады: «Отбасы денелік өмір мен әлеуметтік ағза өмірінің арасында байланыстырушы звено болып табылады.Қазіргі таңда отбасы қызметінің ортақ топтамасы немесе жіктемесі жетік түрде толық жасалмаған.

С.Д. Лаптеноктың пікірінше, отбасының маңызды қызметтеріне шаруашылық –тұрмыстық, халықтың көбеюі, өз мүшелерінің демалысын ұйымдастыру, тәрбиелік жатады.

70-шы жылдары басты назар отбасындағы қарым-қатынас пен оның тұлға қалыптасу процесінде алатын орны туралы Б.П. Парыгин, А.Г. Харчев, ал әйел адамның кәсіби іс-әрекетімен отбасы жағдайындағы міндеттерін үйлестіре білу сипаты және де отбасы өміріне қалай ықпал етеді» деген тақырыптарда С.Голод, З.Янкова т.б. зерттеді.

З.И. Файнбург «отбасындағы эмоциялық жағдайлар, олардың отбасы ішілік қатынастың тұрақтылығына ықпалы,отбасының тұрақтылық жағдайы туралы Ю.Г. Юркеевич отбасы мүшелері арасында қысымның бөлу себептерін және А.М.Уматинов және т.б. зерттеді.

70-шы жылдардың аяғына қарай отбасы мен неке психологиясында неке жұптарындағы әлеуметтік-перцептивті үрдістерді зерттеп, анықтаған Ю.Е. Алешина, «қалалық отбасыларда некелік рольдерді бөліп беруді», З.И. Янкова және т.б. қарастырды. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастың даму заңдылықтарын саналы түрде түсіну талпыныстары жасалды,зерттегендер А.А. Бодалев, Н.Н. Обозов және т.б.

Қарым-қатынасындағы маңызды обьект бала. Бала қай жас ерекшелік кезеңінде болмасын, ол әрдайым отбасының яғни ата-ананың қамқорлығын қажет етеді.Сол кезеңнің бірі яғни бала өміріндегі толқымалы кезең жеткіншектік кезең.Жеткіншектік кезеңді қазіргі зерттеулер оның әртүрлі аспектілерін қамтиды: тұлға дамуының негізгі көздері мен механизмдері туралы зерттеген ғалымдар Фельдштейн Д.Л,Кондратьев және т.б. тұлғалық жаңа құрылымдардың ерекшеліктері туралы шетелдік ғалымдардан Кон И.С. Дубровина зерттеді, ал жас ерекшелік дағдарысының құрылымын зерттегендер Г.П. Гаврилова, Т.В. Драгунова және т.б, ал танымдық эмоциялық-еріктік және мінез-құлықтың ерекшеліктерін Кучинский ,жеткіншектегі өзіндік сананың құрылымы мен қызметі туралы В.В. Баруалкина тұлғаның анамальды даму механизмдері туралы Дозорцева Е.Г. сияқты ғалымдар зерттеді [7, 5 б.].

Жеткіншектерді зерттеуге психология ғылымындағы базалық теориялар мен концепциялар негізге алынады. Психиканың онтогенезде дамуы мен тұлғаның қалыптасуы жайлы Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьевтің ғылыми мектебінде қалыптасқан психикалық даму теориялары жеткіншек жасының ерекшеліктерін зерттеген негізгі жұмыстар және жеткіншектердегі тұлғаның дамудағы өзіндік сана сезімдерді зерттеген концепциялары Э.Берннің транактілік талдауы, С.М. Жақыповтың бірлескен диалогты танымдық іс-әрекет концепциясы зерттеудің методологиялық-теориялық негізін құрады.

Жеткіншектердің психикалық даму мәселелеріне қатысты Қазақстандық жұмыстар зерттеудің теориялық негізі мен мәнділігін құрады. Жеткіншектер жайлы қазақстандық мына ғалымдар зерттеді: С.М. Жақыпов, Қ.Б. Жарықбаев т.б. [8, 51 б.].

Т.К. Күнсәмова өз зерттеу жұмысында жеткіншектердегі агрессиялық мінез-құлықты өзіндік сана сезімдерді құрайтын негізгі компоненттері өзіндік бағалау және өзіндік реттелу мен өзара байланыста қарастырған. Педагогикалық-психологиялық көп қолданылатын психокорекциялық жұмыстарға негізделген топтық оқыту әдісі,яғни психологиялық-педагогикалық тренингтер арқылы жеткіншектердегі агрессиялық мінез-құлықты азайту мен оның өзіндік бағалау мен өзара байланыс ерекшеліктері

жан-жақты зерттелген. Зерттеу жұмысында белгілі ғалым Э.Берннің трасактілік талдау концепциясы арқылы жеткіншектердегі эго күйлердің белсендірудің негізінде олардағы агрессиялық мінез-құлықты өзгертудің психологиялық ерекшеліктері қарастырылады.Жұмыста экспериментік топтың сыналушылары «полигон балалары» деп аталатын әлеуметтік статусы бар жеткіншектер болды,яғни «радиациялық былғанған» аймақтардағы балалардың агрессиялық мінез-құлық ерекшеліктері теориялық-эксперименттік зерттеу барысында зерттеледі. Зерттеуде жеткіншектердің өзіндік бағалау, өзіндік реттелу эго күйдің белсендендірілуі мен агрессиялықтың өзара байланысын психологиялық-педагогикалық тренинг арқылы зерттеу және агрессиялықты азайту үшін психокорекциялық жұмыстардың мүмкін жолдарын көрсетті.

Т.М. Шалғынбаев «мінез –құлқы дезадаптивтік жасөспірімдердің кісілік қасиеттері мен кісіаралық қатынастар ерекшеліктері мен оларды келтіру атты жұмысында» мінез-құлқы бұзылған жасөспірімдердің кісілік қасиеттерінің даму ерекшеліктерін және олардың кісіаралық қатынастар жүйесінде көріністерін кешенді түрде психологиялық зерделеу,сондай-ақ психологияныҚ көмек көрсету мазмұнын жасау болып табылды. Зерттелу барысында тәрбиеленуі қиын жас өспірімдердің кісілік қасиеттерінің даму ерекшеліктері анықталған.

А.И. Шужеваева пікірінше «көптеген қақтығыстар, эмоциялық қызбалық,шапшаңдық, агрессия мен жағымсыз жақтардың көрінуі, мейірімсізділік арқылы пайда болатын көптеген қақтығыстар балаларды келісімге келуге іскерлік, жағымды әрі түсіне алатын бола білуге,құрдастарымен серіктестік қарым-қатынасқа түсе білетін іскерліктерге арнайы оқыту жағдайында шешілуі мүмкін. Баланың әлеуметтік дамуы ата-аналармен құрылатын дамушы жағдаймен анықталады. Жас ерекшелік құрылымдар сенімді кезекпен қалыптаспайды.

Жеткіншектердің мінез-құлқын өзіндік реттеу механизмдері танымдық іс-әрекеттер мен байланысты, зейіннің көлемі, интенсивтілігі, орнықтылығы арқылы зерттеу барысында мына жағдайлар анықталды:жеткіншектердегі қалыптасқан ерік күші мінез-құлықтағы ішкі субьективті позициямен байланысты болады және өзіндік реттелуге әсер етеді. Эмоциялық өзара қатынас мінез-құлыққа әсер етсе де субьективті көз-қарасқа келгенде қақтығыс екінші орынға түседі, олардың әсері сол ұстанған көз-қарасы арқылы сындырмауы деген пікірде Т.К. Күнсләмова.

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлықарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелкй және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата-аналар бірлестігін, бір-бірін қолдаушы ата-аналар күшін құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Отбасы сонымен қатар дамушы әлеуметтік жүйе болып табылады. Қоғамдық және мәдени ортаға енетіндіктен, барлық болып жатқан жағдайлар отбасының қызмет атқаруына ықпал етіп отырады. Отбасына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерге, жалғызбасты ересектердің көпшілігі, неғұрлым кеш некеге тұру; туылудың азаюы; әйел адамдардың жұмысқа араласуы; толымсыз

отбасылар және аралас отбасылар және де кедейлік жағдайда өмір сүріп жатқан отбасылар баршылық [9].

Отбасы-нақты өмірлік құндылықтарды, түсініктерді, қоғаммен өзара қатынаста бағыттар бірлігін білдіретін адамдар бірлестігі, мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты бірлестігі,мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты некенің мазмұны, формалары және тұрақтылық критерийлерін болжайды. Отбасы психологиялық ерекшеліктерден тұратын шағын топ ретінде әлеуметік психологияның зерттеу нысаны болып табылады.Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлықарды меңгере бастайды.

Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесіде тұлға аралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Отбасы қарым-қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсінстік, бірінің екіншісіне бойсынуы, бірінің екіншісін құптауы сенімді қарым-қатынасының қазіргі кездегі басты ерекшелігі әр тұлғаның мейлі балалары, мейлі ересектері болсын,иағлұмат байлығы (информационное богатство)болып, өзара қарым-қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығыуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар. Отбасы мүшелеріне қарым-қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байланыстарын нығайта түсетін аса маңызды сфера мақсаты. Отбасын материалдық қамсыздандыру мақсатындағы бірлесіп еңбек ету,нәтижесіне ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым-қатынас алдымен, отбасы иелері әке мен шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі. Бұдан басқа әке мен ұл анасы мен қызы, бір туғандардың бірлесіп, бір мақсатта еңбектенуі өзара түсіністікті нығайтатын ас маңызды қарым-қатынас екені педагог, психолог ғалымдар тарапынан дәлелденген.

Қарым-қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым-қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері)адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой-санасына, қылық жорығы, жүріс-тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады [10].

Жеткіншек жас кезеңі адам тұлғасының қалыптасыуында маңызды кезең болып табылады. Дәстүрлі түрде бұл кезең тәрбиелік қатынасқа қиындықтар тудырытын кезең болып табылады. Ғылыми білімдер жүйесінде жеткіншектерді зерттеумен байланысты мәселелер кешеніне көп көңіл бөлінеді, мәселелер әртүрлі деңгейде және мазмұнда болады. Осы жас кезеңдегі даму көздері, жағдайлары және механизмдерін танып білу тұтастай дамудағы онтогенетикалық заңдылықтарды ашуға негіз бола алады.

Отбасылық психоаналитикалық терапия: Психоаналитикалық отбасының терапияның қатысушыларының тұрғысының (қазіргі шындық негізінде) бұрынғы бейсаналы қатынастар негізінде емес, толыққанды сау тұлғалар ретінде әрекеттесуге дайын болатындай етіп өзгеруі болып табылады. Психоаналитиктер бақылау мен тыңдауды таңдап, бос талқылауды кенет сұрақтармен тоқтатады.

Отбасы жүйелі психотерапия: Қазіргі уақытта жүйелі бағытталу ең кең ұсынылған перспективті, экономикалық мақсатқа бағытталған және терапевтикалық тиімді отбасы терапия бағыты болып есептеледі. Жүйелі отбасы психотерапиясында отбасы құрылған байланыстарды сақтау мен эволюцияға талпынатын бүтіндік жүйе ретінде қарастырылады. Отбасының пайда болуы дамудың заңдылықты дағдарысынан өтеді (некеге тұру, ата-ана отбасынан айырылуы, жүктілік баланың туылуы, баланың мектепке дейінгі / мектеп мекемелеріне түсуі, олардың мектепті бітіруі және өзінің өмір жолын таңдауы, ата-аналардан ажырау, ата – анасының зейнетақыға шығуы және т.б.) әсіресе осы тіршілігінің бөлігінде отбасы бұрынғы тәсілдер мен жаңа мәселелерді шешуге қабілетсіз болғандықтан өздерінің бейімделуіне реакцияларын күрделендіру қажеттілігінің алдында тұрады.

Жаңа отбасы психотерапиясының негізігі қадамдары келесідей:

1. психотерапевті отбасымен бітіру;
2. психотерапевтикалық сұранысты тұжырымдап айту;
3. отбасылық қатынастарды реконструкциялау;
4. психотерапияның аяқталуы мен бөлінуі.

Бағдарламалық отбасылық психотерапия. Бұл отбасылық психотерапияның әдісі “мәселені шешуші” деп аталады. Өз жұмысында бұл бағыттың психотерапевтері отбасы мүшелерінің жекелік ерекшелігіне шоғырланбайды. Бұл ыңғай белгі бөліктері мен отбасыға аз қызығушылыққа шектен тыс зейінмен сипатталады. Бағдарламалық бағыттың мәні мәселені шешу үшін бағдарламаны өңдеу болып табылады, себебі отбасындағы өзгеріс бұзылыстың себептерін түсіну отбасында маңызды.

Жанұяның имплицитті теориясы: Жанұяны әртүрлі тұрғыдан қарстыру немесе кеңес беруде жанұяның әртүрлі теориялық моделіне сүйенеді. Дегенменде, бұл модельдер ашы түрде көрініп, тұрмайды, бірақ ауытқуы мен қалыптылық осыларға байланысты болады. Л. Г. Люсик жанұялық терапияға әртүрлі жол табатын “Жанұялық теория” мақсатында үлкен зерттеу жүргізілді. Жанұяны зерттеушінің құрған кеңесі немесе болжамы жанұялық теориялық моделінен ғана емес, ондағы қалыптасқан жанұяның имплицитті моделіне де байланысты. Бұл психотерапияның тиімділігі бұл мақсаттар мен интерпритациялар клиенттер үшін қаншалықты қалыпты болып саналады соған байланысты. Бірақта вербальді деңгейде біз өзіндік мақсаттың, стереотиптің, клиенттің тұлға екендігінде деген сыйластықтың жоқтығын, сонымен қоса өмірлік тәжірибесі бар, өз мақсаты мен құндылықтарын әрқашанда ұғына бермейтін тірі одан болып қала береді.

Жанұяны қатаң ғылым объектісі ретінде қарастыратын әлеуметтанушылардың өздері де “жанұялық өмірдегі тұлғалық тәжірибе сыналушылардың шынайы еместігі мен өз өзін қоғауы жанұялық қарым-қатынасты зерттеуге құлшыныс білдіруге кедергі жасайды “ деп айта кетеді.

Адам өз жанұясының бір бөлігі болып табылады, ол онда туды, соның ішінде дамыды, адамдар мен әлемді өзінің жанұялық тәжірибесін негізге ала отырып талқылайды. Біреулер үшін бұл басты құраушы ұқсастық. Үстелге берілетін тағам, өмірлік жағдайлар мен мейрамдарды қалай атап өту керек; жанұяныың құндылығы қандай, балаларды күту, оларды руханиялыққа, жауапкершілікке, билікке, тәуелсіздікке, уақытқа қарым-қатынасы қандай. Осының бәрі олардың жанұялық мұрагерлігі мен мәдениетін көрсетеді. Эмоционалдық жүйемен бағалап отыру арқылы жанұя балада әлеуметтік әлемдік бейнені құрады.

Андреевтің Г.М.көптеген зерттеулеріне жүгінсек "әлеуметтік ақпараттық барлық жұмыстың тәсілдері" қалай десек те балалық шақ та жанұялық шақта құрылады: белгісі тек схема әсіресе скрипта немесе тұлғаның имплицитті теориясы өте ертедегі өмірлік тәжірибеден өседі. Әлемді тану әлеуметтік танудың жемісі ғана емес, оның шығушы бөлігі: жанұяда баладағы тану мен мінез –құлық схемасы әлемдегі бейнеде бар белгілі бір нәрседен берліген. Бірақта, Д.Фрименмен келісетін болсақ, некелік жанұя құру әлеуметтену процесінің алғашқы сатысы болып табылады. Нәтижесінде жұбайлардың құндылықтарымен қатынастарының белгілі бір жүйеде өңделу болып табылады. Бұл процесс мінез-құлықта реттеліп отыратын үміт пен мақсатта қалыптасу мен көзге көрінеді. өзінің жиынтығында олар жанұялық нормалар деп аталып, жанұя мүшесінің әрқайсысының мінез-құлқына және жанұялық жүйеге өз ықпалын тигізеді. Бұл өз кезегінде жанұя мәдениетінің сипатын және әлеуметтік бақылау қызметін орындауда жанұя мүшелері қандай мінез-құлықты дұрыс, ненің бұрыс деп айтатынын анықтайды.

Жанұя феномені сияқты күрделі әлеуметтік мәдениетті зерттеуде әртүрлі ғылыми тәсілдер бар: функционалды, империкалық, саментистикалық. Жанұядағы өзара қарым-қатынасты түсіну мен зерттеу өз кезегінде жанұяға психологиялық көмек көрсетудің тәсілін ұсынады. Олардың ішінде: құрылымдық, коммуникативті, психоаналитикалық, гуманистік бағыт, биолого-психологиялық. Біз бәрінен бұрын жанұяның тұтасорганизм ретінде қарастырған жүйе ретінде қарастырғымыз келеді. Жанұяның жүйелілік түрде қарастыруды М.Боэн ұсынды, ол адам мінез-құлқының табиғи-ғылыми теориясын дамытты. Оның көзқарастары Беарталансидың ұсынылған жалпы теориялық жүйемен негізделді. А.В. Черниковтың айтуынша тура осы теория психотерапевтік практикада өзіндік терапевтік бағытта жанұяның терапияның жақсылап дамуына көп еңбегін тигізді.

Имплицитті теория: Тұлғаның имплицитті теориясын 1954 жылы Дж. Брунер мен Р.Тагиури ұсынды, Аистың болжауынша адамда мінез-құлықтың әртүрлі стпаты бар. Одан әрі бұл түсінік кеңейіп дәстүрлі және альтернативті деген екі тәсілге ие болды. Дәстүрлі-тәсіл тұлғадағы имплицитті теорияны барлық адамда бар, яғни, басқа адамның психологиялық ұйымдастыруын бақылау (белгісіз бақылаушы ретінде жүру).

Қорыта келе, қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық жаңғырту процестері, білім беру саласындағы оң өзгерістер аталмыш проблемаларды шешуге, отбасылық тәрбиенің әлеуетін арттыруға берік негіз болады.

Отбасылық өмірдің барлық тәртібі ықпалымен өсетін адам тұлғасының адамгершілік және қоғамдық бағыттылығы, оның құндылықты бағдары мен

психологиялық тұғыры қалыптасады. Отбасы тәрбиесі мазмұнын анықтайтын ең маңызды құндылықтар: отбасы, отбасы әдет-ғұрпы мен дәстүрлері, баланың отбасына құқығы, қарашаңырақ, шежіре, әке және ана, әкенің және ананың беделі, ата-ана махаббаты мен қамқорлығы, баланың отбасында қорғалғандығы, қарттарға, кішілерге, науқастар мен мүгедектерге қамқорлық жасау осы үдерісті жетілдіруге толықтай өз үлесін қосады.

Әдебиеттер:

1. *Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» даму стратегиялық бағдарламасы. – Алматы: Білім, 2012. – 96 б.*
2. *Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 348 б.*
3. *Мұханов М Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982. – 247 б.*
4. *Луначарский А.В. О воспитании и образовании. – М., 1976. – 299 с.*
5. *МакаренкоА.С. Ата-аналар кітабы. –Алматы, 1968. – 378 б.*
6. *Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.*
7. *Василюк Ф.Е. Психология переживания. – М.: МГУ, 1984. – 200 с.*
8. *Баркан А.И. Практическая психология для родителей, или как научиться понимать своего ребенка. Его Величество Ребенок – какой он есть. – М , 1999. – 429 с.*
9. *Мұханбетжанова Ә.М, Иргалиев А.С, Мұханбетчина А.Г, Отбасы – тұлғаны дамыту мен тәрбиелеуде әлеуметтік-мәдени ортасы ретінде. – Орал, 2013. – 60 б.*
10. *Шарафадин А.А Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын артырудың педагогикалық шарттары / Автореф. дис. на соис. уч. степ. канд. психол. – 2004. – 144 б.*
11. *Обухова Л.Ф. Семья и ребенок: психологический аспект детского развития: Учебное пособие. – М., 1999 г. – 166 с.*

Ергалиева Г.А., Конарова Б.Б.

Роль семьи в воспитании ребенка

В статье рассматривается роль семьи в воспитании ребенка, любовь и сострадание как основа для правильного формирования сознательных и подсознательных действий. Расскрывается содержание понятия «семья», отмечены основные функции семьи, сделан теоретический обзор исследований о семейных отношениях. Также рассматриваются межличностные связи в результате общения, приводятся базовые факторы в формировании индивидуальности.

Ключевые слова: Семья, отношение, межличностные отношения, доброжелательность, любовь, доброта, человечность, злонамеренность, спокойствие, горевать.

Ergalieva G.A., Konarova B.B.

The role of the family in raising a child

The article considers the role of the family in the upbringing of the child, love and compassion as the basis for the proper formation of conscious and subconscious activities. The content of the concept "family" is disclosed, the main functions of the family are noted, a theoretical review of research on family relations is made. Interpersonal relations are also considered as a result of communication, basic factors in the formation of individuality are given.

Keywords: A family, attitudes, interpersonal relationships, benevolence, love, kindness, humanity, malice, tranquility, to grieve.

***

ӘОЖ 37.012:17.022.1

Кусаметова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Муханбетчина А.Г. – педагогика ғылымдарының кандидаты,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Бозғұланова Н.Е. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистранты
E-mail: b.nazgul@bk.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АУДИТОРИЯДАН ТЫС ҚЫЗМЕТТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. *Мақалада педагогикалық имидж, оның кәсіби қызметтегі алатын орны жайындағы сұрақтар, оны қалыптастыру барысындағы студенттердің аудиториядан тыс қызметтерінің маңыздылығы туралы баяндалады.*

Тірек сөздер: *Имидж, педагог имиджі, имидж құраушылары, кәсіби сапа, аудиториядан тыс қызмет, студенттер клубы.*

Жақсы педагог-оқытушы қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек. Бәсекеге қабілетті Қазақстанның қарышты экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білімділік. Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті. Сол білім мазмұнының негізгі кілті есебінде мұғалімдерді алуға болады.

Қазіргі заман педагогының кәсіби іс - әрекетінің табысты болуы көбінесе оның имиджіне байланысты болып келеді. Басқа мамандық иелеріне қарағанда педагог мамандығы ерекше, себебі ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында жүретін тұлға. Имидж – сіздің бойыңыздағы талантыңыздың жарқырап ашылуы, өзіңіз туралы жақсы пікір қалыптастыру жолы, американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі мен оның карьерасымен тікелей сабақтас.

Кәсіби мамандығын жан-жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек. Педагог үшін өзін көрсете білу, ұнау, өзі туралы жақсы пікір қалдырудың маңызы зор. Тартымды имидж: айналасындағы адамдардың көңілін аулау кепілі; кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты. Әрбір педагог оның жасына және қызмет өтіліне қарамастан өз білім алушылары алдында беделді болғысы келеді, өйткені ол педагог үшін, әрі оны танытатын өлшем, әрі оған және пәнге қатынас жүйесі және оның үкімділігін көрсету дәрежесі, және оны қоршағандардың оған сый құрметінің көрсеткіштері.

Педагогтың жеке басына қызықпаса білім алушылардың оқу іс-әрекетіне қызығушылықтары да болмайды. Себебі, педагогтың өмірінің жартысы білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар олардың жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесетін оқу орнында, білім алушылардың көз алдында өтеді. Әлеуметтік және жастық шақтан алған әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Оған ұқыптылық, кәсіби стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады.

Имидждің құрылымына сыртқы бейне, вербальды және вербальды емес қарым-қатынас құралдарын пайдалануы, ішкі «Мен» сезімінің кәсібі бейнесіне ішкі сәйкестігін жатқыза аламыз. Жағымды сыртқы бейнені құруда оның барлық құраушылары маңызды рөл алады: мимика, дауыс күші мен тембрі, киім үлгісі, қимыл, мәнер.

Сыртқы бейне өзіне сырттың назарын аударуға, жағымды кейіп қалыптастыруға, өзін тек қана әдемі ғана емес, сонымен бірге керемет педагог ретінде көрсетуге көмектеседі. Педагог тұтастай сыртқы бейнесі арқылы үлкендерді де, оқушыларды да өзіне икемдей білуі керек. Оның тұла бойында ішкі бай жан-дүниесі мен оқушыларына деген қамқорлық пен сүйіспеншілік үйлесім табуы шарт. Педагогтың алдындағы білім алушылары сүйікті ұстаздарының ең әуелі киім үлгісін өздеріне үлгі ретінде алады. Киіну әдебіндегі ең басты қағида: әдемі көріну – қоршаған адамдарға деген құрметтің белгісі. Сырт бейнеге қойылатын талаптар педагогқа өзінің кәсіби имиджін жақсартып, жетістікке жетуіне мүмкіндік береді. Шынайы педагог сырт бейнесі арқылы түр-сипатын емес, кәсіби дағды-қабілеттері мен сапасын, ақыл-ойын көрсетеді.

Вербалды және вербалды емес қатынас құралдары имидждің маңызды құрамдарының бірі болып табылады: қалай сөйлеу керектігі, адамды өзімізге қалай баули алуымыз, жүргенде, тұрғанда, отырғанда қандай дұрыс қимыл-әрекеттер мен мимикаларды қолдана білуіміз.

Ішкі «Мен» сезімінің кәсібі бейнесіне сәйкестігі педагогикалық имидж бөліктерінің ең бастысы ретінде алынады, себебі, өзге адамдарға ұнау және оларды өзіне тарта білу кәсіби қарым-қатынастағы басты қажеттілік.

Имидждің педагогтың мінезі мен көзқарастарына, ішкі ұстанымдарына сай келуі де маңызды міндет атқарады.

Ішкі бейне – педагогтың мәдениеті, шынайылығы мен еркіндігі, баурап алуы, эмоционалдылығы, әсемдігі, ассоциативті пайымдауы, сабақ барысындағы күтпеген жерден шығатын жарқын шешімдері, шығармашылыққа деген ішкі бағыттылық және басқалары [1, 8 б.].

Имиджді қалыптастыру үдерісі білім алушылардың өзін-өзі шыңдауын, өз көзқарастарын, бағалауын әлеуметтік және кәсіби мақұлданған құндылықтарға сәйкес келтіріп отыруын қамтамасыз етеді. Студенттің өзімен жұмыс жасай алуы оның болашақта кәсіби имиджін сауатты жасай алатын маман болатынын көрсете алады.

Педагогикалық имидж мәселелерімен алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыда зерттеушілік қызметпен айналысқан отандық, әрі шетелдерге белгілі ғалымдардың бірі А.А. Калюжный өзінің еңбегінде: «Педагогикалық имиджді қалыптастыру мәселесіне педагогикалық қызметке келмей тұрып біраз уақыт бұрын көңіл аударған жөн», - деп жазады [1, 13 б.]. Осы ұсынысты негізге алар болсақ, онда ЖОО-дағы педагогикалық қызметке аяқ басқан студенттердің өз болашақ имидждерінің іргетасын университет қабырғасында білім алып жүрген кезден бастағандары абзал.

Болашақ педагог мамандарды тәрбиелеу дегенде көпшілік орта оқу орындарындағы «бір жолғы» тәрбиелік іс-шараларды айтуға болады. Олар әрине белгілі бір дәрежеде студент тұлғасының кейбір тұстарына ықпал еткенімен олардың өзін педагог маман ретінде сезінуіне әсері жоқтың қасы. Сол себепті педагогикалық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындарындағы барлық іс-шаралар университет студенттерінің бойында болашақ мамандығына тән қабілет, қасиет, сапаларды дамытып, қалыптастыруға жүйелі түрде бағытталуы тиіс [2, 4 б.].

Көбіне білімнің сапасы ретінде оның мақсаты мен нәтижесінің бір-бірімен сәйкес келуі анықталады. Білім берудің нәтижелік-мақсаттық негізі

соңғы онжылдықта маманның құзыреттілік моделі контекстінде қарастырылады. Жоғарғы оқу орнындағы кәсіби білімнің сапасының негізгі көрсеткіші кәсіби құзыреттілікті дамытуда жоғары деңгейге ие мамандардың дайындалуынан көрінеді. Сол жоғары деңгейлі мамандарды дайындауда аудиториядан тыс қызмет түрлерінің алар орны ерекше.

Студенттік кезең дербестік пен жауапкершілік уақыты болып табылады. Студент атануға дейін білім алушылар мектеп кезеңінде өзін-өзі ұйымдастырудан белгілі бір тәжірибе мөлшерін жинақтайды. Сол себепті де университет қабырғасында жүргізілетін аудиториядан тыс қызмет өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру секілді жұмыстар арқылы өз жалғасын табуы тиіс.

Жан-жақты ізденуші және білім алушы, өзін үнемі кәсіби қырынан жетілдіріп отыруға ұмтылушы ретінде студенттің аудиториядан тыс бос уақытын тиімді, әрі пайдалы етіп ұйымдастыру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Адам өміріндегі бос уақыттың алар рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Кез-келген адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт - олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Студенттің бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру - қазіргі жоғары білім беру ұйымдарының алдына қойылып отырған үлкен мәселелердің бірі деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бос уақытты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғылымдардың назарын аударып отыр, өйткені қоғамымыздағы әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасына да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етуде.

Әлеуметтік және кәсіби жетілу білім алушының оқу қызметімен қатар оның оқудан тыс, яғни, аудиториядан тыс қызметке қатысуына да тікелей байланысты. Оқу қызметі ең алдымен кәсіби білім мен дағдыларды меңгеруге, кәсіби бағыттылықтың, когнитивті сферасының, тұлғаның кәсіби сапаларының дамуына бағытталады. Әлеуметтік маңызды сапаларсыз болмайтын кәсіби жетілуді қалыптастыруда оқу (аудиториялық) және аудиториядан тыс қызметтерді бірлікте алған жөн. Аудиториядан тыс қызмет қоғамдық пайдалы бағыттылықты ұстануы шарт.

Аудиториядан тыс қызмет - бұл білім беру-дамыту үдерісіндегі студенттердің сабақтан тыс уақытта педагогикалық қолдау шарты негізінде кәсіби бағытталған іс-әрекеттерге белсенді қатысымын айқындайтын қызмет түрі болып табылады. Сонымен қатар ол студенттердің ерікті түрде таңдайтын, бос уақыттарында ұйымдастырылатын кәсіби қызметке дайындық құралдарының бірі.

Аудиториядан тыс қызметті ұйымдастыру функцияларын өз мойнына студенттік өзін-өзі басқару ұйымы, кураторлар, факультет және ЖОО-ны басшылығы ала алады. Олардың басты қызметтері болашақ мамандардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, әрі олардың бойында болашақта қажет болатын кәсіби қасиеттер мен сапаларды қалыптастыруға әсерін тигізу.

Студенттердің аудиториядан тыс қызметтерін зерттеу мәселелерімен И.Попова, Н.Н. Азизходжаева, Р.В. Дружинина, Р.М. Каримова, З.У.

Омарова, А.В. Казьмерчук, И.Н. Айнутдинова, С.Г. Тажбаева секілді отандық және шетелдік ғалымдар айналысты. Олар аудиториядан тыс қызметті жан-жақты қырынан қарастыра отырып, нысан ретінде алғанымен, зерттеу пәндері ретінде оның кәсіби сапаларды қалыптастыруға әсері, тұлғаның дамуына әсері, тәрбие құралы және студенттердің әлеуметтенуіне тигізер пайдасы сияқты проблемаларын зерттеді.

Аудиториядан тыс қызметтің студенттердің қызығушылықтары мен сұраныстарын толық мөлшерде қамтамасыз етуге беретін мүмкіндіктері зор. Өз зерттеу еңбегінде орыс ғалымы В.И. Попова «Оқу процесін ұйымдастырудағы әлеуметтік шарттандырылған міндеттердің шешімін табуында студенттің өзі қызығатын қызметтерде субьект ретінде өзін көрсетуіне мүмкіндік беретін тәжірибелік-бағытталған студенттердің аудиториядан тыс қызметтерінің алар орны ерекше», - деп атап өткен болатын [3, 4 б.].

Аудиториядан тыс қызмет формалары мазмұны жағынан әртүрлі, әрдайым күрделеніп отыратын, студенттердің позицияларын жай қатысушыдан белсенді, негізгі қатысушыға айналдырып (ауыстырып) отыратын болуы тиіс. Аудиториядан тыс жұмыстардың кейбір түрлері мен формалары ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

1. Кештер мен апталықтар - үйірменің жыл бойы атқарған жұмыстарының нәтижесін көрсетудің өзіндік формасы;

2. Клубтық қызметтер - студенттердің белгілі бір бағыт бойынша білімдерін, дағдыларын дамыту, кәсіби сапаларын жетілдіру, түрлі мамандыққа сәйкес ерекшеліктерге тәрбиелеу;

3. Байқаулар - бұл студенттің белгілі бір ғылымға, спортқа, өнерге деген қызығушылығын арттыру немесе ең жақсысын таңдау мақсатында жекелей немесе ұжымдық өздіктерді анықтау үшін тиімді.

4. Ғылыми-зерттеу қызметтері - студенттердің ғылыми конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, әлеуметтік-педагогикалық оқылымдарға, ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысуы;

5. Болашақ педагогтарды кәсіби тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар (студенттердің сабақтан тыс оқушылармен жұмыс жасаулары, педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуы, педагогикалық кинозал жұмыстары, т.б.);

6. Студенттік өзіндік басқару қызметтері – студенттердің оқу және факультет жұмысына, университет басшылығымен тікелей басшылықта бола отырып араласуы;

7. Волонтерлық қызмет (түрлі әлеуметтік акциялар өткізу, балалар үйлеріне бару, мүгедектер мен зейнеткерлерге әлеуметтік көмек көрсету, т.б.);

Студент үшін аталған формалардың ішінен өзінің жекелік маршрутын таңдап алуы өте маңызды. Жекелік маршрут – бұл алдын-ала белгілі бір мақсатқа бағытталған, негізделген, құзыреттілікке, ересек тұлға болуға көзделген жол. Әрбір жекелік маршрут кез-келген студент үшін өзінің қызығушылықтарын қанағаттандыру, қабілеттерін, әлеуметтік маңызды тұлғалық сапаларын дамыту үшін бағытын таңдап алуға зор мүмкіндік болып табылады.

Аудиториядан тыс қызмет түрлерінің негізгі әлеуеттеріне (потенциалдарына) жатады:

- аудиториядан тыс қызмет студенттерді түрлі жастағылар арасындағы, көпкәсібилік (полипрофессиональное) қарым-қатынасқа ендіре отырып, олардың қарым-қатынас жасау құзыреттіліктерін дамытады, студенттер қарым-қатынас жасау барысында өмірді және ересектердің қызметін тани түседі;

- сан-алуан аудиториядан тыс қызмет түрлеріне ене отырып студенттер түрлі шағын топтардың мүшелеріне айналады, көбіне сол топтар олар үшін анықтамалық болып келеді, яғни олардың кәсіби және тұлғалық сапаларының дамуына максималды түрде жағымды әсерін тигізеді;

- аудиториядан тыс қызмет студенттерге оқу қызметі барысында жүзеге асырыла алмайтын мазмұнды, форманы, қатысу деңгейі мен орнын таңдау мүмкіндігін береді, бұл өз кезегінде әлеуметтік маңызға ие жауапкершілік, белсенділік, дербес әрекет ете алу секілді сапалардың қалыптасу шартын жасайды;

- аудиториядан тыс қызмет жағдайында студенттерге өздерінің өскелең мүмкіндіктерін іске асыруға және өзгелер үшін де жауапкершіл болуға мүмкіндік туындайды;

- аудиториядан тыс қызмет оқу қызметі шекарасын ұлғайтуға негіз болады;

- аудиториядан тыс қызмет барысында студенттердің түрлі қызметтерге қызығушылықтары артады;

- аудиториядан тыс қызмет ЖОО шекарасын кеңейтіп, студенттерге қоғамдық ұйымдармен істес болуға, олардың әлеуметтік тәжірибесін дамытуға үлесін қосады.

Бірінші курстың өзінде студенттің алдында таңдау тұрады: аудиториядан тыс уақытта не нәрсемен айналысуға болады, қандай топтық, ұжымдық және жекелік іс-әрекет формаларында жұмыс жасай алады, қызметте ол қандай позицияны ала алады. Студенттерді түрлі аудиториядан тыс қызмет түрлерімен олардың қызығушылықтарына байланысты дұрыс таныстыра білу, оларға түрлі таңдаулар ұсыну олардың болашақта оң шешім қабылдап, әлеуметтік маңызды кәсіби тұлғалық қасиеттерінің дұрыс қалыптасуына әкеледі [4, 14 б.].

Қазіргі кезде университетте жастармен жұмыс жасау комитеті және түрлі білім беруші кафедралардың құрамында студенттерге арналған түрлі студенттік клубтар мен үйірмелер бар: «Достар алаңы» қоғамдық еріктілер ұйымы, «Ритор», «Үркер», «Тұмар», «Парасатты қыз», «Спортклуб», «Жас ақындар», «English-club», «Education club», «Шахмат», «Көркем шығармашылық клубы», волонтерларға арналған «Д.А.Р.», «Жүректен жүрекке», «Үмітің үзілмесін». Олардың барлығының дерлік белгілі бір өзіндік мақсат-міндеттері бар. Біреулерінің мақсаты студенттердің спорттық қабілеттерін жетілдіру болса, келесілері сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас жасай алу, жүйелі ойлау, мейірімділік, шығармашылық секілді болашақ тұлғаға қажетті қасиеттерді қалыптастыруды көздеуде. Бұлардың барлығы өзіндік маңыздылыққа ие қасиеттер екендігі сөзсіз. Аталмыш клубтар мен ұйымдар жұмысы барысында өздерін жан-жақтылық қырынан үздік көрсете білген студенттердің болашақта жұмыспен қамтылуына да мүмкіндік кеңінен ашылады. Олардың кейбірлері университет қабырғасында жүріп-ақ

әкімшілік, педагогикалық білім ордаларынан, түрлі қызмет органдарынан сұранысқа ие болып жатады.

Жастар саясаты орталығында студенттермен аудиториядан тыс қызметтерді ұйымдастыратын «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан»- жастар қанаты, «Қазақстанның студенттер Альянсы» секілді орталықтар бар. Жастар саясаты орталығы Қазақстан Республикасының жастар саясатын жүзеге асырады және студенттердің оқу-тәрбие, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарымен айналысады, жастардың қоғамдық өмірге белсенділікпен араласуы мен жастар туралы қоғамның көңілге қонымды, объективті пікірінің қалыптасуын қамтамасыз ету болып табылады, жастардың көшбасшылық қабілеттерін арттыру бағытында жұмыс жасайды. Жастар саясаты орталығының басты мақсаты - тәрбие жұмысын жүйелі түрде үйлестіру, әр түрлі жобаларды жүзеге асыру арқылы студенттерді отансүйгіштік пен әлеуметтік жауапкершілікке, салауатты өмір салтын насихаттауға шақыру, қазіргі қоғам сұранысына толықтай жауап бере алатын болашақ маманды кәсіби сапалармен қамтамасыз ету.

Жастар саясаты орталығы алдына қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда төмендегідей міндеттерді қояды:

1) университетте ашық ақпараттық, білімділік, коммуникативтік, әлеуметтік кеңістік орнату арқылы болашақ мамандардың біліктілігін дамытуға әлеуметтік-мәдени кеңістікте өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, тұлғалық, дұрыс жүйелілік құндылықтарды иеленуге және қабілетті, сауатты шешім қабылдауға тәрбиелеу.

2) болашақ мамандардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру мен ұлттық мәдени мұраларын, оның салт-дәстүрлерін қадірлейтін, өзге халықтардың мәдениетіне құрметпен қарайтын және бағалайтын жастарды тәрбиелеу.

3) өзіндік жасампаз, позитивтік көзқарасы бар, адамгершілігі, жауапкершілігі зор, өз бетінше өзіне және Отанының игілігіне бағытталған шешім қабылдай алатын және саналы таңдау жасауға қабілетті жеке тұлғаны, азаматты қалыптастыру.

4) болашақ мамандардың өмір бойы өз білімін жетілдіру қабілетін, әлеуметтік құзырының өсуін қалыптастыру және болашақ маманның өзінің рухани, зияткерлік, адамгершілік өміріне, денсаулығына және өз жағдайын жақсартуға деген жауапкершілігін қалыптастыру, жеке тұлғаның өзін өзі кәсіби жағынан қалыптастыруына, өзін көрсетуіне жағдай жасау.

5) болашақ мамандардың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру.

Университетте білім алып жатқан педагогикалық мамандық студенттеріне жүргізілген кәсіби имидждің қалыптасу деңгейін түрлі диагностикалық құралдар арқылы зерттеу негізінде біз жоғарыда аталған клубтар секілді алдына жағымды имидж қалыптастыруды мақсат еткен «Болашақ ұстаздар» еріктілер клубын ұйымдастыруды жөн көрдік. Бұл клубтың мақсаты - болашақ ұстаз - педагогикалық мамандық студенттерінде педагогикалық имидж туралы түсінік және олардың кәсіби имиджін қалыптастыру, сонымен қатар олардың өз мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Бұл клуб «Білім беру педагогикасы және психологиясы» кафедрасы құрамынан ашылды. Қазіргі кезде клуб өз жұмысын толыққанды атқарып жатыр және алғашқы

нәтижелері де сәтті көрінуде. Сонымен қатар аталмыш клубтың жұмыс жасау кезеңдерін былайша жіктедік:

I. Дайындық кезеңі: студенттер бойында кәсіби имидждің қалыптасу деңгейін диагностикалау жұмыстары, қатысушы мүшелерді анықтау;

II. Аудиториядан тыс қызметті жоспарлау және бағдарламалау кезеңі;

III. Аудиториядан тыс қызметті ұйымдастыру және басқару кезеңі;

IV. Кері байланыс алу, іс-әрекет нәтижелерін анализдеу кезеңі.

Оның жұмыс жоспары негізіне үлгі ретінде төмендегідей іс-әрекеттер жиынтығын алуға болады (кесте 1):

Кесте 1 – «Болашақ ұстаздар» еріктілер клубында атқарылатын іс-әрекеттер бағдарламасы

1	Клуб мақсатымен таныстыру. Студенттердің «имидж», «педагогикалық имидж» туралы түсініктері мен оған деген көзқарастарын анықтау (анықтамалық сауалнамалар алу,анкета жүргізу, әңгімелесу).
2	Студенттер бойындағы педагогикалық имиджін құраушы компоненттердің қандай деңгейде екендігін анықтау(сөйлеу мәдениеті,тыңдау мәдениеті, қарым-қатынас жасау мәдениеті, т.б.).
3	«Педагогикалық стереотиптер: пайдасы мен зиянлығы» тақырыбында тренингтер топтамасын жүргізу.
4	«Менің педагогикалық имиджім» тақырыбында тренингтер топтамасын жүргізу.
5	«Педагог бейнесі» тақырыбында университет оқытушыларының киім стиліне 1 апта көлемінде бақылау жасау және қорытындыларын талқылау.
6	«Жадымда мәңгі сақталар» тақырыбында қысқаша эссе (студент есінде қалған ұстазы және оның не себепті, қандай қасиеттерімен сақталғандығы жөнінде, клуб мүшелері арасында талқылау).
7	«Белсенді студент – болашақ мықты маман» тақырыбында университет түлектерімен кездесу.
8	«Мейірімділік ұстаздың ең басты қасиеті» тақырыбы аясында қайырымдылық шарасын ұйымдастыру.
9	«Мұғалім имиджі – мұғалім беделі» тақырыбында дөңгелек үстел.

Жоғарыда аталған клуб қызметтерін студенттер қажеттіліктеріне қарай түрлендіруге әбден болады. Ең бастысы барлық іс-әрекеттердің студенттер тарапынан қолдауға ие болып, қызығушылықпен, өз қалауларымен орындалуы.

Қорыта айтқанда, аудиториядан тыс қызмет әлеуметтік және тұлғалық маңызға ие, қоғамнан қолдау табатын өзіндік дамуды практикалық тұрғыдан қанағаттандыратын қызмет түрі ретінде қаралады. Жоғарыда аталған студенттердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруды мақсат еткен ұйымдар мен орталықтардың жұмыстарының нәтижелілігін сол ұйымдарға мүше болған студент жастардың іс-әрекеті мен бейнесінен байқай аламыз. Олардың бойындағы өз мамандығына деген сүйіспеншіліктері, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас жасай алу ерекшеліктері мен кәсіби сапалары, көшбасшылық сипаттары оларды өзге қатарластары арасында ерекшелеп тұратындығы бұған дәлел болып табылады. Олай болса осындай ұйымдар мен түрлі клуб-үйірмелердің жұмысын одан әрі дамытып, қатысушы

студенттер санын арттыру, барынша қолайлы жағдай жасау оқытушылар мен университет басшылығының алдындағы басты міндеттердің бірі екендігі даусыз.

Әдебиеттер:

1. Калюжный А.А. Педагогическая имиджелогия: учеб.пособие для вузов.- Алматы: Ғылым, 2004. – 199 с.

2. Атемқулова Н.О. Сабақтан тыс тәрбие жұмыстары арқылы колледж оқушыларының педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру / педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. – Қарағанды, 2008. – 29 б.

3. Попова В.И. Внеаудиторная деятельность студентов: теория и практика / Дисс. на соиск. доктора пед. наук. – Оренбург, 2003. – 363 с.

4. Бурцева Т.А. Формирование социально-значимых качеств личности студента во внеаудиторной деятельности вуза / Автореферат дисс. на соис. уч. степени канд. пед. наук. – Кострома, 2005. – 24 с.

Кусаметова Г.К., Муханбетчина А.Г., Бозгуланова Н.Е.

Значимость внеаудиторной деятельности в формировании профессионального имиджа будущих педагогов

В статье рассматриваются вопросы о педагогическом имидже, его место в профессиональной деятельности, и о важности внеаудиторной деятельности студентов в формировании педагогического имиджа.

Ключевые слова: Имидж, педагогический имидж, составляющие имиджа, профессиональные качества, внеаудиторная деятельность, студенческие клубы.

Kusametova G.K., Muhkanbetchina A.G., Bozgulanova N.Y.

The importance of extracurricular activities in the formation of professional image of future teachers

The article considers the questions of pedagogical image, his place in professional activities, and the importance of extracurricular activities of students in the pedagogical formation of the image.

Keywords: Image, pedagogical image, components of image, professional quality, extracurricular activities, students clubs

***

ӘОЖ 371.33

Қайсағалиева Г.С. – биология ғылымдарының кандитаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Габдулов Б.Г. – М.Өтемісов атындагы БҚМУ магистранты

E-mail: Baha_bkmu@mail.ru

ЭКСКУРСИЯ ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада экскурсия ұйымдастырудағы жетекші мен оқушы арасындағы байланыстар, оқушыларға экскурсия ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері талданған.*

Тірек сөздер: *Экскурсия, көзбен анализдеу, оқиғаны оқшаулау, ықшамдау, реконструкциялау, панорамалық көрсетілім, диагностикалық құрылым, информациялық құрылым, болжау құрылымы, ұйымдастырушылық құрылымы.*

Экскурсия білім, тәрбие және ағарту жұмыстарының құралы болып табылады. Экскурсияны ұйымдастыру теориялық дайындық және практикалық жүзеге асыру секілді негізгі әдістік кезеңдерді қамтиды. Экскурсияны негізгі тақырыбына, мақсатына байланысты топтарға жіктеледі.

Экскурсия түріне жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен әдісі тәуелді. Экскурсияның келесідей түрлерін ажыратуға болады:

- экскурсия жүргізілетін жер мен көрсетілетін обьектке байланысты;
- тақырыптың сипатына қарай (мамандандырылған, тақырыптық, көрсетілімділік);
- мақсатына қарай;
- экскурсиялық топтың құрылымына байланысты.

Экскурсияның саясатында ең маңыздысы ой-өрістің кеңуі, тұлғаның жан-жақты дамуы. Экскурсия жұмысы физикалық шаршау кезінде, психикалық тұрғыда күш түскен уақытта, стресстерде оң әсер етеді. Экскурсия бейімділікке, қарым-қатынас орнатуға, белгілі бір тәртіпке үйретеді. Осындай білім берудің мектептен тыс әдістері оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады [1, 22 б.]

Экскурсия барысында оқушы мен экскурсия жетекшісінің арасында өзара белгіленген жерлермен өзара байланыс қалыптасады.Экскурсия жұмыстарының дамуы мен қалыптасуында немесе экскурсия тәсілдерін қолдануда негізгі мына қағидаларды атауға болады: оқшаулау қағидасы 1-ші кестеде, акциональдық қағидасы 2-ші кестеде, экскурсиялық шолу 3-ші кестеде орналасқан.

Кесте 1 – Экскурсиядағы обьектілерді оқшаулау қағидаларының ерекшеліктері

Критериялары	Ерекшелігі
Мәні	Жаңалықтарды қабылдау, эмоциональдық даму пайда болады. Интеллектуалдық, эмоциональдық, сенсорлық, іштей сезіну арқылы хабарларды қабылдайды.
Қағиданың іске асу жағдайлары	Тақырыпқа сәйкес экскурсиялық жерлерді таңдау және жүйелілігін қадағалау, экскурсия бағытын, жерлерді қадағалаудың тиімді жақтарын қарастыру, тек қана көру емес басқа да сезім мүшелерімен сезінуді ойластыру.
Нәтижесі	Байқампаздығы арта түсіп, көргендерінен алған әсерлерін байыту арқылы эстетикалық талғамы жоғарлайды, көргендерін сараптайды, жүйелейді. Көру және есту, сезу арқылы хабарларды қабылдау арқылы сенсорлық мәдениеті дамиды. Мәдени-экскурсиялық ортаға кіру арқылы жүйке қысымы мен психологиялық шаршаудан арылады, эмоционалдық жағдайдың түзету дағдылары қалыптасады, қоршаған ортаны жаңаша бақылай бастайды.

Акционалдық қағида оқушылардың танымдық құлшыныстарын арттырып, олардың білімге деген қызығушылықтары мен өз мүмкіншіліктеріне сенімдерін арттырады. Экскурсия барысында олардың интеллектуалдық, психикалық және эмоциналдық қоғамдық іс-шаралары іске

асырылады. Б.Е.Райков бұл екі қағида бір-бірімен тығыз байланысты деп жазған болатын [2, 20 б.]

Кесте 2 – Акционалдық қағиданың ерекшеліктері

Критериялары	Ерекшелігі
Мәні	Қозғалғыштық (моторность) – экскурсия кезінде тиісті жерге физикалық жақындау, дәлірек айтқанда экскурсиялық танымды қалыптастыру қажет. Экскурсия кезінде танымда интелектуалдық, қоғамдық іс-әрекеттер жүреді. Акционалдық – экскурсиялық танымда психофизикалық қызметтің болуы. Акционалдық түсінігі өмірде пайдалана алу дегенді білдіреді.
Қағиданың іске асу принциптері	Экскурсия маршруттарын (бағытын) оқушылардың қозғалу амалдарына, кездесетін қиындықтарды жеңулерін ескере отырып, ойластыру қажет. Олардың ойлау қабілеттерін шыңдау мақсатында үнемі сұрақтар қойып отыру керек, пікірталас элементтерін (тәсілдерін), оқушылардың өзара ой бөлісіп, пікір алмасулардың қолдаған дұрыс. Ал кей кезде дәлірек айтқанда, ескерткіштерді аралағанда, діни мекемелерге барған кезде оларды топқа бөлу қажет.
Нәтижесі	Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, білімге деген құштарлықтарын және өз мүмкіндіктерін арттырады.

Экскурсияда экскурсия жетекшісінің өзі құрастырған мәтіні болады. Ол үшін тіл байлығы өте жоғары болуы керек. Бұл қағиданың нәтижесінде оқушының тіл мәдениеті дамиды, тіл байлығы артып, сауатты айту, сараптау, қорытындылау, жүйелеу, салыстыру сияқты тәсілдерді үйренеді.

Кесте 3 – Экскурсиялық шолу ерекшеліктері

Көрсету тәсілдері	Тәсілдің ерекшеліктері
Алдын ала көрсету	Бұл тәсіл оқушылар көрсетілмекші объектінің алдында тұрған кезде қолданылады. Экскурсия жүргізуші объекті атап оқушыларға оны мұқият бақылап қарауын өтінеді және қызықты тұстарын анықтауға тапсырма береді. Экскурсанттар бақылап, ойланып, өздері сол объектің ерекше тұстарына іштей анализ жүргізеді. Алдын ала көрсету оқушыларды жаңа ақпаратты қабылдауға дайындайды.
Көзбен анализдеу	Экскурсия жүргізуші бақыланып отырған объекті жекелеген бөліктерін, қасиеттерін және

	оған тән белгілерін анализдеп, оқушыларға жеткізеді. Анализ: 1) Ол шығармашылық жағынан болуы мүмкін, мысалы көркем-өнер немесе архитектуралық туындыларды көрсету барысында; 2) Тарихи – тарихпен байланысты оқиғаоар көрсетілім барысында. 3) Ғылыми – жаратылыстану бағытында табиғат объектілернің көрсетілімі барысында немесе т.б. Бұл тәсіл арқылы оқушылар жаңа білімдер қабылдайды, сонымен қатар өз бетінше талдау жасауға сонымен қатар талдау барысында бақыланып отырған объектіні терең бойлауға үйренеді.
Оқиғаны оқшаулау	Бұл тәсіл белгілі бір оқиғаның белгілі бір жерде болу барысын көрсетуге негізделген, яғни кеңістікте іс-қимыл шектеулі. Бұл тәсіл барсында оқушыларға ішкі түйсігін қозғап, сол оқиғаға қатысты жан дүниесі эмоциональды түрде оқиғаны қабылдау тиіс. Демек экскурсия тақырыбына оқушының қызығушылығы арта түсу керек.
Көзбен салыстыру	Көзбен салыстыру тәсілі экскурсия жүргізуші айтып отырған ақпаратты көзбен анализдеу, синтездеу, салыстыру. Ол көп есте қала бермейтін сандық ақпараттардан көрі көзбен жатталып қалатын объектінің ерекшеліктеріне мән беруге көмектеседі.
Ықшамдау	Бақыланып отырған объектінің тек қана экскурсия тақырыбына қатысты ғана тұстарын бөліп қарастыру.
Реконструкциялау	Бұл қазір басқаша көрінетін объектіні немесе дәл осы жерде бұрын өтіп кеткен оқиғаларды көрсету барысында қолданады. Тәсіл барысында фотосуреттер, түрлі-түсті эпитеттер, объектінің фрагменттерін реконструкциялау үшін қолданады. Экскурсия барысында оқушылар белгілі бір тарихи оқиғаның қатысушысы секілді сезімді бастан өткіреді. Бұл тәсіл оқушылардың тыңдау қабілетін жақсартып, елестетуге үйретеді
Өңдеу	Бұл тәсіл егерде экскурсия барысында объекті көзбен елестету арқылы ғана түсіндіретін жағдай туса қолданылады. Яғни бақыланып отырған объекті көзбен көру мүмкіндік болмаған жағдайда. Экскурсия жүрізушісі оқушыларды, фотосуреттерді, сызбаларды пайдалана отырып оны көзбен елестетуге тапсырма береді.

Көрнекі құралдарды демонстрациялау	Объекті бақылау барысында экскурсия жүргізушісі қосымша пәндерді пайдалана отырып, оқушыларға аса жарқын сезімде қалдыру үшін пайдаланады. Бұл әртүрлі иллюструация, фотосуреттер, порттерттер т.б.
Панорамалық көрсетілім	Бұл тәсіл егерде экскурсия жүргізушісі көп объектіні бір экскурсия барысында қамту керек болса қолданады. Мысалы қаланың панорамасы, әскери орындарды, даңғылдарды көрсету барысында қолданылады.
Назарын басқаға аударту	Бұл тәсіл оқушыларды жалықтырып алмау үшін қолданылады. яғни экскурсия жүргізушісі оқушылардың назарын экскурсияға қатысы жоқ объектіге аударады.

Оқушыларға экскурсия ұйымдастырудың ерекшеліктері. Белгілі бір қоғамда балаларға арналған экскурсияларды ұйымдастыру әдістері әртүрлі мекемелерде балалардың қоғамға бейімделушіліктеріне байланысты мәдениеттің нормасын көрсетеді.

Оқушыларға экскурсияны ұйымдастыру, төмендегі жағдайларға септігін тигізеді:

- қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады;
- оқушылардың эмоционалдық күйіне оң әсер етеді;
- жеке жетістіктерінің деңгейін көтереді;
- экскурсия барысында алынған ақпарат арқылы оқушының интелектуалды психикалық және қоғамдық бағыттағы деңгейі арта түседі;
- адамгершілігі мол тұлға тәрбиелеу барысында экскурсияда салт-дәстүрлер, ырымдар, оқушылардың санасына жеткізіліп, оң әсер етеді.
- Оқушалардың әлемге деген гумандық көзқарасын қалыптастырады. Мысалы әдеби экскурсия жүргізу.

Қоғамдық білімді қалыптастыру мақсатындағы экскурсияларды ұйымдастыру оқушылардың қоғамдық бейімделуін, құндылықтарды қабылдауын, жүріс-тұрыс стилі мен нормасын және нағыз адамға лайықты өмір сүруге үйретеді.

И.В. Лифанова туризммен айналысу оқушылардың кеңістіктегі белсенділігін арттырады, ыңғайсыздықтар мен қорқыныш сезімдерінен арылуға көмектеседі. Егерде оқушы кішкентайынан саяхаттаса, өмір сүруінің өзгерістері, алыс қашықтыққа орын ауыстыруы табиғи жағдай болып есептеліпі, олар тіпті қолайсыздықты сезбейді [3, 20 б.]

Экскурсиялық қызметтің маңызды жүйелік компоненті оның мазмұны болып табылады.

Көптеген экскурсияға байланысты әдебиеттерге анализ жүргізе отырып

А.Д. Гонеева, Н.И. Лифинцева, Н.В. Ялпаева оқушыларға экскурсия жүргізу барысында мынадай негізгі психологиялық-педагогикалық міндетті принциптерді атап көрсетеді:

- мақсаттылық принципі;
- тұтастық және жүйелілік принципі;
- гумандық бағыттағы принцип;

- оқушыға қатал талап қоя отырып, оған жеке тұлға ретінде сыйластықпен қарау принципі;

- адам бойындағы оң қасиеттерді дамытуға үлес қосу принципі;

Экскурсияға қатынасушы топты орналастыруға көптеген факторлар әсер ете алады. Объектіні көрсету үшін арнайы орынды таңдаған кейін, экскурсияға қатынасушы оқушыларды дұрыс орналастыру қажет. Экскурсияға қатынасушыларға объектінің және экскурсия жетекшісінің жақсы көрініп тұратындығына көз жеткізу қажет. Топтардың жартылай сақина күйінде орналасуы ең икемді болып табылады. Ал экскурсия жетекшісі шеткі орында, экскурсияға қатысушыларға жартылай бұрылып тұрады. Бұлай орналасу бір жағынан экскурсия объектісін көруге, екінші жағынан топты көз назарына ұстап тұруға мүмкіндік береді. Экскурсияға қатынасушылардың әрекетін тұрақты бақылау – экскурсия жетекшісінің тиімді жұмысының маңызды шарты. Топты орналастырғанда экскурсияға қатынасушыларға жақсы естілетініне және көрінетініне көңіл аудару қажет.

Экскурсияда дәйексөздерді қолдануға, яғни әдеби шығармалардан, естеліктерден, құжаттардан және басқа да көздерден үзінді айту экскурсияда кеңінен қолданылады. Дәйексөз тыңдаушылардың қызығушылығын арттырады, белгілі бір жағдайдағы дәлелдеуге көмектеседі, экскурсия жетекшісінің айтқандарына үлкен салмақтылық береді, дәуір кезеңін елестетуге мүмкіндік береді. Дәйексөз сөйлеу экскурсияда адамдық қасиеттермен жинақталған бай ой мен фактілер жиынын пайдалануға көмектеседі. Экскурсияда дәйексөзді астыртын пайдалануға болмайды. Дәйексөз мәтінін жатқа білген жөн.

Экскурсияда жетекшінің сөз сөйлеу мәдениетіде назар алынады. Экскурсия жетекшісінің сөз өнерін игеруі – экскурсияның сәтті өтуіне әсер етеді. Сондықтан оратор өнеріне негізделген педагог, лектор тәжірбиесі экскурсия жетекшісіне өз мамандығын шыңдауға септігін тигізеді. Айтылған сөз грамматика жағынан дұрыс, дәл, мәнерлі, ерекше және үнемді болу қажет. Экскурсияның сәтті өтуі үшін экскурсия жетекшісіне ең қажет сенімділік сезімі – онын сөйлеген сөзі грамматика жағынан дұрыс құралған жағдайда ғана толық болуы мүмкін. Мұнсыз ол еркін сөйлей алмайды, экскурсияға қатынасушылардың жүріс-тұрысына орынды әрекет ете алмайды. Экскурсия жетекшісінің топпен байланыс құруы экскурсия табысы. Оның тиімділігі – экскурсияға жетекшісінің алғашқы сәттен бастап, аяғына дейін экскурсияға қатынасушылармен дұрыс байланыс құра білуіне тәуелді. Экскурсия кезіндегі қолайлы «психологиялық климат» басты шарт болып табылады. Өйткені экскурсия экскурсия жетекшісіне шығармашылық қанағаттану және қатынасушыларға эстетикалық ләззат және қуаныш береді.

Экскурсияны топтастыру құбылыстарды немесе түсініктемелерді ортақ белгілеріне сүйене отырып бөлу болып табылады. Экскурсияны топтастыру өткен ғасырдың 20-жылдарында пайда болды. Экскурсиялық қызмет көрсету – белгілі бір қызмет түрі болып та есептелінеді. Мысалы демалыс үйлерінде, клубтарда, мектептерге немесе туристік қызмет көрсету кешенінің (туристік фирмалардың) бір бөлігі болып табылады. Шолу жасау экскурсиялары көбіне көп тақырыпты болады, осыған орай оларды көп жоспарлы деп те атайды. Оларда тарихи және соңғы материалдарды пайдаланады. Бұл қала, аймақ, облыс, республика мемлекет туралы жалпы түсінік береді. Мұндай экскурсияның хронологиялық шектемесі – қаланың өмір сүру уақыты, ол туралы алғашқы айтылған сөзден бастап, қазіргі уақытына дейін, даму

перспективалары. Тақырыптық экскурсия кезінде тек қана бір тақырыпты ашуға арналған, егер де бұл тарихи экскурсия болса, оның негізіне бір тақырып немесе белгілі бір уақыт аралығы бойынша біріктірілген бір немесе бірнеше жағдайлар салынуы мүмкін. Егер бұл экскурсия архитектура тақырыбында болса, зерттеу пәні қала көшелерінде немесе алаңдарда орналасқан сәулет өнерінің қызықты шығармашылықтары, ал үлкен қалаларда өткен ғасырлардың архитектуралық ансамблі болуы мүмкін. Тақырыптық экскурсиялар тарихи, өндірістік, табиғаттану (экологиялық), мәдениеттану, әдеби, құрылыс-архитектуралық деп бөлінеді.

Оқушыларға экскурсия ұйымдастыру барысында келесідей құрылымдарды атап өтуге болады.

Диагностикалық құрылым. Оқушыларды құндылықтарға бағыттап жүйелейді. Қоршаған ортамен қарым-қатынастың проблемаларымен қиындықтарын зерттейді. Микросоциумның педагогикалық құзырлығымен құрылымын зерттейді.

Информациялық құрылым. Оқушылардың жеке деңгейіне байланысты білім көзін таңдау және ақпаратты ізденуден тұрады.

Болжау құрылымы. Экскурсия қатысушаларының психофизиологиялық, интелектуалдық, рухани адамгершілік, коммуникативтік перспиктиваларын арттыруды жүзеге асыруды жоспарлайды.

Жобалау құрылымы. Экскурсияға қатысушы оқушылардың қызығушылығын арттыру бағдарламасын құрастырады. Жалпы өмірде кездесетін өмірлік проблемаларды сәтті шешуде қоғамдық-педагогикалық көмек көрсету.

Ұйымдастырушылық құрылымы. Белгіленген жоспарды жүзеге асыру үшін көмек көрсетеді. Әр түрлі маман иелерінің бірлесе жұмыс істеуінің арқасында жоспарды іс жүзінде жүзеге асырып мол нәтижеге қол жеткізу.

Экскурсиялық қызмет құрлымының алуан түрлілігі оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Ал қай әдіс тәсілді пайдалану, ол оқушылармен экскурсия профилінің спецефикалық ерекшелігіне тәуелді. Экскурсиялық қызметтің мазмұнының функцияналдық моделі 9-шы кестеде көрсетілген.

Мектеп оқушыларына арналған экскурсия кезінде зерттеу әдістері қолданылуы тиіс. Аса маңызды әдіс болып табылатындар: эмпатия (тірі қалу), берілген тапсырманы бейнелі, таңбалық тұрғыда қабылдау. Эмпатия – ол оқушының басқа орта жағдайында аман қалуы. Нысанды бақылау оқушының өзіндік бақылауына айналады, оқушы өзінің орнын өзге ортада анықтай алады. Ойлау, түсіну, болып жатырған оқиғалаға сан түрлі көзқараспен қарау, оқушының ойлау қабілетін ғана емес, сезімталдық қасиеттерінің артуына ықпалын тигізеді [4, 58 б.] Оқушыға өзін қоршаған отра құбылыстарын сипаттауын, олардың қандай әсер қалыптастыратынын анықтайтын тапсырмалар берген жөн. Таңбалық бағытта қарастыру – қоршаған орта құбылыстарын, оларға тән таңбамен сипаттау және керісінше берілген таңба, нысандардың қандай құбылыста болатынын анықтау.

Экскурсия кезінде жетекші оқушыларға берілген тақырып ауқымында сұрақтар қояды. Бұндай сұрақтар оқушының ой-өрісінің кеңейуіне, айналадағы құбылыстарға түрлі көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Мысалы: тарихи, географиялық, мәдени, этнографиялық және т.б. Экскурсиялық әдіс бұл оқушының ортаны тануына, ойлау қабілетінің жетілуіне үлкен ықпал тигізеді.

Біріншіден: далалық жағдайда көзбен көріп алынған мәліметтер оқушының қабылдауына жеңіл болмақ және де есте сақтауы жақсы дамуына үлкен үлес қосады.

Осылайша экскурсия кезінде адамды қоршаған әлемге өзгеше мақсатты көзқарас, ойша және көзбен көрген әсерлер негізінде қалыптасады. Оқылған әдебиеттер негізінде, экскурсиялық істі дамыту үшін экскурсиялық әдістерді негізгі қағидаларға бөліп қарастыруға болады. Оларға мысал ретінде нысанды оқшаулау, экскурсияны көрсету әдістері.

Нысанды оқшаулау қағидасын ұстанған жағдайда күтілетін нәтижелер төмендегідей.

- Біріншіден: экскурсияға шыққан оқушылардың таңданысын күшейту, эстетикалық талғамды дамыту, анғарымпаздықты арттыру, қоршаған ортаны және оны талдап таразылайтындай күйде болуы, кешенді қабылдай алатындай кең ауқымды көзқараспен қарау.
- Екіншіден: сезімталдық қасиеттердің артуы – ақпаратты сезім мүшелері арқылы қабылдау, есту, көру, иіс сезу және т.б.
- Үшіншіден: мәдени-табиғи демалыс кешенді уақыт өткізу жүйкені тынышталдырып, адам жан дүниесін күйзелістен арылтады, көңіл-күйді ретеу қабілеті қлыптасады, қоршаған ортаға деген өзгеше көзқарас пайда болады.

Экскурсияны көрсету қағидасын қолдану арқылы оқушы ой-өрісін дамытып, білім алуға деген ынтасын арттырып, әлемді тануды үйретіп және сол әлемді өзгерту өз қолында екендігін ұғындыруға қол жеткізу.

Әдебиеттер:

1. *Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – М., 2002. – 145 с.*
2. *Загурская С.Г., Тихонова Т.Ю. Разработка экскурсионных маршрутов для школьников: учебное пособие. - М., 2014 – 96 с.*
3. *Скобельцына А.С., Шарухин А.П. Технологии и организация экскурсионных услуг. – М., 2012. – 215 с.*
4. *Прохоров А.М. Большая советская энциклопедия, Туризм. – БСЭ., 1969-1978. - 155 с.*

Кайсагалиева Г.С., Габдулов Б.Г.

Основные принципы и особенности организаций экскурсий

В статье рассматривается связь между руководителем и школьником в процессе организации экспедиции, и проанализированы главные особенности организации экскурсии именно школьникам.

Ключевые слова: Экскурсия, визуальный анализ, обобщение истории, сокращение, реконструкция, панорамный показ, диагностическая структура, информационная структура, прогнозная структура, организационная структура.

Kajsagalieva G.S., Gabdulov B.G.

The basic principles and characteristics of organizations tours

The article discusses the relationship between a Manager and a schoolboy in the Organization of expeditions, and analysed the main features of the Organization of excursions it is schoolchildren.

Keywords: Excursion, Visual analysis, synthesis history, reduction, renovation, panoramic showing, diagnostic structure, information structure, forecast the structure, organizational structure.

***

ӘОЖ 159.9

Габдрахманова Ш.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Есенова Л.С. – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты
E-mail: Lyazzat_E83@mail.ru

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МӘНІ

Аңдатпа. *Мақала мазмұнында психологиялық қызметтегі психологиялық кеңес беру жұмыстарының мазмұны, студенттердің ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары баса назарға алынған. Психологиялық кеңес беру ережелері, психологиялық қызметтегі кеңес берудің негізгі кезеңдері мен түрлері ғылыми тұрғыдан толық қарастырылған.*

Тірек сөздер: *Психологиялық қызмет, психологиялық кеңес беру.*

Білім беру жүйесіндегі психологиялык қызметтің теориясы мен тәжірибесін талқылау сұрақтары психологтардың еңбектерінде қарастырылып келеді. Қазақстандагы психологиялык қызмет жайлы зерттеулер республикалық баспасөзде және жеке туындыларда жарияланғанымен, дәл психологиялык кеңес беруді кеңінен қарастыру, әрі оны оқытуға енгізу мәселесі қолға алынбай келеді.

Психолог ғалымдар Г.С. Абрамова, Ю.Е. Алешина, А.А. Бодалев, Г.В. Бурменская, И.В. Дубровина, В.Н. Карандашев, А.Г. Лидерс, Е.И. Рогов, В.В. Столин кеңестік дәуірдегі және одан кейінгі уақыттағы психологиялык қызметтің, соның ішінде психологиялык кеңес берудің мазмұнын анықтап берді.

Оқу орындарында психологиялык қызметті қалай жүргізуге болатындыгы, студенттердің жеке басын қалыптастыруда психологиялык кеңес берудің маңыздылығы туралы зерттеулерді О.М. Анисимова, Н.М. Владимирова, М.Д. Дворяшина, М.В. Зюзько, Н.С. Копеина, Б.Б. Коссов, Н.Н. Обозовтардың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Қазақстанда осы мәселемен айналысып жүрген Т.А. Абдрашитова (психологиялық кеңес беруді психологиялык белсенді заттарға тәуелді адамдарға қолдану), А.Р. Ерментаева (психологиялык тәжірибенің студенттің субъект – бағдарлы дамуына ықпалы), Е.Г. Ким (оқытуда эриксондық гипнозды қолдану) және т.б. бірқатар зерттеушілерді атап өтуге болады.

Психологияны өмір тәжірибесіне кең көлемде енгізу нәтижесінде оның көптеген жетістіктерін адамдардың алдында тұрған қиын мәселелерді шешуге ықпал жасауға мүмкіндік берді. Қазіргі кезде психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу әдістері ретінде белгіленетін көптеген тәсілдерді тәжірибеленуші психолог кеңінен пайдаланылуда. Психологиялық кеңес беру психолог тәжірибесінде бұрыннан бері пайдаланылатын ұғым болғандықтан, ол терминмен психолог қызметінің кең аумағын қамтитын бұл түріне нақты анықтама беру немесе оның қолдану аймағын бір жақты көрсету қиын. Сондықтан, психологиялық білім қолданылатын кез келген салада кеңес беру жұмысы осы қызметті ұйымдастыру формаларының бір түрі ретінде саналады. Кеңес беру жұмысының өзі бірнеше бағытта болуы мүмкін: кәсіби кеңес беру, басшыларға кеңес беру, балаларға кеңес беру, ата-аналарға және педагогтарға кеңес беру т.с.с. Білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортада психологиялық кеңес берудің ең көп қолданылатын саласы

алушыларға және олардың ата-аналарына, әркімнің өзінің жеке тұлғалық және отбасылық мәселесімен келетіндерге психологиялық көмек көрсету болып отыр. Бұл сала студенттердің адаптациядан өтуі, жеткіншектер проблемалары, балалар мен олардың ата-аналарына кеңес беру, жас жұбайлармен жүргізілетін жұмыс, некеге дейінгі кезеңде үйленейін деп жүрген жастарға кеңес беру, отбасын бұзып ажырасушыларға психологиялық көмек сияқты көптеген жеке бағыттардан тұрады.

Барлық адамдардың психологиялық көмекті қажет ету мезгілі болады. Әр адамның психологиялық құрылымы қайталанбас, оның өзіне тән күшті және әлсіз жақтары болады. Әркімнің өмірдегі қиыншылық жағдайлары әр түрлі болады және де адам ұдайы қайталана беретін бір психологиялық мәселені бастан кешуді мүлдем тоқтатқанша, олар мезгіл сайын қайталана беруге бейім келеді. Адам оны тоқтатуға шешім қабылдаған кезде төмендегідей әрекет жасай бастайды: психология және психологиялық кеңес, психотерапия бойынша кітаптарды оқиды, өз-өзімен жұмыс жасайды немесе психолог көмегіне жүгінеді.

Психологиялық көмекті өзімізге өзіміз де жасауымызға болады, ол үшін екі есе күш шығару қажет. Біріншіден, өзіміздің қайталанбас психологиялық табиғатымызды жақсылап зерттеуіміз керек, өз-өзімді біліп, өзіміздің әлсіз және күшті жағымызды анықтап алуымыз қажет. Бұл үшін, бір жағынан, өмірдегі қандай да бір оқиғалардың өзгеруіне қатысты өзіндік психологиялық реакцияларымызды қадағалап, өз-өзімізді ұстауды білу керек, ал екінші жағынан, мезгіл-мезгіл интроспекцияға беріле отырып, талдау жасауды үйренуіміз керек. Екіншіден, алуан түрлі психологиялық және психокеңес беру туралы әдебиетті жай ғана оқып қоймай, сонымен қатар, алынған білімді өз-өзімізге өмірлік жеке тәжірибемізде қолдана білуіміз қажет.

Психологиялық кеңес беру тұлғаның дамуына көмек беруге бағытталған. Ол практик-психолог жұмысының бір бөлігі болып табылады. «Кеңес беру» латынның «consultare» деген сөзінен шыққан, кеңесу, қамқор болу мағынасын береді. Психологиялық кеңес берудің мақсаты – өсу мен қалыптасу жолындағы жеке тұлғаға қамқорлық болып табылады. Кеңес беру адамның өзін және басқа адамдарды дұрыс қабылдауға, тұлға ішіндегі және тұлғааралық қатынаста икемді жүйені құру мен өзгерту қабілетін дамытуға көмектеседі [1].

Психологиялық кеңес – бұл психолог жұмысының жаңа аймағы. Қазіргі уақытта өз бетінше дербес жұмыс істеу сферасында жұмыс істеу формалары – ғылыми-зерттеу, психологиялық оқыту, психологиялық түзету, психодиагностика сияқты бағыттарымен сипатталады.

Психологиялық кеңес – адамдарды толғандырып жүрген мәселелерді шешуде, алдыңғы зерттеу нәтижелеріне негізделе отырып, ақыл – кеңес беру арқылы психологиялық көмек көрсету. Психологиялық кеңес жайлары психологиялық кеңесті ұйымдастырып жүргізетін уақытты, тәсілдерді, құралдарды және соны атқаратын орнын, психолог – кеңесшінің клиентпен қарым – қатынас стилін тағы басқа ескере қамтиды [2].

Жалпы алғанда «кеңес берудің» анықтамасы негізгі деген бірнеше ережелерден тұрады:

1. Кеңес беру адамға өзінің қалауы бойынша белгілі бір амалды таңдап алуына және сол бойынша әрекет етуіне көмектеседі.

2. Кеңес беру жаңа мінез-құлыққа үйренуге көмектеседі.

3. Кеңес беру тұлғаның тұлғаның дамуына жағдай туғызады.

4. Кеңес беруде клиенттің жауапкершілігіне мән беріледі, яғни тәуелсіз жауапты адам тиісті бір жағдайда өз бетімен шешім қабылдай алатындығы ескеріледі, ал кеңес беруші болса клиенттің еріктілік мінез-құлқына ынта-жігер беріп, жағдай жасайды.

5. Кеңес берудің өзегі философияның «тұтынушы – орталықтану» терапиясына неізделген клиент пен кеңес берушінің арасындағы «кеңес беру өзара әрекеттестігі» болып табылады.

Психологиялық кеңес берудің мазмұны – психолог өзінің кәсіптік-ғылыми білімін қолдана отырып, екінші адамға өзінің жаңа психологиялық тапсырмаларын шешу қабілетін сездіретін жағдай жасайды. Бұл мына шкала бойынша тексеріледі:

1. Психолог өте байқампаз болуы керек. (Клиентті тоқтатып, маңызды ақпаратты сараптайды.

2. Психологтың іс-әрекеті құрастырмалы (құрастырмалы емес); ол басқа адамға ақылмен әсер етуге тырысады. (Оған «қысым көрсетеді»).

3. Клиенттің даусы естіледі (өте ақырын естіледі).

4. Клиенттің жауабы психологтың айтқандарымен сәйкес (сәйкес емес).

5. Клиенттің тапсырмасының мазмұны психологқа әсер ету арқылы дұрыс (дұрыс емес) түсінілген. Психолог клиент тапсырмасын шеше отырып, оның жағдайына жеңілдету енгізеді.

6. Психологтың бойында түсіну мен жағымдылық арқылы әсер ету дағдысы бар (жоқ).

7. Психолог клиентке өзінің жеке даралығын жоғалтпай қосылады (тұлғалық құрбандығымен бағасымен) [3].

Психолог-кеңесшіні адамдар не үшін іздейді? Неліктен олар оған барады?

Кейбір адамдар өз мәселесін қалай шешу керектігін біле тұра психологқа барады. Өйткені олар психологтан эмоционалды тіректі қажет етеді. Ал кейбіреулері мәселені қалай шешуді білмей, кеңес сұрай барады. Үшіншілері - өзіне сенімсіз, берілген мүмкіндіктің қайсысын таңдауды білмегендігінен барады. Оларды сендіріп, иландырып, дұрыс жолға қарай бағыттау керек. Төртіншілері – көбіне жалғызбасты адамдар, оларға біреуге ішін жарып, сырласу керек. Бұндай адамдарда әдетте психологиялық проблемалары жоқ, алайда олар зейін қойып тыңдайтын адамдарды іздейді.

Психологиялық кеңес берудің негізгі кезеңдері. Кеңес беру процесін басынан аяғына дейін белгілі бір тәртіппен кезеңдерге бөліп көрсетуге болады. Әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар.

Кеңес берудің негізгі кезеңдеріне сипаттама:

1. Дайындық кезеңі. Бұнда психолог клиентпен жазбаша түде танысады (алдын ала жазылуы бойынша), сонымен қатар ол туралы ақпаратты басқа адамдардан да алуы да мүмкін. Мысалы: өтініш қабылдаған кеңесшіден, әріптестерінен т.б. адамдардан. Осы кезеңде психологтың өзі де кеңес беруді өткізуге дайындалады. Психолог кеңес берушінің бұл кезеңдегі жұмыс уақыты – 20-30 минутқа созылады.

2. Ыңғайлану кезеңі. Бұнда психолог клиентті өзі қарсы алады, онымен танысады және бірлесіп жұмыс жасауға ыңғай білдіреді. Бұл кезең кеңес өткізуге барлығы дайын болса, 5-7 минутқа дейін созылады.

3. Диагностикалық кезең. Бұнда психолог клиенттің мәселесін тыңдайды, оның мәселесін нақтылауға тырысады. Аталған кезеңнің негізгі мазмұнына клиенттің өзі туралы, мәселелері жайлы ақпараттары кіреді (баяндау арқылы). Сондай-ақ бұл этапта психодиагностика өткізіледі. Ол клиенттің мәселесін нақтылау үшін жүргізіледі. Бұл кезеңге нақты уақыт тағайындау қиын, сондықтан жұмыс 4 сағаттан – 6-8 сағатқа созылуы мүмкін.

4. Нұсқау беру кезеңі. Психолог кеңес беруші өткен этаптарда клиент жайлы жинаған ақпараттарды онымен бірлесе отырып, мәселені шешуге, практикалық нұсқауғалар жасақтайды. Бұл кезеңде барлық нұсқаулар тексеріледі, түсіндіріледі, нақтыланады. Осы кезеңге жұмсалатын уақыт – 40мин-1 сағатқа дейін.

5. Бұнда психолог пен клиент алынған кеңестер мен нұсқаулардың қалай бақыланатыны мен бағаланғандығы жайлы келіседі. Осы жерде нұсқауды орындау барысында туындаған сұрақтарды кімнен, қашан, қайда біле алатындығы жайлы, келесі жолы қай кезде кездесетіндігі туралы да келіседі. Уақыт – 20-30 минут.

Егер жоғарыда аталғандардың барлығын ескеретін болсақ, онда барлық 5 кезеңге орташа есеппен (тестке жіберген уақытты қоспағанда) 2-3 сағат – 10-12 сағат уақыт берілуі мүмкін. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу, кәсіби кеңес (консультация) жүргізу – диагностикалық негізде туындайды. Психологиялық кеңес берудің мақсаты: педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді, оқу-тәрбие үдерісінде туындаған мәселелерді шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлігі мен дағдысын дамытумен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

Қазіргі кезде психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу әдістері ретінде белгіленетін көптеген тәсілдерді тәжірибеленуші психолог кеңінен пайдаланылуда. Психологиялық кеңес беру психолог тәжірибесінде бұрыннан бері пайдаланылатын ұғым болғандықтан, ол терминмен психолог қызметінің кең аумағын қамтитын бұл түріне нақты анықтама беру немесе оның қолдану аймағын бір жақты көрсету қиын. Сондықтан, психологиялық білім қолданылатын кез келген салада кеңес беру жұмысы осы қызметті ұйымдастыру формаларының бір түрі ретінде саналады. Кеңес беру жұмысының өзі бірнеше бағытта болуы мүмкін: кәсіби кеңес беру, басшыларға кеңес беру, мектеп жасындағы балаларға кеңес беру, ата-аналарға және педагогтарға кеңес беру т.с.с. Білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортада психологиялық кеңес берудің ең көп қолданылатын саласы мектеп оқушыларына және олардың ата-аналарына, әркімнің өзінің жеке тұлғалық және отбасылық проблемасымен келетіндерге психологиялық көмек көрсету болып отыр. Бұл сала бастауыш мектеп оқушыларының адаптациядан өтуі, жеткіншектер проблемалары, балалар мен олардың ата-аналарына кеңес беру, жас жұбайлармен жүргізілетін жұмыс, некеге дейінгі кезеңде үйленейін деп жүрген жастарға кеңес беру, отбасын бұзып ажырасушыларға психологиялық көмек сияқты көптеген жеке бағыттардан тұрады.

Психологиялық кеңес берудің негізгі мақсаты – психологиялық көмек көрсету қажеттілігі даусыз екенін дәлелдеп беру, яғни клиентпен әңгімелесу арқылы кеңес сұрап келген адамға мәселелерін шешуге және қоршағандармен ара қатынасын дұрыс орнатуға психолог көмек көрсете алатындығына сендіру. Бірақ бұл психологиялық көмек қалай көрсетілуі тиіс екендігіне бір жақты жауап беру оңай емес. Негізінде, маманның қабылдауында болған адам психолог туралы және психологиялық қызмет туралы пікірі жақсы болуы керек және психологпен кездескеннен кейін, егер ол адам шынында да өзін жақсы сезінсе, мәселелерін шешуге мүмкіндік бар екеніне көзі жетсе, онда кеңес берудің оң әсері бар екені қосымша дәлелдеуді талап етпейді. Кеңес берілгеннен соң клиент жете түсінбеген және дұрыс бағаламаған жағдайлар кездеседі. Бірақ уақыт өте келе, сол адам психолог сөзінің, оның берген кеңесінің дұрыс екеніне түсіне бастайды. Сондай-ақ кеңес беруші де, егер клиентпен кездесу одан әрі жалғасса, психодиагностика барысында анықталған мәселелерді түсіндіру кезінде кейбір мәселелерді клиент жете тыңдамағанын және қабылдамағынын байқауы мүмкін. Бұл жағдай психологтан өз қызметін клиентке жете түсіндіру қажет екенін көрсетеді [4].

Кеңес берудің кеңістігіне келетін болсақ, бұл жұмысты жүргізу үшін, жайлы бөлме немесе үлкен бөлмеде арнайы бөленген бұрыш болуы керек. Клиентті есікке арқаымен отырғызып, кеңес беру процесінде болатын әңгімеге назарын аудару керек. Ең ыңғайлы варианты – психолог пен клиент арасында қашықтық болу керек. Екеуінің арасындағы арақашықтық тым жақын болмағаны жөнінде олардың аяқтары еркін сыятын, керек кезінде еркін отырып тұра алатындай болу керек.

Бөлмеде үстел міндетті түрде болады, онда керекті жазбалар болады. Үстелдің үстінде немесе қабырғада ілулі тұрған сағат та – маңызды атрибут. Оған қарап белсенді жұмыс жасау керектігі ескеріледі. Психолог бөлмесі келесі жабдықтармен жабдықталуы керек: жұмыс үстелі, 2кресло және журналдарға арналған үстелше, орындықтар, кілем, лампа, құжаттарға арналған шкаф, сейф, компьютер (принтер), көрнекі құралдар (тестер, сұрақтар, фигуралар, приборлар) және телефон.

Сейфте «Қызметтік қолдану үшін» деген жазу болуы керек және онда келесі құжаттар сақталады:

- Психологиялық-педагогикалық тексерулердің жекелей картасы (паспорт);
- Жекелей кеңес беруді тіркеу журналы;
- Тест материалдары, олардың жауап-кілттері және олардың талаулары;
- Келіп түскен және жіберуге керек құжаттар;
- Психологиялық-педагогикалық консилиум және медико-психолопедагогикалық тексеру материалдары.

Психолог өзінің кеңес берулік жұмыстарын орындаған «жұмыс түрлерін тіркеу» журналына енгізіп отырады. Сонымен қатар жазбаша түрдегі педагогикалық кеңес бекіткен жұмыс режимі, жекелей және топтық кеңес беруге алдын ала жазылу журналы, барлық әдіснамалық материалдар мен әдебиеттер картотекасы болу керек. Қосымша мына ақпараттар болуы мүмкін:

- Педагогикалық ұжымның барлық мүшелерінің үй телефондары;

- Арнайы кеңес беру орталықтары мен медико-психологиялық кеңес беру орталықтарының тізімі мен сенім телефондарының номерлері;

- Әр білім алушының мәліметтері.

Психологиялық кеңес беруді бірнеше түрлерге бөлуге болады:

1. **Интимдік - жекетұлғалық психологиялық кеңес беру.** Кеңес берудің бұл түрі жиі және көп адамдарда кездеседі. Бұндай кеңес беру адамның тұлғалық сұрақтарымен, уайымдарымен айналысады. Бұндай кеңес алуға келген клиент айналадағыларынан өз проблемасын жасыруға тырысады. Мысалы: психологиялық немесе мінез-құлықтағы жетіспеушілік, маңызды адамдармен қарым-қатынас, әр түрлі қорқыныштар, сәтсіздіктер, психогендік аурулар (дәрігердің қарауын қажет етпейтін) және т.б. Бұндай кеңес беруде адамның өз-өзіне көңлі толмаушылығы, интеллектік мәселелерін, қарым-қатынастарын жатқызуға болады.

2. **Отбасылық кеңес беру.** Бұндай кеңес беру түрі адамның өзінің және басқасының, туысының отбасындағы мәселелермен айналысады. Тағы да болашақ жар таңдау, отбасындағы қарым-қатынас, келіспешіліктерді шешу жолдары, әйелі мен күйеуінің туыстарымен қарым-қатынасы, айырылысу кезіндегі ерлі-зайыптылардың мінез-құлықы және т.б. сұрақтар қарастырылады.

3. **Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.** Бұған балаларды оқыту мен тәрбилеуге байланысты сұрақтарды жатқызамыз. Сонымен қоса, ересектердің педагогикалық біліктілігін көтеру сұрақтары, балалар мен ересектер ұжымын басқару мәселелері қарастырылады.

4. **Іскерлік кеңес беру.** Бұндай кеңес беру түрі адамда қанша іс-әрекет түрі болса, солардың барлығына да қатысы бар сұрақтармен айналысады. Іскерлік кеңес беру деп, адамдардың іскерлік мәселелерді шешуі айтылады. Бұған мамандық таңдау, адамның түрлі қабілетін дамыту мен жетілдіру, оның еңбегін ұйымдастыру, жұмысқа қабілеттілігін жоғарылату, іскерлік келіссөздер жасауға үйрету жайлы мәселелер зерттелінеді.

Көптеген психолог мамандар үшін оны ұстану және іске асыру міндетті болып табылатын өзіндік қағидалары мен талаптары бар. Психологиялық қызмет көрсететіндердің міндеттерін анықтайтын этикалық кодекстері бар. Психологиялық ықпал саласында адамдармен тікелей жұмыс жасайтындар үшін бұл нормалар елеулі шектеулер қояды. Психологиялық кеңес беру, коррекция жүргізу және психотерапия элементтерін пайдалану психологтің этикалық қағидаларына сай жүруі керек. Кейде психолог жұмысында күрделі оқиғалар орын алса, оның ішінде, қабылдау барысында кеңес беруші клиентке асоциалды әрекет жасауды ойлап отырғаны туралы мәліметтер түссе, психолог баланың денесіне соққы мен жәбірлеудің іздерін түсірсе, немесе ата-ана өзінің тұйықтық көрсеткен жеткіншек баласына кеңес беру барысында рухани жарақаттанғаны туралы мәлімет алса және т.б. өрескіл мінез көрсетілсе, психолог кәсіби жарамсыз деп танылады. Кәсіби қағидалар мен талаптарды орындамау психологтың дипломынан, тәжірибеленуші құқығы мен өзінің кәсіби қызметінен босатылуына алып келуі мүмкін. Біздің елімізде психологиялық қызмет көрсету енді орын алып келе жатқандықтан бұл шарттар әлі толық заңдастырылған жоқ. Дегенмен кәсіби серіктестің заңдастырылған лицензиясын алып, психолог ретінде қызмет көрсету тәжірибесі ұйымдастырылып келе жатқанымен байланысты рұқсат алу

жолдары, психологиялық дайындықтың қалыптасқан жүйесі және т.б. сол секілді қажетті шарттары біртіндеп жүйелі салаға түсіп келе жатыр. Сондықтан психологиялық кеңес беру, коррекциялық тренингтер ұйымдастыру шаралары біздің ортамызда маңызды орын алуда. Олардың қызметінде А.А. Бодалев, В.В. Столин т.б. ұсынған этикалық талаптар мен қағидаларға сүйене отырып келесі басты қағидалар ұсынылған:

- қарым-қатынас барысында клиентке тілектес болу;
- клиенттің құндылықтары мен нормаларына бағыттану;
- кеңес беруге тыйым салу;
- кеңес берудің анонимділігі;
- жеке және кәсіби қатынастарды шектеу;
- клиентті кеңес беру процесіне кірістіру;
- психологиялық кеңестен өтіп жатқандарға жауапкершілікті өз мойнына алдыру;
- кенес беруші мен клиент арасындағы қатынасты құру.

Қарым - қатынас барысында клиентке тілектес болу. Бұл тұжырымдаманың негізінде клиентті қабылдау кезінде оның өзін қалыпты және ыңғайлы сезінуге бағытталған кәсіби әрекеттің тұтас кешені жатыр. Тілектестік қарым-қатаныс әрекеттің жалпы қабылданған нормаларын сақтау арқылы шағымданушының мұқтаждығын мұқият тыңдай білуді, қажетті психологиялық көмек көрсету мақсатымен әрбір адамды түсіну мен көмек беруге тырысуды қарастырады. Әр клиентті психологтың қуанышпен күтіп алуы, жағдайын сұрастыруы, клиенттің айтқан барлық шағымдары мен күдік тудырған мәселелерін мұқият тыңдауы және оның төркініне түсінуге тырысуы маманға деген сенім тудырады. Сондықтан кеңес алушыға, коррекциядан өтушіге тілектестік білдіру - негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Клиенттің құндылығы мен нормаларына бағыттану. Бұл қағида бойынша психолог өзінің жұмыс уақытында әлеуметтік ортада қабылданған нормалар мен ережелерге ғана емес, клиентке құнды болып табылатын өмірлік қағидалар мен идеяларға бағыттауын ойластырады. Клиенттің өзінің құндылықтар жүйесіне сүйенгенде ғана психологиялық кеңес беру арқылы оған тиімді ықпал етуге болады. Сондықтан кеңес беруші қиын болып отырған қарым - қатынасы және басқа жағдайы туралы шағымданып келген адамның мұқтаждығына терең түсініп, оның толық ашылуына мүмкіндік бермесе ол сырын аша алмай тұйықталып қалады, нәтижесінде кеңес беру ықпалының мүмкіндіктері де мүлдем іске аспайды. Клиент құндылықтарын қабылдап алып, оларды құрметтей отырып, қажетті сөздермен қуат берсе, кеңес беруші олардың өмір жолындағы кедергі болып тұрған жағдайлардан адамгершілік сақтап өтуіне ықпал ете алады.

Кеңес беруге тыйым салу. Кеңес беруге тиым салуға негіз болатын себептер өте көп және алуан түрлі. Бәрінен бұрын, психологтың өмірлік және кәсіби тәжірибесінің таяздығы қандай болмасын басқаға кепілдендірілген кеңес беруге мүмкіндік бермейді. Психологиялық кеңес беру барысында психолог әрбір адамның өмірін толық түсінбесе ол белгісіз және алдын-ала болжанбайтын күйінде қалады. Оның үстіне, кеңес бере отырып психолог клиенттің басынан өтіп жатқан оқиғаға жауапкершілікті толығымен өзінің мойнына алады. Бұл кеңес алушы тұлғаның шындыққа барабар қатынасын

дамытуға ықпал жасауы да, жасамауы да мүмкін. Егер тәжірибесі таяз, әлі шеберлігі қалыптаспаған маман психологиялық кеңес барысында клиенттің проблемаларын шешуге ықпал ете алмаса, онда психолог өзін «гуру» ұстанымына қояды. Бұл жағдай клиенттің психологиялық жағдайын басқаруға, сол жағдайдан адамгершілікпен шығу жолын үйретуге мүмкіндік болмайды, сондықтан мұндай кеңес берудің зиян жағы басым болуы мүмкін. Клиент өз өмірін сараптап талдаудан, оны өзгертуге ұмтылудан бас тартып, өзінің өтіп жатқан оқиғаға немқұрайды қатынасының қалыптасуына алып келеді. Бұл жерде кеңесті іске асырудағы кез-келген сәтсіздік кеңес берушінің беделіне теріс әсерін тигізіп, кеңес беруші сәтсіздіктің негізгі себебі ретінде бағаланады. Мұндай жағдай, әрине, клиенттің басынан өтіп жатқан оқиғалардағы өз ролін түсінуге кедергі келтіреді. Сондықтан, психолог кеңес беруге шамасы келмейтінін байқаса бұл туралы пікірін клиентке ашып айтып, кеңес бере алмайтынын мойындауы керек. Осындай жағдайларда кеңес беру жұмысын жалғастыруға толық тиым салынады.

Кеңес берудің анонимділігі. Психологиялық кеңес берудің негізгі шарты – оның анонимділігі. Бұл қағида бойынша клиенттің психологқа айтқан кез-келген ақпараты және психодиагностикалық зерттеу нәтижелері оның келісімісіз ешқандай жеке тұлғаларға, қоғамдық немесе мемлекеттік ұйымға, оның ішінде туысқандарына немесе достарына айтылмайтындығына психолог кепіл береді. Көптеген елдерде бұл ережеден туындайтын мемлекет заңында арнайы қарастырылған баптар бар. Барлық мәліметтер құпия сақталатыны туралы клиент алдын-ала ескертіледі. Дегенмен, кей кездерде психологиялық зерттеу барысында клиенттің берген ақбараттарында оның біреудің өміріне қастандық жасап, қауіп туғызып турғаны туралы тиянақты мәлімет алынған жағдайда бұл құпияны психолог қажетті мекеме өкілдеріне жеткізуі қажет. Бірақ, әрине, бұл жағдайда психологтың өте абай болғаны және клиент мүддесін есепке алғаны дұрыс.

Жеке және кәсіби қатынастарды шектеу. Психолог өз клиенттерімен достық қарым–қатынасқа өте отырып немесе өзінің достары мен жақын туыстарына кәсіби көмек көрсетуге тырысып, оларға жығылғаны, айтқанымен жүргені тәжірибесі мол және кәсіби шеберлігі қалыптасқан кеңесшілерде де кездеседі. Психолог өз туысқандарына психологиялық кеңес беру мақсатында кез келген ұсыныстар мен әңгімелер жүргізуі оның кәсіби қызметі оңай бағасызданылатындыққа алып келеді, сонымен қатар басқа да көптеген себептер бойынша да бұл жолдың қиын жерлері бар.

Психотерапияда клиенттермен жұмыс жүргізу үшін маңызы өте зор екі негізгі ұғым бар: а) «тасымал», яғни клиенттің психотерапевтке және онымен өзінің қатынастарын, негізгі проблемалары мен шиеленістерін тасымалдай білуге бейімділігі; б) «контртасымал», яғни психотерапевттің клиентке қатысты ішкі проблемалары мен шиеленістерін және өзінің белгілі адамдармен қатынастарын жобалауға бейімділігі. Психоанализге З.Фрейд енгізген бұл ұғымдар бүгінгі күні психотерапияның түрлі бағыттарында кеңінен қолданылады. Олар кез келген адам қатынастарында және психотерапия шеңберінде қалыптасқан арнаулы қатынастар адамның ішкі мұқтаждығы мен тілегінің ықпалында болатындығын білдіреді. Оның үстіне, тіпті кәсіби-психатерапевт те контртасымалға «қарусыз» болады. Әр жас маман өзінің контртасымалын клиент проблемаларын сараптау мақсатында

пайдалана білуін, түсінуін, өзгелерді басқару үшін және бірқатар басқада жеке және тұлғааралық феномендерді анықтау үшін ол тәжірибелі мамандармен бірлесіп ұзақ жұмыс жүргізіп, жеке тұлға ерекшеліктерін талдау жүргізуге үйренуі – міндетті талаптардың бірі. Бұл феномендер кеңес беру процесінде де түрлі деңгейде пайдаланылады. Бірақ арнайы дайындықтан өтпеген адам бұл күрделі құбылыстарды жүргізу қызметін істеуі қиын.

Кеңес беруші клиенттің беделін сақтау үшін ол туралы жеткілікті мәлімет алуының қажеттілігін, мәліметтілігі аз болуымен байланысты толық көмек көрсетуі қиын екенін түсіндіруі керек. Бірақ мәліметтілік кейде кеңес беруші мен клиент арасында тығыз жеке қатынас орнатуға, олардың жақын адам ретінде бір бірінің талаптары мен тілектерін қанағаттандыруына және кеңес беруші клиент проблемасын тиімді шешуге қажетті объективті ұстанымдарды сақтай алмайтынына алып келуі мүмкін. Басқа елдер тәжірибесінде клиент пен кеңес берушінің (психотерапевт пен клиенттің) тұлғааралық қатынасы орын алғанын, оның ішінде төсек қатынасына түсуі анықталып, оның психотерапевттің мамандық қызметінен босатылғаны жарияланған. Сондай-ақ бұл оқиғаға алуан түрлі көзқарастар болды. Бірақ, осы пікірталастардан жасалған қорытынды біреу: мүмкіндігінше жеке қатынастарды болдырмаған жөн, ал егер осы жағдай орын алса психологтың өте абай болып, егер мұндай жағдайлар орын алса психолог кеңес беру немесе психотерапия процесін жүргізуді тоқтатуы керек.

Клиенттің кеңес беру процесіне кірістірілуі. Кеңес беру процесі тиімді болу үшін, клиентті қабылдау кезінде ол өзінің мәселесі бойынша көтерілген әңгімеге кірістірілгенін сезініп, кеңес берушімен талқылаған мәселердің барлығын эмоцияға шылыққан түрде қайтадан басынан өткеруі тиіс. Мұндай кірістірушілікті қамтамасыз ету үшін психолог өзінің диагностикалық әңгімесінің дамуын біртіндеп клиенттің басынан өткізген жағдайдың барлығын бір-бірімен ұштастырып, сол оқиға болған жағдаймен логикалық жағынан байланыстырып, талдаудың мағнасы шағынушыға түсінікті болатындай етіп жүргізуі керек. Себебі, талқылаған мәселелердің барлығы клиентке түсінікті және тыңдаушылардың қызығушылығын тудыратын болмаса ол өз оқиғасын шешу үшін үлкен шыдамдылықпен оны сараптап, нәтижесінде осы жағдайдан шығу жолдарын белсене іздеуге кіріспейді.

Клиентті қабылдау кезінде ол кенеттен толқып, тақырыпқа деген қызығушылығын жоғалтып, жалығып, іштей психолог пікірімен келіспей, болған жағдай туралы ешнәрсе айтқысы келмей қалатын кездері болады. Бұл жағдайда клиентке оқиғаны соңына дейін түсіндіріп айтуды, себептерін талдап, түсіндіруге тырысып, әңгімелесуге оны мәжбүр етудің пайдасы жоқ. Мұндай кезде психолог тақырыпты ауыстыра отырып, күнделікті болып жатқан, баршаға ортақ тақырыптарға ауыстырып, сол әңгіме барысында психологпен сөйлесуге қызығушылығын қайта шақырып, кейде әзілдесіп және басқа тәсілдердің көмегімен клиентті кеңес беру процесіне қайта кірістірген жөн. Зерттелінушінің қызығушылығын сақтағанда ғана оның психологиялық кеңеске деген оң көзқарасын жандандыруды қамтамасыз етіуге, жағдайды дұрыстап алуға мүмкіндік туады.

Клиенттерге жауапкершілікті өз мойнына алдыру. Кеңес беру барысында клиенттің жауапкершілік локусы өзгелерден өзіне ауыстырылуы тиіс. Бұл міндетті шешпей қандай да бір нақты нәтижеге жету мүмкін емес. Тек қана адам өз басынан өтіп жатқан оқиғаларға өзінің жауапкершілігін сезінген кезде ғана ол өз басына қиындық туғызған жағдайға өзі де кінәлі екенін мойындап оны өзгертуге шынымен тырыса бастайда. Керісінше, кінасын мойындамаған жағдайда ол айналасындағы адамдар тарыпынан көмек пен жағдайды өзгертуді күтеді және талап етеді.

Жауапкершілік локусын клиеттің өзіне аудару оңай шаруа емес. Қабылдау барысында психолог жасай алатын нәрсе – бұл клиентке оның адамдармен қатынастары күрделі сипатта екендігін түсіндіріп, оны оң белгіге аударуға ықпал ететін жолдарын көрсету. Бұл жағдайда кеңес беруші өте маңызды нәтижеге қол жеткізеді, себебі адам өзінің оқиғаға жауаптылығын сезіне отырып, өз өмірінде өзгерістер болуы үшін не істеу керектігі туралы өзі шешім қабылдайды. Әрине, бұл шешімді қабылдаудағы психологтың көмегі өте пайдалы.

Кеңес беруші мен клиент арасындағы қатынасты құру. И.В. Цзен, Ю.В. Пахалов т.б. ғалымдар клиент пен психолог қатынасы ерекшеліктерін анықтауға негіз болатын төрт ұстанымды атап көрсеткен: теңдік, серіктестік, жоғарыдан төменге және төменнен жоғарыға. Әртүрлі жағдайларда кеңес беруші түрлі ұстанымдарды жетекші ретінде іріктеп алады. Бірақ кеңес беруде өте дәстүрлі болып теңдік ұстанымымен клиентке қатысты серіктестік ұстанымдары табылады, бұл жағдайларда да бағыттаушы және анықтаушы роль психологқа жүктеледі. Сондықтан осы позицияны толығырақ қарастыру керек.

Кеңес беру процесіндегі психологпен теңдік ұстанымы бойынша клиент өзін кеңес берушімен тең құқығы бар әріптес ретінде сезінсе, психологпен тең белсенділік көрсетіп, өнімді жұмыс істейді. Кеңес беруші клиентті әріптесі ретінде бағалап, оның өмірінде орын алған оқиғалар мен жағдайлар бойынша оны жазғырмайтындықтан клиенттің өзі туралы қандай да бір ақпаратты жасыруға негізі жоқ болады. Теңдік ұстанымы бойынша кеңес берушінің өзі де клиентпен қарым-қатынас жасау барысында ешқандай басымдық, білгірлік көрсетпейді. Бұл жағдай маманның қаншалықты беделді екенін, қаншылықты берік ұстанымда болғанын, олардың білімінің, іскерлігінің және клиент сөздерін талдауына соншалықты көп ынта қоятының көрсетеді де оған сенім арта түседі. Әрине, теңдік ұстанымында бола отыруы арқылы кеңес беруші ұтып қана қоймай оның жоғалтатыны да бар: себебі «жоғарыға» ұстанымында болған беделмен көбірек есептеседі, оны ешқандай сынамастан ұйып тыңдайды. Көптеген сеанс беретін гипнотизерлер табысының құпиясы осы қарсылықсыз беделде. Гипнотизердың ұстанымы мен даңқы олардың тиімді ықпалын қамтамасыз етеді. Ал психологиялық кеңес беру үшін қабылдау кезінде психологтың ұстанымы мен мінез - құлқын өзгеріссіз нәрсе ретінде көрсетуге болмайды. Жоғары кәсіби маман қажет жағдайда өзінің білімі мен беделіне сүйене отырып бір жағдайда «жоғарыға» ұстанымын ұстанады, ал келесі жағдайда клиенттің өзіндік бағасын көтеруге, оның білімі мен беделін атап көрсетуге ұмтыла отырып «төменге» ұстанымын ұстанатын актер болып келеді.

Кеңес берушінің ықпал ету құралдары. Кеңес берушіде кәсіби ықпал мүмкіндіктері өте кең және алуан түрлі. Бірақ олардың ішіндегі негізгісі, талассыз, клиетпен жүргізілетін вербальдық қатынас, дәлірек айтқанда – кеңес беру әңгімесі болып табылады. Әңгіменің мұндай түрін кәсіби деңгейде меңгеруді нағыз өнер деп айтуға болады.

Кеңес беру тәсілдерінің ішінде ерекше тобын құратындары – клиентпен әңгімелесу. Әңгімелесу жоғарыда айтылған ұстанымдарға сай жүргізілуі керек. Тілдесу арқылы жүргізілетін қатынас барысында клиент өзінің басқалардан кем еместігіне көзі жетіп, өзінің басқаларша құнды тұлға екенін түсінеді. Әңгімелесуді бастағанда клиенттің шағымын мұқият тыңдап, оның көптеген ойларын мақұлдап, қажетті кезде оны мақтап, қолдап отыруды орынды пайдалану қажет. Сонда шағымданушы өзін түсініп тыңдайтын адам бар екеніне көзі жетіп, көптеген ешкімге айта алмай жүрген сырларын шегеді. Осы қызығушылықпен тыңдаудың өзі, мәселенің негізіне психологтың шын көңіліменен түсінгісі келгенінің өзі кеңес алушыны біраз жеңілдетіп тастайды. Әңгімелесу барысында қиындықтар себептерін диагностикалау тәсілдері орын алады. Олардың ішінде клиенттің көзқарасын және өмірлік ұстанымын өзгертуге бағытталған алуан түрлі сұрақтар, сауалнама элементтері кеңінен пайдаланылады.

Кәсіби әңгіме барысында психолог тиісті мәліметті алып, кеңес беруде тиімділікке жету мақсатымен қолданатын тәсілдері мен техникасы алуан түрлі амалдан құрылған күрделі құрылым болып табылады. Олардың ішінде психолог сөзінің нақтылығы мен анықтылығы, шағымданушының мұңын айтуға ұмтылдыру, клиент пікірін қорыту секілді кеңес беру әңгімесін жүргізу техникасы кеңінен пайдаланылады.

Арнайы тапсырма беру әдіс - тәсілдері. Киенттің психологиялық жағдайын өзгертуге немесе тереңдетуге арналған арнайы тапсырмалар және жаттығулар ретінде пайдаланылатын әдістемелер мен арнайы жасалған техникалар үлкен орын алады. Оларға, мысалы, гиштальт-терапия шеңберінде жасалған «бос орындық техникасы», отбасылық терапия шеңберінде жасалған “келісімдер жасау” т.с.с. әдістемелер жатады. Сонымен қатар клиенттің нені және қалай жасауы керектігін қысқаша қағаз бетіне түсіруді талап ететін үй тапсырмалары, клиентпен қосыла отырып бір шешім қабылдауға бағытталған пікірталастар және т.б. түрлері бар.

Көбінесе бұл тәсілдер әңгімелесу процесімен тығыз байланысты, тікелей солардан шығады да, клиент үшін ол ерекше сезім тудыратын мәселе болады. Бұл тәсілдерді қолдану көбіне кеңес берушінің теориялық бағдарымен, сонымен қатар психологиялық көмек сұраған адамның проблемасының сипатымен анықталады.

Әдіс-тәсілдердің мұндай түрін меңгергендігі маманның тәжірибесінің қалыптасқандығын және оның кеңес беру бойынша теориялық еңбектермен таныстығын, бұл жұмыстардың ерекшеліктерін толық түсінгенін, сондай-ақ әріптестерімен кәсіби қарым–қатынас жасап олардың тәжірибесін үйреніп жүргенін көрсетеді. Сондықтан мұндай техникалардың кең тізбегімен таныстығы кеңес беруші психологтың кәсіби шеберлігінің, оның кәсіби жинақтылығының шарты болып табылады. Олар кеңес беру әңгімесін мағыналы жағынан тереңдетіп, оны эмоционалды жағынан үйлесімді етеді. Бұл техникаларды дұрыс пайдалану психологиялық ықпалдың тиімділігін,

клиент пен кеңес берушінің байланысын қалыптастырудың және дамытудың мүмкіндіктерін кеңейтеді және ұтымдылығын қамтамасыз етеді.

Тілсіз жүргізілетін байланыс түрлері. Кеңес берушінің ықпал етуінің вербальдық құралдарынан басқа вербальдық емес құралдарының да көптеген түрлері бар. Бұл құралдарды пайдалану көбінесе қандай да бір нақты мақсатқа жету үшін қызмет көрсетіп, клиентпен кеңес беруші арақатынасының тез қалыптасуын қамтамасыз етеді. Психологиялық ықпалдың табысты болуының негізгі шарты - әңгімені ұйымдастыру барысында келесі тілсіз жүргізілетін байланыс түрлерін тиімді пайдалану болып табылады:

а) психологтың көзқарасы – сөйлесу барысында клиенттің көзіне қарап, айтқан сөздерінің мағынасына түсініп отырғанын білдіру;

б) отырысы - отырғанда клиентке қарама-қарсы емес, кішкене бір-біріне бұрыштап отырғаны әңгімелесуге ыңғайлы жағдай туғызады;

в) бет көрінісі – психологтың бет-әлпетінде тілектестік, мейірімділік, түсінушілік байқалғаны дұрыс, ол психотерапевтикалық әдістердің бірі болып табылады;

г) дене қалпы - психологтің отырысы емін-еркін, дене қалпы ашық, клиенттен жабық емес болуы керек. Қол қусырылған, қолы тыныш таппаған адам клиентке теріс әсерін тигізеді, сондықтан психологтің дене қалпы клиентке психологиялық ыңғайлы жағдай тұғызатындай болуы керек;

д) дауыстың ырғағы, күші – психолог дауысы жұмсақ, тілектестік белгісі анық сезілетін, кей-кезде сыбырласып сөйлескеннің үлкен әсері бар;

е) үзілістерді пайдалану – психолог кейде үндеместен отырып клиентке өз ойын, тағылымын толық айтуға мүмкіндік беруі керек.

Осы талаптарға сай ұйымдастырылған психологиялық кеңес беру өз функциясын толық орындайды [5].

Психологиялық кеңестің түрлі жұмыс формалары арқылы өзіме бағытталған, кеңес алуға келген кез – келген жеке тұлғаға ақпараттық сауаттылығын арттыруды бірінші орынға қоямын. Ақпарттық сауаттылығы жоқ тұлға өз мәселесін шешуде кедергілер мен қарама - қайшылықтарға көп кездеседі. Тәжірибемде кеңес беру барысында жадынама таратып, әр мәселе бойынша алдын алу немесе түзету, дамыту мақсатында кеңес беруде топтық, жеке жұмыс жүзеге асырылуда. Дөңгелек үстел, ыстық орындық, кел сырласайық, т.б. айдарлар бойынша жұмыс өз жалғасын табуда. «Жан сыры» психологиялық үйірмесінің отырыстары арқылы да студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудағы психологиялық кеңес беру жұмысының ролін анықтадым. Үйірменің әр отырысы топтық кеңес беруде уақытты ұтымды пайдалануға да көмектеседі, әрбір үйірме мүшесі сол сәтте алған психологиялық кеңесті басқа жеке тұлғаларға қажет кезінде ұсына алады деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Намазбаева Ж.Ы. Психология және психотерапия. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2010. – 244 б.

2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.

3. Helpiks.org – http://helpiks.org/5-64968.html. Пайдаланған уақыты: 07.01.2017 ж.

4. Психологиялық кеңес беру әдістері. – http://mylektsii.ru/7-74535.html. Пайдаланған уақыты: 08.01.2017 ж.

5. Психологиялық кеңес беру процесінің теоретикалық негіздері. – http://www.freepapers.ru/18/psihologiyaly-kees-beru-procesn-teoretikaly/249955.1670000.list11.html. Пайдаланған уақыты: 08.01.2017 ж.

Габдрахманова Ш.Т., Есенова Л.С.

Значение психологического консультирования в профессиональной деятельности

В статье раскрывается содержание психологического консультирования, пути формирования информационной компетенности студентов. Содержательно описаны правила, этапы и виды консультирования в психологической службе.

Ключевые слова: психологияческая служба, психологическое консультирование.

Gabdraxmanova Sh.T., Esenova L.S.

The value of counseling in professional activities

Contents of the psychological counseling of psychological services and ways of developing informational competencies of students re taken into account in the content of the article. The rules of psychological counseling, types and stages of psychological counseling service are reviewed by the scientific point of view.

Keywords: Psychological service, psychological counseling.

***

УДК 371.3:54

Сдикова Г.Ж. – кандидат химических наук,
ЗКГУ им. М.Утемисова
Нурлыбайкызы Г. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
***E-mail*:** gulsim94@mail.ru

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОВЫШЕНИИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ

Аннотация. *Изучена роль информационных технологий в обучении химии и их реализация при использовании компьютерных технологий в сочетании с другими технологиями обучения.*

Ключевые слова: *Информационная технология, компьютерная технология, химические объекты, химические процессы.*

Одним из основных признаков современного общества является стремительное развитие информационных технологий, основанных на создании, переработке, распределении и потреблении огромных по своим объемам информационных ресурсов.В настоящее время в Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике учебно-воспитательного процесса. Происходит смена образовательной парадигмы: предлагается иное содержание, иные подходы, иное право, иные отношения, иное поведение, иной педагогический менталитет. Об этом свидетельствует Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана

«Казахстан-2030». Постановка задачи в таком ракурсе требует новых подходов в системе образования в условиях информатизации.

Реформирование образования невозможно без использования новых компьютерных и телекоммуникационных технологий. С информатизацией связывается и изменение содержания образования, применение новых методов обучения.

Компьютерная техника и программное обеспечение за последние годы претерпели качественные изменения и могут быть эффективно использованы в обучении. Применение средств компьютерной техники для обучения на данном этапе вышло за рамки просто применения в ранг технологии. Под технологией обучения понимается совокупность педагогической техники преподавателя, методик обучения и технологии педагогических измерений, обеспечивающих воспроизводимое и эффективное достижение поставленной цели обучения и отслеживание результативности на всех этапах обучения. *Компьютерные технологии обучения* - это совокупность педагогической техники преподавателя, методик обучения и технологии педагогических измерений, базирующихся на использовании компьютерных средств, обеспечивающие воспроизводимое и эффективное достижение поставленной цели обучения и отслеживание результативности на всех этапах обучения. Реформирование образования невозможно без использования новых компьютерных и телекоммуникационных технологий. С информатизацией связывается и изменение содержания образования, применение новых методов обучения.

Новые информационные технологии требуют и дают ответ на совершенно новое восприятие концепции учебной программы, поскольку позволяют представить информацию на различных уровнях в рамках динамической системы взаимоотношений с обучающимся. Технологии гипермедиа, мультимедиа, виртуальной реальности предоставляют широкие возможности многообразного и динамического представления информации. В связи с этим не все вопросы применения современных компьютерных технологий в обучении разработаны достаточно детально [1].

Новые информационные технологии позволяют решать ряд принципиально новых дидактических задач:

- изучение явлений и процессов в микро- и макромире, внутри сложных технических и биологических систем на основе использования моделирования;
- представление в удобном для изучения масштабе времени различных физических, химических, биологических и социальных процессов, реально протекающих с очень большой или слишком малой скоростью [2].

Компьютерное обучение характеризуется последовательностью специфических действий, часть которых присуща обучению в любых формах, а часть - только компьютерному. Такими действиями, например, являются восприятие информации с экрана дисплея, работа в знаковых моделях, ввод ответа с клавиатуры. Для обеспечения принципа последовательности учащемуся в начале сеанса компьютерного обучения полезно дать ориентировочную основу действия, сформулировать цель обучения. Под последовательностью как раз и понимается очередность выдачи учебных фрагментов обучающей программой, построение и

корректировка наиболее эффективной последовательности при самостоятельной работе обучаемого в интеллектуальных учебных средах [3].

При использовании компьютерных технологий термин "самостоятельность" приобретает иной смысл, нежели в него вкладывался ранее. Под самостоятельностью, как следует из названия принципа, понималось сокращение информационных и управляющих воздействий со стороны преподавателя и частичная передача их самому учащемуся. В некоторых вариантах применения компьютерных технологий учащийся работает без преподавателя, но в интерактивном взаимодействии и под управлением компьютерной системы; в таких ситуациях не ясно можно ли отнести данный вид учебной деятельности к самостоятельной. В компьютерных технологиях обучения самостоятельность необходимо трактовать следующим образом: на этапе репродуктивного освоения материала, когда учащийся работает под управлением компьютерной системы, его самостоятельность проявляется в выборе учебных заданий (в рамках определенной преподавателем темы), последовательности их решения, анализе результатов. Целесообразность применения компьютерных технологий в обучении химии не вызывает сомнений. Используя существующие средства обучения ввести обучаемых в микромиры химии достаточно сложно. Смоделировать сущность цепной реакции, реакции гидролиза, сущность химического равновесия и т. д., а также дать возможность обучаемым "потрогать" в этом микромире происходящие процессы и явления, изменяя их параметры и характеристики, возможно сегодня только с помощью компьютера.

Компьютер должен внести свой вклад и в формирование таких понятий, законов и теорий в курсе химии, которые в традиционном обучении не находят достаточного опытного обоснования, например, изучение механизмов различных реакции. Необходимо новое полифункциональное средство для формирования понятий, опирающееся на наглядные образы, а в традиционном обучении адекватных средств для этого нет. Примером из химии служит понятие "электрон", объединяющее в себе диалектическую двойственность частицы и волны, механизм электрохимической и химической коррозии, механизм взаимного влияния атомов в молекулах и др.

Привлечение компьютера оказывается полезным, во-первых, в ситуациях, связанных с вычислениями - это сокращает время, затрачиваемое учениками на осуществление расчетов, их проверку и обработку результатов, во вторых, при отработке типовых умений: решение расчетных задач, составление формул по валентности, классификация сложных веществ, распределение электронов в атомах химических элементов, составление химических уравнений различных типов, составление изомеров и т.д [3].

Компьютер может моделировать какой-либо процесс или последовательность событий. Это позволяет обучающемуся делать самостоятельные выводы по поводу факторов, оказывающих влияние на протекание процесса или события. Лабораторный эксперимент, требующий для своего проведения недоступных для школы приборов или чрезвычайно длительного (и наоборот - мгновенного) времени, может быть реализован также с помощью компьютерных технологий.

Так, компьютерная имитация химических процессов предоставляет возможность изучения эффектов, к которым приводит, например, изменение концентрации взаимодействующих веществ или температуры процесса. Имитационное моделирование позволяет варьировать скорость течения процесса, например, замедлять быстрые реакции с целью их обстоятельного анализа. Подобного эффекта можно достичь с изменением скорости киносъемки, однако, компьютерное моделирование позволяет ученикам самостоятельно управлять процессами. Главное достоинство компьютерного моделирования - бесспорная целесообразность его использования при рассмотрении взрывоопасных и пожароопасных процессов, реакций с участием токсичных веществ, радиоактивных препаратов, словом, всего, что представляет непосредственную опасность для здоровья обучаемого. Большое преимущество компьютерного моделирования состоит также в возможности неоднократного повторения имитации, часто через короткие временные интервалы, повторения до тех пор, пока не будет достигнут желаемый, с точки зрения обучаемого, результат. Это дает возможность обучаемым глубже усвоить механизм действия и взаимодействия различных факторов, а также приобрести и осмыслить представления о достигнутом.

Компьютерное обучение характеризуется последовательностью специфических действий, часть которых присуща обучению в любых формах, а часть - только компьютерному. Такими действиями, например, являются восприятие информации с экрана дисплея, работа в знаковых моделях, ввод ответа с клавиатуры. Для обеспечения принципа последовательности учащемуся в начале сеанса компьютерного обучения полезно дать ориентировочную основу действия, сформулировать цель обучения. Под последовательностью как раз и понимается очередность выдачи учебных фрагментов обучающей программой, построение и корректировка наиболее эффективной последовательности при самостоятельной работе обучаемого в интеллектуальных учебных средах.

Обучение с использованием информационных технологий является новой методической системой, позволяющей рассматривать учащегося не как объект, а как субъект обучения, а компьютер - как средство обучения. Обучаемый переходит в новую категорию потому, что по форме компьютерное обучение является индивидуальным, самостоятельным, но осуществляется по общей методике, реализованной в обучающей программе [4].

Современные компьютерные технологии могут быть эффективны при реализации пропедевтических курсов интегративного характера, которые одновременно вводят обучающихся в предметный мир ряда дисциплин - химии, физики, биологии. Примерами таких программ уже сегодня могут стать экологические компьютерные программы, «проживая жизнь» в которой обучаемый сохраняет в равновесии природные ресурсы, чистоту водоема, осуществляет математические расчеты физических процессов, необходимых для стабилизации экологических процессов и т. д.

Полная реализация каждого из принципов компьютерной поддержки в процессе обучения химии на начальном этапе возможна только во взаимосвязи с другими общедидактическими принципами и дидактическими принципами, свойственными только компьютерному обучению. Таким

образом, дидактическую основу методической концепции компьютерной поддержки преподавания химии на начальном этапе составляют общедидактические принципы, принципы компьютерного обучения: принцип информационной гуманности, который ориентирует все элементы процесса обучения на индивидуальные информационные возможности и особенности учащегося; принцип мультимедийности, развивающий классический принцип наглядности обучения, но на качественно ином уровне; принцип метапредметности информационных технологий, выделяющий в содержании обучения способы представления и обработки информации в данной учебной дисциплине. Кроме этого, нами выделены и обоснованы специфические принципы для компьютерной поддержки обучения химии: принцип активизации самостоятельной работы учащихся, принцип открытости, принцип встраиваемых компьютерных технологий [1].

Уроки, проводимые с использованием компьютерных программ имеют комбинированный характер, наряду с компьютерными технологиями они строятся на основе технологий уровневой дифференциации обучения. Целесообразно также на начальном этапе обучения химии использовать игровые технологии и элементы проблемного обучения для придания обучению деятельностной основы. Необходимым элементом подготовки урока, основанного на применении компьютерных программ, является разработка дидактических материалов для учащихся. Учитель должен подготовить инструкции, содержащие алгоритм работы с программой; разработать разноуровневые задания, которые учащиеся выполняют при работе с программой и вопросы для обсуждения. Затем учитель разрабатывает ход урока, составляет план-конспект. Форма и тип урока могут быть различными, в зависимости от целей и задач урока.

На начальном этапе обучения химии важно привыкание учащихся к новому предмету, к его особенностям: особенностям языка науки, химического эксперимента. Освоение учащимися химического языка - важное условие успешного последующего изучения предмета химии. С помощью химического языка происходит передача и приобретение знаний, формируются химические понятия, устанавливаются внутрипредметные связи. Адаптироваться к использованию нового языка учащимся помогут компьютерные обучающие программы по химии с элементами тренажа. Работа с программами должна осуществляться в интерактивном режиме и предполагает формирование умений как специальных - использование химического языка так и общеразвивающих, таких как наблюдение, обобщение, сравнение. В процессе работы с программами учащиеся знакомятся с символами химических элементов, формируют умения по составлению химических формул веществ и соединений, умения по расстановке коэффициентов в уравнениях химических реакций. Сравнение используется, например, для выяснения сущности горения и медленного окисления, условий их протекания. Обобщение осуществляется тогда, когда происходит поиск связей (генетических, причинно-следственных, взаимного влияния и пр.) между изучаемыми объектами, например, строение и свойства вещества или свойства вещества и применение, основанное на его свойствах [4].

Реализация обозначенных целей и задач в нашем образовательном учреждении возможна благодаря наличию соответствующей материальной базы, созданной в рамках программы компьютеризации образовательных учреждений.

Для реализации нового подхода к преподаванию с применением информационных технологий необходимо знать возможности, предоставляемые компьютером для усовершенствования учебного процесса на каждом этапе урока.

Так, на этапе подготовки к уроку компьютер предоставляет возможности:

- создавать компьютерные модели конспекта урока, темы, курса в целом;
- максимально целесообразно располагать материал;
- обеспечивать основной материал дополнительной информацией;
- подбирать и систематизировать материал с учетом особенностей класса и отдельных учащихся.

На этапе проведения уроков компьютер позволяет:

- экономить время;
- красочно оформлять материал;
- повышать эмоциональную, эстетическую, научную убедительность преподавания;
- оптимизировать процесс усвоения знаний, воздействуя на различные анализаторы;
- индивидуализировать обучение;
- концентрировать внимание на важнейшей проблеме урока;
- в любой момент возвращаться к уже знакомому материалу;
- самостоятельно использовать учебный материал обучающимися.

На этапе методической проработки процесса обучения у учителя появляются дополнительные возможности:

- аккумулировать совместные усилия учителей;
- развивать, модернизировать, корректировать электронные материалы;
- систематически накапливать материал;
- повышать мотивацию преподавания и обучения.

Повышение эффективности стало возможно благодаря техническому достижению последнего времени — мультимедиа, которое оказало на образовательные технологии значительное влияние.

Термин "мультимедиа" рассматривается в трех аспектах. Во-первых, это комплексное представление в компьютере всевозможных видов информации - текстов, статической графики, анимации, речи, музыки, видеоизображения; во-вторых, это оборудование, позволяющее работать с информацией различного типа; в-третьих, это интерактивный программный продукт, объединяющий все перечисленные виды информации. Главная черта такого продукта - значительный объем и разнообразие данных, а также возможность прямого доступа к ним.

Мультимедиа-программы могут включать элементы контроля знаний учащегося, например, путем включения вопросов с набором альтернатив, выбор каждой из которых может сопровождаться оценочными комментариями; данная возможность особенно важна в процессе самообразования [4].

Кроме того, компьютерная техника применяется и как средство контроля усвоения знаний учащимися, значительно расширяет доступ к источникам информации, дает возможность получения обратной связи. Для организации работы учителем могут быть применены различные модели использования компьютера на уроках.

Современные компьютерная техника помимо улучшающихся средств визуализации предоставляет учащимся возможность использовать еще одну линию восприятия информации - звуковую. С точки зрения теории информации тем самым расширяется канал связи, по которому информация поступает к учащемуся, и, следовательно, растет его общая пропускная способность. Для разработчиков программ и для учителя - это дополнительная возможность сделать учебную информацию более выразительной, наглядной и естественной по форме представления. Как показывают исследования психологов, звук в учебных программах весьма сильное средство акцентирования, и, следовательно, им необходимо пользоваться для поддержания внимания учащегося в ходе обучения, создания положительной мотивации, уменьшения влияния внешних отвлекающих (как правило, звуковых) факторов [5].

Методика компьютерной поддержки начального этапа обучения химии в средней школе должна базироваться как на общедидактических принципах, принципах компьютерных технологий обучения так и на специфических принципах: принципе активизации самостоятельной работы учащихся, принципе открытости, принципе встраиваемых компьютерных технологий. Предлагаемая методика раскрывается в следующих основных положениях:

- использование методики разработки и применения компьютерных программ реализует единство следующих методологических подходов: интегративноконтекстного, личностно-ориентированного и деятельностного;
- отбор тем для разработки компьютерных программ и обучения на их основе должен осуществляться с учетом дидактических принципов отбора содержания, среди которых следует выделить принцип значимости, системности, необходимости, мультимедийности, универсальности;
- компьютерные обучающие программы должны соответствовать требованиям, соответствие которым позволит повысить их дидактические функции;
- внедрение компьютерных программ в учебный процесс должно осуществляться только после апробации данного программного продукта на основе разработанной методики [1].

Компьютерная технология не может рассматриваться как эксклюзивная форма обучения химии. Она непременно должна сочетаться с традиционными формами учебных занятий. Полученная здесь химическая информация ретранслируется при работе с компьютером, где происходит

закрепление знаний, повышение их прочности. Следует заметить, что сочетание компьютерных технологий с традиционными не должно сводиться только к использованию компьютера как средства контроля и закрепления знаний. Необходимо использовать в полной мере все дидактические возможности компьютера. Это становится возможным благодаря использованию обучающих программ, которые позволяют проводить объяснение материала, используя для этого разные способы наглядности, моделирование процессов и явлений, осуществлять тренаж и контроль знаний. Так же важно рациональное взаимодействие компьютерных технологий с традиционными средствами и методами обучения [5].

Компьютерные технологии и информационные образование – две тенденции в совокупности становятся теми сферами человеческих интересов и деятельности, которые знаменуют эпоху XXI века и должны стать основой для решения стоящих перед человечеством проблем. Подведя итоги, использование компьютерных технологий в обучении позволяет реализовать нарастающие парадигмы современного образования: деятельностный подход к обучению, активизацию деятельности учащихся, индивидуализацию обучения.

Литература:

1. *Висич А.Н., Закаева Р.Ш., Бигаева И.М. Компьютерные технологии в обучении химии // Advances in current natural sciences. – 2011. – №8. – С. 222.*
2. *Нечиталова Е. В. Информационные технологии на уроках химии // Химия в школе. – 2005. – №3. – С. 13-15.*
3. *Пугачев В. М., Гезенаур Е. Г. Роль информационных технологий в науке и образовании // Вестник КемГУ. – 2009. – №3. – С. 31-34.*
4. *Ластушкина Г.Я. Компьютерный контроль знаний по теме "Углеводороды" // Химия в школе. – 2001. – № 8. – С. 42-44.*
5. *Прокопенко В.Г., Плужник О.М. Компьютер в кабинете химии // Химия в школе. – 2000. – № 8. – С. 31-35.*

Сдикова Г.Ж., Нұрлыбайқызы Г.

Химияны оқыту тиімділігін арттырудағы ақпараттық технологиялардың рөлі

Химияны оқыту барысындағы ақпараттық технологиялардың рөлі және оның компьютерлік технологияларды қолдана отырып, басқа да оқыту технологияларымен үйлесімді орындалуы қарастырылған.

Тірек сөздер: Ақпараттық технологиялар, компьютерлік технология, химиялық объектілер, химиялық процестер.

Sdikova G.Zh., Nurlybaikyzy G.

The role of information technology in improving the effectiveness of teaching chemistry

Studied the role of information technology in teaching chemistry and their implementation with the use of computer technology in combination with other learning technologies.

Keywords: Information technology, computer technology, chemical installations, chemical processes.

***

ӘОЖ 37. 013

Байсеитова Ж.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
E-mail: shanar_b@mail.ru
Шавалиева З.Ш. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
E-mail: zulyas580plm@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада рухани және материалдық бастаудың бірігуіне негізделген адам мен әлемнің адамгершілік-рухани құндылықтарының мазмұнын байыту арқылы ғылымдағы ашылуларды қолдана отырып, білім беру жүйесінде оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің маңызы негізгі ой болып табылады. Адамгершілік, руханилық ұғымдарына теориялық тұрғыдан талдау жасалып, еліміздегі білім беру жүйесіндегі реформаларына, сонымен қатар қабылданған білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында назар аударылған.*

Тірек сөздер: *Тәрбие, білім беру жүйесі, адамгершілік, руханилық, құндылық, тұлға.*

Республикамыз белсенді даму үстінде, сондықтан республикамыздың білім беру жүйесі де қоғам дамуымен байланысты дамып, жетіліп отыруы анық. Жас ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру жаңа кезде аса маңызды екенін мойындауымыз керек. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, еңбекке, білімге, Отанға, жер бетіндеге бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді.

Адам – ең әуелі адамгершілгімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.

Адамгершілік тәрбиесі жастарды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Жастар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек үрдістерінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады.

Адамгершілік қатыныстар моральдық нормалармен өлшенеді. Моральдың негізгі міндеті – адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу.

Адамгершілік тәрбиесі жас ұрпақтың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады [1].

Бұл үздіксіз педагогикалық білім жүйесіне жаңа формацияның рухани-адамгершілікті, рефлексияға қабілетті, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-тұлғалық құзырлылықтары қалыптасқан, шығармашыл мұғалімдерін қалыптастырудың тың жолдарын қарастыру қажеттілігін туындатады.

Мұғалімнің кәсіптік жетілуі мен дамуы тұрғысында көп мәселелер қарастырылуы қалыпты жағдай. Өйткені, Ы.Алтынсариннің «Мұғалім –

мектептің жүрегі» дегендей, бар күш мұғалімге түспек. Жаңа қоғам мұғалімнің «рухани-адамгершілігі дамыған» деген ұғымының мәнін ашар болсақ, ондағы рух оймен санасатын шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана сезімі мен қимыл әрекетінің озық болжампазы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі болып табылады. Рухы жоғары адам тірліктің қиыншылығымен түйыкталып қалмай, өзгенің адамгершілігін құрметтеп, оған ілтипатпен қарап, көмектесуге бейім тұрады. Руханилық адамды шындық пен әділеттіктің бірлестігіне,өркениеттің үлгісіне жақындатады, ұлы құдіретті күшпен сырласарлық сезім шебін кеңейтеді [2].

Адамгершілік – адам өмірінің рухани негіздерін құрайды, ойластырады, болжайды және адамзат құндылығын қалыптастырады. «Адам жолында екі түрлі, бір-біріне қарама қарсы ағыстар бар. Бір ағыс қаталдыққа жетелесе, екіншісі – мейірімге талпынтады» деген Леккидің сөзінде үлкен мән бар.

Адамгершілік мәселелерін қарастыруға философтар ерте кезден-ақ ерекше назар аударған. Мәселен, И.Кант өзінің «Практикалық сананы сынау» этикалық шығармасында адамгершілік жүйесін емес, адамгершілік шындығының тұжырымдамасы жасалған алдынғы этикалық дәстүрді қатты сынға алады. Ол мораль мен адамгершілікті бір-біріне ұқсамайтын ұғым деп қарастырады. Адамгершілікті Гегель, бір жағынаң солардың көмегімен адамдардың тәртібін реттейтін әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, екінші жағынан, моральға жанама адамның нақты міндеттері деп түсінді. Оның пікірі бойынша,мораль адамгершілікке қарағанда неғұрлым кең ұғым болып табылады [3].

В.Г. Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» десе, Д.И. Менделеев: «Тәрбиесіз білім – есуастың қолындағы қылыштай» деген болатын.

Тәрбиенің маныздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың үлкен мақсаты – жастарымыздың бойында адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды тәрбиелеу.

Я.А. Коменский «Тәрбие мойындамау – адамдардың, жанұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы» деген болатын. Ендеше тәрбие ауадай қажет.

Жас болашақ мұғалімдерге адамгершілік құндылыққа тәрбиелеу алдымызға мынадай міндеттер қойып отыр:

- баланың адамгершілік сана-сезімінің, ақыл-ой қызметінің дамуына. қалыптасуына ықпал жасай отырып, адамгершілік құндылықтарының тәрбиеленуіне қозғау салу;
- баланың өзін-өзі тануына, өзіндік «Мен» тұғырын оятуға бағдар беру;
- баланың тұлғалық дамуына педагогикалық жағдай жасау және рухани жағынан таза, өмірге, дүниеге тік қарай алатын, қоршаған ортамен жүйелі байланыс түзетін, тәрбиенің жаңа мазмұнын ашу, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақты қалыптастыру.

Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, нарық жағдайында тіршілік етіп, жұмыс істей алатын барынша білімді адамдар қажет.

Бұл жағдай Қазақстанның ақыл-ой және шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетеді. Экономикалық дамудың нарықтық жолын таңдап, халықаралық аренаға шығуды көздеген Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіне, оның ішінде ерекше маңызы бар болашақ ұстазды даярлау ісіне зор мән береді [4].

«... Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай білім мекемесіндегі тәлім-тәрбиенің жанды ұйтқысы – мұғалім, ол тәрбие құндылықтарын жеткізуші әрі оны құраушы.

Қазіргі қоғамдағы мұғалім – шығармашылық дамуға, үшқыр ойлауға қабілетті, мемлекеттің даму бағыттарын терең түсінетін маман, ол кәсіптіік қызмет міндеттерін жүйелі түрде көре білуі, мақсат қоя алуы және жемісті еңбек нәтижесіне ұмтылуы тиіс. Ең алдымен, мұғалім – адамгершілігі өте жоғары тұлға, ол адамзаттың биік идеалы әрі оның маңыздылығының критерийі болған, болып қала да бермек. Қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайдағы мұғалімнің адамгершілік мәдениетінің маңыздылығына ерекше назар аудара отырып белгілі орыс философы Н.Бердяевтің мына бір сезін еске түсіру орынды тәрізді: «Өмірдің биік мақсаттарына экономикалық немесе әлеуметтік емес, рухани мақсаттар жатады. Халықтың ұлылығы, оның адамзат тарихына қосар үлесі мемлекеттің күш-қуатымен де, экономикасының дамуымен де емес, рухани мәдениетімен анықталады».

Адамгершілік дегеніміз не? П. Кропоткиннің анықтауынша, «...бұл өз бойыңнан адамдық қасиеттерді сезіну, сол қасиеттерді сақтап өмір сүруге ұмтылу, жағымсыз іс-әрекетіне қиналу – мұның барлығы адам табиғатының ортақ, ажырамас ерекшелігі».

Қоғамның адамгершілік күштерін қалпына келтіруге түрткі болатын негізгі табу және өскелең ұрпакты тәрбиелудің сыннан өткен этикалық бағдарларына күш салу бұл жағдайдағы маңызды міндет болып табылады. Оқушылардың білімділік, тәрбиелілік дәрежесі сиякты, олардың адамгершілік мәдениетінің дамуы да көптеген факторлар мен шарттарға, оның ішінде педагогтің адамгершілік мәдениетіне байланысты.

Ал педагогтің адамгершілік мәдениеті (В. Андреев айтуы бойынша) – «педагогтың жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттердің үйлескен күрделі жүйесі, ол педагогтың даму (өзін-өзі дамыту) дәрежесін, ізгілік дүниетанымға бейімділігін (оның адамгершілік құндылықтарын, көзқарасы мен түсініктерін қоса алғанда) сипаттайды, сондай-ақ оның білім, білік, қабілеттілік жүйесін танытады...» [5].

Мектеп пен мұғалім не істей алады? «Мектеп – жаңа адамдарды тәрбиелеуі қажет» – дейтін Ыбырай бабамыз. Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне тәрбиелік мәні бар, жастарға құндылық бағдар беруге, өміріне ізгілік дәнін шашуға, қоршаған әлем мен жақындарына және өзіне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған пәндерді енгізуді қажет етуде. Бұл тұрғыда әдеп (этика, адамның қоғамдағы мінез-құлық ережелері туралы ғылым) сабактарының маңызы зор. Аталған пәннің қажеттілігі сол, қазіргі балалар моральдық жағынан адасуға ұшырап, адам өмір-тіршілігінің мәні туралы маңызды мәселелер жөніндегі сұхбат сабактарға зәру.

Әдеп – тұлғаны іштей жетілдіруге бағытталған адам әрекетінің саласы, адамның адамгершілік өмірі туралы ғылым. Этикалық тәрбиелеу жүйесі жастарға адамгершілік әсер берудің ауқымды күшіне ие, мектеп өмірінің барлық саласын қамтиды: сабақ, сабақ арасындағы үзіліс, сабактан тыс іс-әрекет. Олар өзара байланысты түрде оқушылардың этикалық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына алғышарт жасайды.

Бастауыш мектептің мұғалімнің адамгершілік сезімдері оның рухани дүниесінің эмоциялық жағы, тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады. Оның негізгі атқаратын функциялары – негізгі құндылықтарды меңгере отырып, адамның адамшылығын ашып, оны жетілдіру, қоршаған ортаны таныту және казақ халқының мәдениеті негізінде өзіндік бейнені және Мен-тұғырын қалыптастыру. Бұдан тәрбиешінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігі алға шығады.

Шеберлік іс-тәжірибе барысында қалыптасса, кәсіби біліктілікті кәсіби білім беру жүйесі беруге міндетті. Педагог қызметінің адамгершілік аспектісі салыстырмалы дербестікке ие, басқа қызмет түрлерімен тығыз байланысты әрі алуан түрлі үлгіде жүзеге асырылуы мүмкін: адамгершілік ағарту, адамгершілік тәжірибесін ұйымдастыру, адамгершілікке өзін-өзі тәрбиелеу. Соңғысы моральдық бетбұрыстың ажырымас элементі бола отырып, өзіндік ерекшеліктері бар педагогикалық еңбек саласына өзінше ықпал етеді [6].

Адамның адамгершілігі сыртқы іс-әрекеттерде көрінеді. Алайда жеке тұлғаның адамгершілігі әрекеттерінің ар жағында не тұр? Мінез-құлқына қарап оның шын адамгершілік екені туралы айтуға болмайды, өйткені ол әрекеттердің ар жағында әртүрлі адамгершілікті емес түрткілер мен сезімдер жатуы мүмкін. Руханилық сыртқы көзден жасырын тұрады. Міне, тап соның өзі адамның адамгершілік мінезін аныктайды. Шын адамгершілік – руханилық болады. Міне, сондықтан мектептің тағы бір мақсаты адамгершілік және рухани тәрбие бірлігі болып табылады.

Руханилық – ізгі ақылдың шешімі, ізгі жүрек өмірі, ізгі сезім, махаббат пен жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилық негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ұят, ар, өзін-өзі адамгершілік бақылау мен бағалау жүзеге асырылады. Руханилыққа жету бала жүрегінде махаббаты, мейірімді ұялатады, ол сыртқы сұлулыкты түйсінуден ішкі рухани сұлулыққа дейінгі дамудан өтеді. Ал махаббат адамның мінез-құлқына рух береді, оны өзгертеді, шығармашылық және жасампаздық әрекеттерге жетелейді.

Ұлы Абай айтқандай, адамгершілік махаббат пен әділдік екенін, олардың барлық нәрседе бар екенін және бәрін де шешетінін білетін болады [7].

Адамгершілік тәлімі жүрекке жан шуағын орнатып, бұрыннан бойымызда бар жақсы қасиеттерді дамытады. Жаман әдет пен теріс қылыктан тазарып, жаны таза, көнілі ақ, рухани сезімдерге бай адам болып қалыптасу – өзекті мәселе. Мейірімділік жылудан тарайды. Жүрек жылуының басқа табиғат жылуы, күн кезінің жылуынан да әсері мол. Бұл жөніндеАбай өзінің 38 қара сезінде: «Күллі адам баласын қор қылатың үш нәрсе бар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық», – деп адам баласын надандықпен, зұлымдықпен күресуге шақырады.

Адамгершілік құндылығы бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді болады. Адамгершілік бар болу деген не? Ол қайырымдылыктан тұрады. Ал қайрымдылық қандай қасиет? Адам болу деген не? Сұрақтарға жауап беруіміз керек.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елде еркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді де тәрбиелі ұрпақ. Қазіргі мектепке білімді ұрпак қажет. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Мектеп оқушысының бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік т.б. қасиеттер болуы тиіс. Ол үшін жас ұрпаққа тәрбие беруде ар-ұят, адалдық, адамгершілік, ізгелік мәселелерін қатар қою қажет [8].

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – тұлғаның адамгершілік құндылықтарын (санасын, сезімін, еркін, мінез-құлқын) дамытуға бағытталған мақсатгы.жүйелі, жоспарлы жүргізілетін тәрбие үрдісі деп түсіндіре аламыз. Ш Құдайбердиев: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады. Олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ацыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді».

Қазіргі кезде болашақ мұғалімді даярлауда адамгершілік мәселесінің маңызы ерекше, өйткені, жас ұрпакты адамгершілікке тәрбиелеу салмағы осыған түседі. Бүгінгі күнде ғалым-педагогтер жалпыадамзаттық құндылықтардың, адамгершілік тәрбиесінің ақыл-ой дамуынан гөрі басымдығын мойындап, орнықтыруға күш салуда. Мұғалім бала бойында қандай адамгершілік түсініктер калыптасканын, ол қандай жағдайда жүзеге асқанын білуі қажет. Ал баланың адамгершілілік көзқарасының қалыптасуының, адамгершілік-психологиялық ұғым-түсініктерінің бекуінің сөзсіз маңызды көзі – отбасы, онда өмірдің мәні мен мақсаты туралы алғашқы түсініктер, құндылық бағдар, адамгершілік және әлеуметтік қажеттілік т.б. қалыптасатыны белгілі. Ең дұрысы, педагог оқушының отбасындағы микроортасының, ал ата-аналар мектептегі микроортасының бір бөлшегі болулары тиіс. Отбасы – тұлғаны әлеуметтендірудің, мәдени, ұлттық, адамгершілік құндылыктардың тарихи жалғастығының маңызды инстиуты [9].

Ыбырай аңсаған арман - «Қазақтарға осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына бағыт беру» бүгінде өзектілігін жойған жоқ.

Тәрбиенің мақсаты қоғамның пайдалы мүшесі жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесіне педагогикада негізгі орын берілген. Адамгершілік тәрбиесі ақыл-ой және еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты.

Адамгершілік тәрбиесінің негізгі құралы оқыту деп есептелінеді. Оқытудың тәрбиемен тығыз байланыстылығын айта келіп, оқытудың тәрбиелік сипатының ерекше мәнін дәлелдеді. Барлық оқу пәндері өте бай тәрбиелік мүмкіншіліктермен ерекшеленетіндігін атап көрсетті. Халық мектебінің оқу пәндерінің ішінде ол ана тілін ерекше бағалады және ана тілін меңгере отырып, балалар тек ғана білім алып қоймайды, сонымен қатар халқымыздың ұлттық санасымен, оның рухани өмірімен, моральдық ұғымдарымен және түсініктерімен танысады.

Адамгершілік тәрбиесінің негізгі құралдарының бірі сендіру деп түсінді, көп жағдайда балалардың санасына жетпейтін орынсыз өсиет айтудан және үгіттеуден сақтандырды.

Балаларда әдеттерді қалыптастыруға ерекше мән берді. Әдеттерді тәрбиелеу ісінде ол өте қажетті заңдылықты анықтады: неғұрлым адам жас болған сайын, солғұрлым оның бойында әдет тез қалыптасады және солғұрлым тез жоюға болады және неғұрлым қарт болған сайын әдеттерді жою, солғұрлым қиындай түседі. Балаларда пайдалы әдеттерді тәрбиелеу бойынша көптеген құнды кеңестер бар.

Сонымен, адамгершілік тәрбиесінің құралдарына төмендегілерді жатқызу керек:

– оқыту (бұл жағдайда оқу кітаптарының мәні орасан ерекше, оларды тіл дамыту, білімді хабарлау және адамгершілік тәрбие орынды ұштасады);

– мұғалімнің жеке басының үлгісі («бұл жас рух үшін еш нәрсемен өзгертуге болмайтын күн көзінің жарқын сәулесі»);

– сендіруге ерекше мән берді;

– оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу (педагогикалық такт);

– ескерту шаралары;

– мадақтау және жазалау.

Адамгершілік тәрбие балаларда адамдарды құрметтеу және оған сүйіспеншілікпен қарау, олармен ізгілік, жағымды, әділ қарым-қатынас жасай білу.

Соқыр, таяқ тәртібіне қарсылық білдіре отырып, Ушинский былай деп жазды: «Ескі мектептегі тәртіп марапаттау мен жазалауды бөліп беретін мұғалімге деген қорқыныш пен үрейге негізделді. Бұл қорқыныш балаларды оларға тән емес, зиянды жағдайға бағынуға мәжбүр етті: қозғалмауға, іш пысушылыққа және жауыздыққа үйретті».

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адам санасындағы күрделі жаңғыру процесімен астаса жүріп жатыр, мұның өзі іргелі және әмбебап білімді саралап, оның өрісін кеңейте түсуді және бұл істі білім беру жүйесі арқылы жүзеге асыруды талап етеді. Қоғамымызда бүгінгі таңда білім берудің өндірісті қамтудан мәдени шығармашылық мұратқа ойысуы жолындағы келелі міндеті туралы дәстүрлі түсінік қайта қаралуда, өйткені ол жеке тұлғаның дамуындағы сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеруге жәрдемдеседі, әр кісінің азаматтық тұғырын табуына жетелейді, сол арқылы оның ішкі әлеуметін ашуына деген мүмкіндігін кеңейтеді.

Қоғамды демократияландыруды мақсат ететін гуманитарлық білім және тәрбие беру адамдардың әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқына, этносаралық, әлеуметтік-топтық, мемлекетаралық қатынастардың жай-күйіне тікелей ықпал етеді, жаңа артықшылықтар берілетін құндылықтар жүйесін және азаматтардың өмірлік бағдарын, ізгілікті қоғамның рухани бітімін қалыптастырды.

XXI ғасырда өркениетті дамудың талабы – қоғамды ізгілендіру, яғни әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жеткізуіне байланысты болып отыр. Ізгілендіру мақсатына жету құралы – зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс – гуманитарландыру болып табылады. Өйткені

біз ертеңгі күні өзіміз қалыптастыратын қоғамда өмір сүретін боламыз, сол себепті болашақ мамандарымыз гуманистік көзқараста тәрбиеленген,білімді азаматтар деңгейінде даярланғаны қажет.

Қазақстан Республикасында қабылданған білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында жалпы адамзаттық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, өтпелі кезеңде гуманитарлық білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын ұсыну, оның серпінді дамуы мен қызмет атқаруына жағдай жасау мақсаты көрсетілген .

Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесінің жай-күйіне жасалған талдау оның әлемдік деңгейге де, сондай-ақ көкейкесті практикалық қажеттілікке де сай еместігін дәлелдеп отыр. Біздегі бұрынғы білім беру жүйесіне шектен тыс идеологиялық тәуелділік пен кәсіптік бағдар тән еді. Қоғамдық пәндер саласында көбінесе адам табиғатын, оның өмірлік мүдделері мен қажеттіліктерін, шынайы мәдени құндылықтарын тиісінше ескере бермейтін ғылыми білім үлгілеріне бағыт ұстанылған еді. Білім беруді бір ізге салу, жаттанды қағидалар мен қалыптардан таймау, әлемдік өркениеттен оқшаулану рухани өмірдің жұтаңдауына әкеліп соқты. Халықтың мәдени-тарихи мұрасының тұтас қаттаулары жадымыздан қағыс қалдырылды.

Жоғары оқу орындарында оқу жоспарларынан гуманитарлық пәндердің жекеленген курстары негізсіз қысқартылып, алынып тасталынды, оларды оқыту көлемінің қысқартылуына жол берілді, сол себепті қазіргі кезде жалпы мәдени білімнің тапшылығы барынша сезіліп отыр. Көптеген білімгерлердің әлемнің және отанымыздың мәдениетінің негіздерін білмеуі, қоғамдық институттардың құрылымы мен қызметі туралы қарапайым түсініктерінің жоқтығы, адамдардың өзара қарым-қатынас жасасудағы этикалық және психологиялық тұрлаулы дағдарысының әлсіздігі немесе болмауы, дүниені түйсіну жөніндегі жалпы ғылыми көзқарасының қалыптаспауы, өмірге және ондағы өз орнына деген тоғышарлық көзқарастың меңдеп кетуі – жастардың гуманистік көзқарастарының дұрыс қалыптасуына, олардың даярлығына жеткілікті көңіл бөлмеу салдары.

Қазақстанда жоғары мектепті гуманитарландыру мәселесі қоғам дамуының алғы шарттарын қалыптастыруға, жастарды нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге әзірлеуге қатысты шешілетіндіктен, кез келген жоғары оқу орнын бітіруші игеруге тиісті негізгі жеке қасиеттер, адамгершілік өлшемдер мен гуманитарлық бағдарлар жиынтығының мазмұнын анықтау қажет. Қазақстанда білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында болашақ маманның гуманистік көзқарасын қалыптастыратын білім, біліктілік және дағдылардың мазмұнын анықтау төмендегіше берілінді:

- дүниетану мен түйсінудің негізін құрайтын, дүниені түсіндіру қабілетін іске асыратын, өмірдің құндылықтары туралы бағдар беретін философиялық білімдер;
- нарықтық экономиканың әлеуметтік бағытталуы туралы қазіргі түсініктер негізінде қалыптасатын этикалық біліктіліктер;
- әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым мәнді идеялар мен тұлғаларды білу;
- мәдениеттің негізгі кезеңдеріне түсінік беру;

- әлеуметтік-мәдени даму заңдылықтарын түсіне отырып, тарихи жылнамаға талдау жасай білу;

- қазіргі өркениет жолдарын пайымдау қабілеті;

- тарих субъектілері, оның ішінде осы заманғы әлеуметтік күштер, қазіргі қоғамның әлеуметтік құралы туралы кең ауқымды түсінік;

- қоғамдағы институттардың құрылымы мен функциялары жайында нақты түсініктің болуы;

-әлеуметтік-технологиялық даму мәселелерінде еркін бағыт-бағдар ұстай білу.

Аталған мазмұн жүзеге асырылу үшін елімізде жүргізіліп жатқан білім беру саласын реформалау саясатында мынадай қағидалар тұжырымдалған:

1. Білім берудің гуманитарлық сипатын бағамдау, яғни барлық оқу пәндерінің гуманитарлық әлеуетін айқындап,оларды оқыту әдістемелерін тиісінше өзгерту;

2. Қазақстан халықтарының өзіндік этномәдени болмыс-бітімін танып білу, оны дәріс алушы ортаның этникалық мұқтажына сәйкес реформалау,- яғни ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың өзара бірігуін қамтамасыз ету;

3. Әрбір адамның қоғамда имандылық пен зиялылық ахуалының орнығуына жағдай жасау;

4. Өркениетті нарыққа ену гуманитарлық білім беруді нарықтық пайымы биік кадрларды тыңғылықты даярлауды талап ету, яғни гуманистік көзқарасы жоғары маман дайындау арқылы адамгершілік қасиеттің тозғындауына, мәдениет пен білімге деген нигилистік көзқарасқа қарсы тұра алатын азамат тәрбиелеу керек.

Жеке адамның гуманистік көзқарастарын қалыптастырудың түрлі кезеңдеріне сай мәні, мақсаты, жүзеге асыру құралдары болады. Сондықтан да гуманистік көзқарасты қалыптастырудың алғы шарты – талаптармен стандарттарды әзірлеу болып табылады *[10]*.

Бірінші қағидалық тұжырымға сәйкес теорилық ұстанымдар мен зерттеу жұмыстарын талдау барысында қоғамның және білім беру жүйесін гуманитарландыру процесі бүкіл адамзаттық құндылықтардың өзгерумен байланысты екенін тек адам ғана өзінің жеке-даралық ерекшеліктерімен бірге өзекті-потенциалды, тұтас дүние ретінде жоғары құндылық болып қарастырылады, ал жеке тұлғаның өзін-өзі таныта алуы өзекті әлеуметтік проблема болып қарастырылатыны айқындалды. Бұл жаңа көзқарастар негізіне тұлғалық-бағдарлы білім беру идеясы (Е.В. Бондаревская, О.С. Газман, Э.Н. Гусинский, В.В. Сериков, Ю.И. Турчанинова, И.С. Якиманская, А.Маслоу, К.Роджерс, В.А. Сухомлинский, Ш.А. Амонашвили, т.б. гуманистік тәрбие мен оқытудың тұлғалық-дамытушылық парадигмасы (В.Сластенин, М.Берулава) жатады *[11]*.

Білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасының негізіне тәрбиенің құндылықты астарына қайта мағына беру жатқызылады. Гуманистік тұлғалы-бағдарлы тәрбиенің басты құндылықтары болып тұлғаны өсіруші және тәрбиелеуші орта ретінде адамның өзі алынады. Сол себепті жоғары техникалық оқу орындарында жеке тұлғаның гуманистік көзқарасын қалыптастыру белгілі бір адамгершілік өлшемдер мен гуманитарлық

бағдарларға сүйенуі міндетті.

Білім берудің гуманитарлық сипатын қайта бағамдау қажеттілігінен қазіргі қоғамдағы философиялық көзқарастар эволюциясына мұқият назар аудармасқа болмайды. Соңғы уақытқа дейін дәстүрлі көзқарастар бойынша жеке тұлғаның даралық ерекшеліктері тек сыртқы факторларға тәуелді делініп, оның түрлі субъектілерімен байланысы шектелініп келді. Тәрбиеленуші немесе оқушы сыртқы ықпал, әсер, стандарттар мен нормативтер көмегімен басқарылатын инженерлік-психологиялық объект санатында қарастырылды.

XIX ғасырдың қарсаңында ғылым мен техниканың ересен нәтижесінде, қоғамдық сана, ғылыми ой мен оның практикалық жүзеге асу барысын сәйкес дәрежеде қабылдай алмады, адамның мәнділігі туралы ой технология мен ғылыми-техникалық прогрестің көзсіз дамуына ілесе алмай сыртта қалып қойды.

Дәстүр бойынша жеке адам тұлғасы алдында үш жақты проблема: өз инстинктарымен, табиғат күштерімен және қоршаған адамдармен өз қарым-қатынастарын реттеу тұр десек, онда жаңа қоғам адам мен оның өндірген өнімдерінің қалыптасқан қарама-қайшылықтарды шешуге мәжбүр болады.

Ғылыми-техникалық прогрестін антигумандық логикасы ғаламдық техникаландыру адам өміріне сыналып еніп, шындықты бұрмалады және адамның өзі жаратқан құндылықтарды одан да жоғары ретпен дәріптей бастады. Жеке адамның қызметі нәтижесінде туындаған, алынған өнімдер жаратушыдан біртіндеп бөлектеніп, өзіндік құндылықтарға ие бола бастады. Сол себепті қоғамның гумансыздануы философтар, мәдениеттанушылар, педагогтар мен әлеуметтанушылардың назарына зерттеу нысанасы ретінде алынды.

Әдебиеттер:

1. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001. – 298 б.

2. Бердяев Н.А. Самопознание. – М., 1990. – 199 б.

3. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж. Педагогика. – Астана, 2007. – 152 б.

4. Қайров И.А. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы, 1980. – 315 б.

5. Дербісалин Ә. ЫАлтынсарин. – Алматы, 1965. – 78 б.

6. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 175 б.

7. Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 1998. – 25 б.

8. Назарбаева С.А. «Өзіндік таным» курсы бойынша рухани-адамгершілік тәрбие. Тұжырымдама. – Алматы, ҚБА, 2002. – 76 б.

9. Қарыбаев С. Ұлы ағартушы, демократ, педагог. – Алматы., 1995. – 126 б.

10. Молдағалиев Ж. Алғашқы қоңырау. Роман. – Алматы, 1978. – 288 б.

11. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. – Тараз, 2001. – 343 б.

Байсеитова Ж.Б., Шавалиева З.Ш.

Значение нравственного воспитания учащихся в системе образования

Данная статья посвящена значению духовно-нравственного воспитания в системе образования на основе интеграции материального и духовного начала, нравственно-духовных ценностей человека и мира через обогащение содержания, с применением открытий в науке. Теоретически проанализированы понятия нравственность и духовность, также внимание уделено реформам в системе образования и концепции гуманизации образования РК.

Ключевые слова: Воспитание, система образования, нравственность, духовность, ценность.

Baiseitova Zh.B., Shavaliyeva Z.Sh.

The value of moral education of pupils in the education system

This article discusses the importance of moral education in the education system through the integration of material and spiritual principles, moral and spiritual values of man and the world through the enrichment of contents with the application of discoveries in science. Theoretically analyzed the concept of morality and spirituality, also attention is paid to the reforms in the education system and the concept of humanization of education of Kazakhstan.

Keywords: Education, education system, morality, spirituality, value.

***

ӘОЖ 37.01(574)

Хасанова И.У. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: khassanova.inkar@mail.ru
Хасанова Р.Ж. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: raimgul@list.ru

М.ДУЛАТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Алаш қайраткері, ағартушы-педагог М.Дулатовтың қазақ педагогикасының дамуына қосқан үлесі, ағартушылық қызметі сөз болады.*

Тірек сөздер: *Алаш қайраткері, ағартушылық ісі, ұлттық тәрбие, халықтық педагогика, бастауыш сынып, білім беру жүйесі, оқулықтар, әдіс-тәсілдер, қазақ математигі, ана тілі, ағартушы-педагог.*

Өткен тарихымыздың ақтаңдықтарын толық және шынайы тұрғыдан қалпына келтіру – бүгінгі таңдағы тарих ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Оның ішінде, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ұлттық қозғалыстардың тарихы елеулі орын алады. Бұл ең алдымен, Қазақстандағы Алаш қозғалысына тікелей қатысы бар. Алаш қозғалысының басты іске асыруға тырысқан мәселесі азаттық алу мен ұлттық мемлекет құру еді. Алаш зиялыларының ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі жағдайында ұлттық мүддені қолдап, қазақ елінің әлем халықтарымен терезесі тең болып дамуының ең басты көрсеткіші ұлттық мемлекеттің құрылымы еді.

XX ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен тарихи жаңғыру кезеңі» десек, бұл кезеңде саяси күрес сахнасына бұрынғы батырлар ізін жалғастырған, бірақ әлдеқайда білімді, Ресейдің аса ірі ғылыми орталықтарында оқыған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестердің бағыт-бағдарымен әбден таныс, экономика, құқық, саясат саласында терең ілім-білім меңгерген зиялылардың үркердей озық ойлы тобы шыққан болатын. Олар өздерінің басты мақсат-мұраттары етіп қазақ халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге, тарихи өткенін қалпына келтіру, ұлттық сананы шыңдау деп санады.

XX ғасырдың басындағы Алаш өкілдерінің өмірбаяндық мәліметтеріне талдау жасау қазақтардың, соның ішінде, Алаш қозғалысына қатысушылардың білім деңгейінің жоғары екендігін, олардың қазақ халқын

ағартушылық ісіне және сауаттылықты таратуға, саяси белсенділігі мен жоғары ұлттық патриотизм және өз Отанына шексіз сүйіспеншілігін қалыптастыру жолында қажымай еңбек еткендігін куәландырады. Олар білім берудің сол кездегі қазақ даласында сол тарихи кезеңде орын алған барлық сатысынан өткен болатын (оның ішінде, діни және азаматтық білім жүйесі де бар).

Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің беталыс, бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олар қазақ елінің Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда, экономикалық, саяси әлеуметтік, мәдени тұрғысынан өте артта қалғандығы Ресей патша үкіметінің отарлық саясатының әсерінен екенін толық түсінді. Сондықтан қазақ халқы өзге дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу үшін білім ала отырып, өзге мемлекеттердің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына ықылас қоя отырып, қазақ халқын осындай деңгейге жеткізу үшін саяси-күрес аренасына шықты [1].

Ерекше атауға тұратын алаштың көрнекті тұлғаларының бірі – Міржақып Дулатов.

Екі жасында шешеден, он жасында әкеден жетім қалған Міржақып 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, оны 1907 жылы бітіріп шыққаннан кейін ауылда бала оқытады. Кейіннен Омбы, Қарақаралы қалаларына барады, Петерборда шығатын «Серке» газетіне «Жастарға» деген өлеңін бастырады. 1909 жылы Уфада «Оян қазақты», Қазандағы ағайынды Кәрімовтер баспасынан «Бақытсыз Жамал» романын бастырып шығарады. «Айқапқа» түрлі тақырыптар төңірегінде (оқу-ағарту, мәдениет, тіл) үзбей мақала жазып тұрады.

Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер тарихының түптамыры көне мәдени мұра – халықтық педагогикамен Орхон-Енесей жазуларынан бастау алып, орта ғасыр ойшылдарының парасатты тәлімгерлік ой-толғаныстарымен толысып, XIV-XIX ғасыр ақын-жырауларының терме, толғауларында жалғасып, ал XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген қазақтың ұлы ғұлама ағартушы-демократ ұлдары: Шоқан, Абай, Ыбырай еңбектері арқылы өркен жайғанымен, XX ғасырдың I ширегіне дейін педагогика ғылымы дербес ғылымдық дәрежеге көтеріле алмады. Оның себептері: біріншіден, Қазақстанда қоғамдық ғылымдардың сан салалы тараулары бір-бірімен дараланып, бөлініп шығып, ғылыми терминдер қалыптасып жіберілмеген болатын; екіншіден, әр ғылымның салаларын жеке ғылыми тұрғыда зерттейтін ғалымдардың жоқтығы; үшіншіден, ғылым салаларын өрістетерлік ғылыми–техникалық, материалдық базаның болмауы [2].

М.Дулатовтың ағартушылық қызметі ауылда бала оқытудан басталды. Оқу-педагогтік қызмет – өмір бойы қаламгердің айрықша көңіл аударған, қолы босаған сәтте ықыласпен айналысқан жұмыстарының бірі. Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық еткен жылдары ол осы саланың өзекті мәселелері туралы өткір мақалалар, жаңа шаңырақ көтеріп жатқан оқу орындарына арнап оқулықтар жазды.

Ұстазы Ы. Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай дамыта келіп, ол да А. Байтұрсынов сияқты, оқу-тәрбие мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға, атап айтканда, оқытудың жаңа

әдіс-тәсілдеріне, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән береді.

Бұл айтылғандарды оның «Мұғалімдерге» атты мақаласынан (1915), «Қирағат» кітабына жазған алғы сөзінен жақсы байқауға болады: «...балаларды, - дейді ол, - оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым-педагогика... Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе – қирағат – баяндап оқыту. Қирағаттың мақсұтын түсінбеген адам мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды... Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті hәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек» [3, 14 б.].

Ол орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинский айтқандай, оқу-тәрбие үрдісіне (жазу, сызу, есептеу, оқу т. б.) шәкірттердің сезім мүшелерін (көз, құлақ және т. б.) түгелдей қатыстырып отыру қажеттігін орынды аңғарып, мұны тәлімгерлердің жадына салуды ойластырады. Осыған орай ол былай деп жазды: «Әрбір жазылған сөз жазушының сезінуімен, естуімен, көруімен (табиғаттан hәм адамның тұрмысынан шыққан нәрсе).

Кітабының «Мұғалімдерге» деген алғы сөзінде ол былай деп жазады: «Сүйікті қазақ мұғалімдері! Міне, сол сіздер керексіген қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі – осы кітап. Кемшілігі болса, көрсеткендеріңізге шын көңілімнен рахмет айтамын....

Оқудағы мақсат – жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру. Тәрбие беру үшін «Қирағат кітабын» оқытқанда құр қарасын ғана оқытпай, жоғарыда айтқанымыз секілді, ішкі мағынасын да түсіндіруі тиіс. Баяндап оқытудың мәнісін білмеген тәжірибесіз жас мұғалімдер қирағат оқытудағы мақсат харфін танып- көрмей, оқып кету деп біледі. Сондықтан 8-9 ай оқитын «Қирағат кітабын» 3-4 айда оқып бітіріп, қарап отырады…

Тәжірибесіз мұғалімдерді жоғарыда айтқан қателерден сақтау үшін кітаптың басынан түскеннен баяндап оқытудың мәнісі қалай болатынын мұғалім болып бір сабақты оқытып көрсетелік…»дей келе, М. Дулатов сабақ берудің көрнекті үлгісін келтіреді. Сабақ берудің мұндай үлгісі мен әдіс-тәсілі туралы жазу қазақ педагогикасындағы жаңа, тырнақалды қадам еді» [3, 15-16 бб.].

М. Дулатов қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысты. Ол балаларға арналған «Есеп құралы» – математика оқу құралын және «Қирағат» – оқу құралын жазып шығарды. «Қирағат» кітабы (1924 жыл) өзінің құрылысы жағынан бастауыш сынып оқушыларына жеңіл, түсінікті, тілдері табиғатпен байланысты әңгімелерден (жылдың төрт мезгілі, ел өмірі, тұрмыс тіршілігі) тұрады, яғни мұнда биология, экология, салт-дәстүрден хабар беру көзделген.

Екінші бөлімде балаларды талаптылыққа, еңбек етуге, адамгершілікке баулитын ғибратты әңгімелер топтап берілген. Мысалы, «Оқымысты бала» деген әңгімеде: «...Әкесі: Балам, енді шөп шабатын мезгіл жақындады, қолыңа тырнауыш ал, мен шапқан шөпті жинап, жәрдеміңді тигіз, - деді. Бала жұмыс қылғысы келмей: «Мен әр түрлі ғылымдар оқып қайттым, қара қазақтың сөздерін ұмыттым, тырнауыш деген не нәрсе?» - деді». Бұл әңгімеде қаладан оқып келген баланың ауылға келген соң еріншектік жасап, тырнауыштың сабын басып қалғанда, оның маңдайына соғып алып, сонда

ғана тырнауыштың не нәрсе екені есіне түсіп: «Тырнауышты аяқ астына тастаған қандай ақымақ екен», - деп ашулануын сықақ етеді [3, 37 б.].

«Қонақ кәде» атты әңгімеде қазақтың әдет-ғұрыптарын сөз етсе [3, 330 б.], «Күлменіздер кәріге» деген әңгімеде әке тілін алмай өлмелі шал, кемпірді мазақтайтын әдепсіз балалардың қылығы айтылады. Мысалы, «... Әкесінің «Балалар, мен енді мұнан артық өмір сүргім келмейді, менің өлгім келеді; егер өлмей, қартайғанша тұрсам, сендер секілді бір ақымақ балалар анау күнгі шал мен кемпірге күлгендерін секілді, маған да күлер деп қорқамын» деген сөзінен балалары ұялғаннан қызарып, кәрі кісілерге күлуді қойыпты» [3, 39 б.].

Ғалым С. Қалиұлы: «М. Дулатұлы «Қирағат кітабы» атты бастауыш басқыш балаларына арнап жазған оқу құралында педагогика ғылымының атасы, дидактиканың авторы Я.А. Коменскийдің оқулыққа қойылатын: оқулықтың тілінің таза, мазмұнының түсінікті де жеңіл; білім берумен бірге тәрбие беруді де бірдей қарастыратын; нақтылықтан абстрактілі ойлауға; жақыннан алысқа; белгіліден белгісізге; нақты ойлаудан логикалық-абстрактілік жүйелеп ойлауға біртіндеп үйретуді көздейтін дидактиканың 7 түрлі талабын тегіс сақтауға тырысқан» - дей келе, оқулық жазудағы осы ұстанымдарды кейінгі жылдары оқулық жазушы авторлар тарапынан дұрыс сақталмағандықтан, бастауыш сыныпқа арналған оқулықтардың жиі-жиі сынға ұшырауы, балалардың қабылдау мүмкіндігін ескермегендіктен, жыл аралата қайта-қайта жаңартылып жазылуы әдетке айналып келетінін айтады [3, 9 б.].

Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ математигі. Ол алғашқылардың бірі болып қазақ шәкірттеріне «Есеп құралын» жазды. Осы кітап жөнінде қазақтың әйгілі ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 80-санында былай баға берген болатын: «Бұл күнге шейін қазақ тілінде әліппе, қирағат кітаптары болса да, есеп кітабы жоқ еді. Қазақша шыққан ең бірінші есеп құралы осы… Кітап ең соңғы жаңа тәртіппен шығарылып, таза қазақ тілінде қазақ емлесімен басылған, мысалдары да қазақ тұрмысынан алынған».

М. Дулатовтың 1921 жылы Тәшкенде шыққан «Есеп құралы» қазіргі кездегі математикадан оқу кітаптарын құрастырушылар үшін теңдесі жоқ үлгі деуге болады. Осы кітаптың алғашқы нұсқасы 1914 жылы Орынборда басылған еді. Мұнда бастауыш сынып оқушыларының ұғымына оралымды, көкейіне қонымды, күнделікті қазақ өмірінен алынған, қазақ психологиясына бесенеден танымал есептер, тапсырмалар мен жаттығулардың төрт амалды (қосу, алу, көбейту, бөлу) зердеге тез тоқып алуға жәрдемдесетіні дау туғызбайды.

Республика халық ағарту комиссариаты М. Дулатұлының «Есеп құралын» қайта басып шығару жөнінде былай дейді:

✓ «Бұл оқулықтың мазмұны қазақ балалары өмір сүріп жатқан ортаның талғамына толық сай келеді. Мысалдар қазақтардың күнделікті тіршілігінен алынған.

✓ Кітапта балалар ұғымына ауыр келетін бірде-бір тапсырма жоқ.

✓ Есептердің барлығы бала жанына жақын, ұғынықты да түсінікті. Бұл – аталған оқулықтың басты жетістігі.

✓ Оқулықты құрастыруда Міржақып қолданған тәсіл кезінде методист Гольденбергтің әдістерін қазақ жағдайына ыңғайластырады. Бұл – кітаптың тағы бір жетістігі.

✓ Кітаптың жаңа басылымында бүкіл үнді цифрлары араб цифрларымен алмастырылған. Бұл кітап сапасын көтерді.

✓ Оқулықтағы есептер оқушыларға өз беттерінше жұмыс істеуге мүмкіндік жасайды. Күрделі, оқушыларға ауыр тиетін тапсырмалар жоққа тән.

✓ Оқулықта 344 есеп бар, соңында ауырлау есептердің жауабы берілген… Мұның бәрі оқу құралының жоғары деңгейінің дәлелдері…».

Мәселен, бірінші сыныпқа арналған «Есеп құралында»:

1. Біздің үйде 6 ат бар еді, құдамыздан тағы бір ат алдық, біздің үйдің аты нешеу болды?

2. Ахметжанның үйі соғымға 5 қой, 1 сиыр сойды. Ахметжанның үйі соғымға неше мал сойды?

3. Мерген 2 қаз атып алып еді. Біреуін ақсақалға байлады, Мергеннің өзінде неше қаз қалды?

4. Біздің үйдің желісінде 10 құлын бар еді. Біреуін ағытып жіберді. Желіде неше құлын қалды?

5. Бір баланың 4 сақасы бар екен. Тағы да бір асық тауып алыпты. Баланың асығы енді нешеу?

6. Жылқыбайдың 4 айғыр үйір жылқысы бар еді, тағы бір қысырық матады. Жылқыбайдың жылқысы неше үйір болды?

7. Сырық бақаннан үш кез ұзын. Сырық неше кез, егер бақанның ұзындығы 7 кез болса? [3, 114-115 бб.] т. б. осы іспеттес мысалдар балғын шәкіртті тек есеп шығаруға машықтандырып қоймай, оны халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын танып-білуге («құда», «соғым», «ақсақал», «желі», «сырық», «бақан», «үйір» т. б.) үйрететіні сөзсіз.

Осы әдіс-тәсілді мектептегі қай пәннің мұғалімі болмасын орынды пайдалана білсе, құба-құп. Сондықтан да қазіргі «Математика» кітаптарындағы «Иванның 5 дәптері бар еді...», «Коля 5 пламастер сатып алды» деп келетін ұлттық нақыштан жұрдай тіркестерді қазақшалайтын күн бізге әлдеқашан туған сияқты. Міржақыптың математика жөніндегі еңбектері кеңестік кезеңде де кең қолданылды.

М.Дулатов ұстазы Ыбырай сияқты өз халқын жан тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот азамат еді. Ерте оянып, ерте есейген өр мінезді М. Дулатов қашанда күрес шебінің алдында болды. Жалынды сөзімен де, тындырымды ісімен де өзінен кейінгі жастарға әсер етіп, оларды халық ісіне алаңсыз берілуге үндеді.

Өзінің әдістемелік нұсқауларында бастауыш сыныптағы білім беру жүйесінің ерекшеліктерін аша келіп, миссионерлердің, ұлы державалық шовинистердің неден аса сақтанғандығын батыл ашып көрсетіп, болашақ мәңгүрттіктің өрісін байқай білген: «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан hәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына сай үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп медресесінде оқыса да, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды» [3, 15 б.].

«Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады» деп, бастауыш мектепте ұлт балаларын ана тілінде

оқытып, ұлттық тілдің мәйегінен нәр алып шығуына аса зор мән берудің керектігін айта келіп, ана тілінің келешекте адамның бойында ұлттық-патриоттық сезімнің берік орын алуына ықпал ететінін баяндайды [3, 7 б.].

Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарларына үңіледі. Осы жәйт автордың мына төмендегі түйіндеуінен жақсы аңғарылып тұр: «Туысында қанша зеректік болса да, - деп жазды М. Дулатов, - ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...».

Оқудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру, яғни діни оқудан да мағлұмат алудың маңызын былай түсіндіреді: «медресседе сыйласып екі молла, Бірі оқытып мұсылманша, бірі орысша. Педагогика тәртібімен оқытса, қазағым кетер едің сонда алға... Риза қазақ халқы болар еді, хәкімі шариғаттың тұрса қолда...» [3, 6 б.].

М.Дулатұлының баланың кітапты көп оқуы мақсат емес, ең негізгісі – оқыған кітаптарын еске сақтап, өнеге, білімнен ғибрат алуында деп, білім мен тәрбиені қатар жүргізуіне мән бергендігін көреміз.

Кезінде бұл мәселеге орыс педагогикасының атасы Ушинский былай деген еді: «Кто не имеет религий и не чувствует ее потребности, тот должен не воспитывать детей», ал осы халықтың тағы да бір өкілі П.Каптеров «Педагогикалық психология» атты кітабының бір тарауын «Діни тәлім-тәрбиеге» арнаған болатын.

М. Дулатов өзінің педагогикалық қызметінде ана тіліне зор мән береді. Оның пікірінше ана тілін, дінін, әдет-ғұрып пен салт дәстүрін берік сақтаған халық шын мәнінде білім мен мәдениетке қол жеткізбек.

1911 жылы «Шора» атты татар журналында қазақ тіліне байланысты үлкен пікірталас өрістеді. Біраз татар ғалымдары қазақтарға біржолата татар тіліне көшу керек деген пікір айтты. Пікірталасқа алғаш үн қосқандардың бірі М. Дулатов болды. Тіл мен әдебиет жөніндегі бұл пікірталас бірнеше жылға созылды. Ол өзінің «Қазақ тілі хақында» атты мақаласында қазақ тілі мен әдебиеті де, татар тілі мен әдебиеті сияқты түркі мәдениетінің гүлденген бір бұтағы ретінде өмір сүруге мүмкіндігі бар екенін дәлелдеп берді.

М. Дулатов тек теоретик-педагог қана емес, тамаша практик те болды. Ол ұзақ жылдар бойы әйгілі «Ғалия» медресесімен тығыз байланыста болды. «Ғалия» медресесінде болып, оқушылармен кездесіп, қазақ әдебиеті мен тарихы жөнінде дәріс оқып тұрды.

Педагог ғалым С. Қалиұлы М. Дулатұлының «Есеп құрал» кітабының төрт түрлі ерекшелігін атап көрсетеді:

Біріншіден, орыс, татар, мешер (башқұрт), т.б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына қарап отырып, тыңнан тілімізге жүзге тарта математикалық жаңа терминдер енгізген. Мәселен: *қосынды, қосылғыш, ондық сандар, бірлік сандар, теңге, тиын, шақырым, қарыс, сүйем, екі белгілі сандарды көбейту, көбейткіш, көбейтінді, есе артық, есе кем, бөлу, бөлгіш,*

бөлінді, пұт, қадақ, баспа табақ, мыңның ішіндегі сандардың жазылуы, таңба, алу, көбейту кестесі, сағат, минут, секунд, алыпсатар, еңбекақы, азайтынды, қалдық сан, т.б..

Екінші, кітапқа енген есептердің бәрі қазақ ауылының өмірінен алынған. Мысалы: «Біздің үйде 3 құлынды бие бар еді. Биыл құдамыздан қосымша екі құлынды бие алдық. Біздің үйдің желісінде неше құлын байлаулы?» деген мысал есепті оқи отырып, *бала, бие, құлын, құда, желі, т.б.* деген қазақ ауылының күнделікті өмірінде кездесетін сөздерді жиі қолданғанын байқаймыз. Автор сол арқылы 7 жасар баланы қазақ ауылының тұрмысымен таныстыруды көздеп отыр.

Үшіншіден, есеп кітабындағы алынған есептер баланың түсінігіне жеңіл, сөйлемдері қысқа, ұғымды.

Төртіншіден және, ең бастысы, автор алған қай есеп болсын тәрбиелік, тәлімдік мәні ескеріле құрылған. Мысалы: денсаулықты сақтау, үй жұмысын қалай орындау, денені, киімді таза күтіп ұстау, адал еңбекпен мал табу, «егіннің ебін, сауданың тегін білу», оқулықты, кітапты күтіп ұстау, т.б. оқушы ғибрат аларлық әңгіме немесе мысал есептер берілген...[3, 9-10 бб.].

М. Дулатұлы 1920 жылдан бастап жаңа үкіметке аянбай қызмет істейді. 1922-1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың ағарту институтында оқытушы болады. 1922 жылы екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын», 1924 жылы «Қирағат» кітабын, қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішін бастырады.

1928 жылғы зобаланда бір топ қазақ оқығандарымен бірге тұтқынға алынып, ату жазасына кесілді, онысын кейіннен 10 жыл абақтыда қамаумен алмастырды. 1935 жылы тұтқында жүріп, Балтық каналының бойындағы «Сосновец» деген жерде қайтыс болады. 1988 жылы республика Жоғары Сотының Коллегиясы қылмыскер құрамы болмағандықтан оны біржола ақтайды.

Міржақып қамшының сабындай қысқа ғана ғұмыр кешсе де: «Білдіру білмегенге білгенімді, өзімнің деп білемін зор міндетім», - деп өзі айтқандай мақсатты да мағыналы, өрелі де өнегелі өмір сүре отырып, артына ағартушы-педагог ретінде мол энциклопедиялық мұра қалдырды. Осы өшпес еңбектерін болашақ ұрпаққа жеткізуде бүгінгі жастарға артылар үміт жүгі де мол-ақ. Халқымыз егемендікті аңсап жатқан қарбалас шақта жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет.

Алаш қайраткері, ағартушы-педагог М. Дулатовтың ұлттық идеологияға негізделген педагогикалық мұрасы бүгінгі жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда пәрменді құрал болатындығы сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. *Рысбеков Т. Таным мен ақиқат. – Орал: БҚМУ баспа орталығы, 2012. – 361 б.*
2. *Жарықбаев Қ., Қалиев С. Халық педагогикасының тағылымдары. // Бастауыш мектеп – 1991. – № 5. – Б. 26.*
3. *Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп, 2003. – 393 б.*

Хасанова И.У., Хасанова Р. Ж.

Обучение и образовательные идеи М. Дулатова

В статье рассматривается вклад деятеля движения Алаш, просветителя-педагога М.Дулатова в развитие казахской педагогики, также его просветительская деятельность.

Ключевые слова: Деятель движения Алаш, просветительская деятельность, национальное воспитание, народная педагогика, начальный класс, система образования, учебники, методы, казахский математик, родной язык, просветитель-педагог.

Khassanova I.U., Khasanova R.G.

M.Dulatov's Training and educational ideas

The article deals with the contribution of the leader of the Alash movement, the educator-pedagogue M. Dulatov to the development of Kazakh pedagogy, also his educational activity.

Keywords: Alash leader, educational activity, national education, folk pedagogy, primary class, educational system, textbooks, methods, Kazakh mathematician, native language, educator-pedagogue.

***

ӘОЖ 378

Туребаева Ш.М. – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің PhD докторанты
E-mail: turebaeva_shynar@mail.ru

КӨПТІЛДІК КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. *Мақалада жоғары мектепте көптілді тұлғаны қалыптастыру мәселелері зерделеніп, болашақ маман ретінде оларды кәсіби білімденумен қатар жалпыадамзаттық және ұлттық-этникалық мәдени құндылықтар арқылы көпмәдениеттілікке тәрбиелеу шарттары қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Көптілдік, көпмәдениеттілік, жаһандану, көптілді білім, билингвалды білім, полилингвизм.*

Қазақстан Республикасының қазіргі инновациялық даму бағытына сәйкес еліміздің жоғары білім беру жүйесінде көптілділік мәселесі жан-жакты карастырылып келеді. Елбасының әр жылдарғы Жолдауларында жалпы орта білім беретін мектептің барлық деңгейлерінен бастап, жоғары білім беру жүйесі құрылымында да бәсекеге кабілеттіліктің бір көрсеткіші ретінде көптілділік білім беру міндеттерінің белгіленуі мұның басты айғағы.

Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін казіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет», - деп Қазақстан мемлекетінің жаңа даму бағыты – «Қазақстан – 2050» стратегиясында айтылғандай ана тілінің қолданылу өрісін кеңейтетін, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайта түсетін кешенді шаралар білім беру саласына аса міндет жүктейді [1].

Көптілді тұлғаны қалыптастыруда жоғары білім беруге ерекше назар аударылып, жоғары оқу орнында білім алушылар болашак маман ретінде

кәсіби білімденумен қатар ертеңгі қызметкер, отбасы мүшесі және ата-ана ретінде де өздерінің әлеуметтік рөлдеріне қажетті жалпыадамзаттық және ұлттық- этникалық мәдени қажеттіліктерді жинақтап үлкен өмірге қадам басады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық тұсында болады. Елімізді барынша дамытатын негізгі күш бүгінгі, жастар» - деп атап көрсеткен болатын. Осыған орай бүгінгі жаһандану жағдайында заман талабына сай тәрбие беру, болашақ мамандардың жан-жақтылығын, шығармашылық қабілеттілігін, креативтілігін көрсететін және кәсіби мамандануына мүмкіндік беретін көптілділікті меңгерту қажеттілік деп танылады [2].

Жоғары білім беру жүйесіндегі гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда «көптілді білім», «билингвалды білім», «көптілділік», «үш тұғырлы тіл», «полилингвизм» ұғымдарымен қатар «көптілді мәдени тұлға», «мультимәдениетті тұлға», «полимәдениетті тұлға» сияқты көптілділік пен көпмәдениеттілікке қатысты және осы ұғымдарға жақын әртүрлі ғылыми түсініктер кеңінен қолданылады. Алайда, әр ғылыми түсініктің қажеттілігіне орай оларды қолдануда тілдің көпқырлығына, көптілді білім берудегі практикалық бағытына баса назар аударылуы қажет. Сол себепті көптілді білім беруде тұлғаның білімденуі ғана емес, сонымен қатар оның тәрбиелену үдерісі де маңызды деп саналуы тиіс.

Бұл орайда әлемдік білім жүйесінің талаптарын басшылыққа ала отырып, қазіргі оқыту мен тәрбие үдерісінде студент жастардың құндылық бағдарының ерекшеліктеріне баса назар аударылады.

Құндылық – ол адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөйлеу мәдениеті, қызығушылығы, еңбек сүйгіштігі, қоршаған қоғамдық ортада алатын орны екені ғылыми әдебиеттерде айқындалған.

Философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық» ұғымдарының мәні жайлы оларға әртүрлі анықтамалар берілген. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу барысында, өзіндік жаңа ұстанымға сүйене келе, жалпы адамзаттық құндылықтар ішінен адам, еңбек, білім, отбасы, ұлт, бейбітшілік, жер, отан, мәдениет құндылықтарына зерттеулеріміз барысында ерекше назар аударылды. Құндылықтар проблемаларын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырған көрнекті ғалым Р.К. Төлеубекова өз зерттеулерінде бұл мәселені жан-жақты қарастырған [3].

Ағылшынның әлеуметтанушысы Энтони Гидденс пікірінше, мәдениет құндылығы адамдардың кейбір топтары жасаған нормалардан, өмір талаптарынан материалдық өндірістерінің негізінде пайда болатын идеялардан тұрады. Ол жоғарғы құндылық ретінде абстаркциялық идеалды қарастырса, ал нормаларды адамдар өздері өмір бойы орындайтын қағидалары мен ережелердің жиынтығы дейді.

Құндылықтардың мәні мен мазмұны көне заманнан бүгінгі күнге дейін философтар, психологтар, педагогтар мен әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылардың зерделеулерінен орын алып, қоғамның ерекшеліктері мен сұраныстарына қарай талданып, жүйеленіп келеді. Құндылықтың мәні мен табиғаты, оның адам мен қоғам тіршіліктеріндегі алатын орны, жас ұрпақты

тәрбиелеудегі ықпалы т.б. мәселелер ғалымдарды барлық кезеңде толғандырып отырған өзекті мәселе.

Еліміздегі нарықтық экономика жағдайында мінез-құлықтағы бәсекелестік қабілетті қалыптастырудың жаһандану заманында сұранысы артып отыр. Әсіресе, заманауи технологиялық үдерістер әлеуметтік-экономикалық өмір тіршілігіне етене енуіне байланысты ақпараттық – коммуникативтік, жаңашылдық үстемдік құрғанда адамгершілік құндылықтар жүйесінің орны ауқымдылығымен сипатталады. Құндылықтарға бейімделу, мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі жеке тұлғаның өмір сүру мәні, ой-санасы, бет-бейнесі болып табылады.

Құндылық – ол адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөйлеу мәдениеті, қызығушылығы, еңбек сүйгіштігі, қоршаған қоғамдық ортада алатын орны екендігі тарихи-педагогикалық әдебиеттерде айқындалған. Философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық» ұғымдарының мәні жайлы оларға түрлі анықтамалар берілген. Құндылықтар теориясы аксиология тұрғысынан талдағанда «ахіс» - құндылық және «logos» - «ілім» деген мағынаны түсіндіріліп, орны мен мәні, олардың байланыстары жайлы мәселелерге жауап береді.

Немістің ұлы философтары И.Кант және Г.Гегель құндылықтар ұғымына танымдық тұрғыда талдаулар жүргізген. Мысалы, И.Кант аксиологиялық түсініктерді қалыптастыру үшін қоршаған әлемді ойша нақты және идеалды деп екіге бөлген. Адам алдына қойған мақсатына жету үшін ол факторлардың ықпалына, мәнділігіне қатысты деген ой құрытындыларын берген. Олай болса, құндылықтар теориясы алуан түрлі түсінік, ой, көріністер арқылы туындап, оның философиялық сипаты мен мәнділігі қалыптасады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді тұжырымдай келіп, құндылық зат та, нәрсе де, мәселе де емес, олардың қасиеттері де емес, ол адам мәдениетінің қандай да бір жоғары түрі екендігі анықталады. Құндылықтар дегеніміз – ұнатқан игіліктер мен оларға қол жеткізу тәсілдері мазмұнындағы белгілі бір көзқарастар, орнықты ойлар, озық тәжірибелер.

Қазіргі таңда тәрбие мәселесінде адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып, жетілдіру бағытында бұл бағытта біршама ізденістер жүргізілген. Мәселен, ғалымдар Г.А. Уманов, Н.Д. Хмель, Қ.Б. Жарықбаев, А.А. Бейсенбаева, С.А. Ұзақбаева тб. білім мен тәрбие беруді дамытуда жалпы адамзаттық ұлттық құндылық тенденцияларына ғылыми-теориялық, әдіснамалық бағытта әр қырынан зерттеулер жүргізілген. Аталған ғалымдардың ортақ ойлары біркелкі пікірге келіп тоғысады және адами құндылықтардың қалыптасуының төмендегідей үдерісі анықталады:

- іскерлік жағдайы жан-жақты кіріктірілген, әртүрлі қабілеттер мен қажеттіліктері жинақталған, ізгілік бағытымен реттелетін, әлеуметтік тәжірибелерде нақты жүзеге асырылатын үдеріс;
- адамгершілік жолындағы білім, білік және дағдылар ізденістерінің жиынтығы;
- тұлға денсаулығы, сыртқы пішіні, мінез-құлық ерекшелігі, ұжымшылдығы және басқа да қасиеттерімен ерекшеленуі үдерісі.

Бүгінгі күндегі тұлғаның бойындағы құндылықтарының мәні мен мазмұнына:

- жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен өз халқына тән құндылықтарды анықтап тануға, одан қажеттісін ала білуге, қол жеткен ғылыми жетістіктерді өздігінен білім алу үрдісінде қолдануға, жаңашыл, қайырымды, туған елін, жерін отбасын, Отанын сүйетін және олардың алдында парызын түсініп, бар құндылықтарды толықтыра түсетін табиғатқа қамқорлық;

- еңбек етуге қабілетті, жинақты, ұқыпты, іскер, жауапкершілігін түсінетін, өзіне-өзі қызмет етуге дағдыланған, уақытты тиімді пайдаланатын, қоғам – адам өміріндегі еңбектің орнын түсінген, білім мен ғылым негіздерін сапалы игеріп, болашақта шығармашылық деңгейді көрсете білу;

- дені сау, төзімді, шымыр, ширақ, қайратты, сымбатты, талғампаз, батыл, өжет, салауатты, Отанын қорғауға даяр, жеке бас гигиенасын сақтайтын, жұмыс орнын жинақты ұстайтын, зиянды әдеттерден аулақ, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ұмтылатын, адамға тән қасиеттерді бойына сіңірген әлеуметтік белсенді тұлға болып өсуіне қол жеткізу.

Құндылықтарды игеру механизмі адамның өзін-өзі айқындау құндылығы арқылы жүзеге асады. Өзін-өзі айқындаудың алғашқы кезінде игеретін құндылықтардың мәнін аша келе, оның бағдарына ие болады. Осыдан келіп, адам өз бойындағы қасиеттерді, өзін-өзі айқындау арқылы басқалардың адамгершілік бағдарын, құндылықтары негізінде іс-әрекеттері мен қарым-қатынасын ұйымдастыруын салыстырады, әрекеттер мен мінез-құлыққа талдау жасау барысында адамгершілік құндылықтарды анықтайды.

Педагогика ғылымында адам қоғамының басты құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты мәдени - рухани құндылықтармен ашылады. Құндылықтың нормалардан кейін жүрсе де, олардан бір айырмашылығы жоғары деңгейде объектілерді, хал-жағдайды, қажеттілікті, мақсатты таңдауды түсіндіреді. Құндылықтар қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сисыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылық пен тиым салушылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға көмектеседі.

Педагогикалық құндылықтар адамның жеке құндылықтары ұғымынан тыс өмір сүрмейді. Қоғамдағы әлеуметтік рухани сфералар өзара әсер етуі нәтижесінде жалпы даму өзгерістеріне әкеледі. Мәдениеттің барлық жүйелері, соның ішінде білім беру үрдісі де дамудың тұтас динамикалық жүйесін құрайды.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулер қазақтың көпқырлы ұлттық мәдениетінің барлық салаларын қамтиды деп айтуға болмайды. Бүгінгі күні дәстүрді қайта жаңғырту және оны жаңартулармен үйлестіру өзекті мәселеге айналғандықтан өзіндік сара жолды анықтау барысында отандық зерттеушілер ұлттық тарих пен мәдениеттің қалыптасу негіздеріне әлі де талдаулар жасауда. Өйткені тарихи идеялармен үндесіп жатқан әлемдік ұстаным жаһандану проблемаларымен қатар ұлттық ерекшеліктерді есепке алу қажеттілігін туғызады.

Ұлт өзіне тән мәдениеті бар топ деген түсінікті білдіреді. Ол нәсілге, қауымға, географиялық жағдайға, саясатқа, адамның ерік күшіне байланысты бірлестік емес. Ұлт - тіл, мораль және өнер салалары тұрғысынан ортақ тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік.

Жетінші ғасырдың өзінде де көне түрік ескерткіштерінде ұрпақ, рулы ел деген мағынада «Оғуш», «Оғуз» сөздері кездеседі, бұл ұлт сөзі түбірінің «Оғ»-«ұғ» деген мағынасы болса керек.

Энциклопедиялық немесе философиялық сөздіктерден «ұлт» ұғымына берілген ғылыми анықтамаға қарағанда, халықтық ұғымдағы «ұлт» сөзінің анықтамасы әлдеқайда ұғынықты екеніне назар аударуға болады. Ұлттық ұғымдарды ғылыми тұрғыдан теориялық негіздеу және сол ұғымдардың мән-мағынасын, ішкі мазмұнын жұртшылықтың, әсіресе, ұрпақтың мүмкіндігінше толық түсінуіне көмектесу ұғымды қарапайым түсініктер тұрғысынан ашуға әкелді. «Ұлт» сөзін өмірдегі қолданысына қарай пайымдау таразысына тартсақ, оған: «тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір аумақты тұрақты мекендеп иеленуі арқылы тілдің, діннің, мәдениеттің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ортақтастығы негізінде қалыптасып, елдің мүддесін біріктірген халықтардың жиынтығы», - деген анықтама берілген [4].

Демек, адамдар бірлестігінің «ұлт» деп аталуы үшін бір аумақта, бір мемлекетте тұратын адамдардың сол ұлтты құрайтын халықтың тәрбиесінде өсіп, сол халықтың мұраты жолында еңбек етуді мақсат тұтуы маңызды шарттардың бірі болып табылады. Сонда жеке адамның мүддесі ұлт мүддесімен үйлесім тауып, адамның жанын шабытқа бөлейді. Осылайша қалыптасқан ұлт адамның тағдыр талқысымен өз ортасынан бөлініп, сыртта жүргеніне қарамастан, өзін сол ұлттың адамымын деп сезінуін қамтамасыз етеді.

Осы орайда, қазіргі уақыттағы басты міндеттеріміздің бірі - ұлттық мәдениетті заман талабына сай өзгерте отырып, модернизацияны жүзеге асыру болып табылатыны әрине талас туғызбайды. Өтпелі кезеңнің қазіргі жүргізіліп отырған реформалары мен өзгерістерінің табысты нәтижеге жетіп, экономикалық серпін жасау үшін қоғамның барлық құрылымдарын қамтитын және біріктіретін жалпы ұлттық идеяның қажеттілігі де осы шарттардан туындайды.

Осы тұрғыда қазақ зиялыларының мәдениет туралы көзқарастарын негізге алып, ғылыми әдебиеттермен арақатынасына көңіл аударды қ. Қазіргі уақытта бұл проблемаға философтар Ж.М. Әбділдин, Қ.Ә. Әбішев, Қ.Ш. Нұрланова, А.Қасабек айрықша мән береді. Олар «адам- қоғам- адам» жүйесіндегі рухани құндылықтар, мәдениет дәстүрлерінің байланыстарын ашып көрсетеді. Г.К. Шалабаева мәдениет құрылымының әлеуметтік- мәдени аспектісі еңбек мәдениетімен, тұрмыс мәдениетімен, дене, ғылым, мораль мәдениетімен байланысын көрсетеді [5].

Әрине өмірлік тәжірибеде құндылықтар қатарындағы басты капитал жасампаздық иесі, гуманистік бағыттағы ең маңызды құндылық иесі адам екендігі талас тудырмайды. Жер бетіндегі барлық нәрсе бүкіл адамзаттық мәдени мұраның ең ізгілері адам колымен, оның акыл-ойы нәтижесінде жасалған.

Жаратылысты танушы басты субъект - адам. Ал адамға тіл мен дін тән. Ұлт – тіл, мораль және өнер салалары тұрғысынан ортақ тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік.

Тіл - кез-келген мәдениеттің шешуші белгілі кодтық жүйесі болып табылады және онда барлық мәдени мұра сақталады. Рухани өмір технократиялық факторлармен, дәлірек айтқанда техникамен,

компьютерлермен, жоғары технологиямен анықталды. Ұлттық мәдениет рухани құндылықтарға негізделсе, ал бұқаралық мәдениет қатынастарына сүйенеді.

Олай болса, басқа тілдерді үйрену арқылы ұлттық, әлемдік мәдениетті игеруге, өз ұлты және өзге де ұлттардың дәстүрлері мен мәдениетін құрметтеуге, меңгеруге жағдай жасау үшін оларды көптілділікті меңгерте отырып көпмәдениеттілікке тәрбиелеу қажеттігі туындайды. Көпмәдениеттілік халықтың салт-дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын тағылым көзі ретіндегі көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың құралы болып табылады.

Жалпы мәдениет адамның жаңарып отыратын болмысын сипаттайды, ал адам - текті құбылыс болғандықтан оның өмірі қоғамнан тыс жерде өтуі мүмкін емес, сондықтан мәдениет адамдардың әрекетінің нәтижесінде өзінен - өзі жаңарып отыратын адамдардың болмысы.Әйтсе де мәдениет бұл тұрғыда ұжымдағы адамдардың дәстүрімен байытылған нормалар мен тәртіп үлгілерінің міндетті түрде сол этнос өкілінің, оның әртүрлі әлеуметтік топтарының қатынасы деңгейін көрсетеді. Осыған байланысты мәдениет сабақтастығын бағалаушылық қызмет, мағлұматтық қызмет, мақсаттылық және қолдау деп бөліп көрсетуге болады. Бұл мазмұндық жағынан мәдениетті көпмәдениеттілікке алып келеді.

Көпмәдениетті тұлға қалыптастыру мәселесі әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, М.Х. Дулати сияқты ойшылдардың даналық ілімінен бастау алып, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсыновтардың ғылыми тұжырымдарында көрініс тапқан. Көпмәдениеттілік ұғымы біздің елімізде тәуелсіздік алған жылдардан бастап тереңірек зерттеліп, ғылыми айналымға енді. Көпмәдениеттіліктің тұлға дамуындағы мәнін М.Х. Балтабаев, Р.Башарұлы, К.Ж. Қожахметова, Қ.Б. Бөлеев, Б.А. Жетпісбаева, М.А. Абсатова және т.б. көптеген ғалымдар зерделеп дәйектеді. Отандық ғалым-педагогтар көпмәдениеттілікті ұлттық құндылықтар, тұлғаның өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін мәдени ерекшеліктер негізінде білім алушылардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырумен байланыста қарастырады. Атап айтқанда, танымал ғалым К.Ж.Қожахметова көпмәдениетті тұлға қалыптастыруда этнопедагогикалық ой-пікірлерді, халықтық тәлім-тәрбиені басшылыққа алуды ұсынады [6].

«Көпмәдениетті тәрбие» ұғымынан басқа полимәдениетті білім, кроссмәдениеттік білім беру, мәдениетаралық білім беру, интермәдениетті білім беру, екімәдениетті білім беру және т.б. түсініктер де бар. Олардың бәрі түптеп келгенде, әр адамның көптілді ортада өз мәдениетін танытып, өзге мәдениеттерден үйренуге бағыттайды. Жоғары мектепте білім алушылар қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қарым қатынас, шет тілдерін– жалпы мәдениетті дамыту құралы ретінде білетін болса, олар әлемдік мәдениетті, ел мен халықтың рухани мұраларын тануды, мәдениаралық өзара байланысқа жетуді жүзеге асыруға мүдделі болады. Бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың күшейіп, соған сәйкес халықтар арасындағы өзара түсіністік мәселесінің алдыңғы қатарға шығуы, шетел тілін меңгеруде тіл мен мәдениет мәселелерінің ара қатынасына, олардың өзара байланысына, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы диалогтің өзара түсіністік,

ынтымақтастық жағдайында өрбіп, қалыптасуына ерекше талап қойылады. Мұндай талап көптілділікті меңгертуде әрбір халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшіліктерді құрметтеуге бағытталады.

Мемлекет қай кезде болмасын ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, ұлттық ұлағатты ұлықтайтын ел азаматын тәрбиелеуді мақсат тұтқаны бәрімізге аян. Қазіргі көптілділікті қажет ететін жағдайында жоғары білімді мамандардың тұлғалық қалыптасуында тәрбиеге ерекше мән беріледі, ал білімді, тәрбиелі тұлға ең алдымен өзінің ана тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы керек. Сондықтан өркениеттер тоғысында ана тілі білімнің ғана емес, барлық қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктердің идентификаторы болуы тиіс. Көптілді білімділік ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ тәрбиесімен өзектес болуы керек. Ана тілін жетік білмейінше, ешкім шын мәніндегі мәдениетті, тәрбиелі адам бола алмайды, сол себепті көптілділік іргетасы ана тілінде қалануы керек.

Көпмәдениетті тәрбиеде әлемдегі әр түрлі халықтардың мәдениетаралық интеграцияда мәдени ұқсастықтарды сақтауы, адамдардың өзара түсінісуі тұлғааралық диалог арқылы жүзеге асады. Қазіргі көптілділік ортада диалог ұғымы «екі адамның әңгімелесуі, сырласуы» деген бастапқы мағынасының тар шеңберінен шығып, мәдени-әлеуметтік контекстегі заманауи дискурске айналып отыр. Студенттердің рухани, мәдени байланыстарды күнделікті өмір тіршілігіндегі өзара қарым-қатынасты тілдесу арқылы жүзеге асады. Ғалым Ф.Оразбаева «адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір- бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы»-деп түсіндіріледі [7].

Олай болса, рухани және мәдени даму аясында көпмәдениеттілік мәселесіне де айрықша көңіл аудару қажеттігі туындайды. Көпмәдениеттілік тәрбие әлем және әр түрлі халықтардың мәдени ұқсастықты сақтауын, ынтымақтастық және түсінісуді, адамның рухын таратады. Әлемдік бірлестікте адамның өзін-өзі тәрбиелеуге деген талпынысы пайда болады.

Жаһандану дәуірі рухани салада да ғаламдық өзгерістерді бастан кешіріп отыр. XXI ғасырдың индустриалдық қоғамына тән өркениеттік құндылықтар, бұқаралық мәдениеті дамыған елдердің жаңа ақпараттық қоғамға өтуі барысындағы трансформациялық үдерісі нәтижесінде өзгерістерге ұшырауда. Қалыптаса бастаған түбірлі жаңа ахуалға сай адам бұрынғы қоғамда технологиялық, экономикалық және саяси жүйелердің элементі болып келсе, қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық даму тұлғаның біліміне, рухани әлеміне, оның дамуы мен социомәдени ұмтылыстарына байланысты болып отыр. Өткен ғасырға тән ғаламдық мәселелер кейінге ысырылып, жеке тұлғаның жеңісі нәтижесінде өмір сүру тәртібі әмбебаптанып, ізгілікті қатынастардың жаңа бағыттары қалыптасып келеді.

Мәдениеттанымдағы осындай ғылыми болжамдар қазірдің өзінде әлемдегі тәрбиенің, мәдениеттің, өнердің қайта өрлеу үрдістерімен дәлелденеді. Егеменді Қазақстанда өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы деңгейінде ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен білімділігін арттыру қажеттілігі де жаһандану дәуіріндегі осындай талаптардан туындап отыр.

Жоғары оқу орны студентін ұлттық түрғыдан қалыптастыру басқа әрекет түрлері сияқты іздену, зерттеу, оған жүйелі келу арқылы жаңа нәтижеге жетуді танытатын құбылыс.

Ұлттық ерекшеліктер негізінде қалыптасқан білім алушылар оқыту үдерісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді, құралдарды пайдалану арқылы жас ұрпақты ана тілінде сөйлеуге, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді құрметтеуге, ұлттық мәдениет қалыптастыруға бейім тұлға деп айтуға болады.

Қорыта айтқанда, көптілді білім адамзаттың саяси- экономикалық және әлеуметтік сұраныстарға сәйкес жетіліп өркендеуіне негіз бола отырып, тілдік мұра мен мәдени байланыстардың сақталуына септігін тигізеді. Көптілді білім алу арқылы студенттердің тілдік ортасы молайып, өзге тілдік қоры жинақталады, сөйлеу шеберлігі артады. Көптілдерді меңгеру студенттердің көпмәдениетті тұлға ретінде қалыптасуына, әлемдік ғылыми байланыстарын нығайтуына, акпарат көздеріне кол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты - болашаққа бағдарланған даму бағыттары // «Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 15 желтоқсан № 828-831. – Б. 2.

2. Нысанбаев А. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. – Алматы, 2002. – 264 с.

3. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. – Алматы: РБК, 1994. – 140 б.

4. Кішібеков Д. Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы. – Алматы: Білім, 1990. – 44 б.

5. Шалабаева Г.К. Этнос. Культура. Самосознание (О роли художественной культуры в национальном сознании и самосознание). – Алматы: Атамура, 1995. – 240 с.

6. Кожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 2008. – 317 с.

7. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.

Туребаева Ш.М.

Полиязычие как условие формирования поликультурных ценностей

В статье раскрывается роль высшего образования в формировании полиязычной личности, рассматриваются проблемы воспитания поликультурности через профессиональное обучение, общечеловеческие и национально-этнические культурные потребности как будущего специалиста в вузе.

Ключевые слова: Полиязычие, поликультурность, глобализация, полиязычное образование, билингвальное обучение.

Turebayeva Sh.M.

Multilingualism as condition theformation of multiculrural values

The article reveals the role of higher education in the formation of a multilingual personality, discusses the issues of multicultural education through vocational training, human and national-ethnic cultural needs as a future specialist in higher educational institution.

Keywords: Multilingualism, multiculturalism, globalization, multilingual education, bilingual education.

***

ӘОЖ 373.016: 811.512.122' 36

Текесбаева Г.М. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті PhD докторанты
E-mail: guljantal@mail.ru

СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада әдіскер-ғалымдардың дидактикалық ұстанымдардың түрлері жайындағы жіктемелері туралы айтылып, синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынатын ұстанымдар ұсынылады.*

Тірек сөздер: *синтаксис, коммуникативтік құзыреттілік, дидактика, оқыту ұстанымдары, оқыту, әдістеме, әдіс-тәсілдер.*

Синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту ұстанымдарының маңызы зор. Оқыту ұстанымдары – білім беруде басшылыққа алынатын негізгі дидактикалық қағида болып табылады. Ол оқытудың мақсатына сай қазақ тілі пәнінің мазмұнын, оқытудың әдіс-тәсілдерін, көрнекіліктерін, сабақты ұйымдастыру формаларын анықтайды. Оқытудың ұстанымдары туралы ғалымдар пікірлері де, соған сәйкес ұстанымдардың түрлері де әртүрлі. Ғалым М.Н. Скаткин ұстанымдарды анықтауда оқыту мен оқу әрекеттерін негізге ала отырып, оқыту мақсаты, білім берудің объективті заңдылықтары, оқытудың мақсатын іске асыруда объективті заңдылықтарды пайдалану амалдары, оқытуды жүзеге асырудағы нақты жағдайға назар аудара отырып, дидактикалық ұстанымдарды жіктейді. Ғалым оқыту үдерісі арқылы жан-жақты дамыту және тәрбиелеу, ғылымилық, шамаға шақтық, саналылық, шығармашылық белсенділік, көрнекілік, теориялық ойлауды дамыту, жүйелілік, өз бетімен білім алуға қалыптасушылық, өмірмен байланыстылық, іргелілік, нәтижелік, т.б. [1].

Қазақ тілін оқыту жөніндегі әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде дидактикалық ұстанымдардың бірнеше түрлері қамтылған. Б.Құлмағанбетова дидактикалық ұстанымдардың сегіз түрін, атап айтқанда, оқытудың ғылыми ұстанымын, жүйелілік ұстанымын, материалды дұрыс орналастыру ұстанымын, алдын-ала болжау ұстанымын, саналылық ұстанымын, оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымын, теория мен практиканы өмірмен байланыстыру ұстанымын, оқытудың көрнекілік ұстанымын ұсынады [2].

Ә.Исабаев ұстанымдарды ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдары деп топтастырады. Әдіскер ұсынған оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы басқа әдіскерлердің еңбектерінде кездеспейді [3].

А.Әбілқаев оқытудың тоғыз ұстанымын ұсынады. Әдіскер ұсынған жаңа ұстаным – перспективті ұстанымы. Перспективті ұстанымы оқыту тек әрбір сабақтың ғана мақсатын көздемей, сол сабақта не оқытылады, қазіргі оқытылып жатқан материалды оқушылар ұққанда, оның келешекте өтілетін материалды меңгеруге қандай көмегі бар дегенді негізге алады [4].

Синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда негізінен мынадай дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады:

Оқытудың ғылымилық ұстанымы баланың танымының дамуына, дүниеге көзқарасы мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Синтаксистің орта мектепте оқытудың ғылыми ұстанымы – дидактикалық дәлелдеуді ғылыми дәрежеге көтеру мәселесін қамтиды. Синтаксис мазмұнының ғылыми дәрежесін көтеруден теориялық мәліметтердің көлемін ұлғайту деген ұғымды білдірмейді, керісінше, теориялық және практикалық материалдарды сұрыптап талдағанда барынша тілдік шындықты қамтитындай түсінік, талдау, ой қорыту керек. Демек, синтаксистің орта мектептегі мазмұны, бір жағынан, орта мектепте ғылымда орныға қоймаған идеяларды, ережелерді енгізбеу туралы заңдылыққты басшылыққа алу болса, екінші жағынан, қазіргі синтаксистік теорияның даму қарқынын ескеріп, орта мектеп курсына қазіргі ғылыми мағлұматтар тұрғысынан бағдар беруі керек.

Орта мектепте синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ғылымилық ұстанымды жүзеге асыру үшін төмендегідей талаптардың жүзеге асырылуы көзделеді:

1. Тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінің танымдық жағына ерекше назар аударылып, оқушылардың сөздік қорларын дамытып, ауызша, жазбаша сөйлеу қабілеттерін арттыруы тиіс;
2. Синтаксиске байланысты айтылатын түсініктемелер ғалымдардың ой-пікірлері, тұжырымдарымен дәлелденіп, салыстырылып отырылғаны жөн;
3. Орындалған жұмыстарды талдау кезінде мұғалім тілдік заңдылықтар мен ұғымдарды, ережелерді мысалдар арқылы дәлелдеп отыруы керек.

Жүйелілік, бірізділік ұстанымы тіл білімі саласындағы мағлұматтар жиынтығын біртұтастықта, өз бөліктерінің арасы бір-бірімен тығыз байланыста, шарттастықта болуына негізделеді. Я.А. Коменский: «Бүгінгі меңгерілген білім өткенді бекітуге, жаңа жол ашуға негіз болуы керек» [5], - деген дидактикалық ұстанымы білімнің үздіксіз, бірізділікпен берілуін қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие үдерісінде оқытушы баланың талабы мен дарынын, қабілеті мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, жүйелі, бірізді бағдарлама бойынша жұмыс атқарса, оқушы бойындағы қасиеттері ашылып, өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік жасалып, күнделікті сабаққа жауапкершілікпен қарауға үйретіп, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Бұл ұстанымның маңызы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында анық байқалды. Бұл ұстаным оқушы меңгеретін білім мен біліктердің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай беріліп отырылуын қажет етеді.

Белгілі бір тілдік материалды оқытуда жүйеліліктің болуы – мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырудың айырықша белгісі. Синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың жүйелілігі тек синтаксистік теориямен ғана емес, дидактикалық ұстанымдармен де, сонымен бірге ана тілінің құрылысын жете түсініп, меңгерумен де белгіленеді. Ұғымдардың ғылыми жүйесі жалпыдан жекеге қарай ұстанымы бойынша құрылып, синтаксистің негізгі бірліктері анықталып, олардың негізгі белгілері көрсетіледі.

Жаңа бағдарлама бойынша жасалған оқулықтарда алдымен сөйлемнің белгілері: сөйлем соңындағы интонация, грамматикалық негізі, сөйлем компоненттерінің синтаксистік байланыстары, олардың орын тәртібі, сөйлемнің қарым-қатынастық бағыт-бағдары санамаланып, анықталады. Бұл белгілердің әрқайсысы сөйлем түрлерін қарастыруға негіз болып табылады. Мәселен, сөйлем айтылу мақсатына қарай, яғни қарым-қатынастық бағдарына карай хабарлы, сұраулы, бұйрықты болып бклінсе, сөйлем соңындағы интонациясына қарай хабарлау (бәсеңдеу), сұрау, бұйрық, өніші түрінде құбылады. Грамматикалык негізіне карай екі тұрлаулы және бір тұрлаулы мүшелі сөйлем, тұрлаусыз мүшелерінің катысу-катыспауына карай жалаң және жайылма болып, грамматикалык негіздерінің санына карай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып жіктеледі. Тілдік материалды осылай орналастыру тіл құбылыстарының арасындағы өзара байланыстылықты, олардың бірі-бірімен өзара сатылай бағынуын анықтауға негіз болады, әрі жүйелілік ұстанымы оқу материалын терең де берік меңгеруді камтамасыз етеді.

Дидактикада ертеден келе жаткан ұстанымдардың бірі – көрнекілік ұстанымы. Меңгерілетін тақырыптың мазмұнын айқындап, оны оқушы санасында берік калуына мүмкіндік жасау – көрнекілік ұстанымының негізгі мақсаты болып табылады. Көрнекі құралдар кескінделген (кесте, сызба, сұлба, өрнек, фото-сурет, оқиғалы картиналар, үлестірмелі карточкалар, т.б.) және экрандық-дыбыстық құралдар (кинофильм, диапозиттер, таспа жазулары, күйтабақтар, компьютер, т.б.) жатады.

Соңғы уакыттарда мультимедиалык энциклопедия, электронды окулыктар, дыбыстык бейнежазба материалдары жиі колданылып жүр. Көрнекі құралдар сабақтың мақсаты мен сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай колданылып, эстетикалык сапасының жоғары болуы, білімділік, танымдық мазмұнының сабақ барысындағы оқу материалдарына сәйкес келуі ескеріліп, оның мәні окушының білімі мен біліктілігін жетілдіруге тигізетін ыкпалымен өлшенеді.

Синтаксисті оқыту барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін калыптастырудың көрнекілік ұстанымымен тығыз байланыстылығы анықталып, төмендегідей қорытындыға келдік:

1. Қолданылатын көрнекі құралдардың педагогикалық, психологиялык және әдістемедік талаптарға сай болуымен бірге, окушының қызығушылығын төмендетіп алмас үшін түрлендіріп отырылуы тиіс;
2. Оқушыларға орындаған жаттығулары мен тапсырларын талдату аркылы өзін-өзі тануына, өзіндік кабілеттерін ашуына мүмкіндік жасалып, өзгелердің еңбегін бағалай білуге үйрету;
3. Синтаксисті оқыту барысында түрлі персонаждардың көмегімен окушының жағдаятка (ситуацияға) толык енгізу аркылы тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтіп, өзіндік көзкарасы мен коммуникативтік құзыреттілігін калыптастыруға болады.

Синтаксисті окыту барысында окушылардың коммуникативтік құзыреттілігін калыптастыруда түсініктілік ұстанымының маңызы зор. Түсініктілік ұстанымы шама-шарықтық, яғни оқылатын материал окушылардың жас ерекшеліктері мен жекебасының мүмкіндігіне шакталуы, олардың өсу дәрежесі мен даярлығына сәйкес болуымен ерекшеленеді.

Түсініктілік ұстанымы білім мазмұнына мәні толық анықталған материалды енгізуді, орта мектеп оқушылары меңгере алатындай ғылыми ұғымдар мен терминдерді дұрыс, ұтымды пайдалануды талап етеді.

Беріктілік ұстанымы – сабақтарды ұйымдастыру барысында бұрын өтілген материалдарды белгілі дәрежеде естерінде сақтауға мүмкіндік туғызып, керек болғанда оны өздерінің іс-әрекетіне, мақсатына пайдалана алатындай болғаны жөн.

Синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникавтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда басқа ұстанымдармен қатар саналылық ұстанымы да басты назарда болды. Саналылық ұстанымы оқушылардың оқылатын материалды толық түсінуіне, оқығанын жаттанды емес, мән-мағынасына ой жүгіртіп игеруіне негізделеді. Синткасисті оқытуда оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамыту – оқушылардың шығармашылық қызметін, саналы түрде білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Оқушының саналылығы синтаксистік бірліктердің өзіндік болмысын танып-білу барысында, жүйе заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түсіну барысында ғана қалыптасады. Оқытушының дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындату алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырылады.

Синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқушылардың оқу-танымдық қызметгегі мұғалімнің басшылығымен жүретін белсенділігі және оқушының өз бетімен іздене білу ұстанымы да маңызды рөл атқарады. Бұл ұстаным саналылық ұстанымымен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Өйткені оқушының мұғалімнің басшылығымен және өз бетімен орындайтын оқу-танымдық қызметінің нәтижелі болуы оқушының саналылығымен байланысты. Бұл ұстаным оқушылардың шығармашылық әдіс-тәсілдерін меңгеруін міндеттейді. Шығармашылық әдіс-тәсілдер оқушыда алгортимдік тапсырмалардан алгоритмдік емес тапсырмаларды орындауға қарай жүру барысында қалыптасады. Синтаксис заңдылықтарын сыртқы белгілер арқылы танып-білуі оқушының теориялық ойлауының дамуына ұласып, теориялық ойлау үдерісінің дамуы оқушы тілінің дамуына ұласып, оқушының дүниетанымы мен коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасуына оң ықпалын тигізеді.

Синтаксисті оқытуда түрлі әдіс-тәсілдердің, көрнекілік пен оқу құралдарының үйлесімділігі ұстанымы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік орны бар ұстаным болып табылады. Синтаксисті оқытуда оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамыту әдіс-тәсілдерінің өзара үйлесілімдікпен қолданылуы арқылы оқушының оқу-танымдық қызметі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеуіне жасалған игі мүмкіндіктер туады. Синтаксистің өзіндік ерекшеліктерін оқытумен байланысты әдістер мен қазақ тілін ана тілі ретінде оқытумен байланысты қолданылатын әдістер, жалпы дидактикалық әдістер мен танымдық әдістер – барлығы оқу-танымдық үдерістің өн бойында бірінен-бірі туындап жататындай орайласа қолданылуы қажет. Таным териясында көрнекілік тек сезімдік білім деп қарастырылмайды. Теориялық білім де көрнекілік түрінде беріле алады. Көрнекілік – нақтылық пен абсрактіліктің (дерексіздіктің) біріккен формасын танытатын құрал. Синтаксистік бірліктердің жасалуы, өзгеруі, жалпы синтаксисті меңгерту барысындағы синтаксистік үдерістер

мен заңдылықтарды сызбалар мен кестелер және модельдер түрінде беру – тек сезімге ғана әсер ету құралы болып табылмайды. Синтаксистік бірліктердің қасиеті дегеніміз – тілдің жалпы қасиеттерінің жекедегі көрінісі екенін де көрнекілік арқылы танытуға әбден болады. Біздің оған эксперименттік тәжірибе барысында В.Шаталовтың «тірек-схемаларын» қолдану арқылы көзіміз жетті.

Оқушының жеке ерекшелігі мен даму ерекшелігін ескеру ұстанымы. Оқу-танымдық қызметтің ерекшелігі оқушының сәт сайын танып, оған лайық ой-санасы дамытып отыратындығымен танылады. Себебі сабаққа кірген оқушы мен сабақтан шыққан оқушыны бірдей деп айтуға болмайды. Әрбір қалыптастырылған теориялық ұғым мен оның мазмұнын құрайтын жаңа ақпарат – оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы болып табылатын құрал. Оқушының психикалық даму ерекшелігін жас ерекшелігінмен байланыстыра қарау ұстанымы осы мәселеде басшылық етеді.

А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды айтулы педагог ғалымдардың еңбектерінен орын алған білім мазмұнының өмірмен байланыстылығы мәселесі бүгінгі күні де өз маңыздылығын жойған жоқ. Күнделікті сабақтың мектеп оқушыларының өзін қоршаған өмірмен байланысты өтуі оқушылардың саббаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттырып, шығармашылық шабытын оятып, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытып, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік тиғызады. Теорияның практикамен, өмірмен байланыстылығы ұстанымы оқытудың негізгі практикалық мақсатын көздейді. Ол мақсат қоғам өмірінің талап-тілегімен, мұқтажымен белгіленеді. Оқушылардың теориялық білімі мектепте оқыту міндеттерін шешуге керек болса, болашақ өмірінде кәсіби сипаттағы міндеттерді шешу үшін керек болады.

Білім беру мақсаты мен қоғамдық-әлеуметтік талаптарды ұштастыру ұстанымы. Бүгінгі қоғамның орта мектеп алдына қойып отырған басты міндеті қандай, өзге елдермен бәсекелестікке түсе алатын жастарымыз қандай біліктілікке ие болуы керек, ғаламдану ғасырынң қатал сынына төтеп бере алатын жастардың болмысы қандай болу керек деген мәселелередің шешімін іздеу арқылы ғана орта мектепте синтаксисті оқыту мақсатын заман талабына сәйкестендіру мүмкін болмақ. Қазіргі қоғам талабы өзгермелі дүниеде өмір сүруге бейім, өзінің мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете білетін, өзгелермен жақсы қарым-қатынас орната білетін, өз мүддесі мен қоғам мүддесін басқаларға зиян келтірмей қорғай білетін дара тұлға тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Тіл – дара тұлға тәрбиелеудің тетігі болып табылатындықтан, осы аталған қабілеттердің дамуына орта мектепте қазақ тілін оқытудың атқаратын қызметі ерекше. Тілдің адам өміріндегі маңызы пән мақсатының білімділік, тәрбиелік, дамытушылық бағыттарында айқын қамтылуы тиіс. Білімдік мақсат оқушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруды көздей отырып, тілді құндылық ретінде бағалауға негіз салуы керек. Тілді құндылық ретінде бағалау талабы қазақ тілі пәнінің білімділік мақсатында әр тарапты дәйектеліп, біртіндеп жетілдіріліп, дамытылып отырылуы қажет. Ал тәрбиелік мақсат бойынша тілдің адамның өзін-өзі тануының құралы, әлеуметтенуінің көрсеткіші екеніне көңіл бөлініп, қазақ тілінің жеке адам тағдырына ғана емес, жалпы ұлт, мемлекет тағдырындағы орнын түсіндіруге

бағытталып әр такырып аясында білім мазмұнына сай орынды көрсетіліп отырылуы керек.

Білімді сөйлеу дағдысының кайнар көзі ретінде игеру ұстанымы. Бұл ұстаным окушының ойлау кабілеті мен сөйлесім дағдысын бірлікте дамытуды көздейді. Оқушыны бүгінгі қоғам талабына бейімдеу мақсатында қазақ шешендері мен ойшылдарының сөз құдыреті, оның адамзат өміріндегі орны туралы көркем-әдеби шығармаларын негізге алу арқылы жүзеге асырылады. Көркем сөз үлгілерін талдату арқылы орта мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін арттырып, эстетикалық сезімдері мен талғамдарын ұштайды.

Коммуникативтік ұстаным. Бұл ұстанымда ақпаратты саралай отырып, өз максатына сайы кажеттісін таңдай алуы, өзінің ой-тұжырымдарын тиянақтап жеткізу қабілетін қажет ететін айтылым мен жазылым, өз ойын дәйекті де, дәлелді, жүйелі етіп жеткізуге дағдыландыратын тілдесім катар дамытылады. Сөйлесім әрекетінің бес құраушы бөлігі кешенді дамытылғанда ғана тілдік білім сапасының деңгейі арта түседі.

Ж.Балтабаева коммуникативтік ұстанымның «тілдік материалдарды таңдауды, қатысым жағдаятын нақтылауды» анықтайтынын, «ауызша, жазбаша тұрғыдағы катысымды жүзеге асыру үшін кандай біліктер кажеттігін, кандай құралдар аркылы тілдің катысымдык кызметін меңгеруді қамтамасыз етуді» айқындайтынын айтады. Студент ауызша да, жазбаша да тілдік бірліктерді сөйлесімде, тілдік катынаста дұрыс колдана білгенде ғана қатысымдық біліктілік жүзеге асады. Ал әрбір студенттің тілдік қатынаста белсенділік танытуы окытушының катысымдык жағдаятты дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Сонымен, қатысымдық ұстанымның негізгі шарттары мынадай: тілдік қатынас туғызатын жағдайды таңдай білу; теориялык білім мен тіл дамытуды катар жүргізу; тілдік катысымға студенттердің белсенді қатысуларын қамтамасыз ету; жаттығу, тапсырмаларды қатысымдық мақсатқа сай дұрыс таңдай білу [6].

Креативтілік ұстанымы қазақ тілі сабақтарында оқушының ойлау іс-әрекетінің нұскалары мен оны шешудің жолдарын өз бетінше таңдауы, дұрыс шешу жолын анықтауы арқылы іске асырылады. Креативтілік ұстанымы оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіруде басшылыққа ала отырып, оқушыларға түрлі формадағы тапсырмалар ұсынылады.

Қорыта келгенде, жоғарыда талдаған ұстанымдардың кайсысы болсын синтаксисті оқытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызы зор. Синтаксисті оқыту барысында дидактикалық ұстанымдардың ең ұтымдыларын сұрыптап алу жоғары нетижеге жетудің кепілі болып табылады. Басшылыққа алынған ұстанымдардың барлығы білім сапасын арттыруда, орта мектеп окушыларының білімінің берік болуына талапты күшейтуде, олардың шығармашылык белсенділігін оятуда тиімді.

Әдебиеттер:

1. *Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – М , 1984. – 95 с.*

2. *Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 240 б.*

3. *Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 160 б.*

4. Әбілқаев А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Інжу-Маржан», 2009. – 293 б.

5. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М.: Педагогика, 1982. – 656 с.

6. Балтабаева Ж.Қ. Жоғарғы оқу орында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / Пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 49 б.

Текесбаева Г.М.

Принципы формирования коммуникативной компетенции учащихся в обучении синтаксиса

В статье говорится о классификации видов принципов ученых методистов, а также автор рекомендует принципы которыми можно руководствоваться в формировании коммуникативной компетенции учащихся при обучении синтаксиса.

Ключевые слова: Синтаксис, коммуникативная компетенция, дидактика, принципы обучения, обучение, методика, методы.

Tekesbayeva G.M.

Principles of formation of the communicative competence of the students in learning the syntax

The article refers to the classification of the principles of scientific methodologists, as well as the author recommends principles that can guide the formation of the communicative competence of students in teaching syntax.

Keywords: syntax, communicative competence, didactics, principles of teaching, training, methodology, methods.

***

ӘОЖ 330:001.92

Жангалиева Р.У. – магистр, аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: raya_1972@mail.ru

«БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ЖҮРГІЗУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

Аңдатпа. *«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін оқу процессінде студенттердің бухгалтерлік есепке деген қызығушылығын ояту, материалдарды тек оқып-үйрену ғана емес сонымен қатар оларды оларды әдістемелік ойлауға үйрету көзделген. Аудиторияда нақты оқу пәнін жүргізудің методикасы жылдан жылға жаңа әдістерді талап етеді. Оқытудың интерактивті әдістері көптеген оқытушыларға оны іс жүзінде қолдану үшін жаңа әдіс ретінде танылып көмекке келеді.*

Тірек сөздер: *Интерактивті, интерактивті әдістер, инновациялық технология, оқу процесі және бухгалтерлік есеп бойынша терминдер*

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында XXI ғасырда ақпараттық қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы – жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін

сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді. Мұндай мақсатқа жету үшін, алдымен, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен оқу құралдарын заман талабына сай жетілдіру қызметін жүзеге асыруды қажет етеді. Қазіргі кезде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруді маңызды мәселелердің бірі.Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр.

Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық, инновациялық технологияларды меңгеру. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда.

Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде. Қазіргі заман студенті тек өз саласының терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Қазіргі заман оқытушылары компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барысында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы [1, 12 б.].

Қазақстан Республикасында жаңа оқу стандарттарын енгізумен байланысты әртүрлі пәндерді жүргізу әдістерінің өзгешеліктері мен жаңалықтарына қажеттілік туындады. Бакалавриат оқу стандарттарын жүзеге асырудың негізгі шарттарының бірі оқу процесінде сабақ жүргізудің интерактивті формаларын қолданып, оны студенттердің аудиториядан тыс жұмыстарымен байланыстырып, студенттің кәсіби білімінің өсуіне ықпал жасау.

Бакалавриат білім беру бағдарламасының мазмұны алдыңғы білім беру деңгейімен үздіксіздік және сабақтастық қағидалары негіінде жасалды. Білім беру бағдарламасының мазмұны әрбір оқу кезеңнің аяқталғанын

камтамасыз етеді және кәсіби кызмет ету ортасына ауысуға немесе окуын жалғастыруға жағдай жасайды. Әр деңгейдің білім беру бағдарламасы келесі қағидалар негізінде жасалады: әр пәннің бөлек және мазмұнының кайталанбауында, сәйкес салада ғылым мен техника жетістігі негізінде әр деңгейде пән мазмұнынының қиындатылуы.

Окушылардың сұраныстарына, жұмыс берушілердің және еңбек нарығының талаптарына сай оқу бағдарламаларының мазмұнына элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары арқылы түзету енгізіледі.

Еңбек нарығының талаптарына сай келетін кадрларды дайындау сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи оқу технологиялары қолданылады: проектты технология, кейс-стади, ақпаратты-коммуникациалы технология, киын окыту технологиясы, контестты-бағдарланған технология, білім берудің интерактивті формасы мен амал-тәсілдері.

Қазакстан Республикасында бухгалтерлік есеп және корытынды есеп беруді барлық кешенді түрде қарастыру, оны халықаралық стандарттарға сай дамыту және жетілдіру «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінде зерттелетін бухгалтерлік есептің теориялык және методологиялык мәселелерін ары карай дамытумен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп және каржылык корытынды есеп беру бойынша нормативтік құкыктык актілерге, экономикалык ілімдерге, сондай-ак отандык және шетелдік озык тәжірибеге негізделе отырып, ол шаруашылык жүргізуші субъектілердің есебін құрудың жалпы принциптерін қарастырады. Сондықтан, «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәні «Есеп және аудит» мамандығы бойынша мамандар дайындаудың оқу жоспарында маңызды орын алады және негізгі профильдік пәндердің бірі болып табылады. Ол экономикалық ғылым ретінде студенттерді бухгалтерлік есептің методологиялык мәселелері бойынша теориялык біліммен каруланду көздейді. Сол себептен осы пәнді жүргізгенде оқу процесінде интерактивті әдістер мен инновациялық технологияны кеңінен пайдалану керек [2, 12 б.].

Интерактивті деген сөдің өзі («inter»-бірін-бірі толықтыру, «akt»-әрекет ету) деген мағына, яғни бір бірін толыктырып, бір адаммен немесе бірнәрсемен диалогқа түсу, мысалы, адаммен немесе компьютермен. Педагогикалық ғылымдар кандидаты, профессор В.В. Гузеевтың ойы бойынша – «бұл студенттің ақпараттық ортамен ақпаратпен алмасуы» [3, 128 б.].

Окытудың интерактивті әдісін жүзеге асыру үшін окытудың әртүрлі әдістерін колданады. Педагогика ғылымында интерактивті әдіспен окытудың әртүрлі әдістері колданылады. Осы статьяда «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінде колданылатын интерактивті әдістер мен технологияларды карастырамыз, бірак бұл пәнді окытуда біз бір түрін емес әртүрлі интерактивті окытудың әдістерін коданамыз.

«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін интерактивті әдістерді колданып, жүргізудің маңызы – ол Жоғарғы Оқу Орындарында білім алатын студенттердің білімін жетілдіруде басты бағыт болып табылады. Пәнді оқытудың міндеті болып, сонымен катар бухгалтерлік есепті ұйымдастыру барысында кездесуі мүмкін келеңсіз жағдайларды табу, олардың пайда болу себептерін және оларды кайта қалпына келтіру жолдарын ашып көрсету болып табылады. Пәнді оқытудың міндетінің бірі есеп саласындағы болашақ жоғары білікті мамандарды

тәрбиелеп, оларға моральдық тазалық, тәртіптілік,салмақтылық сияқты сапалық қасиеттерге уйрету.

Сонымен қатар бұл әдістер білім алу тиімділігін жоғарылатуға әсер етеді, студенттердің бухгалтерлік қызыметке деген деген қызығушылығын жоғарлатып, студенттерге комуникативті машықтар мен іскерлік қасиеттерін жоғарлатып, өздерінің іс әрекет қимылдарына деген жауапкершіліктерін арттырады.

«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінде қолданылатын интерактивті әдістерді М.Өтемісов атындағы БҚМУ сайты арқылы «Қашықтан оқыту» бағдарламасы бойынша тікелей байланыстырып қолданып өткізуге де болады. Бұл әдістердің «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін оқытудағы артықшылықтары:

1. Қашықтан оқытылатын және іштей оқытылатын студенттерге бірдей таратылуы;
2. Оқытудың жаңа технологияларының меңгерілуі;
3. Коммуникацияның кең таралған құралдарының пайдалану жағдайы, әртүрлі әлеуметтік желілер арқылы пайдаланылуы;
4. Әр студентке өзінің жеке портфолиосының ашылуы;
5. Бағалаудың әртүрлі жүйелерінің қолданылуы;
6. Студенттерге таратылатын материалдардың әртүрлі формада берілуі (сурет, видео, аудио, мәтін, т.б.);
7. Әртүрлі оқу методикалық материалдар құрастыру мүмкіндігі (жұмыс дәптерлері, дәрістер,практикалық сабақтар,тестер т.б.)
8. Студенттердің жинақтаған жұмыстарын кез келген уақытта ашып қарау, бағалау;

Осы аталған айырмашылықтардың барлығы студенттердің сабағында немесе өзіндік жұмыстарында интерактивтіліктің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді. Пәннің әр тақырыбын түсіндіру үшін мультимедиялық презентацияларды қолдануға болады және студент өзіндік жұмыста осы презентацияларды өзі жасауға да болады. Осындай жағдай дәріс уақытын үнемдеп және оқытушы мен студенттің сабақ уақытында немесе сабақтан тыс уақытта да on-line режимде де қарым қатынас жасауына мүмкіндік береді.

«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінде қарастырылатын тақырыптарды талдап, осы пән бойынша мынандай интераактивті әдістер мен технологияларды ұсынуға болады:

Кесте 1 - «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінде ұсынылатын интерактивті әдістер

	Тақырыптың аты	Ұсынылатын интерактивті әдіс
1.	Бухгалтерлік есеп ақпараттық жүйе ретінде. Бухгалтерлік есептің нрмативтік-құқықтық базасы	**«Бухгалтер және заң»** ҚР-ң заңдарын өзгерістерімен толықтыруларын пайдаланып іскерлік интеллектуалдық ойын өткізу;
2.	Бухгалтерлік есептің концепциялары	Бухгалтерлік есептің даму тарихы туралы семинар-дискуссия өткізу;
3.	Бухгалтерлік есептің пәні және әдістері	**«Миға шабуыл»** әдісімен тестілеу өткізу;

4.	Екі жақтылық қағидасы және баланстық теңдік	**«Баланс құрастыру»** шағын тапсырмалар бойынша іскерлік ойын өткізу;
5.	Екі жақты жазу және бухгалтерлік есеп шоттары	**«Бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспары»** атты дөңгелек стол өткізу; «Бір праводка, екі праводка» іскерлік ойынын өткізу
6.	Есепті кезең және қаржылық есептілікті дайындау	**«Қаржылық есептіліктің формалары»** презентация жасау;
7.	Бухгалтерлік есептің формалары	Кәсіпорындарға интреактивті on-line режимде саяхат жасау;
8.	Кірістер мен ақшалай қаражаттарының есебі	«Миға шабуыл» әдісімен тестілеу өткізу; **«Бар ойым-схемада»** топтарға бөліп ойын өткізу;
9.	Қорлар және сатылған өнімнің өзіндік құны	«ТМҚ бағалу және есептен шығару әдістерінің оптималды әдісін табу» тақырыбы бойынша **«Шешімдер ағашы»** атты іскерлік ойынын өткізу;
10.	Ұзақ мерзімді активтер есебі, тозуы, амортизациясы	«Негізгі құралдарды сыныптау және амортизация есептеу түрлері» бойынша **«Интуиция»** іскерлік ойынын өткізу;
11.	Шығыстар есебі	**«Өнімнің өзіндік құнын есептейміз»** дебат өткізу;
12.	Міндеттемелердің және капиталдың есебі	**«Жақында еңбек ақы аламыз!»** еңбек ақы есептеу формалары бойынша рольдік ойын, онлайн тестілеу;
13.	Бюджетпен салықтар бойынша есеп айырысу	**«Салық төле де еркін өмір сүр!»** іскерлік ойын және салықтар бойынша ситуациялық есептер шығару;
14.	Бухгалтерлердің кәсіби этикасы	**«Бухгалтер және этика»** іскерлік ойын, презентация жасау;
15.	Қаржылық есепкерлікті дайындау	**«Жылдық есеп»** қорытынды іскерлік ойын, ай басындағы баланс, тіркеу журналы, шоттар ашу, шоттарға жазу, шоттарды жабу, қалдық бойынша айналым ведомостар жасау, қорытынды баланс жасау, қаржылық есепкерліктің формаларын толтыру;

«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін жүргізуде интерактивті әдістерді қолдану студенттердің пәнге деген, жалпы мамандыққа деген қызығушылықты оятады, сонымен қатар комуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытып, ұжымда шағын топтармен жұмыс жасауға үйретеді. Сонымен бірге инновациялық технологиялар оқу процесінің тиімділігіне әсер етіп, рольдік ойындар мен іскерлік ойындар арқылы теориялық білімдерін тәжірибеде бекітуге мүмкіндік береді.

Мысалы, «Кірістер мен ақшалай қаражаттарының есебі» тақырыбын өткен кезде **«Бар ойым-схемада»** атты іскелік ойынын өткізуге болады. Бұл ойында топты екі шағын топшаға бөліп, екі топқа улкен ватман мен маркерлер үйлестіріп, студенттереге ақшалай ұаражаттың түрін, қозғалысын, түсу және кәсіпорннан кету каналдарының барлығын схема арқылы көрсетуді талап ету керек. Студенттер оқыған барлық теориялық білімдерін схемада көрсетуі тиіс. Ойын соңында топ капитандары схеманы түсіндіріп береді. Оқытушы схеманың дұрыстығын тексеріп топты бағалайды.

Тағы бір мысал, кәсіпорындағы нақты белгілі бір мүліктің есебі мен оның пайда болу көзінің есебін жүргізуде және бухгалтерлік қызметтің ерекшелігін оқып үйренуде ойындық тәсілдерді қолданған жөн. **«Бюджетпен есеп айырысу»** тақырыбын өткенде сол жылғы салық кодексіндегі өзгерістер, салықтардың жаңа ставкалары, жаңа жылға таайындалған айлық есептік көрсеткіш, жаңа жылға есептелетелетін ең төменгі еңбек ақы, еңбек ақыдан ұсталатын ұстамдар мен салықтар көлемі, шегерімдер т.б. бугінгі таңдағы өзгерістерді қарастырып, қолданыстағы заңдармен байланыстырып рольдік ойын ретінде өткізу керек. Топта кәсіпорынның директоры, бухгалтері , кассир, заңгер, салық инспекторы тағайындалып, әр студентке өзінің лауазымына байланысты тапсырмалар беріліп қорытындылары талқылануы керек. Осы әдістің ерекшелігі ойынға қатысқан әр студент сол ситуациялық жағдайға еніп, оның жағдайын нақты мысалдар арқылы түсініп, белгілі бір экономикалық шешім қабылдауға мүмкіндік туады.

Мысалы, бухгалтерлік есептің әдістерінің бірі «Түгендеу» тәсілін қарастырғанда **«Қойманы тексеру»** іскерлік ойынын өткізуге болады. Бұл ойынға 5 студент қатысады: 4 студент түгендеу комиссиясының ролін ойнап, 1 студент қоймадағы қоймашы ролін ойнайды. Комиссия мүшелері қоймадағы мүліктің тізімін жасап оны бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстырады. Жасалынған жұмыстың нәтиежесінде есеп беру құжаттары құрастырылып, түгендеудің нәтиежелері көрсетіледі. Артық шыққан немесе жетіспеушіліктер анықталынып, осы кемшіліктерді болдырмау жолдары қарастырылады. Осы ойынның қорытындысы бойынша оқытушы әр студенттің жұмысын бағалап, олардың қабылдаған шешімдерінің дұрыстығын анықтайды [4, 3 б.].

«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін жүргізуде интерактивті әдістерді қолданған кезде шағын топтармен жұмыс жасау аса маңызды болып есептелінеді. Осы жағдайда оқытушы әр топтың дәрежесін анықтап, мониторинг жасап, оқу ортаның деңгейін анықтайды, яғни ақыл кеңес беріп, түсіндірме жұмыстарын жасайды. Шағын топтарда лабораториялық, практикалық сабақтарды өткізгенде студенттер лабораториялық жұмыстар жасайды, мәселелі қиын сұрақтарға жауаптар алады, ситуациялық есептер

шығарады. Тәжірибелік сабақты осылайша ұйымдастыру студентттерді ұжымдық ортада тәрбиелеуге, өзінің жасаған әрекеттеріне жауапкершілікпен карауға, ұжым мүшелерімен бір біріне көмектесе отырып, акылдасып шешімдер кабылдауға көмектеседі.

Айта кететін жайт, «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін жүргізуде тиімді әдістердің бірі болып **интерактивті саяхат** әдісінің қолданылуы. Мысалы, «Материалдык емес активтердің есебі » такырыбын өткен кезде осы интерактивті саяхат әдісін қолдану тиімді. Интерактивті саяхатты on-line режимде ұйымдастыруға болады. Судентерге нақты кәсіпорында «Негізгі құралдар есебінің» жүргізілуін, кандай құжаттар толтырылып, негізгі құралдардың, материал емес акиивтердің кәсіпорында калай сакталынатыны туралы видеоролик түсіру арқылы немесе сол көрген видеоролик материалдары бойынша есеп (отчет) жаздыртып, немесе нақты кәсіпорынмен телемост ұйымдастырып өткізуге болады. Осы телемост кезінде нақты кәсіпорында жұмыс жасайтын мамандарға студенттерге кызыкты сұрактар койып, тиісті жауаптар алуға мүмкіндік туады.

Сонымен катар, «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін жүргізуде студенттермен кері байланысты ұйымдастыру өте маңызды. Яғни, студенттің пәнге деген кызығушылык деңгейін аныктау максатында окытушы **интерактивті рефлекстік әдісті** қолданыуына болады. Осы пәнді оқыту барысында «Б», «БК», «НБ» технологиясын қолдануға болады. Мысалы, бұл технология бойынша тақырыпты оқу барысында әр студент жеке кесте толтырады. Бұл кесте үш баганнан тұрады:

1. Баган: «Б» -білемін;
2. Баган: «БК»- білгім келеді;
3. Баган: «НБ» -не нәрсе білдім.

Студент әр тақырыптың соңында толтырып, оқытушыға тапсырады. Осындай интерактивті әдістерді пайдалану «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін жүргізуді және оқу процесін анағұрлым қызықты және өнімді өтуіне септігін тигізеді деп ойлаймын.

Интерактивтік ойынды сабақта қолдану нәтижесінде студент мынадай мүмкіндіктерге ие болады:

1. Білім алушылар накты кызмет тәжірибесін меңгереді;
2. Студенттер тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз
бетінше шеше білуге үйренеді;
3. Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді;
4. Уақытты үнемдеуге үйретеді;
5. Жауапкершілікті сезіне біледі;
6. Жеткен жетістіктерімен бөлісе алады;
7. Бір – бірімен қарым – қатынас жасауға дағдыланады.

Окытушының «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін жүргізуде ұсынылған интерактивтік тәсілді колдануы студенттердің оку материалдарын ұғынуын жақсартады, оқу сабағын нағыз шындыққа жақындатады және олардың кызығушылыктарын арттыра отырып, объективті шындыкты үйренуге итермелейді. Ал, мұндай тәсілдер кәсіби жоғары дәрежелі мамандарды дайындауға және теория мен тәжірибелік білімді біріктіруге көмектеседі. Шыңға өрлеу әрқашан да төменнен басталады, сондықтан

студенттерді мамандыққа үйретуді кәсіптік білім жүйесінің алғашқы қадамынан бастау керек.

Әдебиеттер:

1. Дюсенова З.А. Арнайы пәндерді оқытудағы жаңа технология // «Инфоурок» сайты. https://infourok.ru/bayandama-arnayi-pnderdi-oitudai-zhaa-tehnologiya-802078.html. Пайдаланған уақыты: 15.12.2016 ж.

2. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп. – Алматы: Экономика, 2011. – 309 б.

3. Гузеев В.В. Технология образования в глобальном информационном системе. – М.: Народное образование, 2011. – 128 б.

4. Зайцев В.Ю., Крупнова А.В. Интерактивные методы обучения в преподовании практическое обучение по профессии бухгалтер // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2014. – Выпуск 2. – https://e-koncept.ru/2014/54465.htm, Пайдаланған уақыты: 10.01.2017 ж.

Жангалиева Р.У.

Интерактивные методы используемые при проведении дисциплины «Основы бухгалтерского учета»

При изучении дисциплины «Основы бухгалтерского учета» предусмотрено не только пробудить интерес студентов к бухгалтерскому учету, но и обучению методический мыслить. Практическая педагогическая деятельность нуждается в разработках методического уровня, ориетированных на их реализацию в аудитории. Интерактивные методы обучения представляют достаточно новую методику и является неотьемлемой частью при преподавании данной дисциплины.

Ключевые слова: Интерактивность, интерактивные методы, инновационные технологии, учебный процесс и термины по бухгалтерскому учету.

Zhangalieva R.U.

Some interactive methods in conducting discipline "Fundamentals of Accounting"

In the study of discipline "Fundamentals uhgalterskogo accounting" provides not only to arouse students' interest in accounting, but also training methodical thinking. Practical pedagogical activity needs to develop methodological level Oriented to implement them in the classroom. Interactive teaching methods are fairly new technique and is an integral part of the teaching of this discipline.

Keywords: Interactivity, interactive methods, innovative technologies, educational process and terms of accounting.

***

ӘОЖ 8085

Хабиева Д.Г. – оқытушы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: sezim1279@mail.ru

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА ҚИЫН СӨЗДЕРДІ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада бастауыш сыныпта оқушыларға қазақ тілінің мол қорынан тиісті мәлімет беріп, сөздік құрамға енетін лексиканың түрлерін нормаға сай меңгерту, балалардың сөздік қорын дамыту жолдары қарастырылды.*

Тірек сөздер: *Қиын сөздер тізбесі, түсініксіз сөздер, орфографиялық дағды, мәтінмен жұмыс, логикалық анықтама, сипаттамалы анықтама, этимологиялық талдау.*

Қазіргі кезде жаңа заман талабына сай, бастауыш мектепте оқытылатын пәндердің, әсіресе Әдебиеттік оқу пәнінің алдында тұрған басты мақсат – қазақ тілінің мол қорынан тиісті мәлімет беріп, сөздік құрамға енетін лексиканың түрлерін нормаға сай меңгерту, оқушының сөздік қоры арқылы тілін дамыту. Өйткені «Біз сөз арқылы ғана ойымызды сыртқа білдіре аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз» – деп, қазақтың арыс ұлдарының бірі М.Жұмабаев та тілді өте жоғары бағалаған [1, 160 б.].

Сөздік жұмысы ұғымы қазақ тілінде Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, С.Көбеев, Т.Шонанов, Ә.Сәдуақасов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев сынды әдістемеші-ғалымдардың әдістемелік еңбектерінен бастау алған. Бұл еңбектерде сөздік жұмысын жүргізудің нысаны ретінде мағынасы түсініксіз сөздер қолданылған. Ал кейінгі Р.Сыздық, Т.Қордабаев, С.Рахметова, К.Бозжанова, И.Ұйықбаев, А.Әбілқаев, Т.Әбдікәрім, Г.Уәйісова, Ә.Исабаев, Ә.Жұмабаева, М.Ермекбаевтардың зерттеулерінде – түсініксіз сөздер мен қиын сөздер терминдері қатар қолданылған. Зерттеуші ғалымдар мұндай сөздерді әр түрлі деңгейде қарастырып келеді. Ал қазіргі кезде «түсініксіз сөздер» ғылымда «қиын сөздер» ұғымымен қатар аталынып жүр. Қ.Жұбанов, К.Аханов, Б.Қалиев, Ғ.Мұсабаев, Ф.Оразбаева, С.Исаев, Б.Шалабаев тәрізді тілші ғалымдардың сөзге берген анықтамаларында сөздің мағыналық болмысы айқындалып көрсетілді. Тілдік қарым-қатынаста сөздің мағыналық жағы ерекше мәнге ие. Өйткені, сөз адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді, басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйтқы болады. Сөз өмір шындығын нақтылы мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізуіне әсерін тигізеді және сөз адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болады [2, 12 б.].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «***қиын», «түсініксіз»*** сөздері былай түсіндіріледі: ***Қиын*** *1. Машақаты көп, жеңіл емес. 2. Қыр-сыры мол, күрделі ауыр* [3, 395 б.]. ***Түсініксіз.*** *Түсінікті емес, анық емес, күңгірт* [4, 664 б.].

Байқап отырғанымыздай, «түсініксіз» ұғымы сөздің мағыналық жағына қатысты айтылып, «қиын сөз» ұғымы сөздің тек мағынасының түсініксіздігімен шектелмейтіндігін аңғартады. Ал бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін сөздік жұмысы тек сөз мағынасын түсіндіру мақсатын ғана көздемейді, сонымен бірге оқушыларды сөздерді дұрыс айту мен жазуға машықтандырады. Осыған байланысты бастауыш сыныпта жүргізілетін сөздік жұмысы түсініксіз сөз төңірегінде шектелмей, қиын сөздерді меңгертуге бағытталады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың «түсініксіз сөздерге» берген анықтамалары мен түсіндірме сөздіктегі «түсініксіз сөздер» мен «қиын сөздерге» берілген анықтамаларды негізге ала отырып, қиын сөздерге мынадай анықтама ұсынуға болады: *қиын сөз* деп − оқушыларға таныс емес немесе мағынасы ауыр, айтылуы мен жазылуы түсіндіруді қажет ететін сөздерді айтамыз.

Қазіргі мектептің оқу үрдісінде жаңа бағдарлама бойынша жаңа әдіспен оқыту жолы көзделуде. Зерттеу әдістері де өзгерді, тұтас сыныптармен зерттеу жұмыстары басталды. Мұндай оқытудың тиімді тұсы

білім мен дағдыны жетілдіру үрдісімен байланысты сыныптағы орындалатын жұмыстарды жылдамдатып, жетілдіруге қатысты болды.

Сонымен бірге төменгі сыныптарда казак тілі мен әдебиеттік оқу, сауат ашу пәндерін оқытуда мәтін түрлерін саналы түсініп оқу арқылы есте сактап, өз ой-пікірлері мен тұжырымы бойынша белгілі такырыпка сай ауызша-жазбаша сөйлеу икемділіктерін арттырып, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру болмақ.

Қазіргі мектеп окушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібіне өткір қойылуда. Ал сөйлеу – ауызша және жазбаша болатыны белгілі. Сондықтан оқушының сөйлеу икемділіктерін дамытуда сауат ашуды, қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәнін оқытудың маңызы ерекше. Мәселенің өзектілігі соңғы онжылдықта көптеген лингвистикалық зерттеулерге арқау болуда.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда оқулықтар мазмұнына жаңа, күрделірек мазмұн беру аркылы олар таным кызметін кеңейту, ойын жетілдіру олардың сөйлеу кызметінің калыптасуына әсерін тигізеді.

Қазак тілінің жұмсалу аясына, тіл тазалығына катысты казак тілі фонологиялык жүйесінің ерекшеліктерін сактау, үндестік заңын бұзбау мақсатында оқушыларға өзге тілдерден енген сөздерді жаздырып, оқытуда белгілі бір жүйенің болмауына байланысты орфографиямыздағы келеңсіздіктерге статистикалык талдау жасалынып, мектеп окулыктарындағы олардың үлесі аныкталып, сөздердің дұрыс жазылуын реттеуді бастауыш сынып окулыктарынан бастау туралы ұсыныс, пікірлер баспасөз беттерінде біраздан бері айтылып келеді.

Мектеп оқушыларына ана тіліміздің лексика-грамматикалық жүйесін меңгерту үшін оқулықтардағы сөздік қор мен оның құрамын анықтап, оны жетілдіру жолдарын карастыру, сөздердің кездесу жиіліктеріне сәйкес тіл заңдылықтарын түсіндіру, мектеп оқулықтарының тілдік ерекшеліктерін анықтау секілді теориялық мәселелер де қамтылды.

Бұл жұмыстың басты максатының бірі – бастауыш сынып оқушыларының тілін байыту, оны дамытудың жолдарын қарастыру. Ол үшін мектеп окулыктарының мәтіндеріне тілімізде жиі кездесетін және сирек колданылатын танымдык маңызы бар, жаңа мәнге ие сөздерді сұрыптап ала білу қажет. Бұл мақсаттарды шешу үшін бастауыш сынып оқулықтарына лингвистикалык әдіспен зерттеу жүргізіп, ондағы сөздік корды аныктап алу керек.

Сирек қолданыстағы сөздер оқулық тілінің байлығын, болашақтағы бастауыш мектеп оқулықтарының сапасын жақсартуда лингвистикалық зерттеу нәтижелерін ескеріп, сирек қолданылатын жаңа мәнге ие, танымдық, мағыналык құндылығы жоғары сөздердің камтылуы болашакта окулык құрастыру барысында ескерілуі тиіс. Ал, бастауыш сынып окулыктарының жиілік сөздігін алу нәтижесінде кейінгі жылдар оқулықтарында кездеспейтін сирек колданыстағы, сөзжасамдык кабілеті өнімді, мағыналык құндылығы жоғары сөздердің лексикалык минимумы әзірленуі тиіс. Бұл бастауыш сынып оқулықтарын құрастыруда құнды материал бола алады.

Соңғы жылдары тілдік құбылыстарды сандык және сапалық жактан анықтауда зерттеліп отырған материалдың белгілі бір ықтимал

статистикалық заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін лингвостатистикалық әдіс-тәсілдер қолданылуда (Қ.Бектаев, А.Жұбанов, Ә.Ахабаев, Қ.Молдабек т.б.) [2, 59 б.]. Бұл тәсілдерді әсіресе бастауыш сынып оқулықтары тілінің лексикасы мен морфологиясына қолданып, ондағы сандық және сапалық ерекшеліктерді айқындау, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сөздердің қолданылымындағы кейбір тіл заңдылықтарын түсіндіру жалпы тіл білімінде ерекше маңызға ие болып отыр.

Шығармашылық еңбек оқушылардың оқу және тәрбие жұмыстарын жетілдірудің бір формасы. Шығармашылық ең алдымен мұғалімдерден терең және берік білімді, мол тәжірибені талап етеді.

Қиын сөздерді меңгерту арқылы тіл дамыту жұмысын оқушылардың психикалық танымдық қызметін (түсіну, қабылдау, ес, ойлау, қиял) күшейтіп, шығармашылық белсенділіктерін арттыратындай деңгейде жүргізу жағы қарастырылуы тиіс. Мұнда, әсіресе, бастауыш мектеп оқушыларын ажырата қабылдауға үйрету; олардың эмоциялық есінің басымдығы ескеріліп, саналы ұғындыруға көңіл бөлу; ойлау операцияларының және қиялдың қайта жасау мен шығармашылық түрлерінің іске асуына баса назар аударылғаны жөн.

Тіл дамыту жұмыстары бастауыш мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктеріне (темперамент, мінез, қабілет) сай келуі, яғни жұмысты балалар толық меңгеріп, орындай алатындай болу жағы қатты ескеріледі. Сабақ барысында бұл талаптарға тіл дамыту жұмысының мына түрлері (топтап көрсеткенде) сай келетіні анықталды;

а) мәтін арқылы әңгімелеу;

ә) сурет бойынша әңгімелеу;

б) балалардың өз жандарынан шығарғандары;

в)мақал-мәтелдермен, жұмбақ, жаңылтпаштармен, ертегі мысалдармен жұмыс ұйымдастыру.

Осылайша сөйлемдер және мәтін құрастыру, байланыстыра сөйлеуге үйрету жұмыстары барысында сөздік жүргізіледі, бейнелік құралдар мен сөз тіркестері анықталады.

Бұл жұмыстарды жүргізуде мына мақсат көзделді;

а) оқушылардың бақылампаздық танымын кеңейту;

ә) әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, соның негізінде өз беттерімен қорытынды шығара білуге, пікір айтуға, пікірлерін бір – бірімен байланыстырып, себеп – салдарлықты, тәуелділікті ажыратып, сақтай білуге үйрету;

б) оқушылардың алған білімдерін пайдаланып, ана тілі нормасына сай, өз көзқарастарын, өз сезімін, ниетін, ойын дұрыс айтып, жазып бере алатындай дағдыларға төселдіру, қажетті іскерлікке баулу, ана тілді сүюге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге, оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу;

в) оқушылардың іскерлік қабілетін арттырумен қатар, оларды өз елінің салт – санасын, дәстүрі мен әдет – ғұрпын қадір тұтатын, халқына шын берілген азамат болуға, бір – біріне достық, бауырластық сезімге, саналы да белсенді еңбек ете білуге баулу.

Жұмыс сыныпта да, үйде де орындалады.

Жұмыс өткізілу әдістемесі негізінен үйрету, бақылау;

Жанр жағынан:

а) әңгімелеу (хабарлау);

ә) сипаттама түрінде;

б) әңгімелеу мен сипаттама аралас келеді.

Оқушылардың тілін дамыту жұмыстары мұғалімнің түсіндіру, байқау, әңгіме, сынау, іс-әрекет нәтижелерін қорыту әдістері арқылы және ойлаудың салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, нақтылу, дерексіздендіру, тұжырымдау, ойша қорытудың индукция, дедукция, аналогия түрлері арқылы өтеді, сондай-ақ ассоциациялық әдістер де кеңінен қолданылады [5, 129 б.].

Оқушыларға теориялық білім бергенде, дағды мен іскерлікке төселдіру барысында тіл дамыту жұмысының барлық түрлеріне ортақ мынадай негізгі әдістемелік нұсқауды басшылыққа алған жөн;

а) үйретілуге тиісті жұмыс түрін оқушыларға жеңіл де саналы меңгеруге көмегі тиетін тәсілдердің ең тиімдісін кеңінен қолдану;

ә)оқушылардың ынтасы мен қызығуын арттыра отырып, материалды қабылдауын қамтамсыз ету;

б) естің түрлі заңдылықтарына сүйене отырып, материалдың ұмытылмауына жағдай жасау;

в) ойлаудың салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, нақтылау, дерексіздендіру амалдары арқылы жаңа материалды меңгерту;

г) индукция, дедукция тәсілдері арқылы қорытынды шығарып, ұғым қалыптастыру;

д) қиялдың қайта жасау, шығармашылық түрлерінің жұмысын күшейту үшін балаларға өз жандарынын әңгіме, өлең шығартуға баса назар аудару;

е) мұғалімнің жетекші сұрағының негізінде әр материалдың өзіндік ерекшеліктерін оқушыларға байқату арқылы олардың ойлау қабілетін, ерік күшін арттырып, мүмкіндігінше өз беттерімен жұмыс істеуге үйрету. Оқушылардың шамасы келмеген жағдайда ғана оларға көмектесу. (Мұнда есте болатын жай – тіл дамыту жұмыстарының жоғарыда көрсетілген түрлерінің әр қайсысы мұғалімнің түсіндіруін қажает етеді, ал осындай типтегі жұмыстар қосылып өтілгенде, мұғалімнің көмегі мейлінше азая баруге тиіс);

ж) тіл дамыту жұмыстарын балалардың саналы да жеңіл меңгеріп, берік дағды мен іскерлікке тез үйренуін қамтамасыз ету үшін, көрнекілік әдістерін тиімді пайдалану.

Оқушылардың тіл дамыту жұмыстарының тақырыптары оқушының күнбе – күн көріп, бақылап, көңіл аударып жүрген айналадағы таныс заттары мен құбылыстарынан, яғни балалардың оқығандары мен естігендеріне, экскурсияда көргендеріне (табиғат, сурет, кино,қуыршақ театрының қойылымдары т.с.с.) сондай-ақ өздерінің іс - әрекеттеріне (ойын, оқу, еңбек) байланысты алынады.

Сонымен қатар бастауыш мектеп балалары үшін тақырыптың дерексіз, жалпы алынбай, нақтылана түсінуінің көп пайдасы тиетіні ескерілуі тиіс.

Оқушылардың ауызша айтқандарында болсын, жазған жұмыстарында болсын, ойды дәл, анық, жүйелі, логикалық байланыста білдірулеріне, бейнелеп, мақалдап сөйлей алу, синонимдер қолдану арқылы сөз мағынасын нақыштай түсу іскерліктеріне баса назар аударылады.

Тіл дамыту әдістемесінде сөйлеудің логикалық, стилистикалық және грамматикалық құрылысы жағынан дамуы орфоэпиялық және орфографиялық дағдының дамып, беки түсуімен қабысып жатуға тиіс екені қатаң қадағаланады. Ол үшін ауызша және жазбаша сөзді өзара байланыстыра жүргізу іскерлігін меңгере алатындай жұмыс түрлері іріктеледі.

Бастауыш сыныптардағы тіл дамыту жұмысы оқулықтарда берілген теориялық білімдерді шәкірттердің саналы түрде меңгеруін қамтамасыз етумен бірге мыналарға дағдыландырады:

а) «шығарма түрінің ғылымы» (мәнерлік күші) мен «тілінің ғылымын» (тіл кисыны, сөз талғау, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі) меңгере алу және әңгімелейтін объектінің сөздік бейнесін жасау үшін, «алдын ала жосықтау» (А.Байтұрсынов), тақырыпты саналы түрде түсініп, оны толық игеру;

ә) мәтіндегі ойдың шегін ажырата алу;

б) бөліктерге ат кою;

в) материалды жүйесімен орналастыра білу;

г) тіл құралдарын қолдана білу;

д) пікірлерін өңдеп, түзете алу.

Қазіргі қолданып жүрген бастауыш сынып оқулықтары дидактикалық жүйелілікпен түзілуі жағынан және тіл дамыту тұрғысынан біршама жақсы жазылған. Жас балалардың тілін дамытуды жолға кою үшін, әрине, алдымен құралдар кажет. Бастауыш сыныптарға арналған түрлі сөздіктер, мақал мәтелдер мен накыл сөздер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар және шешендер мен билер сөзінің жинактары, сан алуан суреттер мен кестелер шығарыла бастады.

Ана тілінің сөздік корында бар, бірак түрлі себептермен окушы сөздігінен тасада қалып жүрген кейбір сөздерге бала назарын аударту мақсаты көзделеді. Әдебиеттік оқу сабақтарында қиын сөздерді меңгерту мәтіннен киын сөзді бөліп алу, оның мағынасын меңгерту, бұл сөзді сөз тіркесі мен сөйлемде, содан кейін *«өзі құрастырған мәтінінде»* қолдану арқылы іске асырылады.

Окушылардың киын сөзді меңгеру деңгейлерін, оның ішінде өз сөйлеуінде қиын сөзді қолдану деңгейлерін былай көрсетуге болады:

1-деңгей – оқушылар қиын сөздің мағынасын түсінбейді;

2-деңгей – сөздің мағынасын жалпы түсініп тұрғанымен, оны түсіндіріп бере алмайды;

3-деңгей – мағынасын біледі, бірак өз сөйлеуінде колдана алмайды;

4-деңгей – өз сөйлеуінде қолдана алады.

Сөзді меңгеру деңгейі оқушылардың жеке сөздігімен тікелей байланысты. 1,2,3 деңгей оқушының пассив (белсенді емес) сөздігіне, ал 4 деңгей актив (белсенді сөздігіне) сәйкес келеді.

Қиын сөздерді меңгерту жұмысы 5 кезеңге бөлініп, әр кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері мен әдіс-тәсілдерін көрсетуге болады:

1-кезең. Белгілі бір максатты көздей отырып, кажетті киын сөздерді іріктеу.

2-кезең. Қиын сөздің лексикалық мағынасын меңгерту.

3-кезең. Қиын сөзді контексте қолдану.

4-кезең. Қиын сөзді сөз тіркесі мен сөйлемде қолдану.

5-кезең. Қиын сөзді байланыстырып сөйлеуде қолдану.

Осыдан келіп қиын сөздердің мазмұнын анықтауға болады:

1. 3-сынып «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы «Жақсыдан үйрен», «Табиғат – менің өз үйім», «Асыл сөз», «Сарқылмас қазына», «Арналы бұлақ – асыл сөз» бөлімдері бойынша қиын сөздердің анықталған тізбесін жасап отырса, жұмыс нәтижелі болмақ [6].

2. Балалардың меңгеруіне қажетті қиын сөздердің мазмұны мен көлемін былай анықтап көрсетсек.

1 кесте – 3-сынып «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы «Жақсыдан үйрен» бөлімінде берілген мәтіндердегі қиын сөздер тізбесі

№	Мәтіннің атауы	Мәтіндегі қиын сөздер
1	Ұшқан ұя	тәуіп
2	Маймыл мен көзілдірік	мәжнүн
3	Ақыл мен Бақыт	көзайымына айналу
4	Аққөл жағасында	ныспы, ажырық, боғжама
5	Жігіттің жақсысы	шүйгін, дүниеқоңыз.
6	Кітаптар мұңы	түптеу, ұнжырғасы түсу
7	Нағыз адам	қуаң дала

2 кесте – 3-сынып «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы «Табиғат – менің өз үйім» бөлімінде берілген мәтіндердегі қиын сөздер тізбесі

№	Мәтіннің атауы	Мәтіндегі қиын сөздер
1	Ит пен мысық адамға қалай үйренді?	зауалын беретін
2	Наурыз туралы хикая	көженің нарқы
3	Жазғытұры	масатыдай, анталаса
4	Көктем қандай көрікті!	қасат қар
5	Аманат	баржа
6	Құстардың ұя салуы	шөпшек, бүрген, дөдеге

Оқу үдерісінің мазмұнын, оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін негізінен оқу тапсырмалары құрайтыны белгілі. Оқу тапсырмалары – жаттығу түрінде оқушыларға ұсынылатын, белгілі бір дидактикалық мақсатқа сай құрылатын оқу-әдістемелік кешеннің маңызды бөлшегі. Көп жағдайда сабақтың сапалылығы осы оқу тапсырмаларына байланысты. Жаттығулар мен тапсырмалар баланың «жақын аймақтағы даму» деңгейіне әсер етіп, дамытуға негізделеді. Қиын сөздерді меңгертудегі оқу тапсырмаларының төмендегідей түрлерін ұсынуға болады.

Қиын сөздерді синонимдер арқылы меңгерту тапсырмалары:

1-тапсырма: Берілген *«қанат»* сөзінің әр әрпіне мәндес сөздер ойлап тауып, жазыңдар.

Қ – қайратты, қажырлы т.б.

А – ақкөңіл, ақжарқын, адал т.б.

Н – намысшыл, намысқой

А – ақылды, аңғарымпаз

Т – тапқыр, талантты

2-тапсырма: «Зұлым» сөзіне мына сөздерден мәндес сөздерді іріктеп жаз.

Ақымақ, надан, жауыз, ақылды, әдемі.

3-тапсырма: Берілген мағынасы мәндес сөздердің біреуімен сөйлем құрап жаз:

(Қапырық, аңызақ, ыстық, жылы) жаз шықты.

Қиын сөздерді антонимдер арқылы меңгерту тапсырмалары:

1-тапсырма:

Мыны сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып жаз.

Оңтүстік − ...

Ылғал − ...

Бүкірейді − ...

2-тапсырма: Мына сөздерге қарсы мағыналы сөздерді тауып, сөз тіркесін құра.

Ирек, кішіпейіл, баяу.

Қиын сөзді омонимдер арқылы меңгерту тапсырмалары:

1-тапсырма. «Сүңгінің жарасы бітер, сөз жарасы бітпес», «Сүңгі салалы болса, қыс ұзақ болады» мақалын түсіндіріп көр. «Сүңгі» сөзінің мағынасын түсіндір.

2-тапсырма. Мына екі сөйлемдегі «түстік» сөзінің мағынасын қалай түсінесің?

Біз машинадан түстік. Қонақтар алыс жолдан келіп, «түстік» жеп аттанды.

Бастауыш мектеп оқушыларының қиын сөздерді меңгеруі үшін қиын сөздердің жаттығуларымен жұмыс жасауға дағдылану керек. Мысал ретінде, осы жерде бастауыш сыныпқа арналған қиын сөздер сөздігінен тек *«мәуе»* сөзімен жүргізілген жұмыстан үзінді бере кетсек.

Мәуе: Жеміс, жидек, миуа

Түбірлес сөздер: мәуелі, мәуеле

Тіркесу қабілеті: *мәуелі* ағаш, *мәуелі* жеміс

Сөйлем: Бауының *мәуесін* көрген бағбанның көңіл-күйі көтеріңкі («Қаз.әдеб»).

Мақал: *Мәуелі* ағаш майысқақ (мақал). Семген ағаш *мәуесін* бермейді, Қысыр сөзден ешкім пайда көрмейді (мақал).

Өлең: Балдырған, балғын балалар,
Мойнына қызыл байланған.
Майысып сұлу *мәуесі,*
Түрлерің гүлдей жайнаған (Жамбыл).

Миуасы піспей жасыл жас,
Ағаштың түсі ашылмас.
Ашылса қанық бояуы,
Қарасаң көңілің тояды (М.Әлімбаев) -

тәрізді тапсырмалар жүйесін немесе қиын сөздерді түрлі жағдаятта қолдана алу біліктіліктерін тексеру мақсатындағы тапсырмалар беруге болады, мысалы:

1) Ауылға биыл алғаш рет келген Данияр торы құлынды өзіне еншілеп алды. Күні бойы құлынының қасынан шықпайды. Бүгін қаладан телефон шалған анасына құлынды сипаттап бермекші болды. Бірақ Данияр құлынның ерекше белгілерін, түр-түсін, қасиетін сипаттап бере алмады. Балалар, Даниярға көмекке келейік.

2) Сәуле жолда келе жатып, сөмкесіндегі құрастырған әңгімесін түсіріп алады. Тек *баяғы, ұлтарақтай, мейірімді, қария, жұпыны* сөздері ғана сөмке түбінде қалады. Сәуленің құрастырған әңгімесінің қанша сөйлемнен, әрбір сөйлемінің қанша сөзден тұратындығын болжаммен айтып көр. Осы міндетті шешуде қандай сөздер саған қажет болды. Мәтінді калпына келтіру үшін Сәулемен әңгімелес.

Осы бағытта жүргізілетін сабақтарда ең алдымен мәтінде кездесетін киын сөздерді арнайы сөздіктермен жұмыс істеу аркылы түсіндіруден бастаған жөн. Сөздікпен жұмыс істеудің сөздік қорды байытуда қаншалықты маңызды, керекті екендігіне алғашқы сабақтан-ақ оқушының көзін жеткізу маңызды орын алады. Ол үшін сөздікпен жұмыс істеу әдістемесімен каруландыру кажеттілігі нактылана түседі.

Әдебиеттік оқу сабақтарында қиын сөздерді меңгертуде мынадай әдістерді жүйелеп, оларды түрлендіре, орын ауыстыра қолдануға болады: затты табиғи жағдайда бакылау немесе экскурсияға шығару, сөздің көп мағыналылығын түсіндіру тәсілі, сөздің морфологиялык құрамын талдап-түсіндіру тәсілі, сөзге логикалык аныктама беру, жаңа сөзді сөйлем ішінде колдану аркылы түсіндіру тәсілі, сипаттамалы аныктама беру әдісі, таныс емес ұғымды окушыларға таныс ұғыммен салыстырып түсіндіру, сурет бойынша жұмыс, кейбір сөзге этимологиялық талдау жасау. Қиын сөздерді меңгерту әдістерінің түрлері және оларды қолдану жолдары арқылы оқушының сөздігін байытып, үйренген сөзін өз сөйлеуінде пайдалануда тиімді және оңтайлы болатын оқытудың әдіс-тәсілдерін іріктей алуға және олардың өзін тұлғаны калыптастыру және дамыту кағидасына бейімдей түсуге ерекше көңіл бөлінуі тиіс деген ойды баса айтқымыз келеді.

Сонымен жоғарыда айтылған ғалымдардың ой-пікірлерін саралай келе, киын сөздерді меңгерту жұмысын ұйымдастырудың алғышарттары ретінде киын сөздерді меңгерту жұмыстарының Әдебиеттік оқу материалдарына негізделуі; сөздік жұмысын жүргізуде бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктерін, сондай-ақ жекелеген оқушылар лексиконының шамасын ескеру қажеттігі; қиын сөздерді тиімді меңгерту үшін түрлі жаттығулардың керектігі; қолданылатын амалдардың оқушылардың белсенді сөйлеу қызметін дамытуға бағытталу қажеттігі.

Осы пікірлерді жинақтай келгенде, бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын молайтып, тіл мәдениетін арттыратын, сөздерді ауызша және жазбаша орынды қолдана білуге үйрететін қиын сөздермен жұмыстың мәні мен маңызы мынадай: Әдебиеттік оқу сабактарында киын сөздерді меңгерту жұмысын жүргізу аркылы окушылардың коғамдык ортада еркін формадағы тілдік қатынасқа түсуіне, әлеуметтік ортаға енуіне ықпал етуге болады; қиын сөздерді меңгерту жұмысын жүргізу негізінде киын сөзді сөз тіркесі, сөйлем ішінде және өз сөйлеуінде қолдану білік, дағдысын қалыптастырып, ауызша, жазбаша еркін меңгеруіне мүмкіндік жасалады.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М Шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 228 б.

2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері / Пед. ғыл. докт. дисс. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1996. – 178 б.

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1982. – 395 б.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1982. – 664 б.

5. Сөздік жұмысын жүргізуде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу. // Ұлт тағылымы. – 2008. – №1. – Б. 127-129.

6. Тұрғынбаева Б.А., Муфтибекова З. Әдебиеттік оқу. 3-сынып. – Алматы: Алматыкітап, 2014. – 104 б.

Хабиева Д.Г.

Пути освоения сложных слов на уроках литературного чтения

В статье рассматриваются вопросы обучения казахскому языку, развития словарного запаса учеников начальных классов, в соответствии с нормами лексики.

Ключевые слова: Сложные слова, орфографические навыки, работа с текстом, логическое определение, описание, этимологический разбор.

Khabieva D.G.

Ways of developing of compound words at the literature's lesson

The article describes instruction of Kazakh language, vocabulary development with students at primary school in accordance with lexical norms.

Keywords: Compound words, orthographic skills, text work, logical definition, description, etymological analysis.

***

ӘОЖ 378

Исмагулова Ж.С. – аға оқытушысы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: ismagulova_zs@mail.ru

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа. *Мақалада жоғары мектеп оқытушысының кәсіби дамуын жүзеге асу жолдары қарастырылды. Оқытушылардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы мәселелер талданды.*

Тірек сөздер: *Кәсіби даярлық, инновациялық оқыту, кәсіби білім беру, кәсіби даму, маман.*

Қазақстандағы әлеуметтік-саяси және экономикалық даму жоғары білім беру мәселелеріне аса мән беруді, қазіргі жоғарғы білім беру жүйесін реформалауды талап етіп отыр. Реформалаудың маңызды аспектілерінің бірі – білім беруді кәсібилендіру, яғни оның барлық деңгейлерінде тұлғаны даярлауға құзыреттілік тұрғысынан келіп, білім берудің сапасын арттыруға бағытталуда.

Дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие тәжірибесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер жоғары білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып

саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, оқытушы іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Тәуелсіз ел болып, өз алдына дербес мемлекет алғанымыз үлкен жетістік. Ендігі жерде жас мемлекеттің әлем кеңістігінде өркениетті ел ретінде танымал болып, экономиканы өркендетіп, халықтың әлеуметтік жағдайын, білімі мен ғылымы, өнері мен мәдениетін байытып, халықтың әлеуметтік жағдайы дүние жүзі мемлекеттерімен теңесуі үшін ел мүддесі жолында аянбай тер төгіп, мағыналы да, маңызды жұмыстар атқару Республикамыздың әр азаматының парызы. Сондықтан бүгінгі таңда өмірдің жалғастырушысы ертеңгі болашағымыз ел мен жердің иесі жас ұрпақты лайықты тәрбиелеп өсіріп, сапалы білім беру қажеттілігі туындайды.

Білім беруді реформалау оның барлық қырларын қамтуы қажет – мазмұндық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, материалдық қамтамасыз ету және т.б. Мұндағы мақсат - білім берудің жалпы және кәсіби мәдениеттің әлемдік деңгейіне жету. Алайда бұл деңгейге жету үшін оқытудың әр кезеңіндегі уақыт пен игеруге қажетті ақпараттың көлемінің артуы арасындағы, сондай-ақ кәсіби даярлаудың бағыттарының көптүрлігі мен жоғары білім беру орындарының түлектерінің даярлығына үнемі артып отырған талаптар арасындағы, оқытудың дәстүрлі басым түрі мен ақпаратты беру мен игерудің ғылыми-техникалық жетістігінің деңгейі арасындағы қарама-қайшылықты жеңу арқылы қол жеткізуге болады. (Ю.К. Бабанский, В.А. Беликов, В.А. Извозчиков, Б.И. Коротяев, Г.Н. Сериков және т.б.). Сонымен бірге педагогика және жеке әдістеме аймағындағы зерттеулер білім беру үрдісін экстенсивті жетілдіру мүмкіндігі аяқталғанын атап өтуде (В.В. Кумарин және т.б.). Білім беруді қарқынды жолмен дамыту мүмкіндігі ақпарат пен заңдылықтардың дамуының жолдарын, оқыту мен тәрбиенің принциптерін үйлестірген инновациялық білім беру технологияларын іздеуде жатыр.

Екіншіден, инновациялық білім беру технологияларын жасаудың негізінде студенттер тұлғасының қызығушылығы болуы қажет, оның жеке ерекшеліктері, қабілеттері барынша толық ескерілуі тиіс. Бұл тұлғаға бағытталған тұрғының білім беру мәселесін шешуге бағытталған жетекші тұрғысы (В.Я. Ляудис, В.В. Сериков, И.С. Якиманская және т.б.). Жоғары білім алу тұлғаның өзін-өзі жүзеге асуын жағдай жасауды қамтамасыз етуі қажет.

Инновациялық оқыту білім алушыларда жобалау қызметіне қабілеттілікті, болашаққа өзіне және қоғамға жауапкершілік, өзінің кәсіби қабілеттілігіне сенім, сондай-ақ осы болашақты өзгертуге іс-әрекет түрінде бағытталған дамытушы өзара әрекетте білім алуға қабілеттілікті қалыптастырады [1, 296 б.]. Әр оқытушы өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, жоғары мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, оқытушы-студент арасындағы қарым-қатынас, жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Жоғары мектеп тәжірибесінде жаңаша жұмыс істеп жаңашыл технологияларды пайдаланып жүрген оқытушылар бар. Бірақ олардың пікірінше, жаңашыл әдіс-тәсілдерді іс жүзінде нәтижелі қолдану жолдарын, инновациялық үрдістерді бір жүйеге келтіріп, оның

педагогикалық негіздерін анықтау, оларды білім беруді дамытудың негізгі факторларына айналдыру меселелерін шешу қиындық тудырады [2, 29 б.].

Сондықтан келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде окытушылардың инновациялык іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалык негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі ғылым кәсіби даярлаудың әртүрлі аспектілерін де карастыруда, кәсіби білім берудің заңдылыктары, принциптері, формалары және әдістері (С.Я. Батышев, В.С. Безрукова, Л.М. Кустов, Ф.Н. Клюев, А.Н. Сергеев және т.б.), кәсіби-педагогикалық даярлаудың ерекшеліктері (С.И. Архангельский, И.Ф. Исаев, Н.М. Яковлева және т.б.) жан-жақты карастырылуда.

Бүгінгі таңда жаңа білім парадигмасы бірінші орынға студенттің білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Сондықтан да қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі студенттің тұлғалык дамуына бағытталған жаңа окыту технологияларының бірін шығаруға ұмтылуы [3, 83 б.].

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңінде мектепте білім беру жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырауда. Оған себеп:

- ақпараттық төхнологияның жедел дамуы;
- жаңа типті мектептердің пайда болуы;
- дарынды балалармен жұмыс істеу бағдарламасының дүниеге келуі;
-балаларды шет елдерде оқыту мүмкіндігі туды.

Әлеуметтік өзгерістердің кәсіптік білім жүйесіне ықпалы зор. Негізгі экономикалык өзгерістер жағдайында коғамның өмір тіршілігі тұтастығында және әрбір азаматтарды жеке алғанда терең де логикалы түрде кайта ұғынуды талап етеді. Барлық азаматтық позициялар, жеке тұлғаның құндылықтар ішінен кәсіпті бірінші орынға кою керек, себебі ол коғамның әрбір жүйесінің қоғамға тигізетін пайдасын анықтайды.

Бұл тығырыктан шығудың бірден-бір жолы оку-тәрбие үрдісінде инновациялык технологияларды, интерактивті әдіс-тәсілдерді енгізу, студенттердің білімге деген кызығушылык талпынысын арттырып, оқытушымен өзара әрекетте ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Осы мәселені шешу инновациялық іс-әрекетінің педагогикалық негіздерінің мәнін теориялык тұрғыдан ойластырып, меңгеріп, оқытушылардың бұл үрдісті ұйымдастыруға дайын болу шарттарын анықтауды қажет етеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың оқу кажеттіліктері накты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде максатты түрде білім беретін, калыптастыратын, дамытатын андрогогикалык процесс кажет. Баскаша айтканда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің кажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері аркылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдык іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялык, психологиялык, педагогикалык негіздерін, теориясы мен тәжірибесін

тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп М.Әуезов айтқандай, Қазақстандағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [7]. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Бүкіл адамзат қоғамының XXI ғасырдың алғы шебіне, яғни ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, жетілген жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі жоғары мектеп алдында тұрған негізгі міндет. Бұл үлкен іс баршамыз құрметпен, жанашырлықпен қараған жағдайда ғана іске асады.

Ақпараттық технология заманына білім беру жүйесінде жұмыс жасайтын оқытушыға қойылатын талаптар жөнінде не айтуға болады. Оқытушы бүгінгі күнде тәрбие мен оқу менеджері, коррдиаторы рөлін атқаруда. Оқытушы тұлғасы ЖОО-дағы орталық фигура, оған кәсіби дамытудың барысында студент тұлғасын дамыту стратегиялық рөлі берілген.

Оқытушы мен студент өзара әрекетінің зор мүмкіндігі терең психологиялық талдау пәні болған жоқ. Алайда озық педагогикалық тәжірибе оқу-тәрбие үрдісін тұлғааралық қатынасқа айналдыруда, яғни мұны өзара әрекетке, диалог, үрдіске қатысушы екі жақтың да тұлғааралық өсу кезеңі деп қарастырады. Кемеңгер ұстаздардың шәкірттерімен қарым-қатынасы да барлық кезеңде осылай құрылған.

Оқытушылар алдында студентті оқу әрекетінің субъектісі ретінде қалыптастыру жауапкершілікті психологиялық-педагогикалық міндеті тұр. Бұл алдымен оны жоспарлау білігіне, өз қызметін ұйымдастыру, толыққанды оқу, қарым-қатынас жасау іскерлігіне үйретуді қамтыйды. Мәселені осылай қою табысты оқуға қажетті оқу әрекетін, нақты оқу материалы бойынша орындау бағдарламасын және оларды қалыптастыру бойынша жаттығуларды анық ұйымдастыруды анықтауды талап етеді. Бұл жерде бірінші курстағы студенттердің бейімдену кезеңінің қиындықтарын ескере отырып, оқытушының өзі осы әрекеттерді үлгілі орындауды көрсетуі қажет. Оның

студенттің жаңа құндылық бағдарының, түрткісі мен жеке дара ерекшеліктеріне қалыптасуына әсері баға жетпейді.

Студентке әлеуметтік жетілген тұлға, ғылыми дүниетанымның тасымалдаушысы ретіндегі қарым-қатынас, дүниетанымды – адамның тек әлемге көзкарастарының жүйесі емес, сонымен катар оның өзінің әлемдегі орны туралы көзқарастарының жүйесі екенін ескеруді қамтыйды. Басқа сөзбен айтканда, студенттің дүниетанымының калыптасуы оның рефлексиясының дамуын, оның өзін іс-әрекеттің субъектісі ретінде түсінуі, белгілі бір қоғамдық құндылықтардың иесі, әлеуметтік пайдалы тұлға болуын білдіреді. Өз кезегінде оқытушының оқытуда диалогтылықты күшейтуді, педагогикалық қатынасты арнайы ұйымдастыруды, ЖОО оқу-тәрбие үрдісінде студенттерге өз көзқарастарын, мақсаттарын, өмірлік тұрғыларын қорғауға мүмкін жағдайларды жасау туралы ойлануды міндеттейді [3, 204 б.].

Жоғары оқу орнында окыту барысында еңбек, кәсіби іс-әрекеттің негізі қалыптасады. Оқуда игерілген білім, іскерлік, дағды енді оқу әрекетінің пәні сапасында емес, кәсіби әрекеттің құралы ретінде орын алады [6, 14 б.].

Егер педагогикалық процесс ең алдымен тұлғалардың өзара әрекеті деп санасақ, онда оның қажетті білім мен білікті білетін маман ғана емес, педагогтың негізгі әсер ету құралы оның өзінің тұлғасы екенін мойындауымыз керек. Оқытушының адамдық сапасы, өзіне және өзгелерге талапшылдығы оның қызметі мен кәсіби сапаларында шешуші рол атқарады.

Жоғары оқу орнындағы оқытушысының негізгі қызмет мазмұны – оқытушы, тәрбиелік, ұйымдастырушылық және зерттеушілік. Бұл қызметтер бірлікте қарастырылғанымен көптеген оқытушыларда олардың біреуі басқаларынан басым болып келеді. Әдетте ЖОО оқытушыларында педагогикалық пен ғылыми жұмыс үйлесімділікте жүреді. Зерттеушілік жұмыс оқытушының ішкі әлемін байытады, оның шығармашылық әлеуетін мүмкіндігін дамытады, ғылыми білік деңгейін жоғарылатады. Ал педагогикалық мақсат ақпаратты терең байытуға және жүйелеуге итермелейді, негізгі ой мен қорытындыларды шығаруға, нақтылайтын сұрақтар қоюға және жаңа болжамдар туындатады. Мұның классикалық мысалы: ғылымдар тарихынан Менделеевтің фундаментальды ғылыми жетістігі элементтердің жүйесін құрастыру принципін ашуы – ғалым педагогтың әдістемелік жұмысының жемісі.

Барлық жоғары оқу орындағы оқытушылардың педагогикалық қызметінің кәсібилігін педагогикалық міндеттерді көре және шыға білуінен, педагогикалық жағдаяттарды талдай отырып және оптимальды шешу тәсілін табуынан көреміз. Студенттермен жұмыста оқытушы шешетін көптүрлі жағдаяттарды педагогикалық алдын ала сипаттау мүмкін емес. Бұл әркез өзіндік және педагогикалық өзгеретін жаңа жағдайда шешім қабылдау. Сондықтан да педагогикалық қызметтің маңызды сипатының бірі оның шығармашылық сипаты. Педагогикалық шығармашылық даралығы оқытушы қызметінің жоғары сипаттамасы, ол басқа шығармашылық сияқты оның тұлғасымен тығыз байланысты.

«Егер бүгінгі күнде білім беруді қайта құруға кажеттілік ерекше зор болса, егер бұл кажеттілік дәстүрлі философиялык жүйенің негізгі идеяларын тез қайта карауды қажетсінсе, онда бұл бірінші орында әлеуметтік өмірдегі терең өзгерістерден болады, ол ғылымның прогрессімен, өнеркәсіптегі

революциямен және демократияның дамуымен қатар жүреді» деп Дж.Дьюи жазғандай ақпараттық технологиялық прогресс XXI ғасырдың ғылым мен техниканың қол жеткен ірі жетістіктерінің бастамасы болды [4, 299 б.]. Біз осы үшін заманымызға лайықты мамандар даярлауымыз қажет. Олардың білімі, жан-жақты ойлау мәдениеті жоғары болу тиіс. Осыған орай, жоғары мектеп реформасының негізгі бағыттары жастарға білім беру дәрежесін ғылыми-техникалық прогресс пен қазіргі өмірдің сипатына сейкестендіру міндетін алға қойды. Ендеше, адамдардың дүниетанымын кеңейтудің, олардың шығармашылық қабілеттері мен біліктіліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор деген сөз. Адамның шығармашылық қабілеті мен біліктілігін дамыту әркімнің барынша тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер береді.

Болашақта мамандығын әрбір маман материалдық, интеллектуалдық немесе эмоциональдық өнім өндіру арқылы басқаларға қызмет етеді. Бұл маманның маман емес кадрдан айырмашылығы, маман өз ісін сапалы жасайды. Ол бұған өзінің білімі арқылы дайындалған. Мамандар қазір білімнің жаңа көздеріне зәру. Жаңа білімге деген қажеттілік пайда болады, ол әлеуметтік өзгерістерге және жаңа жағдайдағы өзін-өзі билеуге байланысты.

Жаңа жағдай жаңа талаптарды алға жылжытпайды, әркім өзінше, өзінің жеке сеніміне ұстанымына, позициясына, мақсатына, ішкі мазмұнына, жеке қабілеттеріне қарай түсінеді. Ішкіні сыртымен салыстыру, олардың ара қатынасы мен ұмтылысын сәйкестікке келтіріп өзін-өзі билеуі қажет. Өзін-өзі билеуді ұстаным бойынша, яғни берілген жағдайдағы өзінің функциясы, өзінің кәсіптік тағайындалуы бойынша да жүзеге асыруға болады. Мұндай өзгерістерді түсіну мен терең талдаудың пайдасы зор және мынадай сұрақтарға жазып беруге болады: «Айналада не өзгереді?» «Ішкі дүниеде не өзгереді?», «Сыртқы жағдайға әсер ете аламын ба?», «Егер иә» болса, онда не өзгерте аламын, егер «жоқ», онда ішкі жағдайдан не өзгертуге болады? Бұл ойлаулар ішкі мен сыртқы жағдайдың сәйкессіздігін қысқартады. Егер бұл сәйкессіздіктер жойылмаса, ол өсе береді де, дау-жанжал, тіпті дағдарыс пайда болады. Бұл өзіңмен жүретін қиын жұмыс.

Білім беру қызметінің саяси жаңа қажеттіліктерге үн қоса отырып, менеджмент негізінде өз білімін көтеру технологиясы мен қызмет әдістемесіне және маманның жаңа жағдайға бейімделуіне мүмкіндік беретін барлық жағдайына елімізде өте зор көңіл бөлінуде.

Оқытушылардың қосымша білім алу жүйесіндегі мұндай тәсілдің маңыздылығы бұрынғыдан да өсе түсуде және оқу орнының сақталып қалуының критерийіне айналды.

Егер оқу орны өзінің кәсіптік ұстанымы тұрғысынан анықталса және әлеуметтік өзгерістер жағдайына бейімделуі бойынша сұраныс жасаушыларға қызмет етсе, онда жоғарғы оқу орындары оқытушыларының жұмысын жоғары шеберлікте құра алады және ересектердің білімі алуының жаңашыл технологиясын енгізеді. Кәсіптік білім берудегі жаңа тәсілдердің принциптік тұрғыдағы айырмашылығын, ұстаныммен қамтылған әдіснамалық құрылымынан іздеу (мақсат, құрал, әдіс) қажет.

Жоғары білім беру жүйесіндегі жоғарғы мәнділік пен дербестілік, оқытушылардың білім деңгейін көтеру - қосымша кәсіптік білім беру жүйесі білімнің жоғары құрлымын қамтып, түзету енгізуге, жоғары оқу орнының

жетіспейтіндерін түзету, өз білімін көтеру процесін үздіксіз жүргізуге бағытталады. Қазақстандағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «оқытушыларды даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың сапалы жүйесі құрылады. Әлемдік деңгейге қол жеткізу үшін педагогикалық мамандықтарда оқытуды менеджмент және педагогтер даярлау саласындағы үздік халықаралық стандарттар негізінде отандық және шетелдік мамандар жүргізеді» деп көрсетілген [7]. Оқу процесінің тиімділігі едәуір дәрежеде оның ұйымдастырылуына және оқытушылардың жүзеге асырылуына байланысты болады. Жоғарғы мектептің оқу мекемелерінің оқытушылық құрамын жоғары деңгейде әдіснамалық пен арнаулы дайындық бір жағынан, ал екінші жағынан педагогикалық біліммен ерекшеленеді. Әрбір оқытушының білімінде екі қыр бар, арнаулы және педагогикалық.

Жоғары білім берудегі оқытушылардың педагогикалық дайындығы мынадай негізгі компоненттерден тұрады:

- Педагогикалық қызметтегі оқытушының өзін-өзі билеу қызметі мен көлемі: менің қызметім мен орным қандай?
- Педагогикалық қызметтің критерийлері туралы педагогикалық білім: менің оқу процесіндегі әрекетім педагогикалық болып табыла ма?
- Педагогикалық қабілеттер білім беру процесі: қалай жүзеге асырамын, менің әдістерімді үйренушілер қаншалықты меңгереді.
- Оқу процесінің әрбір интервалында педагогикалық әрекеттерді талдау: не үшін, не, қалай, не шықты?

Педагогикалық қызметтің осы компоненттерін игеру оқытушыларда көбіне терең сезіну жағдайында жүзеге асады және педагогикалық тәжірибелерді оқып үйренуде көп энергия жұмсалады.

Педагогикалық білім жетілдіруге деген жауапкершілікті көзқарас әдіснамалық дайындықты (философия мен логика, әлеуметтану мен психологияны білу) педагогикалық білімдерді пайдалану (негізгі түсініктер мен категориялар, педагогиканың ғылым ретіндегі принциптері мен ережелері), педагогикалық технология меңгеру, мазмұнды меңгеру, таңдалған әдіс бойынша тыңдаушыға әсер ету, тезисті құрастыру, сұрақ қою, тақырыпқа кіріспе, қатынасты ұйымдастыру, өзіндік түсіндіру қабілеттерін дамыту, өз тәжірибенді үнемі талдау, ғылыми нормалар мен бағаларды салыстыру.

Осы күрделі процестен көптеген қиындықты мәселелер туындайды: қоршаған дүниенің көп қырлы сыртқы мазмұнын, сондай көпқырлы ішкі дүниеге қалай айналдыруға болады, өзінді дамыту үшін қалай тиімдірек білім алуға болады, өзіндік білім жетілдірудегі субьект обьектілікті қалай жүзеге асыруға болады, яғни өзіне педагог бола білу.

Қоршаған орта пайда болған мәселелерді, оның обьектісі және құралы бола отырып, шешуге көмектеседі. Адам осы құралдарды неғұрлым белсендірек іздеген сайын, соғұрлым оның өзіндік дамуындағы процесс табысты бола түседі. Бұл үшін қоғам мен мемлекет бағдарламалары арқылы ғылыми мекемелерде білім көтеруді, даму деңгейін арттыру үшін қажетті оқу орындарын құрылуда. Ол мұнда білімді, жан-жақты, педагогикалық жағынан сауатты, дамыған, тәрбиелі оқытумен кездеседі.

Сонымен, оқытушының өзін-өзі бейнелеуіндегі негізгі ұстаным: «мен жоғары оқу, білім беру, дамытудың жоғарғы деңгейін қамтушы құраммын, яғни,

білім беру, дәл осы үшін мен оқу мекемесіндемін, мен өзін-өзі жетілдіру жолынан өтуді таңдадым». Міне осы позицияны ұстап және педагогикалық процесс сапасы үшін жауапкершіліктерін: процестің өзгеруі, кабілеттіліктерін қажеттіліктер мен нормаларда дамытуға жауапкершілігін өз-өзіне жүктеген оқытушы ғана өз қызметінде жетістікке жетеді.

Әдебиеттер:

1. *Управление образовательными системами / Под. ред. Т.И. Шамова. – М.: Академия, 2005. – 320 с.*
2. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С.Полат. – М., 2001. – 272 с.*
3. *Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Оқулық / Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова. – М.: Логос; Алматы: TST-сотрапу, 2005. – 368 б.*
4. *Дьюи Дж. Демократия и образование / Пер. с англ. – М.: Педагогика Пресс, 2000. – 382 с.*
5. *Ляудис В.Я. Методика преподавания психологии: учеб. пособ. – М.: УМК «Психология», 2003. – 192 с.*
6. *Вербицкий А.А., Платонова Т.А. Формирование познавательной и профессиональной мотивации студентов // Научно-исследовательский институт высшей школы. Выпуск 3. – М., 1986. – 40 с.*
7. *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / 2016 жылдың 1 наурыздағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. – Астана, 2016. - http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205. Пайдаланған уақыты: 05.01.2017 ж.*

Исмагулова Ж.С.

Некоторые проблемы в деятельности преподователей высшей школы

В статье рассматриваются пути профессионального развития педагогогов высшей школы. Обсуждаются проблемы формирования профессиональной квалификации педагогов.

Ключевые слова: Профессиональный готовность, инновационный обучение, профессиональный образование, профессиональный развитие, специалист.

Ismagulova Z.S.

Some problems of the high school teacher

The article describes the describes the vays of realization of professional development of high school teachers, problems of teachers, problems of teacher training.

Keywords: Professional training, innovative teaching, innovative education, professional development, specialist.

***

ӘОЖ 81

Әбуханова А.Ғ. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: abukhanova_alma@mail.ru
Ағымедуллаева Н.Б. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: nazerke_04_92@mail.ru

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗООНИМДІК МЕТАФОРАЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ

Аңдатпа. *Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік метафораларды салыстырмалы зерттеу - адам танымы мен түсінігі жиынтығында метафораны түсінудің, әлемнің ұлттық бейнелерін вербалдауды зерттеудің маңызды бөлігі. Типологиялық тұрғыда әртүрлі екі тілдің зоонимдік метафораларын салыстырмалы зерттеу фраземалы деңгейде тіларалық ассиметрияны еңсеруге септігін тигізеді.*

Тірек сөздер: *Зоонимдік метафора, салғастырмалы зерттеу, халықтық таным, концепт, когнитивтік сипаты, зоонимдік метафоралардың ұлттық мәдени ерекшеліктері.*

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер сыры ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – метафоралар болғандықтан, әлем жұртшылығы XXI ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тілдің сөздік қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар.

Метафоралардың тіл білімінен ерекше орын алып, көптеген ғылыми зерттеулердің объектісі болуының себебі, біріншіден, олардың сан жағынан көптігі, екіншіден, тілдегі қолданыс аясының кеңдігі, үшіншіден, мазмұн-тақырып жағынан ауқымдылығы және төртіншіден, тіл практикасында жиі кездесуі.Метафоралар сонымен қатар барша рухани өмірдің байлығын жан-жақты сипаттауда да ерекше қызмет атқарады [1].

Бүгінгі таңда адамзат тарихының шексіз өрлеп, кемелденген заманында, мәдениет пен өнер, саясат пен тіл салаларында халықаралық қатынастың дамып, жанданған уақытында салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі өзекті де көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Тілдерді салыстыра –салғастыра зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге жол ашады. Осындай зерттеулер мәдениетаралық

қатынастың төрінен орын алып, халықтардың бір-бірімен түсінісу барысын жүзеге асыруға кеңінен ат салысады.

Еліміз егемендік алып, әлемдік өркениет биігіне ұмтылып отырған заманда, жоғары дамыған Еуропа елдерімен саяси, экономикалық, мәдениаралық қарым-қатынастың дамып отырған уақытында – қазақ тілін Еуропаның беделді тілдерінің бірі ағылшын тілімен салғастыра зерттеу – баға жетпес құнды дүние.

Бірі түркі, бірі герман тілдері тобына жататын қазақ және ағылшын, қазақ және неміс тілдерінің тілдік, ұлттық мәдени ерекшеліктерін түрлі тілдік бірліктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер бойынан тауып, олардың бір-біріне ұқсастық немесе бір-бірінен айырмашылық дәрежесін анықтауға, ұлттық нақышты тереңірек түсінуге талпынған ғылыми еңбектер баршылық, дегенмен шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес. Осындай негізгі мәселелердің біріне қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік метафораларды қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары мен ұстанымдары негізінде салыстыра-салғастыра зерттеу жатады.

Тіл бірліктерін «этнос (адам) – тіл – мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажет [2].

Тарихи даму барысында кейбір фраземалардың ішкі формасы қандай да бір себептермен жойылуы, жоғалуы да мүмкін. Мағыналық пен бейнеліктің жаңаруы қайта жасалу үрдісін қарсы қоюға болады. Ол фраземалардың ішкі формасы мен экспресивтілігін жаңартуға себепші болады. Зоонимдік метафоралардың бойында сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жеткен қоғамдық тәжірибенің, халықтық рухтық және материалдық мәдениеттің көріністері сақталып бейнеленген.

Нақтырақ айтатын болсақ, адамдық фактордың тілде көрініс табуының түрлі қырлары ұсынылған лингвистикалық зерттеулердің заманауи антропологиялық парадигмасында адамды бейнелі ұқсастықтың түрлері негізінде сипаттайтын метафоралық үлгілерге көңіл аудару заңды саналады [3].

Метафоралық номинациялардың жиі кездесетін үлгілерінің бірі болып зооморфтық метафора саналады, оның когнитивтік қайнар көзі болып жануардың адамға ауыстырылған «бейнесі» саналады. Мұндай метафоралар этномәдени таңбалануға ие, салыстырмалы негіздегі зерттеулерге қатысты жоғары қызығушылық осымен айқындалады.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі зоонимдік метафоралардың алатын орны өте қызықты да ауқымды мәселе. Зоонимдік метафоралар әлемнің күнделікті тілдік бейнесіндегі үлгі-образ болып табылады. Олар адам мен жануарлардың қасиеттерінің ұқсастығын сипаттауға негізделген. Халықтың тұрмыс тәжірибесі тұрғысынан алғанда белгілі бір жануардың басым қасиеттері адамның мінез-құлық атауына сәйкес аталады. Сондықтан «жануарлар» метафоралары тізбесін белгілі бір тілдегі мәдениеттің үлгісі немесе символы

ретінде қарастыруға болады. Метафоралық дүние бейнесінің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және өзгертуі процесінде қалыптасатын дүниені бейнелі, көрнекі етіп көруі және тануы жатады. Зоонимдік метафоралар көбінесе адамдардың күнделікті тұрмыстық қарым-қатынасы аясындағы дүние бейнесін түзеді, сондықтан ол бейне қарабайыр тұрпатта болып келеді.

Жан-жануарлар атаулары биология, зоология оқулықтарында, сөздіктерде кездескенімен екі тілді салғастыра танымдық тұрғыдан талдап, зерттеген арнайы ғылыми еңбектер жетерлік деп айта алмаймыз. Сондықтан, зоонимдік метафораларды жеке зерттеу нысаны етіп ала отырып, халықтың сол бір тіршілік иелері туралы таным-түсінігі мен психологиялық көзқарасын анықтау, халықтың соларға берген сипаттамасын, теңеуін, өзге дүниені танытуда салыстыра қолдануын, адамның мінез-құлқы мен қимыл-қозғалысын әсірелеп танытуда зоонимдік компоненті бар мақал–мәтелдер мен тіркестерді зерттеу тіл біліміндегі өзекті мәселе саналады.

Зоонимдік метафораларды зерттеудің ұлттың тұрмыс – тіршілігін, болмысын, табиғатын танып білудегі маңызы ерекше. Зоокомпоненті бар кез келген тұрақты теңеулердің жасалуында белгілі бір қалыптасқан жүйелі логикалық ой болады. Аталған мәселенің ғылыми зерттеу нысаны болуының себебі, олардың қолданыс аясының кеңдігі, мазмұн жағынан ауқымдылығы және тіл тәжірибесінде жиі қолданылуы болып табылады.

Зооморфтық метафора аталмыш пән аясындағы бірліктердің тақырыптық мүшеленуінің когнитивті негіздерін (Т.И. Вендина, О.В. Дубкова, Г.М. Левина, Л.Ф. Моисеева, О.А. Рыжкина, Д.С. Сетаров, Ц.Ц. Огдонова және т.б.), олардың предикативті-сипаттаушы табиғатын, сөздік қолданыстағы метафоралық номинациялардың семантикалық құрамдастарын өзектендіру шарттарын (М.И. Черемсина), номинация теориясы позициясы тұрғысынан зоонимдердің метафоралық ауысымдардың динамикасын (Э.В. Васильева, Э.А. Кацитадзе) анықтау мақсатында түрлі еуропа тілдері материалында белсенді зерттелді. Алайда бүгінгі күнге дейін мәдени негіздегі зооморфтық метафораларды толықтай, жүйелі салыстырмалы сипаттайтын, сонымен бірге этномәдени айырмашылықтарды анықтау үшін маңызды саналатын туыс емес (тип жағынан түрлі) тілдердің материалдарын жұмылдыратын сипаттау жоқ.

Метафораның коннотативті-бағалау әлеуетін анықтау оның мағыналық толуы үшін, оның ішінде метафоралық номинацияның негізінде орналасқан бейнелі аналогияны анықтау үшін маңызды саналады. Метафораның лингвомәдени талдауының маңызды элементі болып тұрақты салыстыруларды белгілейтін сөздіктерге көңіл аудару, халықтың ділі бейнеленген тұрақты тіркестер қоры және халықтық афористика саналады [4].

Белгіленген әдістердің әрқайсысын ескере отырып, метафораны салыстырмалы негізде талдау үшін мәдени әдісті нәтижелі санаймыз, себебі мұндай салыстырудың фокусында дәл осы этномәдени специфика номинативті бірліктердің бейнелі таңбасы саналады.

Аталмыш жұмыстың жаңашылдығы ғылыми талдауға жұмылдырылмаған тілдік материалды салыстырмалы зерттеумен (қазақ және ағылшын тілдеріндегі зооморфтық метафора) айқындалады. Зооморфтық метафоралардың аталмыш тілдері үшін базалық саналатын спецификалық

және универсалды таңбалық мағыналар анықталған, – олардың когнитивті және мәдени негіздерін ескере отырып, антропоориентацияланған бағалаушы параметрлердің шәкілі бойынша зооморфтық метафоралардың оппозитивті және синонимдік қатарлары айқындалған.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы адамды сипаттайтын зооморфтық метафораға катысты салыстырмалы зерттеулердегі мәдени бағыттың жасақтамасымен айқындалады. Зооморфтық метафораларды салыстырылып отырған тілдерде пайдалану нәтижесінде анықталған тенденциялар әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық спецификасы жөнінде (оның ішінде адамның мінезі, сырт келбеті мен жүрісін сипаттайтын фрагменттерге қатысты) білімді тереңдетуге көмек береді.Салыстырылып отырған тілдердегі әлемнің тілдік бейнесінің сәйкесінше бөліктерін үлгілеу кезінде адамның бағалау сипаттамасын айқындау үшін пайдаланылатын зооморфтық метафораларды типтік салыстыру.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі тапсырмаларды орындау кажет:

1. Метафора-зооморфизмдерді «адам» концептін тілдік репрезентациялау әдісі ретінде карастыру (адамның сипаттамаларының белгілі параметрлеріне сай келетін мәдени маңызды зооморфтық метафоралардың жиынтығын анықтау).

2. Жануар бейнесімен салыстыру арқылы адамды сипаттайтын сөздердің ауыспалы мағынасын талдау.

3. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зооморфтық номинациялардың нәтижелі үлгілерін анықтау («адамзат әлемі» мен «жануар әлемі» детонативті әлемдерін бейнелі идентификациясының нақты бағыттарын жалпылау арқылы).

Адамды сипаттайтын зооморфтық метафоралардың талдауы негізінде әлемнің тілдік бейнесіндегі казак және ағылшын халыктарының әмбебап және спецификалық мағыналарын анықталды.Ағылшындардың танымында жағымсыз құпияны сипаттау үшін ұйықтап жатқан иттің образы алынса (**a sleeping dog**), ал қауіп – қатер үндемей жатқан итпен (**a silent dog**) ассоциацияланады. Бұл жерде **let sleeping dog lie** тәрізді накыл казак тіліндегі **тыныш жатқан жыланның құйрығын баспа** деген мақалмен, **beware of a silent dog & still water** нақылы қазақ тіліндегі **үндемегеннен үйдей бәле шығады** тәрізді көзқараспен астарласады. Ал, үріп жатқан иттің (**barking dog**) образы, керісінше көңілдегі қорқынышты сейілтеді: barking dogs seldom bite (сөзбе – сөз: үріп жаткан ит анда – санда тістейді).

Help a lame dog over a stile (сөзбе – сөз: аксак итке кедергіден шығуға көмектесу) тұракты тіркесі біреуге киыншылыкта, басына іс түскенде көмек беру, біреуді қиыншылықтан алып шығу мағынасында қолданылады. Бұл жерде киыншылыкка ұшыраған адамның образы аксак итпен (a lame dog) астарласкан.

'To fight like Kilkenny cats' (Килкени мысықтарындай айқасу) – өлімге бас тігіп кыркысу деген мағынада колданылатын фразеологизмнің калыптасуына XVII ғасырда Kilkenny және Irishtown қалалары арасындағы қантөгістің аяғы екі қаланың да кирап бітуіне акелген тарихи уақиға негіз болған.

Ал, қазақ халқы **«итті жетті қазынаның бірі»** ретінде қасиет тұтқан, әрбір түтіні түтеген үйдің досы ретінде қадір санаған. Сонымен катар, итті он екі мүшел жылдың біріне кіргізген. Дей тұрғанмен, халкымыз итті жағымсыз эмоциямен де ассоциациялайды. Қазақтардың тілдік қауымдастығында

біреуді қатты жек көргенде иттің образы алынатыны белгілі. Оған: **иттің етінен жек көру, иттің баласы, иттен туған, ит адам, ит жыны келу** т.б. мысал бола алады. Сондай-ақ, біреудің тұнығын лайлап, адалын арамдап жүрген тоғышар адамдар сүтке тиген ұры итпен ассоциацияланады. Мінезі нашар адамның прототиптік образы ретінде ит алынып, ит мінезді аталса, әлсізге әлімжеттік қылатын адам туралы да ит (таз) ашуын тырнадан алады дейді. Сол сияқты, бет – аузын, басын, шашын қайта–қайта сипап, сәнденіп әлекке түсетін сәнқойлардың қылығы жарасын жалаған итпен салыстырылады. Ал, өзінің мықты тірегіне, күшті туыстарына сеніп, шүйкедей бойына қарамай, түйедей адамдарға жұдырық жұмсайтын оспадар мінезді, шолақ ақылды тентек адамның қылық – әрекеті түйеге жармасқан иттің әрекетімен ассоциацияланады. Оған қоса, **итке тұмар жараспас** деп оны келемеждеп де отырған [5].

Жалпы, адамзат баласының үй тірлігінде, күнделікті тұрмыс әрекетінде ит пен мысық қатар қолданылып, зооморты метафораларда да қатар орын тапқан. Мысықтың өмірде қандайда бір жағымсыз, ойсыз әрекеттерге барарда көз жұма қарап ұрынып жататын кездердің кездесетіні қаншалықты шындық болса, ұрының тамағын тойдыруды ғана мақсат тұтатындығын, ессіз хайуанның марғау тірлігін халық қалт жібермей жағымсыз мәнде қолданатынын **the cat shuts its eyes when stealing cream** деген мақал арқылы көрсеткен. Яғни, мысық қаймақ ұрлағанда, көзін жұмады. Бұл мақал өз қателігі мен кінәсіне көз жұма қарайтын адамдардың әрекетін сипаттау үшін ағылшындардың оларды мысықпен ассоциацияланайтынын көрсетеді.

Арам пиғылды, тілеуі жаман қара ниет адам қазақтардың танымында **қара мысықпен** ассоциацияланады. Осыған байланысты тілімізде **мысық тілеу** тіркесі қолданылады.Мысықтың тышқан аулаудан басқа жұмысы жоқ. Тілімізде жағымды эмоционалдық реңк беретін тұрақты тіркестің болмауы осыған байланысты болуы керек. Мәселен, **мысық көмбе қылық (мінез), мысық қылығы** тіркестері көңірсітіп, бықсытып жүрер, пыш – пыш әңгімесі бар, сасық қылығы бар кісі туралы әңгіме болғанда қолданылады.Мысықтың жағымсыздықпен астарласатыны **алдынды мысық кесіп өтсе, жолың болмайды; қара мысық қарғыс** деген наным – сенімдерден де көрінеді.

Ағылшын тілінде де мысық лексемасының мазмұнында да жағымсыздық бар. Оған жоғарыда келтірілген тіркестермен мазмұндас көзқарастар дәлел: **let the cat out of the bag** (сөзбе – сөз: мысықты қаптан шығару). Сырты бүтін, іші түтін адамдар туралы ағылшындар **singe cat** дейді [6].

Мысық зоонимінің жағымды коннотациямен айқындалатын метафоралық қолданыстарда да кездесе алатынын **bell the cat** тіркесінен көреміз. Ол қауіпті жерлерде немесе қауіпті істе өз басына жауапкершілікті алып кінәні өз мойнына арқалайтын адамдар жайлы айтылған. Мысалы: "We did not know who would put him this delicate question when my friend offered to bell the cat".

Ағылшындардың танымында құпия, сыр мысықтың образымен сипатталады: **a cat in the meal** (құпия, сыр), **the cat is out of the bag** (құпия бәріне мәлім болды).

Ал, **есек** ұғымына тоқталатын болсақ, екі тілде де есек зоонимі топастықпен, жағымсыздықпен астарласады. Ағылшын тіліндегі **to act the ass**

(ерсі қылықтар жасау), **never bray at an ass** (ақылсыз адаммен байланыспаған жөн) деген жағымсыз мәндегі көзқарастар бар. Жалпы, ағылшындардың өміріне бір сәт үңілсек, олар есекке қатысты метафораларды күнделікті өмірде көп қолданады екен. Тіпті, жұмыстан емес бизнесте істері алға баспай қалған жағдайда"Ohhhh it's an ass work" (есекжұмыс) дейді. Сондай – ақ, жақтырмаған адамын балағаттағанда да осы бір жануардың атын атайды екен.

Қазақ тілінде есек ақымақтықпен, топастықпен қатар, жуастық (есектен де жуас), аңқаулық (**зәңгі есек**) мағынасында жиірек қолданылады.

Есекті ессіз десе, айлакерлік тұсында қолданылатын **түлкі мен** жауыздық ұғымында қолданылатын **бөрі** атауына тереңірек үңіліп көрейік. Екі ұлттың танымында қулық, айлакерлік түлкімен ассоциацияланады. Оған қазақ тіліндегі **айлалы түлкі алдырмас, бұлаңдаған қу түлкі, түлкі бұлаң** т.б. нақылдар мысал бола алады.

Ал, **бөрі** зоонимінің мазмұнында түрлі ассоциациялық образдар жатыр: бөрі баласы бөркіне салсаң да ит болмас; бөрі арығын білдірмес – сыртқа жүнін қампайтар; "**бөрі жоқ деме – бөрік астында**,"**жау жоқ деме – жар астында**" т.б. мысалдар дәлел бола алады.

Қасқыр өмірде жағымсыздықпен, жауыздықпен астарласқанмен, кейде бірге туған ағайындылардың араздасуын дұрыс көрмеген халқымыз: "**Қасқыр да ұяласына қастық жасамаған**", - деп тұқыртып отырған.

Қазақ халқы бөрі мен түлкі арқылы адамдық қасиеттердің біріз бөлігін сипаттай берсе, ағылшындар тіпті сары ауыз балапанды да сөздік қорларында кеңінен қолданады екен.Өмірден көргені аз, әлі тәжірибе жинақтай қоймаған жас адам жайлы айтқанда, ағылшындар **spring chicken** тіркесін қолданады [7].

Кез келген тілдің қомақты бөлігін құрайтын зоонимдік метафоралар ұлт санасында сақталған ұлттық мәдени ақпаратты, оның құндылығын анықтауға мүмкіндік береді. Олар лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің қарым – қатынас ерекшеліктерін танытатын коммуникациялық кеңістіктегі маңызды бірлік болып табылады. Сол себепті, зоонимдік метафоралардың мазмұнындағы ақпараттарды – ұлт танымының тілдік таңбасы, ал прототиптік образдарды нысандар арасындағы логикалық байланыс нәтижесінің тілдік көрінісі деп есептеуге болады.

Тілі, ділі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарасы әр түрлі ағылшын және қазақ халықтарының зоонимдік метафораларын жан-жақты, құрылым, аялық білім, жалғаса туындаған ауыспалы мағына, концепт, лингвомәдени тұрғысынан зерттеу нәтижесінде тіл-тілге тән ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер т.б. жөнінде бірқатар жаңа мағлұматтарға қол жеткізілді.

Ағылшын және қазақ тілдері зоонимдік метафораларды тақырыптық тұрғыдан топтастырғанда теңеу образы ретінде келетін екі тілдегі атаулардың кездесу жиілігі мен арақатынасында айырмашылықтар бары анықталды.

Зоонимдік метафоралардың ұлттық белгісі олардың мағыналық ерекшеліктерінен айқын көрініс табады, себебі кез келген халықтың бүкіл мәдени және психологиялық күрделі кешенін оның қайталанбас ойлау тәсілін жинақтайды. Бұл әр тілдің түрлі бейнелерге сүйенетіндігімен, мағынасы ортақ болғанымен, негізінде жатқан бейненің әр тілде өзіндік бояуы болуымен анықталады. Дегенмен екі тілге ортақ бейнелерге ие зоонимдік метафоралардың кездесетіні байқалады. Бұл құбылыс қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымдағы кейбір түсінік ұқсастығын дәлелдейді.

Ағылшын және казак халкының тұрмыс – тіршілігі, тәлім–тәрбиесі, наным–сенімі мен өмір тәжірибесі әр түрлі болғандықтан, ақиқат дүниенің бөлігі болып табылатын дүниенің тілдік бейнесінде өзгешіліктер болатындығына көз жеткіздік.Сонымен катар, зоонимдік метафоралар, зоофразеологизмдер мен зоонимдік компоненті бар макал–мәтелдерге талдау жасау дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттык сипатты ашуға мүмкіндік береді.Зоонимдік метафоралар, зоофразеологизмдер мен мақал–мәтелдердегі дүние бейнесінде адамды бағалау мен сипаттау құбылыстары образды-экспрессивтік, субъективтік бағалау арқылы жүзеге асатын болғандықпан, олардың дүниенің тілдік бейнесін сомдауда атқаратын маңызы ерекше.

Түрлі ұлт өкілінің өзіндік дүниетанымы, яғни ақиқат дүниені түсінуі, оны бағалауының принциптері, білімдері мен ақпараттарының негізінде пайда болған көзкарастары мен құндылыктарының әр алуан болатыны белгілі. Сондықтан, жұмыста тілдік ұжым мүшелерінің бітім – болмысын, мінез – құлкын, олар өмір сүретін табиғи ортасы мен тұрмыс – тіршілігінің ерекшеліктерін тілдік бірліктердің мазмұнынан іздей отырып, тіл этномәдени ұжымның тарихи, саяси дамуымен, салт – дәстүрімен, танымдық – тағылымдык құндылыктар жүйесімен, рухани және заттык мәдениетінің жәдігерлерімен тығыз байланыста зерделенді, ондағы адам факторы мәселесіне аса мән берілді. Зерттеу барысында түйген тұжырымдар мен қорытындылар мысалдармен нақтыланды.

Мәдениет адами қарым – қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық әлеуметтік тетігі болғандыктан, зоонимдік метафоралардың мазмұнындағы аксиологиялык ерекшеліктерді аныктау лингвомәдени кауымдастык өкілдерінің санасына тереңірек үңілуге әсер етеді.

Зоонимдік метафоралар астарындағы танымдык акпараттар лингвомәдени кауымдастык мүшелерінің ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарастырылады.Олай болатын себебі, дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық болмыс, төл мәдениет төңірегіндегі ерекшеліктер танымдық ақпараттар мен аялык білімдер мазмұнында эксплицитті не имплицитті түрде көрініс табады.

Әдебиеттер:

1. *Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 205 б.*
2. *Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1987. – 265 б.*
3. *Зайсанбаева Г.Ж. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде) / Филол. ғылымд. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2004. – 136 б.*
4. *Сыбанбаева А.С. Қазақ тіліндегі концептуалдық метафоралардың қызметі / Филол. ғылымд. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1999. – 130 б.*
5. *Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. – 560 б.*
6. *Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – М., 1984. – 944 с.*
7. *Франк В.Ю. Орысша-қазақша-ағылшынша пәндік тақырыптық сөздік. – Алматы, 2004. – 200 б.*

Абуханова А.Г., Агымедуллаева Н.Б.

Когнитивные свойства зоонимных метафор английского и казахского языков

Сопоставительное исследование зооморфных метафор в казахском и английском языках– важная часть осмысления метафоры в совокупности с

познанием и сознанием человека, изучения вербализации национальных картин мира. Сопоставительное исследование зооморфных метафор двух типологически разных языков способствует преодолению межъязыковой асимметрии на фраземном уровне.

Ключевые слова: Зоонимическая метафора, сопоставительное исследование, народное познание, концепт, когнитивное описание, национально-культурные особенности зоонимических метафор.

Abukhanova A.G., Agymedullayeva N.B.

Cognitive features of zoonymic metaphors in English and Kazakh languages

Comparative research of zoomorphic metaphors in the Kazakh and English languages is a part and parcel of understanding metaphors along with the cognition and human consciousness and study of verbalization of national world pictures. Comparative research of zoomorphic metaphors of two typologically different languages helps to overcome the asymmetry at the phrasemic level.

Keywords: Zoo metaphors, comparative analysis, cognition, concept, cognitive features, national and cultural character of zoo metaphors.

***

ӘОЖ 81`367

Дәрменқұлова Р.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Әлімтаева Л.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Әміров Ә.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
E-mail: abdibek71@mail.ru

КӨПТІК ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗ ҚАТЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЖҰМСАЛУЫНДАҒЫ НОРМА

Аңдатпа. *Мақалада қазақ тіліндегі көптік жалғаулы сөз қатысқан сөз тіркестердің жұмсалу ерекшеліктері мен нормалық сипаты қарастырылған. Соған орай осы сөз тіркестердің жұмсалуы норма тұрғысынан талданып, тілімізде орнықты сипат ала бастаған тіркестерге мысалдар беріліп, дәлелдер келтірілген. Тақырыпқа байланысты талдауларда қазақ тіл біліміндегі, түркологиядағы зерттеулердің нәтижелерін, фактілерін дәйекті қатыстырып, көптік жалғаулы сөз қатысқан сөз тіркестердің жұмсалуындағы ерекшеліктері айтылады.*

Сөз тіркесі жүйесінде көптік жалғаулы сөздің тіркес жасауы да белгілі бір нормаға бағынады. Кейбір жағдайларда сақталуға тиісті заңдылықтың орнымен жұмсалмауы кездесіп жатады. Бұл сан есіммен келетін тіркестер мен түбір тұлғада тұрып көптік ұғымды білдіретін сөздердің көптік жалғауын жалғап жұмсалуынан көрінеді. Осыған қатысты және тіркесу заңдылығына байланысты мақалада біршама пікірлер беріледі. Сондай-ақ, көптік жалғаулы сөз қатысқан сөз тіркестерін құрауда болатын ауытқулар мен түрлі өзгерістер сөз тіркестерінің жұмсалымынан көрінетіндігі сөз болады.

Тірек сөздер*: Сөз тіркесі, көптік жалғау, түркі тілдері, заңдылық, сан есім, тілдік ерекшелік, сын есім, тіл білімі, әдеби тіл нормасы.*

Қазақ тілінде көптік жалғаудың қолданылу аясы кең. Басқа тілдермен, әсіресе, орыс тілімен салыстырғанда қазақ тіліндегі көптік ұғымдардың

берілуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл *-лар,-лер* қосымшасы зат есімдерге, есімдіктерге, субстантивтенетін (зат есім кызметін аткаратын) өзге де сөз таптарына және етістіктің жіктелетін формаларының екінші жактарына косылып, көптік мағынаны білдіретін негізгі морфологиялык форма ретінде қызмет етеді [1, 42 б.].

Зат есімдер **жеке** және **көпше** түрде жұмсалады. Яғни жекелік және көптік ұғымдары алдымен зат есімдерге тән. Сол сияқты есімдер және есім сөздермен тіркестіре айтылатын етістіктер де дәл осы категориямен түрленеді. Түркі (казак) тілдерінде де сан категориясының жекеше және көпше түрі бар. Жекенің өзі дербес, өз алдына категория. Бірақ жекеше түрдің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ. Бұл категорияның аталмыш екі түрінен бөлек *екілік* (двойственное число) дейтін түрі де кездеседі, ол санскрит, ежелгі орыс тілдерінде ғана бар.

А.Ысқақов өз еңбегінде көптік категориясы мен көптік жалғауы туралы ұғым-түсініктің бір еместігін айтады. Көптік жалғау деген тақырыппен көптік жалғауын категорияға жаткызғанымен, категорияға беріліп жүрген анықтамаларға сәйкестігі анықталмайды. Көптіктің барлық грамматикалық ерекшеліктері тек жекелікпен салыстыра қарастырғанда ашылады [1, 42 б.].

Ғалымдар көптік жалғауының көп жағдайда көптік мәннен гөрі стильдік мән үстейтіндігіне арнайы тоқталады. Мысалы, *Құдайларыңды ұмытқан екенсіңдер* (мұнда *құдай* жалқы есім, бірнеше құдай емес); *Әбдірахмандар есік алдында тұр дегенде* (*Әбдірахман* жалқы есім, Әбдірахман көп емес) оның жалғыз емес, қасында басқа да адамдар барын білдіріп тұрғанын айтады. Немесе көптік жалғауы:

1.Негізгі көптік мағынасына қоса сан есімге, үстеуге жалғанып, жалпы мөлшерді, болжаулық мағынаны білдіреді: *жасы отыздарда, алпыстарға келіп қалған, алдағы күндері барып қалар, бұрынырақтарда болған*, т.б.

2.Абстракті есімдерге жалғанып салмақ, көлем, мөлшерлік мағынаны да білдіреді: о*йлар, мұңдар,* т.б.

3.Заттың бірнеше адамға ортақтығын білдіреді: *астарыңды алыңдар, шайларыңды ішіңдер*, т.б.

Қазіргі тілімізде көптік мағынаны білдіретін негізгі морфологиялық форма *-лар,-лер* қосымшасының грамматикалық қызметі жағынан семантикалык мағынасы мен стилистикалык рөлі ерекше көрінеді.

Синтаксистік құрылымдарда көптік жалғаудың жұмсалуы белгілі бір нормаға бағынады. Заттың атауын білдіретін сөздердің алдында оның қанша екендігін көрсететін *сан есімдер* болса, сондай-ақ *көп, аз, бірнеше, бірталай, қыруар* сияқты сөздер зат есімдерден бұрын анықтауыш болып тұрса, тіркесетін сөздерге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы:

1. Үй сыртына *бірнеше атты кісі* дүсірлетіп кеп, шапшаң түсіп аттарын тез байлап жатыр (М. Әуезов).

2. Жалғыз серке *көп қойды* бастап өріске беттеді (Ғ.Мұстафин).

3. Ауылдың *қыруар қойы* да олқы жататын шеңбері кішігірім көлдей мол қотанның тау жақ шетінде… (Х.Есенжанов).

4. Көпкісі көрінеді (М.Мағауин).

Ал кейбір жағдайда бұл заңдылық сақтала бермейді. Көптік жалғауы жалғанған кезде көптік ұғымында емес, қосымша рең жамап, әр түрлі мағынаны білдіру үшін жұмсалады. Мәселен, *көп* сөзіне тіркескен зат есімдер

бірде көптік жалғауынсыз, кейде көптік формада жұмсалады. Ол *көп* сөзінің контексте жұмсалу мағынасына сәйкес болуы мүмкін.

Егер *куп* болса, яғни «көп» онда формалды көптік жалғау жалғанбайды: *куп кеше (көп кісі*). Егер *куп,* яғни «көп нәрсе» немесе «көптеген» болса, онда көптік жалғау жалғанады [2, 219 б.]. Мысалы: *Куп кешелэр*быныбелмэйзэр. (Көптегенадамдар оны білмейді).

Енді мына мысалдарға назар аударайық:

1. Абай әкесімен бірге Қарқаралыда тұрғалы ***көп күндер*** болды (М.Әуезов).

2. Биылғы жыл, әсіресе соңғы ***көп күндер*** ішінде Абай балалықтың қызу ермегінен, қызығынан шеттеп салқындап қапты (М.Әуезов).

3. Әжесі әуелде ***көп-көп ертектер*** айтқан (М.Әуезов).

4. ***Көп күндер*** көпті істейді, көпті істемек.

Адамзаттың ақылы күнде үстемек (С. Торайғыров).

Близкому другу, соратнику, врачу Жумагали Тлеулину, заключенному в тюрьму, посвятил М.Жумабаев стихотворение «..Га». В первые годы советской власти Ж.Тлеулин был директором педагогического техникума в Петропавловске. Подвергался сталинским репрессиям. Расстрелян в феврале 1938 года.

Стихотворение «…ға/…Га», подобно пушкинскому «Чаадаеву», посвящено герою-узнику, сумевшему зажечьмногих мечтой о свободе. Но *«в сеть судьбы попав»*, оказался он, «*роняя праведную кровь, обнимая милый прах чужой земли*», в тюрьме. Автор пытается поддержать дух узника, напоминая ему, что именно он в суровый час «*Сол жолда қайғы жұтқан бізді көрдің,/Бауырдай бірге туған қолың бердің./.../ Тіледің таза жүрек, ақ көңілмен/ Болсын деп баяғыдай жүзің жарқын.... // руку свою подал,/И сердечным сочувствием своим/От печали в дни разлуки избавлял»…/ «Утешал душевной нежностью своей»* [20, с. 53; 21, с. 76].Темные, страшные дни заточения узника поэт пытается осветить добрыми воспоминаниями, помогая другу не впасть духом.

«*В горести и боли»,* когда *«душу гнёт тюрьма»,* поэту помогают воспоминания о Газизе-сестрице, которая «*с думою о брате молится сама*». Стихотворение «Ғазизаға/Сестре Газизе» написано М.Жумабаевым, в октябре 1917 года в тюрьме г.Омска. Жумабаевым рассказывается о страданиях собственной души, но при мысли увидеть родного человека, Газизу-сестрицу, поэта осеняет мысль упереться «*Сені көріп төбем көкке тигендей,//макушкой прямо в небеса,/* «*Тәңірі жазса, сарғаймаспын, шығармын,// выйтиз неволи, если даст Господь*» [20, с. 106; 21, с. 146-147 / *Перевод С.Мнацаканяна*].

Страдания, мучения, невыносимую тоску вдали от близких, родных выразил находящийся в заключении Магжан Жумабаев в стихотворении «Ботамды көрдім түсімде/Верблюжонка видел я во сне» (1931): *Ботамды көрдім түсімде/Атасын боздап сағынған.// Верблюжонка моего во сне я видел – /Безутешно по отцу в ночи рыдал он. //Апасы құшып еркесін,/ Көзінен меруерт ағызған. // Мать изнеженную дочку обнимала,/А из глаз катились слёзы жемчугами…/Не терзайте мое сердце! Разве мало/Из-за вас страдал я, разлученный с вами?* [20, с. 178; 21, с. 239 / *Перевод Т.Васильченко*]. «Верблюжонок» является не только любимым домашним животным заключенного, но это еще символ всего родного, любимого, который вместе со слезами соскучившейся по брату сестренки усиливают передачу чувств мучений, тоски.

Все мысли*«прикованы к краю железной тюрьмы»*, – пишет поэт в стихотворении «Түс/Сон», когда днем солнца не видит, «*а ночью луны./По эту сторону мертвой стены».* Лирический герой-узник наполовину как бы мертв, не ощущает полноценной жизни: *Жарты өлік, толық өмір сүрмеймін* [20, с. 112].

В стихотворении «Ай/Луна» мысли героя, как и автора, перекликаются с суждениями А.Камю о пребывании индивида в состоянии абсурда в прошлом и в настоящем. Только выход из создавшейся абсурдной ситуации герой Жумабаева видит не в смерти, а в помощи от Всевышнего.

Абсурд, попрание всякой свободы, по Жумабаеву, могут наступить тогда, *когда кровавая река/И землю залила, и облака/И бесы человека полонили.* (Стихотворение «Свобода»).Такое может случиться, если «*не стало в мире доброты*», забыты Коран и Евангелие, а человек пьянеет при виде крови, *«Терял рассудок, забывал о Боге»…// Обман, вражда царили, и росло/Во всем своем великолепье Зло.* Но человек *как тварь земная*, даже тот, *кто слезы лил еще вчера, получив свободу,* способен забыть цену свободы, принимается за прежние дела, *И сразу в сердце правда умерла,/А ложь, напротив, распахнула крылья./И реки крови с четырех сторон/Мир захлестнули, и повсюду стон,/Убийства, распри, грабежи, насилье./Их толпы – тех, чей кровожаден взгляд…/И крикам «Ведьма!» не было конца,/И все тонуло в хрюканье и визге.* В итоге исчезает *Чистота…* По Жумабаеву, абсурд на земле создается самим человеком [21, с. 105 / *Перевод Л. Степановой*].

Абсурдность жизни и Ахматова, и Жумабаев видят в том, что земля забирает людей в свое лоно. У Ахматовой: *«Любит, кровушку/ Русская земля»;* «*А Смоленская нынче именинница…*»; у М.Жумабаева:*Снова дразнит судьба и играет людьми,/Чтоб сырая земля распахнулась дверьми,/Ненасытна она, и скрипят ее зуб,/А в остывших глазах не осталось любви. (*«И жизнь, и смерть – судьба моя») [21, с. 113 / *Перевод С.Мнацаканяна*].

Приглашение смерти как выход из абсурдной ситуации, когда *Изнемог, иссякли силы/…Обескрылело сердце-птица,/Не поется ему, не летится,/Не зовет его больше высь* – звучит в стихотворении «И меня ты, смерть, убаюкай» М.Жумабаева [21, с. 77 / *Перевод Л. Степановой*]. Все произведение построено на антитезе, которое способствует созданию картины постоянных смен жизни и смерти: *туманные речи далеко-далече –*

кто-то умер и зарыт; в кружевах листвы шелестящей,/ березка вдруг рухнула головою, /Плачет ветер над нею, неживою…; джигит, врагов разивший на скаку – лежит теперь, успокоен. / Буйным ветром оплакан воин…/Путник мечтал…– Путник лежит – бездыханным…; Слаще меда напевы девы – …Захлебнулась печалью горькой…; Ангел чистый, младенец милый…–… ягненок уснул навеки… Отчаявшееся сердце поэта при абсурдной жизни, лишении свободы, устало, и поэт просит смерть придти за ним.

Мотив жизни и смерти звучит и в стихотворении «Берниязу», посвященному памяти талантливого поэта, который покончил собой 23 февраля 1923 года. Был редактором книги М.Жумабаева [21, с. 193. / *Перевод А.Парщикова*]. Магжан Жумабаев считает, что *Жизнь и смерть – два полюса бескрайних,…/Жизнь и смерть в борьбе непримиримы./Только песнь роднит их, только стих,/Надо, прежде чем сразиться с ними, /Петь, созвучьем связывая их.*

В дни мучительного одиночества, страданий в заключении, в дни преследования М.Жумабаев не озлобился, не поддался слабости. Его, как и Ахматову, посещали минуты отчаяния и появлялось желание смерти, но, в отличие от русского поэта, у Жумабаева по результатам наших исследований ни разу не говорится о страхе. Лирических героев Ахматовой и Жумабаева, оказавшихся в тюрьме или испытавших абсурдность жизненных ситуаций, помимо желания смерти как выхода из ситуации, роднит их глубочайшая вера во Всевышнего, только у казахского поэта присутствует еще и обращенность к духам предков – аруахам, периште. Героиня Ахматовой, кроме страха как естественной психологической реакции, проявляет желание «снова научиться жить».

Как у Камю, у Ахматовой, у Жумабаева лирический герой, оказавшись в тюремном заключении, пытается бунтовать, протестовать. В поэзии Жумабаева слышится голос надежды, веры в свою живую душу, веру в свет: *Я изнемог от темных дум – /Болит душа, и дней не счесть, / Когда я погибал от скорби…/А все-таки надежда есть.//И потому душа жива…(«Живу снова»)* [21, с. 190/ *Перевод С.Мнацаканяна*].

Итак, в ходе исследования нами выяснено, что репрессированный поэт М.Жумабаевоставил потомкам блестящее по наполненности описание внутреннего состояния узника, попытавшегося воспарить над абсурдностью существования в неволе.

Литература:

1. Гончаренко В.В., Шингарёва Е.А.Фреймы для распознавания смысла текста. – http://www.dissercat.com/content/fenomen-absurda-v-dramaturgicheskikh-tekstakh-raznoyazychnykh-kultur-kogniolingvisticheskii-#ixzz4UllVN7li. Дата обращения: 05.12.2016 г.

2. Яковенко Н.Э.Когнитивно-прагматический подход к пониманию текста / Автореф. дис. на канд. филол. наук. – http://www.dissercat.com/content/fenomen-absurda-v-dramaturgicheskikh-tekstakh-raznoyazychnykh-kultur-kogniolingvisticheskii-#ixzz4UlmJeg4R. Дата обращения: 05.12.2016 г.

3. Карасик В.И. Языковые ключи. – Волгоград: Парадигма, 2007. – 520 с.

4. Бабаева Е., Успенский Ф. Грамматика абсурда и абсурд грамматики // «Русский авангард в кругу европейской культуры»: Тезисы и материалы Межд. Конференции. – http://www.dissercat.com/content/fenomen-absurda-v-

dramaturgicheskikh-tekstakh-raznoyazychnykh-kultur-kogniolingvisticheskii-#ixzz4Uln18F5I. Дата обращения: 07.12.2016 г.

5. Заболоцкий Н. Торжество земледелия. Поэма // Антология. Ванна Архимеда: Сборник. – Л.: Худож.лит., 1991. – 496 с.

6. Ахматова А.А. Узнают голос мой…: Стихотворения. Поэмы. Проза. Образ поэта. – М.: Педагогика-Пресс, 1995. – 544 с.

7. Гревцев М.С. Феномен абсурда в драматургических текстах разноязычных культур: когниолингвистический аспект. – dissercat.com. Дата обращения: 08.12.2016 г.

8. Циммерлинг А. Логика парадокса и элементы абсурдистской эстетики // Материалы Международной конференции «Абсурд и славянская культура» в Цюрихе в 2001 году.– М , 2004. – С. 151-158.

9. Жирмунский В.М. Анна Ахматова. – Л., 1975. – 184 с.

10. Виноградов В. В. О поэзии Анны Ахматовой // Поэтика русской литературы: избранные труды. –М , 1976. – С. 369- 459.

11. Эйхенбаум Б. М. Анна Ахматова: опыт анализа // О поэзии. – М , 1969. – С. 82.

12. Чуковская Л К. Записки об Анне Ахматовой. Т. 1. – Paris, 1984. – 123 с.

13. Савельева Е.К. А.А. Ахматова в художественной рецепции отечественной и англо-американской литературной критики и литературоведения. – http://www.dissercat.com/content/aa-akhmatova-v-khudozhestvennoi-retseptsii-otechestvennoi-i-anglo-amerikanskoi-literaturnoi-#ixzz2jlmHrdKB. Дата обращения: 08.12.2016 г.

14. Словари и энциклопедии на Академике. – dic.academic.ru. Дата обращения: 08.12.2016 г.

15. История русской литературы XX века в 2 частях. / Под ред. В.В. Агеносова. – М.: Дрофа, 2007. – С. 308-309.

16. Камю А. Миф о Сизифе // Бунтующий человек. – М : Изд-во политической литературы, 1990. – С. 24-100.

17. Норин А.В. Философия абсурда Альбера Камю в свете теории этногенеза Л.Н.Гумилева // Материалы международной конференции «Учение Л.Н.Гумилева и современность», посвященной 90-летию Л.Н.Гумилева. Т. 2. – СПб. – С. 24-29.

18. Жетписбаева Б.А. Образные мира Магжана Жумабаева: Монография. – Алматы: Нур-пресс. – 2008. – 156 с.

19. Аймаутов Ж. О поэтическом творчестве Магжана // «Лениншіл жас» «Ленинская смена». – 1925. – №5.

20. Жұмабаев Мағжан. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 с.

21. Жумабаев М Пророк. Стихи, поэмы, рассказ. Перевод с казахского. / Комментарии Б.Канапьянова. – Астана: Аударма, 2010. – 368 с.

Умарова Г.С., Бактыгалиева Ж.А.

А.Ахматова мен М. Жұмабаев поэзиясындағы ешбір қисынға сыймайтын жағдайдағы «қамау» феномені (салыстырмалы зерттеу)

Мақалада А.Ахматова мен М.Жұмабаев поэзиясындағы ешбір қисынға сыймайтын жағдайдағы қамау көріністерінің ерекшеліктерін зерттеу, сонымен қатар белгілі бір жүйе ретінде ұлттық мәдениет пен жеке өмірге көзқарас көрсетілген; және көркем мәтіндердегі «абсурд» ұғымы анықталған.

Тірек сөздер: «Қамауға алу» феномені,ешбір қисынға сыймайтын жағдай, ешбір қисынға сыймайтын жағдайды сомдау поэтикасы, ақындық дәстүрді сақтамау.

Umarova G.S., BaktygalievaZh.A.

Phenomenon of «arrest» as a situation of absurdity is in thepoetry of A.Akhmatova and M.Zhumabaev (comparable analysis)

The article is devoted to the peculiarities of reflecting the arrest as absurd situations in the poetry of A.Akhmatova and M.Zhumabayev based on the presence of national culture and individual perception of the world as sign systems; and the concept of "the absurd," in fiction.

Keywords: The phenomenon of arrest, the situation of the absurd, the poetics of the absurd, a violation of the poetic tradition.

***

ӘОЖ 821. 512. 122. 09: 398

Алпысбаева Қ.Б. – филология ғылымдарының кандидаты,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
жетекші ғылыми қызметкері
E-mail: alpysbaeva-k@mail.ru

«ҚАРАҚЫПШАҚ ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЭПОСЫНЫҢ СЮЖЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТЕКСТОЛОГИЯСЫ)

Аңдатпа. *Ұлттық фольклорымыздың бай мазмұнды жанрларының бірі – батырлар жыры. Солардың ішінен «Қобыланды» жырына тоқталар болсақ, ол – қазақ халқының ерте замандардан жеткен аса көркем батырлық жырларының бірі. Жырдың негізгі идеясы – ел бірлігін сақтаудан туған. Сондықтан да жырда ел бірлігін көздеген, әр рудың арасында татулық болуын мақсат еткен адамдар іс-әрекеттері ардақталады.*

Жырдағы бас кейіпкер – Қобыланды. Жыршылар оны ел бірлігін сақтауда, елге қамқор болуда жасаған ерлігін мадақтап, ел-жұртын сүйген шын батыр ретінде суреттейді.

Еңбегіміздің зерттеу нысанасы ретінде «Қобыланды» эпосының сюжеттік ерекшеліктері (текстология) талданады

Тірек сөздер: *Фольклор, жыршы, жинаушы, нұсқа, жыр, текстология, басылым, батырлық жыр, тұпнұсқа.*

«Қобыланды батыр» – қазақ сахарасында кең тараған және халықтың сүйсініп тыңдайтын жырының бірі.

Бұл – негізгі идеясы халықтың ел қорғау, ертедегі ру тәуелсіздігі үшін күресу тілегінен туған және осы жолда асқан ерлік жасаған ер-азаматтардың батырлық істерін жырлауды нысана еткен жыр.

«Қобыланды батыр» жыры да басқа жырлар секілді өзінің қалыптасу, даму барысында көптеген өзгерістерге ұшырап біздің заманымызға жеткен мұра.

Алғашқы ұсақ нұсқаларынан бастап, бертін келе көлемді жырға айналған «Қобыланды батыр» ел арасына ауызша тараған. Қазіргі күнде жырдың ел арасына тараған отызға жуық нұсқасы бар. Жырдың әртүрлі нұсқаларын: Марабай, Мергенбай, Біржан Толымбаев, Нүрпейіс Байғанин, Айса Байтабынов, Мұрын жырау Сеңгірбаев, Көшелек Елеманов, Шапай Қалмағанбетов, Құлзақ Аманкелдіұлы т.б. жыршы-ақындар жырлап ел арасына таратқан. Бұл жыршылардың қайсысы болса да «Қобыланды батырды» өзінше жырлап, бір-бірін қайталамауға тырысқан. Жырдың ұтымды тұстарына тыңнан сюжет енгізіп отырған.

Ал жырдың айтушылары мен нұсқаларының мол болуы бұл жырдың халық арасына мейлінше мол тарағанын көрсетеді.

Аталған эпостың кейбір үзінділері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап баспа бетінде жариялана бастады. Жырдың бір нұсқасын 1860 жылдары атақты Марабай ақыннан жазып алған және оның үзіндісін алғаш рет баспа бетіне шығарған – көрнекті қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин.

Ол жырдағы Қобыланды батырдың даңқты тұлпары Тайбурыл аттың шабысын суреттейтін үзіндісін «Киргизская хрестоматия» (1879) атты кітабының бірінші бөліміне енгізген.

Бұған дейін Академик В.В. Радлов Тобыл бойындағы татарлардан жазып алған Қобыланды жайындағы бір қысқа өлеңді өзінің «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деп аталатын еңбегінің 4-томында (1872) жариялағаны мәлім.

Жырдың әртүрлі нұсқаларынан алынған үзінділер «Дала уәлаяты» (1899), «Түркестанские ведомости» (1899), «Тургайская газета» (1901) газеттерінде және Орынбор мұрағат комиссиясының еңбектерінде (1910) басылды.

Ал жырдың бұрынғы Қостанай уезі, Қарабалық болысының жыршы-ақыны Біржан Толымбайұлы орындаған бір нұсқасын Махмұдсұлтан Тұяқбаев 1914 жылы Қазанда бастырып шығарды. Мұны «Қобыланды батырдың» көлемдісі, толығы деп санауға болады. Онда Қобыландының туғанынан басталып, қартайғанға дейінгі ерлік өмірі жырланады.

Кеңес дәуірі кезінде «Қобыланды батыр» жырының бірнеше нұсқасы жарық көреді. Жырдың Марабай нұсқасын Ә.Диваев 1922 жылы жеке кітапша етіп Ташкенде бастырады. Кейіннен ол 1932, 1939 жылдары «Батырлар жыры» атты жинақта жарияланады.

Сондай-ақ Кеңес дәуірі кезінде «Қобыланды батыр» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды.

Осы жыр нұсқаларының ішінде ең көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Марабай – Мергенбай нұсқасы болып саналады.

Қазан төңкерісіне дейін В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә.Бөкейханов [1]; П.А. Фалевтер [2] «Қобыланды батыр» жыры жөнінде пікір айтып, жырдың халық әдебиетінде ерекше орын алатынын көрсеткен.

Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа Қырым татарлары, Қарақалпақ, Ноғай халықтарының ауыз әдебиетінде де сақталған.

«Қобыланды батыр» жырының басқа қандай халықтарда кездесетіні туралы алғаш XX ғасырдың басында П.А. Фалев айтқан болатын. Ол 1916 жылы 28 қаңтарда Петрборда Орыс археология қоғамының шығыс бөлімінің мәжілісінде «Қопланды батыр» жыры туралы баяндама жасайды.

«Докладчик сообщил в русском переводе предание о Копланды, записанное им среди ногайцев Ставропольской губернии. Сравнив это предание с двумя записсанными В.В. Радловым отрывками (у сибирских и крымских татар), он заметил, что все три варианта отличны друг от друга и по содержанию и по стилю. Сибирский вариант в стихотворной форме. Копланды называется кара-кыпчакским богатырем, как он назван и в былинах об Едигее. По содержанию сибирский вариант совподает с песнями в преданиях об Едигее, Тохтамыше и Нур-ед-Дине [3, 11 б.].

Бұл мәжіліске Н.И. Веселовский, Б.Я. Владимиров, А.И. Иванов, Н.Я. Марр, В.Минорский қатысқан. Олар П.А. Фалевті тыңдап, талқылап, өздерінің құнды пікірлерін білдірген.

«Н.И. Веселовский говорит, что в предании о Копыланды он видит изложение нескольких отдельных рассказов, обьединенных личностью героя. Такое искусственное сочетание особенно чувствуется в повествовании о подвигах Копланды, в собственных интересах с одной стороны и в пользу друзей с другой. Что же касается стихов вошедших в поэму о Копыланды из поэмы об Едигее, то это явление довольно обычнное: удачные стихи запоминаются очень успешно и применяются к разным героям. То же замечается и в наших былинах. Например, описываются доспехи Дюка Степановича при его выезде на подвиги и потом то же описание доспехов применению и к Михаилу Казаринову (сборник Кирши Данилова») [3].

Бұл сөздерден П.А.Фалевтің жырдың үш нұсқасын салыстыра зерттегенін аңғарамыз. Ставрополь ноғайларының «Қопыланды батыры» және кезінде В.В.Радлов жазып алған сібір және қырым татарларындағы жыр үзінділері. П.А.Фалевтің айтуынша өзі қараған үш нұсқаның біраз айырмашылықтары болған. Назар аударатын жәйт жырдың Сібір нұсқасы өлеңмен айтылады дағы және ондағы Қобыланды – Қара қыпшақ. Соған қарағанда, бұл нұсқа қазақтағы «Қобыланды батыр» болуы мүмкін. Өйткені осы кезде «Қобыланды батыр» жырының баспа бетінде жарияланған толық бір-ақ нұсқасы, яғни 1914 жылы Махмұтсұлтан Тұяқбаев бастырған Біржан Толымбаев нұсқасы ғана белгілі болатын.

Ал, В.В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен, живущи в Оюжной Сибири и Дзунгарской степи» (СПб., 1870. Вып. 3.) деп аталатын жинаққа енген қара сөзбен жазылған қысқа ғана аңыз-әңгіме. Аңыз-әңгіме «Қопыланды» деп аталғанымен жыр мазмұнына ұқсамайды.

Қалай болғанда да «Қобыланды батыр» жырына сол кездің өзінде орыс ғалымдарының көңіл аударуы және бірнеше халыққа ортақ мұра ретінде бағалауының өзі маңызды жәйт еді.

«Қобыланды батыр» жырына қарақалпақ жұрты өзінің төл жырындай бауыр басқан. Қарақалпақта жырдың Есемұрат Нұрабылаев, Қарам Нағымов жырау, Арзымбет жырау, Дәулетмұрат жырау, Жәнібек Асқаров т.б. нұсқалары кездеседі. Осы нұсқалардың ішінде қарақалпақ елінде ең көп тарағаны, көлемдісі, сюжеті толығы – Есмұрат Нұрабылаев жырлаған «Қобылан» жыры. Ал қарақалпақтың «Қобыланы» мен қазақтың «Қобыланды батыр» жыры бір-біріне көп жағдайда ұқсас. Көлемі жағынан үлкені де, шеберлік жағынан кемелі де осы екеуі болып келеді.

Қарақалпақ халқының «Қобылан» жырында қазақтың «Қобыланды батыр» эпосының байырғы желісі барынша сақталған. Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті шығармадағы мотивтер тізбегі де ұқсас болып келеді. Мысалы: Қыдырбайдың картайған шағына дейін баласыз болуы; ата-анасының құдайдан бала тілеп, дала кезуі; тілектерінің қабыл болуы; Қобылан ержетіп, көрші елдегі Көклан кемпірдің қызы Құртқаға үйленуі; Құртқаның батырға торы тұлпарды күтіп өсіруі; жауды жеңіп, елін азат етуі т.б.

«Қобыланды батыр» жырының қазақ нұсқасын қарақалпақтың «Қобылан жырымен салыстырғанда, жоғарыда айтылған ұқсастықтарымен

қатар төмендегідей айырмашылықтары бар екенін байқадық. Олар: бәйгеге Ақшаханның атын мініп шабатын хан жігіті Полатжанға байланысты көріністер және Дәу кемпірдің Қыз палуан атанған батыр қызына қатысты әңгімелер. Мұнда жау жағының батыры жаңа келген жас батырдың асқан ерлігіне, батырлығына, адамгершілік қасиеттеріне риза болып, өз ханынан, елінен безіп жас батырға «адал дос» болып кетуі және өмірінің соңына дейін антын бұзбай, берік сақтауы. Міне, Полатжан да Қобыланға адал дос болып, Ақшахан оны өлтірмекші болғанда, достығынан безбеуі, кейін оның қарындасы Хансұлуға үйленуі, Қобылан оны Ақшаханның орнына хан сайлауы сияқты көріністер.

Қыз палуан оқиғасы «Қобыланды батыр» жырының ешбір вариантында кездеспейді. "Қобылан" эпосында Дәу кемпірдің қызы Қыз палуанның күші Қобыланнан да, Ер Сайымнан да басым, ол Қобыландыны жеңіп, Ер Сайымды өлтіреді. Қыз палуанға тек Қобыландының батыры Мырза Сайымның күші жететін болып суреттеледі.

«Қобыланды батыр» көлемді және сюжеті толық эпос ретінде қазақ, қарақалпақ халықтарынан басқа халықтарда кездеспейді. Ал, кезінде В.В. Радлов сібір және қырым татарларынан жазып алған «Қобыланды батырға» ұқсас делінетін шығармалар көбінесе аңыз-әңгіме түрінде және сюжет желісі жағынан да сөз етіліп отырған жырлардан алшақ болып келеді.

Ал қазақ және қарақалпақ халықтарының фольклорлық мұрасы «Қобыланды батыр» жырында аса мол да қызғылықты ұқсастықтар бар екенін көреміз. Жалпы эпикалық «туыстық» жағынан қарақалпақтар қазаққа түркі тілдес халықтардың көбінен жақын тұрады. Мұны екі халыққа ортақ сюжеттер мен мотивтердің құрамы да дәлелдей алады. Мұндай фактілердің көбін белгілі қарақалпақ ғалымының зерттеулерін оқығанда неғұрлым айқын сезінеміз [4]. «Қобыланды батыр» жырының барлық нұсқаларында Қобыландының шыққан тегі қара-қыпшақ болып суреттеледі.

Осы екі халық нұсқасын салыстыра зерттеу нәтижесінде, аталған екі жырдың түбірі бір бастаудан таралғанын аңғарамыз.

Қарақалпақ пен қазақ ауыз әдебиетінің ұқсастықтарының бір себебі ғасырлар бойында халықтарымыздың арасында тарихи-мәдени байланыстың үзілмеуінен деп білеміз. Тілі, салты жақын ағайын халықтар өкілдерінің бір-бірін аудармасыз-ақ түсінетін болуы жалпы мәдени байланыстың ұдайы үзілмей келуіне мүмкіндік жасаған.

Қарақалпақ жыршылары «Қобыланды» жырын жырлағанда өз ұлтына тән фольклорлық дәстүрді, поэтикалық шеберлігін, өз халқының өміріне әсер еткен, тарихында із қалдырған жағдайларды қоса отырып, өзіндік төл туынды жасаған деп ойлаймыз.

Ал ноғай халқының «Копланлы бетир» жырына тоқталар болсақ, бұл шығарманың қысқаша мазмұны төмендегідей болып келеді:

Алшағыр ханның тұсында Қобыланды деген батыр болған. Ол өзі тұрған жерінде сыйлы, ешкімге бас имеген батыр болып ешбір би-мырзалардан қаймықпаған. Хан, билерден зәбір көрген адамдарды қорғап жүрген. Мұны көрген Алшағыр Қобыландының көзін жоюды ұйғарып, Аққағитқа Қобыландыны өлтіріңдер деген мазмұнда хат жазып, батырдың өзінен беріп жібереді. Хатты әкелген Қобыланды батыр сол жерде қолға түсіп, қапасқа қамалады. Мұны естіген Қобыландының жары Қарлығаш

арбашылардан ішіне егеу салып пісірген нан беріп жібереді. Қобыланды қамаудан қашып шықса, атты жоқ болып шығады. Ол бір ауылға келіп Құртқадан сол ауылдың ханының жылқысына бір ат қосылғанын біледі. Қобыланды өзінің күрең атын танып, мініп алып қашады. Содан Алшағырдан өшін алу үшін Барақ ханнан әскер сұрайды. Ол көмек бермеген соң, ноғайлының Мамай атты мырзасына бармақ болып жолға шығады. Жолда Арнауыт атты албастымен алысып, оны өлтіріп, Мамай мырзасына жетеді. Сол кезде Қызылбастың Қазан атты ханы келіп ноғайдың Сырлы қаласы мен Құмлы қаласын басып алды деген хабар жетеді. Мұны естіген Қобыланды Күрең атына мініп, қырық күн жүретін Сырлы қалаға бір сағатта жетеді. Сөйтіп Қобыланды ноғайлының жерінен Қызылбас әскерін қуып шығып, Сырлы қаласы мен Құмлы қаласын босатып, Мамай мырзаның қолында тұрып жатқанда, Көбікті шабуыл жасайды. Қобыланды Көбікті ханды өлтіреді. Одан соң Алшағырдан кек алуға аттанады. Алшағырдың Қарлығашты алғалы жатқанын естиді. Үйіне келген Қобыландыны Қарлығаш арқасындағы қалын көріп таниды, Алшағырдың көрсеткен қорлығын айтып береді. Қобыланды Алшағырды жеңіп, халқын зұлымдықтан босататып, шешесі Құртқамен табысады. Бір кезде Алшағырдың орнына қалған Ноғай мырзасы мен Қырым ханымен бәстесіп шатраш ойынын ойнап, Қырым ханы жеңілсе, қызын ноғай мырзасына бермек болады. Ал егер Қырым ханы жеңсе ноғай мырзасы Тоқмақ деген суыдың бойын беруі керек. Қырым ханы жеңіліп, уәдесінде тұрмайды. Ноғай мырза көп әскермен келіп, ханның қызын алып қашады. Қырым ханы әскерімен келіп ноғай мырзасын өлтіріп, жылқыларын айдап кетеді. Сонда ноғай мырзалары әскер жинап, жылқыларын қайтарып кек алмақшы болады. Осы кезде Қараман Қобыландыны бірге алып кетпекші болады. Қобыланды Қарлығаштың сөзін тыңдап, Қараманға ермей қалады. Қараманның «қатын тілін алдың» деген сөзіне намыстанған Қобыланды Қырым ханның әскерінің соңынан кетіп, сол соғыста қаза табады [5].

Қарлығаш Қобыландыны жоқтап тұрғанда, ноғай елін басып қалмақтар келеді. Енді дұшпаннан кек алу үшін Қарлығаш шашын қысқартып, үйде қалған Қобыландының сауытын киіп, соғысқа аттанады. Бұл нұсқада да бас қаhарманы Қарақыпшақ Қобыланды.

Бұл нұсқаның Қобыландының тууы, кімнің баласы, балалық шағы, Қарлығашқа үйлену, шешесінің есімі Құртқа болып келуі, Қарлығаштың қалмақ шабуылына аттануы т.б. айырмашылықтары болғанымен негізгі сюжет желісі қазақтардың Қобыланды жайындағы белгілі жырлармен ұқсас. Оның себебінің бірі ертеде қазақ пен ноғайдың бір мемлекеттік бірлестікте, орайлас тұрмыс-салт кешкендігінде болу керек.

«Қобыланды батыр» жыры туралы зерттеу жұмыстары Кеңестік дәуірде кеңінен жүргізілді. Бұл орайда М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, А.С. Орлов, В.М.Жирмунский, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ә.Қоңыратбаев, И.Сағитов, Р.Бердібаев, О.Нұрмағанбетова, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбаев сынды көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

«Қобыланды батыр» жырының барлық нұсқаларын идеясы мен эпостағы оқиғалардың дамуы жағынан салыстыра зерттеу барысында, оны екі тақырыпқа бөлуге болатынын байқадық. Біріншісі, Қыпышақ Қобыланды

бастаған батырлардың шетелдік жау қызылбастарға қарсы жүргізген ерлік күресі (Марабай, Мергенбай, Біржан, Құлызақ, Е.Нұрабылов, Ноғай т.б нұсқалары) суреттелсе, екіншісінде Қобыланды батырдың (Мұрын, Нүрпейіс, Айса, Көшелек нұсқаларында) алысатын жауы қалмақтардың басқыншылары болып келеді.

Қобыланды батырдың қызылбастарға қарсы күресін баяндайтын жырларға тоқталар болсақ, Марабай нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Жыр Қобыланды мен Қараман екеуінің Қазан ханға аттанған алғашқы жорық сапарынан басталады.

Жырдың композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отыратын, яғни Қобыландының Қазан ханға қарсы аттануы; «Тайбурылдың шабысы»; Қазанның Сырлы қаласын, артынша алты қабат ормен қоршалған Қырлы қаласын шабуы; Қобыланды мен Қазанның жекпе-жек ұрысы; Қобыландының Көбікті ханды жеңуі; Қобыландының Алшағыр ханмен соғысы; елін азат етуі сияқты эпизодтардан құралған. Жырда оқиғалар үдемелі түрде беріліп, тартыс шарықтау шегіне жетіп шешіледі.

Жырда батырлардың жекпе-жек ұрыстарына мол орын берілген. Тек қана Қобыландының ерліктері ғана емес, сонымен қатар жау жағының күші, әйгілі батырлары толық таныстырылады. Олардың жеңіске деген жігері, мақсаттарына сенімділігі көрсетіледі. Қобыланды өзінің басты жауын үлкен қиындықпен жеңеді. Әсіресе Көбікті ханның баласы Біршымбайдың батырлық тұлғасы ерекше сипатта жырланған.

«Қобыланды батырдың» Марабай, Мергенбай, Біржан орындауындағы нұсқалары идеясы, тақырыбы, сюжеті жағынан ұқсас болып келгенімен, кейбір айырмашылықтары да бар. Мысалы Мергенбай мен Біржан Марабай нұсқасын негізе ала отырып, өз тарапынан тың көріністер қосып жырлағаны аңғарылады. Мергенбай мен Біржанның айтуындағы «Қобыланды батыр» жырында әңгіме ерте кезден, яғни Қобыландының дүниеге келмей тұрып, он екі баулы ноғайда жасы сексенге келген Тоқтарбай мен Аналық атты әйелінің байлығын, баласыздығын және олардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив-сипаттамадан басталады. Сол елдің ханы Ақшахан Тоқтарбайдың байлығын өз қолына түсіруді көздеп, әртүрлі амал жасайды. Бұл жайды білген аналық Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді, ақыры тілегі қабыл болады. Бір ұл, бір қыз табады. Ұлының атын Қобыланды, қызының атын Қарлығаш қояды.

Бұдан кейін жырда қаһарманның балалық шағы, тәрбиесі, батырдың барлық кедергілерді жеңіп үйленуі, Қыз құртқаны еліне алып келуі, батырдың тұлпар атына байланысты әңгіме, Қобыландының Алшағыр ханмен ұрысы, ел-жұртын Алшағырдан босатып алғаны суреттеледі. Дегенмен, бәрі де Қобыландының қызылбастармен соғысатынын жырлау арқылы батырдың ел қорғау жолында жасаған ерліктерін баяндайды. Бірақ бұл ақындардың айтқан жырдың ел арасына тарауы, жырлап беру стилдері де әртүрлі.

Бұл айтылған жайды «Қобыланды батырдың» Мұрын жырау, Айса, Нүрпейіс, Көшелек нұсқаларынан да байқаймыз. Бұл шығармалардағы батырлардың алысатын жауы қалмақ басқыншылары болып келеді.

«Әрине, Қобыланды батырдың қалмақ басқыншыларымен соғысын суреттейтін жырлар да бірден туған емес, Бұл тақырыпты көптеген

ақындардың жырлауына негіз болған түпнұсқа бар. Мұндай түпнұсқа деп Мұрын жырау айтқан нұсқаны атауға болады. Басқа ақындар осы түпнұсқаны пайдалана және оған жаңа да тың әңгімелер қоса отырып, «Қобыланды батырдың» көлемді түрін шығарған сияқты [6, 216 б.]. Оны мынадан көруге болады.

Мұрын жырау нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. “Қыдырбайұлы Қобыланды” жырының сюжеті едәуір күрделі. Жырда батырлық ертегінің белгілері айқын байқалады. Ол белгілер төмендегідей:

Жырда қарт ата-аналар Жаратқаннан бала тілеп әулиелерге түнеп, жалбарынады. Түсінде бір карт кісі Қыдырбайға келіп былай деп аян береді:

Қыдырбайдың тілегі қабыл болып, түсінде көрген оқиғасы шындыққа айналады. Оның Қобыланды атты ұлы, Хансұлу деген қызы болады. Мұрынның айтуындағы “Қыдырбайұлы Қобыланды” жырында одан әрі мынандай әңгімелер суреттеледі:

Қобыландының ержетуі; Қыдырбайдың Бек деген жылкышысының Қобыландыға жылкы бағуды үйретуі; таудың арғы жағынан айкай-шу, дауыс естілуі; Жұрттың Тәуіп ханның Құртқа дейтін қызын алуға таласуы; жігіттерден өнері асқан Қобыландының Құртқаға үйленуі; Қыдырбайдың Кербиені Құртқаға көрімдікке беруі; онан туған құлынды Құртқаның бағып, өсіруі; Қобыланның елін Алшағырдың шауып кетуі; Қобыландының Алшағырмен соғысып, ел-жұртын азат етуі т.б.

“Қобыланды батыр” жырларының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Мұрын, Нұрпейіс, Айса жырлаған нұсқалардың мазмұн жағынан ұқсас келетіні анықталды. Аталған нұсқалар ұқсас болғанымен өз ара үлкенді-кішілі айырмашылықтары да бар.

Бұл айырмашылықтардан бірнеше мысал келтірейік: Қыдырбайды өлтіріп, оның мал-мүлкін тартып алуды көздейітін хан Айса жырында Алшағыр деп аталады. Ал, Нұрпейіс нұсқасында Тоқтарбайдың (Қыдырбайдың) Жаратқаннан бала тілеуі көрші бір байдың “құбас” деп тілдеуінен туады. Мұрында Ақшаханның қастық ойын Қыдырбай жеті ата жақынынан естіп, тойға бармай кейін қайтса, Нұрпейісте олай емес. Айсаның айтуында Қыдырбай тойға барады, сол кезде оның алдынан Алшағырдың Әлібек деген жігіті шығып: “Бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ” дегенді айтады, бұған Қыдырбай ызаланып кейін қайтады. Нұрпейістің жырында Тоқтарбай сексен саба артып, сексен нарға алтын-күміс артып тойға барады. Сонда ханның бір уәзірі шығып: “Бұл құбастың сауығы емес, баласы бардың сауығы”, – дейді. Тоқтарбай ашуланып үйіне қайтады. Ал Мұрында Құдайдан бала тілеп жаһан кезеуші Қыдырбайдың өзі болса, Айсада Ақмаңдай болады. Нұрпейісте дүние кезуші – Тоқтарбай мен Аналық.

Ал Қобыландының жорықтары жайындағы Мұрын, Нүрпейіс, Айса жырлаған әңгімелерді салыстырсақ, жырлардың бәріне ортақ әңгімені төмендегідей жіктеуге болады: 1. Алшағырдың (Ақшаханның) Қобыландымен өтірік дос болуы, батырды алдап өлімге жұмсауы. 2. Қобыландының жауларын жеңуі. 3. Қобыландының Акшаханнан кек алып, ел-жұртын азат етуі. 4. Қобыландымен соғысатын жау қалмақтар болып келуі (қызылбастар айтылмайды). Бұл секілді ортақ, ұқсас эпизодтарды әр ақын әртүрлі жырлайды. Мұрын мен Айса қысқа түрде айтса, Нұрпейіс әр детальді

өзінше ұлғайтып жырлайды. Бұл әрине, аталған ақындардың әрқайсының стиліне, образ жасау әдістеріне, жырдың сюжетін құру, оны мәнерлеп айту шеберлігіне байланысты.

Соған қарағанда, жыршы "Қобыланды батыр" жырының сюжетін жадында сақтай отырып, өзіндік дарын қиял-қарымына сай көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады.

Сонымен, жоғарыда айтылған екі үлкен тақырыпты жырлауға құрылған «Қобыланды батырдың» қай нұсқасын алсақ та шетелдік басқыншыларға қарсы күресте ел-жұртына қорған болған батырдың тұлғасын көреміз.

Әдебиеттер:

1. *Бөкейханов Ә. Женщина по киргизской былине Кобланды // Туркестанские ведомости. – 1899. – №5, 15. – Б. 208-209; №38. – Б. 228-229; №42. – Б. 254-255.*
2. *Записки Восточного отделения Русского археологического общества. Т. 24. Выпуск 3-4. – СПб.: Типография Академии Наук, 1916. – 265 с.*
3. *Записки Восточного отделения русского археологического общества. Т. XXIV. Выпуск 1-4. – СПб.: Типография Академии Наук, 1917. – 265 с.*
4. *Сагитов И. Каракалпакский героический эпос. – Нукус, 1986. – 347 б.*
5. *Nogay Destanlari. – Ankara, 2014. – 535 p.*
6. *Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақтың батырлық жырлары. – Алматы 1972. –336 б.*

Алпысбаева К.Б.

Сюжетные особенности (текстология) эпоса «Қарақыпшақ Қобыланды батыр»

Один из жанров нашего национального фольклора с богатейшим содержанием – это героический эпос. Среди них остановимся на эпосе «Қобыланды батыр». Он является одним из древнейших казахских высокохудожественных героических эпосов, дошедших до наших дней. Сюжетной основой которой является воспевание народного единства, народного героизма. В качестве объекта исследования нашего труда анализируется сюжетные особенности (текстология) эпоса «Қарақыпшақ Кобланды батыр»

Ключевые слова: Фольклор, сказитель, собиратель, версия, эпос, текстология, издание, героический эпос, оригинал.

Alpysbaeva K.B.

Narrative features (texology) of the Karakypshak Koblandy batyr epos

One of the genres of our national folklore which has rich content - is a heroic epic. We will focus on the epic "Koblandi batyr". It is one of the oldest and highly artistic Kazakh heroic epics that have survived to the present day. The plot basis of it is chanting of national unity, people's heroism. Research object of our study is the analysis of the history of collecting versions of the epic "Koblandi Batyr"

Keywords: Folklore, storyteller, collector, version, epic, textual study, edition, heroic epic, original.

***

ӘОЖ 82(73)

Чечетко М.В. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Утепова Э.Г. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: elmira_utepova@mail.ru

ЮДЖИН О'НИЛ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ ЖӘНЕ СЦЕНАЛЫҚ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада американдық жазушы, драматургияның негізін қалаушы Юджина О' Нилдің өмірі мен шығармашылық жолы туралы айтылған. Оның философиялық жұмыстарынан дилогия құрылып, өмірі мен отбасысының жағдайымен сәйкестендірілген. Оның барлық басты кейіпкерлері адамгершілікке ие, оларда мейірімділік сезіледі. Юджин О'Нилдің шығармашылығы әлемдік әдебиетке және драматургияға үлкен үлесін тигізді.*

Тірек сөздер: *Жазушы, драматург, пьеса, АҚШ драматургиясының негізін қалаушы.*

Бұл мақалада Юджин О'Нилдің шығармашылық жолы туралы айтылады. О'Нилдің отбасының тарихымен байланысты дилогиясының ерекшеліктерін және өзінің жеке тұлғасын адам және драматург ретінде тиісті деңгейде ашу үшін оның шығармашылық жолын және оның шығармашылығын айқындайтын көркемдік принциптерінінің ерекшеліктерін бақылау қажет.

О'Нил Юджин Гладстон (1888 жылы 16 қазанда дүниеге келген, Нью-Йорк – 27 қараша 1953 жылы өмірден озды) - америка жазушысы, АҚШ драматургиясының негізін қалаушы, Нобель (1936ж.) және төрт Пулитцеров сыйлығының лауреаты (1921, 1922, 1928, 1957 жж).

О'Нил Нъю-Йоркта, Элла О'Нил мен әйгілі актер Монте Кристо графының ролін сомдаған соң аты әйгілі болған Джеймс О'Нилдің үшінші ұлы болып дүниеге келді. Элла О'Нил жұбайымен бірге гастрольдік сапарларға ілесіп жүргендіктен, Юджиннің айтуынша, ол өмірінің алғашқы жеті жылын «қонақ үйлер мен поездарда» өткізген.

Жеті жасында Юджин Нью-Йорк қаласындағы католик мектеп-интернатына оқуға барды, ал үш жыл өткен соң олар анасымен бірге тұрғанда Нью-Лондондағы (Коннектитикут штаты) күндізгі мектепке ауысты.

1902 жылы О'Нил Стамфордтағы (Коннектитикут штаты) протестанттар мен католиктарға арналған Беттс-акэдеми интернатына оқуға түсті. Дегенмен орташа оқыса да, көп және ерекше ынтамен оқиды және 1906 жылы Пристон университетіне оқуға түскенде де өзін сабақтармен онша қинай қоймай бірінші курстан кейін университеттен кетіп қалады. Бұл жылдары ол өзін Нью Йорктің түнгі өмірімен таныстырған үлкен ағасы Джеймстің (Джейми) қарамағында болады.

Пристоннан кеткен соң, О'Нил қамсыз өмір сүрді, ал 1909 жылы 21 жасқа толмастан бірнеше апта бұрын әкесінің қарсылығына қарамастан Кэтлин Дженкинзге үйленді. Және үйлену тойынан кейін дереу Гондурасқа алтын іздеуші ретінде аттанды, аз уақытқа Нью-Йоркке оралды, 1910 жылы оның Юджин есімді ұлы дүниеге келді, сосын тағы да жыл жарым уақытқа Англияға, кейін Аргентинаға кетіп қалды, ол жерде қаңғырып-тентіреп және

кедейлікте күнелтті. 1911 жылы жұбайы онымен ажырасты, О'Нил ұлымен ол 12 жасқа толғанда ғана кездесті.

1911 жылы О'Нил Нью Йорк қаласына қайта оралып, кез келген жерде жұмыс істеді. 1912 жылы өз-өзіне қол жұмсауға талпынды, осыдан кейін ол жаңа өмір бастауды шешті. Ол жаз мезгілінде ата-анасы тұратын Нью-Лондондағы «Телеграф» газетіне репортер болып жұмысқа орналасты, бірақ бірнеше айдан соң туберкулез ауруына шалдықты. Оны алты айға жеке шипажайға емделуге жібереді, бұл жерде өмірі туралы ойланып және өзі кейіннен «екінші рет дүниеге келу» деп атаған кезеңді басынан кешіреді. Нақты осы кезде О'Нил «қалай болғанда да жазушы болуды» шешіп пъеса жазуды бастайды.

Үнемі жол үстінде өткен балалық шағы мен жасөспірім кезі О'Нилде панасыздық сезімін қалдырады. Американдық түп-тамырсыздықпен ұштасқан сезімі оның барлық шығармашылығын бойлап өтеді. Осы жылдары оның өскелең санасында есірткімен әуестенген анасын дұрыс емдемеу салдарынан ауыр науқасқа ұшырауымен есте қалған болатын. Осының бәрі О'Нилдің өмірге деген сенімін жоғалтуына және үлкен ағасының маскүнемдікке салынуына себеп болды. Егер ол осының бәрі оның шығармашылығына кедергі келтіретінін дер кезінде түсініп, теріс әуестенушілікті жеңе алмағанда, мұндай өмір драматургтың өзін де күткен болар еді. Аталған қайғылы мән-жайлардың барлығы О'Нилдің жауһар туындыларының бірі 1940 жылы жазылған «Долгое путешествие в ночь» пъесасының негізіне алынды, 1956 жылы жарық көрді.

Бір қызығы, болашақ драматургтың, әйгілі актердің ұлы О'Нилдің әуестігіне театр кедергі болды. Коммерция үшін өнерді шімірікпестен сатқындыққа айналдырған америка театрын болашақ жазушы қабылдай алмады. Әлі де мызғып жатқан шығармашылық күштерін шығара алмаған О'Нил, қоғамға қарсы келіп, өзін бүлікші қырынан көрсетті. Сол себептен де ол жиі кәсібін ауыстырды: бірде 1906-1907 жылдары өзі оқыған Прингстон, кейіннен оны шығарып жіберді, бірде сауда фирмасында жарнама агенті, бірде театрда кассир, бірде репортер болып, бірде Гондурастағы алтын іздеушілер экспедициясына қатысып, бірде сауда кемесінде матрос болды. 1912-1913 жылдары туберкулез емдейтін шипажайға түскен соң ғана алғаш рет шығармашылық туралы ойлана бастады.

1914 жылы шипажайдан кейін, Гарвард университетіне драматургия бойынша Джордж Пирс Бейкердің семинарына оқуға түседі. О'Нил Бейкердің курстық дәрісін толықтай тыңдамаса да, ол сол кезде «Жажда и другие одноактные пъесы» жинағына енгізілген бір актілі жеті пъеса жазып шығарды (“Thirst and Other One-Act Plaus”,1914).

Оның драматург ретіндегі карьерасы осы шығармалардан бастау алды. Бродвей коммерциялық театрында қойылатын «теңіз тақырыбындағы» пъесалармен қатар қойылып, оларға қарсылық келтірген сахнада қойылған алғашқы пъесасы «К востоку на Кардифф» (“Bound East for Cardiff”) болатын. Оның алғашқы пъесаларында матро кубригідегі, порттардағы көріністер бейнеленді, оның кейіпкерлері – теңізшілер, порт жұмысшылары болатын, ал бұл салондық және отбасылық тұрмыстық драмалардағы шарттылықтарға, драматург батыл түрде үзіп отырған дәстүрлерге қай жағынан да сай келмеді.

О'Нил өзі Нобельдік сөз сөйлеуінде жазғандай, жазуды бастамас бұрын Август Стринбергті көп оқыды, оның пъесаларының шабыт көзі болған «заманауи драма сабағы» болып табылды. Негізі, жалпы алғанда, драматург шабытты кітаптардан емес, өзінің оқиғаларға бай өмірінен алатын еді. 1920 жылы Бродвейде О'Нилдің қияли және еңбекқор екі ағайындылардың ащы тағдыры туралы жазылған «За горизонтом» ("Beyond the Horizonton") алғашқы толық метражды пъесасы көрермендер назарына ұсынылды. Аталмыш пъеса Пулитцеров сыйлығына ие болды, бұл О'Нил алған төрт сыйлықтың алғашқысы болатын («Анна Кристи» ("Anna Christie"), «Странная интерлюдия» ("Strange Interlude"), және «Долгий день уходит в ночь» ("A Long Day's Journey Into Night") пъесалары Пулитцеров сыйлығын алды).

1920-1943 жылдары О'Нил 20 толық метражды пъесалар және ежелгі грек драмаларының ағымдары бойынша бірнеше бір актілі: натуралистік, шынайы, экспрессионистік комедиялар, трагедиялар пъесалар жазды. «Анна Крист» (1920ж.) туындысы – екі теңізші мен шынайы махаббат арқылы өз күнәсін өтеген жеңіл жүрісті қыз туралы. «Император Джонс» ("The Emporer Jones",1920ж.) – пульманов вагонының жолсерігі, қара нәсілді Джонс туралы экспрессионистік драма, мұнда басты кейіпкер кісі өлтіреді және Вест-Индия аралының басшысы болады, бұл шығарма нью-йорк көрермендерін таң қалдырды және драматургқа театрдағы жаңа бағыттың көшбасшысы атағын алып келді. Драматургты одан да зор танымал еткен пъеса «Косматая объезьяна»("The Hairy Ape",1922 ж.) айта кететіні бұл пъеса драматургқа жанжал даңқ әкелді, осы пъеса үшін О'Нилді Құдайға тіл тигізуші деп айыптады. «Любовь под вязями»("Desire Under the Elms",1924 ж.) пъесасында қан араласу, жұбайлардың опасыздығы, бала өлтіру тақырыптары қозғалады; пьеса өзінің трагедиялық күш-қуатымен, шиеленісті қақтығыстарымен өзіне бірден назар аудартты, осы күнге дейін бұл шығарма заманауи театрдың аса көрнекті жетістігі деп есептеледі. «Велики бог Браун» ("The Great God Brown") пъесасы идеализм мен материализмнің шиеленісінде құралады, бұл жерде О'Нил шартты театр, бетперде театры тәсілін қолданған, осылайша ол америка театрындағы авангартдтық козғалыстардың бастамашысы бола білді.

20 жылдардың соңында О'Нил, бір ауызды пікір бойынша, алдыңғы қатарлы америка драматургы болды, алайда, оның жеке өмірі сәтті калыптаспады.

1918 жылы ол жазушы Агнес Боултонға үйленді, осы некеден оның Шейн есімді ұлы және Уна есімді (18 жасында әкесінің қарсылығына қарамастан Чарли Чаплинге тұрмысқа шықты) қызы дүниеге келді. Осы үш жыл ішінде 1920 жылдан бастап 1923 жылға дейін О'Нил әкесінен, анасынан және өзінің сүйікті ағасы Джеймиден айырылады, ал 1928 жылы ол өзінің екінші әйелімен ажырасады. 1929 жылы драматург үшінші рет 20-жылдардың соңында таныскан актриса Карлотта Монтрейге үйленеді.

1936 жылы О'Нил америка драматургтарының алғашқысы болып әдебиет бойынша «трагедия жанрын жаңаша түсіндіретін драматругиялық туындылардың әсер ету күші, шындығы және тереңдігі үшін» Нобель сыйлығына ие болды. Сырқатына байланысты драматург құрметтеу рәсіміне қатыса алмады, бірақ жауап ретінде сөз сөйлеу мәтінін жолдады, онда былай делінген еді: «Бұл сыйлық тек маған емес Америкадағы менің барлық

әріптестеріме тиесілі; мен үшін осы Нобель сыйлығы – Еуропаның американдық театрдың кемелдігін мойындауының нышаны» [1, 24 б.].

20-шы жылдар мен 30-шы жылдардың басында О'Нил Йель университетінің (1929ж.) құрметті дәрежесін алады, өзінің аса жетілген және ерекше «Марко-миллионщик» (“Marco Millions”, 1928) туындысын жазады: буржуазиялық өркениетке бағытталған романтикалық сатира, дүниеқорлық және діни екіжүзділік осының ортасында Марко Поло тұрады, сондай-ақ «Странная интерлюдия» атты (“Strange Interlude”, 1928) тоғыз актілі драма жазды, мұнда басқа кейіпкерлер естімеулері тиіс, өздерінің асыл ойларымен залдағы көрермендермен бөліседі, олардың біреуі пъесаның атауының мағынасын ашатын сөздерді айтады: «Өмір - өткен мен болашақта болатын қызықты интерлюдия». «Трау-участь Электры» трилогиясында (“Mourning Becomes Electra”,1931) Эсхилдің «Орестейді» қайта елестетуі, оқиға Жаңа Англияда азаматтық соғыс кезінде орын алған; «Электра»-ның премъерасы Бродвейде Алла Назимованың қатысуымен өтті және сыншылардың жоғары бағасына ие болды. Сонымен қатар, осы кезде О'Нилдің жан тебірентерлік сағынышқа толы «О, молодость» (“Ah, Wilderness!”,1931) атты жалғыз комедиясы жарық көрді.

Нобель комитеті О'Нилдің шығармалары «ерекше тереңдігімен, жан-жақтылығымен және біртумалығымен айрықшаланатындығын» мойындаған кезде, драматургтың үш жауһар туындылары: «Разносчик льда грядет» (“The Ice man Cometh”,1939, 1946 жылы Бродвейде қойылды), «Долгий день уходит в ночь» (“A Long Day’s Journey Into Night”,1941, 1956 жылы қойылды), «Луна для пасынков судьбы» (“A Moon for the Misbegotten”,1943, 1957 жылы қойылды) әлі жазылмаған болатын.

«Разносчик льда грядет» атты философиялық –натуралистік астарлы әңгімесінде жазушы қордалар мен сыра сатылатын орындарға тұрақты барушыларды білгірлікпен сипаттайды. Осы пъеса О'Нилдің шығармашылығындағы ең күрделі туындылардың бірі, діни нышандығымен, метафизикалық тереңдігімен және эмоциялық толықтығымен ерекшеленді. Пъесаның басты мағынасы –қиындықтан құтылу иллюзиясында, адамның өзін-өзі алдауға ұмтылуында.

Нақты осы кезде дилогия туралы ой пайда болды және де драматург оны отбасының өміріндегі деректерге сай жүзеге асырды.

«Долгий день уходит в ночь» (“A Long Day’s Journey Into Night”) автобиографиялық сарындарға толы пъесасы, оның премъерасы Стокгольмде Патша драмалық театрында көрсетілді. Романтик-актер және прагматик Джеймс Тайрон билік ететін Тайрон отбасында (О’Нил отбасы тұспалданады) әйелін нашақорлыққа жеткізген және екі ұлы бар біреуі-маскүнем, екіншісі- арманшыл. Жазушы таңғаларлықтай күшпен ерлі-зайыптылар, ата-ана мен бала арасындағы қиын әрі азапты қарым-қатынастарды көрсете білді. О'Нилдің айтуынша: «азап шегуші барлық төрт Тайрондарға көз жасымен және қанмен, терең аяушылықпен және түсіністікпен»жазылған бұл пьеса танымал жұлдыздардың актер Ральф Ричардсон және анасының рөлін сомдаған Кэтрин Хэпберн арқылы экранда көрсетілді [2, 25 б.].

Дилогияның бірінші бөлімінен соң, екінші бөлім де пайда болды. «Луна для пасынков судьбы» бұл «Долгий день уходит в ночь» пъесасының

жалғасы болып табылады, мұнда кіші Джеймс Тайронның анасы Мэри Тайрон өмірден озған соң бұзылып одан әрі құлдырауы бейнеленген.

Дилогиядағы драматизм күмән тудырмайды. Тайрон отбасының тарихы драматургтың адамдардың тағдырына және өнер адамдарының айрықша сезімталдығы және қорғансыздығына қатысты көзқарасын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандай, жазушының жеке өмірі де драмалы түрде қалыптасты. О'Нил бірінші жұбайын ұлы дүниеге келгенге дейін тастап кетті, кейін антикалық әдебиетте көрнекті маман.1951 жылы белгісіз себептермен өрлеп тұрған шағында ол өз-өзіне қол жұмсады. Жазушының екінші жұбайы журналист және актриса Агнес Боултон, олардың қызы Уна он алты жасында Чарли Чаплинге тұрмысқа шықты (бұл әке мен қыздың арасындағы қарым-қатынастың үзілуіне себеп болды), ал олардың ұлы өмірден өз орнын таба алмай, құлдырады. Баспасөздің оның жеке өміріне араласуынан азап шеккен О'Нил тұйық және ұялшақ болғандықтан, үшінші рет Карлотта Монтерейге (бұрын актриса болған) үйленген соң сырт көзден алыстап, оңаша өмір сүрді.

Драматургтың өмірінің соңғы он жылы оның денесінің әлсіреуімен және денсаулығының бұзылуымен байланысты өтті. О'Нил қатардағы америка отбасының тарихынан алынған пьесалар топтамасын жазуды жоспарлаған еді, бірақ 1943 жылы қалам ұстау мүмкіндігінен айырған нерв жүйесінің ауыр зақымдануы себебінен, ол жұмысқа қабілеттілігін толықтай жоғалтты. Нәтижесінде, жоспарланған топтамадан жазушы тек екі пъеса жазып үлгірді: «Душа поэта» ("A Touch of the Poet", 1957 жылы Швед патшалық драма театрында премъерасы өткізілді) және «Дворцы побогаче» ("More Stately Mansions", 1962 жылы сол жерде өткізілді). Бұл жылдары жазушы төсекте жатты. Сырқаты оның ой-санасына, шығармашылық қабілеттеріне әсер етпесе де, О'Нил үшін нағыз шығармашылық жолы кесілген болатын – ол осылай ойлады және трагедия ретінде қабылдады. Сыншылар шынымен де оның пьесалары ескірді, уақыт өтті деп пайымдаған кезеңде жазушы жалғыздықта қайтыс болды.

Алайда, ондаған жылдар өткен соң, алпысыншы жылдары, оның шығармашылығына деген көзқарас өзгерді. Сыни көзқарас оның шығармашылығын жаңадан ашқандай болды,оның қайтыс болғаннан кейінгі пьесаларының қойылымдары театр көрермендерінің қызығушылығын тудырды және де өнер адамдары оның пъесаларын байыппен зерттей бастады. Ол туралы театрдың белсенді реформаторы деп айта бастады. Кейіпкерлер, сюжеттер – осының бәрі салондық пьесалар мен отбасылық-тұрмыстық драмалардан ерекшеленді, көпшілік оның премъераларында нағыз есеңгіреу халінде болды. Ақыр соңында бұл жаңашылдық оны толығымен бағалады.

Ол драматургияның ұзақ жолынан өтті, оның өмірінің бәрі театрға берілген еді. Оның алғашқы бір актілі пъесалары «Жажда», «Луна над Карибским морем», «Долгий путь в Кардифф» және басқалары теңізшілер, олардың қиын өмірі, олар жиі тап болатын қатігез жағдайлар туралы баяндайды, осының бәрін шынайы, ешқандай бояусыз және шектеусіз түрде, теңізшілердің тілінде бейнелейді.

Мұнда О'Нил шыншыл және тіпті натуралист, бірақ аса қатыгез жағдайларда да оның кейіпкерлерінде мейірімділік және табиғи адамгершілік сезіледі. Бұл пьесалар және 1914 жылы жарық көрген басқа пьесалары да «Жажда» бір актілік пьесасының жинағына енді. Кемелдіктен алыс, ерте жазылған пъесаларындағы такырып, кейіпкерлерді таңдауда жазушы шығармашылығының өзіндік ерекшелігі «Жажда» жинағында сезіледі. Жазушы өзінің шығармашылық талпыныстарын іске асыруда «теңіз» пьесалары топтамасына жақындайды. Солардың бірі «Курс на восток, в Кардифф» қойылымы, 1916 жыл Америкада драманың туған күні болып есептеледі. Өзінің шынайылығымен шарпитын көріксіз жайт, қатігез пейіл, дөрекі сөйлеу – осының бәрі қызықты сюжеттің болмауында, жеңіл танылатын жағдайлар мен типаждар «сыпайылық» дәстүріне жармасқан, проза және поэзия қабылдамаған, америка сахнасы үшін таңсық болды. Оларда өмірдің шындығы мен рухы жай сәтті бейнеленіп қана қоймай, ахуалда жұқа түрде қамтылған. Пьесада адамгершілік тереңінен бойлаған қойылымдар жерге төмендетілуіне қарамастан поэзиялық дыбыстауға ие. «О'Нилдің ең үздік туындыларының драмалық қайшылықтар ауқымдылық берген тұсы-ол әлемді қайғылы кейіпте көру еді және де осы жәйт жазушының ерекшелігін айқындады» [3, 504 б.].

Американдық драматург Юджин О'Нилдің бір актілі пьесалары біздің ғасырымыздың 10-шы жылдарында «теңіз» пьесалары кезеңі болып аталады. Олардың негізгі әсері драматургтың ағылшындық және американдық соттарда карапайым теңізші болып журген жылдарынан алынған. Шетелдік зерттеушілер «теңіз» пьесалары кезеңін жоғары бағалады және жас драматургтың көркем шеберлікпен тез өсуін таңғаларлық деп көрсетті. Д.Г. Лоусон былай деп жазды: « кез келген өнердің дамуы оның зияткерлік көлемінің кеңейтілуі, эмоциялық өткірліктің артуы, поэтикалық жарықтық және әртүрлі техникалық әдістердің көркемдігінен құрылуын білдіреді. Қазіргі кездегі американдык пьесалардың сапасы жағына жоғары деп айтуға тұрарлық пьесалар О'Нилдің ертеректегі пьесалары».

«Теңіз» пьесалары кезеңі бір актілі кішкене көлемді төрт бөліктен тұрады. «Теңіз» пьесаларындағы айтылған кейіпкерлердің барлығы дерлік автордың шынайы адамдар,олар оның ұзақ айларға созылған қиын теңіз саяхатында кездестірген адамдары. «Драматург теңіз жайлы бұл менің аймағым деп мақтанышпен айтты. – Мен онда өмір сүрдім, оның не екенін білемін. Мен ол жерде болдым және оның неге ұқсайтынын тек өзім көрсете аламын» [3, 504 б.].

«Восточнее Кардифф» пьесасы О'Нилдің ең алғашқы сахнаға қойылған драмасы. Осы туындысынан автор өзін және өзінің қайталанбас шығармашылық нақынышын тапты. 1914 жылы пьесаның жазылуы(шығармашылык кызметінің бастағаннан кейін бір жылдан соң), сол жылдары оның бір актілі «Безрассудство», «Предупреждение» және т.б. мелодрамалары пайда болуы драматургтің көркем шеберлікпен тез өсуін түсіндіреді.

Драмада, дәстүрлі мағынада драмалық іс-әрекет жоқ, Нью-Йорктен Кардифке келе жатқан «Кленкерн» сауда кемесінің үстіндегі іс-әрекет көрсетіледі. Сахнада өлген теңізші Янк тұманда адасып, трюмға құлады. Ол барлық пьеса бойы теңізшіге арналған тұрғын жайда жатады және арасында

есін жиған кезде өзінің досы кемеші Дриксоллмен сөйлесті. Осында, әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған теңізшілер, кеме командасына арналған тұрғын жайда кеме командасының қалған мүшелері күледі, өлең айтады, ұйықтайды және темекі тартады. Пьесаның соңында Янк өледі.

Бұл шығарманың айрықша ерекшелігі - әйгілі теңіз романтикасының қандай да бір элементтерінің жоқтығы, өмірдің шынайы бейнесін көрсетуге ұмтылыс. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында дәстүрлі ойын-сауыққа арналған американдық театрға қарсы шығып, барлық қағидаларға қарсы қарапайым теңізшілердің күнбе-күнгі іс-әрекеті мен өмірлерінің шынайы бейнесіне зер салды. Пьесада автордың жағымсыз болса да шындыққа ұмтылысы байқалады. «Үшбұрышты бейнелеп, қабырғалары тереңде қосылған бұрыс пішіндегі бөлме. Ұзындығы алты футтай, үш деңгейлі керуеттер арақашықтықтары үш фут болатындай қабырғаларды бойлай орналасқан. Оң жақтағы төбенің астынан үш-төрт кеменің дөңгелек терезесі көрініп тұр. Керуеттердің алдында қарапайым ағаш орындықтар құрылған. Еденнің үстінде қаңылтыр бақырашпен шелек тұр. Есіктегі ілгіште бірнеше клеенкалы жамылғылар ілініп тұр. Ал, астында сандықтар, жәшіктер, теңіз етіктері және т.б. ретсіз үймелеп жатыр. Орындықта бес теңізші әңгіме айтып отыр. Олардың үстінде қатты матадан жасалған лас , жамау шалбар және фланельді көйлек киген. Барлығы аяқ киімсіз бір шұлықпен отыр. Төртеуі темекі тартып отыр, олардың түтіні кеме командасына арналған бөлменің ішін алып кетті» [4, 245 б.].

Пьеса «аласа, кеуіп қалған саңырауқұлаққа ұқсас» мақтаншақ теңізші Коккидің Жаңа Гвинеядағы бастан кешкен махаббат оқиғаларынан басталады. Басқа теңізшілер арасында Кокки қалжыңбас ретінде суреттеледі, бәрі оны келемеждейді, бірақ онсыз командадағы ешбір жұмыс атқарылмайды. Өтірік әңгімелерді құрастыра келе Кокки өзінің жетіспеушілігін, өмірі бұйырмаған іс-әрекеттерді қиялы арқылы іске асырады.

Юджин О'Нил аса бір батылдыққа ие, себебі ол сахнаға өзінің кейіпкерлерін шынайы және дөрекі мінезін көрсетуден жасқанбады.

«Восточнее Кардифф» пьесасының негізгі - адамның өзін жат әлемде жоғалту сезімі. Теңізші Янк және досы Дрисколл екі қарапайым және өмірден көпті көрген жігіттер, бұл негізінде екі бақытсыз, өмірлерінде бақыт қана емес үйлері де болмаған.

Ауыр жұмыс, аз жалақы мен қатты маскүнемдікке салынудан басқа ештеңе көрмеген теңізшілердің өмірі жайлы Янк ерекше толғанып айтады.

Қоғамдағы сыншылдықтың себептері пьесадағы әрбір ілікпе сөзде айтылады. Янк пен Дрисколл біздің алдымызда қоғамдағы қатігездік пен әділетсіздіктің әдеттегі құрбандары болып көрсетіледі. Олар өмір сүретін осы шақта ешқандай армандарының орындалмайтындығы драманың арқауы болып табылады.

Өзінің ұлы негізін салушы Чехов секілді О'Нилде оқиғаның желісіне, шатасқан оқиғалы сюжетке, әсерлі сахналық қақтығыстарға, яғни дәстүрлі «жақсы жасалған пьесаға» тән қулықтарға мүлдем қызықпайды. Оны тіптен басқа зат, лирикалық толғаныс тудыратын айқын атмосфера және ерекше рухтандандыру қызықтырады. О'Нилдің ертеректе пайда болған теңіз

тақырыбына арналған реалистік пьесаларында ең тартымдысы - олардағы қайғылы атмосфера-,дейді американдық театртанушы Дж. Гаснер.

Әдебиеттер:

1. Коренева М.М. Творчество Юджина О'Нила и путь американской драмы. – М.: Наука,1990. – 336 с.

2. Аникст А. Юджин О'Нил // Юджин О'Нил. Пьесы в 2-х т. Т. 1. – М.: Искусство, 1971. – С. 5 – 29.

3. Засурский Я.Н Американская литература XX века. – М.: МГУ, 1984. – 504 с.

4. История американской литературы. Ч. II. / Под ред. Н.И. Самохвалова. – М.: Просвещение, 1971. – 256 с.

5. Юджин О'Нил. Любовь под вязами // Юджин О'Нил. Пьесы в 2-х т. Т. 1.- М.: Искусство, 1971. – С. 385-461.

Чечетко М.В. Утепова Э.Г.

Юджин О Нил: творческий путь и сценическое новаторство

В данной статье речь идет о жизни и творческой деятельности американского писателя, основоположника драматургии Юджина О' Нила. В его философских работах зародился замысел дилогии, который был осуществлен драматургом в соответствии с фактами его жизни и семьи. Все его герои обладают природной нравственностью, в них ощущается доброе начало. Творчество Юджина О' Нила внесло огромный вклад в мировую литературу и драматургию.

Ключевые слова: Писатель, драматург, пьеса, основатель американской драматургии.

Chechetko M.V., Utepova E.G.

Eugene O'Neill creative way and stage innovation

In this article about American writer's life and creative activity, founder of dramatic art Eugene O'Neill. In his philosophical works the dilogy plan which has been carried out with the playwright according to the facts of his life and a family. All his heroes possess natural morality, in them are filling the kind beginning. Eugene O'Neill's creative has made a huge contribution in the world literature and dramatic art.

Key words: Writer, playwright, founder of the American playwright.

***

ӘОЖ 81'255.2

Бекбосынова А.Х. – филология ғылымдарының кандидаты,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
E-mail: assia-bek@mail.ru
Шахметова Н.А. – филология ғылымдарының кандидаты,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
E-mail: n.shakhmetova@mail.ru

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ РЕАЛИЙ-СӨЗДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («АБАЙ ЖОЛЫ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ АУДАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. *Мақалада «Абай жолы» шығармасының аудармасы негізінде реалий-сөздерінің семантикалық ерекшеліктері анықталады. Реалий-сөздері тілдің ұлттық лексикасына жатады, сондықтан олардың дүниетанымдық қызметі зор.*

Олар халықтың болмысын, ұлттық мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін және салт-дәстүрін айқын көрсететін құрал болып табылады.

Тірек сөздер: *Көркем аударма, прозалық мәтін, реалий-сөзі, реалема, ұлттық лексика, сема, дүниетанымдық қызметі.*

Қазіргі кезде елдер мен халыктар арасындағы экономикалык, саяси, мәдени, әлеуметтік байланыстардың дамуы әдебиеттану және аударматану ісінің көптеген мәселелерін күн тәртібіне қойып отыр. Оның ішінде – прозалық мәтінді талдауы мен аударуы.

Қазақ аударматануында көркем прозаны аударудың кейбір тұстары С.Талжанов, Н.Сағандықова, Т.Есембеков, Ә.Тарақов, А.Алдашеваның және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Дегенмен, прозалық шығармалар аудармасының әдіс-тәсілдері, оның ерекшеліктері сияқты мәселелер толық ашылмаған деп айтуға болады.

Көркем аударма психологиялық үдеріспен жүзеге асатын шығармашылық өнер. Мұнда психологиялық үдеріс шығармашылық үдеріспен ұштастырылып жүргізіледі.

Прозалық мәтіннің эстетикалық құндылығын күшейтетін – автордың шығармасының рухын, стильдік даралығын көрсететін – бейнелеу құралдары. Соның ішінде – түпнұсқаның ұлттық ерекшелігін айқындайтын – реалий-сөздері.

Реалий-сөздері ұлттық-айрықша лексикасына жатады, себебі олар белгілі бір халықтың ұлттық ерекшеліктерін айқындап көрсетеді және де сол халықтың ұлттық тілінің сөздік қорын байыту құралы ретінде зерттеліп келеді.

Тіл білімінде реалий-сөзін реалема дейміз. Реалемаларға ұлттық немесе тарихи колорит тән. Реалемалардың көбісі қолданылу аясына байланысты реалия-терминдер болып табылады. Реалемалардың толық анықтамасын С.Влахов пен С.Флорин береді: «Реалемалар – бұл бір халық өміріне қатысты және өзге халыққа жат объектілерді атайтын сөздер. Ұлттық және тарихи колорит иесі бола тұра өзге тілде нақты сәйкестігі (эквиваленті) жоқ» [1, 55 б.].

Белгілі бір ұлтқа, халыққа тән ұлттық, тарихи ерекшеліктерді екінші бір тіл оқырмандарына өзгеріссіз жеткізу – аударма саласындағы маңызды мәселе, соның ішінде – реалий-сөздерін аудару. Біздің мақаламыздың тілдік материалы ретінде «Абай жолы» шығармасының аудармасында кездесетін реалий-сөздері зерттеуге алынады (А.Никольская, Т.Нуртазин және Л.Соболева, 1-2 кітап және Н.Анов пен З.Кедрина, 3-4 кітап).

Жұмысымызда М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаеваның құрған орыс көркем мәтінінде кездесетін қазақтың ұлттық лексикасының топтамасына сүйене отырып [2], жоғарыда аталған көркем мәтіндегі реалий-сөздерінің семантикалық ерекшеліктерін айқындаймыз.

1. Қандай да бір белгі бойынша білдіру:

а) жас ерекшелігі бойынша атаулар: жігіт, қарасақал – егде тартқан ер адам; *құрдас*; *келін* – үлкендерге, *ақсақал*, *жеңге* – кішілерге *т.б.*: *Осындай жиында үлкенді-кішілі рулардың атқамінер, ақсақал қарасақалы араласып жатты* (1 кітап. Бел-белесте, 92 б.). – *В многолюдных сборах принимали участие все* ***аксакалы*** *и* ***карасакалы*** (Ч. 1. По предгорьям, с. 191);

Өзі Әлімқожаның келіншегі Қапамен құрдасша ойнайтын (2 кітап. Жайлауда, 73 б.). – *Абылгазы дружил с братом Коримбалы – Акимхожой, который был его* ***курдасом*** (Ч. 2. На джайляу, с. 371) т.б.

Бұл топтама бойынша джигит сөзі кең семантикалық көлемде қолданылады. Сөздіктерде '*джигит*' лексемасы келесідей семалармен белгіленген: «ер жеткен», «жас», «ер жынысты». Бұл семалардың әрқайсысы актуалдана алады.

ә) туыстық қатынас бойынша. Қазақ тіліндегі туыстық қатынасты білдіретін сөздер орыс тілімен салыстырғанда нақтылығымен ерекшеленеді. Туыстық лексемалар көбінесе аударма кезінде ерекше коннотативті семалар арқылы қолданылады. *Келін* сөзі, біріншіден, ата-аналарға ұлының әйелі, жасы кіші туыстың әйелі, екіншіден, «үйге жаңа түскен қыз» мағынасын береді. Ал орыс тілінде *сноха* және *невеста* сөздері қолданылады. Аудармашы кей жағдайда *келін* сөзінің орнына 'сноха' лексемасын қолданудың орнына *келін* сөзін қалдырады, өйткені, ол қандай да бір диспозиционалды семаны актуалдандыруға мүмкіндік береді. Мысалы: – *Жағаласпа, шығарма тіліңді! Бұлар бәйбіше, біз тоқал ғой... тепкі көрмекпіз ғой...* (1 кітап. Жолда, 96 б.). – *Замолчи! Довольно! Вы – старшие, мы –* ***токал****!* (Ч. 1. В пути, с. 81); *Тым құрыса, жеңге болсаңыз бір сірә еді!..* (1 кітап. Жолда, 105 б.). – *Было бы еще понятно, если бы вы были* ***женге*** (Ч. 1. В пути, с. 104); *Жетер еді, қайнаға!* (1 кітап. Жолда, 106 б.). – ***Кайнага****, не стоит труда* (Ч. 1. В пути, с. 104); *Бірақ анада Абай өзін күлкі қып қатты тойтарып тастағандықтан, енді туралап айтпай қиялап кеп: «Келіннен ұят болды-ау!», – деп еді* (1 кітап. Жолда, 112 б.). – *Придется мне там краснеть перед* ***келин****, – заметил он вскользь, обращаясь к старшим, как бы ожидая их поддержки* (Ч. 1. В пути, с. 111) т.т.

б) меншіктік қатынас бойынша: Бүгін қашқан Мәкен Дайырдың жесірі. Дайыр ғана емес, Оразбайдың жесірі (4 кітап. Құз-қияда, 64 б.). – *Макен, бежавшая с Дарменом, приходилась* ***жесир*** *не только Даиру, но также и Уразбаю, и Даир считал, что главным виновником похищения девушки был, разумеется, не Дармен, человек без роду и племени, а давнишний враг Уразбая Абай* (Т. 2., Ч. 2. Над бездной, с. 348); *Болмаса, көптен көп біздей бақырларыңыз, сол Сейсекелерге бір жағын төлеп, тағы бірдемелерін түгел жеткізе алмай қалса болды, құл қылып аяғына жіп тағады да қояды* (4 кітап. Шайқаста, 240 б.). – *В противном случае, если такие* ***бакыры****, как мы, не смогут выплатить долг или чего-то не довезут, то Сейсеке и ему подобные тут же превратят нас в рабов!* (В схватке, с. 403) т.б.

«Абай жолы» шығармасының аудармасында *жесір* сөзінің анықтамасы былайша беріледі: жесир – овдовевшая женщина, за которую выплачен калым и которая становится собственностью того рода, который за нее заплатил.

в) шығу тегі бойынша. Мысалы: – *Өй ұқсамасын тумағыр! «Ұры Тобықты, ұры Тобықты!» – деп Керей, Уақ зар қағады. Қаршадай баласына шейін ұры болудың жөнін жете біліп тұр. Зар қақпай қайтесін Керей, Уақ!... – деп өзі де күлді* (1 кітап. Қайтқанда, 17 б.). – *Ох, и уродится же такой – весь в отца! И керей и уаки вечно стонут: «Тобыктинцы – прожженные воры, тобыктинцы – грабители!» А как же им не стонать, когда в*

Тобыкты *даже молокососу известны все воровские повадки?* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 5); *Оның аты-тегін де бар Тобықты, бар Қарқаралы «Қаракөк» деп атайды* (1 кітап. Жолда, 91 б.). – *Его род носил прозвище «**Каракок**»* (победитель на скачках, почетное прозвище; Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 88); *Орта жүздің бар атасы бас қосқан зират көргенім осы* (3 кітап. Өкініште, 155 б.). – *Я впервые вижу кладбище, где похоронены представители почти всех племен **Среднего Жуза*** (Т. 2., Ч. 1. Горечь, с. 154); Беттің сонында келесі түсініктеме беріледі: Средний жуз – Средняя Орда, населявшая юг нынешней Семипалатинской области.

Аудармада *Тобықты* сөзіне мынадай түсініктеме беріледі: Тобыкты – многочисленное племя казахов Среднего Жуза (Средней Орды), населявшее юг нынешней Семипалатинской области – всю территорию Чингизского хребта и степи к северу от него. Соседями тобыктинцев были племена: на юге – Керей, на западе – Каракесек, на севере – Уак, на востоке – Сыбан. Племя Тобыкты разделялось на несколько родов, из которых в романе действуют: иргизбаи, жигитеки, бокенши, торгаи, топан, карабатыры, кокше и др. Абай происходит из рода Иргизбай.

г) атқаратын қызметі бойынша: би, сұлтан, бастық, ауылнай, болыс. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде ‘би’ лексемасы дауларды шешуші сот деп анықталады [3, 301 б.]. Би сөзінің бірінші мағынасы – ру басы, екіншісі, рудың таңдамалы соты. Бұл семема күрделі, бірнеше узуалды және окказионалдық семаларды қосады. Узуалды семаларға ‘сот’, ‘рулық’, жатады, окказионалдық семаларға ‘ақылгөй’, ‘белгілі’, ‘әділетті’ сөздері жатады.

Аудармада келесі мысалдар кездеседі: *«Төрт тоқал» туысқандарының бір тоқалынан осы Майбасар. Бұны биыл Құнанбай өзі аға-сұлтан болғаннан кейін, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-ді (1 кітап. Қайтқанда, 21 б.). – Став в этом году **ага-султаном** (ага-султан – начальник окружного приказа. Он выбирался из числа старейшин казахских родов на общем сборе округа и утверждался генерал-губернатором Западной Сибири. Кунанбай был ага-султаном Каркаралинского округа в 1857-1858 гг.), Кунанбай поставил Майбасара волостным управителем Тобыкты* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 10); *Әр рудың, көп рудың адамдары. Ылғи атқамінері ғана. – Ни одного бедно или даже скромно одетого, – здесь собрались все **аткаминеры** сильных, крупных родов* (1 кітап. Қайтқанда, 33 б.); *«Естімеген елде көп, есек мінген сартта көп» деген осы екен-ау* (4 кітап. Шайқаста, 237 б.). – *Как говорится, «слов у народа не меньше чем у **сартов** (восточных торговцев) ослов»* (В схватке, с. 396); *Онда жиналған адамдары тек Семей оязының қыр болыстарынан келген ниеттес, сыбайластары болатын* (3 кітап. Қоршауда, 269 б.). – *Вы слышали, что наш уездный **ояз** (начальник) Казанцев вызывает Абая держать ответ?* (Т. 2., Ч. 1. В кольце, с. 265) т.б.

ғ) әскери міндеттерді орындауға қатысты. Бұл топқа ‘*батыр*’, ‘*сарбаз*’, ‘*сардар*’, ‘*нүкер*’ лексемалары кіреді. *Батыр*, біріншіден, халық жауымен күресетін эпикалық аңыздардың кейіпкері, екіншіден, ержүрек, қайсар адам, үшіншіден, бір адамды мақтау үшін қолданылатын сөз. Дегенмен, орыс тілінің көркем мәтіндерінде бұл сөз өзге семантикалық уәжге ие. Көп жағдайда ‘батыр’ лексемасы ержүрек, қайсар узуалды семаларын құратын бірінші мағынасын сақтайды. Кейде алдыңғы қатарға осы

семалардың бірі шығады. Мысалы: *Бұл қалаға аға сұлтан көп туысқанын, көп нөкерін ертіп келген* (1 кітап. Жолда, 89 б.). – *Ага-султан прибыл в город в сопровождении многочисленных сородичей и* ***нокеров*** (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 88) т.т.

д) айналысатын ісі бойынша. Бұл топқа қазақ халқының музыка және поэтикалық өнер адамдары – ақын, жырау, жыршы, күйші, қобызшы жатады. Орыс тілінің көркем мәтіндерінде айналысатын ісі бойынша *саипкер* (ценитель, знаток лошадей, наездник, который готовит лошадей к скачкам), *мерген* (меткий стрелок), *садакчи* (лучник), *караванбаши* (начальник каравана), *азанчи* (служитель мечети, призывающий к утренней молитве) қазақ сөздері кездеседі. Мысалы: *«Қадырбайдың ақын қызы» деп аталатын Қуандық осы екен* (1 кітап. Қияда, 262 б.). – *Это была Куандык, которую называли «****акын-кыз*** *Кадырбая»* (Т. 1., Ч. 1. В вышине, с. 263); *Онымен ғана тыңбай, зебедейшінің екі охотшысы «Митри мен Симон» енді күн санап ертенді кеш Шәріпжан халфе, соқыр қари, Самұрат мәзін және саудагерлер Отарбай, Қорабайларды қайта қайта дознаниге шақырды* (4 кітап. Түн-түнекте, 54 б.). – *Вот идут* ***охотши*** *(обходчики) – Митрий и Семен* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 341) т.т.

2. Әкімшілік белгілеу бойынша. Мұнда басқарма және елді-мекен атаулары жатады (*аймақ, аул, жуз, орда, улус, ханство*): *Орта жүздің бар атасы бас қосқан зират көргенім осы* (3 кітап. Өкініште, 155 б.). – *Я впервые вижу кладбище, где похоронены представители почти всех племен Среднего* ***Жуза*** (Т. 2., Ч. 1. Горечь, с. 154) т.б.

3. Тұрмыс заттары. Тұрмыс лексикасын келесі атаулар құрайды:

а) тұрғын үйге қатысты атаулар. Жазда жайлауға, қыста қыстаққа көшіп жүретін қазақ халқы киіз үйлерде тұратын. Киіз үй *кереге, уық, туырлық, шаңырақ, дастархан, түндік* сияқты бөліктерден тұрады, мысалы: – *Түнлікті жауып, есікті түріп қойшы!* (1 кітап. Қайтқанда, 47 б.). – *Закрой* ***тундук*** *(четырехугольный войлок, закрывающий надкупольное верхнее отверстие юрты), чтобы солнце его не беспокоило, и опусти дверь* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 41); *Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, меймандос, мол үй* (1 кітап. Жолда, 88 б.). – *Дом Улжан – самый большой на зимовье Жидебай, гостеприимный, просторный, он весь украшен коврами, кошмами,* ***алаша*** (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 79); *Үй ішіндегі тұскиіз, кілем, сырмақ, текемет сияқты шаң көп боларлық жиһаз, бұйымдардың бәрін жиғызып шығартқан-ды* (4 кітап. Қапада, 134 б.). – *По приказу врача из нее были вынесены ковер,* ***тускииз, сырмак, текемет*** *– все, что легко пылится* (Т. 2., Ч. 2. В кручине, с. 423); *Бастап келген Дәрмен. Ол бұл үйге келіп, түсіп жүргендіктен ескі туырлыққа былтыр жамалып қосылған жаңалау қызыл киізді есінде сақтаушы еді* (4 кітап. Қапада, 110 б.). – *Всадники не стали спрашивать у них дорогу, Дармен точно знал нужный дом, который нельзя было ступать ни с каким иным – в прошлом году на старый* ***туырлык*** *хозяева, нашили заплатку из красного войлока* (В печали, с. 183) т.б.

ә) ыдыс-аяқ атаулары тұрмыста атқаратын қызметі жағынан сан алуан болып келеді. *Коржун, турсук, кесе, шакша, кумган, саба, кап, кебеже, тостаган*: *Әр бөлменің леген құмғаны, майлық сулық орамалы әзірленіп, осы байдың приказшығі, тілхаты малайы есебінде жүретін жеті сегіз жігіт*

күтушілері де әр бөлмеде қонақ тосумен болды (4 кітап. Түн-түнекте, 24 б.). – *Ожидая большого наплыва гостей, Жакып приказал в каждой комнате поставить тазы с* ***кумганами*** *(кувшин), разложить полотенца и салфетки. Восемь приказчиков должны были ухаживать за гостями* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 315) т.т.

б) киім-кешек және әшекей бұйым атаулары. Чапан, тымак, саукеле, жаулык, кимешек, бойтумар, тон. Мысалы: *Абай тау ажарынан осындай оқшау бір бітім көріп, қалада қарап отырып, тымағын алды* (2 кітап. Тайғақта, 15 б.). – *Абай сбросил с головы* ***тымак*** (Т. 1., Ч. 2. Перед бродом, с. 315); *Дәрмен, Мағаш, Кәкітай, Өтегелді сияқты бүгінгі кеште бәріне ортақ сыр сақтаған жігіттердің құлағына жиі-жиі сылдыраған шолпы дыбыстары келеді* (3 кітап. Өкініште, 142 б.). – *Скоро у дверей юрты послышалось позванивание* ***шолпы****, тихие женские голоса и сдержанный смех. Дармен, Магаш и Утегельды с нетерпением посматривали на дверь, ожидая появления Магрифы* (Т. 2., Ч. 1. Горечь, с. 141); *Майсара айтқан кәләпушты, Афтап ұнатқан қалпақты да анау үйде өлшеп, көре бере Мағаш ытқытып тастаған еді* (4 кітап. Түн-түнекте, 42 б.). – *Он хорошо оттенял ее длинное плиссированное платье из кремового шелка. Молодая женщина отказалась от хваленной Майсарой* ***каляпуш*** *и от* ***калфака****, предложенного Афтап* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 398); *Жабық қораның ішінде оның тысырлатып басқан кебісінің даусы ұзаңқырап барады* (4 кітап. Түн-түнекте, 4 б.). – *Под его деревянной крышей лишь стучали ее* ***кебесы*** (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 395); *Әбіш оқа шеккен тақия мен ақ жібек шәлі жайын ескертті* (4 кітап. Түн-түнекте, 42 б.). – *Но Абиш неожиданно заспорил с пожилой горожанкой, настаивая на том, что супруга его надела белую, шелковую шаль, а на голову –* ***такию*** *с яркой вышивкой* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 398); *Осылайша – өзі істеген жүзік сырғасын ұсынған, қазақша кіселер белдік жасап, қыны мен пышағын түгелдеген қол істемелері де кездеседі* (4 кітап. Түн-түнекте, 48 б.). – *Ходили здесь и ювелиры, искусные мастера, предлагавшие перстни и серьги, казахские* ***кисе*** *(кожаный пояс), ножи и ножны* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 394) т.б.

в) еңбек құралдары мен қару-жарақ атаулары. Арқан, камча, курук, мултык. Қамча – түркі сөзі, қазіргі орыс тілінде «нагайка», «плеть», «кнут» деген мағына береді, денотативті жағынан *қамшы* сөзінің мағынасымен сай келеді. ‘Курук’ лексемасы *аркан* сөзінің мағынасына жақын, бірақ *арқан* түрік сөзінен енген, ал *курук* оған қарағанда нағыз қазақы болып табылады. Мысалы: *Жорға Жұмабайдың тақымында қара шоқпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайын сойылы бар-ды* (1 кітап. Қайтқанда, 15 б.). – *И оба шевелили коней, то рысью, то вскачь догоняя его, – Жумабай – зажимая под коленом свой черный* ***шокпар****, Байтас – придерживая носком сапога длинный березовый* ***соил*** (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 14); *Осылайша – өзі істеген жүзік сырғасын ұсынған, қазақша кіселер белдік жасап, қыны мен пышағын түгелдеген қол істемелері де кездеседі* (4 кітап. Түн-түнекте, 48 б.). – *Ходили здесь и ювелиры, искусные мастера, предлагавшие перстни и серьги, казахские* ***кисе*** *(кожаный пояс), ножи и ножны* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 394); т.б.

г) музыкалық аспаптар атаулары. Қазақ халқының музыкалық дарындығы белгілі. Қазақ музыкалық аспаптары дыбысталу тембрі, формасы

бойынша ерекше. Ең кең таралғандар қатарында *домбыра, сыбызғы, кобыз* болды. Әсіресе, қазақ халқының тұрмысын, тарихи оқиғаларын суреттегенде, осы атаулар жиі кездеседі. Мысалы: *Домбыра да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да: «мен сал домбырамын» дегендей* (2 кітап. Оқатпа, 168 б.). – *Даже домбра его была украшена более пышным пучком перьев филина и бубенчиками, будто и она говорила: «Я тоже не простая, я – **сал-домбра**!»* (Т. 1., Ч. 2. По рытвинам, с. 464) т.б.

ғ) азық-түлік, тағам атаулары. Мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқының көшпелі салты тағамдарға да әсерін тигізді: *қазы, жал, шұжық, бесбармақ* және т.б. Мысал келтірейік: *Келіні жаңа ысытып әкелген, құрт қосқан қонақ көжені анда-санда бір ұрттап отырып* (1 кітап. Қайтқанда, 33 б.). – *Кодар медленными глотками потягивал просяной навар с разведенным **куртом**, разогретый ему снохой* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 25); *Бетінде азғантай ғана құрым белгісі бар сап-сары қымыз, арқар мүйізінен істелген үйрек ожауымен Майбасар сапырғанда, көпіршімей, шып-шып етіп шымырлап қана толқиды* (1 кітап. Жолда, 97 б.). – *Густая влага, чуть пожелтевшая от **саба**, не вспениваясь, плавно колыхалась пологой, спокойной зыбью* (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 94); *Дастарқан үстінде үш табаққа сап ашыған бауырсақ қойысты...* (1 кітап. Жолда, 97 б.). – *На скатерть были поставлены чашки с **баурсаками** из кислого теста* (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 94); *Бұл дағдылы ет, қуырдақ емес, Құнанбайдың қымызбен қоса жейтін жаубүйрек деген тамағы еді* (1 кітап. Жолда, 97 б.). – *Карабас принес и горячее, – это было не обычное мясо или **куырдак**, а любимое блюдо Кунанбая, называвшееся «жау-буйрек», которое он ел с кумысом* (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 94); *Жеп іш, Абай! – деп, енді қонағының алдына жент пен майды да, бауырсақты да молырақ ысырып қойды* (1 кітап. Шытырманда, 125 б.). – *Выпей, закуси, Абай! – сказал он, придвигая к гостю **жент**, масло и **баурсаки*** (Т. 1., Ч. 1. В дебрях, с. 124); – *Бауырсақ, шелпек болады деп, айта алмайды, оған май керек қой* (3 кітап. Қақтығыста, 187 б.). – *Она не сказала, что еще из пшеничной муки жарят **баурсаки** и пекут на масле **шелпеки**, потому что в ее родительском очаге масло давно не употреблялось ввиду его отсутствия* (В схватке, с. 327) т.б.

4. Дәстүр, ойын, этнографиялық түсініктер. Реалий-сөздерінің арасында этнографиялық түсініктер ерекше орын алады. Олар келесі тақырыптық топтарға бөлінеді:

а) салттар мен рәсімдер: кун, найза-майлау, сут-ақы, шашу, суюнши: *Сондай жолдармен ақталған Құнанбай Қарқаралыға қайта келгенде, «сүйінші» тілеген шапқыншы Тобықтыға қарай ұйытқи шапқан* (1 кітап. Бел-белесте, 185 б.). – *Едва Кунанбай, оправданный таким своеобразным способом, вернулся в Каркаралинск, в Тобыкты один за другим понеслись верховые – каждому хотелось доставить радостную весть и получить **суюнши*** (Т. 1., Ч. 1. По предгорьям, с. 183); *Алыңдар, көрімдік сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар! – деп үлкен бәйбіше қолына шашуын алды* (1 кітап. Өрде, 198 б.). – *Поднимите занавес! Вот вам выкуп! – ответила байбише, показывая **шашу*** (Т. 1., Ч. 1. На подъеме, с. 198); *Екі жақтан табысқан ата-ана әуелі осы келудің үлкен тойын жасау керек* (1 кітап. Өрде, 199 б.). – *Родители должны прежде всего справить*

той *в честь первой поездки и окончания сговора* (Т. 1., Ч. 1. На подъеме, с. 199) т.т.

ә) өнер туындылары: айтыс, жоқтау, кисса, кюй, мысалы: *Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет әзілдерін де көп айтып береді* (1 кітап. Қайтқанда, 53 б.). – *Она целыми днями могла передавать* ***жыры***, ***айтысы***, *назидания в стихах* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 49); *Алғашқы бір қауысуларды осымен өтіп, ойын арасында айтысқа тағы оралып келгенде Қуандық ән айтпай, термеге түсті* (1 кітап. Қияда, 268 б.). – *В следующий раз Куандык перешла с песни на* ***терме*** (Т. 1., Ч. 1. В вышине, с. 263) т.т.

б) ұлттық ойындар: ак-суйек, альчики, мысалы: *Жалпақ ел, бар ауылдар осы жайлауға көшу сапарында балалардың «ауыл-ауыл», «күрке--күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады* (1 кітап. Қайтқанда, 53 б.). – *Каждый устраивал себе жилище по своему вкусу, как кому нравилось, точно по пути на жайляу все сговорились играть в «аул-аул», «шалаш-шалаш» и «****курке-курке****»* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 46); *Әйгерім көбінше кесте тігеді. Төрде Ерболмен Баймағамбет күзгі ақ қымызды асықпай, ұзақ ішіп отырып, тоғызқұмалақ ойнады* (2 кітап. Оқатпа, 180 б.). – *Айгерим, по обыкновению, была занята вышиванием, Ербол и Баймагамбет, неторопливо попивая осенний кумыс, играли в* ***тогызкумалак*** (Т. 1, Ч. 2. По рытвинам, с. 477) т.б.

5. Діни түсініктер. Діни түсініктер бес тақырыптық топқа бөлінеді:

а) мифтік кейіпкерлер: – Ей, Сүйіндік, – деп киіп кетіп ұрыса сөйледі, – албасты да қабаққа қарай басатын (1 кітап. Қайтқанда, 28 б.). – *Эй, Суюндик, – гневно отрезал он. –* ***Албасты*** *подстерегает слабых!* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 19); *Бұдан былай, бұл әулиемізбен араласымыз бола қоймас-ақ! Ертөстік болмай-ақ қоямын* (3 кітап. Өкініште, 155 б.). – *Разве я какой-нибудь* ***Тостик***, *чтобы искать чудеса? Волшебные красавицы мне не нужны, я вполне довольствуюсь хорошей тобыктинской девушкой, которую выберу сам* (Т. 2., Ч. 1. Горечь, с. 153) т.т.

ә) мұсылмандық мерекелер мен рәсімдер: азна, ас, жаназа, намаз т.б. Мысалы: *Олар жаназадан, фидиядан, хатімнен және өлген адамның жетісі мен қырқынан күні түні мол жем айырып жатыр* (4 кітап. Түн-түнекте, 14 б.). – *Они выручают большие деньги от жаназа,* ***фадия*** *(отпущение грехов) и* ***хатыма*** *(поминальная молитва), от семидневных и сорокадневных поминок* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 302); *Бұхар мақамына салып, ұзын сүрені жатқа созып отырды* (4 кітап. Түн-түнекте, 17 б.). – *Смиренно закрывая веки, он читал наизусть священные тексты бухарским* ***макамом*** *(манера чтения), оплакивая мусульман, погибших от холеры* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 302); *Ол бар жұртқа айқын көрініп тұрған мінберге тақады* (4 кітап. Түн-түнекте, 20 б.). – *Мелкими шагами он поднялся на* ***минбер*** *(возвышение), откуда обычно произносил проповеди* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 309); *Сонда Дәулеткелді «ендеше көріп алайын» дейді де, әуелі ағузыны қатты бастап қалып, аяқ жағын міңгірлеп бітіріп, қол қусырып алхамдүні айтарда дауыстап тұрады* (4 кітап. Шайқаста, 244 б.). – *Принялся читать* ***агузы***, *затем перешел к* ***алхамды*** (В схватке, с. 410) т.б.

Аудармада «фадия» және «хатым» сөздеріне келесі түсініктеме беріледі: фадия – искупительная жертва мулле за то, что он принимает на себя грехи покойного; хатым – чтение всего Корана по покойному несколькими муллами.

б) діни заттар: ахрет, тана т.б. Мысалы: *Ең алдымен мынау мешіттің астында тұрған үш табыт куа* (4 кітап. Түн-түнекте, 26 б.). – *Три* ***табыта*** (погребальная носилка), *которые стоят в подвале мечети* (Т. 2., Ч. 2. Во мраке, с. 40) т.б.

в) діни ғимараттар атаулары: балбал, мазар, мола т.б. Мысалы: *Кейде олар көкмұнар ішінде қалқып, көтеріліп, жерден үзіліп, аспандап кетеді. Кейде тау, кейде қыстау, молла, кейде тоғай сөйтеді. Осы сағым ар жағында, көкшіл мұнар арасында Шыңғыстың қалын қатпар, қара көк бөктері көрінеді* (2 кітап. Тайғақта, 34 б.). – *Странные бесчисленные образы сменяют друг друга, вырастая и исчезая, приникая к земле или подымаясь к небу зеленовато-серым облаком, – то горы, то землянки, то высокие* ***мазары****, то густой бор…* (Т. 1., Ч. 2. Перед бродом, с. 332); *Содан бері ол Меккеден келгелі Нұрғанымның үйінде, шымылдықты түсіртіп, өз мекенін өзінше намаз орнына айналдырған-ды* (2 кітап. Еңісте, 97 б.). – *Вернувшись из Мекки, он поселился в юрте Нурганым за постоянно опущенной занавеской, превратив свое жилище в какую-то келью или* ***михраб*** (Т. 1., Ч. 2. Взгорьями, с. 396) т.б.

6. Жануарлар, өсімдіктер атауы. Қазақстан территориясында жүз елу мыңға жуық жәндіктер, бірнеше жүз құс түрлері, бес мыңнан астам өсімдік түрлері бар:

а) үй жануарлары. Қазақ халқы ертеден мал шаруашылығымен айналысқан. Сол себептен, үй жануарларының атауы мал өсіруге байланысты болған. Көркем мәтіндерде көбіне кездесетін атаулар *аргамак, айғыр, донен, кунан, тулпар, тай* т.б. Мысалы: *Бұдан былай мұның үлкені Бөрібасар болсын, кішісі анау өзіміздің сақтөбет Көрердің атын алсын да, Көрер болсын, – деген* (3 кітап. Қаршығын, 123 б.). – *И тут же заявила – А впрочем, верно: пусть отныне старший называется Борбасар, а младший –* ***Корер****, как зовут наших собак… Самые подходящие для них имена!»* (Т. 2., Ч. 1. Черные поборы, с. 125) т.б.

ә) жабайы аң атаулары: беркут, корсак, кулан, тау-теке, аккуйрук. Мысалы: *Тұрғанбайдың қолындағы бүркіт бар аңшының аса бір ыстық көретін қапысыз қыраны – Тұлақтың Қарашолағы атанады* (2 кітап. Тайғақта, 185 б.). – *На руке Турганбая сидел знаменитый* ***Карашолак****, зависть окрестных охотников, ловчий беркут выучки самого Тулака, известного сыбанского орлятника* (Т. 1., Ч. 2. По рытвинам, с. 482) т.б.

б) өсімдік атаулары: саксауыл, алабота, джусан, шабталы, кизилча, тал, тобылга. Мысалы: *Қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабағы бол!* (4 кітап. Шайқаста, 435 б.). – *Лучше ли быть соломой пшеничной, чем зерном* ***карамыка****?* (В схватке, с. 394) т.б.

Аталмыш топтың ішінен «Абай жолы» шығармасының аудармасында ауа-райылық құбылыстарды сипаттайтын реалий-сөздері кездеседі: *Тіпті, боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын* (1 кітап. Қайтқанда, 18 б.). – *В прошлом году, когда на* ***бохрау*** (русский покров), *во время стрижки овец, он отправлялся в город учиться, ему пришлось выехать как раз отсюда, из Есембая* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 7) т.б.

Біз М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаеваның ұсынған топтамасын реалий-вокативтерімен толықтырамыз. Мысалы: *Шырағым, ер*

жетіпсің (1 кітап. Қайтқанда, 56 б.). – *Ты растешь. Абай-**ширагим*** (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 52); – *Алда жарықтық-ай!..* (1 кітап. Жолда, 119 б.). – *О **жарыктык**!* (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 117); *Жеңешетай, ұмытпаспын!* (1 кітап. Бел-белесте, 190 б.). – ***Женешетай**, никогда не забуду!* (Т. 1., Ч. 1. По предгорьям, с. 188) т.б.

Аудармада *жарықтық* сөзіне келесі түсініктеме беріледі: жарыктык – почтительное обращение к старшим, подчеркивающее их превосходство, исключительные моральные качества.

Адам өміріндегі кез-келген іс-әрекеттің белгілі бір шарты – қарым-қатынас. Кез-келген қарым-қатынас вокативтен (орыс тілінде – именительный воззвания, зат есімнің ерекше түрі) басталады.

Белгілі ғалым Н.И. Формановская адресат қызметін кез-келген адам атқара алады, таныс немесе бейтаныс деген тұжырымдамаға келеді. Ғалым қай адаммен – таныс ия болмаса бейтаныспен – қарым-қатынасқа түсуіне байланысты вокативтерді екі топқа бөледі: «Обращения можно разделить на две большие группы: обращения к незнакомому и к знакомому, поскольку в основу образования обращения кладутся разные классы существительных: для знакомых, близких – это огромное количество собственных имен, наименований родства, прозвищ и т.д.; для незнакомых – совсем другие номинации» [4, 15 б.].

Біз анықтаған вокативтер келесі қызмет атқарады:

1) коммуниканттың назарын өзіне аудару;

2) коммуникация катысушыларының арасында келісім орнату;

3) шақыру қызметі (апеллятивтік);

4) экспрессивтік қызметі – өзінің сол адамға деген қарым-қатынасын білдіру;

5) адресатқа әсер ету, яғни коммуникация орнату үшін оны белгілі бір қарым-қатынасқа шақыру;

6) адресатты тыңдаушылардың арасынан даралап алып шығу.

Вокативтердің мақсаты – сөйлеушінің белгілі бір адамның назарын өзіне аударту. Олардың түрлері адамдар арасындағы қарым-қатынасты сипаттайды.

Зерттеуімізде кездесетін вокативтерді үш топқа бөлеміз:

1) туыстық қатынасқа байланысты вокативтер;

2) эмоционалды-экспрессивті вокативтер;

3) жасына, атқаратын қызметіне, айналысатын ісіне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайына байланысты вокативтер.

«Абай жолы» шығармасының аудармасында бірінші екі топқа қатысты мысалдарды жиі кездестіреміз. Сондықтан осы екі топқа жататын вокативтерге талдау жасап көрелік.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың басқа тілде баламасы жоқ. Олардың вокатив ретінде қолданылуы, ғалым З.К.Ахметжанованың пікірінше, келесі факторлармен түсіндіріледі: «1) значимостью семейно-родственных отношений в жизни казахского народа и его разветвленностью; 2) тот или иной статус в системе семейно-родственных связей обусловливает определенный тип поведения по отношению к другому члену в общении друг с другом. Например, в ситуации муж сестры «*жезде*» и ее сестренка «*балдыз*» – у «*жезде*» по отношению к «*балдыз*» появляются определенные

обязанности: он должен опекать, защищать, советовать, направлять и т.д., и в свою очередь *балдыз* воспринимает *жезде* как отца, опекуна и складываются особые отношения между ними; 3) примат родственных отношений в жизни казаха обусловливает тенденцию – все виды общения переводить на тональность семейно-родственных отношений» [5, 16 б.].

Мысалы, *жеңге* деген вокативке келетін болсақ, ‘жеңге’ лексемасы ‘өзіннен үлкен туысыннның әйелі’ деген мағынаны білдіреді. *Жеңге* вокативі *жеңеше*, *жеңешетай*, *жеңгетай* түрлерінде кездеседі. Бұл түрлерінде ‘құрмет’ семасы арта түседі де, лексемалардың прагматикалық қызметі күшейеді, мысалы: *Жеңешетай, ұмытпаспын!* (1 кітап. Бел-белесте, 190 б.). – ***Женешетай**, никогда не забуду!* (Т. 1., Ч. 1. По предгорьям, с. 188); *Ораз подскочил к ней (жене чабана), стараясь заглянуть в глаза: **Женгетай**, зачем же так сердиться! Да мы вам еще один загон поставим. Лучше этого! – уговаривал он* (С. Нурмагамбетов. Поле детства, с. 167) т.б.

Келін вокативінің ерекшелігі – оның мағынасында. *Келін* сөзінің мағынасы: невестка, сноха, выполняющая все хозяйственные работы, занимающая низшее положение в семейной иерархии. Талданып отырған вокатив келіннің отбасындағы орнын көрсетіп прагматикалық кызметін айқындай түседі: *Бірақ анада Абай өзін күлкі қып қатты тойтарып, тастағандықтан, енді туралап айтпай қиялап кеп: «Келіннен ұят болды-ау!», – деп еді* (1 кітап. Жолда, 112 б.). – *Придется мне там краснеть перед **келин**, – заметил он вскользь, обращаясь к старшим, как бы ожидая их поддержки* (Ч. 1. В пути, с. 111) т.б.

Қазақ халқында туыстық үш жұртқа бөлінеді: өз жұрты, нағашы жұрты және де қайын жұрты. Сол себепті тілде де осы жұрт бойынша вокативтер қолданылады.

Вокативтердің екінші тобына келетін болсақ, эмоционалды-экспрессивті вокативтер өзара екіге бөлінеді:

1) аспан шырақтарын атайтын вокативтер;

2) жан-жануарлар төлдерін атайтын вокативтер.

Аспан шырақтарын атайтын вокативтерге *жарығым, жарқыным, күнім, айым, саулем, шырағым, айналайын* сөздері жатады, ал орыс тіліндегі баламалары: *солнышко, светик, лучик, звездочка.* Мысалы: *Шырағым, ер жетіпсің* (1 кітап. Қайтқанда, 56 б.). – *Ты растешь. Абай-**шырагим*** (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 52); – *Алда жарықтық-ай!..* (1 кітап. Жолда, 119 б.). – *О **жарыктык**!* (Т. 1., Ч. 1. В пути, с. 117); *Ендеше, **жарқыным**, өз жұмысыңды біл. Тіл безегенше, нормаңды орында* (О. Бөкеев Бәрі де майдан, 53 б.). – ***Лучик** мой, **светик**, – радостно воскликнула и подняла на руки своего малыша* т.б.

Бірінші мысалда *шырағым* вокативі арқылы бала мен баласын көп көрмеген ананың арасында қарым-қатынас көрсетіледі. Ал орыс тіліндегі *светик* вокативі *шырағым* вокативінің семантикалық калькасы болып табылады. Шырағым вокативін біз ересек адамға да қолдана аламыз, ал орыс тіліне келетін болсақ, *светик* вокативі тек қана балаға қолданылады.

Қазақ тілінде аспан шырактарын атайтын вокативтер таныс ия болмаса бейтаныс адресатқа қатысты айтыла береді. Олардың қолданылу мақсаты – ерекше жылулықты, сый-құрметті көрсету.

Екінші топқа – жан-жануарлар төлдерін атайтын вокативтерге – мына сөздер жатады: *құлыным, құлыншағым – жеребенок*; *шұнағым – козленочек*; *қошақаным – барашек; ботақаным, ботам – верблюжонок; балапаным – цыпленочек* т.б. В русском языке: *котеночек, цыпленочек, птенчик, ласточка, воробушек* т.б. Мысалы:

Каз.: – *Құлыншағым*, тезірек киін, далаға барамыз.

– *Ботақаным*, сен қайдасың?

Рус.: – *Ласточка*, ты согласна поехать в путешествие?

– Да, с удовольствием!

Қазақ тілінде аталмыш топқа жататын вокативтердің негізін төрт түлік мал атауларының төлдері құрайды. Олар көбінесе баланы еркелетіп, балаға деген махаббатты білдіру мақсатында айтылады. Орыс тілінде бұл топтың вокативтерінің негізін құс атаулары құрайды.

Үшінші топқа келетін болсақ, қазіргі қазақ қоғамында таныс адамдарға атын атап назар аудартады, мысалы: – *Абай-ау, жұт жылғы аязды күнді сұрағандай таң атқаннан бері қайта-қайта күнді сұрай беретіңіз қалай? – деп ақырын сыңғырлап күлді* (1 кітап. Қайтқанда, 20 б.) – *Что вы все беспокоитесь о погоде,* ***Абай****, будто сейчас зима и гразит джут?* (Т. 1., Ч. 1. Возвращение, с. 10); *Дәрмен! Дәрмен! Сүйінші! Еңлік жыры сенікі, – деді Мағаш* (3 кітап. Бел-белесте, 10 б.). – ***Дармен****, Дармен суюнши!... Тебе писать о Енлик!* (Т. 1., Ч. 1. По предгорьям, с. 183) т.б.

Туыстық атаулардың вокатив ретінде қолданылуы қазақ отбасындағы туыстық қарым-қатынастың маңыздылығы, терең философиялық дәстүрі және де отбасындағы әр туыстың өзіндік орнымен түсіндіріледі.

Аға, ағай вокативтері таныс ия болмаса бейтаныс адамға қатысты айтыла береді, ең бастысы – жасы үлкен адамға: *Как зовут вас, ага? – спросил он запоздавшего пассажира* (Д. Досжанов. Лодочник, с. 137); *Ассалямалейкум, агай. – Держа за крыло, он протянул незнакомцу подстреленного фазана* (М.Симашко. Колокол, с. 87); *Простите, агай, что побеспокоил вас, – и вдруг перешел на русский официальный язык...* (М.Симашко. Колокол, с. 308) т.т.

Сонымен қатар, *аға, ағай* вокативтерінің прагматикалық қызметін арттыра түсетін *ағатай, ағажан, ағеке* түрлері де пайдаланылады: ***Ағатай****, оставайся хотя бы на одну ночь! – умоляла, плача, чернявая девчонка с черными пушистыми волосами* (Б. Майлин. Повести и рассказы, с. 182); *Дочь Шакшакбия уже проснулась?.. – со двора донесся голос Асрепа – старшего брата ее мужа. –Я встала,* ***агеке****, я давно проснулась* (Г. Мусрепов. Улпан ее имя, с. 257).

Қазақ тілінде өзіндік ерекшелігімен *отағасы* вокативі дараланады. Оның ерекшелігі – отбасындағы әкеге қатысты ия болмаса ағайындылардың ең үлкеніне қатысты айтылады. Бұндай вокативтің орын алуы оның экстралигвистикалық сипатымен түсіндіріледі: қазақ халқында әйел адам өзінің жарын атымен атамаған, *отағасы* деп атаған. Кейін бұл вокатив отбасындағы ер адамдардың үлкеніне қатысты айтыла берген: *Старик, ты, выходит, того Кажибая сын, которого, мир – праху его, снегом завалило в горах? Шер кивнул. –* ***Отағасы****, – позвала его старуха в кимешеке. – Ну, что еще?*(С.Нарымбетов. Ущелье ржущего стригунка, с. 227) т.б.

Көке вокативі қазақ тілінде ‘әке’ немесе ‘аға’ мағынасында қолданылады. Аталмыш лексемада ‘аса құрметтілік’ және ‘еркелік’ семалары тоғысқан: *И я, твой сопливый братишка, уже стал стариком, но в моем сердце – **коке**, ты остался как неугасимый свет, и я помню твои уроки правды и любви к нашей земле, брат* (О. Бокеев. Когда уходят плеяды, с. 51); *– Е, көке! Сіздің ақындығыңыз ауыздығын тістеп алып бір қыңырлыққа басқан екен* (3 кітап. Өкініште, 156 б.). *– Е, **коке**! Вижу, что ваше необузданное вдохновение упрямо несется вперед, закусив удила* (Горечь, с. 277) т.т.

Сонымен, біз анықтаған реалий-сөздерінің түрлері – вокативтер – қазақ халқының үлкенге – құрметін, кішіге – ізетін көрсететін құрал болып табылады. Жалпы, реалий-сөздерінің семантикалық ерекшеліктері қазақ халқының болмысы, ұлттық менталитеті, тұрмыс-тіршілігі және салт-дәстүрлерімен айқындалады.

Әдебиеттер:

1 *Влахов С.И., Флорин С.П. Непереводимость в переводе. – М.: Международные отношения, 2012. – 476 с.*

2 *Копыленко М.М., Ахметжанова З.К., Жолтаева Т.У. Казахское слово в русском художественном тексте. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 162 с.*

3 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. бас. А.Ы. Ысқақов. Т. 2. 1974-1986. – Алма-Ата.: Ғылым –1974. – 695 б.*

4 *Формановская Н.И. Коммуникативно-прагматические аспекты единиц общения. – М.: Академия, 1998. – 468 с.*

5 *Ахметжанова З.К. Лингвокультуремы в переводном художественном тексте // Материалы международной научной конференции «Актуальные проблемы философии, культуры, образования и языка». – Алматы, 2003. – С. 3-18.*

Бекбосынова А.Х., Шахметова Н.А.

Семантические особенности реалий в художественном переводе (на материале перевода произведения «Абай жолы»)

В данной статье на материале перевода прозаического произведения «Абай жолы» определяются семантические особенности слов-реалий. Реалии принадлежат к национальной лексике, поэтому их познавательная функция значима. Они выступают средствами отражения психологии народа, его национальной культуры и самобытности.

Ключевые слова: Художественный перевод, прозаический текст, реалий, реалема, национальная лексика, сема, познавательная функция.

Bekbossynova A.Kh., AH.Shakhmetova N.A.

Semantic features of realities in literary translation (based on the translation of «Abai Zholy»)

This article defines the semantic features of word-realities based on the translation of «Abai Zholy». Realities belong to the national vocabulary, so their cognitive function is significant. They are the reflection of people's psychology, its national culture and identity.

Keywords: Literary translation, prose text, realities, realema, the national vocabulary, sema, cognitive function.

***

УДК 81

Мингазова Н.Г. – кандидат философских наук, доцент,
Казанский (Приволжский) Федеральный университет
E-mail: mingazova-n@bk.ru
Шуйншалиева А.Н. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: ainur-shuinshaliyeva@mail.ru

ХАРАКТЕРНЫЕ ЧЕРТЫ НЕИСКРЕННЕГО ЧЕЛОВЕКА

Аннотация: *В статье рассматривается неискренность, а также виды и методы ее проявления. Детально отражаются характерные черты лгущего человека и его манера поведения в неискренней обстановке.*

Ключевые слова*: Неискренность, невербальные средства общения, искренность, манипуляция, дезинформация.*

Восточная пословица гласит: «Ты сказал мне в первый раз, и я поверил. Ты повторил – и я усомнился. Ты сказал в третий раз – и я понял, что ты лжешь».

С давних времен, ряд многих исследователей уделяли достаточного внимания феномену неискренности. Панченко Н.Н., как и современные исследователи, считает что неискренность, в качестве внушающего воздействия, может осуществляться не только как словесный акт, а также с помощью невербальных средств общения [1, с. 10-15].

Несомненно, что людей, еще более действенно чем словами, вводят в заблуждение с помощью жеста, позы, мимики или косметики, грима, одежды и других средств перевоплощения и маскировки, создавая ложный образ или дополняя, таким образом, содержание искажаемой информации невербальными компонентами общения. Мы имеем множество форм человеческого поведения, составляющей частью которых, является искажение информации и введение в заблуждение другого человека по самым разным мотивам. В повседневной жизни, человек постоянно сталкивается с ситуациями, когда решает дилемму – сказать ему то, что он действительно думает или нет, и его внешнее поведение не всегда соответствует субъективному отношению к действительности, но когда и в какой степени это ложь, как рассматривать подобное действие с моральной точки зрения? Даже умышленное умолчание в каких-то ситуациях, например, относительно мнения о другом человеке, может иметь те же последствия, что и неискренность, но, в зависимости от обстоятельств, это может называться тактом, дипломатичностью, а может и квалифицироваться как хитрость и лицемерие [2, с. 147].

Русский ученый, логик Поварнин С.С. писал, «что истина будет оставаться истиною, хотя бы ее произносили преступнейшие уста в мире; и правильное доказательство останется правильным доказательством, хотя бы его построил сам отец лжи» [3, с. 300].

С позиций логики, при оценке истины не имеет значения психологическая оценка искренности субъектов общения и, наоборот, – человек говорящий неискренне может, даже сам того не желая, излагать истинные вещи. Это, на первый взгляд парадоксальное утверждение, не будет противоречивым, если принять во внимание семантические оттенки категорий «правда» и «истина». Первый термин включает субъективный оттенок, то есть элемент личностного отношения к передаваемой информации.

Термин «истина», как категория логики и юриспруденции, отражает реальное состояние вещей». Поэтому человек, желающий ввести в заблуждение другого и сообщающий заведомо ложную информацию (но при этом сам не имея правильного представления о сообщаемом), может, желая соврать, говорить истину или быть близким к ней [4, с. 51-85].

Американские ученые доказали, что некоторые люди обладают интуитивной способностью чувствовать любую неискренность. Правда, число таких "детекторов лжи" крайне мало — оно исчисляется единицами на десятки тысяч.

В исследовании, проведенном в Университете Сан-Франциско, приняли участие более 13 тысяч человек. Каждому из них предлагалось пообщаться с несколькими специально подготовленными собеседниками (или посмотреть специальные видеоролики с записью их рассказов), определить, когда кто-то из них врет, а затем попытаться логически обосновать свое мнение, опираясь, например, на анализ мимики и жестов "лжеца" или на логические неточности в его словах. Подавляющее большинство людей, даже считавших себя способными распознать ложь, на самом деле оказались не в состоянии выявить "лжецов" — все их "удачи" были статистически недостоверными и объяснялись скорее везением, чем какими-то особыми способностями. Но 30 человек из 13 тысяч обследованных резко "вырвались вперед" — им удалось правильно распознать более 90 процентов лжи. Правда, при этом никто из них так и не смог объяснить, каким образом они различали правду и ложь — объяснения ограничивались утверждениями типа "мне показалось, что что-то в нем не так" или "я просто почувствовал, что он врет".

Впрочем, сами исследователи нашли объяснение этому феномену. Они пришли к выводу, что такие люди на самом деле чувствуют не ложь, а так называемую "микромимику" — мельчайшие сокращения мимических мышц, которые практически не воспринимаются обычными людьми. Дело в том, что эти сокращения являются непроизвольными, то есть ими управляет не сознание, а "подсознание", и они отображают реальные эмоции человека даже в том случае, если он великолепно контролирует свою мимику и жесты. "Интересно, что среди участников нашего исследования были и полицейские, и сотрудники ФБР, и психиатры, но практически никто из них так и не попал в группу "избранных", обладавших природными способностями различать ложь, — рассказал в интервью корреспонденту *"BBC"* доктор Моурин О`Салливан, профессор психологии и один из организаторов этого исследования. — А вот некоторые простые обыватели, которые вряд ли часто сталкивались с необходимостью отличить ложь от правды, делали это значительно лучше."

Следует отметить, что некоторые специалисты сомневаются в корректности сделанных американскими психологами выводов. "Люди, говорящие неправду, ощущают при этом самые разные эмоции, — рассказал в интервью доктор Алдерт Врий, профессор социальной психологии из Университета Портсмута, длительное время изучавший проблему выявления лжи. — Кто-то испытывает страх или чувство вины, кто-то, наоборот, чувствует эмоциональное возбуждение и получает удовольствие от того, что он заставил себя преодолеть морально-психологические барьеры и солгать. А кто-то сопровождает такими же эмоциями вполне правдивые рассказы [5, с. 123-157].

Для выявления неискренности прибегают к разным способам контроля и проверки получаемой информации:

- уточнению данных через независимые друг от друга источники;
- использованию технических средств контроля;
- созданию проверочных ситуаций;
- изучению реакций объекта с помощью «детектора лжи».

Состояние намеренного сокрытия чего-либо влечет за собой возникновение в сознании человека противоречия, между информацией или действием, представляемыми другому человеку и знанием оставляемым «себе». Данное чувство каждый человек ощущает по-разному. Оно зависит от индивидуальных психических качеств, от ситуативной опасности из-за возможности быть разоблаченным (одно дело солгать «по мелочи» в быту и другое на официальном приеме или переговорах). Глубина переживаний по поводу неискренности также связана с наличием самооправдательной позиции, когда человек подводит определенную базу под необходимость прибегнуть к обману [6, с. 443].

И все-таки, обмануть «не моргнув глазом», оказывается не всегда легко. Потому что, кроме глаз, на которые традиционно обращают внимание, у человека есть еще голос, мимика и другие «слабые сигналы», свидетельствующие о психическом состоянии.

Анализу, в ходе общения, или после него, подвергается содержание информации и техника ее передачи другому лицу. Успешность в выявлении скрываемых обстоятельств, приемов дезинформации во многом зависит от опыта и подготовки человека, который пытается это делать.

Изучение литературы по данной проблеме, анализ поведения лиц совершивших правонарушения, позволили выделить следующие основные блоки, которые составляют основу для выявления неискренности:

- особенности голоса и речи;
- движение глаз и мимика лица;
- соответствие жестов и поз содержанию передаваемой информации;
- особенности содержания и техники передачи информации.

Причина, по которой анализ изменений голоса способствует успешной индикации неискренности, заключается в том, что человек из-за акустики черепа и других особенностей восприятия собственной речи, слышит себя иначе, чем говорит на самом деле. Это достаточно отчетливо может зафиксировать каждый в тот момент, когда приходится слышать свой голос, записанный на диктофон. Люди, пытающиеся солгать, стремятся контролировать свое поведение, в том числе и звучание голоса, но они не

могут точно знать в этот момент, насколько им это удалось, так как осуществить полный самоконтроль звучания собственного голоса достаточно трудно [7, с. 408].

Мы можем выделить следующие наиболее характерные признаки неискренности, в том числе и волнения, проявляющегося в голосе и речи при передаче ложной информации:

- непроизвольное изменение интонации;
- изменение темпа речи;
- изменение тембра голоса;
- появление дрожи в голосе;
- появление пауз при ответах на вопросы, которые не должны были вызвать затруднения;
- слишком быстрые ответы на вопросы, которые должны заставить задуматься;
- появление в речи выражений нетипичных для данного человека в обычном общении или исчезновение типичных для него слов и оборотов;
- демонстративное подчеркивание с помощью речевых средств – интонацией, паузами и др. каких-либо фрагментов передаваемой информации, маскируя или искажая истинное отношение к ней [8, с. 35-58].

В отличие от голоса человеку лучше удается контролировать свое лицо. По мнению исследователя Глаголева Н.В., лицо лучше приспособлено ко лжи, так как обладает значительной емкостью. Разнообразная мимика, движения глаз, направление взгляда, перемещение лица человека в ходе общения, а главное - неоднозначность проявлений различных состояний человека «во вне» часто приводят к неправильным выводам о степени искренности человека.

Ориентируясь на лицо партнера по общению для индикации лжи, чаще внимание наблюдателя обращается на следующие параметры:

- «Бегающий взгляд». Это связанно с тем, что человек не привыкший ко лжи, с трудом «держит взгляд» партнера по общению и отводит глаза в сторону;
- «Легкая улыбка». Улыбка сопровождающая неискренность, позволяет скрывать внутреннее напряжение, однако, не всегда выглядит достаточно естественной;
- «Микронапряжение лицевых мышц». В момент ложного сообщения можно заметить как по лицу «пробегает тень». Видеосъемка позволяет зафиксировать при этом кратковременное напряжение в выражении лица, длящееся доли секунды. Тем самым, эта непроизвольная реакция – очень надежный индикатор лжи;
- «Контроль партнера в момент ложного высказывания». Сообщая ложь, некоторые люди на короткое время концентрировали свое внимание на лице партнера, как бы пытаясь оценить, насколько успешно им удалось ввести его в заблуждение;
- «Вегетативные реакции». Покраснения лица или его отдельных частей, подрагивание губ, расширение зрачков глаз, учащенное моргание и другие изменения, характерные для чувства стыда, страха и иных эмоций, сопровождающих неискренность на подсознательном уровне у людей не привыкших лгать и испытывающих неловкость [9, с.63].

Арменина А.Л. берет на себя смелость, выделить отдельный ряд жестов, которые, по ее мнению, сопровождают неискренность, сомнение и мошенничество:

- жест «рука к лицу» подтвержден экспериментом, в ходе которого наблюдалось, что медсестры лгущие пациентам о состоянии их здоровья, гораздо чаще подносили руку к лицу, чем сестры, которые говорили правду;

- жест «прикрытие рта» прикрывание рта ладонью, пальцами или кулаком, а также покашливание с прикрытием рта. В случаях, когда подобный жест связан с оценочными позициями, сомкнутая ладонь лежит на щеке, а указательный палец часто показывает наверх;

- жест «прикосновение к носу» легкое потирание носа или быстрое прикосновение к нему, которые, в отличие от действительного почесывания носа, выглядят не так явно;

- жест «потирание глаза» при крупной лжи мужчины склонны отводить глаза, и потирают их, а женщины склонны легко касаться глаза и потирать область под глазом. Этот жест может сочетаться со стиснутыми зубами и фальшивой улыбкой;

- жест «оттягивание воротника». Арменина А.Л., ссылаясь на исследования Д. Морриса связывает этот жест, с легким раздражением в чувствительных тканях лица и шеи, возникающим во время ложного заявления из-за выделения пота [10, с. 54].

Также наблюдая, анализируя, обобщая информацию, делая выводы о честности человека, решая, принимать его информацию за истинную или ложную в данной ситуации люди основываются на собственных эталонах правды и лжи, искреннего и неискреннего поведения. Однако, не все характеристики поведения лгущего человека одинаково показательны, и поэтому разные люди с различной долей успешности распознают ложь среди той информации, которую передает им собеседник. На неискренность собеседника могут указывать и следующие его слова, фразы, ответы и особенности речи:

- настойчивое убеждение в собственной искренности, при котором он чрезмерно подчеркивает свою честность, неизменно настаивая на том, что говорит только правду - в случаях, когда никак не выражается недоверия к его словам. Например: «честное слово, я не знаю», «клянусь здоровьем», «даю руку на отсечение», «честное слово, дело было так»;

- увиливание от обсуждения определенных тем, вопросов (когда они затрагивают какие-либо неприятные для человека моменты). Например: «я не буду это обсуждать», «не могу вспомнить», «я этого не говорил(а)», «не вижу здесь никакой связи»;

- необоснованно пренебрежительный, вызывающий или враждебный тон, - когда вас явно провоцируют на грубость. Например: «я не обязан(а) отвечать на ваши вопросы», «я не знаю, о чем идет речь», «я вообще не желаю с вами говорить»;

- стремление вызвать ваши симпатию, доверие, чувство жалости, в случае если предшествующие отношения не привели к такому сближению. Например: «у меня семья, дети», «я такой же, как и вы», «у меня точно такие же проблемы»;

- непродолжительное отрицание или равнодушные, уклончивые ответы на прямые вопросы. Простые повторяющиеся ответы или повторение простого отрицания. Уклонение от использования слов «да» или «нет». Например: «я об этом ничего не знаю», «вы же сами это говорили», «я не уверен(а)», «вы меня уважаете?», «вы, несомненно, человек серьезный» [11, с. 110-117].

Честный человек старается говорить больше и отстаивает свою искренность при выражении сомнений в ней, тогда как равнодушные, уклончивые ответы на прямые вопросы не вписываются в понятие этичного поведения. Признаками неискренности являются так же:

- проявление нерешительности в высказываниях;

-отвлечение собеседника несмолкаемым разговором либо многочисленными вопросами;

- нежелание или утрата способности отвечать на задаваемые вопросы;

- длительные паузы перед ответами; слишком медленные или запутанные ответы;

- ответ вопросом на вопрос;

- повторение задаваемых вопросов вслух или просьбы о пояснении вопроса;

-маскировка сути вопроса лишней, не относящейся к делу информацией.

Подобное поведение вызвано тем, что в ходе беседы человеку становится все труднее и труднее лгать. Если при этом вы выясняете какие-либо обстоятельства, полезно иметь в виду, что невиновный человек:

- может выражать подозрительность, недоверие к вам, не оказывая при этом противодействия в выяснении обстоятельств по делу;

- нередко дает исчерпывающую информацию со всеми подробностями, даже не имеющими прямого отношения к делу;

- многословен;

- постоянно старается перебить вас своими объяснениями;

- начинает активно защищаться до того, как его в чем-то обвинят или заподозрят.

В то же время виновный человек:

- избегает подробных объяснений, немногословен;

- сдерживает себя при ответах на вопросы;

- оказывает противодействие при выяснении фактов;

- может отказаться от объяснений без всяких видимых причин;

- указывает на точность мелких деталей;

- выражает желание помочь вам при выяснении тех или иных обстоятельств [12, с. 401-408].

Изучение упомянутых признаков речевого поведения собеседника даст вам возможность, развить свою наблюдательность, позволит отработать разумный стиль собственного поведения. При этом одна из важнейших практических рекомендаций заключается в том, чтобы в случае разногласия между словами и жестами вашего собеседника больше доверять своему зрению, чем слуху. Истине будут соответствовать больше все-таки невольные жесты, движения, мимика, а не произносимые фразы. Необходимо учитывать, что надежность признаков, передающих подлинное

отношение вашего партнера по общению, убывает в следующем порядке: пространственное расположение, поза, голосовые сигналы, мимика, непосредственно высказывания. Иначе говоря, скрыть правду или истинное отношение к вам легче всего посредством слов, мимики, голоса и труднее всего - при помощи других средств общения (жестов, движений, позы).

Хотелось бы отметить, что при прохождений научной стажировки магистрантов в Казанском (Приволжском) Федеральном Университете, под руководством к.ф.н., доцента Мингазовой Н.Г., были проведены тренинги со студентами разных специальностей по выявлению неискренности. Мы проанализировали некоторые типичные приемы, к которым прибегали, для введения в заблуждения партнера по общению:

1) рассказывали о событиях, которые хорошо знали, но которые произошли с другими людьми;

2) события передавали реальные, но переносили их в другую обстановку или смещали по времени;

3) передаваемые сведения разбивали на отдельные блоки, которые передавали сжатыми, продуманными фразами;

4) использовали слишком очевидную информацию для лжи, которую легко перепроверить; 5) детализировали ложную информацию, чтобы представить ее более реальной;

6) ложную информацию по смыслу и логике связывали с достоверной (метод полуправды); 7) старались вести себя спокойно, не следили внимательно за поведением собеседника, не отводили взгляд, при уточняющих вопросах, старались говорить ровным голосом, быстро и уверенно отвечать на дополнительные вопросы.

Тем самым мы сделали вывод, что, чем больше у человека выражена способность к «макиавеллизму», тем меньше вероятность определить у него неискренность по внешним признакам. В таких случаях, следует делать больший упор, на анализ содержания информации и продумывать тактику задаваемых вопросов. Легче сказать неправду, когда есть возможность к этому подготовиться. Внешние признаки волнения заметнее тогда, когда лгущему приходится сталкиваться с вопросами, ответы на которые он не мог подготовить заранее.

Проблема выявления неискренности является чрезвычайно сложной из-за множественности факторов, которые подлежат анализу. Учитывая сказанное выше о косвенном характере многих из приведенных признаков, считаем необходимым ввести в деятельность по выявлению неискренности, манипулятивных приемов общения и дезинформации, несколько «принципов осторожности», использование которых, на наш взгляд, позволит более объективно подходить к оценке получаемой информации:

1) Необходимость перепроверки.

Обратив внимание на то или иное обстоятельство, свидетельствующее о возможности неискренности, не следует сразу делать однозначные выводы – надо постараться проверить информацию, в достоверности которой усомнились;

2) Комплексность в оценке наблюдаемых параметров.

Увеличить точность в оценке поведения партнера по общению, можно, если ориентироваться не только, скажем, на содержание его информации, а на все, что можно контролировать в данной ситуации;

3) Учет контекста ситуации.

Обстановка, в которой происходит общение, характер обсуждаемых вопросов и другие обстоятельства требуют внесения соответствующих коррективов в характер оценки поведения партнера по общению;

4) Учет личностных факторов и, прежде всего, степени выраженности «макиавеллизма». Неискренность человека с выраженными манипулятивными тенденциями труднее поддается расшифровке, чем человека, не привыкшего к манипулированию другими, с помощью искажения информации [13, с. 85-87].

Благодаря использованию указанных принципов можно снизить влияние собственной установки на обнаружение неискренности.

Человек в любом возрасте должен понимать и осознавать, что неискренность – это явление неправильное. Именно неискренность, продолжает сеять семя раздора в отношениях миллиона людей. Ежеминутно в мире говориться столько лжи, что страшно себе представить. Фальшь влияет на отношения людей и сводит все на нет. Вследствие этого, рушатся семьи, и.т.д. Словом, отношения, неважно какие, любовные, дружеские или партнерские, построенные на лжи – никогда не выдержат испытаний. Неправда стала одним из распространенных средств интриги, самозащиты и продвижение не только по карьерной лестнице, но и в жизни.

Перед человечеством стоит большая задача борьбы с загрязнением окружающей среды. Совершенствование манипулятивных технологий и использование их в практике повседневного общения, ведет человечество к подрыву собственной сущности, как части разумной природы. В силу этих обстоятельств, духовная экология должна занять достойное место в системе образования современного человека и воспитания будущего поколения.

Литература:

1. Панченко Н.Н. Средства объективации концепта "обман" / Дис. на соис. уч. степ. канд. филол. наук. – Волгоград, 1999. – 184 с.

2. Гаспаров Б.М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. – М.: Новое литературное обозрение, 1996. – 295 с.

3. Поварнин С.С. Роль словообразования в формировании языковой картины мира // Научный сборник «Язык и картина мира». – М.: Флинта: Наука, 1988. – С. 298-305.

4. Labov W. Therapeutic Discourse. - seventh edition. – New York: Academic Press, 1977. 185 p.

5. Atkinson J.R. Expression and Meaning. - fourth edition. - Cambridge: Cambridge University Press, 2016. – 160 p.

6. Падучева Е.В. Истина и люди // Сборник научных трудов «Логический анализ языка». Выпуск 8: Неискренность в культуре и языке. – М.: Наука, 1995. – С. 442-449.

7. Арутюнова Н.Д. Говорящий как наблюдатель // Межвузовский сборник научных трудов «Неискренность в лингвистике» / Под ред. М.А. Кормилицыной, О.Б. Сиротининой. – Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 1993. – Вып. 3. – С. 402-410.

8. Кайнц Ф. Речевая неискренность // Вопросы языкознания. – 1988. – № 2. – С. 35-58.

9. Глаголев Н.В. Ложная информация и способы ее выражения в русском языке // Материалы международной научной конференции «Русская словесность в контексте современных интеграционных процессов». Т. 1. – Волгоград: Изд-во ВолГУ, 1987.– С. 60-68

10. Арменина А.Л. Порождение обмана. – М : Наука, 1975. – 180 с.

11. Новосельцева О.А. Высказывания, выражающие оценку неискренности чужого сообщения / Дис. на соис. уч. степ. канд. филол. наук. – М.: РУДН, 1997. – 250 с.

12. Davidson D. Inquiries into Truth and Interpretation. – Oxford: Clarendon, 1984. – 502 p.

13. Blokh. N. Lie and aspects. - New York: Linguistics, 1974. – 303 p.

Мингазова Н.Г. Шуйншалиева А.Н.

Шынайы емес адамға тән сипаттама

Аталмыш мақалада сайқалдық және оның түрлерінің негіздері талданды. Шынайы емес адамның жасырын қылықтары көрсетіліп, оны қалай ажыратуға болатындығы туралы әдістері зерттелінген.

Тірек сөздер: Сайқалдық, вербалды емес қарым – қатынас құралдары, шынайлылық, манипуляция, жалған ақпарат.

Mingazova.N.G. Shuinshaliyeva A.N.

The character traits of insincere person

The article deals with insincerity and the types and methods of its manifestation. The characteristic features of the lying person are reflected in detail and his manner of behavior in an insincere situation.

Keywords: Insincerity, non-verbal means of communication, sincerity, manipulation, disinformation.

***

ӘОЖ 82.09(574)

Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
E-mail: nagbdu@mail.ru
Толысбаева Ә.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
E-mail: adema-28@mail.ru

КҮЛӘШ АХМЕТОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ОЙЛАУ

Аңдатпа. *Бұл мақалада ақын Күләш Ахметованың өзіне тән ақындық стилі сөз болады. Ақын К.Ахметова қазақ поэзиясында өзінше орны бөлек ақындар қатарынан табылады. Оның ақындық құдіреті лирикалық образдарында жатыр. Күлаш ақынның бір ғана «Менің музыкам» аталатын лирикалық өлеңі арқылы да ақынның ішкі дүниесін тани аламыз. К.Ахметова жанының «музыкасы» – жалпы лирик ақындардың психологиялық күйі.*

К.Ахметова поэзиясын шолып қарағанда ақын жанының өне бойы бір қалыпта тұрмайтындығын көреміз. Ол бірде алып ұшқан сезім болса, бірде байсалды қалып танытады. Лирикалық шығармада ақын тұлғасы лирикалық тұлғамен, сондай-ақ адамзат қоғамындағы дүниенің әр түрлі көріністерімен

астасып келіп жатады. Күләш Ахметованың өлеңдеріндегі тың бейнелер, түрлі бояулар нақты мысалдармен дәлелденеді. Ақынның көркемдік ойлау ерекшелігі оның бір өлеңінен емес, тұтас поэзиясының ішкі рухынан сезіледі.

Тірек сөздер: *Күләш Ахметова, қазақ поэзиясы, рухани күш, көңіл күй, көркемдік ойлау.*

Күләш Ахметованың қай шығармасында да өмір драмасы қаз қалпында көз алдымызға келеді. Ақынның боямалау, әсірелеумен жаны қас. Өйткені лирикалық поэзия ақиқат – шындықтың көркемдігін айқын түрде, айқын көрсете алады. Ол – кәдімгі өмірдің әрі көркем, әрі жарқын тұсы, болмыстың эмоциялық келбеті. Басқа әдебиет түрлерінен де көп жағынан да ерекшеленеді. «Лирика өнер иесінің қоғамдық және интимдік шындықтарға өз көзқарасын ашық білдіруі, эпикалық тәсілдерге тән пластикалық бейнелеу құдіретінен басқаша, психологиялық суреттеу амалдарынан өрбиді» [1, 162 б.]. Ақынның Отан туралы бір өлеңінде:

Адамдарды таңдантып, мәңгі ойлантып,
Ұшқан құстай заулайды, самғайды уақыт.
Мына шексіз ғаламда өз далаң мен,
Өз Отаның болғаны қандай бақыт! [2, 45 б.]–

дейді. Шынында Отан бізсіз де өмір сүре алады, ал біздің Отансыз өмір сүре алмайтынымызды жырына арқау етекен. Ең алғашқы табанымыз тиген топырақ та, ең соңғы деміміз де Отан-анаға тиесілі екенін көрсете білген.
Тағы бір өлеңінде:

Қолыма алып өлеңнің қоңырауын,
Қақтым мен де, біледі оны қауым.
Көктемдегі
даладай мейірлендім,
Уыз сүтке толғанда омырауым.

Жаз гүлдері жанымда желбіреді,
Жаңбырымның барын да ел біледі.
Менің шағын бойыма қалай сыйған
Байтақ, дарқан даланың белгілері?.. [2, 78 б.],- дейді.

Лирикалық өлең – ақынның жан-дүниесінен хабар беретін ақиқат негізі, көңілінің, жүрегінің күнделігі. Ақын жалпы поэзиясында аса бір нәзіктікпен дарқан даланың белгілері мен Отан-ананың қасиетін, сондай-ақадами болмысты дәл көрсете біледі. Бірде қуантып, бірде жабырқататын шығармалар ақынның сезімдік дүниесінен хабардар етеді. Психолог Э.Б.Титченер айтқандай: «Сезім психологиясы – кең көлемде айтқанда әр түрлі пікірлер мен сенім-наным психологиясы. Автор қарапайым аффектілік процесс, қарапайым сезіну түйсікпен үйлеседі және бір жағынан бір-біріне айырмашылығы бар деген көзқарас ұстанады. Әрі қарай автор көзқарасын сезімнің екі түрі мен сапасы: сүйсіну мен наразылық деп жалғастырады» [3, 190 б.].

Күләш Ахметова жырларында адам жанының тұңғиық жырлары мейлінше шынайылықпен жырланады. Мәселен,

Мазалайды жанымды бір сансыз мұң,
Бәлкім мұңсыз өткен күн де – мәнсіз күн.

Мықтысың деп таңданады біреулер,
Мықты емеспін. Әйелмін ғой. Әлсізбін [4, 171 б.].

Бұл шумақтарда әр ақын жан сырын, бар шынын, зар-мұңын санаулы жолдарға сыйдырып, тұңғиық ой шегендейді. Ақын адамның дүниеге көзқарасын, дүниетанымын білдіретін, ой мұхитына, толғанысқа түсірер мұңның мәнін атап өтіп, әйел жанының нәзік те әлсіздігін мойындайды. К.Ахметованың «Мықты емеспін. Әйелмін ғой; Әлсізбін» деуі жай мойындау ғана, әйтпесе Күләштай ақынды кім әлсіз дей алады? Әйелдер поэзиясы – ең алдымен азаматтық поэзия. Ақын Павел Антокольскийдің афоризмге айналып кеткен Марина Цветаева жайындағы: «Марина Цветаева никогда не поэтесса. Она – поэт» деген сөзі ойға оралады. Бұл тұжырымды К.Ахметоваға арнап айтсақ қателеспейміз.

Лирикалық өлең психологиялық суреттеу амалдарынан өрбісе, ақын өмірден көрген-түйгендерінен психологиялық тұжырымдар тудырса – Адамтанудың өзекті проблемалары алдымызға жайылады. Жазушы С.Мұқанов кезінде: «... әр ақында әр түрлі әдіс бар. Біреудің үгіт жағы, біреудің фальсапа жағы, біреудің психология жағы басым болмай қоймайды» [5, 160 б.], - деп атап көрсетті. Әдебиет жайлы ойлар кез келген ақын-жазушыны толғандырары хақ. С.Мұқанов да уақытпен үндескен өз көзқарасын білдіріп отырған. Қай кезде айтылатын сыни ой-пікірлер болмасын, оған сол кездің әдеби даму процестеріне қатысты да, бүгінгі күн тұрғысынан да қарауға болады. Жаңа әдебиетіміз мазмұн жағынан да форма жағынан да толысып келеді. Поэзиядағы дәстүр жаңарып, ақындар ізденісінің нәтижесінде тың бейнелеулер мен жаңаша ойлау пайда болды. Әдебиет зерттеушісі М.Базарбаев ойынан да осыны аңғарамыз: «Әр заман поэзиясының өзіне лайық күйі бар, өзіне лайық үні бар. Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жаңарып келе жатқан құбылыс» [6, 25 б.]. Ақындар образды ойымен өз жан дүниесінің тереңінен сыр тартады. Бірақ әр ақын – жеке әлем. Ақын әлемінің күрделі қатпарлары, қарапайым болмыстары көркем ой, шағын лирикалық өлеңдерінен де анық байқалады. Ақын тіршілігінің сәулесі поэзияда, соның ішінде лирикада десек, әр ақынның ақындық әлемі өзіне тән күрделілігімен, мағыналылығымен ерекшеленеді. Қазақ поэзиясында ұлттық өмірдің көркем бейнесі, психологиясы бар.

Қаламгердің ұлттық, көркемдік ойлау ерекшелігі ақынның бір өлеңінен емес, тұтас поэзиясының ішкі рухынан сезіледі. Ақынның рухани жан дүниесі өте бай болса, оның көркемдік әлемі де сонша бай болмақ. Жақсы өлең жан семіртіп, ләззат таптырады, эстетикалық сезім сыйлайды. Бірақ әр оқырман өлеңді әр түрлі қабылдайды. Санамен қабылдау бір басқа да, жүрекпен қабылдау одан тереңірек. Өлең шабыттан туатын болса, оны оқып, түсініп, сезіну үшін де шабыт керек. Шабыттың болуы сыртқы әсерлермен қатар, ішкі жан күйіне де байланысты. Бірақ лириканың барлық оқушыға бірдей түсінікті болуы екіталай. Жыр әлеміне терең бойлау үшін үлкен сыршыл жүрек керек. Өлең оқу, одан ләззат алу – керемет қасиет. Ол үшін сүйекке сіңген тәрбие, даярлық керек. Адам болған соң өмірде қуаныш-

күлкісі мен қиналыс-толғанысы қатар жүреді. Ақын басынан кешкен сезімді оқырман да кешуі мүмкін. «Ақын болу максат емес, азамат болу – парызың» демекші жүрегіне жұбаныш-тіректі лирикадан іздейтін кім кім де жан жарасын лирикамен емдейді. Мұндай сәтте «ақын көкірегіндегі сезім – оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болады да шыға келеді» [7, 311 б.].

Адам жанының пернесін әр ақын өзінше басады. Адам жанының пернелерін баса отырып, әр ақын өзіндік қасиетімен танылады. Ақында стилі әр түрлі болғанымен, бәрінің бөлер ләззаты, сезімі ұқсас, кейде бірдей деуге де болады. Эстетикалық ләззат сиқырын түсіну – жүректің ісі. «Әдебиет зерттеушілердің арасында әдебиет шығармасын бағалау үшін оның көлеміне қарау да ұшырап қалады. Мұның дұрыс еместігі дәлелдеуді көп қажет етпейтін сияқты. Алайда кей уақытта кішкене, көлемі шағын өлеңдер жете бағаланбай қалады. Көлемі шағын болғанымен, идеялық, көркемдік қуаты зор өлеңдердің де әдебиет тарихынан үлкен орын алатынын үнемі есте ұстау нағыз әділеттік болмақ», [8, 145 б.] - деген белгілі ғалым Ә.Нарымбетовтың тамаша ойы қазақтың «өлең» атты шағын жанрлық түрінің бағасын айқындап бергендей.

Өкініш – у,
Өткен күннің сол уы
Солғындатты шаттығымды, күлкімді,
Мүмкін еді бұдан жақсы болуы...
Бұдан жаман болуы да мүмкін-ді.

Өз уым – бал,
Басканікі жат енді,
Өзімдікі –
Бастан кешкен бар өмір.
Жөндер едім, эттең, кейбір қатемді,
Барлығы да қайталанса және бір.

Өмір бірақ қайталанбас,
Шынымен,
Қайталанар қайырмасы әндердің.
Өткен күнге өкінгенше күнімен
Келешекті түзетуді жөн көрдім [4, 47 б.].

Көлемі шағын болса да лирикалық өлеңнің шешімі акындық шабытпен әсерлі жырланған. Акындық шешімнен өмір, тағдыр, адам туралы ұғымды барлап байқаймыз. Автордың өзекті объектісі – Адамтану. Адамтанудың қыр-сырына тек психологиялық лирика жетелейді. Бұл реалистік психологизм көріністері болып табылады.

К.Ахметованың өлеңдерінен үзінді келтірейік:

Сен барсың!
Бір ауаны жұтам бірге,
Толады бөлмемізде жұпар гүлге,
Күлемін. Өкпелеймін. Еркелеймін.
Өзгеріп отырамын тұтам күнде [9, 127 б.].

Ақын психикасы ап-анық реалистік сипатта көрініп тұр. Лирикалық кейіпкердің күлуі де, өкпелеуі де, еркелеуі де - психологиясының құбылмалы көріністері өлеңде нанымды сипатталады.

Ұлттық әдебиеттіміздің көрнекті саласы поэзия жанрының осы бір нәзік түрі Абайдан бастау алып, дамып, бүгінде уақыт талабына үн қосып келеді. К.Ахметова бір өлеңінде:

Күйінемін кей біреу сөз қылғасын,
Өмірімді тәңірім тоздырмасын.
Көп өмір шекпесем де төктім ащы,
Бір адам төгетұғын көздің жасын! [9, 68 б.], -

дейді. Ақынның ішкі эмоциясы өлеңге өрілген. «Көп өмір шекпесем де төктім ащы, Бір адам төгетұғын көздің жасын!». Әрбір ой мен сезім адамының айтар ойын дәл түсірген.

Немес мына бір өлеңінде ақын:

Мен – нәзік гүлмін,
Сен – құламайтын шынарсың,
Бірақ мен шыдаған дауылға сен шыдамайтын шығарсың

[9, 59 б.], - деп өзін нәзік гүлге, оны құламайтын шынарға балай отырып, өзі шыдар дауылға оның шыдайтынына күмән келтіреді.

К.Ахметованың поэзиясы негізінен тура психологизмге құрылған. Мысалы:

Қалқам, сенің өмірің
Маған өмір болмайды.
Бірақ ауыр, жеңілін
Сезінемін, сол – қайғы [10, 39 б.].

Немесе,

Мейрамы сирек көңілдің –
Мұңаймай, жаным, көп күлші.
Қайырымды кезі өмірдің –
Опасыз, жалған өткінші [10, 39 б.].

Берілген мысалдардағы алғашқы шумақты талдаудың, өмірдің ауыр, жеңілін сезінудің қайғы екенін дәлелдеудің қажеті аз. Ақын сезімді өлеңге тура көшірген.

Немесе екінші шумақтағы өмір өткіншілігі өкініш ретінде дәл жеткізілген. Психикалық процестер жинақталып, осынау сезім – күйлер ақын психикасы арқылы бізге ұғынылып тұр.

Ақын К.Ахметова поэзиясында дәл осыған ұқсас шумақтар молынан ұшырасады:

Сыр білдіргің келмей ме, сірә да мен,
Өртенгендей болса да тұла денем.
Көп адамның ішінен қарап қалсаң,
Көрмеген боп қырсығып тұра берем,

...Жасырамын көзім де ілінбесе.
Үндемеймін сөйлесең күлімдесең
Мұның бәрі сен барда,
Сен жоқтағы

Азабымның білмейсің бірін де сен [11, 13 б.].

Күләш ақынның да лирикалық кейіпкері сезімін жасырын түрде береді. Ерке, назды, қылықты кейіпкер қыздың буырқанған жан біз лирикалық өлең жолдарынан ашық түрде көрмейміз. Керісінше жасырын сырды тармақ тасаларынан байқап, ақтарылмаса да лирикалық кейіпкердің жүрегіндегі ағыл-тегіл сезімді ойша танимыз. «Сен жоқтағы азабымның білмейсің бірін де сен», - дейді. Мұндағы азап-құштарлық, аңсау, мұң, жалғыздық, құлазу, жасырын сыр. Кейде лирик ақын дегенді психолог-ақын деп ауыстыруға болады. Өлеңдерде ақын психологиясы әр қырынан ашылады.

Елігемін соңында жыр-киіктің,
Не жатқанын білмейді ішімде ешкім,
Ешкім мені түсінбес тұңғиықпын,
Мен де,бәлкім ешкімді түсінбеспін...

Өзің барда басталар басқа әңгіме,
Өмір қызық өзіңмен бір кешірген.
Бір ғажайып өзгеріс басталды да,
Сұлуланып кетемін
(күлме ішіңнен) [10, 84 б.].

Бұл – ақынның жасырын психологизмге құрылған өлеңі. Ақынның ешкім түсінбес тұңғиық болуы немесе ешкімді түсінбейтін қалып танытуы – беймәлім күйге түсуі. Мұндағы жасырын сыр «бір ғажайып өзгеріс» деген сөз арқылы ашылады.

Менің жүзім сен үшін таң сәулелі,
Жұбанышың еске алып, аңсау мені.
Сөйте тұра бағаңды арттырсам деп,
Құбыласың ....
Қайтесің сонша әурені?! [4, 126 б.].

Осындағы «құбыласың ... қайтесің сонша әурені?!» деген жолдар тасасында лирикалық кейіпкердің жан әлеміндегі құпия сырлар жатыр.

Поэтикалық тіл де, музыка тілі де әсемдікті бағалап, табынуға, рухани нәр алуға үндейді. Шынайы өнердің құдіреті эстетикалық өлшем жасауға себепкер болып, тыңдаушының, оқырманның талғамын ұштап, өткірлеп, шынайы сұлулыққа деген сезімін арттырады.

Күлаш ақынның «Менің музыкам» аталатын лирикалық өлеңіндегі:

Дауысым жоқ,
Адамдаймын кінәлі шын.
Ішімде – жұбанышым,
Қуанышым.
Айтулы әнші емеспін,
Содан ба екен –
Әуезді әнге толып тұрады ішім [4, 27 б.], -

деген жолдардан ақын жанының өне бойы бір қалыпта тұрмайтындығын көреміз. Ақын жанының нәзіктігі осындай - болмашыға тарылып, болмашыға жабығады. Аумалы-төкпелі сезімге оранған ақын-жүрек келесі жолдарда басқаша үн тастайды. «Жүрегімде – халықтың барлық күйі, барлық әні», немесе «...Жанымның түпкірінде тұратындай, сызылтып скрипкасын

Паганини», «Сезімім – симфония, өн бойымда ойнайды, өмір бойы Бетховен де» немесе,

Ән маған,
Мен әндерге бөтенмін бе?
Ән іздеп алаңдаймын өтер күнге
Білмеймін
Неткен жанмын?
Көкірегімнен
Кетпейді сағынышы
Шопеннің де [4, 27 б.], -

деп, толғанып соңынды:

... Барлық күй жазылғандай лайықталып,
Құбылған менің құйын сәттеріме [4, 27 б.], -

деп ой түюі ақындық мінездің лабораториясы іспетті. Ішкі сезімнің айнасын жарқырата ашатын сырлы саздарға құрылған мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ақын жанының осындай әр күйге түсуі, жүрек қылының шертілуі, ақын К.Ахметова жанының «музыкасы» – жалпы лирик акындардың психологиялык күйі.

К.Ахметованың «Бұлақтағы жұлдыздары» туралы ақын Жұмекен Нәжімеденов былай деген еді: «Күләш Ахметова – лирик акын. Лирика, лирик дегенде біраз жұрт махаббатты, табиғатты, не бір әдемілікті тамылжыта жырлайтын жыршы, жыр деп түсінетін тәрізді. Бұл қате түсінік. Лириканың барлық тақырыпта жазылатыны, немесе барлық такырыпты лирик ақын жырлай алатыны хақ. Мәселе – көңілдің күйінде. Басқаша айтқанда, лириканың – лирика болуы үшін жыр объектісі қыз ба, жапырақ па, әлде реактивті самолет пе – бәрібір, тек акынның көңіл күйі айкын сезілуі керек. Көңіл күйді авторлық позициямен шатыстыруға болмайды. Көңіл күй, (настроения мағынасындағы) лириканың түп қазығы, біздіңше, осы. Күләш өлеңдерінің дені дерлік осы көңіл күйін білдіреді.

Қол бұлғайды мың үміт, мың сан арман,
Құралатын сияқты жыл солардан.
Жұлдыз біткен қонғанда жылтыр қарға,
Жылдың исі шығады шыршалардан.

Расында жаңа жауған қар астында тұрған шыршадан жылдың исі шықса – шығатын болар. Өзіміз сезіп көрмегенімізбен, әлгі шумақтың шындығына күмән айта алмаймыз. Өйткені мұнда деталь, образ, теңеу жоқ. Есесіне ақынның көңіл күйі бар. Көңіл күй – нені сезгісі, нені көргісі келсе – соны табады. Жоқты – көреді, барды – ұстайды» [12].

Акын туындыларының кай-кайсысы да окырманын отансүйгіштікке баулып, рухани сезімге баурап алғаны жасырын емес. Адамның терең жан күйлері құндылықтар дүниесімен қабысып жатады. Ақынның шынайы жырларында өмір күрестегі мүдде биіктігі мен әлеуметтік шындық, азаматтық күрескерлік пен қайсарлық, әділдік пен адалдық, сенім мен адамгершілік сияқты жалпы адамзаттық моральдық философиялық категориялар үстем болып, нанымды шығады. К.Ахметова өлеңдері өміршеңдігімен жасай бермек.

Әдебиеттер:

1. *Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.*
2. *Ахметова К. Орман. Жыр жинағы. – Астана: Фолиант, 2015. – 136 б.*
3. *Титченер Э.Б. Учебник психологии. Ч. I. – М.: Мир, 1914. – 266 с.*
4. *Ахметова К. Арғымақтар даласы. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1987. – 191 б.*
5. *Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. 14-т. Өсу жолдарымыз. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.*
6. *Базарбаев М. Заман тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.*
7. *Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.*
8. *Нарымбетов Ә. Дәуір және поэзия. – Алматы: Жазушы, 1970. – 152 б.*
9. *Ахметова К. Күн шыққанда күліп оян. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 302 б.*
10. *Ахметова К. Мейірім. – Алматы: Жалын, 1981. – 152 б.*
11. *Ахметова К. Сен жанымда жүрсең. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1989. – 264 б.*
12. *Нәжімеденов Ж. К.Ахметованың «Бұлақтағы жұлдыздары» туралы. – www.kitap.kz. Пайдаланған уақыты: 16.02.2017 ж.*

Камарова Н.С., Толысбаева А.Т.

Художественное мышление в поэзии Куляша Ахметовой

В этой статье говорится о характерный поэтический стиль поэта Куляш Ахметовой. Поэт К.Ахметова из числа особых поэтов в казахской поэзии. Ее лирический образы – поэтический магия. Именуемые в «Менің музыкам» через только один стихотворение распознаем внутренний мир поэта. Музыка ее души – общее состояние психологической лирик поэтов.

Если визуально посмотрим ее поэзию то, мы видим отсутствие в одном положении. То получив полете чувств, ни остается проявляют серьезный. Разные образы, различные краски на конкретных примерах доказывается в творчестве Куляша Ахметовой. Особенности художественного мышления поэта не его одного, которое в целом ощущается на внутренней дух.

Ключевые слова: Куляш Ахметова, казахская поэзия, духовная сила, настроение, художественное мышление.

Kamarova N.S., Tolysbaeva A.T.

Artistic thinking in poetry Kulyash Akhmetova

This article is about Kulyash Akhmetova and her inherent poetic style. Kulyash Akhmetova has a special place in Kazakh poetry. Her poetic power is covered by lyrical characters. Her only lyrical poem “My music” shows us the poet`s inner world. Akhmetova`s music is the general psychological condition of lyrical poets.

If we review Akhmetova`s poetry we might always notice her unsustainable state of mind. It is either flushed with feelings or remains calm. In her lyrical works the poet`s character is filled with lyrical character, such as variety views of human society. The rhymes of Akhmetova are shown by images, different colors and precise examples. Features of poet`s beautiful thoughts might be felt not in her only one rhyme, but in the total internal power of her poetry.

Keywords: Kuliash Akhmetova Kulyash Akhmetova, Kazakh poetry, spiritual power, mood, artistic thinking.

***

ӘОЖ 82.342

Балтымова М.Р. – филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: mbr76@mail.ru

ФОЛЬКЛОР ҮЛГІЛЕРІНІҢ ТАРИХИ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа: *Қызметі күрделі әрі кең фольклор халықтың өткен өмірі туралы мәлімет ретінде өткен заман ойларын қазіргі кезеңнің дүниетанымына ұластыруға көмектеседі. Көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясында қолданылған фольклор үлгілерінің молдығы мен әр алуандығы туралы талдау мақалаға өзек болған. Трилогияда қолданылған мифтік нанымдар, анимистік түсініктер, тотемдік ұғымдар, магиялық сенім-нанымдар секілді көне фольклор көріністерімен қатар, аңыз әңгімелер, ертегілер, батырлық жырлары шығарманың көркемдік қуатын арттырып, идеясын айқындауға қызмет ететіні туралы айтылады.*

Тірек сөздер: *Тарихи роман, фольклор үлгілері, аңыз әңгімелер, ертегілер, батырлық жырлары.*

Фольклордың қызметі күрделі әрі кең. Ол халықтың өткен өмірі туралы мәлімет ретінде өткен заман ойларын қазіргі кезеңнің дүниетанымына ұластыруға көмектеседі. Сонымен қатар фольклор кейіпкерлердің мінездемесін жасауда, оны өзі өмір сүрген дәуірдің қаламымен бейнелеуге қолданылады. Әпсаналар мен аңыздар, эпикалық баяндаулар, тарихи әндер мен бәйіттер халық өмірін қоғамдық арнада мейлінше толық көрсететін әрі халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығының жоғары дамуын көрсететін негізгі фольклорлық жанрлар, бұлар фольклорлық тарихилықтың ерекше түрі болып табылады. Фольклорлық тарихилықтың әрқилы типтері халық санасының әртүрлі жақтары мен деңгейлерін бейнелейді. Тарихи әпсаналар туралы пікірлер көп жағдайда, біріншіден, халықтық әпсаналардың жанрлық ерекшеліктерін түсінумен, екіншіден, аңыздардың, ән-әпсаналардың, ән-аңыздардың, кейде батырлық эпостардың жанрлық ерекшеліктері туралы түсініктермен анықталады.

Көркем әдебиетте фольклор үлгілерінің қолданылуы туралы М.Әуезов «көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сатысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатқанын» айтады [1, 237 б.].

Көрнекті жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында XIY-XY ғасырларда қазақ жерінде орын алған тарихи, саяси оқиғалар, әлеуметтік қақтығыстар, жаугершілік заманының бейнесі және қазақ хандығының құрылуы туралы жағдайлар суреттеледі. Жазушы өзінің тарихи романдарында архив деректері мен тарихи фактілер арқылы халық бейнесін, ұлт бейнесін жасай отырып, ауыз әдебиеті үлгілерін шебер қолданған. Трилогияда қолданылған фольклор үлгілерінің молдығы мен әр алуандығы шығарманың көркемдік бояуын қалыңдатып, ұлттық белгілерін айшықтай түседі. Трилогияда көне фольклор көріністері – *мифтік нанымдар,*

анимистік түсініктер, тотемдік ұғымдар, магиялық сенім-нанымдар кездеседі.

Соның бірі монғолдардың бекзадаларын жерлеу дәстүріне байланысты аңызда: "өзге жұртқа қарағанда монғол халқы өздерінің бекзадаларын жерлеуде екі айрықша дәстүрі болған. Бірі – қабірге өлген сұлтанмен бірге бекзаданың құлын салу, зираттың ішіне қазан толы ет, құмыра толы сүт қою, садақа етіп күміс, алтын білезік, сақина, алқа тәрізді қымбат заттар салу дәстүрі. Құлды салу оның қожайынына деген адалдығын тексеруден туындаса, асыл заттарды салу аркылы бекзаданың жанын кинауға келген періштелер алтынды алып, өлікке тимей кетеді деп ойлаған. Екіншісі – бекзаданың зиратын тірі жан білмеуі үшін оны жерлеуге катысқандарды түгел өлтіріп, қабір үстінен үйірлі жылқы өткізіп, жер бетін теп-тегіс ету дәстүрі. Мұндағы ойлары кегі барлар бекзаданың өлігінен өшін алмасын және монғол халкының отка табынатын кездегі түсінігі бойынша бекзаданың жаны о дүниеде тыныш серуен құруға тиісті деген ойдан шыққан", - делінген [2].

Көрнекті ғалым Ә.Қоңыратбаев: «аңыз дегеніміз – мифологиялық геройлар мен тарихи адамдар жайында айтылатын "әңгімелер"», – дей келіп, аңыздардың мифологиялык, этностык және тарихи-реалистік болып бөлінетінін, олардың белгілі бір ғана елдің шетенінде тумай, халықаралық сюжет болатынын және Орта Азия, Алтай, шығыс елдеріндегі аңыздардың басында жылнама (шежіре), сарай хроникасы түрінде туып, жазба әдебиетінің калыптасуына негіз болғандығына, ертегі, аңыз, эпос бір-бірімен сабақтас екенін, ертегінің аңыз, аңыздың эпостық жыр түрінде айтылуы мүмкін екендігіне токталады: «аңыздың шежірелік, жылнамалык-эпостык формалары келе-келе тарих ғылымына жол салған», – дейді [3, 73-74 бб.]. Трилогияда көне қыпшақтардың өлген адамның жаны қонатын қуыршақ жасау дәстүрінен калған адам тәрізді балбал тастар туралы аңыз аркылы да жазушы халықтың көне таным-түсінігін шебер көрсете білген.

Ал Шыңғыс ханның өз нөкерлерімен екі рет аңға шыққанда өмір үшін күрескен жас қыран мен кәрі аждаһаның және жас айдаһар мен кәрі кыранның кескілескен тартысына куә болып, соның нәтижесі ретінде өз баһадүрлеріне: «Мына қыранның арманы жоқ. Ол алғашқы жолы өзінің қайратты кезінде тайталасқан жауын алысып жеңді. Бұ жолы өзі өлсе де балапандарын ажалдан құтқарып өлді. Мына аждаһаның балалары өсіп өшін алғанша, анау шың басындағы ұядағы балапандар да қыран болады. Сендер де осы қырандай болыңдар. Ажал сағаты келгенше монғолдың ұлы тағына қауіп-қатер туғызатын жауларыңды құрта беріңдер», – өсиет етеді [2, 99 б.]. Бұл ретте аңыздардың көркем әдебиеттегі қызметі туралы фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасов: «Бір аңызды толық түсіну үшін кейде онда баяндалатын окиғаны білу аз, сол аңыз пайда болған аймакты да жете білуге тура келеді, онда айтылатын басқа фольклорлық шығармалармен танысу қажет болады», - деп көрсетеді [4, 122 б.].

«Қаһар» романында келтірілетін «Абылайдың түсі» делінген *аңыз* – шығарманың идеясын айқындай түсуге аса қажет қызмет атқарған. Осылайша ауыз әдебиетінде сақталған сарынды ұғымды пайдалану романға қосалқы қуат қосқан Кенесары оқиғаларының ақырғы түсін тізіп баяндауға бармай, олардың жалпы түсінігін қаһарманның түсі ретінде айтудың өзі де үлкен көркемдік тәсіл. Бұл түсті толық баяндайтын болсақ, Абылай ханның ұлын

сүндетке отырғызуға арналған алқалы жиында Абылай келелі мәселелер сөз болатындықтан, Бұқар жырауды шақыртып, осы жерде данагөй жырауға өзінің түсін баян етеді:

– Түнде түс көрдім. Табытта жатыр екенмін. Басыма ілінген Үш жүздің жалауын үш обыр жұрт жұлып әкеткелі тұр. Табытымның бір бүйірінде арыстан, екінші бүйірінде айдаһар отыр. Аяқ жағымда бір топ үрім-бұтағым. Уәлиден тараған бір ұрпағым маған Құран оқып жатыр. Қасымымнан өрбіген бір тентегім қолына қанжарын ұстап мені қорғап тұр. Ал мен өліп жатсам да, екі бүйірімде отырған арыстан мен айдаһарға кезек қарап, мыналардан қалай құтылам деп жанталасудамын. Осы түсімді жорып берші, Бұқар аға?

Бұқар тұнжырап біраз отырды. Үй іші де тына қалды. Әлден уақытта барып жырау:

– Түс жору – түлкі аулаумен тең, кейде ізіне дәл түсесің, кейде шет кетесің, сөйтсе де жорып көрейін...

– Сөйлеңіз, көмекей әулие...

– Қырыққа келмей табытта жатсаң – өмірің ұзақ болады екен. Басыңа жалау тігіліп, оған үш бірдей топ таласып жатса, үш жүзге хан болады екенсің. Бірақ хан атына ие болсаң да, халқыңа ие бола алмайды екенсің. Сен өлген күні үшеуі үш жаққа ыдырап кетеді екен. Табытта жатып, екі бүйіріндегі арыстан мен айдаһардан қалай қашып құтылам деп қорықсаң, өле-өлгенше екі бүйіріңде тұрған екі мемлекетке жалтақтаумен өтеді екенсің... Ал аяқ жағыңда тұрған үрім-бұтағыңның ішінен бірі Құран оқып, бірі қанжар қайраса, Уәлидің ұрпағынан шыққан бір тұқымың атын қағазда, ал Қасымнан туған бір балаң атағын майданда қалдырады екен.

Абылай үндемеді.

– Үндемей қалдың ғой, сұлтаным. Шешуім ұнамады ма?

– Бір ұрпағым атын қағазда, екінші ұрпағым атағын майданда қалдырады екен. Сонда мен өзім қайда қаламын?..

– Басыңа үш жалау босқа тігілді ме? Ісіңді ел ұнатса үш жүздің жүрегінде қаласың!

Абылайдың қабағы жадырап сала берді. Қазақ: «еркектің ақылы қырықтан бастап толады, алпыстан бастап солады», - дейді. Абылай қазір қырықтан жаңа асып барады. Түсін жорыған сыншы жырау оның түпкі сырын дұрыс болжады. Абылай – қазақ елін ұлы елдер қатарында көргісі келді, хан болса сол ұлы елге хан болуды арман етті» [2, 415-416 бб.].

Сонымен қатар жазушы Шыңғыс хан әулетінің салт-дәстүрін бейнелеу үшін аңыздарды көп қолданады, солардың ішінде Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімді өлтіру үшін қолданылған «қан төкпей өлтіру» дәстүрі, хандарды жерлеу дәстүрі, Шыңғыс ханның ел билеу туралы төрт ұлына берген жауаптары туралы, Асан Қайғының қазақ руларына таңба үлестіру жайындағы аңыздар шығармада орынды қолданылып, түсінік беріледі. Жазушының бір шеберлігі аңыз, әпсана, хикаяларды тарихи фактімен байланыстыра отырып, шығарманың өн бойында тігісін жатқызып қолдана білген.

Жазушы аңыздарды роман сюжетіне кірістіре келіп, оның қай аңыз екендігін анықтай кететіні де кездеседі: «Алашаханның жақсы көретін баласын тағы құлан үйірі басып өлтіріпті. Қатты ашуланған хан құлан біткенді қыруды бұйырады. Кімде-кім оларды қырып бітірсе, соған ғажайып

көп сыйлық пен ең сұлу кіші қызын бермекші болады. Домбалық деген батыр ханның тілегін орындаймын деп уәде береді. Өзінің Иней, Қабан деген жүйрік аттарын мініп құландарды қуады, қайда қашса да қоймай, бейшараларды қырады. Ақырында бес-ақ құлан қалады. Олар Шу өзенінен өтіп құмға қашады. Осы құландардың Шудан өткен жерін Бескұлан дейді. Құмға қуып шыққан батырдың аттарының жете алмай зорығып өлген жерлерін Иней, Қабан деп атапты. Ханның қызын алам деп құм арасында қаңғып өлген Домбалық батырдың моласы деп қазақтар Шудың теріскей жағындағы моланы көрсетеді, бұған «Бескұлан» аңызы куә»; «Шыңғысхан өзге балаларынан тұңғышы Жошыны анағұрлым жақсы көрген. Сөйтсе де айтқанына көне қоймайтын Жошыны жоюға Ұлытау бойына әдейі арнап кісілер жіберген: Жошы аң аулап жүргенде қастары монғол әдісімен отыз жеті жасында омыртқасын үзіп өлтіреді. Бұл хабар Ұлы Ордаға жетеді. Шыңғыстың Жошыны жақсы көретінін білетін хан төңірегіндегі адамдар бұл хабарды естірте алмайды. Және оның үстіне өзі арнап кісі жібергендіктен Жошының қаза табатынына шек келтірмеген әміршінің өзі де «кімде-кім Жошының қаза тапқанын естіртсе, соның басын аламын», – деген. Бұған «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңызы куә [5].

Трилогияда көптеген тарихи аңыз, әңгімелер романның кең ауқымына жарасымды қабысып кеткен. Фольклорлық, мифологиялық, аңыздық оқиғаларды «тірілту», оларды жазба әдебиеттің жан-жақты дамуына жарата білу – жалпы әдебиетте жиі байқалып жүрген құбылыс. Қазақ ауыз әдебиетінде Кенесарының бабасы – Шыңғыс немесе Темучин туралы аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі. Шыңғыс туралы аңыз, болмаса, «Шыңғыс айтыпты» деген сияқты аңыздар топтамасын тек «Қаһар» романынан ғана емес, «Алмас қылыш», «Жанталас» романдарынан да кездестіреміз: "Шыңғыста аяушылық жоқ, залым, пұтқа табынушы, ол әлемнің төрттен бірін тітіркенткен. Оның қолданған заң-тәртіптері өте қатал, тіпті кейінгі мұсылман болған кейінгі тұқымдары да ескі ережелік саясатына пайдаланған. Шыңғыс өлім төсегінде жатып, жақын туысқандарын шақырып бір байлам садақ оғын беріп, сындыр дегенде ешкім сындыра алмайды. Шешіп бір-бірлеп бергенін бәрі сындырған. Бұл не жұмбақ дегенде, егер бірліктерің болса әркім сендерге азық, керісінше болса сендер әркімнің жемі боласыңдар деген" [5, 96 б.].

«Қаһар» романындағы Қоңырқұлжа атты кейіпкердің де есіне әкесі айтқан аңыз түседі: «Дүниеде не қызық?» деп сұрапты Шыңғысхан бір күні өзінің нөкер, нояндарынан. Бір батыры: «Дүниеде бүркіт салып, түлкі ілген қызық», екіншісі: «Ғашық болған сұлуыңды құшқан қызық», ал үшіншісі: «Алтын таққа отырып жұртқа әміріңді жүргізген қызық», – депті. Сонда Шыңғысхан: «Жоқ, білмедіңдер. Қастасқан жауыңды алдыңа салып айдап, қатын, қызын бауырыңа басып құшып, мал-мүлкін талан-тараж етіп тартып алғаннан дүниеде қызық ештеңе жоқ», – деген екен [5, 545 б.].

Профессор З.-Ғ. Бисенғали аңыздық фабуланы, сюжеттерді көркем шығармаға, әңгімеге, повеске айналдырудың, пайдаланудың оңай емес екенін және әңгімелер айтылуында жайнап тұрған әдемі хикая қағазға көшкенде өзіндік күйін жоғалтып, өңінен айрылып, бозарып шыға келетіні жиі кездесетін жәйт екенін айтады [6, 234 б.]. Осындай көркемдік қиыншылықтарға қарамастан, жазушы І.Есенберлиннің тарихи

трилогиясында халық ауыз әдебиетіндегі танымал аңыздармен катар, «Сұңқар өлген төбе» аңызы, «Бесқұнан» туралы аңыз, оба, молалар туралы аңыздар да көркемдік кажеттілігіне орай колданылған.

Қазак тарихи романында миф пен аңыздарды символдык мәнде пайдалану шығарманың көркемдік шешіміне еш нұқсан келтірмейді. Қайта тарихи романның әлеуметтік-философиялық танымын тереңірек танытып, халықтың басынан кешкен тарихи өмір жолын жан-жақты суреттеуде, шығарманың көркемдік қасиетінің барынша айшықтала түсуіне қызмет етеді. Мифтер мен аңыздарды тарихи романдарда дәуір шындығының өткені мен бүгінгісін және ертеңгі болашақ ұрпақтың санасына тәлім-тәрбиелік мораль ұсынып қана қоймай, көркемдік-эстетикалық қасиеттерді терең игеру үшін де қажет болып отыр. Әдебиеттанушы ғалым А.А. Мәуленовтің пікірінше: «І.Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи такырыпка жазылған шығармасында аңыз, миф, хикаялар жаңаша сипат алып, мазмұндық-фомасын өзгертіп, романның стильдік өрнегін байытып, сюжеттерін ширыктыра түсті. Осы кезге дейін онша мән берілмей келе жаткан миф, хикая, әпсана-хикаят жанрларының көркем прозадағы көп мағыналық, көп қабаттылық қызметі айқын көріне бастады» [7, 4 б.].

Қазақ тарихын терең зерттеген белгілі тарихшы Е.Бекмаханов ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы тарихи ірі окиғалардың казак халкының есінде сакталғанын және осы фольклорлык материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқандығын атап көрсетеді. Ғалымның бұл пікірі тарихи негізге құрылған ауыз әдебиеті үлгілерінің тарихи дерек ретіндегі қызметін көрсетеді [8, 42 б.].

Фольклор және ауыз әдебиеті үлгілерінің ұрпақ санасын калыптастырудағы кызметі туралы философия ғылымдарының докторы, профессор Е.С. Нұрмұратов: «Қазіргі халқымыздың бойынан табылатын жаксы моральдык отансүйгіштік касиеттердің түп негізі ғасырлар қойнауында қалыптасқан құндылықтар әлемінде. Олар әр түрлі эпостарда, фольклорда, мифтерде, айтыс өнерінде сақталып келеді. Мәселен, қазақтың конакжайлығы, кеңпейілдігі, кішіпейілдігі, елін, Отанын сүйетіндігі, атамекенге деген құрметі өзге елдерден ерекше болып табылады. Тек сол рухани жетістіктерімізді, құндылықтарымызды қадірлей білсек қана жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтпаймыз», – деп келтіреді [9, 36 б.].

І.Есенберлиннің қазақ халқының тарихын танытуды мақсат тұтқан «Көшпенділер» трилогиясында фольклор және ауыз әдебиеті үлгілері көп кездеседі. Жазушы өзіне тән стиль шеберлігіне салып, халық мұраларын шығарманың жанды өзегіне айналдыра білген. Бұл ретте академик Р.Бердібай: «І.Есенберлиннің «Көшпенділер» атты трилогиясында көптеген тарихи аңыз әңгімелер романның кең ауқымына жарасымды қабысып кеткен. Фольклорлық, мифологиялық, аңыздың окиғаларды «тірілту», оларды жазба әдебиеттің жан-жақты дамуына жарата білу – жалпы әдебиетте жиі байқалып жүрген құбылыс. І.Есенберлиннің тарихи романында әлгіндей аңыздаулар айрыкша көркемдік элемент болып косылған. Белгілі творчестволык максат

тұрғысынан шығарма сүйегіне «сиыстырылған» ертегілік қабаттар ірі идеяларды, тың бейнелерді көрсетуге қолайлы», – дейді [10, 20-64 бб.].

Ғалым Р.Нұрғалиев «Тұңғиық дарын» атты мақаласында (Білім және еңбек, 1985, №1) Ілияс Есенберлиннің ежелгі аңыздарды, ауызекі әңгімелерді халықтық мифологияны көркем шығармада творчестволықпен пайдалану барысында көп жаңалықтар, соны өрістер ашқанын, сөйтіп, тарихи романның жаңа бір ұлттық, жанрлық роман-шежіре үлгісін тудырғанын атап көрсетеді.

Ал жазушының інісі Р.Есенберлин «Мен үшін ерекше адам» деген мақаласында (Егемен Қазақстан, 2005, 26 ақпан) ағасының фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілерін қалай жинағандығы жөнінде өз естелігінде былай дейді: «Атбасар қаласынан қырық шақырым жердегі Батауан көлі жанында қай кезде мұнда пайда болғандары белгісіз, өздерін қырғызбыз деп атайтын, бірақ қазаққа сіңіп кеткен қырғыздар тұратын. Солардың ішінде тамаша ән салатын, домбырада ойнайтын, көптеген дастандарды жатқа білетін Қақбай деген ақын болды. Ілияс әсіресе Қақбайды тыңдағанды жақсы көретін. Ол Атбасарға жиі келіп тұратын. Қақбай келгенде мен Ілиясқа хабар жіберетінмін. Ілияс бізге сол уақыттарда үзбей келуші еді. Бір бұрышқа жайғасып алып, Қақбайды бар ынтасымен тыңдайтын. Ілиястың Асан қайғы, Бұқар жырау, Едіге, Қобыланды, Абылай, Кенесары, т.б. да «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогияларының кейіпкерлерін алғаш рет сол Қақбайдан және басқа да ақындар мен шешендерден естігенін өз көзім көрді. «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» хикаяларын да Ілияс тұңғыш осы адамдардың аузынан естіді. Әрине, халқымыздың ұмытылмайтын, қасіретке толы әні «Елім-айды» да сол кезде ұйып тыңдаған болатын. Осы бір аттары тарихқа беймәлім қарапайым жандар бүлдіршіндей жас Ілиясқа бүкіл саналы өмірінде есінен кетпейтін қазақ фольклоры мен өз халқының тарихына деген ыстық ықылас пен шынайы қызығушылық шоғын тұтатып берді», – деп келтіреді [11].

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кеңінен қолданылған фольклорлық мотивтер және этнографиялық материалдар тарихи роман жазуда маңызды орын алады. Жазушы қазақ халқының бұрынғы дәстүрлерін, салттарын жаңғыртып, түркі, монғол халықтарының өте ертедегі тұрмыс көріністеріне тоқталады, бұл баяндау тәсілін жандандырып, романтизм рухын береді де, тарихи роман жанрын қызықты етеді. Романдағы жазушының кеңінен қолданған мифологиялық ертегілері, аңыз-әпсаналары шығарманың көркемдік, танымдық құндылығын арттыра түседі. Жазушының шығармашылық тұлғасының өзіндік ерекшелігі, халық тұрмысы мен фольклорын терең білгендігі, тарих пен әдебиет саласындағы кең құлашты танымы оның тарихи романдарында көрініс береді.

Қазақ тарихи романында миф пен аңыздарды символдық мәнде пайдалану шығарманың көркемдік шешіміне еш нұқсан келтірмейді. Қайта тарихи романның әлеуметтік-философиялық танымын тереңірек танытып, халықтың басынан кешкен тарихи өмір жолын жан-жақты суреттеуде, шығарманың көркемдік қасиетінің барынша айшықтала түсуіне қызмет етеді. Мифтер мен аңыздарды тарихи романдарда дәуір шындығының өткені мен бүгінгісін және ертеңгі болашақ ұрпақтың санасына тәлім-тәрбиелік мораль

ұсынып қана қоймай, көркемдік-эстетикалық қасиеттерді терең игеру үшін де қажет болып отыр.

Трилогияда қолданылған фольклор үлгілерінің бірі – *ертегі.* Қазақ ауыз әдебиеті мұрасының өте күрделі саласының бірі ертегілер ғасырлар бойында ауызша таралып, өңделіп, екшеліп келген халықтық проза ретінде бұрын романның да, повестің де, хикаяның да қызметін атқарып келген. Ертегілер – қазақ ауыз әдебиеті мұрасының өте күрделі саласының бірі. Ертегі жанры туралы зерттеуші Т.Барласұлы: «Ертегі – рухани тәрбиелік мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын, материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», – дейді [12, 133 б.]. Өзіндік шыншылдығы мен әлеуметтік мәні жағынан қарағанда ертегілер көрнекті көркем құбылыс болып табылады. Оның маңызды ерекшелігі мынада: ертегілерде жекелеген құбылыстар фантастикалық бейнелермен әсірелеп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың мазмұны объективті болмыстың көрінісі болып табылады. Ертегілердің көркем эпостың басқа жанрларынан ерекшелігі ертегіні қалай түрлендіріп айтса, тыңдаушы сол күйінде қабылдап, айтушының шеберлігіне тәнті болады.

Ауыз әдебиетінің көркем әдебиетке тірек болуы тек қазақ әдебиетіне ғана емес, әлемдік әдебиетке де тән құбылыс. Осы заманғы жазба прозалық, әсіресе романдар мен повестердің бірталайында тікелей ертегілік, мифологиялық оқиғалар көптеп кездеседі. Қазақ әдебиетінде де шығармаға мифтік, ертегілік оқиғаларды пайдалану жиі кездеседі. Қазақ ертегілерінде ескі түрінен басқа берірек заманда шыққан жаңалау әңгімелер де бар. Мәселен, өлең өлшеуіне түскен батырлар әңгімелерінің барлығы ертегі болып кеткен, батыр әңгімесін көп ел құмартып тыңдайтын болғандықтан, ел қиялы бергі замандардың батырларын да ертегінің қаһарманы қылып жеткізген. Ауыз әдебиетінің жанрлары – аңыз, ертегі, әңгімелердің профессионалдық әдебиетке өз ішінен қаншама өзгеріс жасап келе жатқанын есте тұту шарт. Бұл тек қазақ әдебиетіне ғана емес, әлемдік әдебиетке де тән құбылыс. Осы заманғы жазба прозалық, әсіресе романдар мен повестердің бірталайында тікелей ертегінің, мифологиялық ситуациялардың араласып жүретінін көреміз. І.Есенберлиннің тарихи трилогиясында әлгіндей аңыздаулар айрықша көркемдік элемент болып қосылған. Белгілі творчестволық мақсат тұрғысынан шығармаға енгізілген ертегілік қабаттар ірі идеяларды, тың бейнелерді көрсетуге қолайлы. Қазақ ертегілерінде ескі түрінен басқа, берірек заманда шыққан жаңарақ әңгімелер де бар. Мәселен, өлең өлшеуіне түскен батырлар әңгімелерінің барлығы ертегі болып кеткен, батыр әңгімесін көп ел құмартып тыңдайтын болғандықтан, ел қиялы бергі замандардың батырларын да ертегінің қаһарманы етіп жеткізген.

«Алмас қылыш» романындағы Қотан жырлаған «Орақ толғауы», «Едіге жыры», «Қара Қыпшақ Қобыланды» қиссасы – барлығы жоғарыда айтып кеткен ертегі түріндегі батырлық әңгімелер. «Қаһар» романында кездесетін «Наурызбай – Қаншайым» қиссасынан келтірілген үзінділер, «Сұңқар өлген төбе» аңызы, тарихшылар жазып қалдырған, еш жеңілуді білмейтін, тас жүрек Кенесары туралы аңыз-ертегілер жоғарыда айтып кеткен ертегі түріндегі батырлық әңгімелердің айғағы.

Қазақ фольклорының келесі бір маңызды, көлемді түрі – *батырлық жырлары*. Бұл шығармаларды қазақ халқының осы кезге дейін ұлт болып қалыптасуының отансүйгіштік негіздегі тарихнамасы деп айтуға болады. «Батырлар жыры – халықтың өткен өмірінің жанды көрінісі. Оның күші – халық мүддесін қорғайтын рухында, қоғамның ілгері басуына қажет қасиеттерді адам санасына, жүрегіне сіңіре білуінде. Сондықтан да батырлар жырының әлеуметтік, мәдени, тәрбиелік маңызы орасан күшті» екенін дәлелдей түседі [13, 7 б.]. Қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихы бар қаһармандық жырларының көркемдік, тәрбиелік бітімі сан алуан құпияға толы және ұрпақ тәрбиесіндегі жеке тұлғаның рухын шарықтатып, елдіктің маңызына ден қояды.

Сонымен бірге трилогияда Қабанбай, Бөгенбай сынды батырлардың ерлігін, елі үшін жан аямай күрескер шеберлігін танытатын жырлар Үмбетей, Жиембет, Тәтіқара сынды жыраулар атынан айтылады. Бұл жыраулар заманының қал-жағдайын, мақсат-мұратын жырлаған қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алған жыраулар болып табылады. Олар жырлаған толғаулар батырлар мен сұлтандарға, хандарға, күрес алдында рух, жігер, күш берсе, енді бірде, қаһары қатты хандарды райынан қайтарып, тоқтата білген.

Осы трилогияның көркемдік қуаты жағынан ең биігі – «Қаһар» романының оқушыға ерекше әсерлі, тартымды болуының себептері бар. Ең алдымен қазақ әдебиеті мен фольклорында Кенесары – Наурызбай бастаған қозғалысты суреттеудің ұзақ тарихы бар еді. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласын дүбірлеткен бұл қозғалыстың сыры мен сипаты мейлінше шытырман болатын. Алдында қазақ бұқарасының отаршылдық қысымдарға қарсы көтерілісі ретінде бой көрсеткен бұл оқиғаның ақыры Кенесарының монархиялық мақсатына ұласып, трагедиямен біткені белгілі. Осы қозғалыс кезінің өзінде-ақ Кенесарыны дәріптейтін өлеңдер мен аңыз әңгімелер көп тараған. «Наурызбай – Қаншайым» атты жыр халық арасында көп айтылып келген. Сонымен қатар әуел бастан-ақ Кенесары – Наурызбай бастаған қозғалыстың қайшылықты, халыққа жат сипаттары да әлгіндей мадақ шығармалармен қатарласа әңгіме болып жүрген. Мұның өзі жалпы сол қозғалыстың қатпарлы, астарлы табиғатына байланысты еді. Орыс патшалығының күшіне қарсы шығарлық қуаттың жоқтығына көзі жете тұрса да, Кенесарының күресті тоқтатпай, соңына ерген елді сарсаңға, апатқа душар еткені нақ осыны дәлелдейтін. Бұл қозғалысты біреулердің тәуелсіздік үшін қозғалыс деп, екіншілердің кертартпа әрекет деп бағалап келген себебі осыдан. Тіпті соңғы жылдарға дейін тарихшыларымыздың өзі де Кенесары – Наурызбай қозғалысын танып, түсіндіруде толық, бір ауызды пікірге келе алмаған еді. Бірақ тарихта анық орын тепкен, талай жылдарға созылған, халықтың санасында із қалдырған бұл оқиғаның мәні мен ерекшелігін ашып көрсету – ғылым алдындағы да, көркем әдебиет алдындағы да міндет болатын. Міне, осы міндетті І.Есенберлиннің тамаша атқарып шығуы оның әдеби ерлігі болды. «Қаһар» романы – қазақ әдебиеті үшін жаңалыққа толы туынды. Ел билеуші хандар, сұлтандар бейнесі, «Көшпенділерде», соның ішінде «Қаһарда» алғаш рет шындыққа сай көрсетілген. Жыраулар, шешендер, қолбасылардың да қаншама тартымды тұлғасы әдебиетімізге осы шығармалар арқылы келді.

Жазушы «Алмас қылыш» романының желісінде тарихи фактілерге негізделген оқиғаларды баяндау барысында көркем суреттеулермен, шынайы бейнелеулермен қатар әдемі өрілген ауыз әдебиеті үлгілерін шебер қолданады. Роман оқиғасы жарты ғасырдан астам уақытты қамтитындықтан, жазушының баяндауында лирикалық шегініс жасау, монолог, диалог арқылы халықтың арғы-бергі тарихын шолу, шешендік сөздер, макал-мәтелдер, киім үлгілері арқылы сол кезеңнің шынайы суретін бейнелеу, мифтік ұғымдар туралы аңыздар арқылы түркілер мен монғолдардың көне наным-сенімдеріне шолу жасауы шығарманың өн бойына көркем қуатты өң беріп тұрады. Жазушының тарихи архив мұраларын көркем шындыққа айналдыруда қолданған бұл әдістері туындының құндылығын көтеріп, жазушылық шеберлігін арттыра түседі.

Сөз болып отырған романның жанрлық ерекше бітімі бар. Мол оқиға мен көп кейіпкерді шетінен толық суреттеу бір шығарма көлемінде мүмкін еместігін ескерген автор негізгі күшті баяндау мен кейіптеуге салады. Бірақ, бұл құрғақ баяндау емес, бояулы, нақышты, адам мінезі мен әрекетінің түпкі сырын паш ете алатын күрделі, қызықты ғибратты әңгіме. Қаһармандардың түр-келбеті де, сөйлеген сөзі де, ойы да, тартыс, қайшылықты күресі де осынау баяндаудың ауқымына сыйып кеткен. «Жанталас» романының бүкіл оқиғалық, сипаттамалық, талдау, көркемдеу жүгін екі ғана айтушы – автор мен шежіреші карт Бұқар жырау әңгімесі арқалаған. Осыдан барып шығармада кейіптеп айтушы кызметі маңызды орынға шығады. Қандай көркем туындыда да кейіптеуші мен баяндаушының дәнекерлігі елеулі орынға ие. Дегенмен «Жанталаста» айтушының міндеті мүлде өзгеше. Бұл ретте жазушы ауыз әдебиетінің өміршең дәстүрлерінен үлгі алған. «Жанталаста» суреттелетін қаһармандардың бәрі дерлік аңыз, жыр аркылы халык санасынан орын алған жандар болатын. Сол фольклор туындыларында калыптаскан эпикалык бейнелерді төмендетіп алмай, оларға реалистік нактылык, даралық келбет дарыту оңай емес. Сөз болып отырған шығармада Баянның жауға карсы көзсіз ерлігі, отты отаншылдығы, намысшылдығы баяндалған. Жауға қарсы өшпенділік, таза халықтық ұғым, айнымаған намыс, ар Баян басынан табылады. Ол қалмақ қызының азғыруына ерген сүйікті інісі Ноянды атып өлтіргенде де дәл осындай биік елдік дәстүр тұрғысынан көрінеді.

Бұл секілді аңыздар мен шежірелер шығармада жеке өзіндік қызмет атқармайды. Олар қаһармандар бейнесін ашуға, сонымен бірге тарихта болған оқиғалардың шынайы суреттелуіне көп көмектеседі. Сонымен бірге баяндаушы сол тарихи аңыздардың дәнін, негізгі ұйтқысын және бағытын ашуға ұмтылады.

Бұқар жырау атынан берілген төрт дүркін аңыз-әңгімеде тарихи құбылыстардың бағасы бүгінгі түсінігімізге орайлас беріледі. Сонымен «Жанталас» романында тек XVII-XVIII ғасырлардың тарихнамасы беріліп қоймай, олардың сыры мен шынына да талдау жасалады, тарихтың көркем пішінге түскен желісі беріледі. Атап көрсетерлік бір мәселе сол – шығармада фактілер мен киялдап айтулар бірлестікке, көркемдік шындык деңгейіне көтерілген. Кейіпкерлердің іс-әрекетінің нактылы жүйесін емес, сол құбылыстардың мәнін ашуға көңіл бөлінген,

психологиялық талдаулардан гөрі тұжырымдап, шолып, шежірелеп айту басым шыққан. «Жанталастың» жанрлық ерекшеліктерін сөз еткенде есте боларлық жайлар осы.

Тарихи дәуірдің ерекше бояуын жасау үшін трилогияда халық өмірінің атрибуттары - олардың айналысқан ісі, қолөнері, киімі, этнографиялық детальдары, жоралғылары, ырымдары орнымен қолданылған. Халық өмірінің беймәлім және өзінен өзі сөйлеп тұрған суреті оқырман алдында сан алуан бейнесімен беріледі. Адамдар өмірінің сол кезеңдегі өмір философиясы, олардың рухани санасы және дүниетанымы халық тұрмысында және этнографиялық суреттерде көрініс тапқан. Ілияс Есенберлиннің тарихи трилогиясында тарихи оқиғаның халықтық үлгімен берілгендігінің көркемдік сипаты аңыз бен ақиқат туралы философиялық пайымдауларды айқындай түседі.

Әдебиеттер:

1 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Қазақша және орысша жазылған зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Қазмемкөркәдеббас, 1959. – 556 б.

2 Есенберлин І. Көшпенділер / Тарихи трилогия. – Алматы: Көшпенділер, 2004. – 760 б.

3 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Құрастырып, алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.

4 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.

5 Есенберлин І. Көшпенділер / Тарихи трилогия. – Алматы, 1998. – 581 б.

6 Бисенғали З.-Ғ. Белеске ме, белесте ме? // Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1990. – 234 б.

7 Мауленов А.А. Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі (Ілияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы) / Филол. ғыл. канд. .... автореферат. – Алматы, 2001. – 24 б.

8 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1994. – 416 б.

9 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (әлеуметтік-философиялық талдау) / Филос. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2000. – 237 б.

10 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983. – 248 б.

11 Күзембайұлы А., Әбіл Е.А. История Республики Казахстан. – Астана: Фолиант, 2000. – 400 с.

12 Барласұлы Т. Сөз атасы – ертегі, Құраннан сыр шертеді // Қазақ әдебиеті. – 2000. – №39. – Б. 22-29.

13 Молдаханов Ә.М. Әуезов және фольклор: Монография. – Алматы: Дәуір, 2005. – 248 б.

Балтымова М.Р.

Художественные функции фольклорных жанров в исторических произведениях

Многофункциональные фольклорные жанры помогают связывать прошлую жизнь народа с сегодняшним миропознанием. В статье анализируется фольклорные жанры, использованные в трилогии «Кочевники» известного писателя Ильяса Есенберлина. Рассматриваются легенды, сказки, героические сказания и мифические верования, анимические представления, тотемические понятия, магические верования, которые служат для усиления художественной силы, а также определения идеи исторической трилогии.

Ключевые слова: Исторический роман, фольклорные жанры, легенды, сказки, героические сказания.

Baltymova M.R.

Artistic features folklore genres in historical works

Multifunction folklore genres helps bind past life of people with today self-knowledge. The folklore genres used in the trilogy "Nomads" by the famous writer Ilyas Esenberlin are analyzed in the article. The legends, fairy tales, heroic legends and mythical beliefs, animic ideas, totemic concepts, magical beliefs, which are used to enhance the power of art, as well as the definition of the idea of the historical trilogy are considered.

Keywords: Historical novel, folklore genres, legends, fairy tales, heroic tales.

***

ӘОЖ 82 - 4 (574)

Сұлтанғалиева Р.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Мусина Ж.Ғ. – магистр, аға оқытушысы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Емранова Ж.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: R.Sultangalieva@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН РОМАН ЖАНРЫНА КІРІГУ ҮРДІСІ (Қ. ЫСҚАҚТЫҢ «КЕЛМЕС КҮНДЕР ЕЛЕСІ» РОМАН-ЭССЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. *Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының даму тенденциясы сөз болып, оның проза саласының көлемді жанры роман жанрына кірігуі, екі жанрдың трансформациялану құбылысы талданады. Жанрдың ұлттық әдебиетіміздегі жанр ретінде қалыптасуы мәдени-әдеби дәстүрден туындаған заңды құбылыс екені талданады. Роман-эсседе мемуарлық романдар тәрізді естеліктер, әдеби кездесулер, жол-сапарлар күнделігі, тарихи кезеңдегі тұлғалар туралы сырларын жеткізіп қана қоймайды, сондай-ақ роман-эссенің құрылымында субъективті ғылыми танымдық бағалаулар мен болжамдар, өткен күн мен бүгінгі күнді саралайтын әдеби-тарихи сыншылық көзқарастар, этнография, мәдени-фәлсафалық толғамдар да жат емес екені айқындалады. Бұл мақалада Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссенің көркемдік негіздері арқылы талданады.*

Тірек сөздер: *Роман-эссе, роман мемуар, очерк, ғұмырнамалық роман, дәстүр мен жаңашылдық, жанрдың трансформациялану құбылысы.*

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетінде ерекше қарқынмен дамыған жанрлардың бірі – эссе. Көркем әдебиеттің де, публицистиканың да аралық жанры ретінде эссе жанры қызметінің ерекше дамуы, сөз жоқ, аталған жанрдың әлемдік мәдени диалогқа түскен Қазақ елінің руханиятындағы көркемдік ізденістерден туындады. Яғни қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының кең етек алуы үрдісін әдеби байланыс, мәдениеттер ықпалдастығы шеңберінде қоғамдық формациялардың ауысуынан, келмеске кеткен қатаң тәртіпті социалистік режимнің қыл тұсауынан шығып, еркіндікке, басыбайлыққа ұмтылған сөз бостандығынан қарауымызға болады. Бірақ аталған жанрлық ізденістер қазақ әдебиеті тарихында мүлдем болмады деп үзілді-кесілді тұжырым жасауға да болмайды. Терминдік ұғым ретінде қолданылмаса да, кеңестік қазақ әдебиеті кезеңінде эссе жанрының табиғатына ұқсас жанрлар «очерк», «мемуарлар» жазылғаны мәлім. Атап

айтсақ, бұлардың қатарында С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Көбеевтің «Орындалған арман», Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафинның «Өмір белестері» сынды бірен-саран туындыларды санамалауға болады. Бұл дәстүрлі мемуарлық романдардың тізімі. Мұндай роман мемуар, естелік-эссе, роман-эссе жазуға каламгерлерге сол кездегі саясаттың салкын ызғары біршама тоскауыл болса керек.

Осы бағыттағы романдарды зерттеуші ғалым Н.Омаров былай жеткізеді: «Егер, желтоқсан оқиғасы болмаса, СССР аталатын алып империя ыдырап, әрбір ұлт тәуелсіздігін алып, дербес жеке мемлекет болып бөлініп шыкпаса, жазушылар мемуарға ден койып, аталған жанрда шығармалар жазар ма еді, жоқ па? Мүмкін олар көркем прозалық ізденісін одан әрі тереңдетіп алуан-алуан табиғатты шығармалар жазған болар еді. Мемуар жазбауы мүмкін еді. Қалай болғанда да қазақ қоғамындағы бодандықтың аякталып, тәуелсіздікке кадам басуымыз – жазушылардың мемуар жанрына келуіне белгілі дәрежеде ықпал етті» [1, 18 б.].

Ал тәуелсіздіктің келуімен аталған бағыттағы туындылар күрт көбейді және кейбір шығармалар роман-эссе деген терминдік ұғымды иемденді. Атап айтсақ, З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Х.Әдібаевтің «Өмірдария», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Қ.Жұмәділовтің «Таңғажайып дүние», Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі», М.Мағауиннің «Мен» мемуарларымен толыкты. Осы жоғарыда аталған «Менің Әуезовім», «Ай мен Айша», «Келмес күндер елесінің» авторлары туындыларын роман-эссе деп атауды жөн көрген. Міне, сондыктан дәстүрлі мемуарлык романдарды роман-эссе деп атауда екі жанрдың аражігінің нақты ғылыми тұрғыдан ажыратылмағанын байқаймыз. Сондықтан роман-эссе, роман мемуар, ғұмырнамалық роман сынды жанрлық ұғымдарда белгілі бір дәрежеде шарттылық барын ескергеніміз жөн. Сол себепті тақырыптың зерттеу нысанына сәйкес, роман-эссе жанрының табиғатын өзіндік ерекшелігін тереңірек саралап алғанымыз жөн. Ол үшін ең алдымен, эссе, роман жанрының терминдік ұғымдарын ұғыну абзал.

А.Байтұрсынов: «Ұлы әңгіме яки роман деп тұрмыс жырының түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз» [2], - десе, эссе туралы әдебиеттанушы ғалым С.Негимов: «Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге конымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау салаларлық байламдар тән» [3] деген пікір білдіреді. Міне, ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, ақиқат өмірдің барша тыныс-тіршілігін көркем образдар жүйесі мен сюжет, тартыс арқылы жеткізудегі роман жанрының мол мүмкіншілігі эссенің табиғатындағы еркіндікке тұтасып, екі жанрлық түрдің кірігуі, табиғи тұтасуы нәтижесінде роман- эссенің дамуына ықпал етті. Эссе жанрында көрініс тауып, тұлғалық сана-сезімнің белсенділігін арттырған үрдістер сонымен бірге, баска да жанрлық құбылыстарға, романның трансформациялануына, жанрлық ізденістер мен жанрлык даму үрдістеріне әсерін тигізді.

Қазак әдебиеті тарихындағы эссе жанрының негізі Абайдың қарасөздері арқылы қалыптасты десек болады. Ұлы Абайдың әлемдік ұлы тұлғалармен рухани сабақтастығы ақыл-ой даналығының шыңы қара

сөздерінен көрініс тапты. Бұл турасында философ, абайтанушы Ғарифолла Есімнің жанр туралы: «Абай ойына келген нәрселерді еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол сөз жанры. Ақынның қарасөздері нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры өкінішке орай қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі, Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді» [4]. Абайдың "Қарасөздері" мазмұны – өмірлік шындықтың әдебиеттегі көркем көрінісі, ол формасы эссе сипатында деуге толық негіз бар. Міне, ғалымның пікірін сабақтастырсақ, өткен ғасырдың 30-жылдарынан басталған зобалаң қазақ руханиятының өрістеуіне, соның ішінде сөз өнерінің дамуына тұсау болғаны тарихтан мәлім. Еркіндік, ойдың ашықтығы, кейде қарама-қайшы құбылыстар орын алатын эссе табиғаты кеңестік әдебиетте дамуы, кең қанат жаюы да мүмкін емес еді. Тек, өткен ғасырдың 60-шы жылдарындағы қоғамдық жағдайлар «жылымық кезең», әдебиетке келген еркін ойлы буынның эстетикалық танымы мен батыл көзқарастары авторлық ойдың шексіз толғамдарына жол ашатын осы эссе жанрының дамып, қоғамдық және көркем ойлау жүйесіне өзіндік ықпал жасады. Кеңестік кезең әдебиетінде терең құлашын жаза алмаған жанр, дегенмен «мемуар», «очерк» сынды жанрларда көрініс тауып, бұл жанрдағы туындылар қалың оқырман қауымға өзінің өткір тілімен, ерекше пікір, қалыпты қарабайырлықтан ада батыл тұжырымдарымен ерекше ықыласқа ие болды. Мысалы, О.Сүлейменовтің кезінде одақтық көлемде қарама-қайшы пікір туғызып, ақыр соңы «темір сандықта құлыптанған» «Азиясын» атауға болады. Бұл кітап бір жағы ғылыми танымдық бағытта жазылса, екіншіден автордың еркін шығармашылық әлемінде көрсете білді. Эссе жанры табиғатындағы бірнеше жанрдың тұтастығын танытады.

Аталған жанрдың негізін салушы француз жазушысы – Мишель Монтень «Тәжірибе» атты еңбегіндегі «Байқауымда, менің ой-толғамдарымның тамырланғаны соншалық, оларға өзім де ие бола алмайтын сияқтымын» [5] деген пікірінен эссенің қоғамдық, әлеуметтік ой-санаға әсер ететін, белгілі бір шеңбер, қағидаттарға бағынбайтын эсселік өзіндік стильдің негізін аңғаруға болады.

Әдебиетші ғалым Н. Ақыш жоғарыда біз санамалаған авторлардың туындыларын бәрін роман-эссе, мемуарлық роман деп жіктемей, тұтас мемуарлық романдар деп атай отырып, олардың зерттелуі хақындағы «Қазақ мемуарлық романы» атты докторлық диссертациясында: «Жекелеген қазақ мемуарлық романдары, атап айтқанда, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Көбеевтің «Орындалған арман», Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», С.Көбеевтің «Орындалған арман», Ғ.Мұстафинның «Өмір белестері» шығармаларының кеңес дәуірінде әр қырынан талданып, жиі сөз болғаны белгілі. Бірақ бұлардың ешқайсысы да таза мемуарлық роман жанрына қойылатын талаптар тұрғысынан арнайы талдау нысанына

айналмаған, жеке баға берілмеген, жанрға тән табиғатын ашып көрсету мәселесі дербес жүзеге асырылмаған десе де болады.

Ал тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген қазақ мемуарлық романдары жекелеген рецензиялар деңгейінде, кейбір шолу мақалаларда ішінара ғана талданған, тіпті Х.Әдібаевтың «Өмірдария», Қ.Жұмәділовтің «Таңғажайып дүние», Қ.Ысқақовтың «Келмес күндер елесі» тәрізді шығармалары жайында жарық көрген пікірлер жокка тән.

Сонымен бірге казак мемуарлык романының көркемдік-идеялық мазмұны, дәуір тынысының бейнеленуі, поэтикалық жетістіктері осы уақытқа шейін арнайы зерттеу өзегіне айнала алмай тұтас күйінде ғылыми айналымға түспей келеді» [6], - деп түйіндейді. Міне, ғалымның пікірін сабақтасақ, роман-эссе казіргі казак әдебиетіндегі заманға сай мемуарлык романның дәстүрлі жалғасы іспетті тануға болады. Алайда роман-эссенің кейбір өзіндік ерекшеліктері, ғұмырнамалық, естелік сипаттарынан бөлек, ғылыми танымдық, сыни талдамалық сипаты ерекше көрінеді.

Бұл туралы «XX-XXI ғасыр тоғысындағы қазақ романы және тәуелсіздік идеясы» атты монографияда мынадай тұжырым айтылады: «Шығарманың табиғатына тән бір ерекшелік өмір шындықтарын көркемдік жинақтаудағы ғылым мен өнердің сабақтастығы шегінде белгілі болады. Роман-эсседе өмірдің шындық құбылыстары а) образдар арқылы бейнеленеді, ә) тұжырым жасау, ой корыту, пікір түю аркылы пайымдалады. Бұлардың алғашқысы (а) – өнерге, көркем әдебиетке тән даралық болса, кейінгісі (ә) – ғылымға тән ерекшелік» [7, 55 б.].

Мысалы, Қ. Ысқактың «Келмес күндер елесі» роман-эссесінің «Атажұрт» атты тарауының мына бір үзігінің ғылыми танымдық сипатымен қоса, эмоционалдық көркемдік қуаты ерекше көрінеді: «Бұқтырманың егізіндей іргедегі Қатын өзені Биді асып-тасып жатыр. Одан ары жылжысақ – Енесу. Енесу Ұлы-Енені (Лена) итеріп мұхитқа апарып құяды. Осы атаудың бәрі АНА дейтұғын қасиетті ұғымнан сабақталған. Осы атаудың бәрі ҚАТЫН дейтұғын кадірлі титулдың құдіретін аспандатып, Тәңірге теңгермесе де әулиедей пір тұткан. Артымызды жонып тастап, ардактымызды шауып тастап, мәдениетімізді, жерімізді, тарихымызды бабасының мұрасындай еншілеп кететін отаршылар озбырлықпен Қатынқарағайды Катонкарагай, Қатынсуды Катунь, Енесуды Енисей, Ұлы Енені (Великая мать) «Ұ» қарпін ұялмастан жұта салып Лена деп теріс айналдыра қойды. Бүгінде «қатын» десе қағынып кететіндей қадірлі сөзден ат-тонын ала қашатын ұрғашы атаулы, катын казакта тек хандар мен сұлтандардың отбасында ғана болғанын, «катын» деген титулды ілуде-біреудің ғана маңдайына жазғанын білер ме екен?...Көне түркілер әйел жұрағаты қайтыс болса, үш күн бойы табытпен асып койып, еті ағып кеткен соң үлде меңбүлдеге бөлеп, алтын, күміс, қымбат заттармен қымтап жерлейтін де әлдебір ашкөз көрін қазып жүрмесін деп үстінен жылкы айдап тегістеп жіберетін болған. Ер адам өлсе құрбандык деп көме салған. Осының өзінен-ақ ұрпақ өсіміне жауапкер жандарды каншалык кадірлегенімізді аңғартса керек. «Қатын» деген титулға бірінші ие болған Аттиланың бәйбішесі Креуке (шымылдык деген мағынада, жалпы әйелдердің бет-жүзін бөтен жұртка тоса бермей көмескіде ұстағанбыз) деседі» [8, 5 б.]. Роман-эсседе сюжеттік желінің орнына еркін құрылымды

толғанысқа құрылған автордың субъективті көзқарастарының тұжырымы басым болады.

Ал мемуарлық роман: «Мемуар, естелік (фран. Memiores – еске алу) автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жолжазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған уақиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемуарлық көркем шығармаларда белгілі бір тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар уақиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді. Жазушы өзі көрген, білген уақиғаларды әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күй әуенімен суреттейді. Бірақ жазушының сол өткен шындықты есепке алып, қорытып, өзінше бағалап бейнелеуіне шығарманы жазған кездегі уақыт тынысының да ықпалы болмай қалмайды. Мемуарлық шығармада автордың өзі көріп білген жайлары, әр түрлі адамдардың әрекетін анықтап, айғақтап айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы» [3, 226 б.].

Роман-эсседе де естелікке, өткен күндердің парақтарына орын берілетіндіктен осы ерекшелігін назарда ұстаған ғалым Н.Ақыш Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесін мемуарлық роман деп атайды. Ғалым: «Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі» мемуарлық романында жекелеген қаламгердің адамгершілік-моральдық деңгейлері ыстық ықыласпен, ризашылықпен бейнеленген. Әсіресе, Тельман Жанұзақов, Ақан Нұрманов, Әбдісаттар Бөлдекбаев бейнелері көркем образ дейінде көтерілген деуге болады. Автордың ұстанымында бұл арада өз кейіпкерлеріне жағынайын немесе көңілін риза етейін деген ой мүлде жоқ, ия болмаса базбір жандардың кейбір пендешілік әлсіздіктерін, олқылықтарын айтқан сәтте де оларды мұқатайын деген пиғылдан ада. Жалғыз мақсат – қалай болған күнде де деректерді сол қалпында жеткізу, сөйтіп, тарихқа айналған кезең шындығының әр алуан ұшқындарын қағаз беттеріне бұлжытпастан, таңбалап түсіріп шығу, өз көзімен көрген немесе естіген жағдайларды өз тарапынан соны ештеңелер қоспай, артық бояулар жақпай, бірақ көркемдікпен бейнелей отырып, қағаз бетіне көшіру, сөйтіп айтып отырған оқиғаның мазмұнын еш боямасыз қаз-қалпында оқырман назарына ұсыну» [6] дейді. Міне, аталған туындының роман-эссе ретінде автордың атауының өзіндік сыры бар. Себебі роман-эссе тек естелік айтудан тұрмайды, автордың өмірлік тәжірибесі, өзіндік фәлсафәлық ойлары, тіпті кейбір тұстас қаламгерлердің шығармашылығын еркінен тыс әдеби талдауға ұластырып жіберетін сыншылығы да қатар ұсталады. Мысалы, автор Ақан Нұрманов туралы жылы қимастық естеліктерімен бірге, оның артында қалған әдеби мұрасы «Құланның ажалы» романының тағдырлы тарихы туралы өзіндік әдеби сыншылық ойын білдіре кетеді. «Кейкі тағдыры Аханның көкірегінде сайрап тұр. Кейін Кейкінің келіні радиодан жылап отырып сұхбат берді. Кейкінің қыстауға қашан келіп, қашан кететін мезгілін айтып көрсетіп жіберген Бектепберген екен. Ол да қайбір жетіскеннен дейсің, қыспаққа шыдама керек. Тал түсте, шайға жүгініп отырған кезде қызыл отрад сау етіп ете қалыпты. Қызылдар жан-жақтан оқ жаудырғанмен Кейкіешкімді атпапты, біреудің

қанын жүктегісі келмеген көрінеді. Аяуды білмейтін жендеттер бір отбасын қанға бөктіріп, бесіктегі балаға дейін қылышпен турап ұраға тастапты да Кейкіні жіліктеп шауып басын кесіп әкетіпті. Кесілген бас бір апта бойы Қостанайдың көшесінде асулы тұрса керек. Көрші ауылға жолаушылап қайтқан келіні ғана жасырынып аман қалған екен. Ахан мұны да білсе керек, бірақ оны жазуға заман деген зауалдан рұқсат жоқ. Онан соң деректі дүние емес, Аханға қымбатты – образ. Аханға керегі – Құланды совет өкіметінің қудалауы емес, қудаланған Құланның ағайыннан ақыл, елден пана таппай керексіз боп айдалада қалғаны, кешегі елім деп, жерім деп арпалысқан ардагердің бар арманының желге ұшқандай жоқ болып, жігерін құм, әрекетін әдіре қып, қу далада бір оқтық етіп тастап кеткені. Кіндік кескен жерде кірерге тесік жоқ. Балуан-Шолақтың да, Иманжүсіптің де, Мәдидің де, Құныс-Керейдің де, Хасенханның да, Амангелдінің де, қойшы әйтеуір, қазақтың бүкіл естияры мен зиялыларының тағдыры осындай...Осыдан кейін Құлан боп ойланып, Құлан боп күйзеліп, Құлан боп қиналып көр...

Уақыт деген шіркін қаламға да еркіндік берген жоқ. Соған қарамастан, совет үкіметі қазақтың тарихынан атын өшіріп тастаған аяулы азаматтардың бейнесін көркем әдебиетте қайта жаңғыртқан қаламгердің бірі Ахан болды. Әттең кеңшілік заманға іліге алмай қалды. Кім біледі, Алла ұзағырақ ғұмыр бергенде Ахан бүгін «Құланның ажалын» қайта жазар ма еді?..» [8, 314-318 бб.].

Ал автордың Алтайды суреттеудегі шеберлігі автордың барша шығармашылығының лейтмотиві екені даусыз. Алтайдың әрі шоқысы мен тау-тасын суреттеудегі шеберлігі роман-эсседе аавторға еркін толғануға мүмкіндік туғызғаны анық. Автордың дәстүрлі қазақи қалжыңды романның өне бойынан көздестіреміз, сондай-ақ халқымыздың сөз мәйегі мақал-мәтелдері қолданудағы шеберлігінде де осы эссе жанрының мол әсері болғаны анық.

Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесінде өзге естеліктерде, мемуарлық шығармаларда ара-кідік ұшырасып қалатын шалқып-тасулар, көсемсөз мәнеріндегі көсіле сөйлеу үлгілері кездесе қоймайды. Осындай ұстамды тәсілдің нәтижесінде өз кейіпкерлеріне қатысты ойтып отырған жағдаяттар, оқиғалар мен эпизодтар оқырман есінде бұлжымастай болып, нақпа-нақ қалып қояды. Және сол айтылып отырған мәселенің қалтқысыз шындығы да оқырманды иландыра алатын деңгейде. Аталған роман-эссенің көркемдік және танымдық құнын тіптен арттыра түсетін негізгі факторлар сипаты осындай.

«Келмес күндер елесі» роман-эссесінің тілдік түзілімі қаламгердің бұрынғы жеткен биіктерінен аласара қоймағандығын, жаңа шығармаларда көркемдік ізденістер үрдісі одан әрі қарай дами түсіп келе жатқандығын көрсетеді. Романдарда көңілге қонымды, бояуы қанық сөз тіркестері айқынырақ. Әдеби тілге сіңіріп, қабылдап әкетуге болатын тың ізденістер – автордың ғана емес, тіл табиғатын танып, түсінетін жалпы оқырман қауымның, «тіл ұстартып, өнер шашып» жүрген қаламдас әріптестердің олжасы.

Қорытындылай келсек, тәуелсіздік жылдарынан кейін кең өріс алған роман-эссе жанры замана талаптарының сұранысына сай қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орын алады. Аталған жанрдың ұлттық әдебиетіміздегі

жанр ретінде қалыптасуы мәдени-әдеби дәстүрден туындаған заңды құбылыс екені ақиқат.

Роман-эссе мемуарлық романдар тәрізді естеліктер, әдеби кездесулер, жол-сапарлар күнделігі, тарихи кезеңдегі тұлғалар туралы сырларын жеткізіп кана коймайды, сондай-ак роман-эссенің құрылымында субъективті ғылыми танымдық бағалаулар мен болжамдар, өткен күн мен бүгінгі күнді саралайтын әдеби-тарихи сыншылық көзқарастар, этнография, мәдени-фәлсафалық толғамдар да жат емес. Бұл эссе табиғаты аркылы романның жанрының заманауи трансформациялану құбылысын дәлелдей түседі.

Кез-келген ұлы жазушы өз ойынан еш нәрсе құрастырмайды, жұрттың ойында жүрген жайттарды кағаз бетіне бедерлейді. Көкірегі ояу, көзі каракты окырман көл-көсір казынадан өзіне кажеттісін таңдап алады да, рухани азық етеді. Осы тұрғыдан алғанда Қалихан Ысқақ«Өткен күндер елесі» роман-эссесі арқылы өткен күндер елесінде қалған уақыт пен кеңістікте өзінің каламгерлік жолында табыскан дос-жолдастары, казак әдебиетінің дамуы, кеңестік цензураның катал зардаптарынан бастап, казіргі әдеби процестің көкейкесті мәселелері мен мәдениеті, тарихы, имандылық туралы ойлы пікір білдірген әдеби сыншылдык және коғамдык өмірдің өзекті тақырыптарын көтерген қырымен жаңаша ізденіс жолында үнемі еңбектеніп өткен талантты қаламгер екенін танытады.

Әдеби процестің тамырын тануға арналған және адамзаттык мәселелерді көтеруге коскан үлесі бар Қалихан Ысқактың роман-эссесіндегі сыншылдық, публицистік, ғылыми-танымдық қырын саралау арқылы оның ойларын әдеби процесте, қоғамдық салада алар орны мен мән маңызы бар дүниелер деп түйіндегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. *Омаров Н. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық (автобиографиялық) романдардағы тарихи дерек пен көркемдік шешім (Ә.Нұршайықов, М.Мағауин, Қ.Жұмәділов романдары бойынша) / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 138 б.*
2. *Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.*
3. *Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 234 б.*
4. *Есімов Г. Хәкім Абай. – Алматы, 1994. – 198 б.*
5. *Монтень М. Опыты. Избранные главы / Пер с французуз. – М : Правда, 1991. – 656 с.*
6. *Ақыш Н.Б. Қазақ мемуарлық романы / Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының автореферaты. – Алматы, 2009. – 38 б.*
7. *XX-XXI ғасыр тоғысындағы қазақ романы және тәуелсіздік идеясы: Монография / Жалпы редакциясын басқарған Ө.Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 230 б.*
8. *Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі: роман-эссе. Т. 1. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 456 б.*

Султангалиева Р.Б., Мусина Ж.Г., Емранова Ж.М.

Развитие жанра эссе в современной казахской литературе и его интеграция в жанре роман

В статье повествуется о тенденции развития жанра эссе в современной казахской литературе, о его интеграции в один из основных жанров прозы – жанр романа, анализируется явление трансформации двух жанров. Прослеживается точка зрения о жанре, как о закономерном явлении национальной литературы, обусловленном ее литературными традициями. В романе-эссе мы встречаем не только воспоминания, как в мемуарных романах, не только литературные встречи, дневники путешествий, исторические личности. Утверждается, что структуре романа-эссе могут быть присуще и субъективные научно-познавательные суждения и гипотезы, литературно-исторические критические взгляды на прошедшее и настоящее, этнографические, культурно-философские умозаключения. В данной статье произведение К. Искака «Келмес күндер елесі» анализируется в свете художественных основ романа-эссе.

Ключевые слова: Роман-эссе, роман мемуар, очерк, биографический роман, традиция и новаторство, явление трансформации жанра

Sultangaliyeva R.B., Musina Zh.G., Emranova Zh.M.

The development of Kazakh's literature essay genre and the genre of the novel process of introduction

The article discussed the current trends of development of the Kazakh literature essay genre, the genre of the novel in the genre of his prose-scale integration, analyzed the phenomenon of two full-fledged genre. The formation of national literature of the genre as a genre is a cultural and literary phenomenon caused by the traditional legal analysis. Memories like romance novels and essays, memoirs, literary meetings, Diary of a road trip, not only to the subtleties of those historical period, as well as the structure of the novel and essay subjective estimates and forecasts of the last days of scientific knowledge and historical and literary critics have analyzed the current date approaches ethnography, culture and philosophy is determined that it is not being unfamiliar. In this article «Келмес күндер елесі» by K.Iskak is analyzed through the basics of the art of the novel.

Keywords: Novel-essay, novel memoirs, essays, biographical novel, tradition and innovation, the phenomenon of transformation of the genre.

***

ӘОЖ 821.512.122.32.09

Таласпаева Ж.С. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Қадыров Ж.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Аңдатпа. *Берілген мақалада авторлар қазақтың этникалық мәдениеті мен ұлттық болмысына байланысты түсініктерге талдау жасаған. Қазақ концептісін айқындайтын рухани және материалдық мәдениет көріністерін ой – тіл-мәдениет үштағанының негізінде қарастырады. Этностың мәдени-танымдық жүйесі, менталитеті когнитивті аспекті аясында талданады. Авторлар мақаладағы стильдік қызмет атқарып тұрған қонақжай, домбыра, дала, шаңырақ, бесік сөздерінің мәнін ашуда поэзиялық туындыларды арқау етеді.*

Тірек сөздер: *Концепт,тілдік бірлік, ұғым,мәдениетаралық байланыс, ұлттық психология, ұлттық мінез ерекшелігі, этнографиялық болмыс, мәдени ақпарат.*

Қазақ халқы менталитетінің қалыптасу тенденциясы, оның ішкі қайшылықтары, даму ерекшеліктері, оның жаңа қоғамдық қатынастарға әсері, өмірде болып жатқан өзгерістерді қабылдау мен таңдауы, әлеуметтік философия тарапынан өзінің тиісті бағасын әлі дұрыс алған жоқ. Қазақстандық ғалымдар бұл мәселеге енді назар аударып, көңіл бөлуде. Осының нәтижесінде, қазақ халқы менталитетінің табиғатын, оның қыры мен сырын тереңірек тануға жол ашылып қана қоймай, бүгінде оның ішкі мүмкіндіктерін қоғам сұраныстарына айналдырудың жағдайы да туып отыр.

Қазақ халқы менталитетін зерттеудің тұғырнамасы жайында да ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер мен көзқарастар бар. Дегенмен де, соңғы уақытта ғалымдар арасында батыстық үлгіде қалыптасқан қағидалар мен тұғырнамалар арқылы қазақ халқы менталитетін зерттеуге болмайтыны, ұлт менталитетінің өлшемдік межесінің мүлдем басқа екені туралы толық түсінік қалыптасуда. Бұл жөнінде Д.Кішібеков «Қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа» дейді [1, 4 б.]. Бұл көзқарас біздіңше, қазақ халқы менталитетін басқа тұрғыдан қарауға, оның ішкі құрылымдық жүйелеріне жаңаша үңіліп саралауға және оны зерттеудің жаңа методологиялық қағидасын жасауға да жол ашады.

Менталитет қандай да болмасын қоғамның тарихи даму негізінде пайда болатын әл,еуметтік-экономикалық, рухани-мәдени ортаға сай қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы менталитеті өзінің қалыптасу барысында бірнеше тарихи кезеңдер мен әлеуметтік сатыларды, рухани жаңғырулар мен өзгерістерді, сыртқы әлеуметтік-мәдени ықпалдар мен өзара ықпалдасу үрдісін басынан кешірді. Қоғамдағы өзгерістер ауқымы қаншалықты терең болғанмен, қазақ халқы өзінің дамуында ішкі бірегейлігін, ментальдық тұтастығын сақтауға үнемі талпынып отырды. Бұл оның өзіндік дамуының басты ерекшеліктерінің көрінісі еді. Қазақ халқының рухани болмысына тарихи тұрғыдан көз жіберер болсақ сонау ықылым заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта біртұтас көзқарастың ұлт менталитетінің негізінде жатқанын байқаймыз. Оның іздері фольклорда, ұлттың философиялық деңгейдегі ойлау жүйелерінде, нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінде, поэзиясы мен өнерінде, діни сенімдері мен салт-дәстүрлерінде көптеп кездеседі. Мұндағы басты тұлға, қашанда адам, оның рухани жан дүниесі, моральдық этикалық, адамгершілік қасиеттері. Оның ел алдындағы жауапкершілігі, ары мен намысы, ізгі игілікті істері мен талабы,

Жалпы ұлттың рухани тұтастығы, сегіз қырлы, бір сырлылығы қашанда философиялық танымның басты мәселесі болғанын көреміз. Осындай рухани тұтастық тек дүниеге көзқарас пен түсінік негізінде қалыптасатыны сөзсіз. Олай болса, қазақ менталитетінің даму ерекшелігі де осы дүние түсінікке тікелей байланысты. Өйткені, қазақ менталитетінің негізі, оның табиғаты, гуманистік сипаты түсінік арқылы ашыла түседі.

Этностың тілі мен мәдениетінің ерекшіліктері соңғы кезде жаңаша көзқараспен қарастырылғанымен, бұған дейін ғалымдар бұл мәселені психология, әлеуметтік лингвистика, этнопедагогика, этнолингвистика тағы басқа пәндердің негізінде зерттеп келеді. Мәдениеттің тілдегі көрінісі, ұлттық-мәдени сипаттардың тілдік құралдар арқылы белгіленуі ғылымда

ретроспективалық ыңғайда этнолингвистика аясында қарастырылып келгені белгілі. Сонымен катар, ғасыр соңындағы жана ғылыми бағыттарда қоғам, қоғамдық құрылым, жеке адамның қоғамдағы мінез-құлкы, табиғат құбылыстары, коршаған табиғи орта, өсімдік, жан-жануар ерекшеліктері, сондай-ақ, адамның антропологиялық келбеті, ішкі жан-дүниесі белгіленгендіктен, осыларды концептуалды немесе образды түрде атайтын тілдік құралдардың кай-кайсысында да лингвомәдени сипат, мәдениет пен тілдің карым-катынасы көрінетінін дәлелдеуге ұмтылыс күн санап артып келеді.

Тіл дегеніміз – қарым-қатынас және өзін танытудың құралы ғана емес, сол сиякты дүниенің шексіз ұғымдарын танудың, түсінудің құралы. Сырткы және ішкі болмыска адам тілде көрініс тапкан ұғымдар бірлігін береді. Сол арқылы адам болмысы тіл арқылы көрініс табады да, тіл арқылы өзін-өзі таниды. Әлемнің сөзбен жасалған үлгісін қалыптастырғанда тіл әр халыққа жататын адамдарға қиындық тудырады. Ақиқат дүниенің кез келген үзігінің денотаты мен жағдаяты тіл аркылы санада таңбаланып сакталады және сол дүниені таныту үшін жұмсалады. Осыған орай, тіл аркылы көрініс тапкан санадағы дүниелер бейнесін аныктау, яғни тілді когнитивтік бағытта зерттеу, әлемдік тіл білімінде үлкен бағытқа айналды. Міне осы санадағы көрініс – ұғымды білдіретін концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады. Концепт ретінде кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлык ұғымды ала аламыз, тек белгілі бір мәдениетті танытуда колданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең басты, жалпыадамзаттык, жалпыхалыктык, жалпыұлттык құндылықты таныта алатын ұғымдарды аламыз. Мысалы, қазақ халқы үшін киіз үй, шаңырақ, қамшы, жазық дала, бесік, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар, т.б. сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттык-мәдени концепт деп таныла алады [1, 34 б.]. Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. Концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттык-мәдени, эмоционалдык концептілер деп шартты түрде жіктеліп қарастырылуда. Яғни, концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық және мәдени акпараттарды да білдіретіндігі анық.

Профессор Қ.Жұбанов тіл арқылы халықтың тағлымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретінде сакталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетіні жөнінде ғылыми тұрғыдан еңбектерінде болжам айтқан. Сондай-ақ, ғалымның пікірінше, халыктардың тұрмыс тіршілігі бір-бірінен ерекшеленетін болғандықтан, олардың әр затқа қоятын аттары да өзгеше болады. Тіл ұзак уакыт бойы жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты.

Халыктык терең дүниетаным, түсінік, эстетикалык көзкарас пен адамгершілік құндылыктар тіл жүйесінде когнитивті құрылым ретінде сақталып қалады. Мәдениетаралық байланыста өзінің ұлттық ерекшеліктерін, ділін, өзге мәдениет өкілдеріне таныстыру және сол аркылы өзі де өз ерекшелігін сезініп, тереңірек ұғынып, өзіндік баға беру казак халкының

тарихында ерте кезден басталды. Маңызды концептілер ұлттың тілімен, мәдениетімен бірге игерілгендіктен олардың бірқатары бірден «білініп тұрады». Ал кейбіреулері талдау кезінде анықталады. Егер халықтың бүтіндей болмысын бірнеше ауыз сөзбен сипаттау қажет болса, шын мәнінде, қазақ тілінде қандай концептілерді, құндылықтарды атар едік? Оған жауап ретінде қазақ мәдениетінің концептілік өрісін сипаттаудың бірегей үлгісі ретінде 1730-1731 ж.ж. Қазыбек бидің Жоңғардың ханы Қоңтажыға елшілікке барғандағы қазақтың таныстыруын атауға болады.

Біз – қазақ деген мал баққан елміз
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Еліміздің құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз.

Бұл мәтін – қазақ мәдениетінің концептілік өрісінің жүйесін, қазақ діліндегі құндылықтар жүйесін дәл, шымыр түрде жеткізетін мәтін.

Қазақ - ұлттық салт-дәстүрі, ұстанған әдет-ғұрпы, өзінің мәдени ортасы қабылдаған, мәдени ортада дұрыс деп есептейтін өмір сүру салты бар халық. Бұндай өмір сүру салты сол ұлт өкілдері үшін өмірге құлшындыратын ұлттық ерекшелік, ұлттық мақтаныш болуы да мүмкін. Осындай ұлттық эталонға (мінез, салт-дәстүр, тұрмыстағы сән-салтанат т.б.) нұқсан келген жағдайда сол ұлт өкілдерінің өткен өмірдің сән-салтанатын көксеуі, өткенге деген сағынышы, салтанатты тұрмыстың кейін қалғанына өкініші оның поэтикалық тілінде бейнеленеді.

Қазақ халқының ұлттық мінезі ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи жағдайларға байланысты дамып, қалыптасты. Ұлттық мінез-құлық – халықтың ең бір қолмен ұстауға келмейтін феномені болып табылады. Ұлттық мінез-құлық терминін жан-жақты түсіндіруге болады. Ең бастысы, жеке адамның мінез-құлқын түсіндіретін іс-әрекет пен қарым-қатынаста көрінетін тұрақты жеке тұлғалық ерекшеліктер жиынтығы. Мысалы, қазақ өзінің қонақжайлылығын, саудаға жоқтығын, мәрттігін, тіпті кейде еріншектігі мен уақытында жинала қоймайтын кейбір нашар қылықтарын да ұлттық мінезге саяды. Осыған байланысты ұлттық менталитет деген ұғым туындаса керек. Яғни, ұлттық менталитет - қоғамда ұжыммен қалыптастырылған ойлау дағдысы және оның барлық мүшелерінде көрінетін мінез-құлық, ол тіпті жеке адамдардың іс-әрекетінде де көрініс табады. Қазақ үшін нағыз болмыс – оның сән-салтанатты тұрмысы, қазақы мінез, салт-дәстүрі, құтты қонысы болмақ. «Қазақтың салты» толғауындағы концептуалдық құрылымды бейнелейтін «қазақ» концептісі қазақтың кешегісі мен бүгінгісін жақсы- жаман бағалауыштық контексінде сипаттау арқылы ашылады. Кешегі қазақты аңсаған жырау:

Кешегі бір кең күнде
Біз – қазақ деген ел едік,
Мандала мен мақпалдан
Бешпент-шалбар салдырған.
Термелі жаулық, ақ көйлек,
Сусынын шұбат қандырған.
Мырза жігіт сыпайы

Аңыйма шекпен, жадағай,
Атлас, мақпал түрменің
Талайын киіп қызықтап,
Жүрген де жерін таң қылған [2, 115 б.], - деп толғайды.

Қазақтың болмысы – оның азаттығының, тәуелсіздігінің, бейбіт өмірінің кепілі. Олай болса, «кең күн» тіркесінің поэтикалықастарында «еркін, азат кез» семантикасы бар екені түсінікті.

Қазақтың ұлттық психологиясы мен мәдениетін танытатын қазақы мінез «үлкенге құрмет, кішіге ізет», «үлкеннің сөзін тосып сөйлеу» идеясын «сыйластық» ұғымына сыйдырып, жырдың когнитивтік құрылымында: «мырза жігіт сыпайы» фреймі арқылы көрсетілсе, «қонақжайлылық» ұғымы «Самаурыны быжылдап, оттан дәйім түспеген», «Алыстан келген сый қонақ, Партоздап жақсы жайлаған», «Жолаушы түскен сауытпен, Самаурын шәйі қайнаған», «Бауырсақ, секер жеміспен, Шәйдан басқа ішпеген», «Қонағы келсе қой сойып, қазаны орта піспеген» түріндегі сценарийлермен беріледі. Сондай-ақ,

Сахилықтың белгісі
Қонағын алған шақырып.
Алыс пен жақын демей-ақ
Көршілес қоңсы шаптырып.
Ащы қымыз, ақ шұбат
Сабадан құйған ақыртып.
Түйенің сүті – ақ шұбат
Бөлек құйып айырған.
Шөлдегендердің талайын
Сусынын беріп қайырған,
Иманшылық қайырдан,
Сахырадан өскен қазағым,
Айтайын үлгі жайыннан.
Желі толы нар тайлақ-
Жануардың енесі
Аруана менен айырдан [2, 116 б], – деген жолдар қазақты қонақжайлық пен мырзалықтың, осы қасиеттердің басты көзі – имандылықтың көркем дискурсын танытады. Қазақ тұрмысының сән-салтанат, байлығы оның алдындағы төрт түлік малы жылқы, құлын, нар тайлақ, інген, айыр сөздердің коннотациясында айқындалса, ащы қымыз, ақ шұбат сөздері – қазақтың ырыс, дәулетінің символы ретінде берілген.

Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалған ең негізгі дәстүрлеріміздің бірі –қонақжайлық. Қонақ күту, оны құрметтеу – қазақ даласында ежелден келе жатқан, қазақ тұрмысының айнымас шарты. Қонақжайлылық, қонаққа шақыру – өзіндегі несібе, ризалықпен бөлісу, қолыннан келген құрметті, бақытты қайтарымсыз сыйлау. Қазақ поэзиясын ілгері дамытқан айтулы ақын Жұбан Молдағалиев қонақжайлықты өз жырларында ескерусіз қалдырмаған.

Жолдар, жолдар – сондай шыны –
Жол өрмегі – жер-дала.
Танымайтын жолаушыны
«Құдай қонақ» дер Дала [3, 69 б.].

Қонақтың орны – әрқашан үйдің төрі болып саналған. Қонақтар үй иелеріне сәлем беріп кіргеннен кейін қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп, аяқ киімін оң жақ босағаға шешіп, төрдегі жаюлы тұрған сырмақ үстіндегі көрпеге барып отыруға тиіс. Ақын бұны да ескере отырып, өлеңге салған:

Қонақтікі төр төбесі
Түстенсе де, қонса да.
Биік оның мәртебесі
Қайдан, қандай болса да.
Жандығын да, жалғыз демей,
Дала соған соятын.
Ол жоқ болса, байғұс кедей
Қара суын құятын.
Жарты құшақ шөбі қалса,
Ол – жолаушы атына.
Жалғыз шелек суы қалса,
О да соның қатына [3, 69 б.].

Ал қандай да бір түрлі тілеулестікке,әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, құда-құдағи, сыйлы, құрметті кісілер тойға шақырылған мейман “арнайы қонақ” болып саналған:

Енді келсін құдай қонақ!
Дала – дүние несібі.
Дала жаны құдайдан ақ,
Бекітусіз есігі.

Қазақтың мейман халық екені, қашан болмасын келген қонақты құшақ жая қарсы алатынын басқаша айтып жеткізу мүмкін де болмас.Ақын қазақты «қонақжайлық», «дала» концептілері арқылы танытқандай. Қабдеш Жұмаділов: – Қазақ неге қонақжай екенін тарихи негізден іздеу керек. Қазақтың даласы осы, бірде бір жерінде қонақ үй де, бекет те жоқ. Соған қарамай, айшылап жолға шығып кетеді. Кез келген үйге барады, онда құдайы қонақ болып күтіледі. Бұл «Жеті Жарғы» заңымен бекітілген. Егер, қонақ дұрыс күтілмесе, айып та салынған. Демек, бұны қазақтың даласы міндеттеген нәрсе. Қазақ менталитеті солай шыққан. Дала лексемасының мәтінде берілген мәні – қазақтың өмір сүріп, тіршілік етер ортасынан гөрі, қазақтың бет-бейнесі ретінде көрсетеді. Дала лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «касиетті, киелі мекен» деген ұғымы акын дискурсында метафоралық мағынаға ие болған. Көшпенді түркі халықтары үшін рухани кеңістік – дала. Акын танымында дала кең байтак жердегі ұлттык-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халыктың болмысын сипаттайды. Ақын қолданысында дала лексемасы «дала - қонақжай», «дала - дүние несібі», «дала - жаны құдайдан ақ дала» ұғымдарымен сипатталады. «Кеңістік» концептісі әлем халықтарының мәдениетінде ең негізгі және маңызды концептілердің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан зерттеліп жүрген «Кеңістік» концептісі негізінен топонимиялық жүйеде тілдік көрінісін береді. Оның мағыналарын құрайтын «дала» ұғымы «ата мекен», «ата коныс», «жұрт» ұғымдарымен тікелей байланысты. Түптектік «кеңістік» концептісі іштей «жер», «су», «тау», т.б. концептілерден құралады, осы түр-тұрпалық концептілер этномәдени мәнге ие.

Туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі туралы көп жазған ақындарымыздың бірі - Қадыр Мырзалиев. Ақынның өлеңдерін мазмұн жағынан қарасақ, мұндағы өлең бір идеялық мақсатқа арналып жазылған толғамды сыр, толқынды жыр деуге болады. «Жар-Жар», «Күрес», «Барымта», «Көкпар», «Қыз қуу» өлеңдерінің әрқайсысында бұрынғы көне ауылдың әр алуан шындығы әр қырынан көрініп келіп, біртұтас бейне – даланың көріністерін алдымызға тартады. Сол өлеңдерінің барлығын жинақтап айтсақ, қазақ халқы өмірің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге болады.

Жұбан Молдағалиев қазақты далаға баласа, Қадыр Мырзалиев қазақты домбырамен астастырады. Ақын «Домбыра» өлеңі арқылы қазақ халқының мәдениет пен өнер тарихының ежелгі көріністерінен сыр шерткендей. Домбыра шертілгенде қазақтың кең-байтақ сахарасы, сұлу табиғаты, самал желі мен үрлеген бораны, көлдегі аққуы көз алдымызға келеді. Қос ішек үнінен бүкіл қазақ жұртының қуанышы мен қайғысы, арман-мүддесі, философиялық сарыны, азаматтық үні, тарихы күй болып төгіледі:

Бір ішегінде биіктік бар, бір ішегінде тереңдік.
Ол мылқауды сөйлетеді, жылатады кереңді [4, 154 б.].

Немесе:

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра.
Қазақ – нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!
Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана [4, 154 б.], - деген жолдары соны айғақтайды.

Мағжан Жұмабаев «Ұлан» атты өлеңінде анасы мен баласының арасындағы әңгімеде«домбыра» лексемасын іштегі сыр, шер мен мұңды шығару, өзгеге жеткізудің құралы ретінде қолданады:

Шерің болса, домбыраңды ал
Домбыраңды ал, ән шырқап сал,
Даусыңды естіп жас сұлулар
Талып жұтсын тәтті улы бал [5, 64 б.].

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттық-рухани ерекшеліктерімен айқындалады. Әр халықтың ана тілінде өзінің қасиеті мен болмысын айшықтайтын мәдени фактордың белестері рухани және материалдық мәдениетінен көрінеді. Кез келген ұлттың этнографиялық болмысы – салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, тұтынған матриалдық заттары арқылы айқындалады.

Қазақ халқы үшін домбыра ән мен күйдің, шаттықтың нышаны болып табылса, бесік – ұрпақтың жалғасын сипаттайды. Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, домбыраны қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған, әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған.Қазақ халқында «Бесіксіз үйде береке жоқ» деген аталы сөз бар. Данагөй бабаларымыз: «Ел боламын десең, бесігінді түзе», «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп ұрпағына аманат етіп айтып кеткен. Қазақтың

бесікті қатты қадірлейтіні соншалықты, атасы жатқан бесік немере, шөбере, шөпшегіне дейін де қастерлі мүлік ретінде сақталып, олардың бәрі де сол бесікке бөленіп, сол бесіктен өсіп ержетеді. Ұрпақ жалғасының нышаны болғандықтан бесікті кепиет ұрады деп ешқашан тастамаған. Бұл қазағымыздың санасында қалыптасып қалған түсінік.

Баба қазақ кебісті
Тас қапасқа өшікті.
Іздеймін деп кеңістік,
Кентін тастап көшіпті.
Батыр қазақ қылышты
Белін қашан шешіпті?!
Іздеймін деп тыныштық,
Түзін тастап көшіпті.
Ақын қазақ
Азаптың
Бәрін тастап көшіпті.
Іздеймін деп азаттық,
Тауын тастап көшіпті.
Бәрін тастап
Осы күн
Жеткен ұлы мұратқа.
Домбыра мен бесігін
Тастамаған бірақ та [3, 159 б.]!

Қазақ халқы ұлт болып тарих сахнасына шыққалы қандай бір қиын-қыстауды басынан кешірсе де, қандай бір нәубетті басынан өткерсе де өзінің сүйегіне сіңіп, жанымен жарасқан мінез ерекшелігінен айнымақ емес. Қандай әлеуметтік сатыда болмасын әрбір халық өзінің төлтума даралығын сақтай білсе, ұлт ретінде жалпы адамзаттық санатта бола алады. Сол себепті тұтас этностың ұлт мүддесіне қызмет ету жолындағы көрегенділігі, табандылығы мен даналығы оның мәңгілігінің белгісі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. *Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.*
2. *Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.*
3. *Молдағалиев Ж. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 320 б.*
4. *Қадыр Мырза Әли Көкейкесті Өлеңдер мен толғаулар – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.*
5. *Жұмабаев М Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.*

Таласпаева Ж.С., Кадыров Ж.Т.

Языковая картина национального характера в поэзии

В данной статье авторы анализируют понятия касающиеся казахской культуре и нацинальному менталитету. Духовная и материальная культура этноса рассматриваются с позиции триады «мышление-язык-культура». В ходе исследования в основу были взяты национальная культурно-познавательная система этноса в когнитивном аспекте. Показаны особенности употребления словв поэзии,

отражающих национальное миропонимание «гостеприимность, домбра, степь, шанырак, колыбель».

Ключевые слова: Концепт, языковая единица, понятие, межкультурная взаимосвязь, национальная психология, национальная особенность характера, этнографическое бытие, культурная информация.

Talaspaeva Zh., Kadyrov Zh.

Language view of the national character in poetry

In this article the authors analyzes the concepts which concern the Kazakh culture and national mentality. Spiritual and material culture of the ethnicity is considered within a triad “thinking –language – culture”. In the course of the research was based on national cultural and knowing system of the ethnicity was examined in cognitive aspect during the research. The article also comprises peculiarities of word use in poetry, reflecting the national outlook “hospitality, dombra, steppe, shanyrak, cradle”.

Keywords: Concept, language unit, notion, intercultural relationship, national psychology, national character, ethnographic subsistence, cultural information.

***

УДК 82-1(410)

Чечетко М.В. – кандидат филологических наук, доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
Набидоллакызы А. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: asi.g@mail.ru

БАЛЛАДА ВАЛЬТЕРА СКОТТА «КРАСИВ БРИНГАЛА БРЕГ КРУТОЙ»: ОБРАЗЫ И СТИЛЬ

Аннотация. *Статья посвящена роли жанра баллады в творчестве Вальтера Скотта. В ней рассматривается историческая и художественная сущность баллады как жанра и вклад Скотта в развитие этого жанра. Образы и стиль баллады в творчестве Скотта анализируются на материале его баллады «Красив Брингала брег крутой».*

Ключевые слова: *Баллада, традиция, композиция, рефрен, фольклор, эпический жанр, загадка.*

Вальтер Скотт вошёл в национальную и Мировую литературу как создатель исторического романа и романа нового типа, определившего судьбы этого жанра в европейской литературе. Суть его литературных открытий – создание им принципа историзма в характере героя и раскрытие связи между историческими событиями и частной жизнью персонажей. Историзм, открытый Скоттом, его новаторство имели огромное влияние на судьбы других литератур. К его художественному опыту обращались и А.Пушкин, и Фенимор Купер, создатели исторического жанра в литературах русской и американской. Его творчество восхищало многих великих писателей и общественных деятелей и слова его ещё при жизни была велика. Но говоря о Скотте - о великом романисте, следует помнить, что свою литературную деятельность он начал как поэт и собиратель фольклора. При этом более всего его привлекал в поэзии жанр баллады.

Английская и шотландская народная баллада - это особый жанр, идущий из средневековья и обладающий своими строгими литературными нормами. Прежде всего, баллада – жанр эпический, т.е. в её основе всегда

лежит рассказ о каком-либо событии, обычно драматическом. В фольклоре в основе этих событий баллады часто лежат истории измены, преступления, обмана, роковой тайны - ведь когда баллада исполнялась перед слушателями, эти события и вызывали у них живой интерес. Для баллады характерны зачин - особое сжатое и выразительное начало, сразу же мобилизующего слушателя на внимание, и рефрен - особый тип повтора, припева, который давал возможность певцу - исполнителю отступить от развития балладных событий, перевести дух, а слушателям - сделать паузу и осмыслить то, что они услышали. Для жанра баллады характерна темнота - т.е. особаянедосказанность, не до конца раскрытая картина того, о чём повествует баллада - слушателю приходится самому домысливать события и воспроизводить недостающие подробности и детали. Баллады по особенностям жанра делятся на лиро-эпические - рассказ о событиях, передаваемый иногда кратким диалогом, и лирико-драматические - они созданы как пьеса и представляют собой диалог действующих лиц, иногда даже без ремарок. Для художественного строя баллады характерны особенности, свойственные народной поэзии – устойчивые эпитеты, троекратные повторы, эмоциональные отступления.

Баллада - как жанр всегда привлекала Вальтера Скотта. Шотландец по рождению, он писал на английском языке и равно тяготел к английскому и шотландскому фольклору. В детстве родители часто отправляли его в горы к деду и бабушке из-за слабого здоровья и там он увлёкся местными песнями и балладами и начал записывать их. Отец Скотта был юристом и происходил из старинной шотландской знатной семьи: по его настоянию сын также должен был стать юристом. Скотт закончил Эдинбургский университет и работал в четырнадцать лет как поверенный, совершая постоянные деловые поездки по Шотландии. В этих поездках он собирал фольклор - везде, куда его приводила работа. Литература увлекала его, он много читал, переводил Гёте, и сам писал стихи. Потом он женился, купил дом в Эбботсфорде, неподалеку от Эдинбурга, и перестроил, свой дом в настоящий замок, где были библиотека, собрание старинных рукописей и коллекция оружия. Этот дом посещали писатели и поэты, и круг его общения включал много славных литературных имён. Он встречал в юности Роберта Бернса, подружился с писательницей Марией Эджурст, был первым, кто открыл общественности талант Джейн Остен. Писатель и критик, он начал свой творческий путь как поэт и собиратель, и издатель фольклора [1, с. 92].

В 1802-1803 годах Скотт опубликовал три тома собранных им текстов, назвав их «Песнь шотландской границы», включив туда и некоторые песни, и стихи, написанные им самим. За этим последовало издание трех написанных им поэм - это были «Песни последнего менестреля»/ «The Song of the Last Minstrel».1805/, «Мармион»/ «Marmion», 1808/, и «Дева Озера»/ «The Lady of the Lake»,1810/. В это же время он создает и лучшие образцы своей баллады [2, с. 77-87].

Обратившись к народной балладе, Скотт готовил издания фольклорных источников - три тома своего сборника «Песни шотландской границы» и именно работа по подготовке их написание и склонило его к созданию своих собственных баллад: «Он положил много сил, чтобы собрать баллады, - пишет один из английских исследователей жизни и творчества

Скотта, - нередко записывал их голоса, но его поколение не проявляло щепетильности в вопросе о сохранении текстов, в том виде, как они бытовали, - щепетильности, свойственной современным филологом, и Скотт полагал, что имеет полное право украдкой пригладить строфу или даже заменить изначальные стихи на более звучные и героические. В одном из писем 1806 года он утверждал, что «не делал вставок в эти старинные баллады» и упомянул источники некоторых «оригинальных записей», но несомненно, что к ряду опубликованных им текстов он приложил руку, правда, большей частью объединил разные тексты, а не подменил оригиналы». Баллады Скотта выдержаны в стиле и духе народной баллады. Сюжетом является какое-либо событие, занимающее основную часть повествования. Меньшую часть составляет комментарии данного события в виде рефрена или прямого авторского комментария. Финал баллады может быть как трагическим, так и счастливым. Эпический рассказ прерывается диалогом - Вальтер Скотт мастерски владеет как лиро-эпической, так и лирико-драматической формой баллады [3, с. 224 – 232].

Обычно объектом анализа исследователей становится самая знаменитая из баллад Скотта - баллада «Замок Смальгольм, или «Иванов вечер»/ 1801. В данной статье мы собираемся остановиться на анализе другой баллады Скотта - баллады «Красив Брингала брег крутой»/ «Brignall Banks» / 1813/ [4, с. 95-108].

Баллада выдержана в духе лирико-драматического жанра: это диалог между Девой /Maiden/ из замка Дальтон и проезжающим мимо верхом неизвестным, который оказывается Разбойником и от лица которого ведётся повествование. Пленившись красивым и бравым проезжим, Дева начинает расспрашивать его, кто он и откуда. Она говорит, что готова следовать за ним, куда он пожелает, но хочет знать, кто её избранник. Баллада выдержана в духе загадки /riddle/, что весьма характерно для этого полного тайн жанра [5, с. 108-247].

Попытки Девы разгадать «жребий» незнакомца и составляет основу баллады.

Как и положено в фольклорной традиции, попытки Девы троекратны. Дева полагает, что её собеседник - лесничий короля, потом - что он ратник, а третью версию он подсказывает ей сам – он один из «гостей тьмы», «глухих лесов жилец»: «Безвестна будет жизнь моя, безвестен мой конец». Конец баллады выдержан также в духе тайны: неизвестно, решилась ли Дева на союз с Разбойником – пока она молчит, не в силах произнести ни слова, ошеломленная открывшейся ей ролью любимого, а взгляд автора снова обращается к дивной красоте берегов реки Брингал, описанием которых и начиналась баллада.

Композиция баллады выдержана стройно и выразительно. Баллада состоит из пяти строф по восемь строк в каждой, сопровождаемых рефреном, текст которого в каждом случае слегка изменен [6, с. 108-247].

В трех первых строфах текст рефрена произносит Дева, в двух заключительных - Разбойник. Причем в балладе соблюдена кольцевая композиция: первая и последняя строфа начинается четверостишием, описывающим красоту реки Брингал и её берегов.

O, Brignall banks are wild and fair, And Greta woods are green,

And you may gather garlands there,
Would grace a summer queen.
[1]

И зелен лес кругом;
Цветы над быстрою рекой
Раскинуты ковром.
[2]

Красив Брингала брег крутой,

Перевод К.Павловой

Yet Brignall banks are fresh and fair,
And Greta woods are green,
And you may gather garlands there
Would grace a summer queen."
[1]

Но свеж Брингала брег крутой,
И зелен лес кругом,
И пышно блещут над рекой
Цветы живым ковром.
[2]

Завязка баллады - это момент, когда заметившая Разбойника Дева обращается к нему с песней о Брингале:

And as I rode by Dalton hall,
Beneath the turrets high,
A maiden on the castle wall
Was singing merrily,—
"O, Brignall banks are fresh and fair,
And Greta woods are green:
I 'd rather rove with Edmund there,
Than reign our English queen."
[1]

Вдоль замка Дальтон на коне
Я ехал не спеша;
Навстречу пела с башни мне
«Красавица-душа:
«Красив Брингала брег крутой,
И зелен лес кругом;
Мне с другом там приют лесной
Милей, чем царский дом».
[2]

В духе лирико-драматической баллады Разбойник отвечает ей: Он предлагает ей разгадать, кто он и откуда и она подхватывает его предложение:

"If, maiden, thou wouldst wend with me,
To leave both tower and town,
Thou first must guess what life we lead,
That dwells by dale and down?
And if thou canst that riddle read,
As read full well you may,
Then to the greenwood shalt thou speed,
As blithe as Queen of May."—
Yet sung she, "Brignall banks are fair,
And Greta woods are green;
I 'd rather rove with Edmund there,
Than reign our English queen.—
[1]

«Ты хочешь, дева, быть моей,
Забыть свой род и сан;
Но прежде разгадать сумей,
Какой мне жребий дан.
И если скажешь мне, любя,
Загадки слово ты, —
Приму в дубраве я тебя
Царицей красоты».
Она поет: «Свеж брег крутой,
И зелен лес кругом;
Мне с другом там приют лесной
Милей, чем царский дом.
[2]

Далее следуют её попытки разгадать, кто он, Первая - это предположение о королевском лесничем, опровергнутое им. Дева подхватывает постоянный рефрен:

"I read you, by your bugle-horn,
And by your palfrey good,
I read you for a ranger sworn,
To keep the king's greenwood."—

"A ranger, lady, winds his horn,
And 't is at peep of light;
His blast is heard at merry morn,
And mine at dead of night."—

Yet sung she, “Brignall banks are fair,
And Greta woods are gay;
I would I were with Edmund there,
To reign his Queen of May!
[1]

Со звонким рогом в кушаке
Ты скачешь через поля;
Ты, знать, в дубраве на реке
Лесничий короля?»
«Лесничий зоркий короля
В свой рог трубит с утра;
Но как покрыта мглой земля,
То мне трубить пора».
Она поет: «Свеж брег крутой,
И зелен лес кругом;
Хочу царицею лесной
Жить с другом там вдвоем.
[2]

Второе предположение Девы - это то, что её собеседник солдат, драгун. С этим образом слиты детали - звуки барабана /drum/, рожка /trumpet/. Но собеседнику Девы ближе другие звуки /The beetle sound shushed/, символизирующие ночную мглу и мрак, в котором собирается ватага его товарищей:

“With burnished brand and musketoon,
Sogallantlyyoucome,
I read you for a bold dragoon,
That lists the tuck of drum.”—
“I list no more the tuck of drum,
No more the trumpet hear;
But when the beetle sounds his hum,
My comrades take the spear.
And O, though Brignall banks be fair,
And Greta woods be gay,
Yet mickle must the maiden dare,
Would reign my Queen of May!

На быстроногом рысаке,
Как ратник, ты готов,
С мечом в ножнах, с ружьем в руке,
На барабанный зов».
«Нейду на барабанный зов,
Нейду на трубный звук;
Но как зовут нас крики сов,
Мы все готовы вдруг.
И свеж Брингала брег крутой,
И зелен лес кругом,
Но деве смелой лишь со мной
Царить в лесу моем.

И наконец, роковая тайна открыта: Разбойник прямо говорит ей о своём жребии – о драматической судьбе его самого и его товарищей.

“Maiden! a nameless life I lead,
A nameless death I ’ll die;
The fiend whose lantern lights the mead
Were better mate than I!
And when I ’m with my comrades met,
Beneath the greenwood bough,
What once we were we all forget,
Nor think what we are now.

О дева! друг недобрый я!
Глухих пустынь жилец;
Безвестна будет жизнь моя,
Безвестен мой конец!
Как мы сойдемся, гости тьмы,
То должно нам, поверь,
Забыть, что прежде были мы,
Забыть, что мы теперь».

Рефрен завершает балладу. В каждом случае рефрен меняет свой характер и этих вариантов два: первый - то, от чего Дева готова отказаться ради любви к Разбойнику \«reign our English queen»\: это лучший и славный жребий в социуме. Второй - вариант это мечта Девы /«blithe as Queen»,«summer queen»/- роль лесной принцессы, возлюбленной свободного Разбойника. Слово «queen» - основа всех повторов. Повторы в балладе также основываются и на закрепленных эпитетах «wild and fair, "Greta woods are green". В текст баллады вплетены архаизмы: "think\thou", "morn\to morning"\. Напевность баллады достигается и за счёт аллитераций: "tower and town" , "dale and dare". В балладе возникает имя Edmund - как символ идеального возлюбленного и это созвучно общему таинственному строю баллады - ведь Разбойник не назвал Деве своего имени. Многократные повторы разного рода более всего поддерживают эту напевность. Незначительные изменения в эпитетах - "wild and fair" - "fresh and fair" усиливают поэтическую красоту баллады.

Грусть, пронизывающая балладу, связана с трудными опасным жребием Разбойника: - "Maiden! A nameless life I lead, and nameless death I'll die". Но с этой темой переплетена поэтическая тема Любви, Свободы, дивной красоты леса. Это сочетание очарования свободы и природы сочетается с позицией стоицизма, готовности к трудным испытаниям.

Баллада Вальтера Скотта «Красив Брингала брег крутой» была переведена Каролиной Павловой и опубликована в 1840 году [7, с. 121-155]. В России она скоро стала романсом. Строки из этого романса использованы Н. Г.Чернышевским в его романе «Что делать?»: эту песню поёт на демократической вечеринке одна из собравшихся - /«Дама в трауре» и присутствующие понимают эти строки как утверждение самоотверженной любви. Судьба Разбойника здесь трактуется как судьба революционера, готового и к гибели, а судьба Девы - как судьба его самоотверженной подруги, готовой разделить с ним опасность во имя их любви.

Дама в трауре разыгрывает перед собравшимися маленькую пьесу, в которой есть всё - и берег Брингала, и замок, и знатная дочь, барона и её романтический бедный, и храбрый жених.

Дальше, дети, глупость; и это, пожалуй, глупость; можно, дети, и влюбляться можно, и жениться можно, только с разбором, и без обмана, дети. Я вам спою про себя, как я выходила замуж, романс старый, но ведь и я старуха. Я сижу, на балконе, в нашем замке Дальтоне, ведь я шотландка, такая беленькая, белокурая; под лес и река Брингал; к балкону, конечно, тайком, подходит мой жених; он бедный, а я богатая, дочь барона, лорда; но я его очень люблю, и я ему пою:

Красив Брингала брег крутой
И зелен лес кругом;
Мне с другом там приют дневной

потому что я знаю, днём он прячется, и каждый день меняет свой приют, -

Милей, чем отчий дом;

Впрочем, отчий-то дом был не слишком мил и в самом

деле.Так я пою ему: я уйду с тобою. Как вы думаете, что он мне отвечает?

Ты хочешь, Дева, быть моей,
Забыть свой род и сан,потому что ведь я знатная, -
Но прежде отгадать сумей,
Какой мне жребий дан.

Далее используется сюжет баллады – вопросы Девы к Разбойнику которые здесь принимают. Здесь героиня меняет строки Каролины Павловой: вместо строк переводчика, соответствующих оригиналу: вместо слов «Безвестна будет жизнь моя, безвестен мой конец» - в текст Н.Г. Чернышевского вошли строки «опасна будет жизнь моя печален мой конец», строки, которые поющая опровергает:

« Ты охотник?» говорю я. - «Нет». - «Ты браконьер?» - «Почти угадала», говорит он, - Как мы вберемся, дети тьмы,

- потому что ведьмы с вами, дети, Mesdames и messieurs, очень дурные люди,- То должно нам, поверь,

Забыть, кто прежде были мы,
Забыть, кто мы теперь.

Поет он. - «Давно отгадала,- говорю я: - ты разбойник»; что ж, это правда, он разбойник

– да? Он разбойник. Что ж отвечает он, господа? «видишь, говорит, я плохой жених тебе»:

О, Дева, друг недобрый, я;

Глухих лесов жилец; совершенная правда, глухих лесов, потому, говорит, не ходи со мною,

Опасна будет жизнь моя,
потому что ведь в глухих лесах звери, -
Печален мой конец,

- это неправда, дети, не будет печален, но тогда я думала и он думал; но все-таки я отвечаю своё:

Красив Брингала брег крутой
И зелен лес кругом;
Мне с другом там приют дневной
Милей, чем отчий дом.

- В самом деле, так было. Значит, мне и нельзя жалеть: мне было сказано, на что я иду. Так можно жениться и любить, дети: без обмана; и умейте выбирать.

Слушатели с пониманием воспринимают романс в её трактовке. Слушательницы, потрясенные романтической красотой романса и баллады Скотта, находят понимание у своих спутников, и тема баллады приобретает особую этическую значимость [8, с. 319-353].

Романтический и поэтический шлейф, который оставил этот странный, мелодичный и грустный романс, конечно, берёт начало в его литературном первоисточнике. Именно текст Вальтера Скотта, позднее заполненный успехом его знаменитого «Иванова Вечера», свидетельствует о том, что поэт сумел соединить ликие напевы шотландских гор - с принципами романтизма как направления и художественного метода и достиг подлинно

творческой гармонии и гармонии в поэтических образах и стиле.

Литература:

1. Scott W The poetical works of sir Walter Scott: in 11 vol. – Edinburgh, 1830. – 225 p.

2. Скотт В. Песня. Красив Брингала брег крутой // Сборник «Поэзия английского романтизма». – М : Художественная литература, 1975. – С. 77-87.

3. Эолова А. Красив Брингала брег крутой // Сборник «Антология баллады». – М: 1989. – С. 224-232.

4. Дайчес Д. Сэр Вальтер Скотт и его мир / Перевод с англ. – М: Радуга, 1987. – 300 с.

5. Scott W. The poetical works of Sir Walter Scott. – Boston, 1821. – 247 p.

6. Левченко Ю.В. Лирика В. Скотта в переводах К. Павловой. – СПб: Университетское переводоведение, 2005. – 225 с.

7. Павлова К.К. Полное собрание стихотворений. – Л.: 1964. – 155 с.

8. Чернышевский Н.Г. Что делать? – М : Художественная литература, 1969. – 353 с.

Чечетко М.В., Набидоллақызы Ә.

Вальтер Скоттың «Әдемі салқын Брингал жағажайы» балладасындағы бейнесі және стилі

Берілген мақалада Вальтер Скоттың шығармашылығындағы балладасының жанрының рөліне арналады. Автор «Әдемі салқын Брингал жағажайы» балладасының бейнелерін және стилін талдайды.

Тірек сөздер: Баллада, дәстүр, құрамы, қалыс, фольклор, эпикалық жанр, жұмбақ.

Chechetko M.V., Nabidollakyzy.A.

Sir Walter Scott`s ballad «Brignall Banks are wild and fair»: images and style.

This article deals with the genre of ballade in Walter Scotts works. The author analyses the images and style of the ballade “Brignall Banks are wild and fair”.

Key words: Ballade, tradition, composition, refrain, folklore, epic genre, riddle.

***

ӘОЖ 82.09(574)

Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
E-mail: nagbdu@mail.ru

Отарова А.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Есенов атындағы
Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
E-mail: otarova.akmaral@mail.ru

МЕДЕТ ДҮЙСЕНОВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа. *Қазақ поэзиясына сексенінші жылдары келген ақын Медет Дүйсенов өзіне тән қаламгерлік мәнерімен, өлеңдегі өзгеше өрнек-нақышымен, мәйекті тіл, ұтымды ұйқасымен, сыршыл сазымен әдебиет әлеміне еркін енді. Алғашқы туындыларынан-ақ М.Дүйсеновтің ақындық болмыс-бітімі бірден дараланып, уақыт өте келе шеберлігі шыңдала түскендігі оның көркем дүниелерінен*

айкын аңғарылады. М.Дүйсеновтің жаны да, ойы да, сұлу да сұңғыла болуының түп негізінің өзі де қасиетті жерде туып өскендігінде жатқандай әсер береді. Жас таланттардың буыны бекіген сайын олардың өз өмірбаяны, өз заманы жайындағы шығармалары да күрделілене түсті. Олар өз тұсы шындығының тек эмоциялық кескіндерін өлеңге түсірумен ғана шектеліп қалмай, өз дәуірінің күрделі шындығын дәл танитын ересек суреткерлікке, азаматтық кемелдікке ие бола бастайды.

Тірек сөздер: *Медет Дүйсенов, образ, поэзия, лирика, жанр, стиль, жанрлық-стилдік палитра, талдаулар, әдебиетшілер, сыншылар, өлеңдер циклы.*

Маңғыстау өңірі талантқа кенде емес. Талантты ақындардың бірі, дара қолтаңба иесі Медет Дүйсеновтің «Бастау» (1979), «Жанымның жапырақтары» (1988), «Ғашық жүрек» (2001), «Үдектің үнсіз мұнары» (2007), «Тұрардың биік тұғыры» (2007), «Парыз» (2009), «Құлбарақ батыр» (2010), «Түпқараған толғауы» (2010), «Таушық жерінің көне тарихы» (2010), «Дерт пен дауа» (2012), «Жанарда жанған жұлдыздар» (2013) атты жыр, деректі хикаяттар, зерттеу кітаптарының авторы. Шығармашылық өмірбаяны «Маңғыстау» энциклопедиясында [1, 266 б.] жарияланды.

Қаламгердің шығармашылығына назар аударғанда, ең әуелі, бұл ақынның ерекшелігі, даралығы неде деген сұраққа жауап іздейміз. Ақын шығармаларының тақырыбы әр алуан. Әр жылдары жарық көрген жыр жинақтарының мазмұнына үңілгенде ең әуелі туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, сол елі мен жері басынан кешірген тарихи-әлеуметтік шындықты, адамгершілік асқақ мұраттарды, махаббат пен жастықты, перзенттік борыш пен парызды бөлекше нақыш, көркемдік айшықпен бейнелегенін көруге болады.

М.Дүйсенов шығармашылығы туралы арнайы ғылыми зерттеу еңбектері болмаса да, ақын-жазушылар, әдебиет зерттеушілері мен сыншылары тарапынан мерзімді баспасөз беттерінде айтылған азын-аулақ пікірлер баршылық. Сонау 1978 жылдары белгілі ақын Әбу Сәрсенбаев «Жалын» альманағына жарияланған студент Медеттің «Сезім сәулелері» атты өлеңдер топтамасын оқи отырып: «... Медет оқырманды мезі қылатын «ақылмандық» өлеңдерге үйірсек емес, бұнда жалаң ақылгөйліктен гөрі, нақты сурет беруге, психологиялық оқиғалы өлең жазуға талпыныс бар», - дей келе, ақын поэзиясының көркемдігі мен тілі туралы ой қозғап, Медет ақынның алғашқы қадамына сәттілік тілейді [2, 75 б.].

М.Дүйсенов өлеңдеріне тән ерекшеліктерді сөз еткенде, өмір мен уақыт өлшемін өзінше бағамдап, өзгеше ой түйетінін айтқан жөн. Ақын өлеңдеріндегі ой тербелісі, сезімдер қақтығысы, өткінші өмірге деген наз лирикалық қаһарманның көңіл-күйі мен толғанысы арқылы шебер сурет, шешендік толғамдармен өрілетініне ерекше назар ауады.

Ақындық бөлекше бітім ақынның «Өлең» атты өлеңінде танылады:

...Оңайлықпен келмейді өндір өлең,
Орман сынды, талай шаш селдіреген.
Жыр толғағы дегенің – жармасу ғой,
Арыстанның жалына желбіреген [3, 159 б.].

Осы қолтаңбадан-ақ Медет ақынның өзгеге ұқсамайтын даралығы көрінеді. Бұл даралық үзік-үзік бой көрсетіп қалып қоймайды, бүкіл

шығармашылығының өн бойында өзгеше мәнер, тың өрнекпен жүйеленіп отырады.

М.Дүйсеновтің ақындық тұғырнамасы – өмірдегі қым-қиғаш тартыс, өмір өткіншілігін аңғарту, сөйте тура ақын оны «Үш атты күйме» атты өлеңінде былайша толғайды:

Шақтарда шабыт билеген,
Түсіріп ғажап күйге өлең.
Ұшыртып бара жатамын,
Үш атты жеккен күймемен.

Қосылып өмір көшіне,
Жүйіткимін желдей есіле.
Ақ ұлпа қардың тозаңын,
Көтеріп аспан төсіне [3, 42 б.].

Үш атты күймемен жүйіткіген ақын желдей есіп келеді. Бұл – өмір ағынының бейнесі. Ақын көңілі үш атты күйме мен адам өмірін үндестіре, жымдастыра бейнелейді.

Арайлы бір нұр төгілді-ай,
Белестер аттың жонындай.
Із қалып жатты соңымда,
Өлеңнің егіз жолындай... [3, 42 б.].

Тынымсыз шапқылаған үш атты күйме - тынымсыз өмірдің бейнесі болып өлеңге көшкен.

Самғайды өмір биіктен,
Келемін тынбай жүріп мен:
Үш атты жеккен күймедей –
Махаббат, Арман, Үмітпен [3, 43 б.].

Өлеңнің өн-бойынан өршіл рух, алып-ұшқан көңіл аңғарылады. Желдей ескен үш аттың аты Махаббат, Арман, Үміт екенін өлең соңындағы түйіннен білеміз. Медет поэзиясына тән асқақ пафос, риясыз шыншылдық екі көркемдік әдістің - реализм мен романтизмнің тоғысуының бір көрінісі. Сондай-ақ, шартты түрде, бұл өлеңде символдық сипат бар. Ақын қоғамдық өмірдегі үлкенді-кішілі құбылыстарды жан толкынына бөлеп жырлағанда, өзінің ішкі жан дүниесіне, көңіл күйлеріне үңілмей отыра алмайды. Бұл сыршыл ақындардың бәріне ортақ касиет.

Медет ақынды қазақ поэзиясындағы құбылыс ретінде танытқан оның жырлары. Ақын жырларының әрбір жолын шебер қиюласқан, берік сөздер тізбегінен, бөлшектеуге келмейтін тұтас шешендік толғамдардан тұратынына өлеңдерін оқи отырып көз жеткізуге болады. Ақын жырларының тақырыптары әр алуан.

Поэзия – адамзаттың көркемдік ойлау дүниетанымының көрсеткіші. Жаратылысты құрайтын тіршілік әлемінің көріністерін де, құбылыстарын да философиялық-психологиялық таным, түсінік аркылы сараптау, бағалау, бейнелеу, болжау тек кана поэзиялық сезім иесі акынның ғана жырларымен жүзеге асады. Ойшыл ақындар поэзиясы тектес және үндес құбылыстарды да, карама-кайшылыктар мен кактығыстардың да тіршілік козғалысын кешенді,

көп үнді, мол қатпарлы қалпымен тұтастай қамтып жырлауымен ерекшеленеді. Уақыт пен кеңістік жүйесіндегі саналы тіршілік иелері адамдардың жан әлеміндегі әрқайсысына тән даралық та, ортақ көңіл-күй әуендері де ойшыл ақындар шығармаларында поэтикалық көркемдік жинақтау өрнектерімен айқындалады. Негізгі шығармашылығы поэзия, бірақ прозада да өзіндік қолтаңбасы бар қаламгердің еңбектері ұлттық құндылықтарымыздың қатарын құрайды.

Алғашқы өлеңдерінен де туған жерге деген перзенттік махаббаты анық көрінетінін әдебиет сыншылары да дер кезінде байқап, оң бағасын берген. Сыншы Ә.Шынбатыров ақынның алғашқы өлеңдерін оқыған соң былайша ой түйеді: «Жас болғанымен сапқа тұрған солдаттай, өлең жазып ой тербеп, ақындық бетін айқындап келе жатқан талапты жастың бірі Медет Дүйсеновтің баспасөзде ауыз тұщытар талай жақсы дүниелерін оқып, қуана қол соққанымыз бар. Сол Медет «Отан от басынан басталады» деген қағиданы қазық етіп, «Туған үйдің түтіні» дейтін шып-шымыр өлең жазыпты. Қайда жүрсең де балалық шағың көз алдыңда көлбеңдеп, туған үйдің түтіні келе-келе махаббатыңа айналатыны, бала боп ойнап, дана боп ойлана бастайтыны қашан да қасиетті алтын босағаңнан желі тартқан. Өлеңнен тарайтын идея осы» [4, 301 б.]. Туған жердің табиғи сипатымен тұтас өрілген көңіл тебіреністері – поэзиядағы адам тағдырының көркем шындықпен өрнектелуі. Ата-бабалардан сақталған ұрпақтар жан діліне тән ерекшелік – дәстүрлі көркемдік ойлаумен туған жерінің сипатынан рухани нәр алып жігерленетіні, марқаятыны. Медет ақын да туған жерінің сайымен, алабымен іштей тілдесіп, даламыздың қарапайым қалпының өзі ұлылық екендігіне мінәжат ете жырлайды. Ақын «Баба дала» өлеңінде:

Дауылдар соққан далам-ай берендей берік,
Қилы заманның көріне емендей көніп.
Шексіз төсіңнен шықпақ боп шарлағандардың,
«Темір етігі тозыпты тебендей болып!...» [3, 119 б.].

Қазақ даласының келбетіне тән реалистік суреттерден поэтикалық әсерлі романтикалық бояулы бейнелеулер жүйесіндегі ақын жасаған баламалы тіркестер атамекенді ардақтаған азаматтың елжіреген сезім әлемін танытады:

Көңілімде күй ойнар бұлақтарынан,
Мұзарт шыңында мен шығар мұрат бар, ұғам.
Бақытымның бастауы – баба даламда,
Киелім, сенен бойыма қуат дарыған! [3, 120 б.].

Мысалы, «Ауылды аңсау» өлеңінің әрбір тармағындағы баламалы бейнелеулері ұлттық көркемдік ойлау тереңдігін айқын аңғартады:

Құшаққа алып тоқ омырау торғын бақ,
Көркем қала шақырса да қол бұлғап.
Ауатыны-ай ауыл десе аңсарым,
Жетелейді құштарлығым – сол жұмбақ [3, 100 б.].

Ауылын аңсамайтын жұмыр басты кемде кем шығар. Ал ақынның аңсауы бір бөлек әңгіме. Көркем қалаға айырбастамас ауылын жырға қосқанда ақын тебіренісі анық байқалады:

Атамекен! Мадақтаумен көркіңді,

Сен туралы қаншама сыр шертілді!
Дем алам да жусанымен даламның,

Жазып алам тұла бойдан дертімді [3, 101].

Медеттің өлеңдеріндегі туған жерінің, қазақ даласының тұтас кеңістігі де, аспаны да, таулары да, ондағы тастары да, дөңдері де, ормандары, ағаштары, бұталары да, олардағы жапырақтары, тамырлары, т.б. – бәрі де көркем шындық жинақтауларымен жырланады. Медет ақынның поэзиясы – табиғаттағы барлық заттардың, құбылыстардың баламалануы арқылы тіршілік қозғалысындағы үндестіктер және қарама-қайшылықтар жүйесін саралап танытуымен ерекшеленеді. Азаматтық-гуманистік дүниетаным кеңістігіндегі ой өрілімдері, түйінді тұжырымдары тек қана табиғаттағы қозғалыстармен, көріністермен баламалана өрнектеледі.

Ақын поэзиясындағы стильдік ізденістерді көркемдік әдіс, жанр, ақындық шеберлік, өлеңдеріндегі ұлттық сипат төңірегінде қарастыра келе Медет ақын шығармашылығына ортақ сипат – қазіргі қазақ поэзиясында адамның ішкі сезім әлемінің бар мүмкіндікпен ашыла бейнеленуі, қалыптасқан реалистік әдісті романтикамен, кейбір символдық элементтермен үндестіре жырлауы демекпіз. Ұлттық поэзиямызды бай тіл, шешендік, бейнелі өрнектермен байытқан ақынның шын шеберлігіне талданған өлеңцері арқылы коз жеткіземіз. Келтірілген мысалдар, талданған шығармалар, айтылған пікірлер Медет Дүйсенов шығармашылығын зерттеудің бастамасы дей аламыз.

Медет ақынның шығармашылығын нысанға ала отырып, жасаған талдауларымыз – белгілі дәрежеде тақырыпты тереңірек ашуға жасаған қадамымыз.

Табиғат лирикасын сөз еткенде, оның тамыры тереңдерден нәр алғанын естен шығармаған жөн. Оны ілгері жалғастырушы ақындардың қатары жылдан-жылға молығып, көбейе түсті. Көбейгенде жай қайталау немесе сан өсіру емес, сапа жағынан да жетіліп, дами түсті. Табиғатты өз стилімен жырлаған ақындардың бірі – Медет Дүйсенов. Ақын табиғаттың, жыл мезгілінің түрлі кезеңдерін жырға қосқан. Бірде шуақты көктемді бейнелесе, бірде жадыраған күзді, бірде ебелекті жырға қосса, бірде құйынды... жырлайды. Жай жырлап қана қоймайды, түрлі образдарды қолданады. Өлеңді оқи бастағаннан небір образдар оқырманын өлеңнің аяғына дейін қызықтырып әкетеді. Әр көргенде түрлі қырынан танылатын табиғат ақынжанды жүректі еріксіз сезімге бөлейді. Мысалы, тәулік мезгілінен сыр ақтаратын сәтті санарлық туындыларының бірі «Күз таңы» өлеңінен үзінді оқиық:

Таңы атты алтын күздің арайлана,
Сәуле ойнап, жарқырады бар айнала.
Шөптердің басындағы мөлдір моншақ,
Қосылып, ұқсап кетті шарайнаға [3, 24 б.].

Бұл өлеңде күз көрінісі өзгеше өрнек тапқан. Абайдың «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» деп басталатын өлеңінен бөлек. Онда адамдар өмірі табиғатпен бірлікте суреттелсе, М.Дүйсенов қиялға ерік бере суреттейді. Ол басқа ақын жырларындағы күз бейнелеріне тіпті де ұқсамайды.

Әдетте күз желді, жаңбырлы т.б. боп суреттелсе, М.Дүйсенов күзді ашық, жайдары суреттеп, оған өзінше бояу дарытады. Ақын күз көркемдігін «арайланған күз, сәуле ойнаған, айнала жарқыраған күз...» деп суреттейді. «Шөптердің басындағы мөлдір моншак, Қосылып, ұксап кетті шарайнаға...» деп баяндауынан бұл суреттің күзге қарағанда жазға тән мінез басымдығын байкаймыз.

Құстардың тұнык көкте тұнған әні,
Диқан тұр, егін-жайдың мұзбалағы.
Ак білегі ак шуак сезімдей боп,
Қалқалап жүзін күннен қыз қарады... [3, 24 б.]

Құстардың тұнық әні де бұл күздің жадыраған күз екенін байқатады. Келесі тармактағы «Дикан тұр, егін-жайдың мұзбалағы» деген жол ғана күз мезгілінің бір белгісіндей болып тұр. Келесі жолдардағы «Ақ білегі ақ шуақ сезімдей боп, Қалқалап жүзін күннен қыз қарады» деуі – күз келбетіне сүйсінген ақынның әдемі образы. Өзі сүйсінген мезгілге жүзін күннен қалқалаған ак білекті аппак қыз образы әсем сипат дарытып тұр.

Медет Дүйсенов өлеңдерінің поэтикалык куатын күшейтіп тұратын ерекшелігі – ондағы ұлттық сипатты танытатын ұлттық мазмұн мен пішіннің бірлігінде, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған акын өлеңдерінде тың ой, жаңа ізденіс, рухани кеңдік, көркем суреттер мен шынайы образдар көптеп кездеседі. Акын поэзиясындағы дала, домбыра, бесік, тау, тұлпар, киіз үй сиякты ұғымдар символдык мәнге айналған ұлттык көркем дәстүріміз. Медет акын казак поэзиясында ұлттык ұғымға негізделген тұтас көркемдік ойлау жүйесін калыптастырды, казак халкының ұлттык көркем образын мүсіндеді.

Медет акынның казак поэзиясын ұлттык накыштармен әрлеп, ұлттык көркемдік ойлау дәстүрін жалғастырғанын және жаңа көркем образдар тудырғанын өлеңдерін оки отырып көз жеткіземіз. Жалынды жырларын оки отырып, қазақтың ұлттық поэзиясына, өз көркемдік әлемімен, өз қолтаңбасымен келген Медет Дүйсенов шығармашылығы әдебиеттану ғылымы мен сынының назарын аударып жоғары бағасын алатынына шүбә келтірмейсіз.

М.Дүйсенов өлеңдерімен ұлтымыздың мінезін, болмысын, табиғатын танытып, казіргі казак лирикасының эстетикалык деңгейін көтеруге үлес косып келеді. Себебі акын поэзиясы ұлттык ой-сананы, дүниетанымды сезім шынайылығымен, ой тереңдігімен, асқақ та өршіл рухпен береді. Атап айтсақ, ақынның «Ақсүйек» өлеңінде:

...Отты жастык,
Өткенбіз өткеліннен,
Көңілдесің, кайырылмай кеткеніңмен.
Үкі таққан бейне бір ак сәукеле
Ак боз үйлер...
Түтіні көкке өрлеген.
Шалғынға аунап шыңырау суын ішкен,
Күндер есте,

Толғанам тынып іштен.
Ару әлем...
Ақсүйек...

Ару қызбен
Айлы аспанның астында жүгіріскен [3, 63 б.].

Бұл өлеңнің әр шумағы халқымызға тән ұлттық болмыс пен мінезді жан-жақты аша түседі. Сондай-ақ этнографиялық суреттер де сәтті шыққан. Түтіні көкке өрлеген ауыл, ақ боз үйлер үкі таққан ақ сәукелеге теңеледі. Ақсүйек ойыны арқылы қыз-жігіттердің айлы түнде жүгіріскен, бір-біріне ынтық жастардың сырласуға оңтайлы сәтті күтетіні шумақтар астарынан байқалады. Өлеңде әрі қарай ақсүйек орнына тас лақтырған бозбала қылығы суреттеледі:

Құмырсқа бел іздер-ай шағылдағы,
Бекер болды-ау достардың сабылғаны.
Кім біліпті қалтамда жатқанын ол,
Табылмады ақсүйек, табылмады... [3, 63 б.].

Ай жарығымен ақсүйек іздеп жүрген жастарды ақын өлең соңында былай суреттейді:

...Әркім іздеп кеткендей армандарын,
Табылмаған әлгі бір ақсүйектей [3, 63 б.].

М. Дүйсенов шығармашылығында халқымыздың қанына сіңген мінезі, салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі молынан сөз етілетін өлеңдер көптеп табылады. Атар болсақ, «Қамшы», «Қадір түні», «Құмай», «Соңғы бәйге», «Динаның домбырасы», «Әлди әуен», «Байғазы», «Қобыз», «Қашаған», «Шығыр тартқан қара нар», «Бір қалта асық», «Күй құшағында», т.б. көптеген өлеңдерінде өз ұлтын жанындай сүйген лирик ақынның бейнесін елестетеміз.

Ақынның «Натюрморт» өлеңі сөзбен салынған ұлттық натюрморт екенін өлеңді бастан-аяқ оқысаң, көз жеткізесің.

Айдындай, толған шарасы,
Тұр міне, самсап бар асы.
Жайылған дастарханы да –
Қазақтың байтақ даласы!

Аққұман шоқта, от-демі,
Үйде жүр дала көктемі.
Толысып піскен таба нан,
Күн көзі бейне көктегі

Анардай, апорт алмаңды-ай,
Қазы мен жая, жал қандай!?
Шашылған сары бауырсақ
Шұбырған балапандардай.

Алуан тағам арбай ма,
Тамсанбас бұған жан қайда?!

Аңқыған шырын шұбаттың,
Қалғандай дәмі таңдайда... [3, 39 б.].

Шынында ақын шеберлігі осы өлеңнен де байқалып тұр. Қазақтың кең дастарханы, шоқтағы аққұман, толысып піскен таба нан, қазы мен жая, құйылған шұбат, дастархан үстінде шашылған сары бауырсақ керемет ұлттық картина. Осы әсем көрініске апорт алма сән үстіне сән қосып, нағыз хас шебер суретшінің қолынан шыққан сурет деуге болады.

Ақын шығармашылығы қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыруға қызмет етіп келеді. Демек, Медет Дүйсенов қазақ поэзиясын ұлттық мазмұнмен байытқан, ұлттық көркемдік нақыштармен әрлендірген ақынымыз деп даралап айта аламыз.

Өлеңде ұлттық сипат тек ұлттық мінезбен шектеліп қалмай, ұлт тарихымен тамырласып, ақын поэзиясының танымдық, тағылымдық, халықтық қырларын даралай түседі. Халық тарихындағы батырлар мен ақындар, саятшы-серілер, түрлі өнер иелері бірде өз тұлғасымен сомдалса, бірде көркемдік-идеялық мақсатта ойды астарлап, бейнелеп айту мақсатында қолданылады. Мысалы: Үш қиян өңірінде ғұмыр кешкен, күллі қазаққа аты мәлім әулиелер мен билер есімдері де аталып қалады. «Құлбарақ батыр» жырында:

Аңызға айналған әулием, баба Құлбарақ,
Ойға батамын, қабірге қаламын қарап.
Қақпанын құрып қаскөйлік, қансырап қалған,
Көз алдымнан өтеді дала сырғанап...

Нар ұлдарыңның, жұртым-ай, нарқын жаңа ұққан,
Алтын Жебесін жоғалтып, халқым қамыққан.
Даламнан шыққан Дарабоз, батыр әулием,
Дәуірлер бойы ұрпақты даңқың табынтқан [3, 161 б.].

Басы Хиуада, денесі Маңғыстауда жерленген, Тиген жеріндегі өзі аттас қойымдықтағы Құлбарақ батыр қабірі үстіне ұрпақтары дулыға мүсін, күмбез көтереді. Батыр туралы жыр төгіп, тарихына тоқталып, сол тарих арқылы бүгіннен ой түю, ертеңге барлау жасау – ақынның көркемдік мұраты әрі шеберлігі.

М. Дүйсенов – ұлттық сезімнің шеңберінен еркін шыға отырып, адамзаттық мәселелерді терең толғауға дейін барған қарымды ақын. Осы тұрғыдан келгенде, ақын өлеңдерінің ұлттық сипаты жалпы адамзаттық гуманистік мұраттармен үндесіп жатыр.

Ақын шығармашылығының тағы бір саласы – баллада жанрындағы туындылары. Ұлттық поэзиямыздағы баллада жанрының дамуында М. Дүйсеновтің өзіндік үлесі бар. Әр жылдары жазылған «Үш тораңғы», «Сәбиден қашқан сұлу» , «Еленбей қалған есім», «Сынған шүйше», «Ел басқан», «Соққылар» және т.б. балладалары ақынның ізденісінің жемісі деуге болады.

Балладалары мен толғауларының негізгі өзегіне айналған адамгершілік, қайсарлық, адалдық сияқты адами қасиеттер белгілі бір оқиғаның, белгілі бір уақыт шындығының аясында бой көрсетіп, ақындық ұстанымды танытады.

М.Дүйсенов те өз балладаларында бірсыпыра ізденістерге талпыныс жасап, нәтижеге жеткен деп айтуға болады. Көркемдік қуаты, тіл өрнегі жағынан ақынның эпикалық құлашының қарымдылығын танытқан балладалары белгілі дәрежеде лирикалық сыршылдығы, азаматтық әуеннің анықтығы тұрғысынан бағалауға тұрарлық дүниелер.

Ақынның балладалары классикалық үрдіске сәйкес жырланған. Ақынның «Сәбиден кашкан сұлу» балладасы казіргі қоғамдағы түйткілді мәселені көтереді. Ақын өз баласынан өзі жеріген сұлуды балапанын қорғаштаған тауыкпен салыстырып:

...Қиналмай ма кылмысыңнан жан арың,
Балапандай құн жоқ па балаңның?!
Ұрпағы үшін басын тігіп ұмтылған,
Тауық құрлы болмадың-ау, қарағым [3, 44 б.],

- деп қынжылады.

«Еленбей қалған есім», «Үш тораңғы», «Сынған шүйше», «Ел баскан» атты балладаларының поэтикалық мазмұн мен пішіні жүйесінде қазақтың салт-дәстүрі көрініс табады.

«Еленбей қалған есім» балладасында аян беру сияқты ишараттың аяқ асты болмауын ескертеді. Акынның анасы ұйыктап жатып, түс көріп, дүние салған әкесінің аян беруі суреттеледі:

Танғандай бейне есінен,
Кенет бір ұйкы меңдетті.
Жертөле терезесінен,
Әкесі қарап сөйлепті:

«Қолыңа кос ұл конды шын,
Төгеді салған нұрын бақ.
Үлкенін – Сәдет, соңғысын –
Медет кой» депті мығымдап.

«Өзгертпе бірак аттарын,
Өзгертсең гүлдей солады.
Жадыңда болсын айтканым», –
Дейді де ғайып болады [3, 106 б.].

Ақынның анасы түсіне әкесінің енгенін, аян бергенін енесіне айтады. Көп ұзамай егіз ұлды дүниеге әкеледі. Баллада оқиғасы одан әрі былай өрбиді:

Қошқардай қос ұл келгенде,
Ырым ғып жатса несі мін?!
Өзіне билік бергенде,
Зәуре әжем айтты шешімін:

«Сәдет де мейлі, мәпеле,
Ныспыны артык токтатың.
Тілекші болсын әкеге,
Тілекбай қоям, – депті – атын».

«Өзгерді-ау, аты өзгерді...» –
Деп, анам үнсіз қалыпты.
Шарасы қайсы өзге енді,
Егіліп іштей қамықты [3, 107 б.].

Уақыт өте келе қуаныштары ұзаққа бармайды. Егіз ұл бірдей шетінеп, шаңырақ қара жамылады. Зарығып көрген ұл өзі екенін айта келіп, ақын шаңырақтың қайта шаттыққа оранғанын суреттейді.

Нұр ойнап анам көзінде,
Атапты Медет мені әулет.
Осы бір есім кезінде,
Еленбей қалып еді-ау деп [3, 107 б.].

Ақын бұл өлең арқылы ел мұраларының еленбей қалмауын айтып, ой түйеді.

Әне сол, оқиғаның болған жері,
Тау түссе опырылып, оңған ба еді?!

Айтар ойды жалаң баяндамай екінші бір тосын сурет арқылы аңғарту - ақын балладаларына тән негізгі көркемдік тәсіл. Нәзік сыршылдық, элегиялық сарын, жан тебірентерлік лиризм - ақын балладаларының негізгі сипаты болып, көркемдік мазмұнын тереңдеткен. Медеттің өзіндік стилі осындай тұстардан анық байқалады. «Жазушының өзіндік стилі, ең алдымен, оның дүниетанымы мен идеясынан, жазу мәнері мен жанрынан, сондай-ақ жанды бейне жасау әдіс-тәсілдерінен, оқырманға үлгі етер идеалынан, тіл шеберлігінен, шығарманың бүтіндей пафосынан көрінеді» [5, 160 б.], - деген зерттеуші Ф.Оразаев пікірі осы ойымызбен үндесіп жатыр.

Ұлттық поэзиямызда жалынды жырларымен дараланған талантты ақын Медет Дүйсеновтің поэзиясы бір бөлек дүние. Өткен ғасырдың 80-жылдарында қазақ поэзиясына соны ізбен келген ақын өз оқырманын ешкімге ұқсамайтын стилімен, шалқар сезімді жырларымен бірден баурап алды. Қазақ поэзиясында Медет ақынның өлеңдері өзінің ойшылдығымен, талғампаздығымен, сазды әуенімен дараланып тұр.

Әдебиеттер:

1. *Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2008. – 632 б.*
2. *Сәрсенбаев Ә. Сапарың сәтті болғай, талапкер! // «Жалын» республикалық әдеби-көркем журнал. – 1978. – № 1 – Б. 75.*
3. *Дүйсенов М Жанарда жанған жұлдыздар. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2013. – 182 б.*
4. *Шынбатыров Ә. Таң самалы // Әдеби сын мақалалар жинағы «Уақыт және қаламгер». – Алматы: Жазушы, 1978. – Б. 298-305.*
5. *Оразаев Ф. Замана қаһарманы. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1981. – 248 б.*

Камарова Н.С., Отарова А.Н.

Художественные методы в лирике Медета Дуйсенова

В данной статье раскрываются особенности поэтического выражения, словесной рифмы, языка, лирики, стиля, присущего поэту Медету Дуйсенову,

вошедшего в 80-е годы в казахскую поэзию. В первых же произведениях можно увидеть творческую натуру и навыки поэта, которые мастерски усовершенствовались в последующих в его творениях. Впечатляет и то, что, душа и мысли поэта красивы, как будто они заряжены положительной энергией от родной священной земли. Молодые таланты, набрав творческие навыки, научились писать более сложные биографии и эссе про современности. Они не ограничивались в отображении эмоциональных форм правдивости своего времени в поэтических произведениях, а также становились серьезными изобразителями с гражданской позицией, тех произведений, раскрывающих сложную правду того времени.

Ключевые слова: Медет Дуйсенов, образ, поэзия, лирика, жанр, стиль, жанрово-стилевая палитра, анализы, литературоведы, критики, цикл стихов.

Kamarova N.S., Otarova A.N.

Art methods in Medet Duisenov`s lyrics

This article is devoted to a poet Medet Duisenov who came to Kazakh poetry in the eighties of the last century. The poet has his own writing style, rhymes have unique manner, the language he uses is outstanding, and his lyrical melodies were rhymed nicely. His very first lyrics have distinguished by their physical being straight away and later to the passage of time his masterpiece has been approved widely by his artistic creations. The basic of Medet Duisenov`s soul, thoughts, great personality as well as intelligence are at the core of his homeland which had strong influence. When the young talented stand on their own two feet their life and the contemporary works become more complicated. They are not limited only to their emotions, putting them on their works, but also deeply and truthfully describe what is happening in the modern world and become perfect patriots.

Keywords: Medet Duisenov, image, poetry, lyrics, genre, style, genre and style palette, analyzes, literary critic, a cycle of poems.

***

УДК 811.11:821.161.1

Щербакова И.К. – преподаватель,
ЗКГУ им. М.Утемисова
E- mail: irina.sherbakova.62@mail.ru

АКТУАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТА «СЕМЬЯ» В РУССКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ И ЕЁ ПЕРЕВОДАХ НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК (НА МАТЕРИАЛЕ ПЕРЕВОДОВ ПРОИЗВЕДЕНИЯ А.С.ПУШКИНА «КАПИТАНСКАЯ ДОЧКА»)

Аннотация. *В данной статье рассматривается концепт «семья, имеющий место как в русскоязычной, так и в англоязычной культурах. На основе различных лексикографических источников проводится исследование основных признаков данного концепта, в том числе в переводах на английский язык. Анализируются различные варианты переводов на английский язык произведения А.С. Пушкина «Капитанская дочка».*

Ключевые слова. *Концепт, ментальный, лексикон, когнитивный, наставление, назидательный, фразеосемантический.*

Концепт «семья» - одна из единиц ментального лексикона, функционирующая и в русскоязычной культуре, и в англоязычных странах.

З.Д. Попова и И.А. Стернин определяют указанный концепт как «дискретное ментальное образование, являющееся мыслительного кода человека, обладающее относительно упорядоченной внутренней структурой, представляющее собой результат познавательной (когнитивной) деятельности личности и общества и несущее комплексную, энциклопедическую информацию об отражаемом предмете или явлении, об интерпретации данной информации общественным сознанием и отношении общественного сознания к данному явлению или предмету»[1, с. 127]. Данное определение содержит алгоритм исследования концепта: изучение лексикографических источников, общественного мнения, в котором вербализуются когнитивные признаки, не нашедшие отражения в словарях и энциклопедиях.

Лексикографическое исследование концепта «семья», проведённое нами на материале основных словарей русского и английского языков (словарь Ожегова, Ушакова, Большой энциклопедический словарь, Оксфордский, словарь Д.Хокинса и др.), позволило выявить основные признаки данного концепта. Одно из его основных значений – «группа живущих вместе родственников (муж, жена; родители с детьми)»; “ parents and their children, sometimes including grandchildren and other relations”.

В электронном словаре синонимов русского языка ключевое слово «семья» представлено следующим синонимичным рядом: семейство, фамилия, дом, род, династия…. Семантический анализ данных синонимов позволяет выделить такой когнитивный признак, как «связь, преемственность поколений».

Обращение к теме «семья, семейные отношения» традиционно для русских писателей. Уважение к отцу и матери, соблюдение правил, по которым ты живёшь в отцовском доме, - незыблемые основы жизни человека. Не случайно мастера русской литературы обращаются к изображению семейных отношений. Постичь глубину и многообразие личности, понять мотивы поведения можно только, узнав суть отношений в семье.

Тема дома, семьи, семейных отношений – одна из ведущих тем повести А.С. Пушкина «Капитанская дочка». Здесь автор представляет нам два семейства: Гринёвых и Мироновых. Описание быта, традиций этих семей задают в произведении тему русской патриархальной жизни. В образе Гринёвых Пушкин утверждает излюбленную им концепцию: старинное, «коренное» дворянство, так много сделавшее для русского государства, сохраняет в себе лучшие человеческие качества. Столь же достойной в повести является и семья Мироновых. Это добрые, радушные, отзывчивые люди, которые принимают Гринёва, как родного.

Эти семьи взаимно дополняют друг друга. Они похожи атмосферой добра, простоты, искренности. Обе семьи воспитали хороших детей. Безусловно, в каждой семье свои взаимоотношения, обусловленные, скорее чисто психологическими особенностями её членов: в семье Гринёвых царит строгий «патриархат», а Василиса Егоровна управляет не только мужем, но и

крепостью. Обе семьи объединяют главные факторы: в центр всего семейного уклада помещаются вечные ценности – любовь, верность, доброта, совесть, и это передаётся из поколения в поколение.

Система образования и воспитания в русских дворянских семьях в XVIII- XIX веках была во многом несовершенной. А.С. Пушкин писал: «В России домашнее воспитание есть самое недостаточное, самое безнравственное; ребёнок окружён одними холопами, видит одни гнусные примеры, своенравничает или рабствует, не получает никаких понятий о справедливости, о взаимных отношениях людей, об истинной чести. Воспитание его ограничивается знанием двух или трёх иностранных языков и начальным основанием всех наук, преподаваемым каким-либо нанятым учителем» [2, с. 44].

Рисуя образы старика Гринёва, капитана Миронова, А.С.Пушкин поднимает проблему воспитания и образования молодёжи. Автор не идеализирует семьи, но очевидно, что именно они играют важную роль в формировании будущей личности.

Проведём анализ лексико-фразеологического репрезентанта концепта «семья» в повести А.С. Пушкина «Капитанская дочка» и её переводах на английский язык, выполненных Литвиновыми [3] и Дебрецени [4].

В составе тематического поля «семья» мы выделяем несколько микрополей: зарождение семьи (любовь, брак); межличностные отношения (между мужем и женой); семейные функции (нравственное воспитание, родительские наказы).

Такое деление совершенно условно, так как в каждом отдельном случае на словарное значение слова или фразы накладывается индивидуальное авторское отношение. Поэтому для достижения точного перевода важно учитывать не только контекст отдельной фразы произведения, но и всего творчества А.С. Пушкина.

Предмет нашего исследования – родительское воспитание, наказы, напутствия, благословение в повести А.С. Пушкина «Капитанская дочка» и её переводах на английский язык. Цель данной работы – сравнение вариативных переводов на английский язык для уточнения роли семьи в воспитании детей, значения родительского наказа в контексте православных традиций. В ходе исследования поставлена одна из задач: определить версии англоязычного понимания идейно-художественного назначения эпизодов, связанных с проблемой семьи и воспитания, в художественном произведении XIX века.

Русской и английской культуре свойственны лексические лакуны в системе «семья». Так, например, русские пословицы и поговорки, затрагивающие родственные связи, отличает большее количество концептов, обозначающих родственников. Например, в английских пословицах не представлены концепты «father-in-law, son-in-law, aunt, nephew, niece”, что позволяет сказать, что дальние родственные связи не так важны для англичан, как для русских. Меньшая значимость родственных уз для британцев отмечалась многими авторами. Например, В.В. Овчинников пишет: «Независимость, граничащая с отчуждённостью, - вот основа человеческих взаимоотношений в Британии. Не только друзья и

родственники, но даже родители и дети не чувствуют себя связанными долгом или ответственностью друг перед другом. Английские семьи замкнуты ещё и внутри – каждый из её членов куда больше сохраняет неприкосновенность своей частной жизни» [5, с. 273].

Нельзя не отметить проблему родительского благословения, поставленную в повести А.С. Пушкина «Капитанская дочка». Это особая семейная ценность, которую показал нам автор. В родительском благословении – кровно-духовная связь. Материнское благословение восходит, прежде всего, к вере: мать, благословляющая детей, ассоциируется с Божьей матерью. Не случайны и последние слова капитана Миронова дочери: «Ну, Маша, будь счастлива. Молись Богу: он тебя не оставит. Коли найдётся добрый человек, дай вам бог любовь да совет. Живите, как жили мы с Василисой Егоровной». В этих словах прослеживается продолжение семейных традиций: жить в любви, согласии, сохраняя верность друг другу.

Единство Василисы Егоровны с мужем подтверждают слова: *«Да разве муж и жена не един дух и едина плоть?» (гл.IV) – "Are not husband and wife one flesh and one spirit?"*

В последние дни своей жизни Василиса Егоровна говорит: *«Нечего мне под старость лет расставаться с тобою и искать одинокой могилы на чужой сторонке. Вместе жить, вместе и умирать».* В переводе Литвиновых даётся: "*I'm not going to part with you in my old age, and seek a lonely grave in a strange land (*было бы правильнее перевести, как "meet my death"). *We have lived together, together we will die".*

Тема семьи, семейных отношений находит отражение в области фразеологии. Национально-культурная специфика проявляется в том, что разные языки акцентируют различные аспекты одного и того же явления. Поэтому большое значение придаётся сопоставительному изучению языков.

Различия, встречающиеся во фразеологии разных языков, иногда невозможно описать лишь в чисто семантических терминах. Ответ на вопрос, почему одни иноязычные фразеологические единицы легко понимаются и могут заимствоваться, а другие - нет, зависит, прежде всего, от того, известны ли в языке-реципиенте концептуальные единицы, стоящие за соответствующими выражениями.

Согласно А.Р. Залялеевой [6], самым богатым фразеосемантическим полем и в русском, и в английском языках, является поле «муж» и «жена».

Для русского человека семья выступает как неделимое целое: «муж и жена – одна сатана», муж и жена – одна душа»; «муж и жена - един дух и едина плоть».

В английских пословицах нет образа целостности семьи: "A man is a king in his home"; "Age and wedlock bring a man to his nightcap" и т.д.

Нельзя не указать на тот факт, что, несмотря на большую общность выражаемых фразеологическими единицами понятий в русском и английском языках, есть области, которые для каждого народа являются более значимыми и поэтому представляют трудности для перевода.

Мы согласны с О.Г. Дубровской, которая объясняет литературность английских фразеологических единиц историческим развитием английского

языка и его аналитическим строем. «Идущие от французского языка афористически-сентенциозный и пословичный характер предложений, краткость, ритмическая организация и т.п. не могли не сказаться на пословичных текстах. Слабая выраженность категории лица английским глаголом и, как следствие, «строго подлежащный английский язык» обуславливают литературный оттенок английской пословицы» [7, с. 22].

Наряду с другими важными вопросами автор повести «Капитанская дочка» ставит проблему нравственного воспитания молодого поколения, воспитания в духе патриотизма. Эта проблема тесно связана с отчим домом, семьёй, родственными отношениями. Именно в семье закладываются основы человеческой личности, формируются нравственные качества.

Немаловажную роль в получении уроков нравственности играют наказы, наставления родителей – облечённые в слова правила, поучающие особой житейской мудрости.

В словаре С.И. Ожегова [8] значение слова «наказ» трактуется следующим образом: 1) наставление, поучение, распоряжение (уст., прост.); 2) поучение, обращение, содержащее перечень требований и пожеланий (официал.).

В наши дни понятие «наказ» чаще всего соотносится со словом «наказание» и трактуется однозначно, что не отражает его первоначального смысла. В словаре русского языка читаем: «Наказание – мера воздействия против совершившего преступление, проступок».

Однако ранее это слово понималось совершенно по-другому, и связанные с ним однокоренные слова тоже имели совсем иной смысл, в отличие от современных слов. Откроем церковно-славянский календарь: «Наказание – наставление, учение; образование, учёность. Наказанный – наставленный. Наказ – наставление, приказание. Наказываю – научаю».

Именно как наказ, вразумление, исправление и следует понимать термин «наказание детей».

Первой книгой на Руси, в которой отражался родительский наказ как духовное напутствие своим детям, был Домострой. В этом своде житейских правил и наставлений, памятнике русской литературе XVI века, отражались принципы патриархального быта, домашнего уклада. По Домострою, родительский наказ должен был в первую очередь воспитывать через добрый пример жизни самих родителей. На принципах любви и прощения строилось воспитание детей.

Анализ текстов художественной литературы XIX века показывает, что родительский наказ – одна из важнейших тем в произведениях многих авторов. Например, встречаем родительские наказы в поэме Н.В. Гоголя «Мёртвые души», комедии А.С. Грибоедова «Горе от ума», романе Л.Н. Толстого «Война и мир», романе И.А. Гончарова «Обломов» и др.

Однако наиболее интересной, на наш взгляд, эта тема является в повести А.С. Пушкина «Капитанская дочка», текст которой стал предметом нашего исследования. Это произведение погружает читателя в раздумья о нравственных законах, по которым живут герои. Отдельные эпизоды из повести имеют разную смысловую наполняемость и представляют трудности

для перевода на английский язык.

Вся художественная ткань повествования пронизана пословицами, как нельзя лучше воплощающими связь поколений.

Читая произведение, сразу обращаем внимание на то, что пословица, взятая Пушкиным в качестве эпиграфа ко всей повести, указывает на идейно-нравственное содержание произведения. Эпиграф представляет собою сокращённый вариант русской пословицы: «Береги платье снову, а честь смолоду». Полностью эту пословицу вспоминает Гринёв-отец в важнейшем эпизоде, когда он напутствует сына, отправляющегося в армию, и даёт ему родительский наказ: *«Прощай, Пётр. Служи верно, кому присягнёшь; слушайся начальников; за их лаской не гоняйся; на службу не напрашивайся; от службы не отговаривайся; и помни пословицу: береги платье снову, а честь смолоду»,*

Рассмотрим переводы на английский язык этой пословицы. У Литвиновых это: *"...keep your coat clean while it is still new$ and guard your honour from youth".П* Дебрецени даёт вариант: "*Take care of your clothes while they're still new; cherish your honour from a tender age".* Словарь Квеселевича [9] предлагает: *"Watch over your clothes while they're new and over your honour while you are young (lit); Cf Honour without maintenance is like a blue coat without a badge".*

В данном случае переводчики верны оригиналу. Они сохраняют смысл пословицы, передав её верно выбранными лексическими и фразеологическими средствами.

Отдельно необходимо сказать о переводе фразеологических единиц назидательного характера, встречающихся в «Капитанской дочке».

Разнообразны переводы фразеологизма **- держать ухо востро** – *to keep one's wits about smb (Литвиновы); to keep one's ears prickled (Дебрецени); to keep one's ears open, to look out for squalls[10]; to be on one's guard* [11]*; keep one's weather <-> eye open; be on the alert; Mind (watch) one's step (разг.)* [12]*; to have one's ear to the ground* [13].

Многочисленны и переводы фразеологизма **держать в ежовых рукавицах** – *to handle smb. with hedgehog gauntlets (Литвиновы); to hold in a mailed fist (Дебрецени); to rule with a rod of iron (Оксфордский словарь); to get by the short hairs (Кунин); to get a tight rein on smb. (Гуревич); treat with a heavy hand (Квеселевич); keep a firm (tight) hand on smb.; keep smb. in line; rule with a heavy hand (high) hand (Арсентьева).*

Элементы воспитания встречаем во фразеологической единице **- сажать на хлеб и воду**: «*…готовым за всякую безделицу сажать меня под арест на хлеб и воду»- "...ready to arrest me and put on bread and water for the most trivial offence(Литвиновы); "...ready to put me under arrest on bread and water for the merest trifle"(Дебрецени).*В словаре Арсентьевой встречаем: "condemn smb. to bread and water", у Квеселевича "give nothing but bread and water".

Родительский наказ становится смысловым центром и для понимания системы отношений в семье Мироновых. Героиня – покорная дочь своих родителей, приученная с детства к незыблемым нормам патриархальной морали. Родительские уроки, как молитва, входят в душу капитанской дочки и определяют духовный закон её жизни.

Последний наказ отца звучит для Маши как урок преданности воле

Божьей: *«Ну, Маша, будь счастлива. Молись богу: он тебя не оставит. Коли найдётся добрый человек,* ***дай вам бог любовь да совет****... »(«*дай бог» – в значении «пошли бог» при пожелании благополучного осуществления чего-нибудь).

Заметим разницу в переводах фразеологической единицы «любовь да совет». Дебрецени мастерски передаёт её иноязычному читателю: "*peace and happiness*". Литвиновы стремятся полнее и точнее передать значение фразы Пушкина, однако передают его с помощью лексемы, не имеющей даже отдалённого отношения к оригиналу: "*love and counsel".* Лексические единицы «совет» и "counsel" не схожи по своим формальным признакам. Лексема "counsel" в данном случае синонимична лексеме "advice"и означает «совет кому-либо» в значении «наставление, помощь», и совсем не связана с темой любви.

«*Потомство их благоденствует (*в переводе Литвиновых и Дебрецени - *"Their descendants now flourish)*, - так заканчивает повесть А.С.Пушкин, подтверждая житейскую мудрость: дети и отцы поистине едины, а семейные узы нерасторжимы.

Невозможно не согласиться с А.С. Пушкиным, ведь главным залогом успешной и полноценной жизни зачастую становится непрерывная духовная связь поколений.

Многие переводчики, обратившие свой взор к данной проблеме, дают англоязычному читателю возможность не только соприкоснуться с историей семьи Гринёвых и Мироновых, но и осознать значимость родительского воспитания, родительских наказов.

Однако поиск необходимых переводческих решений нередко затруднён вследствие того, что в современном мире различаются хранившиеся веками традиции, размываются границы между добром и злом, меняются методы воспитания подрастающего поколения.

Сравнительная характеристика основных героев произведения А.С. Пушкина «Капитанская дочка», их отношения к другим, с одной стороны, и недостаточная переводимость их образов с психологической точки зрения, с другой стороны, в контексте этого художественного произведения делает представленную тему актуальной. Она необходима не только для узкого круга специалистов, но и для широкой общественности, занимающейся проблемами воспитания подрастающего поколения.

Сопоставительный анализ английских и русских предложений выявил много общего и различного в концептуализации образов членов семьи в английском и русском материале.

Численное превосходство русских фразеологических единиц, отражающих семейные связи, над английскими свидетельствует о большей важности для русских темы «семья».

Проведённые исследования показывают, что в русском обществе, представителями которого являются герои произведения А.С.Пушкина «Капитанская дочка», семья рассматривается как ячейка общества, единое и неделимое целое. Представления русских людей о семье обусловлены частично соборностью как одной из основных черт поведения. Это проявляется в том, что понятие общность людей, объединённых одними

задачами, общими интересами, приравнивается к понятию «семья». Такие черты, как тесная связь поколений, взаимная забота членов семьи друг о друге и любовь к детям, находят отражение в лексическом и фразеологическом фондах русского и английского языков.

Таким образом, сопоставление концепта «семья» в двух культурах позволило выделить общие и отличительные черты. Русские и англичане одинаково ценят семейные отношения. Для обеих культур характерно осознание значимости родительского воспитания. Пословичный фонд обоих языков аккумулирует наиболее важные ценности для семьи.

На основании наших исследований можно заключить, что концепт «семья» актуализируется в русской культуре в большей степени, чем в культуре англоязычных стран.

Литература:

1. *Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток, 2007. – 314с.*
2. *Пушкин А.С. Полный собрание сочинений. Т. X-XVI. – М., 1937-1949.*
3. *Alexander Pushkin. Selected works. Prose / Translated from Russian by T and I.Litvinov. – M.: Raduga Publishers, 1999. – 270 p.*
4. *Debreczeny P. A.Pushkin. The Collected Stories. David Campbell. Publishers Ltd. – London, 1999. – 673 p.*
5. *Овчинников В.В. Ветка сакуры; Корни дуба; Горячий пепел. – М.: Сов. Писатель, 1987. – 680 с.*
6. *Залялеева А.Р. Английские и русские пословицы и поговорки с компонентом «муж» // Русская сопоставительная филология: взгляд молодых. – Казань: издательство «ДАС». – 2001. – С.156-162.*
7. *Дубровская О.Г. Лингвокультурологический аспект сопоставительного исследования русских и английских пословиц об уме и глупости / Дис. ... канд. филол. Наук – Тюмень, 2000. – 320 с.*
8. *Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Сов. Энциклопедия, 1973. – 847 с.*
9. *Квеселевич Д.И. Русско-английский фразеологический словарь. – М.: Рус. язык, 1998. – 705 с.*
10. *Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – 3-е изд. – М.: Рус. язык, 2001. – 946 с.*
11. *Гуревич В.В., Дозорец Ж.А. Краткий русско-английский фразеологический словарь. – М.: Рус. язык, 1988. – 543 с.*
12. *Арсентьева Е.Ф. Русско-английский фразеологический словарь. – Казань: Хэтер, 1999. – 318 с.*
13. *The Oxford Russian Dictionary. Revised Edition / Edited by Marcus Wheeler and Boris Unbegaun. – Oxford – New York: Oxford University Press, 1997. – 1340 p.*

Щербакова И.К.

«Отбасы» концептісінің орыс әдебиеті мен ағылшын тіліндегі аудармаларының өзектілігі

Бұл мақалада орыс және ағылшын мәдениеттеріндегі «Отбасы» концептісі қарастырылады. Түрлі лексикалық құралдарға жүгіне отырып; аталмыш концептінің зертелуінің негізгі ерекшеліктері, соның ішінде ағылшын тіліндегі аудармалары қарастырылады. А.С. Пушкиннің «Капитан қызы» атты шығармасының ағылшын тіліндегі аудармасы талданады.

Тірек сөздер: Концепт, менталды, лексикон, когнитивті өсиет, ғибратты, фразеосемантикалық.

Shcherbakova I.K.

"Family" concept actuality in Russian literature and the translations into English

The article deals with the concept "Family" existing in English and Russian cultures. The main features of this concept on the basis of different resources including the

ТАРИХ
ИСТОРИЯ
HISTORY

ӘОЖ 94 (574)

Рысбеков Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Джангужиев М.С. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: dsi-1949@mail.ru

ЕРАЛЫ СҰЛТАН ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗДЕГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ

Аңдатпа. *XVIII ғасырда Қазақстанның батыс өңірі тарихында ерекше орны бар Ералы Әбілқайырұлы да сол дәуірде қайраткерлік іс-әрекетімен қоғамдық-саяси өмірде көзге түскен тұлға. Ол өмір сүріп, ізін қалдырған Кіші жүз тарихындағы ақтаңдақ беттердің бірі екендігі даусыз. Сондықтан мақалада ел өміріндегі маңызды істерге белсене араласып, оған өзіндік үлес қосқан Ералы сұлтанның тұлғалық болмысы осындай саяси оқиғалар барысында шыңдалып, айшықталып, тарихи деректер негізінде жете талданған. Ералы Әбілқайырұлының Кіші жүздегі жүргізген саяси жағдайын тақырыпқа тікелей қатысы бар құжаттық жинақтар мен зерттеу еңбектеріндегі мәліметтер жаңаша сараланып, деректер негізінде жүйелі түрде сипатталған.*

Тірек сөздер: *Сұлтан, губернатор, хан, ру, капитан, хат, кеңесші, саудагер, би, тұлға, елші, патша.*

1748 жылы тамыз айындағы Әбілқайыр хан өлімі Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріне өзіндік әсерін тизізді. Әбілқайырдың Барақтың қолынан қаза тапқаны туралы хабарды А.Тевкелев 24 тамыз күні ханның жеке адамы Итжемес әкелген хаттан естіп біледі. Осының алдында Орск бекінісінде А.Тевкелевпен кездесу өткізген Әбілқайыр хан қарақалпаққа аттанып, сонда жеткен соң Орта жүздегі Барақ сұлтанмен арада талас туып, оның соңы қақтығысқа ұласқан. Орынбор губернаторы И.Неплюевке жолдаған хатында А.Тевкелев «у него, Абулгаир-хана, людей было меньше, а

у Барак-салтана – больше, и тако де он, Абулгаир-хан, с ним, Барак-султаном, хотя дрался немало, однако убит досмерти» деп жазды [1, 280 б.]. Кейін губернатор И.Неплюев тапсырмасымен Кіші жүзге келіп, хан өліміне барлау жүргізген тілмәш Я.Гуляевтің анықтауынша, Әбілқайыр хан жанындағы нөкерлері оған бүкіл жалайырлармен және каракалпактармен біріккен Барак сұлтан колының өздерінен басым екенін ескерткеніне карамастан Әбілкайыр хан «Кімде-кім Барақтан қорықса, ол қатын аталады, өйткені Барақтың өзі қатыннан артық емес» деп, Барақтың тобына қарсы ұрысты бастауға ұмтылған [2, 194 п.]. Шақшақ Жәнібек тархан да губернатор И.Неплюевке Әбілкайыр ханның каракалпак үшін туған таластың нәтижесінде Барак сұлтанның қолынан қаза тапқанын хабарлайды. Ал екінші хатында «Абу-л-Хайр-хана убил Барак. Причина того, почему он его убил, состоит в том, что за два дня до того Барак-султан совершил набег на каракалпаков и взял полон. Абу-л-Хайр, приехав, спросил Барака: «Зачем ты совершил набег на каракалпаков?» При этом присутствовали из рода майка-танаш Нурал, Муйнак и Тугалак и 10 аулов матай-найманов вместе с сыном Илгунды Калыбаем и еще Нарбута – все из Среднего и Младшего жузов и подданые белого падишаха» деп жазады [2, 150-151, 147 пп.].

Итжеместің айтуынша, ол кезде Бопай ханым, Қожахмет сұлтандар Әбілқайыр өлімін әлі естімеген. Сондықтан ханның ұлдары Нұралы, Ералы, Әділ сұлтандар мен старшындарға кісі шаптырып, бәрінің тез арада Бопай ханымға жетіп, бір жерге жиналуға шақырған. Бұған қоса шекті рулары қалың қол жинап, Батыр сұлтанды өлтіруге аттанған. Қазақ старшындары Әбілкайыр хан мен Барак сұлтанның арасындағы шиеленістің Батыр сұлтан тарапынан жасалғанын білген. Өйткені Батыр сұлтанның ұлы Қайып сұлтан Парсы шахында болып, соның көмегімен Хиуаға хан сайланған. Осы Қайып сұлтан өзіне Барак сұлтанның қызын айттырған. Әбілкайыр ханның туған немере інісі Досалы сұлтанмен Қайып сұлтанның арасында шектен шыққан араздық орын алған. Сондықтан Батыр сұлтанның айдап салуымен оның құдасы Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтірген. Содан Итжемес А.Тевкелевке Әбілкайыр хан балаларының барлығы бір жерге жиналып, бастары қосылған жағдайда үлкен шапқыншылық болатынын айтады. Ал старшындар болса осындай жағдай орын алып жаткан тұста Айшуак сұлтанның елде болмауына орай оны ойлап, уайымдаған. Өйткені, Айшуак сұлтан Әбілқайыр ханның барлық ұлдарының ішіндегі жауынгер һәм ақ жүректісі еді. Ол кезде Айшуақ сұлтан Қожахмет сұлтанның орнына Орынборға аманатқа алынған болатын. Осыған орай А.Тевкелев Итжемес старшынға Айшуаққа әкесінің өлімін естіртпеуді тапсырды. Егер де жауынгер жүректі Айшуақ сұлтан әкесінің қазасын естіген жағдайда өзіне кол жұмсап немесе өзіне жаман бірдеңе істеп тастауы мүмкін деп кауіптенді. Алайда А.Тевкелев Кіші жүз билеушісінің өлімінен кейінгі елдегі жағдайды өз уысынан шығармай, бақылауда ұстауға ұмтылды. Оны И.Неплювке жазған мына сөздері дәлелдейді: «...сие дело весьма немалое, не о смерти Абулгаир-хана, но нам крайне надобно по здешним обращением наблюдать к пользе высочайшаго интереса о порядках при таком их несогласии, что зделать. По всему видно, киргис-кайсацкие старшина станут трудиться, Средняя орда у

себя из своих владельцов, а Меньшая орда – из своих же владельцов, главного хана выбирать; а по моему б мнению, лутче б домогаться указом зделать, понеже ежели кто из них указом зделан будет, тот может и милость помнить, а по их обычию, отнюдь без одного главного хана быть не можно. А когда однажды главный хан сделается указом, то и впредь тот порядок во обычии войдет, а потом и другие полезные порядки через то делать будет способнее, я хотел сам к вашему высокопревосходительству бежать на почте, токмо мне Айчювак-салтана оставить без себя неможно; и он о смерти отца своево не ведает» [1, 281 б.].

Әбілқайыр ханның Барақ сұлтан қолынан қаза тапқанын А.Тевкелевтің жолдаған хатынан естіген И.Неплюев оны сол бойда, яғни 26 тамызда Сыртқы істер коллегиясына хабарлады. Сонымен бірге губернатор өзінің атынан Әбілқайыр хан балалары Нұралы, Ералы, Қожаахмет және Әділ сұлтандарға хат жазып, қазақ жағдайын біршама білетін өзінің сенімді кісілері татар тілмәші Яков Гуляев пен сакмарлық старшын Көбекті Кіші жүзге аттандырады [3, 392-395 бб.]. Олар 4 қыркүйекте хан ордасына жетіп, келесі күні таңертеңгілік көшу кезінде Ералы сұлтан және Кедей, Мойнақ, Аллаяр, Алшынбай билермен қатар өзге де старшындармен кездесіп, губернатор хатын тапсырады. Хатты алдымен Ералы мен Қожахмет сұлтандар оқып, танысқан. Содан соң писарға беріліп, ол көпшілікке оқыған. Кіші жүзде қалыптасқан жағдайға толық барлау жүргізіп, көріп-білгенін қағазға түсірген тілмәш Юмагул Гуляев, Сакмарлық старшын Көбек Байназаров және Орскілік атаман Исмаил молда Абдразяков 8 қыркүйекте губернатор И.Неплюевке Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханмен арадағы қақтығыста өз жанынан табыла білген қаракесек, төртуыл, матайнайман руының әрқайсысынан бірнеше адаммен жорыққа шығып, Түркістан бағытына көшкенін жеткізді. Олардың айтуынша, Абылай сұлтанмен бірге қарақалпаққа аттанған Ералы сұлтан әкесінің өлімін жолда естіп, кері қайтқан. Ал қарақалпаққа аттанған Абылай сұлтан ордаға оралған соң, Ералы сұлтанмен бірге Барақтан кек алуды қалаған. Кіші жүздегі Алшын мен өзге де рулар Нұралыны хан сайлау туралы ортақ келісімде екенін, Нұралы келген кезде Қайрақты өзені бойында оны хан сайлайтын халық кеңесін өткізіп, содан соң Барақтан кек алуға баруды ұйғарған [2, 121-122 пп.].

Ералы сұлтанның 1748 жылы 7 қыркүйекте А.Тевкелевке жазған хаты да әкесінің өлімі кезінде оның Абылай сұлтанмен бір болғанын көрсетеді. Әбілқайыр ханның бұйрығы бойынша Ералы Абылай сұлтанмен хабарласып, онымен бірге қарақалпаққа жорыққа аттанып, жолда Сарыторғай өзеніне жеткен тұста әкесінің Барақ сұлтан қолынан қасақана қаза тапқанын естіген. Тіпті Барақ сұлтан Ералы сұлтанның көзін құрту үшін өз тыңшыларын Абылай сұлтанға жіберген. Бірақ, мұны естіген Абылай сұлтан өзінің әскерімен Ералы сұлтанды шығарып салған. Ал Барақ сұлтан арғын-қаракесек руындағы маинитанаш деген бөліммен ғана Орта жүзден бөлініп, қашып кеткен. Осы рудан өзге бүкіл Орта жүз бен Жәнібек тарханнан әрдайым жақсы хабарлар айтылып жатқаны, сондай-ақ Кіші жүздегі байұлы, қаракесек және жетіру руларында да жақсы хабарлар бар екендігі жеткен. Ералы сұлтан А.Тевкелевке «Біздің қазіргі қайғы мұңымыз бен көз жасымызға

ешқандай дәрі-дәрмекте, ешқандай дәрігер де көмектесе алмайды, өйткені кайнаған отка су құюға болады, ал менің жүрегіме су құйса да оны өртеп жібереді, тек кана Барак сарттың басын алып, канын төккен кезде ғана кегім кайтады» деп мәлімдеген [1, 294-295 бб.].

21 кыркүйекте Нұралы сұлтан бастаған Алшын руының танымал би, батырлары Бопай ханымға жеткен. Оның ішінде Аккете Алтай батыр, Алаша Бәйсеу би, Жаппас Баймұрат батыр, Шекті Бақтыбай, Ысық Бәйтерек аталық, Көбек мырза, Керейт руындағы Қосым қожа, Масқар Жәдік би бастаған 400-дей кісі келген. Ал 23 қыркүйекте Бопай ханымға келген Әбілқайыр ханның күйеу баласы Жәнібек сұлтан Орта жүздегі Қаракесек руындағы Қазыбек би бастаған белгілі тұлғалар Барақ сұлтанға «сенің істеген ісіңнен бүкіл Орта жүз қазақтары бүліншілікке ұшырауы мүмкін» деп, оның Ұлы жүз бен Жоңғар калмактарына кашып кетуіне жол бермегенін айтып келеді.

Көп ұзамай, 1748 жылы 2 қазанда Ырғыз өзенінің сол жақ тармағындағы Қайыңды өзені бойында 1000-нан астам халық қатысқан кеңес өтіп, Нұралы сұлтанды хан сайлады. Хан сайлауды көзімен көрген Орынборлық тілмәш Я.Гуляев оған «Однако ж тот выбор учинили не так, как у них прежде сего бывало публично, не токмо выбранными изо всех родов десятью человеки знатными биями да и то в ханской кибитке» деген сипаттама береді [2, 201 п.].

Қалай десекте, Әбілкайыр хан өлімінен кейін Кіші жүзге жаңа хан сайлау мәселесі көтерілген сәттен бастап Ералы сұлтан туған ағасы Нұралының хан тағына отыруына колдау білдіреді. 6 казанда губернатор И.Неплюевке жазған хатында Ералы сұлтан бұрын әкесі Әбілкайыр ханның бұйрығы бойынша шалғай ұлыста болуына байланысты губернатор бұйрыктары өзіне аз жеткенін, ал енді әкесінің өлімінен кейін бауырлары Қожахмет, Әділ, анасы Бопай ханыммен және ағасы Нұралы сұлтандармен бірге патшаға адал қызмет ететінін тілге тиек етіп, анасы мен ағасының хаттарын дұрыс қабылдауды сұрайды. Сонымен 7 қазанда Қайыңды Ырғыз бойында Ералы сұлтан бауырлары Нұралы, Қожахмет, Әділ сұлтандармен бірге Бопай ханым шаңырағында тілмәш Я.Гуляевпен қоштасып, оны Орынборға шығарып салды. Нұралы, Ералы сұлтандар тілмәшқа өздері аналарын құрмет тұтып, оның сөзіне әрдайым құлак асып, тыңдайтынын айтады. Киіз үйден шығып, атқа мініп Я.Гуляевті шығарып салған Ералы сұлтан патша сарайына аттанып бара жатқан Жәнібек сұлтан бастаған Кіші жүз елшілерінің атакты рулардан шыккан тұлғалар екенін құпия кеңесшіге айтуды тапсырады [2, 191, 203 пп.].

Тілмәш Я.Гуляев пен сакмарлық старшын Көбектің, Жәнібек сұлтан бастаған казак елшілерінің Орынборға аттанып кетуінен соң Нұралы сұлтан анасы Бопай ханым ордасынан Борсык мекенінде көшіп-конған өз ұлысына барып, әйелдері мен шаңырактарын, мал-мүлкін алып, кері ханым мен бауырларына оралуды жөн көрді. Нұралының кетуінен соң Орынбордан И.Неплюевтің хатымен казак уряднигі Ф.Найденов және Жәнібек сұлтан елшілері ішінде болған Қоскұлак пен Түгел Теректі мекеніндегі Бопай ханымның ұлысына жетеді. Осы кезде ханымға Ералы, Қожахмет, Әділ сұлтандар да келген. Олар Жәнібек сұлтан бастаған казак елшілігінің Санкт-

Петербургке аттанып кеткенін естиді. Кейін Бопай ханым, Ералы сұлтан бауырларымен бірге И.Неплюевтің сұрауына орай Исмаил молданы Қарақұм мекенінен кері қайтарады. Оның үстіне Бопай ханым Ералы сұлтанмен әңгіме арасында құрбан айт мейрамын өткізіп болған соң, Нұралының келуін күтіп, сондай-ақ Жәнібек тарханды, өзге де старшындарды шақырып, осы қыста Әбілқайыр ханның өліміне кек қайтару үшін Барақ сұлтанға аттануға әскер жинап, кеңес өткізуді айтқан. Бірақ Ералы сұлтан қазақтардың өздерінен бұл ой-ниеттерін кейінге қалдыра тұруды сұраған кезде, өздері олардың өтініштері бойынша, аттарға жем-шөп азығы үшін, оны жазға дейін кейінге қалдыруға болады деген [4, 292 б.; 3, 433-434 бб.].

1748 жылдың соңындағы қыста Бопай ханым мен сұлтандарға Жәнібек тарханның атынан Қайып жасауыл келеді. Ол Жәнібек батырдың жақын арада қазақтарды жинап және өзімен бірігіп Әбілқайыр ханның өліміне кек қайтару үшін Барақ сұлтанға жорыққа аттануға кеңес бергенін жеткізеді. Алайда ханым мен сұлтандар мұндай жорықты қалағанымен, бірақ Нұралының кетіп қалуына байланысты, оның кеңесінсіз шыға алмайтынын айтады. Сол қысты Нұралы Каспий теңізіне жақын жердегі, Жем өзенінің сағасындағы Сам Матай деген мекенінде өткізген.

Осы қыстың ортасында Бопай ханым мен оның балаларына Орта жүзден Абылай сұлтан келген. Соның алдында Орта жүзден 1500 қолмен қарақалпаққа аттанған Абылай сұлтан олардың біразына соққы беріп, тұтқын алған. Сол тұтқындар ішінен 16 жасар баланы Бопай ханымға әкеліп, сыйға тартқан. Абылай Барақтан кек алуда Әбілқайыр хан әулетіне көмектесуді қалайтынын білдіріп, Барақтың ханды өлтіруде өз жанында болған 60 түтін қазақтарымен Ташкент пен Түркістан қаласының ортасындағы Созақта тұрып жатқанын айтады. Ал сол қалада тұрып жатқан сарттар болса ханның өлімі үшін қазақтардың кек алатынынан қауіптеніп, жоңғар билеушісінің қолдауына үміт артқан. Бопай ханымның ауылында екі тәулік болған Абылай сұлтан Есіл бойындағы өз ұлысына аттанып кетеді [4, 291 б.]. Бопай ханымның ауылында болған соңғы күні Абылай сұлтан Орынбор губернаторы И.Неплюевтің атына хат дайындап, оны Әбілқайырдың туысы Абылай сұлтан арқылы жолдайды. Бұл хатында Абылай сұлтан былай деп жазды: «Я, Аблай-султан, вашему высокопревосходительству с находящимися при мне Казбек-биевым сыном Бекбулат-бием и с прочими Средней орды знатными людьми свое истинное усердие изъявляем и просим нас и впредь с безделниками не счислять. Покойный наш Абулхаир-хан нашего народного счастья содержатель и отец наш (хан-бабамыз) был, и по нем мы всегда в верных службах обращались. Ныне же с оставшими[ся] от него детьми – Нурали и Ерали салтанами – обо всем единственный совет учинили, а злодей Барак, яко собака, с бесчестием умрет. И мы ныне от таких ево поступков почти каждый день от стыда весьма уязвляемся, за что согласясь всенародно, отмщение смерти хана нашего учинить мы намерены. И когда ханские дети для отмщение смерти хана нашего учинить мы намерены. И когда ханские дети для отмщения смерти отца своего поедут, то мы по крайней нашей возможности вспомоществовать будем и ево, Барак-салтана, убьем. Он же, Барак, ныне от отечества своего бежал, а мы от того

пут, который нам Абулхаир-хан показал, вечно не отстанем» [5, 160 б.].

1749 жылы 26 ақпанда Жәнібек сұлтан бастаған қазақ елшілері Мәскеуде орыс патшасының қабылдауында болды. Сол күні патша үкіметі Нұралыны қазақтар ханы деп бекіткен грамотасымен таныстырған. Егер 1748 жылы қазан айында қазақтардан патшаға жазылған хаттарды сараласақ, Халық Кеңесіне қатысушылар Нұралы сұлтанды хандық таққа Орта, Кіші жүз қосылып сайлайды, сондықтан бас хан деп бекітуді ұсынғанын байқаймыз. Яғни, орыс әкімшілігі арнайы жүздерді көрсетпей, тек қазақтар ханы деуге шешім қабылдаған. Оның негізгі себебі 1749 жылы 2 мамырда патшадан И.Неплюевке берілген жарлықта анық көрінеді. Бұл арада орыс саясаткерлері алдымен, И.Неплюевтің «бас хан қазаққа зиянды» дегенін, екіншіден, Орта жүздің жоңғарлармен ерекше байланысын ескерген. Патша жарлығы губернаторға төмендегі шараларды тез арада қолға алуды тапсырды.

Біріншіден, хандық дәрежені Нұралыға еліне белгілі қазақтармен бірге арнайы Орынборға шақыртып беру. Оған үкімет қаражаты қанша керек болса, сонша жұмсау.

Екіншіден, аманаттағы Айшуақ сұлтанды Әділ сұлтанмен ауыстыру. Енді болашақта Қожахмет сұлтан кезіндегідей талас, әскери қақтығысулар болмауы үшін, аманат белгілі бір тәртіппен уақытында жүзеге асуы қажет. Ал Әділ сұлтаннан соң, енді Нұралы хан балалары алынады деп ескерту.

Үшіншіден, қазақ даласындағы орыс тұтқындарын қайтару.

Төртіншіден, Барақ сұлтан мен жоңғарларға көзқарас. Жалпы Барақ Ресейге адал болғанымен, орыс патшасынан гөрі жоңғарларға жақын болған. Сондықтан, Барақ сұлтанға кеткен М.Араповтың сапарын Әбілқайыр ұрпақтарына сездірмеу [6, 82-83 бб.].

Жәнібек сұлтан бастаған Мәскеудегі қазақ елшілері 1749 жылы мамырда елге қарай аттанып, 26 маусымда Орынборға жеткен. Алдын-ала олардың келе жатқандығын естіп, жарлықпен танысқан И.Неплюев 20 маусымда Нұралы ханға капитан А.Яковлевті, урядник Ф.Найденовты жіберіп, ханды билермен бірге шілде айының басында кездесуге шақырған. Қазақтар үшін құрылған лагерьге Ералы, Қожаахмет сұлтандар 6 шілдеде, Нұралы хан Әділ, Шыңғыс сұлтандармен 8 шілдеде, кейін Кіші жүзден барлық беделді 1000-ға жуық адмдар келген. Орыс үкіметі бекіткен хандық дәрежесінің патенті мен белгілерін тапсыру рәсімі 1749 жылдың 10 шілдесінде жүзеге асты. Рәсімге келгендер ішінде атақты Әлімұлдарынан 6, Байұлынан 6, Жетірудан 6 старшын болды. Нұралы жанындағы тұлғалар ішінен И.Неплюев атақты старшындар қатарында 18 азаматты, яғни Жетірудан – Тама Есет тарханды, Табын Төлебай биді, Тама Құттымбет биді, Жағалбайлы Отарбай мырзаны, Керейіт Жарылғап батырды, Табын Жарболды биді, Әлім Шөменнен – Қаракесек Қожанай биді, Кете Алтай биді, Шөмекей Кедей биді, Ожырай Жанбай биді, Төртқара Жомарт биді, Қаратамыр Боз биді, Байұлыдан – Алаша Бәйсеу биді, Жаппас Өтетілеу биді, Алтыбас Бабатай биді, Масқар Құттығай биді, Ысық Жапалақ биді, Байбақты Мәмбет биді ерекше атап өтеді. Нұралы ханның айтуынша «олар бүкіл Кіші жүзді ұстап тұра алатын жағдайда, егер олар адал, сенімді болса, онда барлық бұйрықтарды солар арқылы орындауға болады» [7, 34-35 пп.; 8, 30-31 бб.].

Осы сапар барысында аманаттағы Айшуақ сұлтан бауыры Әділмен алмастырылып, оның жанына Кете Наушанбай, Жаппас Өтетілеу бидің туған бауыры Рысбай старшындар, ал старшын балаларынан Алаша Бәйсеу бидің немере інісі Мәшібай, Ысық Бәйтерек аталықтың немере інісі Асмантай абыз, Кете Бостыбай бидің немере інісі Өтеулі, Масқар Жолымбет батырдың немере інісі Таузақ қалдырылған. Сондай-ақ осы кездесуде Нұралы ханның араласуымен Өтетілеу Қасқаұлына тархан атағы берілді.

1749 жылы 11 шілдеде Орынбордағы кездесу барысында губернатор И.Неплюев Ералы сұлтаннан Орта жүздегі Керей руынан не үшін көшіп кеткенін сұрайды. Өйткені, Орта жүздің сұлтандары ешкандай өзгертусіз өз руларында тұрып жатқан еді. Құпия кеңесшінің бұл сұрағына Ералы сұлтан әкесі Әбілкайыр ханның тек жалғыз Барак сұлтанның колынан ғана өлмегенін, көбі оны өлтіруге келіссе, ал кейбірі өз қолдарымен істегенін, әкесінің өлімін естіген кезде Орта жүздегі Керей руының ең жаксы қазақтарымен жолда болғанын, олар әкесінің өліміне кек алу үшін Барақты әйел бала-шағасымен ұстап алып, өзіне әкеліп береміз дегенді айтып жауап береді. Бірақ олар одан бас тартып, Ералыға Барақ сұлтанның Найман және Атығай руларымен келісіп істегенін, ол рулардың ордадағы баска руларға қарағанда саны жағынан басым екенін, сондықтан керейлердің оларға қарсы тұрып, кек кайтаруы мүмкін емес екенін ескертеді. Ералы сұлтанның өзі де Керей руынан кеткісі келмегенімен, керейлердің өздері оны Барактан корғап калуға қауқарсыз екенін алға тартқан. Сол үшін Ералы анасына келген [3, 456 б.].

Орынбор сапарынан оралған соң Ералы сұлтан 1749 жылы 3 тамызда әкесі Әбілқайыр ханның асына қатысады. Нұралы ханның ұлысында өткен аста әр түрі рулардың тархан, би, атакты старшындарынан 200-ге жуык адам болды. Таңертегілік дәстүр бойынша алдымен ат бәйгесі басталып, одан соң балалар күресі мен өзге жарыстармен жалғасады. Түс кезінде ас беріліп, ол біразға созылған. Түс ауа хан, сұлтандар мен барлык атакты старшындар бастаған қалың жұрт киіз үйлерінен ашық алаңқайға шығып, кеңес өткізеді. Осы асқа қатысқан капитан А.Яковлевтің айтуынша, кеңесте мынадай мәселелер карастырылған: 1) Әбілкайыр ханның өлімі үшін Барактан кек алу үшін әскер жинап, осы айдың ортасында Түркістанға жорыкка шығу, өйткені Барақ қазір сол қалада, әскердің басы-қасында ханның өзі болуы керек; 2) Әбілкайыр ханның Намурун атты калмак әйелінен туған кызын, яғни Нұралы ханның карындасын Жоңғар билеушісіне калыңдыкка беру. Бұлай істеу біріншіден, қазақ халқының жоңғар қалмақтарынан қауіпсіз өмір сүруге, екіншіден, жоңғарлардағы казактарды кері кайтаруға, үшіншіден, Жоңғар ханының өздеріне Барақты ұстап беруіне ықпал етеді. Осы келісім үшін Қарабас сұлтанмен екі-үш атакты старшынды калмак елшілерімен бірге екі, үш күннен кейін жіберу керек; 3) Орыс тұтқындарын қайтару туралы патша жарлығына орай Нұралы хан бүкіл казак халкының колында бар орыс тұтқындарын жинап, кері қайтаруды талап еткен [5, 160-161 бб.].

Әбілқайыр ханның асына Әлімұлынан – Шекті, Төртқара, Қаракесек, Қарасақал, Шөмекей, Қаратемір, Кете, Байұлыдан – Алаша, Ысық, Адай, Жетірудан – Тама, Табын руларының атақты старшындары қатысқан.

Бұл кезеңде оңтүстіктегі казактарға кауіп үнемі аралдыктардан да

төнуде еді. 1750 жылы қаңтарда Кіші жүзден Айшуақ сұлтан пен Өтетілеу тархан 3000 қолды, Орта жүзден Жәнібек тархан 3000 қолды бастап түрікмендер мен аралдықтар маңындағы қарақалпақтарға соққы беру үшін Хиуаға аттанады. Содан қарақалпақты талқандап, біразын тұтқынға алған қазақ қолы одан әрі Хиуа төңірегінде көшіп-қонған садыр түрікмендеріне баруды ниет еткен. Өйткені түрікмендер сауда жасауға барған қазақтарды талап-тонайтын. Оның үстіне қазақ жасағының ішінде Айшуақ сұлтанмен бірге болған Батыр сұлтан қазақтар кеткен соң садыр түрікмендері Хиуаның хан тағындағы өзінің ұлы Қайыптың көзін жоюы мүмкін деп қауіптеніп, оны алып кетуді қалаған деген әңгіме тараған [4, 334 б.]. Көп ұзамай қарсы жақ адай руының батыры, орыс деректерінше Әбілқайыр ханның қайын ағасы Мырзатай батыр басқарған Хиуа бағытына шыққан керуенді тонап, Әлімұлдары мен Байұлдарынын жиналған 40000 қойды тартып алған. Хабар елге жеткен бойда, Ералы сұлтан 130 адаммен қарсы аттанғанмен, қолға түсіп қалған. Осы тұста, Нұралы ханның батыл түрде әскер жинап, жорыққа шешім қабылдауы ғана Аралдықтардың сұлтанды босатуына әкелді.

Осы кезде Барақ сұлтанның өзінің үлкен ұлы Шығаймен және жанұясының өзге де мүшелерімен бірге Қарнақ қаласында жергілікті бір қожаның үйінде қонақта болып, содан Түркістандағы өзінің нағашыларына оралып, көп ұзамай, екі-үш күн өткен соң ұлдарымен бірге өмірден озған. Барақтың жетісіне арналған садақаға қатысқан Қарнақ тұрғындары сұлтан мен оның екі ұлын Нұралы ханның өтініш қалауына сәйкес жоңғар билеушісінің бұйрығымен аталмыш қожаның улап өлтіргенін айтады. Нұралы хан әкесі Әбілқайыр ханның өлімі үшін кек қайтаруда көмектесуін жоңғар билеушісіне Қарабас сұлтанды елшілікке жіберген кезде тапсырған болатын.

1750 жылы наурыздың соңында осы оқиғадан көп ұзамай қарақалпақ тұтқынынан босап келген Ералы сұлтан Нұралы ханмен келісе отырып, өздерінің қас жауы, марқұм Барақ сұлтанның ауылына шабуыл жасап, өзінің әкесін өлтіруге қатысқан Барақтың жақтасы Сырымбет батыр мен оның әйелін, Барақтың жанұясын қырып салады. Бүкіл мал-мүлкін, қызметшілерін, түйелерін олжа ретінде тартып алады. Марқұмның туыстарының ұсынысымен Ералының Сырымбет батыр мен Барақтың жанұясын талқандау ісін Төле би қарастырады. Бірақ Төле би Әбілқайырдың ұлын ақтап қана қоймай, оның пайдасына Барақтың бұрынғы жақтасының ағайындарына екі құн төлеуге үкім шығарады, ал қалған төрт құнды Ералы олардан кешірген [5, 162 б.]. Кейін 1753 жылы 3 қаңтарда А.Тевкелевке жазған хатында Нұралы хан Барақтың ұлысының Ералыға жақын маңда болуына байланысты Сырымбетті жанұясымен, сондай-ақ Барақтың жанұясын көзін жоюды өзінің шабарманы арқылы Ералыға хабарлағанын айтады. Содан Ералы сұлтан бір түнде олардың көзін құртқан [9, 54 б.].

1750 жылдың жазында Ералы сұлтан Орынбордағы кездесу қарсаңында ағасы Нұралы ханмен бірге аманаттағы бауыры Әділ сұлтанды Шыңғыс сұлтанмен ауыстыруды әкімшілік алдына ұсынады. Ол ағасы Нұралы ханмен бірге құпия кеңесші И.Неплюев пен бригадир А.Тевкелевке жазған хатында «құдай бір, сол секілді ұ.м.и. жарлығы да бір емес пе, егерде

біздің арамызда әкеміздің көзі тірісінде Айшуақты қабылдау кезінде, одан соң Әділді, Әділден соң Шыңғысты қабылдауға сіз мырза уәде берген жоқсыз ба, сол уәдеңізде тұрыңыз, біз де тұрамыз» деп мәлімдейді [9, 34 б.]. Алайда, Орынбор әкімшілігі ақырында Шыңғыс сұлтанды Әбілқайырдың қызметші қалмақ қатынынан туғанын сылтау етіп аманатқа алмайды.

Сонымен аманат мәселесі түрткі болған Орынбордағы кездесу 1750 жылы шілде айында өтеді. Нұралы хан өткен жылдан бері аманатта болып келген інісі Әділ сұлтанды өз баласы Пірәлімен алмастырады. Келіссөз барысын мұқият қағазға тіркеген И.Неплюев пен А.Тевкелев журналында қазақ қоғамындағы беделі мен ықпалына, дәрежесіне байланысты старшындардың үш тобы келтірілген. Бірінші топқа сол кездің өте атақты, қоғамдағы орны «хандық дәрежеден кем түспейді» деп есептелінген Шақшақ Жәнібек тархан, Тама Есет тархан, Шекті Бақтыбай би, Шөмекей Кедей би және Алаша Бәйсеу би секілді белгілі тұлғалар енгізілген. Екінші топтың құрамында үш батыр, екі мырза, бір би, бір аталық болса, ал үшінші топтағы он жеті адамның он екісінің батыр екендігін көреміз [7, 33 б.].

1750 жылы 31 шілдеде Нұралы хан Орынбордан патшайым Елизаветаға жолдаған хатында інісі Әділ сұлтанды өзінің алты жасар ұлы Пірәлі сұлтанмен және оның жанындағы старшын балаларымен ауыстырғанын хабарлайды. Ал кейін 13 тамызда Ералы сұлтан И.Неплюев пен А.Тевкелевке өзінің Орынборда болған кезінде астық сұрағанын еске салып, соны әкелу үшін бір түйе мен үш атты жіберіп, оған бидай ұны мен тарының жармасын тиеп жіберуді сұрайды. Сол үшін Мерген Қашқа, Жұмақай, Үсен, Жолдыбай деген төрт адамын аттандырған [9, 34, 336 бб.].

Әкесі Әбілқайыр хан сияқты Нұралы ханда аманат мәселесінде И.Неплюевпен тартысқа түсті. Нұралы хан 1751 жылы баласы Пірәліні елге қайтаруды сұрап, орнына Мұхаметәліні (Мәмбетәлі) ұсынғанымен орыс үкіметі сұлтанның жастығын, яғни 3 жасқа да толмағанын алға тартқан. 1752 жылы 13 ақпанда И.Неплюев Сыртқы істер коллегиясына Нұралы хан аманаттағы сегіз жасар ұлы Пірәлінің орнына өткен 1750 жылы уәде еткен өзінің үлкен ұлы Есімді бергісі келмейді, жасы кіші Мұхаметәліні береді деп жеткізді. Ханның айтуынша, оның інісі Ералы сұлтан уәде еткенімен өзінің ұлын аманатқа бермейді, осыған орай хан мен Ералының арасы салқындай түскен. Осыдан соң И.Неплюев «Олай болса, ханға да, бұдан былай Ералыға да сенуге болмас» деген тұжырымға келеді. Оның үстіне, ханның Есім мен Пірәліден үлкен ұлдарының жоқтығы, басқаларының барлығы олардан әлдеқайда кіші екендігі, аталған Мұхаметәлі ұсынылған кезде оның 3 жасқа да толмағаны, қазір ғана жасы 3-ке келгені айтылады. Орыс әкімшілігі ханның үлкен немесе кіші ұлдары Орынборда аманатта болған кезде қайтыс болса, онда хан келесіде өзге ұлдарын аманатқа бермейді деп қауіптенген [10, 15-16 пп.].

1752 жылы жазда Нұралы хан Орынбордағы кездесуге көптеген би, батыр, старшындарымен, халқымен ғана емес, тіпті өзінің анасы Бопай ханымды да ертіп келеді. 8 шілде мен 7 тамыз аралығында өткен бұл кездесу тұтастай бір айға созылды. Кездесу барысында осыған дейін аманатта болып келген Пірәлі сұлтан Мұхаметәлі сұлтанмен алмастырылды [11, 66 б.].

Дегенмен, қазақ-орыс келіссөздері талқыға түскен осы кездесуге Ералы сұлтан қатыса алмаған. Ол А.Тевкелевке жазған хатында өзінің құдайға шүкір аман-сау екенін, бүгінде марқұм әкесінің басындағы зиратқа барып, құрылыс тұрғызып, одан жақында ғана оралғанын хабарлайды. Ералы Нұралы ханның А.Тевкелевпен кездесу үшін кеткені туралы хабардар болғанымен, оның кері оралуынан хабарсыз екенін айтады. Оған қоса өзінің кездесуге бара алмағаны үшін ашуланбауын өтінеді [9, 337 б.].

1752-1753 жылдың қысын Ералы сұлтан Сырдарияның арғы бетіндегі Бұхар жолындағы Қуаңдария өзені бойындағы Бұғымойын деген мекенде өткізеді. Осы жылдары Кіші жүзді билеген Нұралы хан мен Хиуалық Қайып ханның арасында сауда керуендеріне катысты біраз кайшылыкты жәйттер орын алады. Хиуа ханы Орынбордан шығатын керуендерді әкесі Батыр хан иелігімен өтуді қалап, сол арқылы орыс және Хиуа көпестерінің Нұралы хан, Әділ сұлтан ұлыстарымен жүруін тоқтатуды ойластырады. Кейін, 1753 жылы тамызда Қайып хан саясатына қарсы жасалған керуен тоқталу әрекеттеріне тыйым салу мақсатында, Кіші жүзге Я.Гуляев жіберілді. Нұралы хан 1753 жылы 21 қыркүйекте И.Неплюевке сауда-саттық мәселесін реттеу үшін Хиуаға өзі, не билерін жіберетіндігі және оған косымша куәгерлер ретінде орыс үкіметінен 2-3 адам қажеттігін хабарлады. Көп ұзамай қазақ-хиуа катынасында екі жақты ұмтылыс нәтижесінде талас мәселелерді шешу колға алынды. Нұралы хан 1751 жылы Өтелбай батыр тонаған керуен орнына, Хиуаға 150 жас бие қайтаруды ұйымдастырды. Сонымен бірге, 1753 жылы 25 желтоқсанда өткен кездесуде, Қайып Нұралы ханның ортаншы қызын (1752 жылы құда түскен) өзіне әйелдікке сұраған. Екі жақты келісімде Хиуа ханы Сыр бойы казактарына салық салмауға, казак рулары реніштерін кайтаруға уәде еткен. Тарихшы Ә.Мұқтар «Дегенмен Қайып ханның Кіші жүзге деген көзқарасы бірқалыпты болды деу қиын. Ол алдымен, қазақ даласына өз ыкпалын арттыруды көздесе, екіншіден Нұралы ханды Хиуаның бірден-бір қарсыласы ретінде көрді. Үшіншіден, Кіші жүз хандығы әкесі Батырға тиесілі деп есептеді. Сондықтан, өз саясаты арқылы қазақ-орыс қатынастарын шиеленістіріп, пәлені Кіші жүзге асыруға ұмтылды» деп анықтайды [6, 88 б.].

1754 жылы 10 ақпанда Қайып хан марқұм Қоразбек туыстары Тұлғабек пен Қалметнақ өздерінің жақтастарымен кезінде Қораз бек тұрғызған Чап қаласына қазақ даласынан Ералы сұлтанды алып келіп, Хиуаға хан сайлағылары келеді деген хабар алады. Осыған байланысты Мұсылман би бастаған казак елшілерін кері кайтаруды токтаткан Қайып хан 12 акпанда өзіне кызын беріп, күйеу бала етуі мен Ералы сұлтанға Чап каласынан кетуіне бұйрык беруін сұрау үшін Қойсары батырды Нұралы ханға аттандырады. Қойсарының кетуінен соң өзіне бағынышты хиуалыктармен Қораз бектің бүлікші туыстарының бәрін дерлік жойып, оның жақтастарын өзіне бағындырған Қайып хан Ералы сұлтанды колға түсіріп, Хиуаға алып келеді. Екі жақты келісімде Қайып хан Ералы сұлтан, Мұсылман би, т.б. казак елшілеріне әртүрлі сый-сияпат тарту етіп, Нұралы ханның Хиуаға соғысуға келмеуін, қызын беріп өзіне күйеу бала етуін, тоналған хиуалық тауарларды қайтаруын, ал Хиуаға келген қазақтардың бүкіл реніштерін канағаттандырып, олардан салық алмауға және алдағы уакытта ешкашан

ешкімді ренішке қалдырмайтынына уәде етеді. Сөйтіп Қайып хан екі жақты шиеленістірмей, керісінше Нұралының қызына үйлену арқылы ортақ келісімге келуді көздеді. Қазақ-хиуа қатынасына қатысты мәселелерді талқылау барысындағы бейбіт келісімге Қайып хан «Ресейдің мұнда шаруасы жоқ» деп, куәгерлер болуға келген Я.Гуляев пен П.Чучаловты қатыстырмаған [11, 120-121 бб.].

1754 жылы 13 наурызда Нұралы ханның елшілері Хиуадан жол жүруге жиналған, бірақ сол күні Қайып хан өзіне әкесі Батыр ханның Сырдариядан Үргенішке жақын жерде келе жатыр деген хабар алуынан соң, Ералы сұлтан мен барлық қазақ елшілерінің жол жүруін тоқтатады. Ералы сұлтан мен басқалары Қайып ханнан орыс елшілері мен керуендерін босатуын сұраса, Қайып хан «сендер барлығың Ресейдің сыйлықтары арқылы алданғансыңдар және сол үшін жақсылық жасағыларың келеді» деп, Хиуадан жіберілген елшілердің Хиуада ұзақ уақыт ұсталатынын, бір ғана кезінде Елбарыс хан атынан жіберілген Артық батырдың бүгінге дейін елге қайтарылмағанын алға тартқан. Сол себепті де орыс елшілерінің Хиуада болуы әрі қарай жалғасады. Қайып хан Ералы сұлтан мен Нұралы ханның қызына құдалыққа жіберген адамдарын, інісі Қарабай сұлтанды және Мырзатай мен басқа да қазақ старшындарын Хиуадан 12 сәуірде жөнелтеді. Кейін 22 мамырда Нұралы хан И.Неплюев пен А.Тевкелевке жазған хатында «Ералы сұлтан, Мұсылман би, Мырзатай бастаған қазақтар ордаға оралды. Олармен бірге болған Бәйсеу бидің ұлын, Малыбайды Қайып хан Хиуадан босатпай және өзінен хиуалық Құтлұқ Тоқсоба бастаған алты адамды жіберді. Менің інім Ералы мен Мырзатай орыс елшілерін босатуды ханнан үш мәрте сұраған, бірақ бұрын Хиуадан жіберілген Астрахандағы Артық батырдың еліне жіберілмегенін мысалға алған Қайып хан олардың әзір босатылмайтынын айтқан» деп жеткізді [12, 49-50 бб.].

Кейін 1754 жылы 26 қыркүйекте Қайып хан Я.Гуляевті, керуенбасы Д.Рукавкин бастаған орыс саудагерлеріне өзінен елші ретінде Шермұхамедпен бірге үш хиуалықты қосып, әкесі Батыр ханның ұлысы арқылы Орынборға аттындырады. Шекті Жайлау мырза, Орынбай, Ақбай батырлардың жол бастауымен олар Батыр хан иелігінен кейін Ералы сұлтанның ұлысына келген. Я.Гуляевтің хабарынша, орыс елшілерін Хиуа ханының ұстауынан кек қайтару мен Ресейден Азияға, Азиядан Ресейге баратын керуен жолын патша үкіметінің пайдасына қалыпқа келтіру үшін Ералы өзін қолдайтын қазақтармен Хиуаға баруға жинала бастаған. Орынборға келген соң Я.Гуляев Ералының бұл ойын губернатор И.Неплюевке жеткізеді [12, 52 б.].

Патша үкіметі Я.Гуляев пен сауда керуенінің ұзақ уақыт Хиуада ұсталуына және өзге де реніш, қауіптерге байланысты қолайлы сәтте Қайып ханнан кек алуды қалаған. Алайда Хиуаның Орынбордан шалғай болуына орай әрі қиын, сусыз жолмен, орталықтағы әскермен орындаудың мүмкін еместігін немесе үлкен қиындықтармен шығын әкелетіндігін алға тартқан. «Ал оның орнына керуеннің ұсталуы мен өз реніштері үшін Нұралы ханды Қайып ханнан кек алуға қозғау керек. Қайып хан хандықтан қуылып, оның орнына Ералы сұлтанның өзі хандыққа бекітілсе, онда Ералының Я.Гуляевке

берген уәдесіндей одан пайда күтуге болады. Ералы сұлтан мұнда тек аманатта ғана ұсталған жоқ, сонымен бірге патша сарайында болды. Оның үстіне ағасы Нұралы хан біздің айрықша қарауымызда. Сонымен бірге қайсысы болса да Азия керуендерін Орынборға енді Нұралы хан арқылы бір ғана жолмен жібере алады. Ал қазақтар хиуалықтармен соғысып, тіпті оларды бағындырса немесе өздері олардан жеңілсе, одан бізге ешқандай шығын келмейді» деген патша жарлығы Ресейдің Азия бағытындағы отаршылдық саясатын барынша аша түседі. Орынбор губернаторы И.Неплюев болса «Ералының Хиуада хан болуы сенімсіз, өйткені Ералы сұлтан олардың әдеті бойынша әскери іске жарамсыз, ол оның бұрын аралдықтар мен қарақалпақтарға екі рет тұтқында болуынан белгілі» деп сұлтанның Хиуа хан сайлануына күмәнмен қарады. 1755 жылы 2 сәуірдегі И.Неплюевке жолданған патша рескриптісінде «тілмәш Я.Гуляевті немесе басқа біреуді Нұралы хан мен Ералы сұлтанға жіберуді, жіберілген адамнан сіз, Ералының Я.Гуляевке айтқан ойын құптайтыныңызды, Нұралы хан басқа інілерімен Ералы сұлтанға бар күшімен көмектесетінін және олардың тезірек қозғалуын бұйырыңыз, оларға мұның барлығы біздің игілігімізбен, өздерінің пайдасы үшін екенін түсіндіріңіз, егерде Ералы сұлтан тұтқынға түсіп қалатын жағдайда, сіз оны қалайда босатуға ұмтылатыныңызды, тіпті болмаса сатып алатыныңызды жеткізіңіз» делінді. Бұл іске тез арада кірісуді, сол үшін оған қазақтарды пайдалануды көздеген патша сарайы губернаторға «қазақтарды қозғау сіздің қабілетіңізге байланысты» деген [12, 54 б.; 13, 37, 39-41 пп.].

Орынбор губернаторы И.Неплюевке 1755 жылы 25 тамызда жолданған патша жарлығында «тілмәш Я.Гуляев пен керуенді ұзақ уақыт Хиуада ұстауына және өзіне көрсетілген реніш пен қауіпке байланысты кек алу үшін Нұралы ханның Қайып ханды хандықтан қуып, оның орнына інісі Ералы сұлтанды хандыққа бекітуі мүмкін болмас па екен? Ал егер бұлай болса, біздің мүддеміз үшін, әсіресе одан күткеніміздей Орынборға Азиядан сауда керуендернің қауіпсіз келуіне тиімді болар еді» деуінен-ақ орыс үкіметінің Ералы сұлтанның Хиуаға хан болуын соншалықты қалағанын көруге болады [12, 55 б.; 13, 133 п.].

Сол тұста Орынбордан ордаға жіберліген капитан Максютов өз хабарламасында Нұралы хан мен оның бауырлары Хиуаға бару үшін халық кеңесін өткізген, кеңес олардың ойларын мақұлдаған, бірақта олар жорыққа бару үшін бір қожадан бата сұрауға барғанда, ол хиуалықтармен соғысуға тыйым салған, ал олар оны тыңдаған деп мәлімдейді. Кейін зерттеуші А.И.Левшин «егерде Әбілқайыр балалары өз ойларын жүзеге асырып, Хиуаны алып үлгерсе, сауда қатынасында Ресей көп ұтар еді, бірақ өкінішке орай олар Ералы ұсынған мақсатқа жетуге кіріскен жоқ. Оның себебі Қайып пен әкесі Батырдың күшіне қарсы тұратын әскери күштің жетіспеуінен» іздеді [14, 228 б.].

Көп ұзамай Ералы сұлтан Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріне өзіндік ықпалын тигізген қазақ-башқұрт байланысына тартылып, одан соң қазақ-қытай қатынасында белсенділік танытты. Сөйтіп, ел өміріндегі маңызды істерге белсене араласып, оған өзіндік үлес қосқан Ералы сұлтанның тұлғалық болмысы осындай саяси оқиғалар барысында шыңдалып,

айшықтала түсті.

Әдебиеттер:

1. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) / Составление, транскрипция скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 484 с.

2. Ресей Федерациясы Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты. 3-қор, 1-тізбе, 18-іс., 22-іс., 37-іс.

3. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках // Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – 744 с.

4. Материалы по истории Казахской ССР. Т. II. Ч. 2. (1741-1751 гг.). – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1948. – 457 с.

5. Ерофеева И.В. Между всеми старшинами знатнейший. Первый казахский тархан Жанибек Кошкарулы. – Алматы, 2013. – 308 с.

6. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). – Алматы: Ғылым, 2001. –258 б.

7. Байбарақ батырдың бастауы. – Алматы: Арыс, 2013. – 48 б.

8. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. // Сборник исторических документов в 2-х томах. Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев / Отв. ред. И.В. Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 1032 с.

9. Ресей Федерациясы Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты. 3-қор, 1-тізбе, 30-іс.

10. Вельяминов-Зернов В.В. исторические извечтия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абул-хайыр хана (1748-1765 гг.) / Букеевской Орде 200 лет. Издание из 6 книг. Книга 1. – Алматы: Өлке, 2001. – С. 7-161.

11. Исмурзин Ж.А. Батырұлы Қайып хан және оның ғулетінің тарихы (1745-1860 жж.) // Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Орал, 2008. – 188 б.

12. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К.Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

Рысбеков Т.З., Джангужиев М.С.

Султан Ералы и политическая ситуация в младшем жузе

Ералы Абулхаирулы - известная личность в истории Западного региона XVIII века, внесший вклад в общественно-политическую жизнь. Однако его жизнь и деятельность до сих пор остаются «белыми пятнами» в истории. Поэтому в статье подробно исследованы личностные качества Султана Ералы, которые оттачивались новыми гранями в процессе принятия активного участия в решении жизненноважных дел ханства. Сборники документов, а также исследовательские работы, которые непосредственно касались деятельности Ералы Абулхаирулы в Младшем Жузе, заново переосмыслены и охарактеризованы на основе достоверных источников.

Ключевые слова: Султан, губернатор, хан, род, капитан, письмо, советник, купец, би, личность, посол, царь.

Rysbekov T.Z., Dzhanguzhiyev M.S.

Sultan Eraly and political situation in the young juzz

Eraly Abulkhairuly - who occupies a special place in the history of the West

region of Kazakhstan of the XVIII century, was known also as a person known for his contribution to the socio-political. However, his life and activities are still "white heels" in history. Therefore, the article examines in detail the personal qualities of Sultan Eraly, who were honed with new facets in the process of taking an active part in solving the vital affairs of the Khanate. Collections of documents, as well as research work that directly related to the activities of Eraly Abulkhairuly in the Junior Juzz, were re-interpreted and characterized on the equipment of sources.

Keywords: Sultan, governor, khan, clan, captain, letter, adviser, merchant, bi, personality, ambassador, tsar.

***

ӘОЖ 9Қаз

Сарсенов А.С. – тарих ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Нагимов Ш.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Бердіғожин Л.Б. – тарих ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
E-mail: ania_erm@mail.ru

БАЙЛАРДЫҢ МАЛ-МҮЛКІН ТӘРКІЛЕУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ МЕН САЯСИ ЗАРДАПТАРЫ (ГУРЬЕВ ОКРУГЫ БОЙЫНША)

Аңдатпа. *Мақалада Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты құжаттарының негізінде Гурьев округындағы байлардың мал- мүлкін тәркілеу шаралары сөз болады. Республика бойынша және Гурьев округына қатысты фактілер келтірілген. Әртүрлі әлеуметтік топтардың (интеллигенция, орташалар т.б.) тәркілеу шараларына көзқарасы нақты фактілермен суреттелген. Тәркілеуге қарсы байлардың қарсылығы, тәркілеуден құтылу амалдары, әлеуметтік-экономикалық қырлары мен саяси зардаптары көрсетілген.*

Тірек сөздер: *Қазақ қоғамы, байларды тәркілеу, әлеуметтік топтар, кедей шаруалар, орташалар.*

20-жылдардағы қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу қазіргі уақытта төл тарихымызда алуан пікірлер туғызып отырған мәселелердің бірі болып отыр. Байлардың қазақ ауылындағы үлес салмағы өте аз бола тұрса да малдың дені осылардың қолында болды деген пікірді жаңа зерттеулер, атап айтқанда Т.Омарбековтің, Ж.Абылхожинның еңбектері нақты фактілермен жоққа шығарды.

1928 жылға қарай қазақ ауылындағы кедей мен батырақ халықтың 60 пайызына жуығы болған. 50 бастан жоғары малы бар ауқаттылар қазақтар арасында бір проценттен сәл ғана асып түседі [1, 82-83 бб].

1926-1927 жылдары қырық бастан асатын малы бар қожалықтар Қазақстанда барлық малдың 14,8 пайызына иелік еткен [2, 134-135 бб.].

Қазақта ірі байлардың көп болмағанын 1928 жылы жүргізілген тәркілеу нәтижелері де дәлелдейді. Республика көлемінде барлығы 696 бай-феодалдар тәркіленді. Гурьев округінде 24 адам тәркіленді.Яғни, қазақ қоғамы сол кездегі елдердің арасында ең гуманистік қоғам болды.Большевиктер қақсағандай ешқандай таптар да, тап күресі де болған жоқ.

Атырау облыстық мұрағатында 1928 жылы округте жүргізілген ірі байларды тәркілеу шаралары туралы мәліметтер сақталған. Гурьев округінде бай-феодалдарды кәмпескелеу шаралары 1928 жылдың 6 қазанында округте кәмпеске шараларын өткізу жөнінде комиссиянын құрылуымен басталды.

Оның құрамы 6 адамнан тұрды:

1. Округтің төрағасы – Мыңбаев Ж., комиссия төрағасы.
2. МСБ-нің ұйымдастыру бөлімі бастығы – Мартынов, мүше
3. Округтік жер басқармасының бастығы –Жиенбаев.
4. Қосшы одағының бастығы – Сағындықов
5. Рабземлес Қоғамының төрағасы –Төрешов.
6. Округтік прокурор – Дауылбаев, кеңестік дауыс беру құқығымен [3].

Мұрағат деректеріне сүйене отырып бұл мақалада біз әртүрлі әлеуметтік топтардың тәркілеуге көзқарасын көрсетуге тырыстық.

Ауыл интеллигенциясы, атап айтқанда мұғалімдер кәмпескелеу шарасына түсініспікпен қарады, кей жағдайда өздерінің көмектерін көрсетті.

Мәселен, Есбол жетіжылдық мектебінің 30 қыркүйекте өткен мұғалімдер жиналысында 7 мұғалім қатысып, төмендегі мәселелерді талқылады:

1. Кәмпескелеу туралы

2. Партия мен үкіметтің ауылдағы кезекті міндеттері. Жиналыс қаулысында олар үкімет пен партияның байларға қарсы күресін қолдай отырып, өздерінің көмегін аямайтынын атап көрсетті.

Жұртшылықтың көңіл-күйі үкімет шараларын қабылдауға сай болса да, кейде байларға араша түсу фактілері де болды. Новобогат ауданының Бегайдар ауылында кәмпескелеуге жататындарды талқылау кезінде жиналыс Жанқожин Жұмағалиға араша түскен. Себебі ол елде сыйлы адам, жұртшылыққа пайда келтіреді, бандаға қарсы күресті, зиянды элемент қатарына жатқызуға болмайды деп оны кәмпескелейтіндер тізімінен

шығарып тастау керек деген шешім қабылданды. Сол аудан бойынша 67 кедей кол койған отінішке орай, бай Бисалиев Арыстанғалиды кәмпескелеуден босату жөнінде комиссия шешім қабылдады. Қызылқоға ауданындағы кедейлер жиналысына қатысушылар №4 ауылдың байы Жанайысов және баскалардың халыкка тигізген пайдасын көрсете отырып, оларды кәмпескелеу тізімінен шығарып тастауды сұрады.Осындай фактілерді ескере отырып, аудандық комитеті ауылдарға кәмпескелеудің мән жайын ұғындыру үшін үгітшілерді аттандырды. Есбол ауданының №7 ауылында өткен жиналыста қатысушылар өз байларын жасырып, көрші ауылдың байларын көрсетумен шектелді.

Доссор ауданы бойынша: Округтік орталықтан келген Қосшы одағының өкілі 118 адамның қолы қойылған өтініш арқылы кәмпескелеудің 1-тобына жататын бай Бекмурзин Қазбекті жұртшылыққа көмектесті деген сылтаумен тәркілеуден босатуға тырысты. Өтініш аудандық комиссияға жолданды. Тексеру өтініштің жалған екенін анықтады. Бұлардан өзге байларды жақтау фактілері анықталған жоқ. Көптеген ұжымдық арыздарда қойылған қолдар жалған болып шықты.

Байлар кәмпескелеу науқанына дұшпандық ниетте болды. (Округтік комиссияның төрағасының есебінде осылай жазылған).

Өзінің жеті атасынан бері жинақтаған ақ адал малын үкіметке тегіннен тегін бере салу кім-кімге де оңай тимейтіні айтпаса да түсінікті. Бірақ үкімет шараларына ашықтан ашық қарсылық көрсету фактілері өте аз кездесті. Байлар орташаларды өз жақтарына тартуға тырысты. Оларға ендігі кезек сендерде деген сияқты әңгімелермен өз жағдайларын түзетуге тырысқанымен, байлардың ондай әрекеттерінен ештеңе шықпады.Кейбір жерлерде байлар ауылдарға келген уәкілдерге қонақасы беру арқылы, немесе олардан жүріс тұрысына кажетті ат-көлік беру аркылы ыкпал жасауға тырысты.Бұлардан баска жекелеген байлар әртүрлі әрекеттерге барды (кашу, жасырынып кәмпескелеуден құтылу).

Новобогат ауданы бойынша: а) Бай Жармағанбетов 100 қойын сатты, бірақ онысы қажетті шара арқылы анықталды. Сонымен қатар ол өзінің шаруашылығын үшке бөліп, кәмпескелеуден құтылуға тырысты, бірақ онысы әшкерленіп, шешімі сол күйінде калды.

Байлар Омаров пен Смағұловтар өз малдарын ағайындарына беріп бөлшектегені үшін жазаға тартылды. Бай Мәмеков Орал қаласындағы изоляторда отырып, Округтік комиссияға өзінің актығын дәлелдеуге тырысып бірнеше рет арыз жолдады. Өзінің аудан орталығынан қашықта тұратынын пайдаланып, малының бір бөлігін сатып үлгерді. Қызылқоға ауданы бойынша: а) Мендалиев Демеудің баласы өз арызында әкесінен бөлек шаруашылығы бар деп көрсеткен. (тексеру кезінде анықталмады).

Доссор ауданы бойынша: Нуржанова Саржан шаруашылығын жалған түрде екіге бөлген (әркайсын әр жакка көшіріп жіберген). Оның үстіне ауылдық Советтен анықтама алып, өлген күйеуінің малын өзіне және екінші әйіліне бөліп жаздырған, сондай-ақ 77 қойы мен бір жылқысын Шыңғырлау ауданына уакытша сактауға салып жіберген.

Тексеру барысында шаруашылыктардың тұтас екендігі анықталып,

кінәлілер жауапқа тартылды.

Теңіз ауданы бойынша: Байлар дайындалып үлгірген, кейбіреулері малдарын ағайындарына, таныстарына үлестіріп жіберген, сондай-ақ шаруашылықтарын жасанды түрде бөлшектеген. Мысалы, бай Танашев малын бөлшектеп, бір бөлігін тоқалына жаздырған, Құрманбаев балаларына бөліп жіберген. Бұлардың бәрі заңсыз болып бағаланды. Сол дұрыс па? Әрине дұрыс емес еді ғой, бірақ Кеңес үкіметі ойына келгенін істеп бақты.

Дайындық жұмысының нәтижесінде аудандық комиссияның ұсынысымен округтік комиссия Новобогат ауданының екі байын Жармағанбетов пен Жанқожинді кәмпескелеуге зиян келтіретіндер ретінде оқшаулады. Сол ауданның екі байы Омаров пен Смағұлов шаруашылықтарын бөлшектегені үшін сотқа тартылып, әрқайсысы сотқа тартылды. Бұлардан басқа комиссия мүшелерінің салғырттығынан Қызылқоға ауданының 3 байы кәмпескеге малдарын бермеу үшін өзге аймақтарға қашып үлгерген.

Бай Игіліков Әлжан ауыл өкілдерінің қылмыстық ашық ауыздығының кесірінен мал-мүлкімен бірге Адай округіне қашып кеткен.

Елеубаев Бақабас деген бай аудандық Комиссия өкілінің көмегімен бір әйелін және малын алып Адай округіне қашып үлгерген. 2-ші топқа жататын Жұлдызов та Адай округіне жасырынған.

Адай округіне аталған байларды ұстап кейін қайтаруға әдейі барған Ж.Мыңбаевтың қырағылығының арқасында байлар тиісті жазасын алды деп жазады округтік комиссия төрағасы өз есебінде. Бұл деректі талқылап жату артық болар. Совет үкіметінің сол кездегі қазақ байларына қарсы жүргізген саясатын барын салып, асқан ыждағаттылықпен жүргізген округтік комиссия төрағасы Ж.Мыңбаев ол адамдардың тағдыры қалай болады, бала-шағасы қалай күн көреді деп өзінің басын көп ауыртпаған болар. Өйткені ол кісі сол кездегі саясаттың сойылын соғушы болды ғой.

Ал қазір заман өзгерді. Біз тәуелсіз елміз. Қазіргі тарих ғылымының ұстанымы сол кездегі байларға қарсы ұр да жық саясатты айыптау болып табылады. Теңіз ауданы бой ынша:

1) Бай Танашев қашып кетуге тырысты, бірақ ұсталды.

2) Құрманбаев Москваға барып Калининге дейін арызданды бірақ одан еш нәтиже шықпай, елге келген бойында аудандық комиссияның қолына түсті.

Алғашқыда Өлкелік орталықтың жоспары бойынша Гурьев округінде 40 шаруашылық, 35- бірінші топ, 5-екінші топ кәмпескеленуге тиісті болды.

Округтік комиссия 49 шаруашылықты өлкеге бекітуге ұсынды. Өлкелік комиссия 25 шаруашылықты 19-ын 1-топқа, 6-ын 2-топқа бөлген, яғни бұрынғыдан 18 шаруашылыққа аз етіп бекіткен. Бірақ бұл тізім соңғы емес еді.

Кәмпескелеу басталғанда бірқатар жерлерде шаруашылықтардағы мал саны көбейтіліп көрсеткен болып шықты. Байлардың шын мәніндегі малының дұрыс көрсетілмеуінің бірнеше себебі бар. Округ бойынша тәркілеуге дайындықтың кеш басталуы, қажетті үгіт материалдарының жеткіліксіздігі, округтің территорияларының бір-бірінен қашықта орналасуы,

ірі байлардың көрші округтерге (Астрахан, Ақтөбе) көшіп кетулері, өкілдердің кей жағдайларда мал санын дұрыс анықтай алмаулары т.б. себептер еді.

Барлық округ бойынша 24 шаруашылық анықталды. Бұрынғы тізімнен төмендегі байлар алынып тасталды.

Кесте 1. – Тізімнен алынып тасталғандар саны [3]

Р/с	Аудандар	Аты-жөні	тобы	Мал саны	
				Алғашқы мәлімет	Соңғы мәлімет
1	Қызылқоға	Есболғанов Бисенбай	1	420	138
2		Жанисов Ізбасар	1	410	102
3		Мырзағалиев Жақсығали	1	340	100
4	Теңіз	Алиев Өтеп	1	400	46
5	Доссор	Қарағұлов Шоқан	1	457	224
6		Жақсыбаев Жақсығали	1	534	190

Кесте 2. – Тізімнен шығарылғандардың орнына енгізілген байлардың саны [3]

Р/с	Аудандар	Аты-жөні	тобы	Мал саны	
				1928	бары
1	Жұмағазиев Қалу	Доссор	1	368	230,5
2	Ақжігітов Аман		1	356	238,5
3	Сатиев Тайжан	Теңіз	2	170	110,5
4	Қожағұлов Аман	Доссор	1	315	128,1

Кесте 3. – Кәмпескеге ұшыраған байлар [3]

Р/с	Аудандар	1928	Мал жөніндегі мәлімет	
			Тексерудегі анығы	Кәмпескеленгені

1	Жаманкала	440	309	216
	Биғалиев Сыралы			
2	Есбол	310	389	350
	Мәмешов Майкы			
3	Новобогат			
	Исмагулов Смадияр	320	325	192
	Бисалиев Арыстан	350	223	169
	Мамеков Қажығали	305	311	98
	Жармағанбетов Ерғали	290	350	202
	Омаров Майран	160	233	149
4	Қызылкоға			
	Кемесаев Байтілеу	950	730	610
	Мендалиев Демеу	348	356	287
	Жұмабаев Дауыл	686	624	684
	Игіліков Алжан	225	50	40
	Жұлдызов Жұма	90	92	62
	Елеубаев Бабас	750	277	115
5	Доссор			
	Нұржанов Ержан	433	435	384
	Бекмурзин Қазбек	300	307	153
	Үмбеткалиев Жакен	419	301	238
	Бастов Ермаған	392	141	99
	Жұбаниязов Қапу		368	230
	Айжігітов Аманша		355	238
	Қожағұлов Аман		304	132
6	Теңіз			
	Танашев Құсаин	170	70	49
	Құрманбаев Қайырлы	130	60	51
	Салиев Жұмағали		170	110

Кәмпескеге ұшыраған байларды жер аудару Қазақ Совет халық комиссариаты Инструкциясына сай жүргізіледі. Округтік комиссия алдын-ала округтік атқару комитетіне дайындаған куәліктерді жер аударылатын байларға табыс етті. Жергілікті органдарға байларды орталықтың көрсеткен мерзімінен кешіктірмей жер аудару қатаң тапсырылды. Барлық округ бойынша 24 шаруашылық, оның ішінде Петропавловск округіне 20, Қазақстаннан тыс жерлерге төртеуін таңдаған жеріне көшіру жоспарланған. Қазіргі уақытқа дейін (10 қарашаға дейін) округтен 18 шаруашылық аттанды: Олардан 16-сы өз еркімен, уақытында әкімшілік күштеу әдісімен -2 (Омаров пен Исмагулов) әлі 6 шаруашылық жер аударылған жоқ.

Қызылқоға ауданы бойынша: Игіліков, Жұлдызов, Елубаевтың отбасы, Теңіз ауданынан Танашев, Салиев және Құрманбаевтың отбасы.Соңғыларды жер аударудың кешеуілдеуінің себебі: үшеуі Жұлдызов, Танашев және Құрманбаевтар Республикадан тыс жерлерге жер аударуға кесілген еді.

Оларды қайда жіберу мәселесі шешілмегендіктен орталықтың нұсқауы күтілуде. Қашып жүрген бай Елеубаев іздестірілуде, оның түр-түсі жөніндегі мәліметтер Адай округіне жіберілді.

Бай Игіліков қамауға алынып, оның соты жуық арада өткізілмек.

Салиев кәмпескелеу тізіміне қосымша енгізілгендіктен оның құжаттары дайындалып жатыр. Байлардың малдарын тартып алғаннан кейін, өздерін жер аудару жөнінде шешім шығарылғаннан соң, олардың әйелдері күйеулерінен айырылысты.

Себебі істі болған күйеулерімен бірге бөтен жерлерге барғысы келмеді.

Сондықтан тиісті орындар 10 әйелді күйеулерінен айыру туралы шешім қабылдаған. Бұл жерде коммунистердің адамдарды арбауға барғанына таңданбасқа амал жоқ. Байғұс қазақ әйелдері өздерін өмір бойы бағып қаққан, асыраған күйелерін бір күнде сатып кетіп отыр ғой. Бұған қазақ әйелдерін біреулер мықтап үгіттеген болу керек.

Өлкелік орталықтың округте совхоз ұйымдастыру жөніндегі директивасын мұқият талқылай отырып, комиссия оған лайықты шаруашылықтарды іздестіруге кірісті.

Сонымен қатар колхоздарды ұйымдастыру мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Алғашқыда бұндай коллективтердің жұмысына жұртшылық сенімсіздікпен қарады. Кейін, екінші рет тұрғындармен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде бұл жұмыс жақсы жүре бастады.

Барлығы 25 колхоз құрылып, оларға 437 шаруашылық енді. Колхоздарды құруға басшылық ету үшін Округтік жер басқармасы жанынан 5 адамнан тұратын ұйымдастыру бюросы құрылып, оған 1 агроном бөлінді.

Кәмпескелеу кезінде шараға тікелей қарсылық көрсету фактілері де, оны жүргізушілер тарапынан байларға көмектесу фактілері де кездесті. Сондай-ақ комиссия өкілдері мен мүшелері тарапынан заңсыздықтар мен әділетсіздік, өздерін- өздері ұстай алмаушылық орын алды.

Округтік комиссия барлық жағдайларда келеңсіздіктерге қарамастан әділ шешім қабылдады. Нәтижесінде: 8 адам сотқа берілді, 2 адамның ісі партия ұйымдарына қарауға жіберілді, 3 адамға сөгіс жарияланды (Әбдешов, Бримов, Жиенбаев).

1. Қызылқоға ауданы бойынша, партия мүшесі, халық тергеушісі Әбдешов бай Игіліковтің малын тәркілеуге іс сапарға барғанда, сол байдың жақын туысқанының үйіне түсіп, өзінің қандай мақсатпен келгенін айтқаны өз алдына, жұртпен бірге ала қағаз ойнаған. Осыны пайдаланған Игіліков өз малымен бірге қашып үлгерген. Әбдешов жауапқа тартылды.

2. Қызылқоға ауданының №3 ауыл советінің төрағасы Аманов бай Игіліковтің қашып кетуіне ықпал еткені үшін жауапқа тартылды. Онымен бірге Қосшы одағының төрағасы Игіліковтың туысқаны Жақыпов Ақтай және сол аудандық Советтің хатшысы Сұлтанғалиев №2 ауыл кедейлерінің басын біріктіріп, оларға кәмпескелеуге және байларды жер аударуға қарсы үгіт жүргізіп, соңына 103 адамның қолы қойылған хатты аудандық комиссияның атына жолдатқан. Осы жағдайға байланысты Қызылқоға ауданына әдейі барған Мыңбаев барлық ауылдардың өкілдерін жинап, 500 адам қатысқан жалпы жиналыс өткізді. Бұл жиналыста комиссияға жазылған хаттың жалған екендігі анықталды. Көптеген қолдар жалған қойылған, бірқатар кедейлер хаттың мәнін түсінбей, қой дегесін бас бармақтарын батырып, таңбаларын берген, бірқатарының қолдарын сыртынан қойып жіберген. Барлық жиналысқа қатысқандардың атынан (3-еуі қарсы болды) әдейі резолюция қабылданды. Онда былай делінген: «Игіліков Әлжанды жақтап 103 адамның қолы қойылған хатты талқылай отырып, ол құжаттың жалған екендігі анықталды.Жалған арызды дайындауға Қосшы одағының төрағасы, Игілковтың туысқаны Ақтай Жақыпов және оның жақтастары мұрындық болған. Округтік ұйымның алдына аталған зиянкестерге қатаң шара қолдану сұралсын» Амелов, Жақыпов және Сұлтанғалиев тұтқындалып, сотқа берілді.

3. Сол аудан бойынша аудандық комиссия уәкілі Бримов аудандық милиция бөлімі, БКП (б) мүшесі бай Елеубаевтың малын тартып алуға барып, сол байдың үйіне түскен. Сол ауылда 3-4 күн болып, байды кәмпескеге жатпайтындығын дәлелдейтін куәлік бергеннен кейін, өзінің зиянкестік әрекетін бай қарулы қарсылық көрсетті деп ақталғанымен, кейін оның айтқандарының жалған екендігі анықталды. Бримов қамауға алынды.

4. Қызылқоға ауданының №3 ауылы Советінің төрағасы Дәуітжанов бай Кенесовтың баласына батырақ деген анықтама беріп, кәмпескелеу үлесін иеленуге яғни правасын алып бергісі келген. Сол үшін ол жауапқа тартылды.

5. Қаңбақты ауыл Советінің төрағасы Ыхыласов пен аудандық комиссия уәкілі Алдоңғаров байлар Омаров пен Смағұловтың малдарын әдейі бөлшектегені үшін жұмыстарынан алынып, сотқа берілді.

6. Доссор ауданы №10 ауылдық Советінің төрағасы Жұмағазиев, Шоқпаровтардың малдарын бөлшектеуге ықпал еткені үшін сотқа берілді.

7. Теңіз ауданы бойынша а) №3 бөлімшенің хатшысы Оразбаев, ауылдық Совет хатшысы Әлекешев, №14 балық тресі кәсіподақ төрағасы Нұғманов байлар Салиевті, Құрманбаевты және басқаларын анықтап ашық

жақтап, оларды кәмпескелеуден босатуды талап етті.

Аталған тұлғаларға байланысты мынандай шаралар қабылданды:

Оразбаев пен Әлекешев жұмыстан босатылып, істері тиісті орындарға жіберілді. Нұғмановтың мәселесін «май шаммен» қарау аудандық партия комитетіне тапсырылды.

8. Новобогат ауданына жіберілген уәкілдер Махамбетовке, Байболовқа және Дүйсекеновке жұмыстан тыс жағдайда 20-30 адамды жинап, 2-3 мал сойғызып қонақ болғаны үшін қатаң сөгіс жарияланды.

9. Партия мүшесі Округтік комиссия мүшесі Измайлов Новобогат ауданына іс сапарынан қайта шақырылып, сол ауданның байы Мәмековті кәмпескелеу кезіндегі солкылдактығы үшін партиялық линиядан жазаға тартылды.

10. Теңіз ауданының уәкілі Орынтаев сол ауданның байы Әлиевтің малын тәркілеу кезіндегі әділетсіздігі үшін қатаң ескертілді.

11. Қызылкоға ауданының уәкілі Жиенбаевка, Доссор ауданының уәкілі Акжановка және оның көмекшісі Хангереевке кейбір байлардың малының санын уақытында анықтамағаны үшін қатаң сөгіс берілді.

1. Әртүрлі себептерге қарамастан (дайындық жұмыстарының кеш басталуы, округ территориясының үлкендігі, байлардың көпшілігінің аудандардан алыс жерлерге көшіп кетуі) кәмпескелеу кампаниясы қанағаттанарлық деңгейде өтті.

Үгіт жұмыстары барлық ауылдарды, жұмысшы поселкесін, орыс селоларын қамтыды.

2. Кәмпескелеу халық арасында үлкен белсенділік тудырып, төмендегі қабаттың революциялық санасын оятты. Соның нәтижесінде партияға деген ынта артты.

Орташа әуелі сенімсіздікпен қараса да, кейін сабырлы, «нейтралитет» ұстап, бертін келе кампанияның жүрісіне белсене катысты. Ауыл интелигенциясы мұғалімдер кампанияға жанашырлық танытып, кейбір жерлерде белсенділік көрсетті. Сонымен катар Қосшы одағы өкілдерінің бұл шараға нашар көмектескенін атап өткен жөн.

3. Байлар кәмпескелеуге тікелей қарсылық көрсетпесе де әртүрлі құйтырқы әрекеттерге (мал мүлікті ағайындарына бөліп беру, қашу, малдың санын дұрыс көрсетпеу т.с.с) барды.

Бірак совет үкіметі кызметкерлерінің кырағылығының аркасында (Мыңбаев және т.б.) ондай әрекеттер кезінде дереу тоқтатылды.

4. Кәмпескеленген малды кедейлер мен шаруашылыктарға бөліп беру өзінің оңды нәтижесін берді. Бұл іс кортындысында округ бойынша 1217 кедей шаруашылыктарын құруға мүмкіндік берді. Мал алудан бас тарту болған жоқ.

5. Кәмпескелеу компартияның ең ерекше пайдалы нәтижесі деп ауылдағы таптық жіктеудің жойылуымен қатар кедей- батырақ жұртшылығы мен орташалардың санасына ұжымдастыру идеяларының ене бастағанын айтуға болады. (оның 3-4 жылдан кейін қандай қайғылы жағдайға әкелгенін, осы жолдардың авторлары, қызыл шенеуніктер сезді ме екен?)

6. Кәмпескелеудің нәтижесінде 437 шағын шаруашылықтарды

біріктірген 25 колхоз құрылды.

1928 жыл, 10 қазан Гурьев қаласы.

Округтік атқару

Комитеті төрағасы: Жалау Мыңбаев [3]

Міне, 1928 жылы Гурьев округінде бай-феодалдарды тәркілеу осылай жүргізілген екен. Бұл туралы Атырау облыстық мұрағаттың №3 қоры, №4 тізімі, «Гурьев округінде бай феодалдардың малын тәркілеу туралы» №8 ісінде толық баяндаған іспен танысқан зерттеушінің көз алдына сол қилы заманның ауыр оқиғалары келеді.

1928 жыл Қазан төңкерісінен кейін небәрі 11 жыл уақыт өткен. Қалың жұртшылықтың жағдайы өте нашар болды. Совет үкіметінің ауылды кеңестендіру саясатының нәтижесі халықты аштыққа, жалаңаштыққа алып келді.

1920-21 жылдарғы ашаршылықтан Қазақстан бір миллион адамнан айырылды. 1928 жылғы кәмпескелеу кезіндегі мәліметтерден көрсететініміз 400 бас малы болған байлардың өзі біздің округте саусақпен санағандай болды. Бұл не деген сөз?

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстан 40 млн. бас мал болды ғой, сонда сонша мал қайда жойылып кетті? Бұл сұрақты әрине сол большевиктерге беру керек еді. Өкінішке орай, енді оған ешкім де жауап бере алмайды.

Қазақстанда байлардың мал-мүлкін тәркілеу Коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің қате саясаты болды. Оларды басқаша экономикалық әдістермен тежеуге үкіметтің басы ауырған жоқ, құлқы да болмады.

Әдебиеттер:

1. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 318 б.

2. Абылхожин Ж. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансфармации (1920-1930-е гг.). – Алматы, 1991. – 238 с.

3. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты. №3 қор, №4 тізім, 8-і іс.

Сарсенов А.С., Нагимов Ш.Н., Бердигожин Л.Б.

Социально-экономические и политические последствия конфискации скота и имуществ баев в Гурьевском округе

В статье рассматриваются вопросы конфискации скота и имуществ баев в Гурьевском округе на основе архивных материалов. Приводятся данные в целом по республике и по Гурьевскому округу. Раскрывается отношение различных социальных групп (интеллигенции, середняков и др.) к конфискации, сопротивление баев и различные попытки их во избежание конфискации, социально- экономические и политические последствия.

Ключевые слова: Казахское общество, конфискация, социальные группы, бедные крестьяне, середняки.

Sarsenov A.S., Nagymov Sh.N., Berdygojin L.B.

Social-economic and political consequence of confiscation of the cattle and belonging (Guriev region data)

This article is devoted to the questions of confiscation of cattle and property of bays in Guriev region on the base of archive materials. Relations of different social groups (intelligentsia, undistinguished persons and others), bays' opposition and different efforts to avoid the confiscation, social, economical and political consequences of the campaign are considered in this article.

Keywords: Kazakh society, confiscation, social groups, poor peasants, middle peasants.

***

ӘОЖ 94(574):378

Ахметова У.Т. – тарих ғылымдарының докторы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: ulzhan.axmetova.67@mail.ru
Гайсина А.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: allegro-mag@mail.ru

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа. *Мақалада М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті тарих, экономика және құқық факультетінің құрылу тарихы сараланады. Тарих факультетінің алғашқы ұйымдастырылуы, басшылық және оқытушылар құрамы, кафедралары, білім алған студенттер және білім беру бағытындағы қызметтері баяндалады.*

Тірек сөздер: *Тарих, Қазақстан тарихы, өлке тарихы, педагогикалық институт, тарих факультеті, тарихшылар, тарих ғылымы.*

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Кеңестік қазақ елінде жаппай сауаттандыру саясаты жүзеге асырылды. Елде сатылы бастауыш, орта мектептердің көптеп ашылуы жоғары білімді мұғалімдердерге деген сұранысты арттырды. Осыған орай 1928 жылы 15 мамырда РСФСР Халық Ағарту комиссариаты Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы қаулысы қабылданып, 1928 жылдың 1 қазанында Алматы қаласында тұңғыш жоғары оқу орны Қазақ мемлекеттік университеті ашылады. Одан кейінгі еліміздегі жоғары оқу орны - 1930 жылдың 25 желтоқсанынан Қазақ педагогика институты ашылады [1,1 п.].

1932 жылдың 9 шілдесінде өткен Қазақ өлкелік БКП(б) комитетінің мәжілісінің отырысы №238 хаттамасының №31 қаулысында көрсетілгендей, 1932 жылдың 1 қазанынан қазақ елінде келесі жоғары оқу орны – Орал

педагогикалық институтын ашу туралы мәселе қаралады. Мәжілісте «Орал каласынан педагогикалық институт ұйымдастыру туралы» қаулысы бойынша төмендегідей шешім қабылданады. Онда: «1-ші 1932 жылдың 1 қазанынан бастап Орал каласынан педагогикалық институтты физика техникалық, химия биологиялық, казак тілі және әдебиеті, тарих шаруашылығы бөлімдерімен ұйымдастырылсын. 2-ші оқушылар 180 адам болып, мұның 120 адамы мемлекет бюджетінен болып, ал 60 адамы «инпрос» (Ағарту институты – У.А., А.Г.) бюджетінен болсын. 3-шіден, педагогикалық оқу орнының ұлт құрамы қазақ және өзге аз ұлттардан болсын (қазақ 85%, ал өзге ұлттар 15%). Тап құрылымына келсек, жұмысшылар 25%, колхозшылар 65% болсын. 4-ші педагогикалық жоғары оқу жанынан Орал «инпрос» институт даярлық базасында 120 адамдық күндізгі раффак ұйымдастырылып, мұның 60 адамы мемлекет бюджетінен, 60 адамы «инпрос» бюджетінен қарастырылсын. 5-шіден институт директірлігіне Бекжан ұлы жолдасты, оқу бөліміне директор орынбасарлығына Бибиков жолдас бекілсін. 6-шы барлық жатакхана құрылысы мен «инпрос» институтка бекітіп жаңа біркелкі жұмыс ұйымдастыру үшін түрлі жағдайлар туғызып Батыс ревкомына тапсырылсын. 7 - шіден, Оралда 1.1.1933 жылы педтехникум ұйымдастыру үшін шығарылған білім комиссариат шешімі куатталсын. 8-шіден, мұғалім кадрлермен институтты толықтандыру оқу комиссары мен культпросқа міндет болсын», - деген жолдардан институтты құруды ұйымдастырудың алғашқы қабылданған шешімін анық көре аламыз [2, 219 п.]. Міне, осыдан 1932 жылдың 1 қазанында Орал педагогикалық институты ашылады. Институт алғашында физика - математика, биология, казак тілі және әдебиеті бөлімдері бойынша мамандар даярлады. Ал тарих шаруашылығы факультеті, біздің ойымызша, бірнеше себептерден, олардың бірі тарих пәні бойынша окытушы – профессорлар құрамының жетіспеуі, оқу ғимаратының тарлығы, оқу бағдарламасы мен арнайы окулыктардың жоктығынан болса керек факультеттің ашылуы кейінге қалдырылды. Алайда, тарихи факультеттің ашылуы күн тәртібінен алынбады, өйткені жоғары білімді әрі білікті тарихшы мамандар республика, облыс, кала көлемінде мектептер мен жоғары оқу орындарында тапшы еді. Орал қаласындағы жаңа педагогикалық институтты кеңейту шараларының ендігі кезегі тарих факультетін ұйымдастыруға да келіп жетеді. Институт жанынан тарих факультеті 1938 жылы 1 қыркүйегінде ашылады. Факультет ашылған күннен қазірге дейін оқу мекемелерінің сұранысымен мамандар даярлап келеді. Қазірде тәуелсіз еліміздің саяси-экономикалық жаңғыруы сапалы мамандардың қажеттілігінің артуына орай факультет түлектері әркашанда сұраныста және бітірген түлектері ел алдында түрлі салада адал кызметтерін аткаруда. Міне бірнеше жылдан маман даярлаумен айналысып келе жаткан өлкеміздегі байырғы факультеттің тарихын зерттеу казірде тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз.

Факультетке алғашқы 1938-1939 жылғы оқу жылында 75 студент қабылданады. Осы кезеңде факультетте екі кафедра: КСРО тарихы және жалпы тарих кафедрасы жұмыс жасады. Тарих факультетінің алғашқы деканы қызметін А.А. Королевский (1938 - 1940 жж.) атқарса, КСРО тарихы

кафедрасының меңгерушісі – аға оқытушы Д.О. Медведев басқарса (1950 жылдан доцент), ал жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі Д.И.Киреев болды. Факультет құрылған алғашқы он жылдығындағы жұмыс жасаған кафедралардағы оқытушылар құрамында Белоцерковская, Соловык, Ф.С.Кузьмин, В.И.Соколов, В.И.Ивакин, профессор Козловский және өзге де оқытушылар қажырлы еңбек етті [3, 3 п.].

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Осы жылы тарих факультетінің алғашқы түлектері түлеп шықты. Оқу аяқталысымен түлектердің басым көпшілігі майданға аттанса, ал қалғандары қала және ауыл мектептеріне жұмысқа арнайы жолдамамен жас түлектер шәкірт тәрбиелеуге бет алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тарих факультетінің студенттер саны азайып, ал мұғалімдер даярлау саласына қабылдау бірнеше жылға тоқтатылды. Соғыс жылдары Кеңес Армиясы қатарына қосылып, майданға студенттермен бірге тарих факультетінің көптеген оқытушылары да аттанады. Қанқұйлы майданда оқытушылар В.И. Соколов, Д.О. Киреев, студенттер П.П. Елизаров, А.С. Елагина, Е.М. Палычев, Л.Е. Кашина, Г.А. Искакова, И.Н. Накатова, В.Ф. Горшкова, К.Н. Галыгин және басқалары ерлікпен шайқасып, қаза тапты [3, 6 п.].

Соғыс жылдарында Орал мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультеті қиын жағдайларға мойымай одан әрі мамандар даярлау жұмысын жалғастырды. Әр жыл сайын күндізгі бөлімге 30 - 35 студенттен қабылдап отырды.

1942 жылы мамыр айында факультет филология факультетімен біріктіріледі. Біріктірілген жаңа факультетті Ф.Н. Серов басқарады. Декан Ф.Н. Серов соғыс жылдарында майданға шақырылып, орнына тарих-филология факультетіне Г.А. Шапошников басшылық жасады. Кафедра меңгерушісі қызметін доцент Ф.Я. Полянский атқарады [3, 8 п.].

1943-1944 жылдарында тарих кафедрасы жанында ұйымдастырылған ғылыми студенттік үйірмелер жұмыс жасап тұрды. Үйірмелер жұмысы сан қырлы бағытта болды. Атасақ тарих үйірмесінің күн тәртібінде патриоттық тақырыптар және фашистік агрессорларға төтеп беру жолдары, ұйымдасып қайткенде жауды жеңу мәселелері тұрды.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы елдің білімге деген ынтасын арттырып жігерлендірген болатын. Соғыстан кейінгі 1945 жылдары тарих факультетінің оқу-материалдық базасы кеңейіп, қайта қалпына келтіріледі (декан Н.А. Пимнев) және оның құрамында қазақ, орыс топтарын қоса алғанда 50 студент білім алды. Майданнан оралған оқытушылар Н.А. Пимнев, В.И. Ивакин, А.Ф. Абоян, П.Букаткин, К.Ермаков, М.Мақатова, А.Пигарев, И.Подкуйколар факультет өміріне тың серпіліс әкелді. Алайда соғыстан кейінгі жылдары 1944-1946 жылдар аралығында факультетте оқытушылар саны аз болды. Әсіресе, ғылыми дәрежесі бар (марксизм – ленинизм кафедрасына 2 доцент, оның бірін кафедра меңгерушісі лауазымына тағайындау мақсатында қажет болды, тарих кафедрасына 1 доцент не аға оқытушы қажет болды) оқытушыларға тапшы болды [4, 39 п.].

Сол себепті әр түрлі пәндер бойынша дәріс және практикалық сабақтарды бір оқытушы бірнеше сағаттық жүктемемен жүргізуіне тура келді. Аталмыш жылдары кафедрада Сталиннің 1946 жылдың 9-шы ақпанында сөйлеген сөзі және соғыстан кейінгі қабылданған бесжылдық жоспардың мақсатын түсіндіре оқытуға аса көңіл бөлінді [4, 42 п.]. 1947-1948 оқу жылдары тарих факультетіне 100-ден астам адам қабылданады. КСРО тарихы (меңгерушісі Д.О. Медведев) және жалпы тарих (меңгерушісі Ф.О. Кузьмин) кафедраларында соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта оқытушылар В.И. Ивакин, Ш.М. Қаржауов, Е.В. Нелюбина, Н.Е. Брок, А.С. Елагин, З.А. Амангалиев, Е.Т. Литовченко, Е.М. Ступоченко, Я.С. Фейгельсон, К.В. Недлин, М.М. Ягнинский жұмыс жасады.

1949 жылдан факультет оқытушыларының ғылыми-зерттеу және біліктілігін арттыру жұмыстары қарқынды жүріп жатты. 1950 - 1951 жылдары оқытушылар Д.О. Медведев, А.С. Елагин, З.А. Амангалиев кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғады. Ал 1952 жылы оқытушы В.И. Ивакин кандидаттық диссертациясын қорғап, содан «Жалпы тарих» кафедрасының меңгерушілігіне тағайындалады.

1947-1953 жылдар аралығында тарих факультетінің күндізгі бөлімін 203 студент оқуын тәмамдап, дипломдарын алған.

1954 жылы қайыра тарих факультеті филология факультетімен біріктіріледі және 1975 жылға дейін «тарих-филология» факультетінің тарих бөлімі болып құрылады.

1956 жылдан 1967 жылға дейін бөлім кең көлемді «Орыс тілі, әдебиеті және тарих» мамандығы бойынша мұғалімдерді дайындады. 50 жылдар соңы мен 60 жылдардың басында «КСРО тарихы» және «Жалпы тарих» кафедраларының оқытушыларының құрамында айтарлықтай өзгерістер жүрді [3, 9 п.]. Мысалы, факультеттің 1940 жылғы түлегі А.И. Белый өз қызметін Гурьев қаласынан 1950 жылдары Орал педагогикалық институты жалпы тарих кафедрасына, одан КСРО тарихы кафедрасында қызмет жасады. Оның ғылыми зерттеу жұмысының негізгі бағыты – Отан тарихы және өлкетану. Ол А.И. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісін зерттеп, осы тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

1957-1958 оқу жылында КСРО тарихы кафедрасы оқытушылары дәріс, практикалық сабақтардың идеялық – теориялық деңгейін арттыру жұмыстарын жүргізді. Осы бағыттағы жұмыстар төмендегідей пәндерді оқытуда кеңінен жүргізілді: КСРО тарихы, жаңа және қазіргі заман тарихы, Қазақстан тарихы, тарих әдістемесі пәнінде К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И. Ленин, КОКП (Кеңестер Одағының коммунистік партиясы – У.А., А.Г.) партиясының XX және XXI съезд материалдары, КСРО – ның ішкі және сыртқы саясаты бойынша Н.С.Хрущевтың сөйлеген сөздері кеңінен қолданыла бастады [5, 24 п.].

Факультетте дәріс, практикалық сабақтар бекітілген оқу бағдарламасы бойынша уақытылы жүргізіліп тұрды. 1959 – 1960 оқу жылында факультетте 6 ашық дәрістер, оның 2-і КСРО тарихы, ал қалған 4-і жалпы тарихтан жүргізілді. Ашық дәрістерді доцент В.И. Ивакин, аға оқытушылар Я.С. Фейгельсон, Х.Ж. Суюншалиев және А.И. Белый, С.У.

Утешов, А.Ф.Абоян оқыды [5, 27 п.].

Жоғары курс студенттеріне арнайы семинар сабақтары «Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)» тақырыбында жүргізілді. Арнайы семинар барысында студенттер өз бетімен ғылыми зерттеу жұмысының дағдысын үйренді. Баяндамалар жасау барысында Ұлы Отан соғысының тарихи құжаттарымен, монографиялық еңбектермен, ғылыми журналдарда жарық көрген мақалалармен, кеңестік тарихшылар еңбектерімен танысып, негізгі дерек көздері ретінде қолданды. Жинастырылған деректер негізінде студенттер жекелеген шайқастардың схема, диаграммаларын жасап практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етті [5, 28 п.].

1959-1960 оқу жылында тарих пәнін оқытуда Қазақстан тарихын оқытуға көңіл бөліне бастады. Студенттер арасында Қазақстан тарихын оқу ҚазАКСР 40 жыл толуына орай төл тарихымызға деген қызығушылықтары арта түсті. Осы орайда 1960 -1961 оқу жылынан бастап «Қазақстан тарихы» атты арнайы курс ұйымдастырылды [5, 32 п.].

1960-1961 жылдары КСРО тарихы кафедрасы жанында 2 үйірме қазақ және орыс тілдерінде жұмыс жасады. Бұл үйірмелерде қарастырылған тақырыптары сан қырлы болды. Атасақ: «Қазақ халқының қалыптасуының кейбір мәселелері», «Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандықтардың Ленинградты қорғауға қатысуы», «Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы» және тағы өзге де тақырыптарда өзекті мәселелер қарастырылды [5, 35 п.].

Факультет оқытушылары 1962-1963 жылдарында саяси насихат жұмыстарымен белсенді айналысты. Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің басшылығымен біркатар оқытушылар дәріс, баяндамалар даярлап, саяси насихат жұмыстарына қатынасты. Мұрағатқа түскен бірнеше насихатшыларға тоқталсақ насихатшы С.У. Утешов «Ислам дінінің реакциялық рөлі» тақырыбы бойынша атеистік семинар отырысында, кейін радио және облыстық газетке өз дәрісін жариялады. Одан әрі оқытушы С.У. Утешов саяси насихаттау жұмыстарын Батыс Қазақстан облысының Фурман және Чапай аудандарына барып, КСРО Жоғары Кеңесінің 5 сессия материалдары бойынша «Қазіргі заманғы халықаралық жағдай» тақырыбы төңірегінде даярлаған дәрістерін колхоз және совхоз жұмысшыларына оқып таныстырған болатын. Ал КСРО тарихы кафедрасының доценті В.И. Ивакиннің Орал каласының темір жол бөлімшесінде жасаған «Европалық елдердің социализмдегі жетістіктері» атты дәрісі тыңдалды. Кейін аға оқытушы Ф.С. Кузьмин насихатшыларға арнап «Христиандықтың пайда болуы», «Рождество мейрамының пайда болуы», «Пасха мейрамының пайда болуы» атты тақырыптары бойынша нұсқаулық даярлады [5, 37 п.].

«КСРО тарихы» және «Жалпы тарих» кафедралары біріктіріліп қайта құрылған тарих кафедрасын 1964 жылы П.Р. Букаткин басқарады. Кафедра құрамы негізінен мектепте тәжірибе жинақтаған А.Ф. Абоян, О.И. Гришина, К.Д. Медведева, А.И. Белый, К.Е. Стамбеков, Х.Ж. Сүйіншалиев, Е.П. Славинская, С.У. Утешов сынды жас мамандармен толықты [6, 6 б.].

1963-1966 жылы тәрбие жұмысы жөніндегі жоғары білікті мамандардың мектептерде қажеттіліктерін ескере отырып, еліміздің біркатар педагогикалық институттары мен Оралдағы педагогикалық институттың тарих бөлімі «Тәрбие

жұмыстары жөніндегі әдіскер» қосымша мамандығымен мұғалімдерді дайындап, тарих және педагогика бойынша мамандану саласын кеңейтті.

1964-1972 жылдары және 1974-1978 жылдары аралығында КСРО кафедрасының меңгерушілігін П.Р. Букаткин атқарады. Ол кезеңде кафедраның ғылыми зерттеу жұмысының негізгі бағыттары: Қазақстан тарихы мен археология болды.

Ұлы Отан соғысының ардагері П.Р. Букаткиннің «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан» атты арнайы курсы мен семинарлары студенттер арасында үлкен танымдық қызығушылық танытты. Курстың тақырыбы аясында П.Р. Букаткин кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Оның «Западно-Казахстанская область – ближний тыл Сталинградского фронта» атты баяндамасы жоғары бағаға ие болып, Мәскеуде монография болып басылып шықты. Павел Романович кафедраның материалдық базасының дамуына өз септігін тигізді. Оның тұсында алғаш рет тарих кабинеті техникалық жабдықтармен жабдықталды [7, 4 б.].

1965-1966 оқу жылында факультеттің оқытушылары өлке тарихын зерделеуге баса назар аударады. Негізгі зерттеу бағыттары облыс, қала тарихы және халықаралық коммунистік және жұмысшылар қозғалысы, сырттай бөлімде тарих пәнін оқытудың әдістемесі болды. Осы бағытта КСРО тарихы кафедрасының оқытушыларының ғылыми - зерттеу жұмыстары келесідей болды: С.У. Утешов «Профсоюзы Уральской области в восстановительный период (1921-1925 гг.)» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын мұрағат құжаттары негізінде даярлады. Ал аға оқытушы А.С. Белый «Место Яйцкого городка в крестьянской войне 1973-1975 гг.» атты тақырыбы бойынша тарихи – өлкетанулық бағытта ғылыми-зерттеу жұмысын жасаса, доцент В.И. Ивакин «Борьба Коминтерна под руководством В.И. Ленина за единый рабочий фронт», аға оқытушы Ф.С. Кузьмин «Особенности чтения курса методики истории и обществоведения на заочном отделении» тақырыбында ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізді [8, 5 п.].

Кафедраның ғылыми жұмысының екінші негізгі бағыты - археологиялық зерттеулер болды. Облысымызда археологиялық қазба жұмыстары Ұлы Отан соғысына қатысушысы командир Г.И. Багриков басқаруымен жүргізіліп келді, алайда, 60 – шы жылдардан кейін қазба жұмыстары іргелі жүргізіле бастауы Орал педагогикалық институтына археолог Г.А. Кушаевтың келуімен байланыстырамыз.

Ұлы Отан соғысының ардагері, т.ғ.к. Г.А. Кушаев 1967-1968 жылдарында А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына арнайы конкурс нәтижесінде жұмысқа қабылданды [9, 4 п.]. Ол 1972 жылы КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Ғалымның жетекшілігімен археологиялық қазба жұмыстары жыл сайын институт студенттерінің қатысуымен өткен. Сараман барысында студенттер жәдігерлерді іздеу және тіркеу, обалардың жоспарын құру, табылған жәдігерлер мен обаларды ғылыми мазмұндау, күнделік жүргізу және тағы басқа да археология ғылымының сан қырымен танысқан. Гаяз Абдулвалиевич институтта тарих факультетінің жетістіктерінің бірі болып саналатын археологиялық лаборатория, археологиялық мұражайды

жабдықтауға тікелей атсалысқан ғалым. Батыс өлкедегі археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша ғылыми конференциялар, көрмелерді жиі ұйымдастырды. Нәтижесінде археолог-ғалымның қажырлы еңбегі республикадағы археологиялық мектептің қалыптасуына игі ықпал етті [3, 6 п.].

Тарих факультетінде студенттерге арнайы саяси тәрбие жұмыстары әр бағытта, жан-жақты жүзеге асып отырады. Мәселен, 1968-1969 жылдары әр апта сайын «Лениндік жұма» ұйымдастырылатын [10, 26 п.]. Ал 1969-1970 оқу жылдарында факультет студенттеріне «Ұстаз – сенің мамандығың» тақырыбында тағылымдық дәрістер оқылды [11, 67 п.].

1970-1980 жылдары факультет кафедраларында жаңа лек оқытушылар құрамымен толықты. Жас мамандар Т.З. Рысбеков, Б.К. Бірімжаров, М.Ж. Абдиров, Б.Ф. Железчиков, В.В. Кисляков, Б.Г. Шинтемирова, С.С. Сагнаева, Х.И. Кужабергенова, Т.Д. Дауирбаевалардың оқытушылар құрамын толықтыруы факультеттің қайнаған өмірінің одан әрі жандануына оң әсерін тигізген болатын. Солардың ішінде атасақ, 1971 жылдан бастап А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих факультетінің «КСРО тарихы» кафедрасына қабылданған оқытушы Т.З. Рысбеков кейін кандидаттық диссертациясын қорғап, одан кафедраны, факультетті басқарып, ал даярлаған докторлық еңбегін қорғаған соң институтты және одан соң университетті басқарды. Нәтижесінде жас маманнан ректорлыққа дейін осы оқу орнымен бірге есейіп, дамыды. 1972 жылдың қыркүйегінен бастап тарих пәні мұғалімдерін «КССР тарихы» (меңгерушілер доценттер Г.А. Кушаев, П.Р. Букаткин) мен «Жалпы тарих» кафедралары (меңгеруші доцент О.И. Гришина) дайындай бастады. Тарих және педагогика бөлімдері 1975 жылдың қыркүйегіне дейін «тарих-филология» факультеті құрамында болса, осы кезеңде қайтадан «тарих факультеті» ретінде жасақталды. Ол бұрынғы №18 бастауыш мектеп үйінде орналасты және 1978 жылға дейін факультет деканы қызметін доцент Х.Ж. Сүйіншалиев атқарады [3, 12 п.].

1975-1976 оқу жылындағы факультетте оқытылған негізгі пәндер: жаңа заман тарихы, КПСС тарихы, эстетика, ежелгі дүние жүзі тарихы, политэкономия, КСРО тарихы, орта ғасырлар тарихы, мектептпну, оқытудың теориясы мен әдістемесі, педагогика, медицина, қосалқы тарихи пәндер және өзге де пәндер жүргізілді [12, 5 п.].

1976-1977 оқу жылында факультет ұжымы мен оқытушылары өздерінің қызметінде ғылыми – педагогикалық біліктіліктерін арттырды. Олар: Х.И.Кужабергенова ҚазКСР ҒА-на аспирантураға түсті, А.М. Нургалиева ҚазПИ-ң тарих кафедрасына өзінің диссертациясын талқылауға ұсынып, қорғауға жіберілді. С.У. Утешовқа ЖАК шешімімен тарих ғылымының доцент ғылыми атағы берілді. Кафедраның аға оқытушысы Т.З. Рысбеков диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынып, 1977 жылдың қараша айында сәтті қорғап шығады [13, 2 п.].

Факультеттің саяси – тәрбиелік жұмыстары заманының саяси-қоғамдық оқиғалары негізінде жүргізіліп, студенттердің саяси сауаттылығына баса назар аударып отырды. Атасақ, Ұлы Қазан социалистік төңкерісінің 60 жылдығы, жергілікті кеңестер сайлауына, Ленин оқуларына факультет ұжымы белсенді қатысты. КОКП – ның сыртқы саясаты,

бейбітшілік үшін күрес, казіргі замандағы идеологиялық күрес, КСРО және Азия және Африканың дамушы елдерінің тарихы, КСРО азаматтарының құқықтары, КСРО-ның жаңа Конституциясы, өлкетану мәселелері факультет оқытушылары В.И. Ивакин, А.К. Комаров, Г.А. Кушаев, М.Ж. Абдиров, С.У. Утешов, А.И. Белый, Мулдагалиев студенттерге дәрістер оқыды. Сонымен қатар факультеттің студенттері арасында Ұлы Қазан социалистік төңкнрісінің 60 жылдығы, В.И. Чапаевтың туылғанына 90 жыл және өзге де тақырыптар төңірегінде дөңгелек үстелдер, әңгімелесулер өткізілді [13, 76 п.]. Факультет жанында мерейтойлық күндерге орай «Ленинец» атты кабырға газеттері жиі шығарылып тұрды.

Жалпы тарих кафедрасы жанында ұйымдастырылған «Школа молодых лекторов – международников» атты үйірмесі жұмыс жасады. Үйірмеде студенттерге саяси насихаттау әдістемесі және лекторлық шеберлік пен шешендік өнерге үйрену сабақтары өткізілді. Үйірме сабақтарында П.Ф. Черкашин, С.У. Утешов, А.К. Комаров, В.И. Ивакин, И.М. Ломоносов, В.М. Агонисян секілді факультет окытушылары өздерінің дәрістерін окып, практикалық сабақтар жүргізді. Нәтижесінде 1977 жылы мамырда үйірмені 21 тыңдаушы студенттерге жас лекторлар мектебі курсын тәмамдағаны жөнінде арнайы «Куәлік» табысталды [13, 79 п.].

1977-1978 оқу жылында студенттер контингенті 246 құрады. Бұл оқу жылында факультет кафедраларында, атап айтканда, КСРО тарихы кафедрасында тарих кабинеті оқуға қажетті техникалық құрал – жабдыктармен жабдыкталып, оның ішінде тарихи кинофильмдер, диапозитивтер, диафильмдер, грамзаписьтермен толықтырылды. Бұндай ілгері басушылык студенттердің дәріс, практикалык, өзіндік жұмыстарын жүргізуде білімдерін тереңдете түсуге үлкен ыкпал етті [14, 6 п.].

Алайда факультет студенттеріне өзіндік жұмысқа даярлануында бірқатар қиындықтар болды. Солардың бастысы кітапхана уақытылы жұмыс жасамады. Туындаған қиындықтан шығу мақсатында оқытушылар студенттерге марксизм – ленинизм методикасын окытуды колға алып, құжаттарға анализ жасау, деректерге сараптама жасау жұмыстары үйретіледі. Студенттер марксизм – ленинизм классиктерінің еңбектеріне конспект жасап кана коймай, еңбектерді бөлімдерге бөліп, әр тараудың басты сұрактарын тауып, нақты дәйектерге назар аударуды үйренді. Еңбектерді бұлайша талдау «Капитал» еңбегінің 24 бөлімі, К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Марка» еңбектері талданды [14, 29 п.]. Осылайша тарих факультетінің талмастан жүргізген ізденістерінің нәтижесінде мамандыққа деген сұраныс жоғары болды.

Келесі 1978-1979 оқу жылында да факультетте оқу – методологиялық жұмыстар өз жалғасын тапты. Доцент С.У. Утешов, В.И. Ивакин және А.М. Нургалиева Азия және Африка, Европа мен Америка елдерінің тарихы бойынша схема, карта, таблица даярлады. А.М. Нургалиева Азия және Африка елдерінің тарихына арнап оқу құралын құрастырды. Кафедра фонотекасы жаңа диафильм және диапозитивтермен толыкты [15, 13 п.].

Дәріс және практикалық сабақтарда оқытудың техникалық жабдықтарын қолдану аясы 1979 – 1980 оқу жылында кеңейе түсті. Әсіресе диафильмдер, кинофильмдер кең қолданысқа ие болды. Мәселен, КСРО

тарихы кафедрасының оқытушысы В.В. Кисляков тарихты оқыту әдіснамасы пәнінде «Начало первой русской революции», «Империализм как высшая стадия капитализма» кинофильмдерінің кинофрагментерін практикалық сабақтарда қолданса, доцент Т.З. Рысбеков КСРО тарихы пәнінен дәріс сабақтарында «Начало Великой Отечественной войны», «Брестская крепость» кинофильмдерін кеңінен пайдаланған [16, 7 п.].

1980-1981 оқу жылында тарих факультетінде оқу – методологиялық және ғылыми зерттеу жұмыстары, дәріс, практикалық сабақтар бекітілген жылдық жоспар бойынша жүзеге асырылып және КОКП XXVI съезді шешімі, Казақстан Компартиясының XV съезді, КОКП ОК қаулысы және КСРО Министрлер кеңесінің «Жоғары мектептің дамуы мен мамандар даярлаудың сапасын арттыру», «Оқытуды дамыту, орта білім беретін мектептердің оқушыларының тәрбиесі мен оларды еңбекке дайындау» және өзге бағыттарда жұмыс жасады.

КОКП XXVI съезі – заманында дүниежүзілік жалпы тарихи маңызы бар оқиғалардың қатарына жатқызылды . Съезд шешімі идеялық – теоретикалық, саяси – тәрбиелік, ұйымдастырушылық және шаруашылық жұмысты іс жүзінде жүзеге асыруды талап етеді. Осы шешімнің жүзеге асыруға байланысты факультетте өткізілетін іс – шаралар туралы факультет активтерінің жиналыстарында, арнайы кафедра отырыстарында талқыланды. Қосымша съезд материалдарымен тереңірек танысу үшін әрбір курс студенттеріне 4 сағат дәріс және 4 сағат практикалық сабақтар енгізілді. Курсты доценттер Х.Ж. Сүйіншәлиев, П.П. Елизаров, А.Г. Матюков, И.Ф. Черкашин, Б.Г. Шынтемирова жүргізді. Жоғары курс студенттерінің курсына қосымша дәрістер «КПСС XXVI съезі Х бесшылдық жоспар шешімі», «КПСС XXVI съезі 1981 – 1985 жж. КСРО –ның экономикалық және әлеуметтік бағытта дамуы», «Әлемдік әлеуметтік жүйесінің дамуы мен социализм елдерінің ынтымақтастығы», «КСРО – ның социалистік мемлекеттермен қарым - қатынасы», «КПСС XXVI съезі әлемдік коммунистік қозғалыстар» тақырыптары енгізілді [17, 6 п.].

А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің 1982 жылдың 26 тамыздағы шешімі (Қонаев, Ашимов, Мирошхин, Қазыбаев) бойынша институттың 50 жыл ішінде республика, облыс, қала бойынша білікті мамандар даярлауда жетістіктерін ескере отыра «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды[18, 17 п.].

Осыған орай факультетте КПСС XXVI съездің қараша айында (1981 ж.) және мамыр айында (1982 ж.) өткізілген КОКП ОК Пленумдары және «КСРО-ның құрылғанына 60 жыл», Орал педагогикалық институты құрылғанына 50 жылдығына арнайы факультет студенттері арасында оздырылатын студенттік ғылыми конференцияларда аталмыш тақырыптар төңірегінде баяндамалар тыңдалды [19, 2 п.].

Аталмыш тақырыптар бойынша және Кеңес Одағының Конституциясы, Мәскеу түбіндегі фашистік немістерің жеңілісінің 40 жылдығы, КОКП ОК Бас хатшысы Л.И. Брежневтің ГФР-ға барған сапарының қорытындысы туралы, КОКП ОК Бас хатшысы Л.И. Брежнев 75 жасқа толуы басқа да саяси мәселелер студенттердің саяси сабақтарында

талқыланып отырды. Саяси сабақтардың ең бір қиын тұсы бұл – Лениндік сынақ болды. Лениндік сынақтан өту үшін студенттерге КОКП ОК сиез шешімдерінің материалдарын болашақ тарихшылар толық хабарлы болуы тиіс болатын. Осы бағытта факультет доценттері П.Р. Букаткин арнайы «В.И. Ленин –вождь Великого Октября», Т.З. Рысбеков «Ленин и Казахстан», Б.Қ. Бірімжаров «XV съезд КП Казахстана» атты баяндамаларымен студенттер білімін толықтыра түсті [19, 4 п.].

80-жылдары КСРО және жалпы тарих кафедралары «Тарих» кафедрасына біріктіріліп, Т.З. Рысбеков пен Б.Қ. Бірімжаров кезектесе меңгерушілік қызметтерін атқарды. Институттың көптеген түлектері ғылыми педагогикалық қызметтермен айналысып, докторлық диссертацияларын қорғады. Атап айтар болсақ, А.С. Елагиев, Р.Н. Нафигов, Ш.Тастанов тарих ғылымының шыңын бағындырды. Кандидаттық диссертацияларын А.С. Колдашов, П.П. Елезаров, А.Ф. Абоян, П.Р. Букаткин, О.И. Гришина, А.И. Губанова, А.Р. Славенский, А.Р. Пигарев, Х.Ж. Сүйіншалиев, В.Д. Максименко, Б.Д. Шавин және тағы басқалары қорғады [18, 12 п.]. Осы жылдары факультеттің ғылыми әлеуеті арта түсіп, Т.З. Рысбеков пен Г.А. Кушаев профессор атанды. Ал М.Н. Сдықов, Н.А. Смирнова, С.Х. Сағынаева, Н.И. Осипов секілді мамандар кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады.

1985-1986 оқу жылдары факультеттің ғылыми қызметкерлері КПСС XVII съезді мен Қазақстан КП XVI съезд шешімі, КПСС ОК сәуір (1985 ж.), қаңтар (1987 ж.), маусым (1987 ж.) Пленумдарының шешімдері төңірегінде жұмыстанады. Аталмыш жылда оқытушылар ғылыми – зерттеу жұмыстарының нәтижесінде доцент Г.А. Кушаев бастауымен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының археология бөліміне Орал облысының археологиялық картасы жіберілді, Б.Қ. Бірімжаров докторлық диссертациясының тақырыбын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізді, «Білім» қоғамына дәрістер жарияланды (доцент П.Р. Букаткин, Т.З. Рысбеков, В.И. Ивакин) [20, 14 п.].

Факультетте 1986-1987 оқу жылында өлкетану мәселелері бойынша арнайы семинарлар жүргізілді. Солардың бірі КСРО тарихы кафедрасының доценті П.Р. Букаткин «КСРО Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)» атты арнайы курсын жүргізеді. Б.Қ. Бірімжаров бастауымен «Өлкетану» курсында студенттер жергілікті материалдарды, облыстық мемлекеттік мұрағат құжаттарымен танысып, жинап, саралауды үйренеді. Жалпы тарих кафедрасында «Ежелгі дүние тарихы» (жетекшісі т.ғ.к. А.М. Нургалиева), «Жас лекторлар мектебі», «Саяси фильм экраны» (жетекшісі Е.Т.Сейлханов), «Іздеу» (жетекшісі доцент А.И. Белый), ал КСРО тарихы кафедрасында «КСРО тарихы» (жетекшісі Кубейсинова Р.К.) атты үйірмелері жұмыс жасады [20, 17 п.].

Кейінгі 1988-1989 оқу жылында тарих факультетінде КСРО және жалпы тарихты оқытуда оқу бағдарламасының ескіруі жаңа бағдарламаның болмауы оқу процесін қиындата түсті. КПСС ОК XXVII съезд шешімі, партияның жаңа бағдарламасы, елдің әлеуметтік – экономикалық дамуы, қайта құру мәселелері дәріс және практикалық сабақтардың басты тақырыптарына айналды.

Факультеттің оқытушылары оқытудың жаңа әдістерін іздестіріп, оны семинар сабақтарында және студенттердің өзіндік жұмыстары барысында кеңінен қолданыла бастады. Әсіресе семинар сабақтарында дискуссия, іскерлік ойындар, іздеу, баяндама - рефераттарды талдау, марксистік емес теориялар мен концепцияларды сыни талдау кеңінен жүргізілді. Мәселен ежелгі дүние жүзі тарихы пәні бойынша семинар сабағын өткізуде «б.э.д. VI ғасырда Афинадағы халықтық жиналыста «Солонның реформалары»», «Периклмен пресс-конференция», «Генрих Шлиманды сот үстіне салу» ойындарымен және антикалық мифология бойынша театрлық қойылымдар кою аркылы студенттердің білімін әрі шығармашылық кабілеттерін дамытуға ықпал жасады [21, 3 п.].

XX ғасырдың 90-жылдары факультетте жоғары білімді мамандарды дайындауда «Мұрағаттану», «Құқықтану», «Экономика және менеджмент», «Қаржы және кредит», «Тарих және құқық», «Тарих, құқық және экономика» секілді жаңа мамандықтармен толықтырылып, кеңейтілді. Факультет базасындағы мамандыктардың көбеюіне байланысты жаңадан экономика (меңгерушісі Л.С. Таршилова) және құқық мамандықтары (меңгерушісі А.С. Тасмағамбетов) кафедралары жасақталды.

1991 жылы тарих факультеті аясында Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасы ашылады. Кафедраның меңгерушісі қызметін т.ғ.д., профессор Т.З. Рысбеков атқарады. Аталмыш жылы кафедрада профессор Г.А. Кушаев, доцент Р.З. Мұқанова, оқытушылар А.О. Әміров, О.В. Симаков, Т.С. Жумағамбетов, М.К. Сырлыбаев, Т.Нұрпейісов қызмет етті.

Кафедра күні бүгінге дейін 5В011400- Тарих, 5В020300 – Тарих мамандықтары бойынша бакалавр мамандарды және 6М011400 – Тарих, 6М020300 – Тарих мамандыктары бойынша магистрларды дайындауда [22, 3 п.].

Тарих факультетінің соны жетістіктерінің қатарына жоғары білікті ғылыми педагог кадрларын даярлау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 1999 жылы қаңтар айынан бастап, академик Т.З. Рысбековтің төрағалығымен «07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы)» мамандығы бойынша тарих ғылымдарының ғылыми дәрежесін алу үшін Диссертациялық Кеңес жұмыс жасады [23, 110 п.].

2005 жылдың маусым айынан бастап ҚР Білім және ғылым министірлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау Комитетінің шешімі негізінде Батыс Қазақстанның оқу орындарының біріккен «07.00.02-Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы)» мамандығы бойынша докторлық ғылыми дәреже беретін Диссертациялық Кеңес болып қайта құрылып, оның құрамына Мәскеулік белгілі тарихшы-ғалым профессорлар Н.Е. Бекмаханова, Д.А. Аманжолова, В.М. Козьменко, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен профессорлар Ә.Исмаилов, Ә.Ауанасовалар, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтынан профессорлар Н.А. Абдоллаев, Н.К. Мұхлисовтар, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен профессорлар Х.Б. Табылдиев, Ә.Қ. Мұқтар, Ү.С. Қыдыралиндер және жергілікті ғалым-профессорлар М.Н. Сдықов,

Б.Қ. Бірімжаров, Ә.С. Тасмағамбетов мүшелер ретінде енгізілген.

Тарихшы профессорлар Т.З. Рысбеков, Б.Қ. Бірімжаров және т.ғ.д. М.Н. Сдықов, т.ғ.д. Ә.Қ. Мұқтар ғылыми жетекшілік етуімен әр жыл сайын Диссертациялық Кеңестен бірнеше зерттеушілер диссертацияларын ойдағыдай қорғап шықты [23, 111 п.].

Кафедра аспиранттарының зерттеу жұмыстары «Қазақ тарихы», «Ақиқат», «ҚазМУ хабаршысы», «Ізденіс», «Отан тарихы», «Қазақстан жоғарғы мектебі», «Ұлағат», «БҚМУ хабаршысы», «Гуманитарлық академия хабаршысы» ғылыми басылымдарында жарияланған.

Кафедраның профессорлар және оқытушылар құрамы болашақ мамандарды тарихи біліммен қаруландыру, студенттерді патриотизм мен гуманизмге тәрбиелеуде, педагогикалық әрі ғылыми кадрларды жаңашыл шығармашылық бағытта жұмыстандыруда, орта мектеп мұғалімдеріне Қазақстан тарихынан және оны оқыту мәселелерінен көмек көрсету мақсатында еңбектеніп келеді.

Бүгінгі күні кафедраның ғылыми педагогикалық әлеуеті жоғары деңгейде. Оның құрамында тарих ғылымдарының докторлары академик Т.З. Рысбеков, Ұ.Т. Ахметова, А.М. Нургалиева, 7 ғылым кандидаты, аға оқытушылар және 4 тарих магистрі тұрақты дәрістер оқып келеді. Қазіргі кезде кафедраға карасты археологиялық мұражай, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қазақстан тарихы және өлкетану» ғылыми орталығы жұмыс жасайды.

Кафедрада ғылыми-зерттеу жұмыстарының жандануына тарих ғылымдарының докторлары Т.З. Рысбеков пен Ә.Қ. Мұқтар басшылық етіп, нәтижесінде «Батыс Қазақстан тарихы, қоғам және мемлекет қайраткерлері және тарихи өлкетану мәселелері» және «Қазақстандағы XYIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар және тарихи тұлғалар» бағытында біраз тарихшы ғалымдардың ғылыми зерттеуіне басшылық етіп келеді.

Тарих факультетінің жетістіктерінің бірі ретінде археологиялық мұражай жабдықталған. Мұражай өлкенің байырғы тарихының көпжылдық далалық зерттеулері нәтижесінде жинақталған археологиялық коллекциялар негізінде құрылған. Мұражай тарихи құндылығы жоғары археологиялық экспедиция барысында жинақталған заттай ескерткіштерді есепке алу, сақтау, оларды ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады, сондай-ақ оқу аудиториясы қызметін атқарады.

Мұражай экспозициясында Г.А. Кушаев жетекшілігімен жүзеге асқан экспедиция және студенттер мен оқытушылардың жазғы археологиялық экспедиция уақытында табылған заттай ескерткіштер жинақталған. Барлығы 290 экспонат сақталған. Мұражай екі бөлмеден тұрады. Бірінші бөлмеде археологиялық қазбалардың экспонаттары, екінші бөлмеде университеттің профессор – оқытушыларының ғылыми еңбектері қойылған.

Қазіргі кезде тарих, экономика және құқық факультетінде Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасымен қатар дүниежүзілік тарих және әлеуметтік – саяси пәндер, құқықтық пәндер, экономика және менеджмент, есеп және қаржы кафедралары жұмыс жасауда.

Қорыта айтқанда, университеттің 80 жылға жуық тарихы бар тарих

факультеті өзінің оқытушы профессорлар құрамы облыс, республика көлемінде танымал, әрі білікті де білімді түлектерді даярлап келеді. Олардың қатарында Татарстан ҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы – Р.И. Нафигов, КСРО ҒА Поволжье археологиялық институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы – Б.Ф. Железчиков, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сдықов және өзгелері. Осындай білікті де білімді түлектерді даярлаған және дайындайтын факультет бүгінгі таңда жаһандық даму үдерісіне сай барлық инфрақұрылымдармен жабдықталған. Атап айтсақ, факультеттің оқу және тәрбие үрдісі аудиториялық қормен қамтамасыз етілген №3 оқу ғимаратында компьютерлік класс, интерактивті тақта, оқу залы, акт залы, асхана бар. Факультет кафедраларының жеке кабинеттері компьютерлермен жабдықталған. Құқықтық пәндер кафедрасының пәндері бойынша сабақтар жүргізу үшін криминалистика кабинеті, сот отырысының оқу залы ашылған. Факультетте оқытушылар және студенттер күшімен заң клиникасы құрылып, сәтті қызмет атқарып келеді. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих, экономика және құқық факультеті еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әр салаға талапты және кең бейінді мамандарды даярлау жұмысын сәтті атқарып келеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ. – А.Г.), 1142 қ., 1 т., 1 іс.

2. Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты (ҚРПМ. – А.Г.), 141 қ., 1т., 5141 іс.

3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚОММ – А.Г.), 1019 қ., 1 т., 12-1 іс.

4. ҚРПМ, 708 қ., 9 т., 1427 іс.

5. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 702 іс.

6. Рысбеков Т.З. Западно–Казахстанский гуманитарный университет им. А.С. Пушкина. – Уральск: Издат. центр им. А.С.Пушкина, 1997. – 50 с.

7. Букаткин П.Р. Западно–Казахстанская область – ближний тыл Сталинградского фронта. – Уральск: Фирма «Врата Яфета», 1993. – 78 с.

8. ҚРОММ, 1982 қ.,1 т., 562 іс.

9. ҚРОММ, 1982 қ., 1 т., 795 іс.

10. ҚРОММ, 1982 қ., 1 т., 945 іс.

11. ҚРОММ, 1982 қ., 1 т., 1083 іс.

12. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 14-4 іс.

13. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 1043 іс.

14. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 1155 іс.

15. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 127 іс.

16. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 1428 іс.

17. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 1157 іс.

18. ҚРПМ, 708 қ., 101 т., 89 іс.

19. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 1701 іс.

20. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 2126 іс.

21. БҚОММ, 580 қ., 1 т., 2311 іс.

22. М Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мұрағаты (М.Өтемісов атындағы БҚМУМ. – А.Г.), 580 қ., 1 т., 20-01-6 іс.

23. М Өтемісов атындағы БҚМУМ ,580 қ., 1 т., 05-8-01 іс.

Ахметова У.Т., Гайсина А.М.

История создания исторического факультета

В статье рассматривается история создания факультета истории, экономики и права Западно–Казахстанского государственного университета имени М.Утемисова. Первые организацинные работы, начальство и преподавательский состав, кафедры, студенты и образовательная деятельность в историческом факультете.

Ключевые слова: История, история Казахстана, история края, педагогический институт, исторический факультет, историки, историческая наука.

Ahmetova U.T., Gaissina A.M.

The original of the historical faculty

The article reviewed the origin of the history, economic and law faculty of West Kazakhstan State University after M.Utemisov. First arrangements, superiors and teaching stuff, chairs, students and educational activities in the historical faculty.

Keywords: History, the history of Kazakhstan, history of a native land, pedagogical institute, historical faculty, historians, historical science

***

УДК 7.03; 312. 792, 793

Жумасеитова Г.Т. – кандидат искусствоведения, доцент,
Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова
E-mail: gulnara_ili@mail.ru
Айткалиева К.Д. – кандидат искусствоведения,
ЗКГУ им. М. Утемисова
E-mail:aitkalieva_kd@mail.ru

«КАЛКАМАН – МАМЫР» В СЦЕНИЧЕСКОМ ПРЕТВОРЕНИИ КАЗАХСКОГО МУЗЫКАЛЬНОГО ТЕАТРА

Аннотация. *Статья посвящена исследованию воплощения народной поэмы «Калкаман – Мамыр» на сцене музыкальных театров, а именно средствами хореографии и оперного искусства. В ходе исследования автор анализирует особенности прочтения данного произведения, сильные и слабые стороны первого национального балета и экспериментальной оперы-балета.*

Ключевые слова: *Эпос, народная поэма, хореография, опера, воплощение, пластика, сцена, музыка.*

Устное народное искусство всегда занимало значительное место в культуре многих народов на протяжении многих тысячелетий, так как в них отражались испытания и чаяния государства, представления о прекрасном, а также традиции и обычаи народа того времени. Эпическое искусство любого народа по сей день несет в себе глубокий воспитательный смысл, пример жизни прославленных героев и картину мира определенного этноса.

В прежние времена, когда казахский народ, защищая свои земли, вынужден был воевать с иноземными врагами, главной задачей государства было изгнание врага и защита границ родной земли. Эта идея берет свое начало со времени образования Казахского ханства. В те времена казахи, на протяжении нескольких веков, вели непрерывную борьбу с калмыцко-джунгарскими захватчиками, позже в XIX веке – борьбу против кокандской экспансии и колонизации Российской империи. Все эти войны нашли свое художественное отражение в фольклорных и литературных произведениях. Были созданы монументальные эпические произведения о борьбе казахского народа под предводительством выдающихся батыров, вошедших в историю казахского государства.

Но идея независимости – это не только защита своего Отечества, но и другие многогранные явления в жизни любого общества, как борьба за свободу выбора, защита и обретение истинной любви и личная независимость человека. В лучших казахских романических эпосах отражены не только быт, обычаи, традиции казахов, но и эстетические представления народа, высокий пафос прославления любви. В жизни человечества непреходяще значима героика такого рода: любовь, одухотворенная высокими целями, жертвенная, знаменующая служение в самом высоком смысле слова. Именно такое служение мы наблюдаем в эпосе «Козы Корпеш – Баян сулу», «Кыз - Жибек», «Калкаман – Мамыр».

Как отмечено многими исследователями фольклора «…романический эпос особенно расцветает в эпоху феодализма, когда в жизни общества большую актуальность приобретают социально-личностные вопросы и в сознании народа формируется новый общественный идеал – человек, борющийся за личное счастье. В такую пору внимание творцов фольклора сосредоточивается на личности, на семейно-брачных проблемах, на вопросах любви, ибо новая эпоха и новое поколение нуждались в таком произведении и герое, которые были бы им близки по духу» [1, с. 352].

